



TURKOLOGY

**ТҮЙМЕБАЕВ Ж.
САҒИДОЛДА Г.
ЕСКЕЕВА М.**

**ТҮРКІ
ТІЛДЕРІНІҢ САЛЫСТЫРМАЛЫ-
ТАРИХИ ГРАММАТИКАСЫ**

**ТҮРКІТАНУ
СЕРИЯСЫ**



TURKOLOGY

**Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ
Гүлғайша САҒИДОЛДА
Мағрипа ЕСКЕЕВА**

ТҮРКІ ТІЛДЕРІНІҢ САЛЫСТЫРМАЛЫ- ТАРИХИ ГРАММАТИКАСЫ

Фонетика. Морфология

**ТҮРКІТАНУ
СЕРИЯСЫ**



«Қазығұрт» баспасы

Алматы, 2017

ӘОЖ 80/81
КБЖ 81.2
Т 87

*Баспаға Халықаралық түркі академиясы және
Аймақтық әлеуметтік-инновациялық университеттің
Ғылыми кеңесі ұсынған*

РЕЦЕНЗЕНТТЕР:

ф.ғ.д., академик Ә.Т.Қайдар
ф.ғ.д., профессор Ш.Жалмаханов
ф.ғ.д., профессор С. Боранбаев

ТҮЙМЕБАЕВ Ж., САҒИДОЛДА Г., ЕСКЕЕВА М.

Т 87 Түркі тілдерінің салыстырмалы-тарихи грамматикасы.
(Фонетика. Морфология). - Алматы: «Қазығұрт», 2017. – 324 бет.

ISBN 978-9965-22-517-8

Еңбекте түркі тілдерінің тарихи дамуы «тіл тарихы : этнос тарихы» контекстінде өзектеліп, түркі тілдерінің тарихын дәуірлеу мәселесі түркі тілдерін классификациялау мәселесімен сабақтастықта қарастырылады. Қазіргі түркі тілдерінің фонологиялық жүйесі мен морфологиялық құрылымының тарихи қалыптасуы барысына жаңғыртылып, қалпына келтірілген арғыалтайлық және жалпытүркілік тектілік тұлғалар және олардың көне түркі, орта түркі, қазіргі түркі тілдеріндегі көрінісі негізінде перспективтік бағытта талдау жасалады.

Еңбек түрколог-лингвистерге, ізденушілерге, жоғары оқу орындарының филология факультетінің студенттеріне және түркі тілдерінің тарихын қызықтайтын көпшілік оқырманға арналады.

**ӘОЖ 80/81
КБЖ 81.2**

ISBN 978-9965-22-517-8

© Түймебаев Ж.,
Сағидолда Г., Ескеева М., 2017
© «Қазығұрт» баспасы, 2017

АЛҒЫ СӨЗ

Бүгінгі таңда қоғамдық қарым-қатынастар жүйесінде атқаратын әлеуметтік қызметіне, қолданыс аясына байланысты бірі мемлекеттік (әзірбайжан, түркімен, түрік, қазақ, қырғыз, өзбек), екіншісі аймақтық мәртебеге ие (гагауз, түрік, ұйғыр, татар, башқұрт, чуваш, қарачай-балқар, құмық, ноғай, қарақалпақ, алтай, хакас, тува, якут т.б.), ал үшіншісі белгілі бір геосаяси кеңістікте жойылып жоғалуға бет бұрған лингвоэкологиялық апат жағдайындағы тілдер (сары ұйғыр, қырымчақ, қарағас, салар т.б.) ретінде қолданылып отырған, енді бірі толыққанды ұлттық жазба әдеби тіл деңгейіне көтерілсе, келесі бірі басым тілдің бұғауында қалып, отбасылық сөйлеу тілі деңгейіне түскен отыздан астам қазіргі түркі тілдерін салыстырмалы-тарихи тұрғыдан зерттеу біршама күрделі мәселе екені белгілі.

Түркі тілдерінің фонетикалық жүйесі мен грамматикалық құрылысындағы ортақтықтар мен әр тілдің өзді-өзіне ғана тән ерекшеліктерін тарихилық принципін басшылыққа ала отырып, салыстыра зерттеудің нәтижесінде жасалатын түркі тілдерінің салыстырмалы-тарихи грамматикасы лингвистикалық түркологиядағы классикалық пәндердің бірі саналады.

XIX ғасырдың соңы XX ғасырдың басында түркі тілдерінің дыбыстық жүйелері мен грамматикалық құрылым-құрылысындағы сәйкестіктер мен ұқсастықтарды анықтап, түркі тілдерінің классификациясын жасауға арқау еткен зерттеулерден бастау алатын салыстырмалы-тарихи түркі тіл білімі бір ғасыр ішінде өте ірі жетістіктерге қол жеткізді. Түркі тілдерінің әрқайсысының тілтаным ғылымы қалыптасып, әр түркі тілі дербес тіл ретінде құрылымдық тұрғыдан жан-жақ зерттелді, көне түркі және

ортағасыр ескерткіштерінің әр тілге қатысы зерделенді. Соның нәтижесінде түркі тілдері арасындағы жүйелі сәйкестіктер кешенінің тарихи қалыптасу бағыты айқындалып, жалпытүркі тектілінің дыбыстық жүйесі мен құрылым-құрылысын жаңғырту, қалпына келтіру жолға қойылды. Түркі тілдерінің тарихын зерттеудің әдіснамасы жетілдіріліп, зерттеудің салғастырмалы, ареалдық әдістері салыстырмалы-тарихи әдіспен тоғыстырылды, соның нәтижесінде түркі тілдерінің фонетикалық жүйесі мен морфологиялық құрылымының эволюциялық даму жолын айқындауда, жекелеген түркі тілдерінің тарихи дамуын негіздеуде біршама ірі жетістіктерге қол жеткізілді.

Түркі тілдері дамуының ішкі заңдылықтары мен тілдік құбылыстардың динамикасын ашуға бағытталған ұжымдық сипаттағы көптеген ғылыми зерттеулер жарық көрді. Реконструкция тәсілін этимологиялық талдаулардың өзегіне айландырудың нәтижесінде түркі тілдерінің салыстырмалы фонетикасы, салыстырмалы морфологиясы, салыстырмалы синтаксисі жасалынды, түркі жазба ескерткіштері бойынша арнайы грамматикалар жазылды.

XX-XXI ғасырлар тоғысында түркі тілдерін салыстырмалы-тарихи, тарихи-типологиялық, лингвоконтактологиялық зерттеудің нәтижесінде Ресейдің жетекші түркологтарының авторлық бірлестігімен «Түркі тілдерінің салыстырмалы-тарихи грамматикасының» 6 томдығы (Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков: Фонетика / Под ред. Э.Р.Тенишева. – М.: Наука, 1984. – 484 стр.; Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков: Морфология / Под ред. Э.Р.Тенишева. – М.: Наука, 1988. – 560 стр; Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков: Лексика / Под ред. Э.Р.Тенишева. – М.: Наука, 2001. – 822 стр.; Региональные реконструкции / Под ред. Э.Р.Тенишева. – М.: Наука, 2001. – 762 стр; Пратюркский язык. Картина мира пратюрков / Под ред. Э.Р. Тенишева. – М.: Наука, 2004; Гаджиева Н.З. Серебренников Б.А. Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков: Синтаксис / Под ред. Э.Р.Тенишева. – М.: Наука, 1986. – 284 стр.) томдығы жарық көрді.

Ал отандық түркологияға келсек, Ә.Т. Қайдар Р. Сыздық, Т. То-

манов, Б. Әбілқасым, А.Аманжолов, Ә.Құрышжанов, Ә.Ибатов, А.Айғабылов, Б.Сағындықов, К.Ш.Құсайын, Е.З. Қажыбеков, Қ. Сартқожа, Ж.Манкеева т.б. қазақ лингвистерінің тіл тарихына, қазақ лексикасының тарихи-этимологиялық негізіне, руникалық және ортағасыр түркі жазба ескерткіштерінің тіліне арналған іргелі зерттеулері Қазақстан түркологиясы ғана емес, әлемдік түркологияға қосылған қомақты үлестер ретінде бағаланатыны белгілі.

XX ғасырдың 90 жылдары КСРО ыдырап, дүниежүзінің геосаяси картасында алты бірдей тәуелсіз түркітілдес мемлекеттер сап түзеді. Бұл алыс, жақын шетелдерде түркологияның ерекше жандануына ықпал етіп, түркі тілдерін жете зерттеу мәселесі әлемдік деңгейде көтерілді.

Салыстырмалы-тарихи түркі тіл білімі саласында жинақталған аса ауқымды ғылыми білім қоры бүгінде әр тілдік ортаның талап-талғамына сай сұрыпталып, өңделіп, жүйеге түсірілуді, әр түркі тілінің тарихы тұрғысынан өзектелуді талап етеді.

Бұл еңбекте түркі тілдерінің тарихына қатысты жинақталған заманауи білім қорына сүйене отырып, қазіргі түркі тілдерінің дыбыстық жүйесінің, морфологиялық құрылымының тарихи қалыптасу барысын перспективтік бағытта бағамдау, сонымен қатар жаңғыртылып, қалпына келтірілген арғыалтайлық, жалпытүркілік тектілдік тұлғалар және олардың көне түркі, орта түркі, қазіргі түркі тілдеріндегі көрінісін талдау арқылы түркі тілдерінің дыбыстық және құрылымдық жүйелерінің тарихи қалыптасқан біртұтас жүйе екенін көрсету мақсаты көзделеді.

Еңбекте ең жиі қолданылған дереккөздер қатарын EDAL- (*Starostin S., Dybo A., Mudrak O. Etymological Dictionary of the Altaic Languages.* - Leiden; Boston: Brill, 2003. - Vol. 1. - P. 858. (A - K); Vol. 2. - P. 859 - 1556. (L - Z); Vol. 3. - P. 1557 - 2096. (Indices).), ССТН (Будагов Л.З. Сравнительный словарь турецко-татарских наречий. Т.І. – Санкт-Петербург, 1869. Т.ІІ, 1971. - 414 стр.), ДТС (Древнетюркский словарь. Под ред. В.М.Наделяева, Д.М.Насилова, Э.Р. Тенишева, А.М.Щербака), СДЕ (Батманов И.А., Арагачи З.Б., Бабушкин Г.Ф. и др. Современная и древняя Енисейка. – Фрунзе: АН КиргССР, 1962. - 248 стр.), ЭСТЯ (Севортян Э.В. Этимологический словарь

тюркских языков. – Москва: Наука, I-III т. 1974, 1978, 1980 (IV т. соавт. Левитская Л.С.), 1989. – 767, 349, 395, 292.), МҚ (М.Қашқари Девону луғот ит турк. С.М.Муталлибов. I том. – Ташкент: УзССР Фанлар академияси нашриётининг боспахонаси, 1960. - 499 стр; II том. 1961, - 427 стр; III том. 1961, - 461 стр; IV том. Дивону луғот ит турк. Индекс-луғат. Ғ.Абдурахманова, С.Муталлибов. Узбекистон ССР Фан нашриёти. – Тошкент, 1967. - 525 стр.), СИГТЯ (Сравнительная-историческая грамматика тюркских языков. Фонетика. – Москва: Наука, 1984. - 290 стр.), сондай-ақ С.Е. Малов (Памятник в честь Кюль-Тегина. Памятник в честь Бильге-кагана (хану Могилян). Памятник в честь Тоньюкука // Орхонские надписи. – Семей: Дәуір, 2001. - С. 64-124.; Памятники древнетюркской письменности. – Москва-Ленинград: Изд-во АН СССР, 1951. - 452 стр.), Ғ. Айдаров (Күлтегін ескерткіші. – Алматы: Ана тілі, 1995. - 232 бет; Тоникуқ ескерткішінің (VIII ғасыр) тілі. – Алматы: Қазақстан, 2000. - 120 бет; Орхон ескерткіштерінің тексі. – Алматы: Ғылым. 1990. - 220 бет), А. Аманжолов (История и теориясы древнетюркского письма. – Алматы: Мектеп, 2003. - 366 стр.; Түркі филологиясы және жазу тарихы. – Алматы: Санат, 1996. - 127 бет.), Қ. Сартқожа (Орхон мұралары. – Астана: Kulteğin, 2003. 392 бет) зерттеулері құрайды. Сондықтан пән мазмұнының ауырлығын ескеріп, әрі бұл дереккөздерден алынған тілдік фактологиялық материалдардың әр қайсысының тұсына қысқартылған нұсқамен дәйекше беру мәтінді және сол мәтінде берілетін ойды қабылдауға кері әсерін тигізетіндіктен, топтап алынған мысалдарда жоғарыдағы лексикографиялық және теориялық дереккөздердің көрсетілмегенін ескертеміз.

Белгілі бір заңдылықтарды қазіргі тілдері негізінде нақты да айқын көрсету қажет болған жағдайларда қазақ, түрік, сары ұйғыр, чуваш тілдері материалдарына жүгіндік. Мұнда 2011 жылы чуваш диалектілерін, 2012 және 2013 жылдары сары ұйғыр тілін зерттеу, құжаттау мақсатында ҚР БЖҒМ Түркі академиясы тарапынан ұйымдастырылған далалық экспедиция барысында авторлардың өздері жинақтаған материалдарға басымдылық берілді.

БІРІНШІ БӨЛІМ

ТІЛ ТАРИХЫ ЖӘНЕ ЭТНОС ТАРИХЫ

I ТАРАУ

ТҮРКІЛЕРДІҢ ЭТНИКАЛЫҚ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ ЖӘНЕ ТІЛ ТАРИХЫ АРАСЫНДАҒЫ САБАҚТАСТЫҚ

§1. Түркі тілдерінің тарихын түркілердің этникалық қалыптасу тарихымен сабақтастыра қарастырудың маңызы

Тіл әрқашан белгілі бір этностың генеалогиясымен, азаматтық тарихымен, қоғамдық даму дәуірімен, материалдық және рухани мәдениетімен, шаруашылық-кәсіп түрлерімен, салт-сана, әдет-ғұрпымен тікелей байланыста дамиды. Түркі тілдері де ұзақ жылдар бойы дамып, жетіліп, өзара және өзге жүйедегі тілдермен ұдайы қарым-қатынаста бола отырып, өзіндік ерекшеліктерімен қалыптасты. Әрбір тілдің даму, қалыптасу жолы да, өзара туыстық деңгейі де әр түрлі болып келеді. Дейтұрғанмен Қаратеңіз, Қырым және Кавказдан басталып, батысында Волганың орта сағасы, Орталық Азия және Ауғанстан территориялары арқылы Сібірге және Моңғолияға ұласатын, онан әрі шығыста Тибетке дейін жалғасып жатқан Орталық Еуразияның әртүрлі регионьында тарихи сан алуан жағдайларды

басынан өткерсе де, қазіргі түркі халықтары ата-бабадан мирастыққа қалдырылған тілдік өзек пен ортақ мәдениетті сақтап отырғанымен ерекшеленеді.

«Қазіргі түркі тілдері» деген ұғым тіл дамуының ру-тайпалық кезеңдерінен жеке этникалық топтың, ұлыстың, этностың, халықтың тілі болып қалыптасқанға дейінгі кезеңдерде әр тарихи дәуірдің қоғамдық-саяси, мәдени-әлеуметтік ерекшеліктеріне сай азды-көпті өзгерістерді басынан кешіре отырып, бүгінгі күнге жеткен және қазіргі кезде сол тілде сөйлейтін қауымның қоғамдық-әлеуметтік сұранысын белгілі бір дәрежеде өтеп отырған ірілі-уақты түркі тілдерінің барлығына, тіптен түркі сөйленістеріне, белгілі бір тілдің аймақтық ерекшелігін танытатын түркі диалектілеріне қатысты қолданылады.

Ал «қазіргі түркі жазба тілдері» деген ұғым шеңберіне ХХ ғасырдың алғашқы онжылдықтарынан бастап тіл-тілдің ішкі дамуына қатысты ғана емес, сонымен қатар түркі тілдері таралған аймақтағы қоғамдық-саяси, мәдени-әлеуметтік өзгерістерге, құрамында түркітілдес халықтар бар мемлекеттер тарапынан жүргізілген тіл саясатының бағыт-бағдарына байланысты ұлттық жазба тілдер болып даралана дамыған түркі тілдері енеді. Демек қазіргі түркі жазба тілдері – графикалық тұрғыдан нақты таңбаланған жазуы бар, қоғамдық-әлеуметтік қызмет өрісі кеңейген, стилдік тармақтарға бөлініп, кемелденген, әдеби тілдің ауызша да жазбаша да түрлері тең дамыған, яғни ұлттық әдеби тіл деңгейіне көтеріле алған тілдер.

Түркі тілдерінің қоғам сұранысын толықтай өтейтін ұлттық жазба әдеби тіл болып, жан-жақты дамуы бір ғана ғасырдың жемісі деуге, әрине, әсте болмайды. Мұндай деңгейге түркі тілдері тарихи дамудың ұзақ жылдарын басынан өткеріп барып жетті. Бұл жайлы Р. Сыздық¹: «Халықтың әдеби тілінің қалыптасып, дамуы сол халықтың әлеуметтік тарихымен тығыз байланысты. Қауымның ру-тайпалық деңгейін былай қойғанда, бірнеше саяси-территориялық бөлініп, бытырап келген феодалдық дәуіріндегі әдеби тілі мен ұлт болып құралған кезіндегі әдеби тілі бірдей

¹ Сыздық Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Павлодар: С.Торайғыров атындағы ПМУ, 2010. – Б. 12.

болмақ емес. Әсіресе айырмашылық тілдің әлеуметтік қызметі мен стильдік тармақталуы жағынан көзге түседі. Сондықтан осы күнгі ұлт болып қалыптасқан халықтардың тілдерін ұлттық дәуірге дейінгі және ұлттық әдеби тілі деп бөліп зерттеу дұрыс деп танылып жүр. Қазақ тілі де дамудың мұндай ортақ белгісінен қалыс қала алмайды» – дейді.

Түркі халықтарының ұлттық дәуірге дейінгі жазба тіл дәстүрлері бәріне ортақ болып келеді. Түркі халықтарының әрқайсысының ертеден келе жатқан ауыз әдебиетін және жете дамыған жалпыхалықтық ауызекі сөйлеу тілін айтпағанда, Орхон-Енисей-Талас жәдігерліктері жазылған сына жазулы көне түркі жазба тілі (VI–VIII ғ.), ортағасырлық түркі ескерткіштері тілі (XII–XVI ғ.), онан кейінгі кезеңдерде территориялық бөліністегі тілдік ерекшеліктерге сай «шағатай тілі» деп аталған ортаазиялық түрки, татар хандықтарының ресми тілі болған алтынорда түрки, Еділ-Жайық бойы түркілері пайдаланған орал-жайық түрки және олардың түркі халықтарының дербес ұлттар болып құралғаннан кейінгі кезеңдерде ресми іс-қағаздарын, көркем әдебиетін, тарихи туындыларын жазуға бейімделген жаңашағатай, ескіқазақ, ескітатар, ескіөзбек тәрізді әртүрлі нұсқалары қазіргі түркі жазба әдеби тілдерінің бастау арналарын құрайды.

Қиыр Шығыстан Жерорта теңізі мен Үнді мұхитына дейінгі кең-байтақ өлкені мекендеп отырған түркі тектес халықтардың тілдерінде ортақ түркілік грамматикалық құрылым-құрылыстың сыртында, жалпытүркілік ортақ лексикалық қордың, көне морфологиялық тұлғалардың сақталып қалуы бүгінгі түркілер арасындағы мәдениетаралық қарым-қатынасты жеңілдетеді, тіптен чуваш пен сахалардан басқалары бірінің тілін бірі толық түсінісе алатындай дәрежеде деуге болады. Әйтседе әр түркі халқының этникалық қалыптасу тарихының белестерінде ортақ тұстардың болуына қарамастан, оларды өзгеден даралап тұратын өзіндік этномәдени ерекшеліктердің қалыптасу жолдары басқаша, яғни дербес этникалық қауымдастық ретіндегі болмыстары өзгеше, соған сай тілдері де дербес тіл ретінде даралық сипатқа ие.

Халықтың этникалық қалыптасу тарихы мен сол халық сөйлейтін тілдің тарихы өзектесіп, бірге өріледі десек, түркі тілдерінің тарихын түркілердің ру-тайпа, ұлыс, ұлт, халық болып қалыптасқан этникалық тарихымен сабақтастыра біртұтас құарастырудың маңызы ерекше. Себебі «этнос – өздерін өздері сияқты (аналогиялық) басқа адамдар ұжымдарына қарсы қоятын, табиғи жолмен қалыптасқан берік адамдар ұжымы және бұл комплементарлық сезімталдықпен анықталады, тарихи уақыт бойында белгілі бір заңдылықпен өзгеріп отыратын өздеріне ғана тән стереотипті мінез-құлықтармен ерекшеленеді»¹. Мұнда «этнос пен этнос тілі тарихи бір мезгілде, бір географиялық ортада және белгілі бір әлеуметтік жағдайда қалыптасатынын ескерсек, тілдік факторлар этностың халық болғанға дейінгі және онан кейінгі тарихын айқындауға қажет»², ал тарихи факторлар тілдердің тектестігін, тарихи өзара байланысын, қарым-қатынасын, бір-бірімен араласуын, бір-біріне тигізген ықпал-әсерін анықтауға қажет дереккөз қызметін атқара алатынымен құнды.

Түркілердің этникалық қалыптасу тарихы мен тілдерінің тарихы аралық сабақтастық ең алдымен «тілдік атажұрт, ата-мекен» туралы ғылыми түсінікке, яғни этнос (ру, тайпа, ұлыс, ұлт, халық) және оның тілі ең алғаш пайда болған тарихи-географиялық ортасы туралы ұғымға жетелейді.

Түркілердің түпкі мекені, тарихи ата-жұрты алтаистикалық және түркологиялық бағыттағы зерттеулерде «алтайлық ата-мекен, атажұрт» ұғымымен ұштастырылады. Алтай макротілдік тобын құрайтын түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур және корей, жапон тілдерінде сөйлейтін халықтардың түпкі мекені саналатын Орталық-Азия үстіртінің солтүстік-батыс бөлігі, Алтай таулары мен Хянган таулы қыратының солтүстік бөлігі арасындағы территория түркілердің де ата жұрты саналады. Алдыңғы Азия, Кавказ, Қыпшақ даласы, тіптен Шығыс Түркістаннан ары қарай кететін аса ауқымды географиялық ареалды ескерместен,

¹ Гумилев Л.Н. Этносфера: История людей и история природы. – М., 1993. - С. 540.

² Қайдаров Ә.Т. Қазақ тілінің тарихи лексикологиясы: проблемалары мен міндеттері // Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы, 1998. - Б. 52.

арғытүркілердің атажұртын Ордос үстіртінен (Қытайдағы) Саян-Алтайға дейінгі аралықпен шектеудің дұрыс еместігі жайлы пікірлер де жеткілікті. Мәселен А.Б. Долгопольский: «Алтай тілдерінде сөйлейтін халықтар бағзы бір замандарда Алдыңғы Азияға жақын, атап айтқанда Орта Азияда өмір сүрді. Алтай тілдерінің ең көнелері (түркі тілдері) афанасьев және андронов мәдениетіндегі еуропеоидтық тұрғындар толқынымен бірге Оңтүстік Сібір және Монголия далаларын шарпыды, кейіннен олар монголоидтық типтегі жергілікті тұрғындардың тіліне айналды»¹ – дейді. Ал М.З. Закиев түркологияда түркілердің ата жұрты ретінде оннан астам аймақ көрсетілетінін айтады²: 1) Алтай, 2) Қытайдың солтүстік және солтүстік-батысы, 3) Тянь-Шань таулары, 4) Алдыңғы Азия, 5) Батыс Азия, 6) Орталық Азия, 7) Солтүстік – батыс Сібір, 8) Байкал көлі жағалауы, 9) Ертіс пен Оралдың арасы, 10) Еділ-Жайық бойы, 11) Шығыс Еуропа». С.Е.Малов: «б.э. дейінгі 5 ғасыр бойы түркілер негізінен қазіргі таралған территорияларында өмір сүрді. Еуропада түркілер мекен еткен ең көне жерлер ретінде Дунай өзенін, Еділдің төменгі және орта сағасын, Орал бойын көрсетуге болады» – дейді³. Қалай болғанда да қазіргі түркілердің ата бабалары б.з.д. III жылдықтарынан бастап Еуразияның далалық алқабын мекендегені, жоғарыдағы өңірлерде өмір сүрген сан алуан халықтармен тығыз қарым-қатынаста бола отырып, этникалық қалыптасудың ру-тайпалық, ұлыстық, ұлттық, халықтық сатыларын басынан кешіргені анық. Мұны қазіргі түркі тілдерінің таралу ареалының Еуразия құрлығында батыстан-шығысқа қарай үзіліссіз жалғасып жатқаны да көрсетеді:

1) Оңтүстік Кавказ және Алдыңғы Азия (оңтүстік-батыс түркі тілдері түрік, әзірбайжан тілдерінің кең таралған өңірі);

2) Солтүстік Кавказ және Шығыс Еуропа (солтүстік-батыс түркі тілдерінің, атап айтқанда, құмық, қарашай-балқар, ноғай,

1 Долгопольский А.Б., Лутовский И. Родство языков и древнейшая история. 2005. www.elektron2000.com/lugovskoi0020.html.56a.

2 Закиев М.З. История татарского народа (Этнические корни, формирование и развитие). – М.: «Инсан», 2008. – 559 с.

3 Малов С. Е. Памятники древнетюркской письменности. – М.-Л., 1951. С. 5-7; Малов С. Е. Древние и новые тюркские языки // ОЛИА. Т. 2. Вып. 2. – М., 1952. - С. 192.

қырым-татарлары тілі, гағауыз, қарайым, татар, башқұрт, чуваш тілдерінің таралған өңірі);

3) Орталық Азия (оңтүстік-шығыс түркі тілдері – түркімен, өзбек, ұйғыр, қарақалпақ, қазақ, қырғыз);

4) Батыс Сібір (солтүстік-шығыс түркі тілдері – алтай, шор, хакас, тува, тофалар, якут т.б.)

Түркологиялық бағыттағы зерттеулерде қазіргі түркі тілдерінің қалыптасуы түркі халықтарының этникалық қалыптасуына ықпал еткен көптеген күрделі тарихи көші-қондармен тығыз сабақтастырылып, арғытүркілік (прототүрк) субстраттың этникалық тарихы тұрғындардың екі түрлі тобының синтезіне қатысты өзектеледі¹:

1. Еділ бойы, Қазақстан, Алтай және Жоғарғы Енисей өлкелері тұрғындарының тарихи тектестігімен сабақтастырылатын б.з.д. 3-2 мың жылдықтарда Еділден батысқа қарай, сондай-ақ шығыс және оңтүстік бағыттарда ғасырлар бойы үзіліссіз жалғасқан көштердің нәтижесінде қалыптасқан этникалық тарих; 2. Ішкі Азиялықтардың шығу тегімен ұштастырылатын Енисейдің шығысындағы далалы алқапта кейіннен пайда болған этникалық тарих. Осы екі топтың екі жарым мыңжылдықтар бойы үздіксіз жалғасқан өзара тығыз байланыстары, тарихи қарым-қатынастары, бір-бірімен алма-кезек тоғысулары этникалық біртұтастануға (консолидация) жетеледі, нәтижесінде түркітілдес этникалық ортақтық қалыптасты. Осы ортақтықтан б.з. II мыңжылдықтарында қазіргі түркі халықтары бөлініп шықты.

Түркілік лингвоареалдың аса ауқымдылығы мен үзіліссіздігін түркі ру-тайпаларының ерте кездерден-ақ Орталық Азияның кіндігінен, яғни «түркілік атажұрттан» жан-жаққа тарамдала жайылуымен, атап айтқанда, оғурлар мен қыпшақтардың қазіргі Украинаның батысынан Қазақстанға дейін созылатын, солтүстік-түстігінде Орал тауларымен, оңтүстігінде Кавказ тауларымен және Қара теңіз, Каспий (Хазар) теңіздерімен

¹ Яхонтов С.Е. Глоттохронология: трудности и перспективы. Сравнительно-историческое языкознание на современном этапе. Конференция памяти В.М. Иллич-Свитыча. – М., 1990. – С. 39-47.

шектесетін орманды далаға қарай кетуі, тіптен Мысырға дейін жетуі; өзге түркі тайпаларының батысқа, Еуропаның түпкір-түпкіріне тереңдеуі; ұйғырлардың оңтүстікке, Шығыс Түркістанға, ал оғыздардың оңтүстік-батысқа, Иран, Анадолы жеріне және Балкан түбегіне қоныс аударуы, сондай-ақ түркілердің өздері орын тепкен Еуразия мен Африка құрлықтарында атқарған маңызды тарихи-геосаяси рөлдерімен байланыстыруға болады¹.

Түркілердің аса ауқымды географиялық ареалда лингвоэтникалық тұрғыдан біртұтастануына олар кешкен көшпелі өмір салтының, олар құрған мемлекеттердің құрылымдық негіздерінің өміршенділігі де белгілі дәрежеде ықпал етті деуге болады.

Көп ғасырлар бойы Азия далаларында құрылған мемлекеттердің мемлекеттік-құрылымдық тұғырын көшпелі өмір салты құрады. Б.з.д. I мың жылдықтарынан басталған мемлекеттіліктің көшпелі типі Еуразия құрлығында XVII ғасырларға дейін басым болып келді.

Біздің дәуіріміздің I мыңжылдығының ортасы мен екінші жартысында түркі тілді тайпалар Орта Азия мен қазіргі Қазақстан аумағында, Оңтүстік Сібірде, төменгі Поволжье мен Солтүстік Кавказда Түрік қағанаты, Шығыс түрік қағанаты, Батыс түрік қағанаты, Түргеш қағанаты, Ұйғыр қағанаты тәрізді ірі мемлекеттерді құрғаны, Енисей қырғыздарының, қарлұқтардың, қимақтар, оғыздардың да мемлекеттік жүйедегі бірлестіктері болғандығы тарихтан белгілі². Тарихи мәліметтер бойынша VI-VIII ғасырлар – түркілердің тарих сахнасында ерекше із қалдырған кезеңі болды. Бұл кезеңде Орталық Азияда Түркі қағанаттары бой көтерді. 552 жылы құрылған Түркі қағанаты 603 жылы Батыс және Шығыс болып екіге бөлініп кетті. Батыс Түрк қағанатының (603-658) құрамына қазіргі Орта Азия, Қазақстан және Шығыс Түркістан территориялары, ал Шығыс Түрк қағанаты құрамына Монғолия, солтүстік Қытай және оңтүстік Сібір өлкелері кірді. 658 жылы шығыс түркілерінің жаулауымен Батыс Түрк қағанатының құлады. 698 жылы түргеш

¹ Süer E. Çağdaş Türk dülü. – Ankara, 2011. – 108 s.

² Қазақстан тарихы. Очерктер. – Алматы, 1994. – Б. 137-138.

тайпалық одағының көсемі Үшелік жаңа түрк мемлекетін – Түргеш қағанатын құрады (698-745 жж.).

VIII ғ. басында басталған ұйғыр тайпаларының бірігуі процесі 742-756 жылдары аяқталады. Ұйғырлар конфедерациясының күшеюі нәтижесінде 745 жылы Ұйғыр қағанаты құрылады. 745 жылы құрылып, 840 жылы құлаған Ұйғыр қағанаты феодалдық мемлекет болды. Алтайдан Маньчжурияға, оңтүстікте Говь шөліне дейінгі ұлан-ғайыр территорияда үстемдік құрған Ұйғыр қағанаты құрамына ұйғырлар мен телес тайпаларының сыртында, қарлұқ, қырғыз, татар, басмал, кидан, чики, т.б. бағындырылған тайпалар енді. Қарабалғасун (Харбалгас) немесе Орду-Балық деп аталған астанасының іргесін Орхон өзенінің сол жағалауында қалаған ұйғырлар көшпелілер тарихында манихей дінін қабылдаған бірден-бір тайпа болып қалды¹. Ұйғырлар IV-V ғасырларда теле тайпалары одағы құрамына кіреді. Жужандар кезінде он ұйғырлар солтүстікке, ал тоғыз ұйғырлар оңтүстікке қарай ойысады. Ұйғыр тайпаларының бірігу процесі тюркюттар кезінен (VIII ғ. басында) басталып, 742-756 жылдары аяқталады. Басмал, шығыс қарлұқ, телес тайпаларынан және ұйғырлардың өздерінен құралған ұйғыр конфедерациясының билік басында тоғыз-оғыздар тұрады. С.В. Киселев тоғыз-оғыз тайпалық одағы атауын ұйғырлардың «сегіз оғыз» – найман тайпалық тобына келіп қосылуымен, *ujğur/ ujüig* этнонимін түркінің *ujmaq* «бірігу, ұю» сөздерімен байланыстырады².

IX ғ. 20 жылдары басталып 840 жылға дейін жалғасқан Ұйғыр қағанаты құрамындағы енисей қырғыздарының көтерілісі қағанаттың құлап, оның құрамындағы ұйғырлардың жан-жаққа бытырайқашуыменаяқталады. Құрамындағы тайпалардың өзара қақтығыстарының, мемлекет ішіндегі саяси жікшілдіктің, қатты жұттың әсерінен әлсіреген Ұйғыр қағанаты енисей қырғыздарына қарсы тойтарыс бере алмайды. Қытай дереккөздері бойынша Ажо деп аталатын қырғыз қағаны бастаған жүз мың қол әскер 840 жылы Орду-балықты басып алады³.

¹ Радлов В.В. К вопросу об уйгурах. – СПб., 1928. - С. 47.

² Киселев С.В. Древняя история Южной Сибири. – М., 1951. - С. 137.

³ Кюнер Н.В. Китайские известия о народах Южной Сибири, Центральной Азии и Дальнего Востока. – М., 1961. - С. 75.

VII-IX ғ. қырғыздардың (*qirgiz/qirg az*) тарихи-әлеуметтік өмірін сипаттай келіп, А.Бернштам қырғыздардың жүз мың қолының ұйғырларды (ойхорларды) талқандауы туралы Н.Я. Бичурин пікіріне жүгінеді: «ру басы Гюйлу Мохэ (Кюлюг-бага-тархан телес тайпасының әдіз руынан), хагастармен (қырғыздармен) бірігіп, жүз мың атты әскермен хойхулардың (ұйғырдың) қаласына (Орду-балык) шабуыл жасап, Гюйлофуді (Кюлюг-бега, Курабира) өлтіріп, оның қонысын өртеп жіберді. Хойху ұрпақтары жан-жаққа бытырап тарап кетті»¹. Енисей қырғыздарынан жеңіліс тапқан ұйғырлар оңтүстікке, оңтүстік-батысқа, батысқа қарай қашады. Бұғу Цзун бастаған ұйғырлардың бір тобы Тұрфан ойпатына жетіп, онда өздерінің князьдығын құрады. Олар Тұрфан оазисінде егін шаруашылығымен шұғылданатын жергілікті халықпен араласып, біртіндеп отырықшылыққа бет бұрады. Қытай тарихшылары Ұйғыр қағанаты құлағаннан кейін оның құрамында болған тайпалардың негізінде 847-849 жылдары Шығыс Тянь-Шань алқабында және Ганьчжоу, Ляньчжоу (қазіргі Ганьсу) өңірлерінде дербес хандықтар пайда болғанын, Ганьсудағы хандық XI ғ. 30 жылдары (1036 ж.) таңғұттардың шапқыншылығынан құлағанын, ал XIII ғ. алғашқы онжылдығына дейін 400 жыл бойы дербес өмір сүрген Турфандағы мемлекет моңғол шапқыншылығынан кейін (1209-1369 жж.) моңғолдардың вассалына айналғанын айтады².

Орталық Азия және Оңтүстік Сібірде үстемдік еткен Қырғыз қағанатының іргесі 840 жылы қаланып, 80 жылдай өмір сүрген Қырғыз қағанаты 920 жылдары құлайды. Қағанаттың құлауына байланысты қырғыздар Орталық Азиядағы Монголия территориясын жоғалтқанымен, өздерінің екі бірдей таралу ареалын, 1) Енисейдің жоғары және орта сағасын; 2) Алтайды және Ертіс бойын сақтап қалады. Бұдан кейінгі тарихи көштер барысында қырғыздар екіге айрылып, енисей қырғыздары мен Тянь-Шань қырғыздарының этникалық жаңа тарихының қалыптасуы басталады³.

¹ Бернштам А. Социально-экономический строй Орхона-Енисейских тюрок VI-VIII веков. – М.-Л., 1946. – С.169.

² http://www.hamagmongol.narod.ru/splinters/shuygur_r.htm

³ Бернштам А. Социально-экономический строй Орхона-Енисейских тюрок VI-VIII веков. – М.-Л., 1946.

V-VIII ғасырларда Еуропаға келген түркі тектес көшпелі бұлғарлар Балканда Дунай бұлғарлары, Еділ – Кам өзендері бойында Еділ бұлғарлары мемлекеттерін құрды.

VII ғ. екінші жартысында (658) ыдырай бастаған Батыс-түрік қағанатынан іргесін ажыратып, Солтүстік Кавказда құрылған Хазар қағанаты X ғасырларға дейін өмір сүрген (650-969 жылдар аралығында) ортаазиялық ірі мемлекет болды. IX ғасырдың екінші жартысында хазарлардан ығысқан печенектер Қаратеңіздің солтүстігін ала орнықты және олар Византия мен Көнеорыс мемлекеттеріне қауіп төндірген үлкен күш саналды¹. XI ғасырда оңтүстік орыс далаларында печенектерді араб-парсы дереккөздерінде қыпшақтар, Еуропа және Византия дереккөздерінде кумандар, орыс дерек көздерінде половцы деп аталған түркі тайпалары алмастырды².

VIII-IX ғ. қазіргі Солтүстік-шығыс Қазақстан территориясында құрылған қимақ-қыпшақ тайпалық одағы екі ғасыр бойына өмір сүріп, IX ғ. Орталық Азияда шығыстан батысқа қарай жөңкіле көшкен көш барысында ыдырады. Оның құрамында болған қыпшақтар ғана кейіннен өз мемлекетін құра алды. Қыпшақтар қоныстанған Алтайдан Дунайға дейінгі ұланғайыр атырап Дешті-Қыпшақ деген атпен тарихта қалды. Қыпшақтар XIII ғ. моңғолдардан жеңіліс тауып, Моңғол империясының батысында құрылған Алтын орданың құрамына кірді. Алтын Орда мемлекетінің этникалық құрамы негізінен түркі тайпаларынан құралды³.

XIV ғ. аяғында Орта Азияда Ақсақ Темір империясын құрды⁴. Ақсақ Темірдің Алтын Орданы жаулауы салдарынан Алтын Орда батыс (Ақорда Еділ және Дон өзендері арасында) және шығыс (Көкорда) қанатқа бөлініп кетті. XV-XVI ғ. Ақ орда Қазан,

¹ P. B. Golden. An Introduction to the History of the Turkic Peoples. — Wisbaden, 1992; Артамонов М. И. История хазар. — СПб., 2001; Новосельцев А. П. Хазарское государство и его роль в истории Восточной Европы и Кавказа. — М., 1990.

² Плетнёва С. А. Половцы. — М.: Наука, 1990. — 210 с; Плетнёва С. А. Кочевники Средневековья: Поиски исторических закономерностей. — М.: Наука, 1982. — 192 с.

³ Артыкбаев Ж.О. История Казахстана. — Астана, 2004. — 159 с.

⁴ Қазақстан Ұлттық энциклопедия /Бас редактор Ә. Нысанбаев. — Алматы “Қазақ энциклопедиясы” Бас редакциясы, 1998.

Астрахан, Қырым хандықтарына, Көкорда 1440 жылы Ноғай ордасы (қазіргі батыс Қазақстан жерінде) және Өзбек хандығына ыдырады. Алтын ордаға ислам дінін енгізген орданың ең соңғы хан Өзбектің атымен аталған Өзбек хандығы 1428 жылы Сырдария бойында құрылды¹. Өзбек ұлысының ханы Әбілқайыр сұлтанның саясатына көңілі толмаған Жәнібек пен Керей сұлтандар 1458 жылы Сырдарияның жағалауынан Моғолстан билеушісі Есенбұғаға қарасты Жетісу өңіріне қоныс аударып, 1465 жылы Қазақ хандығын құрды. Ал Әбілқайырдың немересі Мухаммед Шейбани 1499 жылы оңтүстіктегі Мавераннахрға жорыққа аттанып, Ақсақ Темірден соң іштей бытырап, әлсіреген Тимуридтер мемлекетін жаулап, 1500 жылы Бұхар хандығын құрады және өзінің Сығанақтағы астанасын Бұхараға көшіреді. Шейбанимен бірге кеткен көшпелі Дешті-қыпшақ тайпалары жергілікті отырықшы тұрғындар – құрлұқтармен (сарттармен) тығыз араласып, оларға сіңіп кетті. Жаңадан құрылған ұлыстың тұрғындары жеңіске жаткен билеуші топтың атымен «өзбек» деп аталды². Ал б.з. V ғ. «шығыстан батысқа бағытталған Ұлы көштен» басталған түркітілдес халықтардың Алдыңғы Азияға (Кавказдың теріскейі, Әзірбайжан, Анадолы жері) ендеуі VIII-X ғасырларда ары қарай жалғасып, XI ғ. оғыз тайпаларының (селжуктар) осы территорияларды жаулауына ұласты. XI-XIV ғасырларда оғыздар мен татарлардың Кавказдың шығысына жасаған жорықтарының нәтижесінде Кавказдың теріскейі түркіленеді³. XIII-XVI ғ. осман түркілері Еуропа, Кіші Азия, Африканы жаулап, Осман Империясын құрады⁴.

XVI-XVIII ғ. алдымен Орыс мемлекеті, кейіннен Петр I патшаның реформасынан соң Ресей Империясы бұрынғы Алтын

¹ Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 1, 2 томдар. – А., 1997. - Б. 542. - А., 1998.

² Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 1, 2 томдар. – А., 1997. - Б. 542. – А., 1998.

³ Еремеев Д.Е. Проникновение тюркских племён в Малую Азию // Труды VII Международного конгресса антропологических и этнографических наук. – М.: Наука; Главная редакция вост. литературы, 1970. - С. 89.

⁴ Еремеев Д. Е. Проникновение тюркских племён в Малую Азию // Труды VII Международного конгресса антропологических и этнографических наук. – М., 1970. - С. 98.

Орда территориясында пайда болған Қазан, Астрахан, Қырым, Ноғай Ордасы тәрізді хандықтардың, кейіннен ХІХғ. Орта Азияны, Хоқан хандықтарының, Шығыс Кавказдағы бірнеше Әзірбайжан хандықтарының жерін өзіне қосып алады. Сөйтіп, ХХғ. басында Осман империясы мен Хиуа хандығы (1512-1920), ал ХХғ. 20 жылдардан кейін бір ғана Түркия дербес түркі мемлекеті болып қалды.

ХХғ. 90-жылдары КСРО-ның тарауына байланысты оның құрамында болған 5 бірдей түркітілдес мемлекеттер егемендікке қол жеткізді, соның нәтижесінде қазіргі дүниежүзінің геосаяси картасында 6 бірдей тәуелсіз түркітілдес мемлекеттер сап түзеді: Әзірбайжан, Қазақстан, Қырғызстан, Түркия, Түркіменстан, Өзбекстан.

Түркілердің адам санына қатысты өсімі тұрғысынан алғанда Түркия бірінші орында болатын болса, таралу аймағы жағынан Ресей территориясы ең көлемдісі саналады. 2002 жылғы Бүкілресейлік санақ бойынша Ресейде 25 түркітілдес халықтар өмір сүреді.

Жаһандану процесі және түркілердің басқа халықтармен бірігуі оларды тарихи ареалдарының шет-шекарасынан шығуға жетеледі. Бүгінде түркілер Еуразия, Солтүстік Америка, Австралия құрлықтарындағы сан алуан мемлекеттер құрамында, Орта Азия, Кавказ, Жерорта теңізі, Оңтүстік және Шығыс Еуропадан Ресейдің Қиыр Шығысына дейінгі территорияда өмір сүріп жатыр. Қытайда, Америкада, Таяу шығыс және Батыс Еуропа мемлекеттерінде таралған шағын санды түркі этностары жаһандану процесіне тойтарыс бере алмай біртіндеп жойылу үстінде.

Діни наным-сенімі тұрғысынан алғанда түркілер ерте замандардан Көк Тәңіріне табынып келді. Қазіргі кезде түркі халықтарының діндері әртүрлі. Олардың басым көпшілігі ислам дінін (мұсылман-сүнниттер), тывалар мен сары ұйғырлар будда дінін, чуваштар, ғағауыздар және якуттер христиан дінін, қараймдар иудаизмді (караизм) ұстанады.

Түркі тілдерінің саны ғылыми әдебиеттерде әр түрлі көрсетіледі. Мәселен, КСРО ҒА тарапынан 1966 жылы

жарық көрген ұжымдық монографияда 23 тірі түркі тілі, ал А.А.Реформатскийдің 1967 жылғы «Тілтануға кіріспесінде» түркі тілдерінен 25 тірі, 7 өлі тіл ретінде көрсетіледі¹. Н.А.Баскаков зерттеулерінде 27 тірі түркі тілдері, 12 өлі түркі тілдерінен тілдік фактологиялық материалдар қолданылатын болса, 1997 жылы жарық көрген «Әлем тілдері: Түркі тілдері» сериясы бойынша 39 тірі және 15 өлі түркі тілдері бар деп саналады.

Мемлекеттік-территориялық құрылым тұрғысынан алғанда қазіргі кезде 6 тәуелсіз түркі республикалары бар. Ал ұлттық автономиялар саны – 13: ҚХР-да – 1: Шынжан-Ұйғыр автономиялық районы (қазақтар, ұйғырлар, тывалар); Ресей федерациясында – 10: Тыва Республикасы; Чуваш Республикасы; Башқұртстан Республикасы; Татарстан Республикасы; Саха Республикасы (Якутия); Қарашай-Черкес Республикасы (қарашайлар, ноғайлар); Алтай Республикасы (алтайлар, қазақтар); Дағыстан Республикасы (құмықтар, ноғайлар, әзірбайжандар); Кабардин-Балқар Республикасы (балқарлар, татарлар, түріктер); Хакасия Республикасы); Молдавияда – 1: Гагаузия; Өзбекстанда – 1: Қарақалпақ Республикасы (қарақалпақтар, қазақтар, өзбектер). Тәуелсіз түркітілдес мемлекеттердегі тұрғындардың жалпы санына шаққанда түркітілдес халықтардың саны Өзбекстанда 90 %, Қазақстанда 73 % (2010 ж. санақ бойынша), Қырғызстанда 85 % (2009ж. санақ бойынша), Түркияда (78 % 2013 ж.), Түркіменстанда 85 %, Өзбекстанда 80 % (2013 ж.) пайыздық көрсеткішті құрайды.

Қорыта айтқанда түркітөктес этникалық топтардың және олар мекендеген жерлердің мемлекеттік тұрғыдан ресми түрде біріктірілуі әр түркі халқының дербес этнос ретінде нығаюына, тілінің тұрақты қалыпқа түсіп жүйеленуіне игі ықпал еткені даусыз. Алайда кез келген жаңа этностың, оның тілінің қалыптасуы бірнеше ғасырды қамтитын даму үдерістерінің нәтижесі болғандықтан, жүз жыл ішінде жаңа бір халықтың, оның тілінің пайда болуы этноэволюциялық, глоттоэволюциялық заңдылықтар мен ұстанымдарға сәйкес келе бермейді. Соған орай әр түркі халқының және оның тілінің қалыптасуына негіз болған этногенездік, глоттогенездік процестер де көне замандардан бастау алатыны анық.

¹ Реформатский А.А. Введение в языковедение. – М., 1967.

Белгілі бір қауым өкілдерінің гендері мен морфологиялық белгілері, жалпы антропологиялық тұрпаты (антропометриялық, серологиялық, одонтологиялық, дерматоглификалық, краниологиялық, палеонтопологиялық негізде) халықтың этникалық тарихынан, басқа қауымдармен байланысынан, мәдени-тарихи кезеңдердегі орын ауыстыруынан, кәсіби бейімділігінен т.б. сипаттарынан белгі беретіні, яғни халықтың этникалық генезисін анықтап бере алатындығы сияқты тіл де сол тілде сөйлеуші этностың қалыптасу тарихы, этностық құрамы, тарихи-мәдени байланыстары, дүниетанымы, салт-дәстүрі, наным-сенімі, кәсібі, географиялық ортасы тәрізді этносқа қатысты көптеген мәселелерден хабар бере алады.

Тілдің этнос болмысын айқындаудағы қызметі жайлы академик Ә.Қайдар: «Этнос туралы кейбір деректер бүгінгі ұрпаққа археологиялық қазбалар мен сәулет кесенелері, тас мүсіндер мен қашалып жасалған тас ескерткіштер арқылы жетуі мүмкін. Бірақ бұлардың бәрі – этнос басып өткен өмірдің мың бір елесі ғана. Этностың шынайы бейнесі, болмысы оның тілінде ғана, тілі арқылы ұрпақ жадында сақталады. Этнос туралы осыншама мол деректер мен мағлұматтарды тек тіл ғана өз бойына сыйғызып, сары майдай сақтап, шашпай-төкпей ұрпағына жалғастыра алады. Осы қасиетіне байланысты тіл феноменін – «тіл әлемін» этностың өзін танып-білудің қайнар көзі, біліктіліктің кәусар бұлағы десек, артық айтқандық емес. Бұл ұғымның ауқымына тілдің барлық қасиеті сыйып тұрғандай: этностың дүниеге келуіне ұйтқы болған да – тіл, рухани-мәдени өмірінің өзегі де, өзін-өзі танып-білудің өлшемі де – сол тіл. Сонымен, «тіл әлемі» дегеніміз – этнос болмысына қатысты мыңдаған, тіпті миллиондаған мағыналық бірліктердің жиынтығы, синтезі»¹ – деп атап көрсетеді. Түркілердің этникалық қалыптасу барысында басынан кешірген тарихи оқиғалар легі, яғни тарихи факторлар олардың тілдерінің даму эволюциясын дәуірлеуде, түркі тілдерін классификациялауда, түркі тілдерінің өзара байланысын және өзге тілдермен қарым-қатынасын айқындауда, олардың арасындағы ортақтықтар мен әр тілдің өзді өзіне тән ерекшеліктерді анықтауда ескерілетіні даусыз.

¹ Қайдар Ә.Т. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы: Ана тілі, 1998. - Б. 11.

§2. Тіл тарихын дәуірлеудің түркі тілдерін классификациялау мәселесімен сабақтастығы

Кез келген түркі этносының тарихын дәуірлеу мәселесі, яғни түркі ру-тайпалардың бірігуі мен тұтастауының нәтижесінде халық болып, кейіннен ұлт болып қалыптасқан кезеңдеріне дейінгі тарихы түркі тілдерінің қалыптасу, дамуының тарихи дәуірлерімен тығыз байланыста зерделенбек.

Басқаша айтқанда түркі тілдерінің тарихи дамуын жете зерттеу ісі түркі тілдерін классификациялау, түркі тілдерінің арғыалтайлық, жалпытүркілік, жалпықыпшақтық, оғыз-қыпшақтық тектілдік т.б. деңгейлерін айқындау, түркі тілдерінің моңғол, тұңғыс-маньчжур және корей-жапон тәрізді алтай тілдерімен өзара байланысын, тарихи қарым-қатынасын анықтау тәрізді аса күрделі мәселелермен ұштастырылатыны белгілі.

Туыс тілдердің фонетикалық жүйесіндегі, морфологиялық құрылымы мен лексикалық құрамындағы, синтаксистік конструкциясындағы ортақтықтар мен ерекшеліктерді анықтау қазіргі түркі тілдерінің тарихи даму жолын көрсетіп, әрбір тілдің өзіндік табиғатын айқындауда, олардың түркі тілдері жүйесіндегі орнын белгілеп, өзара туыстық қатысын ажыратуда айрықша орын алады. Түркі тілдерін генеалогиялық тұрғыдан топтап, классификация жасаудың қажеттілігі де осы мәселеден туындайды.

Түркі тілдерін генеалогиялық тұрғыдан топтастырудың түркі халықтарының және олардың тілдерінің тарихын дәуірлеумен тығыз байланысы жайлы Н.А.Баскаков былай дейді: «Түркі тілдерін классификациялау – түркі халықтарының және түркі тілдерінің даму тарихын дәуірлеу болып табылады. Себебі, мұнда, ең алдымен, алғашқы-рулық қоғамда пайда болған ұсақ ру-тайпалардың бірігулері мен қайтадан ыдырауларының, кейіннен олардың ортақ тарихи тектестіктеріне қарай ірі тайпалық одақтар құрап қана қоймай, белгілі бір кезеңдерде құрамы жағынан әр қилы тайпалар мен тайпалық бірлестіктерді өздеріне қосып алуларының нәтижесінде тайпалық тілдік

бірлестіктердің пайда болуы; әрі қарай жалғасқан тайпалық одақтар аралық бірігулер мен ыдыраулардың нәтижесінде халықтар мен тілдердің біршама ірі бірлестіктерінің қалыптасуы; түркі тілдерінің өз ішінде тегі ортақ және типологиясы ұқсас бола тұра, осы тілдердің өзара қарым-қатынасының, тарихи дербес дамуының нәтижесінде өзді-өздеріне тән ерекшеліктерге ие тілдік топтардың пайда болуының сан алуан қыры ескеріледі»¹

Тілдердің туыс тілдер деп саналуы үшін, ең алдымен, олардың лексикалық қорында семантикалық жағынан да, тұлғалық жағынан да бірдей немесе ұқсас сөздердің басым болуы шарт. Осы ортақ лексика негізінде олардың фонетикалық жүйесіндегі, грамматикалық құрылымындағы ортақтықтар мен ерекшеліктер айқындалады.

Туыс тілдерге генеалогиялық классификация жасауда өзара жақын барлық тілдердің жеткілікті дәреже зерттелмеуі, олар бір-бірімен тығыз қарым-қатынаста болғандықтан тілдік элементтердің тілден-тілге ауысуы тәрізді мәселелер қиындық тудырады. Түркі тілдерін генеалогиялық тұрғыдан топтастыруда басты қиындықтардың бірі көне дәуірлерде өмір сүрген, өзіндік тілдік ерекшеліктері бар түркі тектес ру-тайпалардың қазіргі түркі халықтарының құрамына шашырай таралуы, яғни түркі тайпалары жеке-жеке халық болып қалыптасу барысында тек қандық-туыстық негізде ғана емес территориялық-аймақтық негізде де шоғырлануынан туындайды. Сондықтан түркі тілдеріне генеалогиялық классификация жасауда тек олардың тілдік ерекшеліктері ғана ескерілмей, әрбір халықтың этностық құрамын да негізге алу басты ұстанымдардың бірі болып табылады.

Түркі тілдеріне ең алғаш классификация жасаған ХІ ғасырда өмір сүрген ғұлама ғалым Махмұд Қашқари болды. М.Қашқари өзінің «Диуани лұғат-ит түрк» шығармасында бірнеше түркі тілдерінің деректерін салыстыра отырып, олардың арасындағы отызға жуық тұлғалық өзгерістерді көрсетеді. М.Қашқари түркі тілдерінің фонетикалық, морфологиялық ерекшеліктеріне

¹ Н. А. Баскаков. К вопросу о классификации тюркских языков // Известия АН СССР. Отделение литературы и языка. – Т. ХІ. Вып. 2. – М., 1952. – С. 121-134.

сүйене отырып түркі тілдерін екі топқа бөледі¹: Қашқардан жоғарғы Шыңға дейінгі аумақты мекендеуші тайпалар тілі және Румға дейінгі жерлерді мекендеуші тайпалар тілі.

XIX ғасырда Еуропада азды-көпті лингвистикалық және этнографиялық материалдарға сүйене отырып, А. Бальби (1848 ж.), А. Ремюза, А. Пальмблада, Г. Вамбери (1885 ж.) түркі тілдерін генеалогиялық тұрғыдан жіктеуге талпыныс жасалды. Мәселен, А.Ремюза (1820 ж.) түркі тілдерін: якут тобы, ұйғыр тобы, ноғай тобы, қырғыз тобы, түрік тобы деп бес топқа бөліп қарастырады, мұнда ол якут, ұйғыр, шағатай, түркімен, татар тілдеріндегі ортақ лексиканың тұлғалық өзгерістерін басшылыққа алады. Түркі тілдерін зерттеу мен оларға классификация жасауға И.Н. Березин (1848 ж.), Н.И. Ильминский (1860 ж.), В.В. Радлов (1882 ж.), Н.Ф. Катанов (1894 ж.), Н.А. Аристов (1896 ж.), Ф. Е. Корш (1910 ж.) тәрізді орыс ғалымдары ерекше үлес қосты. Осы ғалымдардың классификациялары мен зерттеулері XX ғасырдағы Г. Винклер (1920 ж.), К. Фоя, Г. Рахмати (1922 ж.), В.А.Богородицкий (1933 ж.), Л. Лигети (1934 ж.), М. Рясянен (1949 ж.), И.Бетлинг, К.Г.Менгес, Т.Текин т.б. зерттеушілердің алтай және түркі тілдері бойынша ұсынған классификацияларына негіз болды.

Түркі тілдерін классификациялау мәселесі түркологиялық зерттеулерде әлі күнге дейін жалғасып отыр.

Түркі тілдері біршама толық қамтылған классификациялар қатарына 1882 жылы жасалған В.В.Радловтың жіктеуі жатады. В.В.Радлов түркі тілдерінің фонетикалық ерекшеліктері негізінде оларды төрт топқа бөліп көрсетеді: Шығыс топ (сібір тілдері), Батыс топ (қазақ, қырғыз, башқұрт, Батыс Сібір, Волга татарларының тілі); Орта Азия тобы (өзбек, ұйғыр); Оңтүстік топ (түркімен, әзірбайжан, қырым татарларының говорлары). В.В.Радлов классификациясы бойынша қазақ тілі түркі тілдерінің Батыс тобына жатады. Ғалым өз жіктеуінде түркі тілдеріндегі б ~ п, ш ~ ж, т ~ д, қ ~ ғ, к ~ г, дж ~ д, ч ~ ш, ч ~ ц, ө ~ ү, о ~ у дыбыс алмасуларына, басқа фонетикалық заңдылықтарға сүйенеді.

Түркітануда ерекше аталатын классификациялардың бірі – Ф.Корштың классификациясы. Бұл жіктеудің алғашқы

¹ Қашқари М. Диуани луғат-ит түрк. 1 т., – Ташкент, 1960. - С. 58.

классификациядан басты айырмашылығы тек фонетикалық ерекшеліктерге ғана емес ортақ лексиканың морфологиялық құрылымына да назар аударуында. Ғалым түркі тілдерін жіктеуде ғ ~ у сәйкестігі, сөз соңындағы немесе сөз ортасындағы ғ, г элизиясын, есімшенің -р тұлғасының қолданылу/қолданылмауын негізге ала отырып төрт топқа бөліп қарастырады: 1. Солтүстік топ (алтай, қырғыз, қарашай, қазақ, ноғай, татар, башқұрт т.б.); 2. Батыс топ (түрік, әзірбайжан, гагауз, түркімен т.б.); 3. Шығыс топ (Орхон ескерткіштерінің тілі, көне ұйғыр, шағатай, половец, қарағас т.б.); 4. Аралас топ (якут, чуваш т.б.). Ф.Корш классификациясы бойынша қазақ тілі түркі тілдерінің Солтүстік тобына жатады.

1922 жылы жасалған А.Н.Самойловичтің классификациясында түркі тілдерінің фонетикалық, морфологиялық ерекшеліктері кеңірек қамтылады. А.Н.Самойловичтің классификациясы бойынша қазақ тілі түркі тілдерінің Тау-тобы немесе қыпшақ, солтүстік-батыс тобы жатады, монғол шапқыншылығынан кейін қалыптасқан тілдердің бірі саналады.

А.Н.Самойлович түркі тілдерін алты топқа жіктеудің негізгі шарты ретінде аяқ, бол, қалған, сары, тау, тоғыз сөздерінің фонетикалық және морфологиялық өзгерістеріне сүйенеді:

1. Р тобы немесе бұлғар, чуваш тобы (көне бұлғар тілі, чуваш тілі): ура, рул, тау / ту, қалан, сарм, тохар;

2. Д ұйғыр немесе солтүстік-шығыс тілдері: тоқуз, пол, тағ, сариғ, қылған. Аяқ сөзінің тұлғалық өзгерістеріне қатысты іштей үш топшаға бөледі: Д-топшасы (Орхон-Енисей ескерткіштерінің тілі, көне ұйғыр тілі, тува, тофалар, салар тілдері): адақ «аяқ»; Т-топшасы (якут тілі): атақ «аяқ»; З-топшасы (сары ұйғыр, шор, хакас тілдері) азақ «аяқ»;

3. Тау тобы немесе қыпшақ, солтүстік-батыс тобы: тоғуз, аяқ, бул/бол, тау, сары, қалған. Монғол шапқыншылығына дейін қалыптасқан тілдер (алтай, қырғыз, телеуіт, құмық, қарашай-балқар, татар, башқұрт), монғол шапқыншылығынан кейін қалыптасқан тілдер (қазақ, ноғай) деп іштей екі топшаға бөледі;

4. Тағлық тобы. Шағатай немесе оңтүстік-шығыс тобы (шығыс Түркістанда тұратын түркілердің тілі): тоқуз, аяқ, тағ, қалған, сарық, бол;

5. Тағлы тобы. Қыпшақ-түркімен немесе орта топ (Хорезм өзбектерінің тілі): аяқ, доқуз, бол, қалған, сары, тағ;

6. Ол тобы. Түркімен немесе оңтүстік батыс тобы (әзірбайжан, түркімен, түрік, гагауз тілдері): аяқ, доқуз, ол, дағ, сары, қалан.

Түркі тілдерін топтастыруда өзіндік із қалдырған ғалымдар қатарына В.А.Богородицкий де жатады (1933 ж.). В.А.Богородицкий фонетикалық ерекшеліктермен қатар географиялық-аумақтық белгілерді де негізге ала отырып, түркі тілдерін жеті топқа бөледі: солтүстік батыс топ (якут, тува, қарағас тілдері); хакас тобы (хакас тілі); алтай тобы (алтай тілі); Батыс Сібір тобы (чұлым, Барабин, Тобыл, Түмен татарларының тілдері); Волга және Орал бойындағы татар, башқұрттардың тілдері; Орта Азия тобы (қазақ, қарақалпақ, қырғыз, ұйғыр, өзбек тілдері); Оңтүстік батыс тобы (әзірбайжан, түрік, түркімен тілдері)¹. Қазақ тілі В.А.Богородицкий классификациясы бойынша Орта Азия тобына енеді.

Түркі тілдеріне тарихи тұрғыдан, яғни қалыптасу кезеңіне байланысты классификация жасаған ғалым – С.Е.Малов. Ғалым «Қай тілде көне элемент көбірек сақталса, сол тіл көне тіл болып есептеледі» деген қағиданы негізге ала отырып, көне белгі ретінде рт, лт, нт тіркестерінің түбір мен қосымша морфема жігінде қолданылуын (алты «алды», келті «келді», барты «барды», апта «онда» т.б.), ежелгі түркі жазбаларында кеңінен қолданылатын ғ/г дауыссыздарының сақталуы (тағ «тау», сарығ «сары» т.б.) көрсетеді². Аталған белгілердің сақталу деңгейіне байланысты түркі тілдерін С.Е.Малов төрт топқа бөледі:

1. Ең көне түркі тілдер (бұлғар, сары ұйғыр, чуваш, якут тілдері);

2. Көне түркі тілдері: (оғыз (көне түркі руникалық жазба ескерткіштерінің тілі), тоғалар, тува, көне ұйғыр жазба ескерткіштерінің тілі, хакас, шор тілдері);

¹ Қайдаров Ә., Оразов М. Түркологияға кіріспе. – Алматы, 1985. – Б. 122-126

² Малов С. Е. Памятники древнетюркской письменности. – М.-Л., 1951. С. 5-7; Малов С. Е. Древние и новые тюркские языки // ОЛИА. Т. 2. Вып. 2. – М., 1952. – С. 192.

3. Жаңа түркі тілдері (әзірбайжан, гагауз, құман, қыпшақ, печенек, половец, салар, түрік, түркімен, Шығыс Түркістандағы ұйғырлар тілдері);

4. Ең жаңа түркі тілдері (башқұрт, қазақ, қарақалпақ, қырғыз, құмық, ойрат, ноғай, татар, чуваш, якут тілдері).

Бұл классификация бойынша қыпшақ тобындағы тілдер, оның ішінде қазақ тілі де XIV – XV ғасырларда ғана қалыптасқан ең жас тілдер қатарына жатқызылады.

Түркі тілдеріне генеалогиялық тұрғыдан жасалған классификациялардың ішіндегі барлық түркі тілдері және олардың басты фонетикалық, морфологиялық, лексикалық ерекшеліктері толық қамтылған, қазіргі түркі тілдерінің даму жолы мен өзара туыстық деңгейін айқын көрсететін әрі көпшілік мамандар тарапынан мойындалған классификация – Н.А.Баскаковтың жіктеуі. Сондықтан қазіргі таңдағы түркі тілдерінің тарихына байланысты зерттеулер осы классификацияны негізге алады.

Н.А.Баскаков түркі тілдерін үлкен екі бұтаққа бөледі: Батыс хун тілдері және Шығыс хун тілдері. Батыс хун тілдерін төрт топқа бөліп қарастырады.

I. Бұлғар тобына көне бұлғар, хазар және чуваш тілі жатқызылады. Фонетикалық ерекшеліктері: екі еріндік, екі езулік дыбыстардан тұратын вокализмдер жүйесінің болуы; е дыбысының йе дифтонг дыбысына айналуы; сөз соңында ротацизм құбылысының орнығуы (з ~ р); с дауыссызының й ~ ж ~ дж ~ ч дыбыстарына өзгеруі; д ~ т ~ з ~ й дыбыстарының р дыбысына ауысуы; ламдаизм құбылысының орын алуы (ш ~ с ~ л) т.б.

II. Оғыз тобының негізгі фонетикалық ерекшеліктері: сегіз қысқа дауысты дыбыстың болуы; қысаң дауыстылардың қосымшалар құрамында қолданылуы; сөз басында қатаң қ/к, т дыбыстарының ұяңдануы; ғ, г дыбыстарының сөз соңында сақталуы, түбір мен қосымша жігінде түсіп қалуы; сөз басындағы п/б дыбыстарының түсіп қалуы т.б. Грамматикалық ерекшеліктері: ілік септігінің -ын//-иң, табыс септігінің -ның//

ниң, -ны//-ни, -и тұлғаларының қолданылуы; барыс септігінің -а формасының, I жақ жіктік жалғауының көпше түрінің толық құрамымен бірге -ие қосымшасының болуы; есімшенің -мыш//-миш тұлғасының, қалау райдың -си тұлғасының болуы, т.б.

Оғыз тобы іштей үш топшаға бөлінеді:

1. Оғыз-түркімен топшасы (орта ғасырлық оғыздар тілі, түркімен тілі);

2. Оғыз-бұлғар топшасы (көне печенек, торк, берендей, ковуи тілдері, гагауз, балқан түріктерінің тілдері);

3. Оғыз-селжүк топшасы (көне селжүк, көне осман түріктерінің тілі, әзірбайжан және түрік тілдері).

III. Қыпшақ тобы үшке бөлінеді: 1. Қыпшақ-половец топшасы (көне половецтер, қарайым, қарашай-балқар, құмық, қырым татарларының тілдері); 2. Қыпшақ-бұлғар топшасы (батыс Алтын Орда әдеби тілі, татар, башқұрт тілдері); 3. Қыпшақ-ноғай топшасы (қазақ, ноғай, қарақалпақ тілдері, өзбек тілінің қыпшақ диалектісі). Қыпшақ тобының негізгі фонетикалық белгілері: сегіз не тоғыз дауысты дыбыстың болуы; қосымшаларда еріндік дауыстылардың қолданылмауы; ерін үндестігінің әлсіздігі; созылыңқы дауыстылардың болмауы; ғ, г дыбыстарының сөз соңында өзгерістерге түсуі (й, у, в); сөз басындағы й ~ ш ~ дж дыбыстарының алмасып келуі.

IV. Қарлұқ тобы (Қараханидтер мемлекетінің тілі, қарлұқ-хорезм тілі, шағатай, көне өзбек тілдері және ұйғыр, өзбек тілдері). Фонетикалық ерекшеліктері: дауыстылар алтыдан тоғызға дейін болуы; п, т, қ дыбыстарының сөз ортасында қолданылмауы; сөз соңында ғ, г, қ, к дыбыстарының сақталуы. Грамматикалық ерекшелігі: жинақтық сан есімдерінің -ағу//-егу тұлғасында қолданылуы; қимыл есімдерінің -ғу//-ғу формасының да кездесуі. Қарлұқ тобындағы тілдердің лексикалық қоры араб, парсы элементтерінің молдығымен ерекшеленеді.

Шығыс хун тілдері екі топтан тұрады. I. Ұйғыр-оғыз тобының басты айырмашылығы: сөз ортасында й дыбысы д, т, з дыбыстарына, сөз соңында т, д дыбыстарына ауысады; сөз соңында ғ, г дыбыстары сақталады. Іштей үш топшаға бөлінеді:

1. Ұйғыр-тува (тукюй) тілдері (Орхон-Енисей ескерткіштерінің тілі, көне ұйғыр тілі, тува, қарағас тілдері). Фонетикалық ерекшеліктері: сөз ортасында $t \sim z \sim y$ дыбыстарының орнына u дыбысы қолданылады; сөз соңындағы d, y дыбыстары t дыбысына өзгереді; сөз соңында g, g дыбыстары, түбір мен қосымша жігінде lt, rt тіркестері сақталады. Грамматикалық ерекшелігі: есімшенің *-ap// -er* тұлғаларының орнына *-yp// -yr, -ыр// -ер* тұлғасы, шартты райдың *-sar// -сер* тұлғалары қолданылады. 2. Якут тілдерінің тобына тек якут тілі ғана енеді. Басты ерекшеліктері: сөз ортасында d, z, y дыбыстары e дыбысына өзгереді. 3. Хакас тілдері екі топшаға бөлінеді: а) хакас тілі, шор тілінің иоран диалектісі, сары ұйғыр тілі, татар тілінің чулым, камасин диалектілері енеді; б) шор тілінің қосуан диалектісі, алтай тілінің сарлық диалектісі кіреді. Басты ерекшеліктері: сөз ортасында $t \sim d \sim y$ дыбыстары z дыбысына, сөз соңындағы y дыбысы $s \sim z$ дыбыстарына, сөз басындағы $y \sim j \sim dz \sim d \sim s$ дыбыстары ch, n, n дыбыстарына өзгереді.

II. Қырғыз-қыпшақ тілдеріне көне қырғыз, қазіргі қырғыз және алтай тілдері енеді. Негізгі фонетикалық белгілері: сегіз толық дауысты, алты не сегіз екінші дәрежелі созылыңқы дауыстылардың болуы; ерін үндестігінің жақсы сақталуы¹.

Н.А.Баскаковтың генеалогиялық классификациясы түркі тілдерінің ерекшеліктеріне, сол тілде сөйлеуші халықтардың тарихи даму жолына сәйкес келеді. Н.А.Баскаковтың генеалогиялық классификациясы бойынша қазақ тілі Батыс хун тілдерінің Қыпшақ тобына, оның ішінде Қыпшақ-ноғай топшасына енеді.

Н.А.Баскаков классификациясының өзге жіктеулерден басты айырмашылығы – тілдік ерекшеліктермен қатар тарихи принципке сүйенуінде, яғни тілді сол тілде сөйлеуші халық тарихымен бірлікте қарастыруында. Н.А.Баскаков: «Түркі халықтары туралы мәліметтер, қазіргі түркі тілдерінің, сондай-ақ көне тілдердің материалдары түркі халықтары көне кезеңдерде шығыс түркі және батыс түркі тайпалары болып екіге бөлінгенін көрсетеді. Түркі тайпаларының шығыс және батыс болып

¹ Баскаков Н. А. Введение в изучение тюркских языков. – М., 1969. - С. 230-342.

бөлінуі, біріншіден, біздің заманымыздың 1-ғасырында біртоп тайпалардың батысқа ойысуына, ал келесі топтардың шығыс-хуннуларға қосылуына; екіншіден – VII-VIII ғасырларда тукюэ мемлекетінің құлауына, кейіннен ұйғырлардың батыс және шығыс тукюэ болып бөлінуіне, онан соң батыс оғыз, түргеш, қарлұқ, яғма т.б. тайпалардың және шығыста қалған ұйғыр тайпаларының ыдырауына қатысты болып келеді. Осылайша қазіргі түркі тілдерінің қалыптасуын тарихи аспектіде түркі тілдерінің батыс хун және шығыс хун бұтағы деп екі үлкен топқа бөліп қарастыруға болады. Бұл бөлініс олардың негізгі ерекшеліктеріне сай Еуропа және Азия құрылығындағы қазіргі таралу аймақтарының географиялық шекарасымен толықтай сәйкес түсіп жатады. Дейтұрғанмен бұлайша жіктелімде де шарттылық бар, себебі батыс және шығыс тайпалық одақтар арасындағы байланыс ең кейінгі кезеңдердегі бірлестіктердің пайда болуына дейін үзіліссіз және үздіксіз жалғасқаны сөзсіз» – дейді¹.

Зерттеудің әдіс-тәсілдерінің онан әрі жетілдірілуі түркі тілдерінің бұрыннан келе жатқан топтастыруларына өзгешеліктер мен толықтулар енгізуге, я болмаса жаңаша сипаттағы классификациялар ұсынуға жетелеуде. Мәселен, Г. Ахатов тілдік ерекшеліктер мен олардың ортақтастығын прототүрк субстатының тарихи дамуы контексінде қарастыру барысында зерттеудің лингвистикалық әдістерін оңтайландырып, өзінің классификациясын ұсынады. Оның пікірінше, түркі тілдері, сөзсіз, алтай макротілдік тобына жатады. Г.Ахатов түркі тілдерін:

«I. Қыпшақ тобы: 1) қыпшақ-бұлғар субтобы (татар, Сібір татар тілі, башқұрт); 2) Алан-скиф субтобы (қарачай, балқар, қырым татарларының солтүстік диалектісі); 3) Арал-Каспий субтобы (қазақ, қырғыз, қарақалпақ, ноғай);

II. Бұлғар тобы : бұлғар-чуваш суб тобы (чуваш тілі)

III. Қыпшақ-ортаазиялық топ: Қыпшақ-ұйғыр суб тобы (өзбек, ұйғыр);

¹ Н. А. Баскаков. К вопросу о классификации тюркских языков // Известия АН СССР. Отделение литературы и языка. - Т. XI. Вып. 2. – М., 1952. - С. 121-134.

IV. Оғыз тобы: 1) Оғыз-осман субтобы (түрік, әзірбайжан, салар, Молдавандағы гагауыз тілі, қырым татарларының оңтүстік диалектісі); 2) Оғыз-түркімен субтобы (құмық, түркімен, гагауыз)

V. Сібір-Алтай тобы: 1) Якут субтобы (якут, долган); 2) Карагас-тува субтобы (тува); 3) хакас субтобы (хакас, кюрин, шор, алтай тілінің солтүстік диалектілері, сары ұйғыр, фуюй қырғыздарының тілі); алтай субтобы (алтай тілінің оітүстік диалектілері)» – деп жіктейді¹.

Ең жаңа классификацияларға О. А. Мудрактың фономорфостатистикалық² және А.В.Дыбоның лексикостатистикалық топтастыруларын жатқызуға болады. Жүзсөздікегі генеалогиялық бағанға орналастырылған лексикаға статистикалық анализ негізінде түркі тілдерінің генеалогиялық ағашының шартты хронологиясын анықтай келіп, А. В. Дыбо жалпы түркі тектілі бағанының құлауы бұлғар тобын құрайтын чуваш тілінің басқа түркі тілдерінен бөлініп кетуінен басталатынын айтады. Екі генеалогиялық бағанда да алғашқы түйін б.з.д. 30 жылдарды көрсетеді. Бұл мерзімді А.В.Дыбо ғұндардың жартысының Батыс Моңғолиядан батысқа қарай б.з.д. 56 ж. Шынжанның солтүстігі арқылы Оңтүстік Қазақстанға, Сырдарияның бойына ауа көшуімен байланыстырады³.

Қорыта айтқанда түркі тілдерінің тарихи дамуы барысындағы өзгерістерді түркілердің этникалық тарихымен тығыз сабақтастықта қарастыруға негізделетін түркі тілдерін классификациялау мәселесі түркологиялық зерттеулерде әлі күнге дейін жалғасып отыр. Мұнда түркілердің этногенезі мен тілінің б.з.д. тарихына қатысты лингвистикалық археология және лингвистикалық палеонтология арқылы анықталған фактологиялық материалдарға басымдылық берілуде.

¹ Ахатов Г. Х. Диалект западносибирских татар. – Уфа, 1963. - С. 195

² Мудрак О. Классификация тюркских языков и диалектов с помощью методов глоттохронологии на основе вопросов по морфологии и исторической фонетике. (Серия «Orientalia и Classica». Вып.23) – М., 2009. - С. 186.

³ Дыбо, А. В. Хронология тюркских языков и лингвистические контакты ранних тюрков. – М.: Академия, 2004. - С. 766.

§ 3. Түркі тілдері дамуының тарихи кезеңдері. Арғыалтайлық және жалпытүркілік тектілдердің ыдырау процесі

Жеке этностың немесе оның тілінің қалыптасуы бір ғана дәуірде жүзеге аспайтыны да белгілі. Түркілердің және олардың тілдерінің толық қалыптасып бітуі де мыңдаған жылдарды қамтиды. Н.А. Баскаков түркі тілдері дамуын 5 дәуірге бөледі¹:

1. Алтай дәуірі (белгісіз кезеңдерден - б.з.д. III ғ.)
2. Хун дәуірі (б.з.д. III ғ. - б.з. V ғ.)
3. Көне түркі дәуірі (V-X ғғ.)
4. Орта түркі дәуірі (X-XV ғғ.)
5. Жаңа түркі дәуірі (XV - XX ғғ.)
6. Ең жаңа дәуір (1917 жылдан кейінгі кезең).

Түркі тілдері дамуының Алтай дәуірі жалпыалтайлық тектілдің болуымен, кейіннен оның түркі-моңғол және тұңғыс-маньчжур бұтақтарына ажырауымен, ол бұтақтар іштей түркі, моңғол және тұңғыс-маньчжур тілдеріне бөлінуімен сипатталады. Түркі, моңғол және тұңғыс-маньчжур тілдері дифференция процесінің нәтижесінде өзді-өздеріне тән фонетикалық, лексикалық және грамматикалық белгілерге ие болды.

Түркі тілдері дамуының алтай дәуірімен ұштасып жатқан Хун дәуірінің алғашқы дәуірден басты айырмашылығы – аз да болса жазба деректердің, мәліметтердің сақталуында және осыдан бұрын басталған түркі тілдерінің монғол тілдерінен ажырау процесінің толықтай аяқталуында.

Көне түркі дәуірі түркі тілдерінде оғыз-қыпшақтық, қарлұқтық белгілердің белең алуымен сипатталатын болса, орта түркі дәуірінде қазіргі түркі тілдері бір-бірінен тілдік ерекшеліктеріне қарай жіктеле дами бастады.

Жаңа түркі дәуірі XV-XVII ғ. толықтай дара тұрпатына ие болған түркі халықтары тілдерінің сапалық жаңа деңгейге көтерілумен, халықтық, ұлттық тілдердің қалыптасуымен сипатталады. Ал түркі тілдері дамуының ең жаңа дәуірінде түркі халықтары мен олардың тілдерінің жіктелісі толықтай аяқталды².

¹ Баскаков Н. А. Введение в изучение тюркских языков. – М., 1969. – С. 148.

² Баскаков Н. А. Введение в изучение тюркских языков. – М., 1969. – С. 148

Түркі тілдерінің дамуының Алтай дәуірі және арғыалтайлық тектіл мәселесі.

Түркі тілдерінің дамуының ең алғашқы кезеңі саналатын Алтай дәуірі (белгісіз кезден б.з.д. III ғ.) алтаистикалық және түркологиялық бағыттағы зерттеулерде түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур, жапон-корей тілдерін генетикалық тектес, туыстас тілдер ретінде «алтай тіл бірлестігінен» тарататын «алтай гипотезасымен» тығыз байланыста қарастырылады.

«Алтай гипотезасы» – түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур, жапон, корей тілдерінің байланысын, бір-біріне қатысын зерттейтін дербес ғылым саласы – компаративисттік алтаистиканың қалыптасуына арқау болған ғылыми көзқарастар жүйесі. А.М.Щербак: «Түркі, моңғол және тұңғыс-маньчжур тілдерінің құрылым-құрылысының барлық деңгейін (фонетикалық, морфологиялық, лексикалық және синтаксистік) қамтитын таза лингвистикалық мәліметтерді «әу бастағы бір ғана баба тілге», яғни болжам ретіндегі «алтайлық тектілге» барып саятын генеалогиялық туыстықтың кепілі ретінде қабылдау, сондай-ақ фин-угор тіл әлемінің шет-шекарасын кеңейтуді көздеген субъективтік факторлар алтай гипотезасының (resp. орал-алтай) кең таралуына әсер етті» – дейді¹.

XVIII ғасырдың алғашқы жартысында швед офицері Йоганн фон Страленберг Ресейдің шығыс бөлігін және Сібірді, Қаратеңіз бен Каспий теңізінің аралығын мекен еткен көптеген халықтарды тілдік тұрғыдан «татар» деген жалпы атауға біріктіріп, оларды іштей: 1) уйғырлар, яғни фин-угор халықтары, барабиндер және гундар; 2) түркі — татарлар; 3) самоедтер; 4) моңғолдар және манджурлар; 5) тұңғыстар; 6) Қаратеңіз және Каспий теңізінің аралығында өмір сүретін тайпалар деп 6 топқа жіктейді².

Й.Страленбергтің «татар» тобына біріктірген тілдер арасындағы «генетикалық туыстық байланыс» туралы идея кейіннен «орал-алтай гипотезасы» деп аталды және оны зерттеу

¹ Щербак А.М. О методике исследования языковых параллелей (в связи с алтайской гипотезой). – М., 1960. - С. 271.

² Strahlenberg F. Der Nord und Östlich Theil von Europa und Asia, von Philipp von Strahlenberg, – Stockholm, 1730.

ісі Р.Раскының «скиф тілдері», М.Мюлердің «Тұран тілдері» туралы сипаттамалы-салыстырмалы еңбектерінен басталып, В.Шотт, М.А. Кастрен, Ф.Е.Видеман, О.Бётлинг, Г.Винклер, Е.Д.Поливанов, Г.И.Рамстедт, Б.Коллиндер т.б. оралтанушы-алтаист ғалымдардың зерттеулерінде жалғасын тапты.

«Орал-алтай гипотезасының» салыстырмалы-тарихи тұрғыдан негізделуі 19 ғасырдың 30 жылдары жарық көрген неміс ориенталистісі В.Шотт (1802-1889 жж.) зерттеулерінен басталады. В.Шотт 1836 жылы Берлинде жарық көрген «Versuch uber die tatarschen Sprachen» («Татар тілдерін зерттеу тәжірибесі») атты еңбегінде орал-алтай тілдеріне «чуд-татар тобы» деген жалпы атау бере отырып, іштей:

- 1) Орал тілдері (фин-угор және самоед);
- 2) Түркі тілдері;
- 3) Моңғол тілдері;
- 4) Тұңғыс-маньчжур тілдері деп төрт ірі тілдік топқа бөлді.

В. Шотт туыстық байланысы жағынан ең жақын тілдерге самоед пен фин-угор тілдерін жатқызып, оларды «Финдық» немесе «Чудтық» деп, ал түркі, моңғол, маньчжур-тұңғыс тілдерін «Татар тілдері» деп атайды және «чуд-татар тобы» тілдерінің әртүрлі тармақтары өзара жақындық дәрежесі бойынша сатылана байланысады деп білді, түркі, моңғол, тұңғыс тілдерінің өзара байланыстарына көп көңіл бөлді.

«Алтай тілдері» терминін ХІХ ғ. орта шенінде ғылыми айналымға енгізіп, Шығыс Еуропа мен Сібірде таралған типологиялық тұрғыдан бір біріне жақын болып келетін көптеген тілдердің атажұртын «Алтаймен» байланыстырған, фин, самодей, тұңғыс, түркі, моңғол тілдерінің туыстық байланысын ғылыми негіздеуді көздеген алғашқы зерттеулер аса көрнекті оралтанушы-алтаист М.А.Кастреннің еншісіне тиеді. М.А.Кастрен «Алтай тілдері» деп атаған тілдік топты іштей:

1. Орал тілдері (фин-угор және самоед тілдері);
2. Алтай тілдері (түркі-моңғол және маньчжур-тұңғыс тілдері) деп екіге бөледі және «Орал-алтай мәселесінде мен үнемі моңғолдарға немесе татарларға барып тірелемін. Менің бұл

тілдердің өз арасындағы және олардың фин, самоед тілдерімен ұқсастығын дәлелдегім келеді. Татар (түркі) және моңғол тілдері арасында туыстық байланыс бар екені күмәнсіз, бірақ оны дәлелдеп шығу үшін көп уақыт пен қажырлы еңбек қажет» – деп түркі және моңғол тілдерінің өзара туыстық байланысына айрықша назар аударады¹.

А.М. Кастрен ғылыми айналымға енгізген «алтай» ұғымы екі түрлі мағынада қолданылады: А.М.Кастрен зерттеулеріндегі «алтай тілдері» кең мағынада алғандағы «орал-алтай тілдері» дегенді білдірген болса, қазіргі кезде «алтай тілдері» деген атау түркі, моңғол, маньчжур-тұңғыс, корей және жапон тілдеріне қатысты қолданылады².

В.Шотт, МА. Кастрен еңбектері «Алтай гипотезасының (Орал-алтай)» жүйелі түрде ғылыми тұрғыдан зерттелуіне жол ашты. Лингвистер фин-угор-самоед немесе моңғол-тұңғыс-түркі топтарындағы фонетикалық және морфологиялық сәйкестіктерге қызығушылық танытты, олардың арасындағы туыстық байланыстың алыс-жақындығын зерделеуге, соның негізінде алтай тілдері классификациясына өзгерістер мен толықтырулар енгізуге талпынды. Мәселен, Г.Винклер орал-алтай тілдерін 2 бөлді: бірінші топқа фин-угор-самоед-тұңғыс-жапон тілдерін, екінші топқа моңғол-түркі тілдерін жатқызады. Ол маньчжур тілі жапон мен фин-угор-самоед тілдері арасындағы байланыстырушы «көпір» қызметін атқарады, тұңғыс тілі басқа тілдерге қарағанда фин-угор тілдеріне қарағанда жақын деп білді³.

М.А.Кастреннің замандасы О.Н.Бетлингтен басталған жапон тілін орал-алтай тілдері тобына қосу мәселесі кейіннен Е.Д.Поливанов, Г.Й.Рамстедт зерттеулерінде алтай тобының корей-жапон бұтағына байланысты қайта жаңғырып,

¹ Castren M.A. „Über die Personalaffixe in den Altaischen Sprachen, Kleinere Schriften, St. Petersburg, 1862. Castren, M.A., Reiseberichte und briefe aus den Jahren 1845-49, St.Petersburg, 1856.

² Poppe N. Introduction to altaic linguistics. Otto Harrassowitz. – Wiesbaden, 1965. - S.127.

³ Н. Winkler. Uralaltaische Volker und Sprachen. – Berlin, 1884; Das Ural-altaische und seine Gruppen. – Berlin, 1886.

С.А.Старостин, Н.А.Сыромятников, Э.Г.Әзірбаев, С.Е.Мартин т.б. алтайтанушы лингвистер тарапынан қолдау тапты.

XIX және XX ғасырлар тоғысында оралтанудан іргесін ажыратып, ғылыми дамудың дербес жолына түскен қазіргі заманғы компаративистикалық алтаистиканың негізін фин ғалымы Г.Й.Рамстедт салды. Ол орал және алтай тілдері арасындағы туыстық байланыс туралы пікірлерге қарсы болды және алтай тіл бірлестігінің құрамын түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур сияқты негізгі тілдік топтармен, сондай-ақ корей және жапон (көне жапон) тілдерімен шектеп, бұл тілдер арасындағы байланысты генетикалық туыстықпен дәйектеді.

Алтай тілдерінің шығу тегін бір негізден – жалпыалтай тектілінен өрбіткен Г.Й.Рамстедт постулаты Н.Поппенің, Б.Я.Владимирцовтың салғастырмалы-салыстырмалы және салыстырмалы-тарихи зерттеулері барысында онан әрі жетілдірілді.

Ал Н.Н.Поппе алтай тілдерін Г.Й.Рамстедттің ізімен моңғол тілдері, тұңғыс-маньчжур тілдері, чуваш-түркі тілдері және корей тілдері деп топтай келіп, алтай тілдерін құрайтын топтардың әрқайсысын іштей жіктеді. Ол чуваш-түркі тілдері тобын чуваш тілі және түркі тілдері тобы деп екіге бөліп, *түркі тілдерін* іштей якут тілі, тува-хакас тобы, қыпшақ тобы, шағатай тобы, түркмен тобы деп топтастырады және алтай тілдеріне жатқызған тілдік топтар мен тілдерге арнайы тоқталып, олардың әрқайсысына жеке-жеке лингвистикалық сипаттама береді¹.

Алтайтанудың орал-алтай тіл білімі құрамында, кейіннен дербес ғылым саласы ретінде даму барысында оралтанушы және алтайтанушы ғалымдар ұсынған үлгілер мен топтастыруларға сүйене отырып, Н.А.Баскаков орал – алтай тіл ортақтастығын: орал тілдері және алтай тілдері деп екі ірі макротопқа бөледі, әр ірі топтың ішкі жіктеліс үлгісін көрсетеді². Алтай тілдерінің іштей тарамдала, жеке дара дамуы алтайлық ру тайпалар мен ұлыстардың тарихи бірігуі мен тұтасуы, қайтадан бөлінуі процестерімен қатар жүрілгендігіне баса назар аударған

¹ Poppe N. Introduction to altaic linguistics. Otto Harrassowitz- Wiesbaden, 1965. - S.7.

² Баскаков Н.А. Алтайская семья языков и ее изучение. – М., 1981.- С. 14.

Н.А.Баскаков алтайлық тілдік бұтақтардың ішкі жіктелісі туралы былай дейді: «Рулар мен тайпалардың, тайпалық одақтардың өзара бірігуі мен біртұтастануы, ол тұтастықтың қайтадан тарамдала бөлінуі барысында алтай тілдері алдымен, түркі-моңғол, тұңғыс-маньчжур және болжамдық тұрғыдағы жапон-корей сияқты үш негізгі тілдік бұтақтарға ажырады. Ары қарайғы тұтастану процесінің нәтижесінде түркі-моңғол бұтағы – кейіннен батыс хун және шығыс хун болып екі жарылған түркі тілдері тобына және іштей ойрат-қалмақ, халха-моңғол, бурят және моңғол болып бөлініске түскен моңғол тілдері тобына ажырады. Тұңғыс-маньчжур бұтағы – эвенк және нанай-голд бөлімшелерінен тұратын тұңғыс тобына және маньчжур тобына (маньчжур және чжурчжень) бөлінді. Ал жапон және корей тілдерін біріктіретін жапон-корей бұтағы, ғалымдардың айтуынша, алтайлық диалектілердің көршілес тілдермен (алтай тілдеріне жатпайтын) аралас-құраластығының нәтижесінде пайда болған. Сондықтан да алтайтану саласындағы салыстырмалы-тарихи зерттеулер негізінен түркі, моңғол және тұңғыс-маньчжур тілдерімен шектеледі де, оралтануда юкагир-эскимос-алеут тобының жеке зерттелетіні сияқты жапон-корей ортақтығын өзінше оқшау қарастыру үрдісі орын алады»¹. Алтаист-монғолтанушы В.И.Котвич: «түркі, моңғол және тұңғыс тілдерінің фонетикалық, морфологиялық және лексикалық деңгейлерінде орын алатын ұқсастықтар мен сәйкестіктердің жалпы көлемі пайызға шаққанда: түркі-моңғол тілдері тобы мен тұңғыс-маньчжур тілдері арасында 10% лексикалық, 5% морфологиялық, ал түркі және моңғол тілдері арасында 25% лексикалық, 50% морфологиялық сипатта болып келетінін» айтады².

«Алтай гипотезасы» алтаист ғалымдар арасында алтай тілдерін бір негіз-тілден өрбітетін дәстүрлі алтаистикалық (Г.И. Рамstedт, Н.Н. Поппе, Б.Я. Владимирцов, Е.Д. Поливанов, Н.А. Баскаков, П. Аалто, О. Прицак, К.Г. Менгес, В.И. Цинциус, В.М. Иллич-Свитыч, М.Р. Федотов, С.А. Старостин т.б), ал-

¹ Баскаков Н.А. Алтайская семья языков и ее изучение. – М., 1981. – С. 16.

² Котвич В.И. Исследование по алтайским языкам. – М., 1962. – С. 351.

тай тілдеріндегі материалдық ортақтықты осы тілдердің көп ғасырлық тығыз қарым-қатынасынан іздестіретін антиалтаистикалық (Й.Бенцинг, Д.Шинор, Г.Дерфер, А.М.Щербак, Б.А.Серебренников, Г.Д.Санжеев, Л.Лигети, Дж.Клоусон т.б), сондай-ақ алтай тілдерінің өзара генетикалық байланысын жоққа шығармағанымен, Орталық Азия ареалында тарихи қалыптасқан тілдік одақтарды тереңдеп зерттеудің алтай тіл бірлестігі проблематикасына тікелей қатысы бар маңызды мәселе екенін зерттеудің күн тәртібіне қойған неоалтаистикалық (А.Ронаташ, Н.Егоров, А. Чеченов, Ж.Түймебаев т.б.) көзқарастардың қалыптасуына жетелеген басты теориялық концепция болып саналады.

XVIII ғ. басында «алтай гипотезасы» (кеңірек алғанда «орал-алтай») деген атпен белгілі болған түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур және фин-угор, самоед тілдерінің генетикалық туыстастығы туралы идеяның – ғылыми жорамалдың XX ғасырдың орта тұсынан бастап түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур және жапон-корей тілдерінің туыстастығын негіздеуді көздеген «алтай теориясы» аталатын «әртүрлі деңгейдегі, аса ауқымды лингвистикалық материалдарды қамтыған, ғылыми фактілермен дәйектелген ғылыми білімге айналуының»¹ нәтижесінде алтаистика ғылыми-теориялық және методологиялық тұғырнамасы жетілген салыстырмалы-тарихи сипаттағы дербес пән деңгейіне көтерілді.

Дәстүрлі алтаистикалық бағыт өкілдері зерттеулерінде алтай тілдерінің генетикалық туыстастығы туралы тұжырымдама (концепция) алтай тілдік топтарыаралық деңгейде анықталған фонетикалық және морфологиялық сәйкестіктер мен арғыалтайлық тектілдік тұлғалардың реконструкциясын жасау бағытындағы этимологиялық зерттеулер негізінде дәйектеледі.

Түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур, жапон, корей тілдік топтарының және ол топтарды құрайтын тілдерде сөйлейтін халықтардың шығу төркіні, түп-тегі мәселесі ретроспективтік

¹ Кызласов И.Л. Археологический взгляд на проблему первоначального единства алтайских народов//Еуразияшылдық идеясы контексіндегі Қазақстан түркітануы: мәселелері мен болашағы. – Астана, 2009. - Б.36.

бағытта: түркі тілдері және түркі халықтары; моңғол тілдері және моңғолдар; тұңғыс-маньчжур тілдері және тұңғыстар мен маньчжурлар; корей тілі және корейлер; жапон тілі және жапондар тарихы < алтай тілдері және алтайлық халықтар < орал-алтай тілдері және орал-алтайлық этногенетикалық қауымдастықтар < ностратикалық тілдер және ностратикалық этностар болып қазіргіден тарихи тереңдікке қарай зерттеледі.

«Тектіл» мәселесінің тілдердің генетикалық туыстастығына қатысты гипотезалардың дәйектемелік негізі үшін маңызы зор екені туралы Б.А.Серебренников былай дейді¹: «Тілдердің генетикалық туыстығын айқындауда ең алдымен, бастау арнасы, шығу тегі бір, бір ғана тілден – ата тілден тарамдалып, пайда болған тілдер ғана туыс бола алатынын ескеру керек». Б.А.Серебренников тілдердің туыстығын дәлелдеу үшін жалпы тектілдің сұлбасын (схема) жаңғырту, мұнда, ең алдымен дауысты және дауыссыз дыбыстардың тектіл деңгейіндегі жүйелі желісін қалпына келтіру келтіру қажеттігіне назар аударады және шығу тегі бір тілдерде де типологиялық ұқсастық болатынын, ол тектілде болған типологиялық қасиеттердің тарихи жалғастығы екенін айтады, ал бертін келе қалыптасқан типологиялық ортақтықтар тілдердің генетикалық туыстастығының кепілі бола алмайтынын ескертеді².

«Тектіл» терминіне лингвистикалық сөздіктерде екі түрлі анықтама беріледі: бірінші мағынада «тектіл» ұғымы гипотезалық сипаттағы дерексіз модель тұрғысынан айқындалады: «Тектіл (негіз тіл) – тарихи-салыстырмалы реконструкцияның нысанына алынатын өзара генетикалық байланыстағы тілдердің ішіндегі ең көнесі: бір семьяға немесе бір топқа жататын барлық тілдердің бастауы, қайнар көзі ретінде танылатын абстрактылы модель. Жалпы орыс тектілі; жалпыславяндық тектіл; славянбалтық

¹ Серебренников Б.А. Проблема достаточности основания в гипотезах, касающихся генетического родства языков. //Теоретические основы классификации языков мира. Проблемы родства. – М., 1982. - С. 6-17.

²Серебренников Б.А. Проблема достаточности основания в гипотезах, касающихся генетического родства языков. //Теоретические основы классификации языков мира. Проблемы родства. – М., 1982. - С. 47-62.

тектілі; үндіеуропалық тектіл»¹. Ал екінші мағынада «тектіл» тарихи өткен заманаларда шынында да болған түпкі тілдің жағдайы, қалыпкүйі тұрғысынан анықталады: «Тектіл, негіз тіл, бабалар тілі ... Тілдерді семьяға топтастыруда қарастырылатын тілдің шығу тегіне қатысты аталатын тіл: латын тілі француз тілі үшін тектіл болады ... Мұнда мұрагер тіл жаңа тіл болып саналмайды, түпкі тілдің эволюциялық дамуының жаңа қалып-күйін көрсетеді»².

Қазақ тіл білімінде «праязык» терминіне қатысты «ата тіл», «тектіл», «төркін тіл», «түптіл» деген терминдік қолданыстар орын алады және оған тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігінде мынадай анықтама беріледі: «Ататіл (тектіл, төркін тіл) орыс. праязык – диалектілері туыс тілдер тобының шығуына негіз болған тіл. ... Тегі бір тілдер дамуында ататіл ұғымы нақты сипат алып, өзгеріп отырады. Мысалы, осы күнгі түркі тілдерінің ататілі көне түркі тілі болса, көне түркі тілі үшін ататіл қызметін Алтай заманындағы ататілдің бір диалектісі атқаруы мүмкін.

...Ататіл тегі бір тілдердің генетикалық тұрғыда бір негізге саятын басты қасиеттері мен белгілерін қамтиды. Оның кейбір көріністері көне тіл құбылыстары ретінде қазіргі тілдерде сақталуы мүмкін»³.

Алтаистикалық бағыттағы зерттеулерде жалпыалтайлық тектіл жорамал тұрғысындағы дерексіз модель емес, белгілі бір тарихи дәуірде өмір сүрген, қазіргі түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур, сондай-ақ корей, жапон тілдерінің шығуына негіз болған түпкі тіл тұрғысынан қарастырылады.

Түркі тілдері алтай тілдері семьясының континентальдық бөлігін құрайтын ірі тілдік топта туыстық жағынан моңғол тілдеріне жақындастырылып, түркі-моңғол бұтағынан таралады деп саналады.

Түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур, корей және жапон сияқты бес ірі тілдік топтан құралатын алтай макротілдік тобының континентальдық(түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур) және аралдық

¹ Ахманова О.С. Словарь лингвистических терминов. – М., 1966. – С.344.

² Марузо Ж. Словарь лингвистических терминов. – М., 1960. – С. 223.

³ Қалиев Ғ. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы, 2005. – Б. 37.

(корей және жапон) болып екіге бөліну кезеңі, яғни ыдырау мерзімі глоттохронологиялық мәліметтер бойынша б.з.д. V мыңжылдықтармен өлшенеді. Жалпыалтайлық (арғыалтайлық) тектілдің іштей бұтақтарға ыдырауының глоттохронологиялық мерзіміне байланысты пікір қайшылықтары орын алады. Мәселен, жалпыалтайлық тектілдің шығыс бұтақ (жапон-корей), орталық бұтақ (тұңғыс-маньчжур), батыс бұтақ (түркі-моңғол) болып әртүрлі бұтақтарға бөліну мерзімін Дж. Киекбаев осыдан 10-6 мың бұрын деп есептесе¹, В.М. Иллич-Свитыч: «Алтайлық тектіл б.з.д. V-IV мыңжылдықтарда ыдыраған үндіеуропалық тектілге дейін-ақ іштей тілдік бұтақтарға ажырап кетті» – деп біледі². Алтайлық тектілдің іштей ыдырауы Г.И.Рамстедт пікірінше, б.з.д. II ғасырлардан, В.Котвич пікірінше, б.з.д. I мыңжылдықтардың басынан, ал Л.Лигети пікірінше, б.з.д. II-III мыңжылдықтардан басталады. С.А.Старостин алтайлық тектілдің ыдырау мерзімін б.з.д. VII мыңжылдықтар деп көрсетсе, О.П.Суник б.з.д. X мыңжылдықтар деп біледі.

Алтай тілдерінің тармақаралық байланыстарының жақындық деңгейін анықтауда және арғыалтай тілінен ең алдымен түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур тілдерінің қайсысы бөлініп шықты деген мәселеде де бірізді пікірілер жоқ. Мәселен, Н.Н.Поппе: «о бастағы алтайлық тектілден ең алдымен түркілік тектіл бөлініп шықты, ал моңғол және тұңғыс – маньчжур тілдері бір тектіл құрамында ұзақ уақыт бірге дамыды» – дейді³.


Моңғол тілінің алтай тілдеріне, соның ішінде түркі тілдеріне қатысы туралы Б.Я.Владимирцов былай дейді: «Алтай тілі белгісіз болғанымен, оның дамуы барысында пайда болған моңғол, түркі және тұңғыс тілдері және олардың арасындағы ұқсас элементтердің бар екені белгілі. Моңғол тілі – алтай тіліне жатады және оның дамуының бір формасы болып табылады. Алтай тілдерінің салыстырмалы грамматикасы алтай тілдері аралық, нақтырақ

¹ Кiekeбаев Дж. Введение в Урало-Алтайское языкознание. – Уфа, 1972. - Б. 20-24.

² Иллич-Свитыч В.М. Опыт сравнения ностратических языков: (семитохамитский, картвельский, индоевропейский, уральский): Введение. Сравнительный словарь. 1971. Вып.1. - С. 69.

³ Poppe N. Vergleichende Grammatik der altaischen Sprachen. Wiesbaden, 1960-T.1: Vergleichende Lautlehre. - S.8.

айтсақ, моңғол, түркі және тұңғыс тілдеріаралық ұқсастықтарға, сәйкестіктерге негізделеді. ... Сәйкестіктер қатары моңғол тілінің түркі тілдерімен бірге ортақ дәуірді бастан кешкенін, моңғол тілінің түркі тілімен жақын туыстық қатынасын айғақтай алады. Демек, моңғол және түркі тілдері өз кезегінде алтай тіліне барып саятын ортақ бір ғана тілдің дамуының екі түрлі формасы болып табылады»¹. Б.Я.Владимирцов: «Олардың тегі о бастағы ортақ тіл – жалпымоңғол-түркі тектіліне, ал жалпымоңғол-түркі тектілі мен қазіргі тұңғыс-маньчжур тілдерінің арғы ататегі ретіндегі жалпы тұңғыс-маньчжур тектілі екеуі алтай тектіліне барып саяды» дей келіп, алтайлық тектілдің бұтақтануының, тарамдала дамуының мынадай сызбасын ұсынады²:



«Алтай тілдерінің этимологиялық сөздігінде» (2003 ж.) жинақталған 2000 лексикалық изоглосстың салыстырмалы бөлінісі және лексикостатистикалық талдаудың нәтижесі арғыалтайлық тектілдің батыс бұтағын құрайтын түркі-моңғол тілдік ортақтастығының жалпытүркі және жалпымоңғол болып екіге ыдырауына байланысты жалпытүркілік тектілдің глоттохронологиялық мерзімін б.з.д. 4 мыңжылдықтарының орта шені деп көрсетеді ³.

¹ Владимирцов Б.Я. Сравнительная грамматика монгольского письменного языка и халхасского наречия. 2-ое изд. – М., 1989. – С.45.

² Владимирцов Б.Я. Сравнительная грамматика монгольского письменного языка и халхасского наречия. 2-ое изд. – М., 1989. – С. 47.

³http://ru.wikipedia.org/wiki/Алтайские_языки:Материал из Википедии – свободной энциклопедии.

Алтайлық тектілдің ыдырау процесінің қазіргі алтай тілдеріндегі реликт белгілері қатарында – дауысты *u* дыбысынан кейін келетін тұңғыс тіліндегі *t*, маньчжур тіліндегі *s* дауыссыздарының түркі-монғол тілдеріндегі *č*≈*š* дауыссыздарына сәйкес келуі; якут тілінде, хакас тілінің сағай және белтир диалектілерінде, башқұрт тілінде тұңғыс-маньчжур тілдеріндегі *s*≈*t* сәйкестігінің *s* тұлғалы вариантының сақталуы: тұңғыс тілінде *gutijn*, маньчжур тілінде *gusijn* лексемаларының монғол тіліндегі *gučijn* «отыз» сөзімен, маньчжур тіліндегі *xusun*, монғол тіліндегі *küčijn* сөздерінің қазіргі алтай тілінде *küč*, хакас тілінде *küs*, якут тілінде *küüs*, башқұрт тілінде *kös* «күш» лексемаларымен сәйкес келуі; чуваш тіліндегі анлаут *č* дыбысының басқа түркі тілдеріндегі *t*,*d* дыбыстарының орнына қолданылуы: *čerpe* ≈*tirnaq/ tirnak* «тырнақ», *čer*≈ *tiz/tize/diz/dize* «тізе» т.б. Соңғы құбылыс чуваш тілін монғол тілдеріне, басқа түркі тілдерін тұңғыс тілдеріне жақындатады. Осы дәуірдің соңғы кезеңдерінде жалпытүркі-монғол тек тілі іштей түркі тілдері және монғол тілдері болып екіге ажырады. Бұл жіктеліс қазіргі тілдердегі мынадай тілдік құбылыстар арқылы дәлелденеді: монғол тілдеріндегі *p*, *l* дыбыстары түркі тілдерінде *z*, *ш*//*c* дыбыстарына сәйкес келеді (*p*–*z*, *l*–*ш*//*c*). Түркі тілдері ішінде көне бұлғар тілі мен қазіргі чуваш тілі ғана монғолдық ротацизм (*p*) мен ламбдаизмді (*l*) сақтап қалған:

Монғол тілдеріндегі *r*, *l* дауыссыздары түркі тілдерінде негізінен *z*, *š* дыбыстарына ауысқанымен, көне бұлғар және чуваш тілдерінде *r*, *l* дыбыстарының сақталып қалуын зерттеушілер түркі, монғол тілдерінің өзара ыдырау кезеңінің сипатын көрсететін реликт ретінде таниды: *z*≈*r* – *väräm*≈*uzun* «ұзын», *väräx*≈*uzaq* «ұзақ», *jer*≈*ijz* «із», *ker*≈ *küz* «күз», *par*≈*muz/buz* «мұз», *tijr*≈*dijz/tijz* «тіз», *xer*≈*qiz* «қыз», *xur*≈*qaz* «қаз», *xuran*≈*qazan* «қазан», *čer*≈ *siz* «сыз», *ser*≈*süz* «сүз», *šur*≈*saz* «саз»; *r*≈*z/s/d/t/j*: *ajaq/ajak/adak/azak*≈*ura* «аяқ» сәйкестігінің жекелеген нұсқалары әр түрлі тілдерге тән болуымен қатар, тарихи лексикалық қабаттарға байланысты сәйкестіктің түрлі нұсқалары бір тілдің ішінде де кездесуі мүмкін. Мысалы қазақ тілінде: *qiz* «қыз» лексемасының *r* тұлғалы нұсқасы *qiz-qirqin* «қыз-қырқын» қос

сөзінің құрамында сақталса, *kör≈köz*, *semir≈semiz* синкретті жұптарында есім, етістік мәндерінде жұмсалады. Зерттеушілер түркі-монғол тілдерінің ыдырау процесінің түбегейлі аяқталуында *r*, *l* дыбыстары мен *z*, *s*, *š* дыбыстарының сәйкестіктерімен байланыстырады.

Қорыта айтқанда қазіргі түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур, жапон, корей тілдерінің әрқайсысының базистік лексикасында сақталған жалпыалтайлық сөздер мен сөз тұлғаларынан тыс, алтайлық ономастикалық кеңістіктің жалпы сипатын танытатын этнонимдер, антропонимдер мен топонимдер, алтайлық ареалдың өлкелік ерекшелігін сипаттайтын диалектизмдер, жер-жерді мекендеген ру-тайпалардың, ұлыстар мен ұлттардың ата кәсібіне қатысты қалыптасқан кәсіби лексика, алтайлық ареалда сақталған жазу-сызу түрлері мен жазба ескерткіштер – осылардың бәрі де алтайлық этногенетикалық қауымдастықтар пен олардың тілдерінің қалыптасу тарихынан мол мағұлмат беретін тарихи-лингвистикалық деректер болып табылады.

Түркі тілдері дамуының Хун дәуірі (б.з.д. III ғ. – б.з. V ғ.) және осы кезеңнің өзіндік ерекшелігі.

Бұл дәуір біртұтас жалпытүркі тектілінің алғаш рет глоттохронологиялық бөлініске түсе бастаған, яғни бұлғар тобының б.з.д. I ғасырдың соңы мен б.з. алғашқы жылдарында жалпытүркі тілінен бөлініп шыққан кезеңімен, б.з. I ғасырында «стандартты» түркі тілдері аталып жүрген сібір тілдері негізінің қалануымен тұспа-тұс келеді ¹.

Қытай тарихи дереккөздерінде ғұндар туралы алғашқы мәліметтер б.з.д. IV-III ғасырларға барып саяды. IV ғасырдың 70- жылдары Азиядан Шығыс Еуропаға басып кірген ғұндардың қытай жылнамаларында айтылатын хундардың ұрпақтары екені, олардың тілі түркі тобына жататыны зерттеушілер тарапынан толықтай қуатталған пікір деуге болады. Ғұндардың Еуропада пайда болуының тарихи салдарлары бұл құрылықтың

¹ Мудрак О.А. Классификация тюркских языков и диалектов с помощью методов глоттохронологии на основе вопросов по морфологии и исторической фонетике. – Москва: РГГУ, 2009. - С.20.

ары қарайғы дамуында терең із қалдырды. Еуропалық хундарды азиаттық хундардан ажыратып атау үшін 1926 жылы тарихшы К. А. Иностранцев «Гүн» атауын ғылыми айналымға енгізді¹.

Хундар (моңғ. Хүннү, Хүн Гүрэн, қыт. Сюнну) – б.з.д. 220 жылдан б.з. II ғасырларында Қытайдың солтүстігіне қарайғы далалы алқапты мекендеген ертедегі көшпенділер. Хундар туралы мәліметтер негізінен көне қытай дереккөздерінен алынады. Олардың ескерткіштері алғаш рет XIX ғ. соңы – XXғ. басында Хият маңайындағы бейіттерге жасаған Ю.Д. Талько-Гринцевичтің, 20ғ. басында Ноенуул қорғандарына жүргізген П.К. Козловтың археологиялық қазба жұмыстары барысында белгілі болды².

Еуразияның Ұлы Дала төсінде қуатты мемлекет құрып, батыс пен шығыс өркениеттерінде өшпес із қалдырған көшпелі хундардың тарихы, Хун Империясының құрылуы мен ыдырауы, II-VI ғасырлардағы көшпелі хундар мен Қытайдың отырықшы тұрғындары арасындағы қарым-қатынас Л.Н.Гумилевтың 1960 жылы жарық көрген «Хунну» және 1974 жылы жарияланған «Хунны в Китае», атты шығармаларының өзегі болғаны³, ал ежелгі орыстар мен хундар арасындағы тарихи байланыс оның «От Руси до России» атты классикалық еңбегінде сөз болғаны баршаға белгілі⁴. Википедия еркін энциклопедиясының хундар туралы парақшасы да Л.Н.Гумилевтың хуннология саласындағы зерттеулеріне жиі жүгінеді⁵. Хундар тарихы А. Н.Бернштам зерттеулерінде де жан-жақты талданды⁶. Бұл еңбектерге сүйенсек, хундар жайлы төмендегідей қысқаша мәлімет алуға болады:

¹ Иностранцев К. А. Хунну и Гунны, (разбор теорий о происхождении народа Хунну китайских летописей, о происхождении европейских Гуннов и о взаимных отношениях этих двух народов). – Л., 1926. – С 152.

² Юсупова Т. И. Случайности и закономерности в археологических открытиях: Монголо-Тибетская экспедиция П.К. Козлова и раскопки Ноин-Улы // Вопросы истории естествознания и техники. 2010. № 4. – С. 26-67.

³ Гумилев Л.Н. Хунну. Степная трилогия. Хунны в Китае. Древние тюрки. Поиски вымышленного царства. – М., 2005.

⁴ Гумилев Л.Н. От Руси до России. – М.: Айрис-пресс, 2003. – С. 318.

⁵ <https://ru.wikipedia.org/wiki/Хунну>.

⁶ Бернштам А. Н. История гуннов. – Л., 1951.

Көшпелі тайпаларды біріктіріп, ірі тайпалық одаққа айналған хундар б.з.д. III ғ. қазіргі Монголия және Оңтүстік Сібір өлкелерінен шығыста Маньчжурияға, батыста Памир тауларына дейін созылған ұлан-асыр территорияда Хун империясын құрады. Хундар тарапынан жиі болып тұратын шабуылдардан қорғану үшін Солтүстік Қытайдың отырықшы тұрғындары жекелеген бекіністер тұрғыза бастайды. Бір орталыққа біріктірілген алғашқы Қытай мемлекетін – Цинь патшалығын құрған әмірші Цинь Шихуанди (б.з.д. 246 жылдан) бұл бекіністердің арасын жалғап, Ұлы Қытай қорғанына айналдырады.

Көшпенділер арасындағы тақтық және жаугершілік таластартысты пайдаланған қытайлық Хань мемлекетінің императоры У-ди Ішкі Монголия территориясын мекендеген көшпелі көне монғол тайпалары сяньбилермен, Оңтүстік Сібір және Монғолияны мекендеген көне түркі тілдес динлиндермен (Гаочэ, Чилэ, Телэ), Турфан оазисін мекендеген чешистермен бірігіп, б.з.д. 93 жылы Хун империясына қарсы соғыстық коалиция құрды. Нәтижесінде б.з.д. 51 жылы хундар шығыс және батыс болып екіге ыдырайды да, шығыс хундар қытай императорының билігін мойындайды, ал батыс хундар Орта Азияға қарай ығыстырылады.

Б.з.д. 155 жылы сяньбилердің көсемі Тяньшихуайдың шығыс хундарды талқандауының нәтижесінде хундар 4 бұтаққа бөлініп кетеді: бірі жеңіске жеткен сяньбилерге қосылса, келесісі көш басын Қытайға бұрады, үшінші топ орманды тауларда, Тарбағатай таулы қыраттары мен Қара Ертіс сағаларында қалып қойса, төртіншісі соғыса отырып, батысқа қарай Еділ-Жайық пен Дон өзенінің төменгі сағасына дейін жетеді. Хундардың Еділ-Жайықтағы үлкен бөлігі IV ғасырдың екінші жартысында Қара теңіз жағалауын, Днестрге дейінгі өлкені бағындырды. Кең таралған көзқарас бойынша, жолында кездескен түркі, шығыс – сармат (б. з. д. III – б. з. -дың IV ғ. аралығында Тобыл мен Дунай аралығын мекендеген иран тілдес тайпалар. Сарматтардың тілі кейіннен түрік тіліне ауысқан.) және угор тайпаларын бағындыра отырып, Еуропаға дейін жеткен хундардың бір бөлігі Еуропада

«ғұндар» деген атпен белгілі болды. Хундардың Батысқа жорығы «халықтардың ұлы көшіне, шығыстан батысқа қоныс аударуына» түрткі болды және Еуропада олар кейіннен өз империясын – «Ғұн империясын» құрды¹.

Ал Солтүстіктік Қытаймен шекаралас өңірде қалған хундардың жекеленген топтарының Қытайға жорықтары б.з. IV ғасырларына дейін жалғасты, әйтседе олар туралы мәліметтер қытай жылнамаларында V ғасырдан кейін кездеспейді. Бұл кезеңде тарих сахнасына далалық этностардың көшбасында Түрк қағанатын құрған тюркюттер шығады.

Хундардың угро-финдік, монғолдық, түріктік және түркі-монғолдық тегі жайлы төрт түрлі жорамал бар.

Хундардың тегі мен тілін монғолдармен байланыстыратын бағыттың негізін XVIII ғасырда П.С.Паллас салды. XIX ғасырда бұл пікірді В.Бергман, И. Шмидт, К.Ф.Нейман, Х.Хоуорс, А.Терри, Н.Я.Бичуриндер дамытты. Кейінгі зерттеушілер осы бағытты қолдаушы А.П.Окладников, Н.Н.Диков, Г.Н.Румянцев, М.В.Воробьев, Б.Б.Дашибалов тәрізді қазіргі ресейлік тарихшылар көбінесе Н.Я.Бичуриннің² пікіріне сүйенеді. Хундардан қалған таңба, киіз үй, садақ, созылыңқы сазды әуен т.б. көптеген мәдени белгілер ортағасырлық және қазіргі моңғол мәдениетінің элементтерімен сәйкес түсіп жатады. Монғолия мен Бурятияның тулары мен гербтері Хундардың күн мен ай бейнеленген гербісімен бірдей болып келеді. Бұл ежелгі Хундар мен моңғолдар арасындағы тарихи-мәдени сабақтастықты көрсетеді.

А.Н.Бернштам, Л.Лигети, В.В.Бартольд, Н.А.Аристов, К.Сиротории, А.Ремюза, Ю.Клапрот тәрізді белгілі ғалымдар хундар – түркілердің ата-тегі, олар түркі тілінде сөйлеген деген пікірді қолдаса³, М.А.Кастрен, Г.Рамстедтер хун тілі түркілер мен монғолдардың ата-бабаларына ортақ тіл болған деген пікір айтады⁴.

¹ Жетісу энциклопедия. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2004 жыл. - Б. 712.

² Бичурин Н. Я. Собрание сведений о народах обитавших в Средней Азии в древние времена. Т. 1. – М.-Л., 1950. С. 42-46.

³ Бернштам А. Н. История гуннов. – Л., 1951. - С. 30-38.

⁴ Ramstedt M. G. S. Über der Ursprung der Turkischen Sprache. – Helsinki, 1937. - С. 81-91.

Л.Н.Гумилев хундардың тілі туралы айтылған барлық пікірлерді жинақтай отырып, хундардың түркітілділігі жайлы бағытқа күдікпен қараудың негізсіздігін көрсетеді, ғұндарда жазу болғандығын, Орхон-Енисей ескерткіштері сол жазудың жалғасы дегенді айтады¹. Хундардың түркітілдестігі жайлы пікір А. В. Дыбоның «Лингвистические контакты ранних тюрков» (2007 ж.) атты еңбегінде жан-жақты негізделді.

Хун дәуіріндегі түркі тілдерінің дамуы жайлы Н.А.Баскаков «Түркі тілдерінің Хун дәуірінде Батыс және Шығыс Хун одақтары пайда болды. Бұл тайпалық одақтарда біршама ұзақ уақыт бойы сақталған тұрақтылық түркі тайпалары мен олардың тілдеріндегі ортақтықпен қатар, қазіргі кезде батыс және шығыс түркі тілдері болып бөлінетін тілдерге тән ерекшеліктердің қалыптасуына ықпал етті. Хун дәуірінде р ~ л тілдері (көне авар, сабыр, бұлғар, қазір чуваш тілдерінің ататегі), з ~ ш тілдері (көне оғыз, көне қырғыз, көне ұйғыр, қазіргі оғыз, қыпшақ, қарлұқ тобындағы тілдердің ататегі) ажырай бастаған» – дейді². б.з. I ғасырында «стандартты» түркі тілдері аталып жүрген сібір тілдерінің негізі қаланады³.

Хун конфедерациясының құрамындағы прабұлғар (оноғурсабир) тайпаларының миграциясы біздің заманымыздың I-IV ғасырларында сақтар мен үйсіндер, қаңлылар, басқа да құрамында түркі және шығыс-ирандық тайпалар бар халықтар мекендеген қазіргі Қазақстан территориясы арқылы өтеді. Түркі тілдерінің күшті ықпалына ұшыраған шығыс-иран субстраты түркі тілдерінің қаңлы-қыпшақ тобында да, бұлғар тобында да бірдей фонетикалық, морфологиялық, семантикалық өзгерістерге ұшырайды⁴. Мұндай деректер қазақ этносы мен қазақ тілінің қалыптасуының бастапқы кезеңдеріндегі

¹ Гумилев Л.Н. Хунны в Азии и Европе (1 часть, 2 часть) // Вопросы Истории. No 6-7 1989.

² Баскаков Н.А. Введение в изучение тюркских языков. – Москва, 1969. – С. 155-156.

³ Мудрак О.А. Классификация тюркских языков и диалектов с помощью методов глоттохронологии на основе вопросов по морфологии и исторической фонетике. – Москва. РГТУ, 2009. – С.20.

⁴ Түймебаев Ж.К., Егоров Н.И., Чеченов А.А. Актуальные проблемы исследования языков центральной Азии. Туранский языковой союз. – Көкшетау. КГУ. 2009. – С. 17.

этноконтактологиялық, лингвоконтактологиялық үдерістердің қарқынды жүргенін көрсетеді.

Түркі тілдері дамуының көне түркі дәуірі (Vғ.-Xғ.)

О.А. Мудрак ұсынған түркі тілдерінің глоттохронологиялық классификациясы бойынша «б.з. IV ғасырында сібір тілдерінен якут-тува бұтағы ажырап, екінші топтың ыдырауынан оғыз, қарлұқ және қыпшақ бұтақтары тарайды. VIII ғасырда якут бұтағы тува-тофалар бұтағынан ажырап шығады да, IX ғасырда қалған сібір тілдерінен қырғыз-алтай және хакас микротоптары қалыптасады. Қыпшақ тілдерінің әрі қарай ыдырауы 940 жылы қарқынды жүреді, бұл процесс 936 жылғы Қырғыз қағанаты құлаған, онан соң 1030-1050 жылдары шығыс даладан келген қыпшақтардың ықпалымен Хазар қағанаты толықтай ыдыраған тұстармен сәйкес келеді»¹.

Ұлы дала мәдениетін бүкіл әлемге паш еткен «көк түріктер өзінің бастау негізін, түркілік тамырын, тіптен мемлекет құрудың жөн-жоба, дәстүрін хундардан алса»² көне түркілер тілі қазіргі түркі халықтары тілінің негізгі өзегі болып табылады. VI-VIII ғасырларда тасқа ойылып жазылып, ұрпақтан-ұрпаққа мәңгілік мирастыққа қалдырылған Орхон-Енисей жазбалары қазіргі және орта түркі тілдерін жалпытүркілік тектілге жалғастырушы бірден-бір лингвистикалық дереккөз болып табылады.

VI-VIII ғасырлардағы Орхон-Енисей ескерткіштері сырының ашылуы түркітану ғылымына үлкен бетбұрыс әкеліп, оның бағыт-бағдарын анықтап қана қойған жоқ, көшпелі дала мәдениетін бүкіл әлемге танытты. Орхон-Енисей ойма жазуларының тілі XIX ғасырдың соңғы жылдарынан бері түркі тілдерінің салыстырмалы-тарихи грамматикасының алтын арқауы, фонетикалық жүйесі мен грамматикалық конструкциясының, лексикалық қорының өзіндік даму үрдісін, ерекшеліктерінің деңгейін, олардың өзара туыстық қатысын белгілеудің негізгі

¹ Мудрак О.А. Классификация тюркских языков и диалектов с помощью методов глоттохронологии на основе вопросов по морфологии и исторической фонетике. – Москва. РГГУ, 2009. – С.20.

² Бахаддин Өгел. Ұлы хун империясының тарихы. Т. II. – Алматы, 1998. - Б. 305.

критеріі болып келеді. Қазіргі таңда Монғолиядан, Сібір мен Азиядан хронологиялық жағынан әртүрлі мерзімді қамтитын 200-ге тарта түркі ойма жазулары анықталды.

Қазіргі түркі тілдерінің негізгі лексикалық қоры, фонетикалық жүйесі мен морфологиялық құрылымы, синтаксистік конструкциясы көне түркі тілінің жалпы лексика-грамматикалық жүйесімен сәйкес келуі, көне тілдің ерекше белгілері қазіргі тілдердің тек біреуінен ғана емес, әр топтағы бірнеше тілдерден көрініс беруі де кезінде өзіндік диалектілік ерекшеліктері бар жалпытүркілік ортақ жазба әдеби тіл қолданыста болғанының куәсі. Мамандар көне түркі дәуірінде қазіргі түркі халықтары ата-бабаларының тілдері өзіндік ерекшеліктерімен айқын ажыратыла бастағанын айтады, осы дәуірдегі тілді й тілі (оғыздар мен қыпшақтардың тілі), д тілі (ұйғырлардың тілі), з тілі (қырғыздардың тілі) деп топтастырады¹.

Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі бір-біріне өте жақын болғанымен, өзара диалектілік ерекшеліктер де айқын аңғарылады. Мұндай ерекшеліктер фонетикалық, лексикалық және кейбір грамматикалық ауытқулардан көрінеді². Лингвистикалық түркітануда Орхон, Енисей, Талас ескерткіштері тілі негізінен оғыздық, ұйғыр-оғыздық, қырғыз-қыпшақтық сипатта қарастырылды. Ескерткіштер тілінде қыпшақтық белгілердің молынан сақталуы, сол белгілердің қазіргі қыпшақ тобындағы түркі тілдерінде бірде әдеби, бірде диалектілік ерекшеліктер түрінде үнемі қайталанып отыруы көне жәдігерлер тілі мен қазіргі қыпшақ тілдерінің арасындағы тығыз байланысты білдіреді.

Зерттеушілер көне түркі руникалық жазба ескерткіштері тіліндегі өзгешеліктердің бірнеше себебін көрсетеді: арадағы уақыттың алшақтығы (XIII ғасыр), сол кездегі мемлекет құрамындағы түркі ру-тайпалары (түркі, қарлұқ, түргеш, қырғыз, қыпшақ, оғыз, тардұш, тоғызөғүз, оноқ т.б.) тілдерінің бір орнында өзгермей тұрмауы; сол тілдердің өзара

¹ Кононов А. Н. Грамматика языка тюркских рунических памятников (VIII-IX вв.). – Л., 1980. – С. 22.

² Аманжолов А. Түркі филологиясы және жазу тарихы. – Алматы, 1996. – Б. 34.

айырмашылықтарының болуы; ескерткіштер жазуы емлесі негізінен консонантты принципке сүйенуі; ескерткіштерді күні бүгінге дейін оқып-аударып келе жатқан зерттеушілердің өз тұсынан қосып, алғандарының аз еместігі¹.

Э.Р.Тенишев көне түркі жазба ескерткіштері тілінің фонетикалық, морфологиялық, лексикалық ерекшеліктерін көрсететін тілдік деректер негізінде ескерткіштер тілінің қазіргі түркі тілдеріне қатыс-дәрежесі әр түрлі екенін, «түркі жазбаларының тілі тарихи диалектологияның бастау көзі бола алмайтынын»² айтады. VII-VIII ғасырдағы көне түркі жазба ескерткіштерінің тілін оғыз, ұйғыр, қырғыз, қыпшақ басқа да көне түркі тайпалары бірдей қолданған әдеби қалыпқа түскен тіл ретінде қарастырған ғалым, әр тайпаның өзіндік ерекшеліктері бар сөйлеу тілі болған деп санайды: «оғыздар мен қыпшақтар j – тілді, ұйғырлар d – тілді, қырғыздар z – тілді»³. Морфологиялық және фонетикалық ерекше белгілер негізінде көне түркі жазба ескерткіштері тілінде көне оғыз, көне қырғыз, көне ұйғыр тілдерінің ықпалы сақталғанын көрсеткен Н.А.Баскаков, Орхон-Енисей жазбаларын көне оғыз және көне қырғыз тілдерімен байланыстырса, манихей жазбаларынан көрініс беретін көне ұйғыр тілін n диалектісіне және j диалектісіне жіктейді⁴.

Қазақ ғалымы С.Аманжолов VI-VIII ғасыр ескерткіштер тілі негіз – тіл ретінде, барлық түркі тілдері жайлы тарихи-салыстырмалы зерттеулердің тіні, арқауы қызметін атқаруы қажеттігін көрсетеді. Орхон, Енисей мұралары тіліндегі ерекше белгілер негізінде көне түркі тіліндегі диалектілік жіктеліс жайлы пікірін былай білдіреді «Я убежден, что древнетюркские памятники отражают, действительно, племенной язык многих тюркских племен, но я не отрицаю, что в древнетюркских языках имеются некоторые диалектные различия»⁵.

¹ Қайдар Ә. Көне түркі жазба ескерткіштері кімге ортақ, кімге тән? // Байырғы түркі өркениеті: жазба ескерткіштері. – Астана, 2001. - Б. 291-292.

² Тенишев Э. Р. Тюркская историческая диалектология и Махмуд Кашгарский // Советская тюркология, 1973. № 6. - С. 54-61.

³ Тенишев Э. Р. О наддиалектном характере языка тюркских рунических памятников // Turcologica. К семидесятилетию академика А.Н.Кононова. – Л., 1976. - С. 165.

⁴ Баскаков Н. А. Введение в изучение тюркских языков. – М.: Наука, 1969. - С.165-166.

⁵ Аманжолов С. Памятники древнетюркской письменности в их отношении к современным тюркским языкам // Орхонские надписи. – Семей: Дәуір, 2001. - С. 131-133.

А.Н.Самойлович түркі тілдерін жіктеу барысында негіз тіл ретінде көне түркі тілін алып, Орхон-Енисей жазбаларының тілінің фонетикалық, морфологиялық белгілерін басты критерийі ретінде қолданады. А.Н.Самойлович: «Памятники енисейско-орхонской и уйгурской письменности не дают, по-моему, достаточно доказательств в пользу существования основных различий между языками этих двух письменностей, и я потому не склонен резко разграничивать эти языки» – дей отырып, аталған тілдер арасында аздаған өзгешеліктер барын да мойындайды¹. Түркі тілдері VIII ғасырдан бері тұрақтылығын сақтап келе жатқанына баса назар аударған ғалым, якут және чуваш тілдерінен басқа түркі тілдерін бір ғана тілдің диалектілері мен говорлары деңгейінде қарастыруға да болатынын көрсетеді². Демек VI-IX ғасырдағы түркі тілдерінің негізгі сипатын, лексикалық құрамының, фонетика-фонологиялық жүйесі мен морфологиялық-грамматикалық құрылымының, синтаксистік құрылысының ерекшеліктерін танытатын Орхон, Енисей, Талас жазба ескерткіштері тілінің деректері көне түркілердің қыпшақ-оғыздық аралас тілдік жүйені қолданғанын дәйектейді.

И.А.Батманов Орхон-Енисей жазба ескерткіштері тілінің лексикасын зерттей келе мынадай қорытынды пікір айтады³:

«1. Түркі тілдерінің барлығына ортақ ерекшеліктер өте ерте кезеңдерде, тіптен б.з. V ғ. көнетүркі жазуы пайда болғанға дейін қалыптасқаны сөзсіз;

2. Енисей ескерткіштері мен қазіргі түркі тілдерінде қайталанып келетін тілдік фактілерді жалпытүркілік тіл ортақтастығына жатқызуға болады;

3. Қазіргі түркі тілдеріну тән, бірақ ескерткіштер мәтінінде кездеспейтін белгілер кейбір жағдайларда әр тілдің эволюциялық дамуының нәтижесінде V ғ. кейін пайда болуы, енді бір жағдайларда орхон-енисей жазу таралу кезінде-ақ

¹Самойлович А. Н. Тюркское языкознание. Филология. Руника. – М., 2005. – С.80.

²Самойлович А. Н. Тюркское языкознание. Филология. Руника. – М., 2005. – С.58.

³Батманов И.А. Язык енисейских памятников древнетюркской письменности. – М., 1959. – С. 124-125.

болуы мүмкін, алайда олардың ескерткіштерде көрініс таппай қалуы да ғажап емес».

Түркі тілдері дамуының орта түркі дәуірі.

X-XV ғасырлар аралығын қамтитын түркі тілдері дамуындағы орта түркі дәуірі түркі халықтарының жеке-жеке халық ретінде қалыптаса бастауымен, олардың тілдерінің өзіндік ерекшеліктері бар дербес тілдер ретінде саралана бастауымен сипатталады¹. Бұл кезеңде А. Мудрак ұсынған түркі тілдерінің глоттохронологиялық классификациясы бойынша оғыз, қарлұқ және қыпшақ бұтақтарының ары қарайғы жіктелісі жалғасады²: «Қыпшақтардың іштей негізгі үш тілдік бұтаққа ажырауы 1010 жылдарға сәйкес келеді, бұл үрдіс келесі миграциялық толқынға жалғасып, нәтижесінде оғұздардың ығыстырылуына, Хазар қағанатының толық күйреуіне, 1055 жылы жазылғы орыс жылнамаларында көрсетілгендей, олардың территориясын половецтердің игеруіне байланысты тереңдей түседі. Жалпытатар тілдері бұтағынан мишар диалектісінің бөлінуі Алтын Орданың әлсіреп ыдырау алдында тұрған кезінен кейін 1430 жылдары шамасында болады. Ноғай тілінің «үлкен қазақ» тобынан (қаңлы) ажырауы және кавказ түркі тілдері тобының құмық, қарашай-балқар тілдеріне ыдырауы 1380 жылдарғы Темірдің жорықтарына сәйкес келеді. Ал Волга бойындағы қыпшақ бірлестігінің қазіргі башқұрттар мен татарлардың ата-бабалары тілдерінің ыдырауы Қалке тұсында (1223-1224 жж.) Сүбедейдің осы аймаққа бірінші жорығынан кейін болған процесс ретінде қарастырылады. Монғол шапқыншылығынан кейін түркі халықтары өкілдерінің Галицко-Волынский княздығына, Литва, Польша княздықтарына қызмет етуіне орай қарайым тілі бөлініп шығады. 1560 жылдары волга татарларының, сібір татарларының қазақ және қарақалпақ тілдері, башқұрт әдеби тілінің негізін құрайтын батыс диалектісі ажырайды. Бұл мерзімі

¹ Қайдаров Ә., Оразов М. Түркологияға кіріспе. – Алматы, 1985. - Б. 96.

² Мудрак О.А. Классификация тюркских языков и диалектов с помощью методов глоттохронологии на основе вопросов по морфологии и исторической фонетике. – М.: РГТУ, 2009. - С.20.

жағынан Ноғай Ордасының құлауымен, Иван Грозныйдың Қазан хандығын бағындыруымен сәйкес келеді. Башқұрт тілінің оңтүстік және шығыс диалектілері бөлінуі 1780 жылы осы аймақта болған Е.Пугачев көтерілісінің мерзіміне сәйкес келеді, осы кезеңнен бастап әкімшілік себептерге байланысты башқұрт тілінің шығыс және оңтүстік диалектілерінде сөйлейтіндердің қарым-қатынасы үзіледі де, өзара ажырай бастайды».

Орта ғасырдағы араб жазулы көне түркі мұралары Қарахан әулеті түріктерінің (XI-XII ғғ.), Орта Азия түріктерінің (XI-XIV ғғ.), ескі қыпшақ (XII-XV ғғ.) және Шағатай (XV-XVII ғғ.) тілінде жазылған¹ деп бөлінеді.

X ғасырдың ортасына қарай Жетісу мен Қашғардың бір бөлігінде құрылған Қарахан мемлекетінің бастапқы кезеңі туралы нақты деректер сақталмаған, сондықтан алғашқы Қарахан мемлекетінің этникалық атрибуциясы толық айқындалмай келеді². Дегенмен Қарахан мемлекетінің құрылымы Қарлұқ қағанатының ыдырауымен байланысты екендігі, яғни Қарахан мемлекетінің алғашқы тарихында Қарлұқ конфедерациясы тайпалары ерекше орын алғандығы тарихи әдебиеттерде айтылады. В.Д.Горяеваның көрсетуі бойынша Қарлұқ қағанатының құрамына қарлұқтармен бірге шігілдер, яғмалар да кірген³. М.Қашқари яғма тілін ең таза тілдер қатарына қосады⁴.

Қарахан әулеті түріктерінің тілінде жазылған ескерткіштерге Жүсіп Баласағұнидың «Құдатғу білігі» (1069 ж.), Махмұд Қашқаридың «Диуани луғат-ит түркі» (1074 ж.), Ахмед Йүгнекидің «Хибату-л-хақайқ» (XII ғ.) шығармасы, сондай-ақ құран сүрелерінің мәнін түсіндіруге арналған (Тафсирлер сериясына кіретін) бірнеше түсініктемелер кіреді.

Орта Азия түріктерінің тілінде жазылған мұралардың жазылу кезеңі Қарахан мемлекетінің соңғы дәуірінен басталып, монғол шапқыншылығынан кейінгі Алтын Орда дәуірімен жалғасады. Олардың қатарына – Қожа Ахмед Йассауидің «Диуани Хикметі»

¹ Қазақ тілі. Энциклопедия. – Алматы, 1998. - Б 27.

² Қазақстан тарихы. I т., – Алматы, 1996. - Б. 398.

³ Горяева В. Д. Городские центры и монументальная архитектура средневековой Киргизии // Автореф.д.к.ист. наук. – Фрунзе, 1976. - С. 10-14

⁴ Қашғари М. Диуони луғат-ат түрк. I т. – Ташкент, 1960. - С. 60.

(XI ғ.), ибн Муханнаның «Тарджуман фарси уа түрки уа мағали» (XIII ғ.) шығармасы, Ә.Замахшаридың «Мұқаддимат-әл-адабы», Мухаммад бин Алидің «Наһдж-ул-фарадисі» (XIV ғ.), Әбілғасының «Оғызнамасы» (XIV ғ.) т.б. шығармалар жатады.

Алтын Орда дәуірінің мұраларына Хорезмидің «Мухаббатнама», Сайф Сараидың «Гүлстан бит-түрки», Құтыбтың «Хұсрау уа шырын», Дүрбектің «Жүсіп-Зылиқа» дастандары, Рабғұзидың «Қисса-сул-анбиясы» т.б. шығармалар жатады. Мемлекет құрамында қыпшақтар мен оғыздар көп болғандықтан бұл шығармаларда қыпшақ, оғыз диалектілері басым болды.

Қыпшақ тілінде жазылған ескерткіштердің негізгілері – Сади Ахмедтің «Ташұқнамасы», авторлары белгісіз «Қорқыт ата кітабы», «Сираж-әл-кулуб», А.Самарқандидың «Китаб мұқаддимасы», Хорезмидің «Тарджума шаһнамасы», «Китабу ад-дағуа» т.б. шығармалар. Ескі қыпшақ тілінде жазылып қалған шығармалар ескі готикалық, ескі араб, ескі армян, ескі орыс жазуларымен хатталып қалған.

XI-XIV ғасырларда Орта Азия мен қазіргі Қазақстан аумағын мекен еткен түркі тайпаларының қалдырған жазба мұралары негізінен аралас тілде – оғыз, қыпшақ, қарлұқ элементтері аралас ортақ тілде жазылғаны белгілі. Ислам дінінің үстемдік алуын, түркілердің жазба дәстүрі де араб әліпбиінің өтуіне байланысты араб-парсы элементтері де кеңінен қолданыла бастаған. С.Е. Малов осы кезеңде d тілдері j тілдеріне ауыса бастаған, халық j тілінде сөйлесе, жазба тіл d тілінде болғандығын айта отырып, XI-XIV ғасырдағы Орта Азия түркілерінің жазба тілін өтпелі кезең тілі деп атайды¹. Сондықтан қыпшақ тілінің белгілерін сақтаған жазба ескерткіштер негізінен аралас тілде жазылған.

Ә.Құрышжанов ескі қыпшақтардың жазба мұралары ретінде 30 ескерткішті көрсетеді және бұл ескерткіштерді екі топқа бөліп қарастырады: 1) жалпы түркі жазушыларына ортақ әдеби тілде жазылған; 2) қарапайым халықтың ауызекі сөйлеу тілінде жазылған. Сондай-ақ қыпшақ тілінің деректері орыс жылнамаларындағы половецтер туралы мәліметтерді, батыс ғалымдарының кумандар туралы зерттеулерінде,

¹ Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности. – М.-Л., 1951. – С. 221-222.

араб жазушылары мен зерттеушілерінің мәмлүктер жайлы еңбектерінде, армян қыпшақтарының ресми құжаттарында, сөздіктері мен грамматикаларында т.б. сақталғанын айтады¹.

Қыпшақ тілінде жазылған ескерткіштердің ғылымға белгілілері – «Кодекс куманикус», «Мәмлүк қыпшақтары жазба ескерткіштері» және «Армян колониясы жазба ескерткіштері». Қыпшақ тілінің белгілері толық сақталған бұл ескерткіштерде де оғыз элементтері, кездесетінін зерттеушілер жоққа шығармайды. Ескі қыпшақ тіліндегі оғыздық белгілер қазіргі қыпшақ тобындағы тілдерден де байқалуы олардың этностық құрамына, кезінде оғыздар мен қыпшақтардың тығыз қарым-қатынаста болып, оғыздардың бір бөлігі қыпшақтарға сіңіп кетуіне де байланысты болып келеді.

XI-XVII ғасырлар аралығында әртүрлі өңірде (Қырым, Подолия, Польша, Венгрия, Египетте) түрлі жазу жүйелерімен хатқа түскен қыпшақ және печенег тілдеріндегі ескерткіштердің қазіргі түркі тілдері арасында алатын орны, олардың даму тарихын көрсетудегі деңгейі жайлы тоқтала отырып, Э.Р.Тенишев бұл ескерткіштердің қазақ, қарақалпақ тілдеріне өте жақын екендігін, қазақ тілі тарихының ерте дәуірін зерттеуде аса маңызды дерек, қайнар көз болып табылатынын атап айтады².

XIII ғасырдың соңында жазылған, діни мәтіндер мен сөздіктерден тұратын «Кодекс Куманикустың» мәтіні ескі қыпшақ тілінің фонетикалық, морфологиялық, лексикалық және синтаксистік ерекшеліктерін толық анықтауға мүмкіндік беріп қана қойған жоқ, қазіргі қыпшақ тобындағы тілдердің даму жолы мен өзіндік сипатының қалыптасуын зерттеуге де жол ашты. С.Е. Малов «Кодекс Куманикус» ескерткіші қазақ тілінің тарихы үшін өте бағалы. Ол оңтүстік Ресей даласында жазылғанымен қазіргі Қазақстанның солтүстігіндегі көшпелі шығыс половецтердің тіліне өте жақын, сондай-ақ осы Оңтүстік Ресей далалықтарының тілі қазіргі қазақ тіліне өте ұқсас» –

¹ Құрышжанов Ә. Ескі қыпшақ жазба ескерткіштері // Қазақ тілі. Энциклопедия. – Алматы, 1991. – Б. 115.

² Тенишев Э.Р. Место кыпчакского (половецкого, куманского) и печенегского языков среди современных тюркских языков // Изв. АН КазССР Сер. общ. наук. – Алма-Ата, 1970. – № 5.

десе¹, Ә. Құрышжанов «Кодекс Куманикус» – қазіргі қыпшақ тілдерінің қалыптасу лабораториясы. Оның сөздік қоры мен грамматикалық құрылысы қазақ тілі тарихының қайнар көзі» – деп атап көрсетеді². Ескерткіш тіліндегі негізгі фонетикалық заңдылықтар ($\check{s} \approx \check{s}$ сәйкестігінің $\check{s}$ вариантын, $\check{z} \approx j$ сәйкестігінің j вариантын, $d \sim t$ сәйкестігінің t вариантын, $q/k \approx \gamma/g$ сәйкестіктерінің q/k вариантын т.б. қолдануы) мен грамматикалық, лексикалық ерекшеліктердің қазіргі қазақ тілінде қолданылуы қазақ тілі ескі қыпшақ тілінің тікелей мұрагерлерінің бірі екенін көрсетеді.

Қазіргі қыпшақ тілдерінің, соның ішінде қазақ тілінің тарихи даму жолын анықтауда аса маңызды армян жазулы қыпшақ ескерткіштері, өкінішке орай тым аз зерттелген. Тіпті Ереван қаласындағы Матенадаран кітапханасында сақталған сегіз қолжазбаның 70%-на әлі түсініктеме де жазылмаған екен³. Бұл қолжазбалардың ішінде «Армян-қыпшақ грамматикасы» және «Армян-қыпшақ тілдерінің тарихы» атты еңбектер де бар. Белгілі армян зерттеушісі О.С.Егапянның айтуы бойынша, «Армян-қыпшақ грамматикасында» жеті септік түрі көрсетіліп, оларға 184 мысал келтірілген, сондай-ақ 500-дей зат есімдер мен сын есімдер берілген⁴. «Дана Хикар сөзінің» тілін зерттеуші С. Құдасов ескерткіштің фонетикалық жүйесіне, морфологиялық құрылымы мен лексикалық құрамына толық сипаттама бере отырып, аталмыш мұраның тілінен ескі қыпшақ тілінің үлгісі және қазақ тілімен сабақтастығы анық байқалатынын көрсетеді⁵.

Мәмлүк қыпшақтарының тілінде жазылған 10 шақты грамматикалық, лексикалық, лексико-грамматикалық еңбектер сақталған. Олардың негізгілері ретінде «Терджуман турки уа араби», «Китабат-тухфат аз-закия», «Китаб ал-идра Ли-

¹ Малов С.Е. К истории казахского языка // Изв. АН СССР. Отд. литературы и языка, 1941. - № 3. - С. 97.

² Құрышжанов Ә. Кодекс Куманикус // Қазақ тілі. Энциклопедия. – Алматы, 1997. - Б. 174.

³ Ысмағұлов М. 1581 жылғы қыпшақ қазақ грамматикасы туралы // Қазақ тарихынан. – Алматы: Жалын, 1997. - Б. 241.

⁴ Ысмағұлов М. 1581 жылғы қыпшақ қазақ грамматикасы туралы // Қазақ тарихынан. – Алматы: Жалын, 1997. - Б. 241.

⁵ Құдасов С. «Дана Хикар сөзінің» тілі. – Алматы, 1990.

лисан ал-атрак», т.б. атауға болады. Мәмлүк қыпшақтарының ескерткіштерінің басым көпшілігі қыпшақ тілі негізінде жазылып, кейбіреулері оғыз тілінің әсеріне ұшыраған болса, енді бір тобы қарлұқ тобындағы тілдермен астарлас болып келеді¹. Мәмлүк қыпшақтарының жазба ескерткіштері мен Алтын Орда аумағында жазылған қыпшақ-оғыз ескерткіштерінің тілі жайлы Э.Н. Наджип оғыз тобына жататын қыпшақ тілінің диалектілердің ықпалына ұшырауына байланысты XIV ғасырда Алтын Орда мен Мысырда й тобындағы қыпшақ-оғыз тілі қалыптасқандығын айтады².

Қорыта айтқанда, түркі халықтары тарихындағы орта ғасыр өркендеу дәуірі болды: бірнеше жазу жүйесін меңгерген ортағасырлық түркілер сол кездегі түркі тілдерінің жай-күйін танытатын мол мұра қалдырды. Орта түркі дәуірінде жазылған мұралар тілін талдау нәтижелері оғыз, қыпшақ тілдері сараланып шыққанға дейін қыпшақ-оғыздық, оғыз-қыпшақтық аралас тілдік жағдайдың біршама орнықты болғанын көрсетеді.

Жаңа түркі дәуірі

Түркі тілдері дамуының XV-XX ғ. аралығын қамтитын жаңа дәуірде түркілердің ортақ этнотілдік одақтары толығымен ыдырады, соған сай қазіргі түркі халықтары және олардың тілдері де бір-бірінен бөлектеніп, дара тұрпаттағы дербес тілдерге айналды. Түркілердің әрқайсысының ұлт ретінде қалыптасу процесі басталды. Бұл жағдай олардың тілдерінің жалпыхалықтық сипат алуына жетеледі. Ертеден тамырын алатын түркі фольклоры негізінде әр халықтың бай ауыз әдебиеті дамыды. Көптеген түркі халықтарының дербестік сипаттағы біртұтас тілдері жүйеленіп, көне түркілік және ортатүркілік ортақ жазба тіл дәстүрінен бастау алған жазба әдебиеттері пайда болды.

¹ Құрышжанов Ә. Ескі қыпшақ жазба ескерткіштері // Қазақ тілі. Энциклопедия. - Алматы, 1997. - Б.115.

² Наджип Э.Н. Исследования по истории тюркских языков XI-XIV вв. – Москва, 1989.-С. 81.

Ең жаңа дәуір (XX ғ. басынан бастап бүгінге дейін)

XX ғасырдың алғашқы он жылдықтарынан бастап тіл-тілдің ішкі дамуына қатысты ғана емес, сонымен қатар түркі тілдері таралған аймақтағы қоғамдық-саяси, мәдени-әлеуметтік өзгерістерге, құрамында түркітілдес халықтар бар мемлекеттер тарапынан жүргізілген тіл саясатының бағыт-бағдарына байланысты көптеген түркі тілдері графикалық тұрғыдан нақты таңбаланған жазуы бар, қоғамдық-әлеуметтік қызмет өрісі кеңейген, стилдік тармақтарға бөлініп, кемелденген, әдеби тілдің ауызша да жазбаша да түрлерін тең дамытқан, яғни ұлттық әдеби тіл деңгейіне көтерілсе, қайсы біреулерінің қолданыс аясы тарылып, қоғамдық қуаты күшті өзге тіл тарапынан жұтылып, жойылуға бет алды.

Жаһандану дәуірінде әлемдік өркениеттер ықпалдастығының артуы технологиялық жетістіктерді адамзат баласының қолдану мүмкіндігін кеңейткенімен, ұлттық құндылықтарды, атап айтқанда, тіл, жазу, дін, діл, ұлттық мінез-құлық, пен ұлттық сана-сезім, рухани мәдени мұраларды жою немесе бүлдіру қатерін арттырып отырғаны сөзсіз. Әсіресе, орыс, қытай, ағылшын тәрізді әлемдік тілдердің қолданылу кеңістігінің кеңеюі шағын тілдерді ғана емес, тіптен жазба әдеби тілі бар біршама ірі тіл саналатын түркі тілдерінің өзін ығыстыруы айқын көрініс беруде. Компьютерлік технология күн санап дамып, ақпарат алу жылдамдығы артқан бүгінгі заманда тілдердің арасында – ағылшын тілі, жазулар арасында – латын графикасы әлем халықтарының ең көп қолданатын тілдік құралына айналып үлгерді. Жаһандану үдерісінің қарқын алуы түркітілдес мемлекеттердің, құрамында түркітілдес халықтар өмір сүретін Ресей, Қытай тәрізді мемлекеттердің тіл саясаты мен тілдік идеологиясына, ұлттық тіл мен мемлекеттік тілге қатысты сындарлы жаңа міндеттерді жүктеуде. Мәселен, Қазақстан Республикасында тілдің біріктіруші, біртұтастандырушы, даралаушы әлеуметтік қызметтерін ескеріп, мемлекеттік тілді, яғни қазақ тілін – ұлт бірлігінің басты факторы ретінде дамытуға, оның қолданыс аясын ұлғайтуға айрықша мән берілуде. Түркия

Республикасында Ататүрік тіл реформасының нәтижесінде араб және парсы сөздерінен тазартылып, мемлекеттік біртұтастықтың кепілі дәрежесіне көтерілген түрік тілі бүгінде халықаралық қарым-қатынас тілі деңгейіне көтерілуге бет бұруда. Өзбекстан Республикасының тіл саясаты крилл әліпбиін латын графикасына ауыстыру арқылы әлемдік кеңістіктегі доминантты сипатқа ие жазулар қатарына қосылып, жаһандану жағдайында ұлттық бірегейлігін сақтап, кеңестік тоталитарлық санадан құтылып, ұлттық сананы дамытуға қызмет етуде. Қытай Халық Республикасында әрбір ұлттың ана тілі мемлекеттік құндылық ретінде тіркеліп, аз санды шағын этностарды қолдауға бағытталған арнайы мемлекеттік бағдарламалар қабылдануда. Соның нәтижесінде ірілі-уақты түркі тілдері және сол тілдерде сөйлейтін халықтардың төл әдебиеті мен өнерін, этнографиясын және басқа да рухани-мәдени құндылықтар жүйесін сақтап қалу шаралары жүзеге асырылуда. Ресей Федерациясында регионалдық тілдер ретінде дамып отырған түркі тілдері сол өңірлерде мемлекеттік тіл деңгейінде қолданылуда.

Қорыта айтқанда өз бастауын хронологиялық жағынан ғылыми жорамал ретінде анықтаған тарихтың терең қойнауларындағы арғыалтайлық тектілден алып, хун дәуірінде іштей ыдыраудың алғашқы нышандары аңғарыла бастаған жалпытүркілік тіл көне түркі дәуірінде онан әрі саралана бастады. Түркі тілдері дамуының көнетүркілік кезеңімен жалғасқан орта түркі дәуірінде дербес тілдердің белгілері айқын көрініп, осы белгілер арқылы қазіргі түркі тілдерінің негізі жасалды. Батыста бұлғар мен хазар тілдерінің бірігуінен чуваш тілі пайда болды, қыпшақ-бұлғар тайпасы тілдері, қыпшақ-половец, қыпшақ-ноғай, оғыз-бұлғар, қарлұқ ұйғыр тіл топтары құрылды. Шығыста көне оғыз тілінен тува, қарағас, якут тілдері, көне қырғыз тілдері іргесін ажыратты¹. Жаңа түркі кезеңінде жалпыхалықтық сипат алып, даралық болмысын тұрақтандырған түркі тілдерінің қайсы біреулері ең жаңа дәуірде мемлекеттік тіл, регионалдық тіл, ұлтаралық тілдеңгейлеріне көтеріліп, әлеуметтік-қолданыс шеңберін кеңейтсе, енді біреулері жаһандану үдерісі жағдайында өзімен

¹ Бизақов С. Түркі тілдері // Қазақ тілі. Энциклопедия. – Алматы, 1998. - Б. 406.

тікелей қарым-қатынасқа түсіп отырған басым тілдер бұғауында қалып, жойылып, жоғалуға алдында тұрғаны анық.

Қазіргі түркі тілдерінің әр қайсысы – тарихи дамудың алтай, хун, көне түркі, орта түркі, жаңа және ең жаңа дәуірлерін бастан кешірген, базистік лексикасында, дыбыстық жүйесі мен морфологиялық құрылымында арғы алтайлық тектілдің, жалпытүркілік баба тілдің, көне түркі тілінің, оғыз-қыпшақтық тектілдің, ортағасыр түркі жазба тілінің элементтерін молынан сақтай отырып, жаңа сипатқа ие болған дербес тілдер.

ЕКІНШІ БӨЛІМ

ТҮРКІ ТІЛДЕРІ ДЫБЫСТЫҚ ЖҮЙЕСІНІҢ САЛЫСТЫРМАЛЫ СИПАТТАМАСЫ

І ТАРАУ

ТҮРКІ ТІЛДЕРІНІҢ ДАУЫСТЫ ДЫБЫСТАР ЖҮЙЕСІ

§1. Қазіргі түркі тілдерінің дауысты дыбыстар жүйесінің жалпы сипаты

Түркі тілдерінің байырғы вокализм жүйесінде оларды құрлымы басқа тілдердің дыбыстық жүйесінен ерекшелеп тұратын мынадай ортақтықтар орын алады¹:

1) сөздің бірінші буынында кездесетін дауыстылар мен сөздің келесі буындарында ұшырайтын дауыстылар екі түрлі жүйе құрайды. Бірінші буында ашық-қысаң, жуан-жіңішке, еріндік-езулік болып жұптасатын 8 дауысты дыбыс жұмсалады. Кейбір тілдерде бұл 8 дауысты дыбыс 16-ға дейін көбейеді. Өйткені оларда дауысты дыбыстар әдеттегідей әрі созылыңқы дыбысталады;

2) екінші және онан кейінгі буындарда көбіне жуан-жіңішке, ашық-қысаң, еріндік-езулік болып бөлінетін 6 дауысты дыбыс жұмсалады. Сонымен, бірінші буын вокализмі мен екінші буын (сол сияқты онан кейінгі буындар) вокализмі сандық жағынан да, сапалық жағынан да бірдей емес, әр түрлі болып отырады.

¹ Томанов М. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы. – Алматы, 1992. - Б. 7.

Қазіргі түркі тілдерінің дауысты дыбыстар жүйесі біршама шартты болып келеді. Дегенмен әрқайсысының өзіндік ерекшеліктерін барынша жақындата, сәйкестендіре отырып, оларды төмендегіше топтастыруға болады:

1) «бастапқы» созылықты дауыстылардың (және дифтонгылрдың, полидифтонгылрдың), сондай-ақ шартты түрде қысаң дауыстылардың қарама-қарсылығына негізделген жүйе – бұл оғыз типі;

2) екінші созылықты дауыстылар мен шартты түрде қысаң дауыстылардың қарама-қарсылығына негізделген жүйе – алтай типі;

3) шартты түрде созылықты дауыстылар мен қысаң (барынша қысаң) дауыстылардың қарама-қарсылығына негізделген жүйе – қыпшақ типі;

4) созылықты (екінші) дауыстылар мен қысаң дауыстылардың қарама-қарсылығына негізделген жүйе – тува-тофалар (қарағас) типі.

Оғызтипініңшынайытабиғатыбастытүркімендиалектілерінде, түркімен әдеби тілінде, якут тілінде, халадж тілінде, өзбек тілінің оғыз говорында анық байқалады; әзірбайжан, түрік, гағауыз және чуваш тілдерінде азырақ байқалады.

Алтай типін алтай, хакас, шор, қырғыз тілдерінің дауысты дыбыстары, сондай-ақ аралассипаттағы кейбір түркі диалектілері таныта алады.

Қыпшақ типін қазақ, ноғай, қарақалпақ, қырым-татар тілдері, өзбек тілінің қыпшақ говоры, татар (және диалектілері), башқұрт тілдері арқылы, сонымен қатар чуваш тілінде айтарлықтай өзгерген түрде көруге болады.

Тува-тофалар типіне тува және тофалар (қарағас) тілдері жатады.

Қазіргі түркі тілдерінің дауысты дыбыстар жүйесінде дауыстылардың сегіз немесе тоғыз тембрі ажыратылады: әрбір дауысты дыбыс екі немесе үш артикуляциялық белгілердің (қатар орналасу, көтеріңкілік, еріндік) шоғырлануы бойынша анықталады. Қазіргі түркі тілдерінің дауысты дыбыстар жүйесінде

дауыстылардың сегіз немесе тоғыз тембрі ажыратылады: әрбір дауысты дыбыс екі немесе үш артикуляциялық белгілердің (қатар орналасу, көтеріңкілік, еріндік) шоғырлануы бойынша анықталады. Мысалы, қазіргі түркімен тілінде тоғыз дауысты дыбыс бар: а, о, у, и, ә; е, ө, і, и; ал алтай және қазақ тілдеріндегі дауысты дыбыс сегіз-сегізден: а, о, у, и, ә, ө, і, ү және а, о^и, ә, и^о, е, ө^и, ү^о.

Оғыз типінде дауыстылардың қарама-қарсылығы квантитет бойынша көрінеді. Айталық, түркімен тілінде 16 дауысты бар, оның 8-і созылық (а: о: у: и: е: ө: і: ү:) және 8-і қысаң: а о у и е ө і ү.

Тува-қарағасжүйесінде созылық және қысаң дауыстылармен қатар дауыстылардың фарингализациясы, яғни дауыстылардың үшжақты қарама-қарсылығы ұшырасады, мысалы, а – а: – а^һ.

Синхрондық жағынан қазіргі дауысты дыбыстар жүйесінің көпшілігі «өтпелі» болып табылады, басқаша айтқанда, оғыз-қыпшақ (бұл ғағауыз тілінде), қыпшақ-алтай (бұл хакас тілінде) қатарлары бар. Ал тарихи тұрғыдан қарағанда, дауысты дыбыстар жүйесі күрделі, бұл жәйт бірнеше тілдік жүйенің, мәселен, түркі тілдерінің және түркі тілдері мен басқа құрылымдағы тілдердің (иран, фин-угор, славян) бір-біріне өзара ықпалының нәтижесі болып табылады. Бұған оғыз-қыпшақ типіндегі құмық тілі (барлық диалектілерін қоса есептегенде) немесе өзбек тілі жүйесі, алты дауыстының (о, е, і, и, а, о^и) парсыланған жүйесі дәлел бола алады. Якут, чуваш, тува, жаңа ұйғыр, сары ұйғыр тілдері жүйелері – тарихи тұрғыдан аралас жүйелер.

Қазіргі алтай-қырғыз жүйесі қосымша түсіндіруді қажет етпейді, өйткені бұл типте созылық дауыстылардың екіншілік сипаты бұрыннан анықталған және квантитет бойынша дауыстылардың қарама-қарсылығы жаңа қолданыс болып саналады¹.

А.Н.Кононов VII-IX ғасыр түркілері тілі дауыстылар жүйесінің сапалық сипаттамасын жасауда жалпы адамзаттың сыртқы дыбыстау мүшелерінің қатысы арқылы анықталатын әлемдік

¹ Түркі тілдерінің салыстырмалы-тарихи грамматикасы. Фонетика. / Орыс тілінен аударған А.Алдашева. – Астана, 2009. – Б. 22.

фонетикалық топтастырудың негізгі үш критерийін қолданады. «1. Көне түркі дауыстылары жақтың ашылу деңгейі мен тілдің көлденең қозғалыстағы жағдайына қарай үш деңгейлі оппозиция құрайды. Ашық: а, ә. Орташа ашық: (е), о, ө. Қысаң: і, и, у, ү. 2. Жасалу орнына қарай (жуан/соңғы қатар – жіңішке/алдыңғы қатар) көне түркілік 8 дауысты былай бөлінеді. Жуан қатар: а, о, у, і. Жіңішке қатар: ә (е), ө, ү, и. 3. Еріннің қатысына қарай еріндік және еріндік емес (езулік) болып бөлінеді. Еріндік: о, ө, у, ү. Езулік: а, ә (е), і, и»¹.

Орхон, Енисей, Талас ескерткіштері тіліндегі дауыстылар жүйесі қазіргі қыпшақ тобындағы дауыстылар жүйесінің құрамынан ерекше ажыратылмайды. Басты ерекшелік – қазіргі тілдерде ә дыбысының дербес фонема ретінде қолданылуында ғана. Қазіргі түркі тілдерінің көпшілігінде қолданылатын ә дауыстысы Орхон-Енисей ескерткіштері тілінде де қолданыста болғанын, көне түркі әліпбиі дауыстылар жүйесі 9 фонемадан тұратынын көрсететін еңбектер бар². Қазақ ғалымы Ғ.Айдаров өз еңбектерінде тек е дауыстысын ғана қолданса (Айд.І, Айд.ІІ), И.Л.Кызласов, Л.С.Левитская тәрізді белгілі түркітанушылар ә, е дыбыстары бір фонеманың варианттары ретінде қатар қолданыста болған деген пікірде³.

Қазіргі түркі тілдерінің, орта ғасыр түркі тілдерінің деректері негізінде, кей тілдерде ә фонемасының қолданылмауына байланысты мамандар таза түркілік фонема ретінде е дыбысын таниды, ә дыбысы кірме элемент ретінде қарастырылады. К.Мұсаев Сібір түркі тілдері дауыстылар жүйесінде ә дыбысының қолданылмауын, олардың араб әліпбиін пайдаланбауымен, сондықтан да ол тілдер араб-парсы ықпалына ұшырамағандығымен, түркілерге ә фонемасының келуін түркі халықтары мен парсылардың тығыз қарым-қатынаста болып,

¹ Кононов А.Н. Грамматика языка тюркских рунических памятников IX вв. – Л.: Наука, 1980. – С. 60-61

² Языки мира. Тюркские языки. – Бишкек: Кыргызстан, 1997. – С. 91, 93; Кононов А. Н. Грамматика языка тюркских рунических письменностей VIII-IX вв. – Л.: Наука, 1980. – С. 60.

³ Кызыласов И. Л. Рунические письменности Евразийских степей. – М., 1994. – С. 137; Левитская Л. С. Историческая фонетика чувашского языка. – М., 1966. – С. 9.

парсы мәдениетінің түркілер арасында кеңінен таралуымен байланыстырады¹. Ә (ä) дыбысын түркі тілдері фонологиялық жүйесінің дамуындағы кейінгі құбылыс ретінде таныған Н.А.Баскаков көне түркілік дауыстылар жүйесіне аталған дыбысты қоспайды, Иран субстратының ықпалына ұшыраған жалпытүркілік вокализмдер жүйесінің деформациялануы нәтижесінде қалыптасқан ä дауыстысының қолданыс аясы оғыз тобындағы әзірбайжан, гагауыз, қарлұқ тобындағы ұйғыр, өзбек, қыпшақ тобындағы татар, башқұрт тілдерімен ғана шектелетінін көрсетеді².

Көне түркі тілі дауыстылар жүйесінің құрамын толық сақтаған қазіргі қыпшақ тілдеріндегі вокализмдер жүйесі аздаған артикуляциялық ерекшеліктері бар 8-9 дауыстыдан тұрады.

Қыпшақ тобына кіретін қазақ тілінде дербес қолданылатын моносиллабтар құрамында дауысты дыбыстар өте қысқа болып айтылмайды, тек эмоционалдық-стильдік ыңғайда, императивтік мәнде жұмсалғанда ғана біршама қысқа айтылуы мүмкін. Бұл дербес моносиллабтар құрамындағы дауыстылар мен полисиллабтар құрамындағы дауыстылардың сапалық деңгейінің біркелкі еместігін айқындайды.

Қыпшақ типіндегі қазіргі қазақ тілінде он екі дауысты дыбыс бар: а, ә, е, и, о, ө, ұ, ү, у, ы, і, э. Бұлардың тоғызы (а, ә, е, о, ө, ұ, ү, ы, і) қазақтың төл дауысты дыбыстары, ал үшеуі (и, у, э) орыс тілінен енген сөздер арқылы енген кірме дауыстылар болып саналады.

Қазақ тіліндегі дауысты дыбыстар құрамына қарай жалаң (а, ә, ы, і, ұ, ү) және құранды (е, о, ө) болып екіге бөлінеді. Жалаң дауысты дыбыс бастан-аяқ бірдей айтылады да, құранды дауысты дыбыс бір дыбыстан басталып, екінші дыбыспен аяқталады³.

Оғыз типіндегі түрік тілінде бірде *vokal* (М.Эргин), енді бірде *sesli* (Т.Бангуоглу), тағы бірде *ünlü* (М.Хенгирмен) деп әрқилы аталатын дауысты дыбыстар саны сегіз: а, е, и, і, о, ө, у, ү. Өмер

¹ Мусаев К. О девятой гласной фонеме ä в древнетюркских языках рунических памятников и в протюркском // Түркология. № 1. 2004. - С. 48, 49, 53.

² Баскаков Н.А. Историко-типологическая фонология тюркских языков. – М.: Наука, 1988. - С.96

³ Жүнісбек Ә. Қазақ фонетикасы. – Алматы: Арыс, 2009. – Б. 54.

Демиржан түрік тіліндегі түбір сөздердің бірінші буынында сегіз дауысты, жиырма бес дауыссыз, екінші буынында төрт дауысты және сөздің аяғында жиырма дауыссыз дыбыстың қолданылатынын айтады¹.

Түрік тіліндегі дауыстылардың дені ауыз жолды дауысты дыбыстар болып келеді. Құранды дауыстылар болмағанымен, түрік тілінде дифтонг және жартылай дауысты дыбыстар қолданылады. Мәселен, Н.Үчок *firavun, hayvan, hayret* сөздерінде жартылай дауыстылардың кездесетінін, ал *ayran, beugir, av-lamak, yavru* сөздеріндегі *ay* және *av* буындарында дифтонг қолданылатынын айтады². Ө.Башқан *say, bay, av, şey, bey, köy, öyle, şöyle* сөздерінде дифтонг бар десе, Н.Селен түрік тілінің сөйлеу тілінде *ğ* дыбысының дыбысталмауы салдарынан *ağıt, ağız* сияқты сөздерде дифтонг пайда болатынын айтады.³ Жалпы алғанда түріктің төл сөздерінде 8 негізгі қысқа дауысты дыбыс бар деп саналады. Алайда түрік тілінің дауысты дыбыстарының саны мәселесінде пікір қайшылықтары орын алады. Мәселен, С.Экердің пікірінше, қазіргі кезде түрік тілінде *a, ā, á, e, o, ö, u, ū, ü, ı, i, ī* тәрізді дауысты дыбыстар қолданылады, түрік сөздерінде сегіз қысқа дауысты фонема бар. С.Экер түрік тіліндегі дауысты дыбыстар саны фонологиялық тұрғыдан созылыңқы дауысты дыбыстар мен «предорсал» *a* дауысты дыбысын қосқанда 12-ден кем болмайды десе⁴, С.К. Йалчын ұзақ және қысқа дауысты дыбыстарды, қысаң *é* және *ğ* дыбысы құрайтын екінші кезектегі дауыстыларды ескергенде түрік тіліндегі дауыстылардың жалпы саны 21-ге жететінін айтады. С.К.Йалчын түркі тілдеріне тән негізгі он алты дауысты дыбыстың түрік тілінде бірінші буында */a/, /ā/, /ı/, /ī/, /o/, /ō/, /u/, /ū/, /e/, /ē/, /i/, /î/, /ö/, /u/, /ü/, /ũ/* дыбыстары, бірінші буыннан кейінгі буындарды */a/, /ā/, /ī/, /ı/, /ū/, /u/, /e/, /i/, /ü/* дауыстылары кездесетінін айтады⁵.

¹ Demircan Ö. Türkçenin Ses Dizimi. – İstanbul: Der Yayınları, 2001. – S. 35 –36.

² Üçok N. Genel Fonetik. – Ankara: Ankara Üniversitesi Yayınları, 1951.

³ Aksan D. Her Yönüyle Dil Ana Çizgileriyle Dilbilim. – Ankara: TDK Yayınları, 2000. – S. 31.

⁴ Eker Süer. Türkçenin sesbirimleri ve belirgin altsesbirimleri // *Turcology in Turkey. Studia uralo –altaica* 47. – Szeged, 2007. – S.187.

⁵ Yalçın S.K. Çağdaş Türk Lehçelerinde Ünlüler. Doktora Tezi. – Elazığ, 2009. – S.8.

Қазақ және түрік тілдеріндегі дауысты дыбыстардың жіктелісінде дыбыстардың акустикалық және артикуляциялық ерекшеліктері ескеріледі. Мәселен, Ә.Жүнісбек қазақ тіліндегі дауысты дыбыстарды акустика-артикуляциялық ерекшеліктеріне қарай бес топқа бөледі¹:

1. Тілдің көлденең қалпына (қатысына) қарай: а) тіл арты дауыстылар, ә) тіл ортасы дауыстылар;

2. Тілдің (жақтың) тік қалпына (қатысына) қарай: а) ашық дауыстылар, ә) қысаң дауыстылар;

3. Еріннің қалпына (қатысына) қарай: а) еріндік дауыстылар, ә) езулік дауыстылар;

4. Әуез қатысына қарай: а) жуан дауыстылар, ә) жіңішке дауыстылар;

5. Құрамына қарай: а) жалаң дауыстылар, ә) құранды дауыстылар. Ғалым қазақ тіліндегі е, о және ө дауысты дыбыстарды құранды, яғни дифтонг дауысты дыбыстар қатарына жатқызып, осы үш дауысты дыбысты екінші сыңарының тілдің тік қалпына қарай қысаң деп көрсетеді².

Түрік тіліндегі дауысты дыбыстарды Н.Селен тілдің көлденең қатысына қарай:

1. Тіл арты дауыстылар: а, о, и.

2. Тіл ортасы дауыстылар: ı.

3. Тіл алды дауыстылар: е, і, ө, ү деп жіктейді. Ол е, і дыбыстарын езулік тіл алды дауыстылар, ө, ү дыбыстарын еріндік тіл алды дауыстылар деп көрсетеді³. С.Экер түрік тіліндегі дауыстыларды созылыңқы және қысқа, тіл арты және тіл алды, еріндік және езулік деп үшке, жасалу жолына қарай ауыз жолды және мұрын жолды деп екіге бөледі⁴. Сонымен қазақ және түрік тілдерінде дауысты дыбыстарды әуездің қатысына қарай жуан және жіңішке, тілдің қатысына қарай тіл арты және тіл ортасы деп бөлу орныққан пікір деуге болады.

¹ Жүнісбек Ә. Қазақ фонетикасы. – Алматы: Арыс, 2009. - Б. 61 –62.

² Жүнісбек Ә. Қазақ фонетикасы. – Алматы: Арыс, 2009. - Б. 57 –58.

³ Selen N. Söyleyiş Sesbilimi, Akustik Sesbilimi ve Türkiye Türkçesi. – Ankara: TDK Yayınları, 1979. - S. 21 –22.

⁴ Eker S. Ünlülerin Temel Özellikleri Üzerine Birkaç Not // Turkish Studies. Fall 2010, Volume 5/4. - S.314.

Қазақ тілінде жуан (тіл арты) дауыстыларға а, о, ұ, ы, жіңішке (тіл ортасы) дауыстыларға ә, е, ө, ү, і дыбыстары, ал түрік тілінде жуан (тіл арты) дауыстыларға а, ı, о, и, жіңішке (тіл алды) дауыстыларға е, і, ö, ü дыбыстары жатады. М.Эргин түрік тіліндегі дауысты дыбыстарды дыбыстың шығу жолына қарай жіктегенде и дыбысы ең артқы қатарлы, і ең алдыңғы қатарлы дыбыс болатынын, ал тілдің артқа тартылуына қарай жуан дауыстылар и, о, ı, а дыбыстық қатарын түзетінін айтады¹. Жуан дауыстыларды айтқанда тіл сәл артқа қарай тартылып, тілдің ортасы біраз көтеріледі, ал жіңішке дауыстылар айтылғанда тіл сәл ілгері жылжиды². Н.Селен а, о, и дыбыстарын тіл арты, е, і, ö, ü дыбыстарын тіл алды дауыстылары деп көрсетеді де тіл ортасы дауыстысы ретінде і дыбысын белгілейді.³ Демек дауыстылардың тілдің қатысына қарайғы сипатын ескерсек, екі тілдегі дауыстылар арасындағы айырмашылық жіңішке дауыстыларға қатысты болып келеді, яғни жіңішке дауыстылар қазақ тілінде тіл ортасы дыбыстары болатын болса, түрік тілінде тіл алды дыбыстары саналады.

Қазақ және түрік тілдерінде дауыстылар еріннің қатысына қарай еріндік және езулік болып бөлінеді. Еріндік дауысты дыбыстар айтылғанда ерін дөңгеленіп сүйірленеді, ал езулік дауыстылар айтылғанда ерін екі жаққа тартылып, езу жиырылады.

Қазақ тіліндегі о, ө, ұ, ү және түрік тіліндегі о, ö, и, ü дыбыстары еріндік дауыстылар, қазақ тіліндегі а, ә, ы, і, е және түрік тіліндегі а, е, ı, і дыбыстары езулік дауыстылар саналады.

Қазақ және түрік тілдерінде дауыстылар жақтың қатысына қарай ашық және қысаң болып екіге бөлінеді. Қазақ тіліндегі а, ә, е, о, ө дыбыстары, түрік тіліндегі а, е, о, ö дыбыстары ашық дауыстылар, қазақ тіліндегі ұ, ү, ы, і және түрік тіліндегі ı, і, и, ü дыбыстары қысаң дауыстылар болып саналады.

Сонымен, қазақ және түрік тіл білімдеріндегі структурализм

¹ Ergin M. Türk Dil Bilgisi. – İstanbul: Bayrak Basım Yayım, 1999. - S. 40.

² Кононов А. Н. Грамматика современного турецкого литературного языка. – М. Л.: Издательство АН СССР. – 1956. - С.21.

³ Selen N. Söyleyiş Sesbilimi, Akustik Sesbilimi ve Türkiye Türkçesi. – Ankara: TDK Yayınları, 1979. - S. 22 –52.

парадигмасы аясында түйінделген теориялық қағидаттар мен тұжырымдамаларды басшылыққа ала отырып, қазіргі қазақ және түркі тілдерінің дыбыстық жүйелері мен морфологиялық құрылымдарын салыстыру барысында төмендегідей қорытынды пікірлерге келуге болады:

– қазақ және түрік тілдеріндегі дауысты дыбыстар жүйесінде дауыстылардың сандық құрамында айырмашылық бар: қазақ тіліндегі барлығы он екі дауысты дыбыстың (а, ә, е, и, о, ө, ұ, ү, у, ы, і, э) тоғызы – а, ә, е, о, ө, ұ, ү, ы, і қазақтың төл дауыстылары саналады. Ал түрік тілінде сегіз дауысты дыбыс бар: а, е, і, і, о, ө, и, ü.

– екі тілдегі дауыстылардың акустика-артикуляциялық тұрғыдан тілдің қатысына тіл арты және тіл ортасы, жақтың қатысына қарай ашық және қысаң, әуездің қатысына қарай жуан және жіңішке, еріннің қатысына қарай: ерін(дік) және езу(лік), құрамына қарай жалаң және құранды болып жіктелуіне зер салсақ, басты айырмашылық тілдің қатысына қарай жасалатын дауыстыларға байланысты болып келетіні байқалады. Мұнда: қазақ тіліндегі жіңішке дауысты дыбыстардың барлығы – тіл ортасы дауыстылары, ал түрік тілінде тіл ортасы дауыстысы – «і» (ы) дыбысынан басқа барлық жіңішке дауыстылар – тіл алды дыбыстары.

Қорыта айтқанда, қыпшақтық типтегі қазақ тілі мен оғыздық типтегі түрік тіліндегі дауыстылардың қазіргі қалып-күйі жаңғыртылған түркі тектілінің дауыстылар жүйесімен тарихи сабақтастықта болып келеді.

§2. Жалпытүркі тектілінің (арғытүркі немесе түптүркі тілі) вокализм жүйесін жаңғырту, қалпына келтіру мәселесі

Кез-келген тілдер және тілдік топтар арасындағы туыстық байланысты дәлелдеу үшін, оларға ортақ тектілдің сұлбасын жаңғырту, қалпына келтіру қажеттігі туындайды. Мұнда, ең алдымен, вокализмдер мен консонантизмдердің жалпы сұлбасын жаңғыртуға басты назар аударылады және жаңғыртылған

тектілдің дауысты және дауыссыз дыбыстары белгілі бір заңдылыққа бағынған дыбыстар жүйесін немесе желіні құрауы қажет. Егер дұрыс жаңғыртылып, қалпына келтірілетін болса, қазіргі қолданыстағы тілдердің дауысты және дауыссыз дыбыстар жүйесі секілді олар да табиғи жүйені көрсете алады¹.

Түркі вокализмдерінің дамуы түркі тілдері дамуының бес кезеңіне – алтай дәуіріне дейінгі кезең, алтай дәуірі, хун дәуірі, көне түркі дәуірі, қазіргі түркі тілдерінің қалыптасу дәуірлеріне сәйкес қарастырылатыны белгілі. Көне түркі дәуірінде түркі тілдерінің бұлғар, оғыз, қыпшақ, қарлұқ, ұйғыр т.б. топтарының фонологиялық жүйесінің ерекше белгілері өзара ажырай бастаса, қазіргі түркі тілдері дәуірінде әрбір жеке тілдердің өзіне тән фонологиялық белгілері қалыптасып, дербестікке ие болғанын көрсеткен Н.А.Баскаковтың пікірі көпшілік зерттеушілерден қолдау тауып отыр.

Жалпытүркі тектілінің (арғытүркі немесе түптүркі тілі) дауысты және дауыссыз дыбыстар жүйесін жаңғырту, қалпына келтіру мәселесі негізінен Г.Рамстетд, Н.Поппе, Е.Д. Поливанов, Э.В.Тенишев, А.М.Щербак, Г. Дёрфер, С.А.Старостин, А.В.Дыбо, О.А.Мудрак т.б. алтаист – түркітанушылардың арғыалтайлық тектілдің фонологиялық жүйесін жаңғырту, сол арқылы алтай тілдерінің (түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур және корей, жапон) генеалогиялық тектестігін дәйектеу бағытындағы сүбелі зерттеулерінде жан-жақты сөз болады. Жалпытүркі тектілінің фонологиялық жүйесін жаңғыруда, жекелеген дыбыстардың тарихи дамуын дәйектеуде Э.В.Севортян, Б.А.Серебренников, Д.К.Киекбаев, Н.К. Дмитриев, Л.С. Левитская т.б. ғалымдардың түркі тілдерінің тарихына арналған зерттеулерінің² маңызы ерекше.

¹Серебренников Б.А. Проблема достаточности основания в гипотезах, касающихся генетического родства языков//Теоретические основы классификации языков мира. Проблемы родства. – М., 1982. – С. 47-62.

²Севортян Э.В. Этимологический словарь тюркских языков (общетюркские основы на гласные). – М., 1974. (Сев.4, ЭСТЯ.); Севортян Э.В. О случаях падения начальных согласных в тюркских языках. – В кн.: Turcologica. – Л., 1976; Севортян Э.В. Крымско-татарский язык. – В кн.: Языки народов СССР. – М., 1966. Т. 2. Т.; Серебренников Б.А. К истории звуков чувашского языка. – Учен. Зап. Чуваш. НИИЯЛИЭ, 1956. вып. 14.; Серебренников Б.А. Причины устойчивости агглютинативного строя и вопрос о морфологическом типе языка. – Морфологическая типология и проблемы классификации языков. – М., 1965; Серебренников Б.А. Вероятностные обоснования

Жалпытүркілік тектіл ғасырлар бойы үздіксіз дамуының нәтижесінде түрлі фонетикалық, морфологиялық, семантикалық өзгерістерге ұшырап, өз құрамындағы этностар тілдеріне ыдырауы, өзара қайта тоғысуы, іргелерін қайта ажыратуы, туыстас немесе басқа жүйедегі тілдермен тығыз қарым-қатынаста болуы, әр тілдің өзіндік ерекшеліктерімен, ішкі заңдылықтарымен, өзіне ғана тән сипат-болмыспен қалыптасуына алып келеді. Сондықтан да қазіргі түркі тілдері әр деңгейде өзгерістерге ұшыраса да көне тілдің элементтерін бойында сақтағаны, барлығы да жалпытүркілік тектілдің белгілі бір дәрежедегі мұрагері болып табылатыны даусыз. Белгілі ғалым А.М. Щербактың «Расхождению языков и диалектов постоянно сопутствует их схождение взаимодействие, поэтому каждый современный язык или диалект наследует праязыковое состояние не как нечто целостное и единообразное, а в виде сложного конгломерата форм и признаков, прошедших сквозь призму многократных и разновременных смещений»¹ – деген пікірі де қазіргі тілдерден көрініс беретін тектілдік құрылымдық жүйенің реликтілерімен, бабатиілдің жалпы белгілерімен қатар тектілдік кезеңге дейінгі субстраттардың іздері де аңғарылатынына қатысты туындайды.

Жалпытүркі тектілінің дауысты дыбыстар жүйесінің жаңғыртуда зерттеушілердің дені сөздің алғашқы буынындағы дауысты дыбыстардың түркі, моңғол және тұңғыс-маньчжур тілдеріаралық деңгейдегі сәйкестіктеріне негізделіп жаңғыртылған арғыалтайлық вокализм жүйесіне қатысты Н.Поппе ұсынған сызбаға жиі жүгінеді². Ол сызба бойынша жаңғыртылған арғыалтайлық фонеманың түркі тілдеріндегі көрінісі төмендегідей болып келеді:

в компаративистике. М., 1974; Серебренников Б.А. Из истории звуков и форм тюркских языков. – СТ, 1974. № 6; Киекбаев Дж. Г. Фонетика башкирского языка: (Опыт описательного и сравнительно-исторического исследования): Автореф. дис.д-ра. филол. наук. – М., 1956; Дмитриев Н.К. Фонетические закономерности начала и конца тюркского слова. – ИСГТЯ. – М., 1955. Ч. 1. Фонетика; Дмитриев Н.К. Строй тюркских языков. – М., 1962; Левитская Л.С. Историческая фонетика чувашского языка: Автореф. дис... канд. филол. наук. 1966. Т. 4.

¹ Щербак А.Н. Сравнительная фонетика тюркских языков. – Л.: Наука, 1970. - С. 22

² Poppe N. Introduction to Altaic Linguistics. – Wiesbaden, 1965. - С.202

Реконструкцияланған арғыалтайлық тұлға	Түркі тілдеріндегі Көрінісі	Реконструкцияланған арғыалтайлық тұлға	Түркі тілдеріндегі көрінісі
*a	a	*e	i
*a:	ā	*ē	ā
*o	o	*ē	ī
*ō	ō	*ō	ö
*u	u	*ō	üö
*ū	ū	*ū	ü
*ī	ī	*ū	ū
*ī:	ī:	*i	i
*e	ä	*i	ī

Ал С.А.Старостин түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур және корей тілдері материалдары негізінде жаңғыртылған арғыалтайлық және түптүркілік дауыстылар тұрпатын былайша көрсетеді¹:

Арғыалтайлық	Түптүркілік	Арғыалтайлық	Түптүркілік
*i	*i / *ī	*ī	* i / *ī
*e	*e	*u	*u / * ü
*ā	*a / ā	*o	*o / *ö
*ū	*u / ü	*a	*a / *ä
*ō	*o / ö		

Мұның сыртында С.А.Старостин мынадай арғыалтайлық дифтонглер қатарын және оның түптүркі тіліндегі нұсқаларын жаңғыртады²:

Арғыалтайлық	Түптүркілік
*ia	*a (a)
*io	*a (a)
*iu(?*ue)	*o ~ u
*ua	*a (a)

¹ Старостин С. А. Алтайская проблема и происхождение японского языка. – М., 1991.-С. 35.

² Старостин С. А. Алтайская проблема и происхождение японского языка. – М., 1991.-С.38

Алтайлық тектілдің фонологиялық жүйесін қалпына келтіруде басшылыққа алынатын Г.Рамстедт пен Н. Поппе ұсынған дауыстылар сәйкестіктерінің дәстүрлі тізбесі, ол тізбені толықтырып, жетілдірген С.А.Старостин зерттеулері арғыалтай тектілінің жаңғыртылған дауыстылар жүйесі және оның қазіргі алтай тілдеріндегі көрінісі арасында айтарлықтай өзгерістің болмағанын көрсетеді. Мұндай пікірді белгілі түркітанушы Э.В.Тенишев те айтады¹: «Арғыалтай тілінде сөздің бірінші буынында дауыстылардың тіл алды және тіл арты түрлері бірдей ұшырасады, ашық-қысаң, еріндік-езулік, және қысқасозылыңқы: а, ә, у, ү, о, ө, и, ү, е, ё, і, ї, ā, ī, ō, ō̄, ū, ū̄. Бұл жүйе айрықша тұрақтылығымен ерекшеленеді және оны қазіргі алтай тілдеріндегі көрінісінен байқауға болады» – дей келе, төмендегідей дауыстылар сәйкестіктерін атап айтады:

Арғыалтай тіліндегі а, ә дыбыстарына арғымоңғ. а, ә, жазба моңғ. қалм. қысқа а, тұңғ. а, ә, түркім., як. а, ә сәйкес келеді;

Арғыалтай тіліндегі у, ү және і, ї дыбыстарына арғымоңғ. у, ү, жазба моңғ., қалм. қысқа і, халха-моңғ. і, түркім. у(і), ү(і),, як. у, ү, тұңғ. ї, ї, ї, ї сәйкес келеді;

Арғыалтай тіліндегі о, ө дыбыстарына арғымоңғ. о, ө, жазба моңғ., қалм. о, тұңғ. о, ө, түркім. о, ө, як. о, уо сәйкес келеді;

Арғыалтай тіліндегі и, ү дыбыстарына арғымоңғ. и, ү, жазба моңғ., қалм. и, тұңғ. и, ү, түркім. як. и, ү, сәйкес келеді;

Арғыалтай тіліндегі е, ё, дыбыстарына арғымоңғ., жазба моңғ., қалм. е, тұңғ. е, чув. а, әзірб., түркім. як. ә сәйкес келеді;

Арғыалтай тіліндегі ө, ō дыбыстарына арғымоңғ. ө, ō жазба моңғ., қалм. ө, монғор о, маньч. и, түркім., як. ö сәйкес келеді;

Арғыалтай тіліндегі ү, ū дыбыстарына арғымоңғ. ү, ū, жазба моңғ., қалм. ү, маньч. и, түркім., як. ü сәйкес келеді;

Біріншіден кейінгі буындарда жоғарыда көрсетілген барлық дыбыстар қолданылмаған: а, ә дыбыстарынан жазба моңғ., орта моңғ. ә, маньч. ä, көне түрк. у; у, ү және і, ї дыбыстарынан – жазба моңғ. і, эвенк. ї; и, ү дыбыстарынан – жазба моңғ., маньч. и, көне түрк. и(у); ү, ū дыбыстарынан – жазба моңғ. ü, эвенк. и(і,е), көне түрк. ü дыбыстары кездеседі. Ашық о, ō және ö, ȫ, ō̄

¹ Тенишев Э.В. Алтайские языки // Языки мира: Тюркские языки. – М., 1996. – С.11.

тек бірінші буында ғана қолданылады. Арғыалтай тілінде сөздің басы мен ортасында қысаң *i*, *u* кездеспейді. Арғыалтай тіліне дауыстылар үйлесімділігі, онда да жуан-жіңішке, еріндік-езілік үйлесімдіктері тән болған¹.

Сонымен, алтаистикалық және түркологиялық бағыттағы зерттеулер бойынша арғыалтайлық тектілдік дауыстылар жүйесіне барып саятын жаңғыртылған түптүркілік (арғытүркілік) вокализм 16 мүшеден тұратын жүйені құрайды деп есіптелінеді²:

*a *ä *o *ö *i *i *u *ü

*a: *e: *o: *ö: *i: *i: *u: *ü:

§3. Жалпытүркі тектілінің (арғытүркі немесе түптүркі тілі) вокализм жүйесінің қазіргі түркі тілдеріндегі көрінісі

Түптүркі (арғытүркі) дауыстыларының қазіргі түркі тілдері мен диалектілеріндегі көрінісі, сондай-ақ қазақ және түрік тілдеріндегі сипаты, жалпы алғанда, төмендегідей болып келеді:

Қысқа *a дыбысы түркі тілдерінің көпшілігінде өзгеріссіз сақталған және айтылуы жағынан бірнеше вариантқа ие. Түпкі түркілік қысқа *a дыбысының у (*i*), *ä*, *e*, *i* түріндегі көрінісі: *a > у (*i*) – чуваш, якут, тува, тофалар тілдерінде; *a > *ä*, *e* *ž*, *č*, *j*, *ž*, *š* дыбыстарымен көрші орналасқанда, мысалы, қаз. батыс. *äjel* «әйел» (*ajal*), әзірб. куба *qerçu* «қайшы», әзірб. дманис. *äjah* «аяқ», қаз. қосағаш. *žäriš* «жарыс», хак. белтір. *šebel* «жаман», өзбек. қырқ. *šäš* «шаш», әзірб. керкук. *bejram* «мейрам», қырғ. оңт. *žäš* «жас», хак. қыз. *äjnä* «шайтан», тат. нагайбак. *äšä* «ащы»; *a > *ä* > *e* жарыспалы сөздерде, мысалы, өзб. ош. *ät*, құм. қайт. *äz* «аз», башқ. қызыл. *äd* «аз», қырғ. оңт. *tätti* «тәтті», әзірб. бак. *qänät* «қанат»; *a > *ä* *i*- умлауының нәтижесінде қос буынды сөздерде: қаз. қосағаш. *bätir* «батыр», өзб. қырқ. *däri* «дәрі», құм. қайт. *täri* «тары», түркім. *ä:dim* «адым»; *a > *i* кейбір диалектілерде: әзірб.

¹ Тенишев Э.В. Алтайские языки // Языки мира: Тюркские языки. – М., 1996. – С.9.

² Түркі тілдерінің салыстырмалы-тарихи грамматикасы. Фонетика. / Орыс тілінен аударған А.Алдашева. – Астана, 2009. – Б.77.

куба *bijram* (<*bejram* < *bajram*) «мейрам», түркім. эрсари *iša:q* «төмен» (*aša:q*) кездеседі¹.

Созылыңқы *а: түркі тілдерінің көпшілігінде қысқа дауыстыларға сәйкес келеді. Түркімен, якут тілдерінде созылыңқы а: дыбысы сақталған, ішінара оғыз және оғыз тілінің ықпалы болған диалектілерде кездеседі; чуваш тілінде – а:, бұны *ia* дыбысы береді, сөйтіп бұл анлаут дауыссыздардың өзгеруінен көрінеді: *šur* (< **sia*r «батпақ»), *čul* (< **tial* «тас»), *jur* (< (h)*iar* < **x'ar* < *q'ar* «қар»)².

Қазақ тілінде а – тіл арты (жуан), ашық, езулік дауысты дыбыс: аға, ана, тау. Езулік күші ы, і фонемаларына қарағанда әлсіз болып келетіндіктен, о, ұ жуан еріндік дауыстылардан кейін ашық айтылады: отау, ұшақ. Ділда, кітап, ләззат сияқты араб-парсыдан енген кірме сөздерде ділдә, кітәп, ләззәт түрінде жіңішке айтылады.

Түрік тілінде а – тіл арты (жуан), ашық, езулік дауысты дыбыс: ана «ана», *başka* «басқа», *kar* «қар». Селен Невин екі түрлі а дыбысының бар екенін, бірінші α – постдорсал (тіл артының түпкі жағындағы), екінші а – преддорсал (тіл артына жақын) болатынын, мұнда үнді *l*, *r* және алдыңғы көмей шұғыл *t* және *m*, *n* дауыссыз дыбыстарынан кейін келетін а дыбысының преддорсал, бұлардан басқа позициядағы а дыбысының постдорсал α екенін айтады³.

Түрік тілінде а дыбысының созылыңқы түрі көбіне-көп кірме сөздерде кездеседі: *a:det* «әдет», *ma:na* «мағына», *na:ne* «жалбыз». Ал түрік сөздерінде а дыбысы мынадай жағдайларда ұзарады: а) а дыбысынан кейін келетін *ğ* дыбысталмайтындықтан, *ğ*-ның алдындағы а дыбысы ұзарады⁴: *bağ>ba:* «бау», *dağ>da:* «тау», *çağ>-ça:* «шақ», *ağam>a:am* «ағам», *ağıt>a:it* «жоқтау», *ağrı>a:ri* «ауру»,

¹ Түркі тілдерінің салыстырмалы-тарихи грамматикасы. Фонетика. / Орыс тілінен аударған А.Алдашева. – Астана, 2009. – Б.78.

² Түркі тілдерінің салыстырмалы-тарихи грамматикасы. Фонетика. / Орыс тілінен аударған А.Алдашева. – Астана, 2009. – Б.81.

³ Selen N. Söyleyiş Sesbilimi, Akustik Sesbilimi ve Türkiye Türkçesi. – Ankara: TDK Yayınları, 1979. – S. 22, 25.

⁴ Gabain A.von. Alttürkische Grammatik. – Wiesbaden, 1974. –S.91; Elöve Ali Ulvi. Türkçede Yumuşak ve Kaba L Konsonları. // Türk Dili Dergisi. 1955 –56. CV 49 –60. – S.484 –489.;

kağnı>ka:nı «арба»; ә) hane сөзімен жасалған күрделі сөздерде осы сөздің алдында дауысты дыбыс болатын болса, h дыбысы редукцияға ұшырайды да, дауысты а ұзарады, ал дауыссыз дыбыс болса hane сөзіндегі a дыбысы ұзарады: postahane>postɑ:nɛ¹ «почта», hastahane>hasta:nɛ «аурухана», pastahane>pasta:nɛ ««кондитерлік дүкен» т.б.

Түрік тілінде графикалық тұрғыдан â деп белгіленген а дыбысы тек қана кірме сөздерде қолданылады. Мұнда â таңбаланған дыбыс: 1) жазылуы бірдей, бірақ мағынасы басқа сөздерде а дыбысының созылыңқы екенін көрсетеді: adet «дана» - âdet «әдет-ғұрып», aşık «асық» - âşik «ғашық», hala «тәте» - hâlâ «әлі»; 2) g, k, l т.б. дауыссыздарымен тіркескенде â жіңішке дыбысталады: yadigâr «жәдігер», dükkân «дүкен», lâle «лала». Сөздің соңғы буынында жіңішке â дыбысы келетін болса, ол сөзге қосымшалардың жіңішке варианттары жалғанады: dikkât-im «назарым», hâl-leri «жағдайлары», saat-i «сағаты».

Т.Бангуоглу түрік тіліндегі араб тілінен кірме сөздерде жіңішке а (â) дыбысының бар екенін, бұл дыбыстың жіңішкерген және қысқанданған а дыбысы болумен қатар, е дыбысына жақындай түсетінін айтады². Соның әсерінен кірме сөздерге жалғанатын қосымшалар да жіңішке болып келеді: saat-iniz , harf-ten, sıh-hat-imiz, dikkat-li, harf-e, saat-ler. Демек түрік тіліндегі предорсал а дыбысы қазақ тіліндегі ә дыбысына дыбысталуы жағынан біршама жақын болып келеді.

Қазақ тілінде де араб-парсыдан енген кірме сөздерде а жазылғанымен, айтылуда сөз жіңішкеріп, а-ның орнына ә дыбысталады, оларға жалғанатын қосымша да жіңішке болып келеді: хал, халге, халі.

Қысқа *ä (ɛ) көптеген түркі тілдерінде сақталған және оның бірнеше фонетикалық варианттары бар. *ä>e>i – татар, башқұрт, чуваш тілдерінде, хакас, түрік және әзірбайжан тілдерінің диалектілерінде, қарашай-балқар тілінің малқар диалектісінде; *ä > ö ерін дауыстыларымен қатар орналасқанда; түрік диал.

¹ Elöve A. Türkçede Yumuşak ve Kaba L Konsonları // Türk Dili Dergisi. 1955 –56. CV 49 –60. - S. 351.

² Banguoğlu T. Türkçenin Grameri. – Ankara: TDK Yay, 2007. - S.36.

böşük «бесік», әзірб., böyük «ірі, биік»; *ε > ä > a – чуваш тілінде кездеседі. Қазақ, қарақалпақ және ноғай тілдерінде, өзбек, татар тілдерінің диалектілерінде сөз басында е- < ä- дифтонгылануы байқалады¹.

Созылыңқы ä: (фонетикалық тұрғыдан е) – түркі тілдерінің көпшілігінде ä дыбысына сәйкес келеді, якут тілінде ie дифтонгысы дамыған, түркімен тілінде – е: > i:, оғыз және оғыз тілінің ықпалы болған диалектілерде – е:, чуваш тілінде – ä: ол ä дыбысына сәйкес келіп, кейін а дыбысына айналған, алайда бұл сипатты ріләк «бес» (*biel < *be:l) сияқты фактілер көмескілейді².

Қазақ тілінде ә [ä] – тіл ортасы (жіңішке), ашық, езулік дауысты дыбыс: әдемі, тәтті, бәсең т.б. Қазақстанның оңтүстік өңірлерінде де а мен ә дауыстыларының бірінің орнына бірі қолданылуы сирек те болса кездеседі³.

Қазақ тілінде е – тіл ортасы (жіңішке), ашық, езулік дауысты дыбыс: екі, ет, тек, тезірек т.б. Ә.Жүнісбек бәйге, әне, ешкім, міне т.б. сөздер бәйгі, әні, ішкім, міні түрінде айтылып, е мен і-нің ұқсастығын аңғартатынына мән береді, е фонемасының й және і дыбыстарының қосындысынан тұратынын айтады. е дыбысы ә дауыстысының кедергі жасауынан жалаң, ашық дауысты болып айтыла алмайтынын, і дауыстысының кедергі жасауынан жалаң, қысаң дауысты бола алмайтынын, тек тіл арты ашық ә дауыстысына қарай икемделетінін алға тартады⁴. М.Томанов: «Қазақ және қарақалпақ тілдеріндегі е дыбысы басқа түркі тілдеріндегі сондай дыбыстан дифтонгіге ұқсастығымен ерекшеленеді» – дей келе, сөз басындағы е дыбысының алдынан і қысаң дауыстысы айқын байқалатынын айтады⁵.

Түрік тілінде е – тіл алды (жіңішке), ашық, езулік дауысты дыбыс: ектек «нан», el «қол», kürek «күрек», dede «ата». Қазіргі

¹ Түркі тілдерінің салыстырмалы-тарихи грамматикасы. Фонетика. / Орыс тілінен аударған А.Алдашева. – Астана, 2009. Б.78.

² Түркі тілдерінің салыстырмалы-тарихи грамматикасы. Фонетика. / Орыс тілінен аударған А.Алдашева. – Астана, 2009. – Б.81-82.

³ Омарбеков С., Жүнісбеков Н. Ауызекі тіліміздің дыбыс жүйесі. – Алматы: Мектеп, 1985. – Б. 32.

⁴ Жүнісбек Ә. Қазақ фонетикасы. – Алматы: Арыс, 2009. Б. 67.

⁵ Томанов М. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – Б. 42.

түрік тілінде бұл дыбыстың екі түрі кездеседі: ашық және қысаң. Қысаң е түрік тілі фонетикасының басы ашылмаған даулы мәселелері қатарына жатады. Мәселен, В.Томсен, И.Немет, Н.Поппе, М.Рясянен тәрізді алтаистер бұл дыбысты жеке бір фонема деп қарастырса, В.Радлов $\ddot{a} > e (> i)$ деген өзгерісті атап көрсетеді және $\ddot{e}$ дыбысының жеке фонема еместігін тілге тиек етеді¹.

Қысаң е дыбысы е мен і арасындағы дыбыс деген көзқарастағы ғалымдар бұл дыбыстың $e > i$ және $i > e$ алмасуынан пайда болғанын, кезінде Хорезм түрік тілінде қолданылған бұл дыбыстың қазір тек ауызекі тілде сақталып отырғанын айтады.² Н.Селен бұл дыбыстың жартылай қысаң және қысқа түрі үшін ϵ таңбасы, жартылай ашық түрі үшін $\ae$ таңбасы қолданылады дейді. Түрік тіліндегі $te:sir$ «ықпал», $me:mir$ «қызметкер» тәрізді кірме сөздерде, сондай-ақ е –ден кейін $\check{g}$ келетін болса, е ұзақ айтылады (е $\check{g}$ мек «ию»). Егер е дыбысы $\check{g}$ -ның екі жағынан келсе, е –нің бірі ашық, екіншісі онан да ашығырақ дыбысталады: $e\check{g}e > e\check{g}\ae$ «еге», $e\check{g}er > e\check{g}\ae r$ «егер»³. Негізінен қысаң е дауыстысы сөздің бірінші буынында және $g\ddot{u}vey$, $g\ddot{u}ney$, $g\ddot{u}vez$, $birey$ сияқты біраз сөздердің екінші буынында кездеседі. Екінші дәрежедегі қысаң е дыбысының пайда болуына $\check{c}$, $\check{s}$, y дауыссыздары да әсер етеді⁴.

Қысаң $\ddot{e}$ дауысты дыбысы көбінесе бірінші буында кездеседі: $\ddot{e}rken$, $\ddot{e}l$, $\ddot{d}\ddot{e}mek$, $\ddot{g}\ddot{e}se$. Түрік тілінің тарихи кезеңдеріне көз жүгіртсек, көне Анатолы түрік тілінде қазіргі сөздердегі бірінші буында кездесетін е-нің орнына і-нің қолданылғаны байқалады: $y\ddot{u}l$, $v\ddot{i}rmek$, $i\ddot{r}te$, $g\ddot{i}ce$ ⁵. Түрік тілінде е дауыстысы бірінші ашық буында $\ddot{a}$ дыбысына сәйкес дыбысталады. Ал қазақ тіліндегі е дауысты дыбысы $\ddot{y}$ тектес үнді дауыссыз дыбыстан басталып, $\ddot{i}$ тектес қысаң дауысты дыбыспен аяқталады⁶.

¹ Ceylan –Yılmaz E. Ana Türkçede Kapalı e Ünlüsü // Türk Dili Araştırmaları. – Ankara, 1991. – S. 151 –165.

² Korkmaz Z., Ercilasun A.B., Zülfikar H., Akalın M., Gülensoy T., Parlatur İ., Birinci N. Türk Dili ve Kompozisyon Bilgileri. – Ankara: TDK Yay, 1990. – S. 65; Ergin M. Türk Dil Bilgisi. – İstanbul: Bayrak Basım Yayım, 1999. – S. 57.

³ Selen N. Söyleyiş Sesbilimi Akustik Sesbilim ve Türkiye Türkçesi. – Ankara: TDK Yay, 1979. – S. 38.

⁴ Eker S. Türkçenin sesbirimleri ve belirgin altsesbirimleri // Turcology in Turkey. Studia uralo –altaica 47. –Szeged, 2007. – S. 181 –198.

⁵ Köktekin K. Eski Anadolu Türkçesi. – Erzurum: Fenomen Yayınları, 2008. – S. 71.

⁶ Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. – Б. 19.

Қысқа *о дыбысы түркі тілдерінің көпшілігінде сақталған. Татар, башқұрт, чуваш тілдерінде, әзірбайжан, түрік, хакас диалектілерінде *о > и, ал башқұрт тілінің ай диалектісінде *о > ә (башқ. bəla «болады»), өзбек тілінде *о > օ (тұйық) түркімен диалектілерінде *о > и байқалады: buуun «буын». Құмық, түркімен, қарақалпақ, қырғыз және қарашай-балқар говорларында *о > и бар: құмық. ихиј «ол оқып отыр», қырғ. turraq «топырақ», түркім. хасар. utur- «отыру», түркім. анау. qultuq «қолтық», түркім. нохур. juldaş «жолдас», ққалп. suq- «шоқу», қбалқ. малқ. unduruq «кереует». Түркімен тілінің айнауллы диалектісінде *о > и: байқалған: и:х «оқ», ји:l «жол», и:lug «болады». Қыпшақ тілдері мен қыпшақ тілінің ықпалы жоғары диалектілерде абсолютті сөз басындағы *о дифтонгыға айналуға бейім. Әзірбайжан тілі диалектілерінде *о > ö кездеседі: söјux «суық», öjnātax «ойнау»¹.

Созылыңқы *о: – көптеген түркі тілдерінде о дыбысына тұспа-тұс келеді, түркімен тілінде, оғыз және оғыз тілінің ықпалы болған диалектілерде сақталған, якут тілінде uo (uon «он») дифтонгысына айналған².

Қазақ тіліндегі тіл арты (жуан), еріндік, ашық о дауыстысы негізінен қазақтың байырғы сөздерінің бірінші буынында (от, қос, қой), екінші және үшінші буындарда -қор, -қой, -ғой қосымшалары құрамында (еңбекқор, сәнқой, даңғой) кездеседі³. Ә.Жүнісбек бұл дыбысты құрамында уұ дыбыстары орын алатын құранды дыбыс деп санайды⁴.

Түрік тілінде о – тіл арты (жуан), ашық, еріндік дауысты дыбыс: о «ол», odun «отын», çosuk «бала». Н.Селен түрік тілінде о дыбысының постдорсал жартылай қысаң о және тіл артын ала бере дыбысталатын предорсал ашық э сияқты екі түрі бар екенін айтады⁵. Түріктің байырғы сөздерінде тек бірінші буында

¹ Түркі тілдерінің салыстырмалы-тарихи грамматикасы. Фонетика. / Орыс тілінен аударған А.Алдашева. – Астана, 2009. – Б.79.

² Түркі тілдерінің салыстырмалы-тарихи грамматикасы. Фонетика. / Орыс тілінен аударған А.Алдашева. – Астана, 2009. – Б.82.

³ Оразбаева Ф.Ш., Сағидолда Г., Қасым Б., Қобыланова А., Есенова Қ., Исабекова Ұ. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Принтс, 2005. – Б. 139.

⁴ Жүнісбек Ә. Қазақ фонетикасы. – Алматы: Арыс, 2009. – Б. 65.

⁵ Selen N. Söyleyiş Sesbilimi Akustik Sesbilim ve Türkiye Türkçesi. – Ankara: TDK Yay, 1979. – S. 30.

қолданылатын о дыбысы біріккен сөздер, кірме сөздер, қосарлама сөздер (Yalova,), doktor, bomboş «боп-бос»), сондай-ақ уогі етістігінен туындаған осы шақтың (–уог) қосымшасы құрамында екінші, үшінші кейінгі буындарда кездеседі. Бұл дыбыс ғ-ның алдында келгенде айтылуда ғ редукцияға ұшырайды да, о дыбысы ұзарады¹: oğ> o: «уқала»«, boğ> bo: «буу (етістік)», doğ> do: «туу».

Қысқа *ö – көптеген түркі тілдерінде бастапқы тұрпатын сақталған. татар, башқұрт, чуваш тілдерінде, әзірбайжан, түрік, хакас диалектілерінде, түркімен, ғағауыз, тува, қазақ және қарақалпақ тілдерінің диалектілерінде *ö> ü ұшырасады: түркім. салыр. ürküç «өркеш», ғағ. вулк. güzel «әдемі», тув. перех. üškü «ешкі», ққалп. солт. gürşek «күпшек», қаз. бат. ügej «жетім», dü-nep «құнан». Зерттеушілер қыпшақ тілдеріндегі ö дыбысының тіл артына қарай ығысатынын айтады. Бұған мысалдарды әзірбайжан, құмық, татар, түрік және балқар говорларынан келтіруге болады: әзірб., зак. okuz «өгіз», қах. gogurçin «көгершін», эушт. -чат. kok «аспан», құм. қайт. tol «төл», goz «көз», soz «сөз», қбалқ. черек. koz «көз», kol «көл»².

Созылыңқы *ö: – түркі тілдерінің көпшілігінде ö дыбысына сәйкес келеді, түркімен тілінде, оғыз және оғыз тілдері әсер еткен диалектілерде сақталған, якут тілінде üö дифтонгысы пайда болған³.

Қазақ тілінде ө[ö] – тіл ортасы (жіңішке), еріндік, ашық дауысты дыбыс, негізінен сөздің бірінші буынында кездеседі: өш, төрт, төре т.б. Алайда –көй, –гөй қосышалары құрамында екінші және үшінші буындарда айтылып, жазылады: ақылгөй, қаскөй⁴. Ө фонемасы еріндік буындардан кейін айтылады, бірақ жазуда е әрпімен таңбаланады: өзен (өзөн), үшеу (үшөу), үстеу (үстөу). Ә.Жүнісбек бұл дыбысты құранды дыбыстар қатарында қарап,

¹ Demircan Ö. Türkçenin Ses Dizimi. – İstanbul: Der Yayınları, 2001. – S. 41.

² Түркі тілдерінің салыстырмалы-тарихи грамматикасы. Фонетика. / Орыс тілінен аударған А.Алдашева. – Астана, 2009. – Б.80.

³ Түркі тілдерінің салыстырмалы-тарихи грамматикасы. Фонетика. / Орыс тілінен аударған А.Алдашева. – Астана, 2009. – Б.82.

⁴ Оразбаева Ф.Ш., Сағидолда Г., Қасым Б., Қобыланова А., Есенова Қ., Исабекова Ұ. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Принтс, 2005. – Б.140.

құрамындағы дыбыстарды уү дей келе, бұл дыбыстың екінші сыңарына байланысты тілдің тік қалпына қарай қысаң екендігін айтады¹. Ал М.Томанов дифтонгіге ұқсас ө дыбысында алдымен жіңішке қысаң дауыстысының естілетінін, бұл ерекшелік сөздің абсолют басында айтылатын ө дыбысына қатысты болатынын, ал бітеу буындағы ө тек қана монофтонг екенін ескертеді².

Түрік тілінде ö – тіл алды (жіңішке), ашық, еріндік дауысты дыбыс, сөздің тек бірінші буында кездеседі: ömür «өмір», ördек «үйрек», ölçü «өлшем». Оның ашық қысқа (æ) және жартылай қысаң (ø) түрлері орын алады. Сөз ішінде ğ-ның алдында сол сөздегі басқа дауысты дыбыстарға қарағанда ұзағырақ дыбысталады, сондықтан ö дыбысына жартылай созылыңқылық тән деуге болады³. Мысалы: ögle «түс, түскі уақыт», öğret «үйрет»⁴.

Қысқа *u түркі тілдерінің көпшілігінде сақталған. Чуваш тілінде *u > ә бар, ал татар және башқұрт тілдерінде *u > ө, u дауысты дыбысының кеңеюі (*u > ө) байқалады. Мұндай жағдай қазақ және қарақалпақ тілдерінде де кездеседі.*u > y(i) көптеген түркі тілдерінде, әдетте, ерін дауыстыларымен қатар келеді: түрік диал. byjdar «бидай», әзірб., занг. byzaw «бұзау», шор. rulan «бұлан», ақноғ., ққалп. byzaw «бұзау», әзірб., дманис. ruy- «тыңдау», әзірб., орд. bu «бұл», тат. қаз. диал. bə «бұл», түркім. ёмуд. myrt «мұрт», әзірб., караяг. uyr- «ұру», қаз. диал. byz- «бұзу», әзірб., сальян., ноғ. byz «мұз», құм. bygyn «бұрын», түркім. эрсари bylyt «бұлт», тат. нагайбек. bəjaу «бояу», тув. тодж. byza: «бұзау». *u (u > y(i)) дыбысының делабиалдануы дауыстының редукциясына қарай байқалады: құман. qylun «құлын», ққалп. солтүст. yjat «ұят», әзірб., бак. uşay «бала», қаз. диал. žylun «жұлын», түркім. сарық. uja «ұя», ққалп. tyrna «тырна». Кейбір диалектілерде *u > o жағдайы ұшырасады. Мысалы, түрік тілінің айдын диалектісінде dot- «тұту, ұстау», borada «осында». Бұндай сәйкестік түркімен және әзірбайжан диалектілерінде де бар:

¹ Жүнісбек Ә. Қазақ фонетикасы. – Алматы: Арыс, 2009. – Б. 58, 65.

² Томанов М. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – Б. 45.

³ Selen N. Söyleyiş Sesbilimi, Akustik Sesbilimi ve Türkiye Türkçesi. – Ankara: TDK Yayınları, 1979. – S. 45 – 47.

⁴ Demircan Ö. Türkçenin Ses Dizimi. – İstanbul: Der Yayınları, 2001. – S. 41.

түркім. солтүстік. oloqon «үлкен», әзірб., занг. olduz «жұлдыз», од- «ұту», муг. qom «құм», бак. otan- «ұялау». Туыстас тілдерде және диалектілерде кейбір түбір сөздердегі дауыстылар құбылмалы: boz // buz «бұзу», turun // torun «немере», sora- // sura- «сұрау», joxary // juxary «жоғары», bytqa // botqa «ботқа», oɣta- // uɣta- «аттану»¹.

Созылыңқы *u: көптеген түркі тілдерінде u дыбысы түрінде көрініс береді. Түркімен тілінде, оғыз тілдері мен диалектілерінде uw / u:ʷ түрінде кездеседі, ал якут тілінде *u: сақталған².

Қазақ тілінде ұ [u]– тіл арты (жуан), еріндік, қысаң дауысты дыбыс: ұн, ұшақ, құс. Бұл фонема жазуда бірінші буында ұ әрпімен таңбаланады, бірақ бірінші буындағы о, ұ еріндік дауыстыларынан кейін ы әрпімен таңбаланады³: орын (орұн), құрық (күрүк), мұрын (мұрұн). М.Томанов бұл дыбысты басқа түркі тілдерімен салыстыра келіп, қазақ тілінде у мен ы-ның арасындағы дыбыс екенін айтады⁴.

Түрік тілінде u – тіл арты (жуан), қысаң, еріндік дауысты дыбыс: un «ұн», uşak «ұшақ», kuş «құс». Бұл дыбыс та ğ дыбысының түсіріліп айтылуына байланысты ğ- алдында ұзарады⁵: uğultu «үілдеу», uğraş «айналысу». Түрік тіліндегі кірме сөздерде графикалық тұрғыдан û деп таңбаланатын дыбыс жазылуы бірдей, мағынасы басқа-басқа болып келетін сөздерді ажырату үшін қолданылады: şura «мына жер» – şûra «кеңес». Кірме сөздердегі k, g, l әріптерінен кейін келген û жіңішке оқылады: hükûmet «үкімет», Halûk.

Қысқа *ü дыбысы көптеген түркі тілдерінде сақталған: чуваш тілінде бұны ә дыбысы, татар және башқұрт тілдерінде ө дыбысы береді, ал қазақ және қарақалпақ тілдерінде

¹ Түркі тілдерінің салыстырмалы-тарихи грамматикасы. Фонетика. / Орыс тілінен аударған А. Алдашева. – Астана, 2009. - Б.81.

² Түркі тілдерінің салыстырмалы-тарихи грамматикасы. Фонетика. / Орыс тілінен аударған А.Алдашева. – Астана, 2009. - Б.82.

³ Оразбаева Ф.Ш., Сағидолда Г., Қасым Б., Қобыланова А., Есенова Қ., Исабекова Ұ. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Принтс, 2005. - Б.140.

⁴ Томанов М. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. - Б. 45.

⁵ Selen N. Söyleyiş Sesbilimi, Akustik Sesbilimi ve Türkiye Türkçesi. – Ankara: TDK Yayınları, 1979. - S. 35.

фонетикалық тұрғыдан ө типіне жақын. **ü* > *u* – әзірбайжан, құмық және қарашай-балқар диалектілерінде: әзірб., куба *ugumžek* «өрмекші», (*u* < екіншілік *ü* < *ö*), қбалқ. *kurt* «күрті қар», әзірб., диал. *juk* «жүк», иғ «үш», *julguç* «ұстара», құм. кайт. *gun* «күн», *sut* «сүт». **ü* > *ö* – түрік тілінің айдын диалектісінде: *dös* «құлау, түсу», *gön* «күн» және әзірб., куба *ögäk* «жүрек». **ü* > *y(i)* – сөздердің фонетикалық варианттарында кездеседі: түркім. ставр. *hupçu* «моншақ», *ym* «ым».

Созылыңқы **ü*: дыбысы түркі тілдерінің көпшілігінде *ü* дыбысына сәйкес келеді. Түпкітүркілік **ü*: тұрпаты түркімен, якут, оғыз тілдері диалектілерінде сақталған.

Қазақ тілінде *y[ü]* – тіл ортасы (жіңішке), еріндік, қысаң дауысты дыбыс: үлкен, үлес, түк. *Y* фонемасы бірінші буында *y* әрпімен таңбаланады, екінші және кейінгі буындарда *i* түрінде жазылады¹: өнім (өнүм), үміт (үмүт).

Түрік тілінде *ü* – тіл алды (жіңішке), қысаң, еріндік дауысты дыбыс: *üzüm* «жүзім», *yürek* «жүрек», *süt* «сүт». Сөз ішінде *ğ*-ның алдына келген жағдайда оның редукциялануына байланысты, *ü* дыбысы айтылуда ұзарады²: *düğün* «той», *düğme* «түйме».

Қысқа **y* (*i*) түркі тілдерінің көпшілігінде сақталған, оның бірнеше фонетикалық варианттары бар. Чуваш, татар және башқұрт тілдерінде – *y* (*i*) > *ə*; **y* (*i*) > *i* – әзірбайжан тілі диалектілерінде: қарабах. *riçax* «пышақ», куба *qizil* «қызыл», қарашай-балқар: *bişlaq* «сірне», *işan-* «үміттену», түркімен диалектілерінде кездеседі: *si:n* «байқау», қарақалпақ тілінде *şibin* «шыбын», *inap-* «сену», ғағауыз (говорлар): *ildys* «жұлдыз». **y* (*i*) дыбысының тіл алдына шығуы тіл ортасы дауыссыздарымен қатар орналасқанда байқалады. Көптеген түркі тілдерінде *yj* // *ij* тіркесі жарыса қолданылатын фонетикалық дублеттер бар: ққалп. *tujuyn* // *tijin* «тиын», түркім. *ujd* // *ijd* «із»³.

Созылыңқы *y(i)*: якут тілінде – *y*., түркімен тілінде *yj*, оғыз және оғыз тілінің ықпалы болған диалектілерде – *y*: // *yj*, чуваш

¹ Оразбаева Ф.Ш., Сағидолла Г., Қасым Б., Қобыланова А., Есенова Қ., Исабекова Ұ. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Принтс, 2005. – Б.140.

² Selen N. Söyleyiş Sesbilimi Akustik Sesbilim ve Türkiye Türkçesi. – Ankara: TDK Yay, 1979. – S. 50.

³ Түркі тілдерінің салыстырмалы-тарихи грамматикасы. Фонетика. / Орыс тілінен аударған А.Алдашева. – Астана, 2009. – Б.79.

тілінде – уј > ә (хәг «қыз» ~ quјz) түрінде көрініс береді¹.

Қазақ тілінде ы [у немесе і] – тіл арты (жуан), езулік, қысаң дауысты дыбыс: ыстық, қыс, мың. Қысаң фонема болғандықтан, көп буынды сөздерде кейде көмескі естіледі: қат(ы)нас, аз(ы)рақ. Табыс септігінің жалғауын қабылдаған кезде кейбір сөздердің екінші буынында ы фонемасы түсіп қалады: қарын-қарны, халық-халқы.

Түрік тілінде ı [у немесе і] – тіл ортасы (жуан), қысаң, езулік дауысты дыбыс: ırtak «өзен», yıldız «жұлдыз», sır «сыр, құпия». Дауысты дыбыстар арасындағы дыбысталуы тұрғысынан алғанда ең қысқасы болып табылады. Кейбір зерттеушілер бұл дыбысты тіл ортасы дауысты дыбыс деп санайды². Бұл дыбыс та ğ-ның алдында айтылуда ұзарады: sıĝ «таяз», uĝ «жи», tĝ «біз».

Қысқа *i дыбысы түркі тілдерінің көпшілігінде сақталған. Татар, башқұрт, чуваш, хакас, қазақ және қарақалпақ тілдерінде бұл дыбыс қысқа әрі ашық вариант ә дыбысы арқылы беріледі. Түптүркілік *i-ға барып саятын *i > y(i) әзірбайжан диалектілерінде – дманис. dyran- «тірелу» (~әдеби diren-); *i > u ерін дауыстыларымен қатар келгенде: тоф. gum «кім»; *i > ü ерін дауыстыларымен көрші орналасқанда: әзірб., дманис. bübü «әпке», бірақ қбалқ. žütü «өткір» < *itiү, әзірб., мұғ. süz «сіз», ққалп. düze «тізе» кездеседі.

Созылыңқы *i: – түркі тілдерінің көпшілігінде қысқа i дыбысына сәйкес келеді. Якут, түркімен тілдерінде сақталған, ал чуваш тілінде, оғыз және оғыз тілінің ықпалы болған диалектілерде ә түрінде беріледі³.

Қазақ тілінде i – тіл ортасы (жіңішке), езулік, қысаң дауысты дыбыс: іс, тіс, бір, екі. Қысаң фонема болғандықтан, көп буынды сөздерде кейде көмескі естіледі: кеш(i)рім, қас(i)рет. Жалғау жалғанған кезде екінші буынында i фонемасының түсіп қалуы орын алады: ерні, кейпі. М.Томанов қазіргі түркі тілдеріндегі и, i,

¹ Түркі тілдерінің салыстырмалы-тарихи грамматикасы. Фонетика. / Орыс тілінен аударған А.Алдашева. – Астана, 2009. - Б.8.

² Selen N. Söyleyiş Sesbilimi Akustik Sesbilim ve Türkiye Türkçesi. – Ankara: TDK Yay, 1979. - S. 51.

³ Түркі тілдерінің салыстырмалы-тарихи грамматикасы. Фонетика. / Орыс тілінен аударған А.Алдашева. – Астана, 2009. - Б.22.

и дыбыстарының шығу, қалыптасу тегі жағынан бірыңғай және қолданылу жағынан да сәйкес келеді дейді¹.

Түріктіліндеі–тілалды(жіңішке), қысаң, езулік дауысты дыбыс: ікі «екі», bir «бір», tilki «түлкі». Түрік тіліндегі кірме сөздерде графикалық тұрғыдан î деп таңбаланған дыбыс созылыңқы дыбысталуды қажет етеді: azîm «ынта». Созылыңқылықты білдіретін таңба табыс септігінің жалғауын (tarihi «тарихты», askeri «әскерді») сын есім тудырушы –î (tarihiî «тарихи», askeriî «әскери») жұрнағынан ажырату үшін қолданылады.

Қазақ тіліне орыс тілінен енген кірме и, у және ю, я әріптері қазақтың төл дауысты дыбыстарының тіркесін таңбалайды. Мысалы: и – ый, ий (ми-мый, ине-ийне), у – ұу, үу (суық-сұуық, сурет-сүүрет), я – йа, йә (яки-йәкий, яғни-йәғний), ю – йұу, йүү (қою-қойұу, күй-күйүү)².

Көне түркі тілі дауыстылар жүйесінің құрамы қазіргі түркі тілдерінде толық сақтаған деуге болады. Мұны Орхон, Енисей, Талас ескерткіштері тіліндегі дауыстылар жүйесінің қазіргі қыпшақ тобындағы дауыстылар жүйесі құрамынан ерекше ажыратылмайтыны көрсете алады. Басты ерекшелік – қазіргі тілдерде ä дыбысының дербес фонема ретінде қолданылуында ғана. Қазіргі түркі тілдерінің көпшілігінде қолданылатын ä дауыстысы Орхон-Енисей ескерткіштері тілінде де қолданыста болғанын, көне түркі әліпбиі дауыстылар жүйесі 9 фонемадан тұратынын көрсететін еңбектер бар³. Ғ.Айдаров өз еңбектерінде тек е дауыстысын ғана қолданса, И.Л.Кызласов, Л.С.Левитская тәрізді белгілі түркітанушылар ä, е дыбыстары бір фонеманың варианттары ретінде қатар қолданыста болған деген пікірде⁴.

Қазіргі түркі тілдерінің, орта ғасыр түркі тілдерінің деректері негізінде, кей тілдерде ä фонемасының қолданылмауына байланысты мамандар таза түркілік фонема ретінде е дыбысын

¹ Томанов М. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы. – Алматы, 1992. - Б. 49.

² Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. - Б. 21.

³ Языки мира. Тюркские языки. – Бишкек: Кыргызстан, 1997. С. 91, 93; Кононов А. Н. Грамматика языка тюркских рунических письменностей VII-IX вв. – Л.: Наука, 1980. - С. 60.

⁴ Кызыласов И. Л. Рунические письменности Евразийских степей. – М., 1994. - С. 137; Левитская Л. С. Историческая фонетика чувашского языка. – М., 1966. - С. 9.

таниды, *ä* дыбысы кірме элемент ретінде қарастырылады. К.Мұсаев Сібір түркі тілдері дауыстылар жүйесінде *ä* дыбысының қолданылмауын, олардың араб әліпбиін пайдаланбауымен, сондықтан да ол тілдер араб-парсы ықпалына ұшырамағандығымен, түркілерге *ä* фонемасының келуін түркі халықтары мен парсылардың тығыз қарым-қатынаста болып, парсы мәдениетінің түркілер арасында кеңінен таралуымен байланыстырады¹. Ә (*ä*) дыбысын түркі тілдері фонологиялық жүйесінің дамуындағы кейінгі құбылыс ретінде таныған Н.А.Баскаков көне түркілік дауыстылар жүйесіне аталған дыбысты қоспайды, Иран субстратының ықпалына ұшыраған жалпытүркілік вокализмдер жүйесінің деформациалануы нәтижесінде қалыптасқан *ä* дауыстысының қолданыс аясы оғыз тобындағы әзірбайжан, гагауыз, қарлұқ тобындағы ұйғыр, өзбек, қыпшақ тобындағы татар, башқұрт тілдерімен ғана шектелетінін көрсетеді².

Көне түркі тілі дауыстылар жүйесінің құрамын толық сақтаған қазіргі қыпшақ тілдеріндегі вокализмдер жүйесі аздаған артикуляциялық ерекшеліктері бар 8-9 дауыстыдан тұрады. Салыстырсақ³:

¹ Мусаев К. О девятой гласной фонеме *ä* в древнетюркских языках рунических памятников и в протюркском // Түркология. № 1. 2004.- С. 48, 49, 53.

² Баскаков Н.А. Историко-типологическая фонология тюркских языков. – М.: Наука, 1988. - С.96

³ Қараңыз: Языки мира. Тюркские языки. – Бишкек: Кыргызстан, 1997; Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Фонетика. – М.: Наука, 1984; Баскаков Н.А. Историко-типологическая фонология тюркских языков. – М.: Наука, 1988; Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002; Грамматика карачаево-балкарского языка. Под ред. Н.А.Баскакова. – Нальчик, 1976; Кыргыз тилинин грамматикасы. Морфология жана фонетика. – Фрунзе: Илим, 1980; Татарская грамматика: происхождение языка. Фонетика. Фонология. Графика и орфография. Орфоэпия. Словообразование. – Казань, 1993, т. I; Грамматика современного башкирского литературного языка. – М., 1981, т.б.

№ Тілдер	Жасалуы				Тілдік қағар			
	ашық	жартылай ашық	Қысаң	жартылай қысаң	Тіл алды		Тіл ортасы	
					езу	ерін	езу	ерін
Орхон, Енисей, Талас ескерткіштері тілі	a e	o ö	ı i u ü		i e	ü ö		a ı u o
Ескі қыпшақ ескерткіштері тілі	a e o ö		i ı u ü		i e	ü ö		a ı u o
Қазақ	a ä e o ö		ı ı u ü				i ä e ü ö	a ı u o
Қарақалпақ	a ä e o ö		j(ij) ü ı u		j(ij) ä e	ü ö		a ı u o
Ноғай	a ä e o ö		j(ij) ü ı u		j(ij) ä e	ü ö		a ı u o
Башқұрт	a ä	o ö	j(ij) ü	e ı	j(ij) e ä	ü ö		a ı u o

Татар	а ä	е ө ı о	j(ij) ü u	u е ä	ü ö				а ı	u о
Қарайым	а э ө о		j(ij) ü ı u	j(ij) э	ü ö				ı а	u о
Қарашай-балқар	а э(е) jo(ё) о	j(ij)		j(ij) э(е)	ju (ю) jo (ё)				а ı	u о
Құмық	а е ө о		u ü w (uw) ı	u е	ü ö				а ı	о w (uw)
Қырғыз	а аа	ö öö э ээ о оо	ü üü j(ij) ı u uu	j(ij) э, ээ	ü, üü ö, öö	ı			а, аа	u, uu о, оо
Қырым татарлары	а, е о, ө		u, ü ı, uw	u е	ü ö				а, ı	u, o ***

§4. Түркі тілдеріндегі созылыңқы дауысты дыбыстар

Түркі тілдерінің дауыстылар жүйесінде созылыңқы дауыстылардың даму тарихы жаңғыртылған арғыалтайлық созылыңқы дауыстыларға барып саяды. Алтайтанушы лингвистер арасында «созылыңқы дауысты дыбыстар алтай тілдерінің көне кезеңдерінде болды, ал екінші қатарлы созылыңқы дауыстылар дауысты-дауыссыз немесе дауысты-дауыссыз-дауысты дыбыстар бірлігінің нәтижесінде дамыды» деген пікір орын алады. Созылыңқы дауыстылар бастапқы және екінші қатарлы дауыстылар болып екіге бөлінеді.

Түркі тілдерінде бастапқы созылыңқы дауысты дыбыстардың сол қалпын сақтауы да (мысалы: түркімен *āt* «есім» = якут *āt*; түркімен *āš* «аш» = якут *ās*; түркімен *bār* = якут *bār* «бар»; түркімен *gāz* «қаз» = якут *xās*; түркімен *yāz* «көктем» = якут *sās*; түркімен *ōt* «от» = якут *uot*; түркімен *güök* «көк» = якут *küöx*; түркім. *düört* «төрт» = якут *tüört*, т.б.) немесе қысқа дауысты дыбыстарға айналуы да (мысалы, түрік *od* < **ōt* «от», *ot* «шөп»; *oda* < **ōtaγ* «бөлме» т.б.), басқа сипаттағы созылыңқы емес дауысты дыбыстарға өзгеруі де (мысалы, сагай *ut* < **ōt* «от», *ül* < *öl* «дымқыл» т.б.), қатар қолданылуы да (**āš* > якут *ās* «аш», алайда **taγ* > якут *tīa* (*tā* емес), **yōq* > якут *suox* «жоқ» және *yoyan* > якут *suon* «қалың»; **tört* > якут *tüört* «төрт» және **ögrän-* > якут *üörän-* «үйрену, оқу» т.б.) орын алады. Ал жаңа түркі тілдерінің біразында бар екінші қатарлы созылыңқы дауыстылар көне және орта түркі тілдерінде кездеспейді. Мысалы: көне түркі *oγul* «ұл» > тува, сагай, шор *ōl*, алтай, қырғ. *ül*, якут *uol*; көне түркі *aγiz* «ауыз» > тува, сагай, шор *ās*, алтай *ōs*, қырғ. *ōz*, якут *uos*; көне түркі *taγ* «тау» > алтай *tū*, қырғ. *tō*¹.

Чуваш тілінде екінші қатарлы созылыңқы дауысты дыбыстар болмағанымен, бастапқы созылыңқы дауысты дыбыстар кездеседі. Мысалы: *öö* > *äva*, *ē* > **iä* > *yā* чув. *kävak* < **kök* «көк»

¹ Poppe N. Introduction to Altaic Linguistics. – Wiesbaden, 1965. P.; Исследования по сравнительной грамматике тюркских языков. I. Фонетика. – М., 1955; Räsänen M. Materialien zur Lautgeschichte der turkischen Sprachen. – Helsinki, 1949. (SO,XV).-249 S. Пер. на русс. яз. 1955

= якут *küöx*, түркім. *güök*; чув. *tävattä* < **tört* «төрт» = якут *trüöt*, түркім. *düört*; чув. *yal* < **ial* < **iäl* < **el* «ел, ауыл». Оларды, көп жағдайда, созылыңқы емес дауыстылардан бірден ажырату да қиынырақ соғады (чув. *xur* < **qār* «қаз» = якут *xās*, түркім. *gāz*; чув. *ut* < **at* «ат» = якут, түркім. *at*).¹

Арғытүркі тектіліндегі (түптүркілік) созылыңқы дауысты дыбыстардың түркімен тілінде тұрақты, Хорасан және Хорезм ауқымындағы оғыз тілдерінде тұрақсыз дыбыс ретінде сақталғаны, әзірбайжан және түрік тілдерінде көптеген екінші аллофондық іздерінің бары белгілі. Сондықтан оғыз тілдері басқа тілдік топтарға қарағанда жалпытүркі (арғытүркі немесе түпкітүркі) тектілінің осы ерекшелігін сақтап қалған тілдер болып саналады²: арғытүркі. **āt* > түркім. *āt*, түрік., әзірб. *ad* «ат, есім»; арғытүркі. **āş* > түркім., шағат. *āş*, түрік., әзірб., *aş* «аш (аштық)»; арғытүркі. **hārı* > шағат. *ārı*, түрік. *arı* «ара»; арғытүркі. **öt* > түркім. *öt*, түрік., әзірб. *od* «от, жалын»; арғытүркі. **tüş* > түркім. *düyş*, түрік. *düş* «түсу, құлау»; арғытүркі. **tört* > түркім. *dört*, түрік., әзірб., *dörd* «төрт» т.б.

Жалпытүркі тек тілінің дауыстылар жүйесінде орын алған созылыңқылықты сақтаған тілдердің бірі ретінде түрік тілінің дыбыстық жүйесіне қатысты зерттеулерге зер салсақ, созылыңқы дауыстылардың табиғаты туралы пікірлерде қайшылық бары байқалады. Мәселен, А. Кононов, Ергин Мухарем тәрізді ғалымдар дауыстылардың созылыңқылығы түрік тілінің төл дыбыстық жүйесіне тән емес құбылыс деп санайды, созылыңқы дауыстылар негізінен *adalet* (*ada:let*) «әділет», *idare* (*ida:re*) «әкімшілік», *şair* (*şa:ir*) «ақын», *şube* (*şu:be*) «филиал» т.б. араб-парсы тілдерінен енген кірме сөздер құрамында ғана кездеседі деген пікірге ден қояды³. Ал еуропалық зерттеушілер түрік тіліндегі созылыңқылықты араб және парсыдан енген кірме сөздерге қатысты дауысты дыбыстардың созылыңқылығы және

¹ Ramstedt, G. J. Zur Frage nach der Stellung des Tschuwassischen, JSFOu 38: 1 (1922), 12-13

² Süer Eker. Çağdaş Türk Dili. 7 Baskı. – Ankara, 2011. – S. 115.

³ Кононов А. Н. Грамматика современного турецкого литературного языка. – М. –Л.: Издательство АН СССР. 1956. – С. 21; Ergin Muharrem. Türk Dil Bilgisi. – İstanbul: Bayrak Basım Yayım, 1999. – S. 42 – 43.

дауысты дыбыстар арасында, немесе дауысты дыбыстан кейін ğ-ның айтылмауынан пайда болатын созылыңқылық деп екіге бөліп қарастырады¹.

С.Экер дауысты дыбыстардағы созылыңқылықтың мынадай жағдайларда байқалатынын айтады: а) кірме сөздердегі бірінші дәрежелі созылыңқы дауыстылар; ә) кірме фонемалардың түсірілуінен пайда болған созылыңқылық; б) түрік сөздеріндегі бірінші дәрежелі созылыңқы дауыстылар; в) түрік сөздерінде ğ және v себеп болған созылыңқылық; г) түрік сөздерінде басқа фонетикалық құбылыстардың нәтижесінде пайда болған екінші дәрежелі созылыңқылық; ғ) дауысты дыбыстың интонациялық созылыңқылығы². В.Жошкун түріктілі алфавитіндегі ğ-ның графема екенін, ол алдында тұрған дауысты дыбыстарды ұзартатынын айта келе, түрік тілін созылыңқы дауысты дыбыстарға бай тіл деп санайды³.

Қорыта айтқанда, лингвоэволюциялық үдерісті құрылымының барлық деңгейлерін – фонетика-фонологиялық жүйені, морфологиялық құрылым мен синтаксистік конструкцияны, лексикалық құрамды, семантикалық жүйені қамти отырып кешенді түрде жүреді. Дыбыстардың қалыптасуы дыбыстық тілдің қалыптасуымен қатар жүретін құбылыс болуына орай фонетика-фонологиялық жүйенің өзгерісі барлық деңгейлерге ықпал етеді және тұтас тілдік құрылымдағы өзгерістердің іргетасын құрайды. Сондықтан ұзақ тарихи-лингвистикалық даму жолынан өткен түркі тілдерінің фонетика-фонологиялық жүйесі де өзіндік ерекшеліктерімен дараланады.

Қазіргі түркі тілдерінің дауысты дыбыстар жүйесі арғыалтайлық тектілдік, түптүркілік (арғытүркілік) тектілдік, көне және орта түркілік кезеңдерден қазіргіге дейінгі даму сатысында айтарлықтай өзгеріске ұшырай қоймаған деуге болады. Тіптен, қазіргі тілдердің өзінде, айталық, түрік тілінде кезлесетін *ā, ī, ū* созылыңқы дауыстыларды ескермегенде,

¹ Underhill R. Turkish // Studies in Turkish linguistics. Amsterdam and Philadelphia: John Benjamins. 1986. - S. 10.

² Eker S. Türkçenin sesbirimleri ve belirgin altsesbirimleri // Turcology in Turkey. Studia uralo-altaica 47. – Szeged, 2007. - S. 181–198.

³ Coşkun V. Türkçenin Ses Bilgisi. – İstanbul: IQ Kültür Sanat Yayıncılık, 2008. - S. 159.

қыпшақ типті қазақ және оғыз типті түрік тілдеріндегі дауысты дыбыстардың жалпы сипаты негізінен бірдей болып келеді. Ерекшелік тек тілдің қатысына қарай жасалған дауыстыларға қатысты орын алады, яғни қазақ тілінде тіл алды дауысты дыбыстары болмайды, ал жіңішке дауысты дыбыстар тек тіл ортасы дауыстылары. Керісінше, түрік тілінде барлық жіңішке дауысты дыбыстар тіл алды дыбыстары болып табылады

II ТАРАУ

ТҮРКІ ТІЛДЕРІНІҢ ДАУЫССЫЗ ДЫБЫСТАР ЖҮЙЕСІ

§1. Қазіргі түркі тілдерінің дауыссыздар жүйесінің жалпы сипаты

Түркі тілдерінің байырғы консонантизмі құрлымы бөтен тілдермен (герман, семит т.б.) салыстырғанда, сапа, түр жағынан өзгеше болумен бірге, көп көріністі емес, бірөңкей болып келеді, сан жағынан да бір-бірімен қарайлас. Дейтұрғанмен, әр тілдің дербестік сипатына, тілге ықпал еткен тарихи, мәдени, саяси т.б. сипаттағы әртүрлі экстралингвистикалық жағдайларға байланысты түркі тілдерінде дауыссыздар саны әр қилы болып келеді. Мәселен, «Көне түркі жазба ескерткіштері тілінде арнаулы графикалық таңбамен белгіленген дауыссыз фонемалар саны – 16-17 болатын болса, қазіргі түркі тілдерінде, атап айтқанда, қарақалпақ тілінде 26, башқұрт тілінде 28, татар тілінде 24, қырғыз тілінде 22, өзбек тілінде 28, ұйғыр тілінде 24, түркімен тілінде 22, чуваш тілінде 24 фонема айтылады. Дауыссыз фонемалардың сан жағынан әр тілде әртүрлі болуы, бір жағынан әр тілдің өзіндік даму ерекшеліктерінен туындаса, екінші жағынан, әртүрлі экстралингвистикалық факторлардың жемісі» – дей келе М.Томанов қазіргі түркі тілдерінің барлығына ортақ 23-25 дауыссыз фонема бар деп көрсетеді¹: сөз басында 7 дауыссыз фонема айтылады (кейбір ауытқуларды еске алмағанда), оның төртеуі – шұғыл дауыссыздар (б, т, қ, ч), біреуі – мұрын жолды (м), екеуі – ызың – с, й. Сөздің ортасы мен соңында 17 да-

¹ Томанов М. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы. – Алматы, 1992. – Б. 50.

уыссыз айтылады, олардың 7-і шұғыл – п, б, д, к, қ, г, ч, 4-і мұрын жолды – м, р, ң, н, 4-і ызың дауыссыздар – й, с, з, ш, екеуі – діріл дыбыстары – л, р, сөз соңындағы шұғылдар екі вариантты, ғ, г ұяң дауыссыздары сөз ішінде тұрақты болып келеді. Сөздің абсолют басында бір ғана дауыссыз айтылады, яғни сөз басында дауыссыздардың қабаттасып келуі түркі тілдерінде тән емес.

«Түркі тілдеріндегі дауыссыз дыбыстар жасалу органдарының қатысына қарай ерін дауыссыздар (байырғы түркі сөздері құрамындағы м, б, п және көбіне кірме сөздер құрамында кездесетін в, ф), дыбысталуына, тілдің қатысына қарай тіл алды (с, з, д, т, р, н, дж т.б.), тіл ортасы (к, г, ч, й, т.б.) және тіл арты (қ, ғ, х)» – деп іштей жіктелетінін айта келе, М.Томанов аталған жіктеліс белгілерінің түркі тілдерінің бәрінде бірдей кездесе бермейтінін, бұл жеке тілдің даму ерекшеліктеріне байланысты екенін ескертеді¹. Мәселен, орта түркі тілі лексикасы мен қазақ тілі лексикасы арасындағы сабақтастықты XIV ғасыр жазба ескерткіштері негізінде зерттеген М.Сабыр зерттеуіне зер салсақ, қазіргі қазақ тіліндегі негізінен орыс тілінен енген кірме сөздерде дыбысталатын тіс-ерін в, қазақтың төл дыбыстары саналатын ерін-ерін б және у дыбыстарының ортатүркілік қалып күйі мынадай болып келетінін аңғарамыз. М.Сабыр: «в және у дыбыстары орта ғасырларда қыпшақтар мен оғыздардың тілін бір-бірінен ажырататын фонетикалық белгілердің бірі болған. Қазіргі у дыбысымен тектес болып келетін ұ [w] дыбысын арабша ڤ деп белгілеу XI-XIV ғасырлардағы тарихи жазба ескерткіштердің ішінде Махмуд бин Али ас-Сарайидың «Нахдж әл-фарадис», Құтыптың «Хұсрау мен Шырын» жәдігерліктерінде кездеседі. Ал «Гүлистан» мен «Мұхаббат - намеде» бұл дыбыс ڤ – в таңбасымен берілген. Махмуд Қашқари «Диуанында» ерін-тіс ڤ – в дыбысы мен ерін-ерін ڤ – ұ дыбысы ажыратылып беріледі. «Нахдж әл-фарадис» пен «Хұсрау мен Шырын» да кездесетін ав «ау», «Гүлистан» мен «Мұхаббат - намеде» - ау «ау»сөзі Орхон-Енисей ескерткіштерінде аб «ау» түрінде кездеседі. Демек, орта ғасырларда б дауыссызының в және у аллофондары жарыса

¹ Томанов М. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы.– Алматы, 1992. -Б. 51.

қолданылған» – дейді¹. Олай болса, қазақ тілі жалпытүркілік *b дыбысына барып саятын оғыздық тектілдік v[u] және қыпшақтық тектілдік y [w] фонемаларының у [w] түріндегі қыпшақтық тұлғасын сақтап қалғаны, ал тіс-ерін v дыбысы орта ғасырлардан кейінгі кезеңдерде ерекше қарқын алған қазақ-орыс тілдік байланысының нәтижесі екені сөзсіз.

М.Томанов: «Егер бүкіл консонантизм жүйесінің дамуытүркі тілдерінде дауыссыз дыбыстардың көп түрлілігіне алып келсе, екінші сөзбен айтқанда, баюына алып келсе, бұл процесс жеке тілдер тарихында бірыңғай, біртектес болған емес. Бірыңғай болмау себебі: жеке халықтың этногенезі өзімен туыстас екінші бір халықтың этногенезімен бірдей бола бермеуінде емес. Әлеуметтік, географиялық жағдайдың салдарынан жеке бір халықтың тарихи дамуы басқа туыстарынан өзгеше болып отырады. Әлеуметтік, географиялық жағдаймен байланысты ол халық бір халықтармен әр түрлі қарым-қатынасқа түседі. Осының бәрі оның тілінде өзінің іздерін қалдырады. Тіл білімінде экстралингвистикалық фактор деп аталатын жағдайлардың салдары тек тілдің лексикалық қорына әсер етіп қоймайды, фонтикалық жүйесіне де белгілі дәрежеде ықпал жасайды. Жеке түркі тілдері құрамында дауыссыздар жайында да осы тұжырымды айтуға болады» – дейді². Олай болса, түркі тілдерінің дауыссыздар жүйесінің қазіргі сипатын нақты, дәлме-дәл көрсету үшін бүгінде атқаратын әлеуметтік-қоғамдық қызметі, тілдік мәртебесі, қолданыс аясы (мемлекеттік, аймақтық, шағын т.б.) әртүрлі болып келетін отыздан астам түркі тілдерінің барлығын қаз-қатар алып салыстырудан гөрі, жеке тілдераралық деңгейлердегі салыстырудың дәйектемелік күші жоғары болады. Себебі жаппай салыстыру жағдайында негізі, басты деп саналатын тілдік фактілерге айрықша мән беріледі де, ал әр тілдің ерекшелігін танытатын көптеген деталь өзінің маңыздылық күшін жояды. Осы тұрғыдан келгенде, қазіргі қазақ қазіргі түрік тілдері дауыссыздар жүйесінің салыстырмалы

¹ Сабыр М. Орта түркі тілі лексикасы мен қазақ тілі лексикасының сабақтастығы (XIV ғасыр жазба ескерткіштері негізінде). – Алматы, 2004.- Б. 41-43.

² Томанов М. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы. – Алматы, 1992.- Б. 50.

сипаттамасын осы тілдердің дыбыстық жүйесін арнайы зерттеген ғалымдардың ғылыми пікірлеріне, қорытынды тұжырымдарына сүйеніп жасаудың маңызы зор.

Қазақ ғалымдарының айтуынша қазіргі қазақ тілінде барлығы 26 дауыссыз дыбыс бар: б, в, г, ғ, д, ж, з, й, к, л, м, н, п, р, с, т, у, ф, х, ц, ч, ш, қ, ң, щ. Мұның он жетісі қазақтың төл дауыссыз дыбыстары болып есептелінеді: б, ғ, г, д, ж, з, й, к, л, м, н, ң, п, р, с, т, у, ш. Қазақ тіліндегі в, ф, х, һ, ц, ч дауыссыздары кейіннен орыс тілінің әсерімен қосылған, байырғы сөздерде қолданылмайтын дауыссыз дыбыстар. Қазақ тілінде к және г дыбыстарынан басқа байырғы дауыссыз дыбыстар әлипбилік айтылымда бы, ғы, ды, жы, зы, йы, қы, ыл, мы, ны, пы, ыр, сы, ты, ұу, шы болып, бірыңғай жуан дыбысталады. А.Байтұрсынов қ, ғ дыбыстарының ешқашан жіңішкермейтіні сияқты, к, г дыбыстарының да ешқашан жуандамайтынын атап айтады¹. Ж. Аралбаев қ, ғ к, г дыбыстары туралы: «ғ к, г тілдің даму барысында дербес фонемаларға айналған бір ғана қ фонемасының аллофондары» – дейді².

Түрік тілінде, негізінен, b, c, ç, d, f, g, ğ, h, j, k, l, m, n, p, r, s, ş, t, v, y, z болып келетін 21 дауыссыз дыбыс бар деп саналады. Әліпбилік айтылымда дауыссыз дыбыстарға е дауыстысы тіркеледі: be, se, çe, de, fe, ge, ğe, he, je, ke, le, me, ne, pe, re, se, şe, te, ve, ye, ze.

Түрік тілінде 25 дауыссыз дыбыстардан тыс, ауызекі тілдік қолданыста жуан ğ, һ, қ, ң дыбыстары кездеседі. Қазіргі түрік тілінде k мен қ, g мен ğ дауыссыздарының дыбысталуындағы айырмашылық жуан және жіңішке дауыстымен қатар келген кезде байқалады. Мысалы: kol «қол» және keklіk «кекілік», ğıdık «қытық» және ğönül «көңіл» т.б. Сол сияқты ğ әрпі де екі дауыссыз дыбысты таңбалайды³: k және g дауыссыздары екі дауысты дыбыс арасында ұяңданып, ğ дыбысына айналады. Мысалы: şıktık-ı > şıktığ-ı «шыққаны», karak-ını > karağ-ını. Ал g дауыссызының екі дауысты арасында жұмсаруы орын алатын dirsek-i > dirseği > dirseği «шынтағы», ğirdik-inde > ğirdiginde > ğirdiğinde «ол кіргенде».

¹ Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. - Б. 8.

² Оразбаева Ф.Ш., Сағидолда Г., Қасым Б., Қобыланова А., Есенова Қ., Исабекова Ұ. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Принтс, 2005. - Б. 142.

³ Ergin M. Türk Dil Bilgisi. – İstanbul: Bayrak Basım Yayım, 1999. - S. 45.

Бұл жердегі ğ дыбысы k-ның жұмсаруынан пайда болған ğ дыбысынан сәл өзгешелеу, g дауыссызының жұмсаруынан пайда болған ğ дыбысы у[й] дыбысындай айтылады. Мысалы dirseği сөзін dirseyi, girdiğinde сөзін girdiyinde деп дыбыстауға болады. Сөздің аяғында және жалғау соңындағы ğ дыбысынан басқа сөз түбіріндегі ğ дауыссызы дауысты дыбыстардың жуандық жіңішкелігіне қарай үйлесе дыбысталады.

Алдындағы және өзінен кейін келген дауысты дыбыстардың жуан және жіңішкелігіне қарай екі түрлі дыбысталатын дауыссыздардың бірі – l. Мысалы: kala,ilim, dolar, pl»aj, sel»am, hala, hâl»â т.б.

Дауыссыз дыбыстар акустика-артикуляциялық ерекшеліктеріне қарай үш топқа бөлінеді: а) дауыстың қатысына қарай, ә) ауаның шығу жолына қарай, б) жасалу орнына қарай.

Қазақ тілінде дауыссыз дыбыстар дауыстың қатысына қарай үнді (л, м, н, ң, р, й, у), ұяң (б, в, г, ғ, д, ж, з), қатаң (п, ф, к, қ, т, ш, с, х, һ, ц, ч) болып бөлінеді. Үнді дауыссыз дыбыстарда дауыс (тон) басым, салдыр аз болады, ал ұяңдарда керісінше салдыр басым, дауыс аз болады. Қатаң дауыссыз дыбыстар болса тек қана салдырдан жасалады.

Түрік тілінде дауыссыздар дауыстың қатысына қарай қазақ тіліндегідей үшке емес, ұяң (b, c, d, g, ğ, j, l, m, n, r, v, y, z) және қатаң (ç, f, h, k, p, s, ş, t) болып екіге бөлінеді. Бұлар өзара мынадай жұптар құрайды: b-p, c-ç, d-t, g-k, ğ-h, j-ş, v-f, z-s. Түрік тілінде қатаң және ұяң дауыссыз дыбыстар tonlu-tonsuz, sedalı-sedasız¹, ünlü-ünsüz², ötümlü-ötümsüz³ деп әр түрлі аталады.

Қазақ тілінде дауыссыз дыбыстар ауаның шығу жолына қарай шұғыл(п, б, т, д, к, г, қ, ц, ч, м, н, ң), ызың (ф, в, с, ш, ж, з, х, һ, ғ, л, й, у), діріл (р) дауыссыз дыбыстар болып бөлінеді. Ал түрік тілінде дауыссыздар ауаның шығу жолына қарай жабысыңқы (шұғыл) (b, c, ç, d, g, k, p, s, ş, t), ызың (f, ğ, h, j, s, ş, v, z), үнді (l, m, n, r, y) болып жіктеледі. Шұғыл фонемалар айтылғанда дыбыстау мүшелері біріне бірі жабысып, ауа кенеттен үзіледі. Ал ызың

¹ Ergin M. Türk Dil Bilgisi. – İstanbul: Bayrak Basım Yayım, 1999. - S. 46.

² Banguoğlu T. Türkçenin Grameri. – Ankara: TDK Yayınları, 2007. - S. 42.

³ Aksan D. Her Yönüyle Dil Ana Çizgileriyle Dilbilim. – Ankara: TDK Yayınları, 2000 - S. 36.

дауыссыз дыбыстар айтылғанда дыбыстау мүшелері біріне бірі жақындап, ауаның жолы тарылады, бірақ ауа үзілмейді. Діріл дауыссыз дыбыс тіл ұшының дірілдеуінен пайда болады. Қазақ тіліндегі дауыссыз дыбыстар жасалу орнына қарай ерін (п, б, в, ф, м, у), тіл (т, д, с, з, ш, ж, ц, ч, қ, г, қ, ғ, х, ң, л, р, й), көмей (h) дауыссыздары болып жіктеледі. Ерін дауыссыз дыбыстары іштей еріндік (п, б, м, у) және тіс пен ерін (ф, в) болып екіге бөлінеді. Ал тіл дауыссыз дыбыстары тіл алды (т, д, с, з, ш, ж, ц, ч, н, л, р), тіл ортасы (й) және тіл арты (қ, г, қ, ғ, ң, х) болып үшке бөлінеді.

Түрік тіліндегі дауыссыз дыбыстар жасалу орнына қарай ерін (b, p, m), тіс-ерін (f, v), тіс (d, t, n, s, z), таңдай-тіс (c, ç, j, ş), алдыңғы таңдай (g, k, l, r, y), артқы таңдай (ğ, ğ, q, h), көмей (h) дауыссыз дыбыстары болып бөлінеді. Дауыссыз дыбыстардың жасалу орнына қарай жіктеуде түрік тіл білімінде пікір қайшылығы орын алады деуге болады. Мәселен, А.Н. Кононов дауыссыз дыбыстарды жасалу орнына қарай ерін және тіл (алдыңғы тіл, орта тіл, артқы тіл) деп жіктейді, ал жасалу әдісіне қарай жабысыңқы және ызыңнан басқа діріл дауыссызын, аффрикаттар мен мұрын жолды дауыссыздарды көрсетеді¹. М.Хенгирмен дауыссыз дыбыстарды: қос ерін (b, p, m), тіс-ерін (f, v), тіс еті (d, t, n, s, z), тіс еті - таңдай(c, ç, j, ş), алдыңғы таңдай(g, k, y), артқы таңдай(ğ, ğ, q), көмей фонемасы (h) деп жіктейді².

Түркі тілдерінің фоетика-фонологиялық жүйесіне тән дыбыстардың ықшамдалуы, түсуі, сөз басында дыбыстардың қосарлана айтылуы, сөз ортасында дауыссыздар арасына дауыстының сыналай ену т.б. көптеген заңдылықтар қазақ және түрік тілдерінің дауыссыздар жүйесінен айқын көрініс береді. Мәселен, сырттан енетін кірме сөздерді әр тіл өзінің ғасырлар бойы қалыптасқан дыбыстық жүйесінің заңдылықтарына сай меңгереді, кірме дыбыс сол тілдің төл дыбыстарына қарай бейімделеді десек, қазақ және түрік тілдеріндегі кірме сөздер де осы тілдердің дыбыстық жүйелерінің заңдылықтарына сай бейімделгені, сөйтіп сөздік құрамға сіңіскені сөзсіз.

¹ Кононов А. Н. Грамматика современного турецкого литературного языка. – М., -Л.: Издательство АН СССР, 1956. - С. 27.

² Hengirmen M. Türkçe Dilbilgisi. – Ankara: Engin, 2002. - S. 66.

Белгілі бір тілдің дыбыстық жүйесі кірме сөздерді икемдеу, игеру барысында ол сөздердің құрамындағы жеке дыбыстардың түсірілуі немесе басқа бір дыбыстың қосарланып айтылуы, я болмаса төл дыбыстармен алмастырылуы мүмкін. Демек тіл-тілде болып жататын фонетикалық құбылыстар сөздің құрамында болатын дыбыстық өзгерістерге де белілі дәрежеде қатысты болып келеді.

Протеза – сөздің басындағы дауыссыз дыбыстың алдына екінші бір дыбыстың қосылып айтылуы. Қазақ және түрік тілдерінде көбінесе л, р және с дыбыстарының алдына айтылымды жеңілдету үшін көбінесе қысаң дауысты дыбыс қосылып айтылады. Түрік тілінде кей жағдайда бұл дыбыстардың алдына дауыссыз дыбыс қосылуы мүмкін. Мәселен, қазақ тілінде: стол > үстөл, леген > ілеген, лаж > ылаж т.б.; түрік тілінде: limon > ilimon, Rum > Urum, steam > istim, örküş > hörgüş, ur- > vur- т.б.

Қазақ тілінде р - мен басталатын кірме сөздерді меңгеруде оның алдына о, е дауысты дыбыстарын қосу құбылысы көрініс береді. Мысалы: ораза (руза), орамал (румал), ережеп (раджап), орыс (русский)¹.

Эпентеза – сөз ішіндегі дауыссыз дыбыстардың арасына дауысты дыбыстың қыстырылуы. Бұл құбылыс қазақ және түрік тілдеріне басқа тілден енген сөздерде кездеседі. Екі тілде де сөз аяғындағы екі дауыссыз дыбыс арасына қысаң дауысты дыбыс қосылады. Түрік тілінде эпентеза құбылысында дауыссыз дыбыстың қосылуы да кездеседі. Мәселен, қазақ тілінде: жеребе (< орыс. жребий), пүліш (< орыс. плюш); түрік тілінде: film < filim, gırev «митинг» < grev, şükür < şükr, kılınc < kılıç, tüfenk < tüfek.

Эпитеза – дауыссыз дыбыспен аяқталған сөздің соңына дыбыстың қосылуы. Бұл құбылыс қазақ тілінде, әсіресе, дауыссызға біткен кірме сөздерге дауыссызбен басталатын қосымшалар жалғанған кезде көрініс береді. Мұнда кірме сөз бен қосымша арасына дауысты дыбыс түседі. Мысалы: киоск – киоскіге, диск – дискіні, факт-фактілеу т.б. Түрік тілінде эпитеза кірме сөздердің соңына дауыссыз дыбыстардың қосылуы түрінде көрінеді. Мысалы: reyda > reydah, kehruha > kehribar т.б.

¹ Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. – Б. 82.

Апокопа – сөздердің соңындағы дыбыстардың қысқартылып ықшамдалуы, кейіннен түсіп қалуы. Бұл құбылыс та қазақ және түрік тілдерінің сырттан енген кірме сөздерді меңгеруі, тіл жүйесіне бейімдеуіне байланысты айқын көрініс береді. Мәселен, өзінің о бастағы төл тілдік жүйесінде, яғни араб-парсы тілдерінде тахт, бахт, дост болып келетін сөздерді қазақ тілі соңғы т дыбысын түсіріп, тақ, бақ, дос түрінде меңгерді дейтін болсақ, direkt, afv, zamm тәрізді бөгде тілдердегі сөздерді түрік тілінің дыбыстық жүйесі direk, af, zam түрінде бейімдеді.

Редукция құбылысы қысаң дауыстылардың, әсіресе екпінсіз буындағы дауысты дыбыстардың әлсіреп, көмескіленіп айтылуына қатысты болады. Бұл құбылыс кірме сөздер бойынан да, қазақ және түрік тілдерінің байырғы төл лексикаларынан да көрініс береді. Мәселен, қазақ тілінде: жұдырық > жұдрық, қатынас > қатнас, тәжірибе > тәжрибе т.б.; түрік тілінде: gazete > gazte, deĝenek > deĝnek, ilerilemek > ilerlemek т.б.

Қазақ және түрік тілінде элизия құбылысы тек қана бунақтағы сөздер арасында емес, сөздің басы, ортасы және соңындағы дауысты және дауыссыз дыбыстар деңгейінде байқалады. Мәселен, қазақ тілінде: айта алмады > айталмады, ана адам > анадам т.б.; түрік тілінде: ne oldu > noldu, ne için > niçin, ısıcak > sıcak, kavuşak > kavşak, güveyi > güvey, şiş kebabı > şiş kebar, ufak-çık > ufacık т.б.

Метатеза – сөз ішіндегі дыбыстардың немесе буындардың өзара орын ауыстыруы. Қазақ тілінде көбінесе пқ, пқ дыбыстары кп, қп болып ауысып айтылады. Түрік тілінде kş > şk, pr > rp, ln > nl, nl > ln, ml > lm сияқты орын ауыстыруды байқауға болады. Мәселен, қазақ тілінде: түпкір > түкпір, шапқыла > шақпыла т.б.; түрік тілінде: ekşi > eşki, köprü > körpü, yalnız > yanlız, yanlış > yalnış, memleket > melmeket т.б.

Морфемалар жігінде қатар келген дауысты және дауыссыз дыбыстардың бір біріне ықпал етіп, бейімделіп айтылуын аккомодация дейді. Мұнда дауысты дыбыстар дауыссыз дыбыстарды дауыстың қатысы мен айтылуы тұрғысынан өзіне бейімдейді.

Қазақ тілінде түбір соңындағы қатаң қ, к және п дауыссыздары дауысты дыбыспен басталатын қосымша жалғанғанда қ дыбысы ғ, к дыбысы г, п дыбысы б болып ұяңданады. Мысалы: сабақ – сабағы, терек – терегі, қап – қабым т.б. Түрік тілінде де түбір соңындағы k, t, p, ç дауыссыз дыбыстары өздерінен кейін дауысты дыбыспен басталатын қосымша жалғанғанда ұяңданып, k дыбысы ğ (g), t дыбысы d, p дыбысы b, ç дыбысы c болып, әрқайсысы өз жұптарымен орын алмасады. Мысалы: kitap – kitabı, ağaç – ağaca, kurt – kurdu, kulak – kulağım, renk – rengi

Түрік тілінде сөз аяғындағы k, қ дауыссыздары орнын ұяң жұбымен ауыстырып қана қоймай, жұмсаруы орын алады: azık-ı > azığı > azığı, dilek-i > dilegi > dileği. М.Эргин мұндай құбылыс көне Анатолы түрік тілінен кейінгі кезеңдерде пайда болды деп санайды¹. Ал түрік тілінің шығыс диалектілерінде жұмсару байқалмайды. Көне түрік тілінде ұзақ дауыстымен қолданылатын бір буынды сөздерде бұл алмасу кездесетін болса (gök-e > göğe, uc > uc-u), қысқа дауыстылы сөз түбіріне қосымша жалғанғанда k, t, p, ç дыбыстарының жұптық сыңарларымен орын алмасуы болмайды: at – at-a, ip – ip-i т.б. Екі тілде де бұл заңға бағынбайтын жағдайлар кездеседі. Мәселен, қазақ тілінде еліктеуіш сөздерге дауыстымен басталатын қосымшалар жалғанғанда (зірк – зіркіл, жарқ – жарқыл т.б.), қосымша жалғанған кезде түбір сөздің екінші буынындағы қысаң дауыстылардың түсірілуінде (бөрік – бөрікі, халық – халқым.), түбірге сын есім тудырушы –ы жұрнағы жалғанғанда (қазақы) сөз соңындағы қатаң дауыссыз ұяңданбайды. Ал түрік тілінде saç, iç, ip, top, kök, park, at, baş-kent сияқты сөздерде, t дауыссызына аяқталған кірме сөздерде дауыссыз дыбыс ұяңдамайды (ücret, saat, ihracat, vasiyet, edebiyat).

Қазақ тіліндегі қ мен ғ дауыссыздары әрқашан жуан, к мен г дауыссыздары әрқашан жіңішке дауыстылармен тіркеседі. Алдыңғы таңдай мен артқы таңдай дауыссыздарының жуан және жіңішке дауыстылармен қолданылуы дауысты және дауыссыз дыбыс үндестігі деп аталады. Түрік тілінде: k, g, ğ, l дауыссыздарымен e, i, ö, ü дауыстылары, ал қ, ğ, ğ, l және h дауыссыздарымен a, ı, o, u дауыстылары қатар келе алады.

¹ Ergin M. Türk Dil Bilgisi. – İstanbul: Bayrak Basım Yayım, 1999. - S. 69.

Қазақ тілінде үнді дауыссыздар дауыстылармен қатар тұрып, айтыла береді де ешқандай алмасуға ұшырамайды. Ұяң дауыссыздардан тек ғ, г, д дыбыстарынан басталатын қосымшалар дауыстылардан кейін келе алады. Қатаң с, ш, т дауыссыз дыбыстарынан басталатын қосымшалар дауысты дыбыспен қатар тұра алады. Ал қ, к фонемалары дауыстылармен ешқашан тіркесе алмайды, тіркесе қалған жағдайда айтылуда сөзсіз ұяңданады. Тек кірме морфемалардағы қ, к фонемалары дауыстылардың әсерінен ұяңданбайды¹: айла–кер, дүние–қор, түйе–кеш т.б.

Қазақ және түрік тілдерінде жалпытүркілік сөздік қорға енетін ортақ сөздер көптеп кездеседі. Олардың кейбіреулері мазмұн меже және тұрпат меже тұрғысынан бірдей болып келетін болса, ендібірінің сыртқы дыбыстық жамылышында азды-көпті ерекшеліктер орын алады. Қазақ және түрік тілдеріне ортақ сөздерде сөз басында төмендегідей дауыссыздар сәйкестігі байқалады:

қазақ тілінде сөз басындағы ж дыбысы түрік тілінде сөз басындағы у [й] дыбысымен сәйкеседі: жас //yaş, жаз //yaz, жүрек //yürek, жыл // yıl, жол // yol т.б.;

қазақ тіліндегі сөз басындағы к дыбысы түрік тілінде g [г], ал қ дыбысы k [к] дыбысымен сәйкеседі: кел //gel, күн //gün, көз // göz, көр // gör, күлді // güldü, көл //göl, күміс //gümüş, қыз // kız, қыс // kış, қар //kar, қара // kara т.б.;

қазақтың байырғы сөздеріндегі сөз басындағы т дыбысы түрік тілінде d дыбысымен сәйкеседі: тау // dağ, тар//dar, тіл // dil, тіс //diş, темір //demir, тұр //dur, тірі// diri т.б., ал сөздің басындағы м дыбысы түрік тіліндегі b дыбысымен сәйкес келеді: мен // ben, мұрын //burun, мойын //boyun, мың // bin, мінді //bindi т.б.;

қазақ сөздерінің басындағы б дыбысы түрік тіліндегі сөз басындағы v дыбысымен сәйкеседі: бар //var, барды // vardı, берді // verdi т.б.

қазақ сөздерінің басындағы ш дыбысы түрік тіліндегі сөз басындағы ç дыбысымен сәйкеседі: шық //çık, шөл //çöl т.б.

Қазақ және түрік тілдеріне ортақ сөздердің соңында төмендегідей дауыссыздар сәйкестігі кездеседі:

¹ Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. - Б. 87.

қазақ тіліндегі сөз соңындағы с дыбысы мен түрік тіліндегі сөз аяғындағы ʃ (ш) дыбысы: ас // аʃ, тас //таʃ, тіс //diʃ, күміс //gümüʃ, құс // kuʃ, қыс // kɨʃ, басқа//baʃka, кісі //kiʃi т.б.;

қазақ тіліндегі сөз соңындағы ш дыбысы мен түрік тіліндегі сөз аяғындағы ʧ (ч) дыбысы: ағаш //ағаш, күш //güʧ, аш //аш (ач); ұш // uʧ.

Бір буынды сөздердің ортасында және соңында қазақ тіліндегі дауыссыз у мен түрік тіліндегі жұмсақ ɣ сәйкестік түзеді: ауыз // aɣɨz, ауыр // aɣɨr, бауыр // baɣɨr, бура //buɣra, тура // doɣru, бу // boɣ, ту //tuɣ, тау//daɣ, туды // doɣdu, сау //saɣ т.б.

§2. Жалпытүркі тектілінің (арғытүркі немесе түптүркі тілі) консонантизм жүйесін жаңғырту, қалпына келтіру мәселесі

Тілдің құрамын өзгертуге себепкер болатын, жеке сөздерді тек тұлғалық жағынан ғана өзгертіп қоймай, бір түбірден тараған гомогенді параллельдердің семантикалық астарының жіктелуіне де ықпал ететін – дыбыс сәйкестіктері ұзақ хронологиялық мерзімді қамтитын лингвистикалық даму үдерісінің нәтижесі. Жалпы алғанда альтернация құбылысы – дыбыстардың парадигмалық қатынасқа түсіп, бірінің орнына екіншісінің қолданылуы. Бұл құбылысты дыбыс алмасулары және дыбыс сәйкестіктері деп екіге бөлуге болады. Ал, дыбыс сәйкестігі мен дыбыс алмасуы түркі тілдерінде принципті түрде ажыратылатындығы белгілі.

Дыбыс алмасуы белгілі бір фонетикалық шартқа байланысты (сингармонизм, ассимиляция, диссимиляция) өзгереді және бір тіл ішінде ғана болатын құбылыс. Әдетте, дыбыс алмасуы таза фонетикалық құбылыс ретінде тілдің дыбыстық материясының қызметі мен дамуы заңдылықтарын сипаттайды. Олар дыбыстық бірліктердің тұрақтылығын және үздіксіз болып отыратын өзгерістерін, алмасуы мен тіркесуін ретке келтіріп, сөйлеу үдерісіндегі аллофондық түрленулерді, дыбыстардың сөз құрамындағы позициялық алмасуларды тілдің дыбыстық материясының қызметіндегі ерекшеліктерді саралауды негізге алады.

Дыбыс сәйкестіктері синхронды тұрғыдан қарағанда ешқандай фонетикалық ықпалсыз тарихи өзгерістерге ұшырайды және ол бір тіл ішінде де, туыстас тілдер арасында да кездеседі. Тіл дыбыстарының даму заңдылықтарына сай қалыптасқан тарихи өзгерістермен сәйкестіктерді диахрондық тұрғыдан қарастырғанда үздіксіз болып отыратын позициялық алмасулардың тарихи тұрақтанудың нәтижесі болып табылуы мүмкін.

Тіл дамуын, әрбір тілдің өзіндік ерекшеліктерімен қалыптасуын қамтамасыз ететін басты механизмдердің бірі – дыбыс өзгерістері өте баяу әрі үзіліссіз жүріп отыратын, әр тілде түрліше жүзеге асатын процесс екені белгілі. Тілдегі дыбыстық өзгерістердің негізгі факторларының бірі – барлық тілдерге тән универсалды құбылыс фонологизация процесі. «Фонемалардың дифференциялануы негізінде, олардың аллофондары, тілдің дамуына сәйкес мағына айқындау қасиетіне ие болады»¹. Фонема мен буынның, морф пен морфеманың арақатынасындағы дыбыстардың мағынаға ықпалы морфонологиялық зерттеулерге негіз болуы², тілдік жүйенің ең кіші бірлігі – дыбыс табиғатының күрделілігін, морфемалық, лексикалық деңгейлермен сабақтастыра қарастыруды қажет ететін универсалды құбылыс екенін нақтылай түседі.

Қазіргі түркі тілдерінің дауыссыз дыбыстар жүйесінің жалпы сипаты олардың тарихи дамуының түптегінде жатқан арғыалтайлық және түптүркілік дауыссыздар жүйесімен тарихи сабақтастықта болып келеді. Тілдік жүйелерді тектілдік деңгейлерде жаңғырту, қалпына келтіру туралы Э.Р. Тенишев былай дейді³: «Тіл деңгейлерінің жекелеген элементтерін жаңғырту арқылы тілдік кіші жүйелердің әрқайсысын (фонологиялық, грамматикалық, лексикалық) қайта жаңғыртуға, қалпына келтіруге болады, соның негізінде тектілдік біртұтас жүйенің реконструкциясын жасаудың алғы шарттары қалыптасады».

¹ Базарбаева З. М. Әлемдік тіл біліміндегі фонема теориясының дамуы // Қазіргі заманғы түркология: теориясы, практикасы және алдағы міндеттері. – Түркістан, 2004. -367-бет.

² Айғабылов А. Қазақ тілінің морфонологиясы. – Алматы: Санат, 1995.

³ Тенишев Э.Р. О методах и источниках сравнительно-исторических исследований тюркских языков //Избранные труды. Книга первая. – Уфа: Гилем, 2006. - С.18-22

Түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур және корей тілдері материалдары негізінде жаңғыртылып, қалпына келтірілген арғыалтайлық тектілдің дауыссыздар жүйесі тоғысыңқы *p, t, q, k, h, d, g, g*; жабысыңқы *č, ž*; жуысыңқы *w (β), s, š, j, γ*; мұрын жолды *m, n, ŋ*; жанама *l1, l2*; діріл *r1, r2* дауыссыз дыбыстардан тұрады¹.

Алтай тілдері арасында анықталған сөз басындағы және сөз ортасындағы дауыссыздар сәйкестіктерін ескере отырып, Н.Поппе арғыалтайлық тектілдің дауыссыздар жүйесін және олардың түркі, моңғол және тұңғыс-маньчжур тілдерінің тектілдік деңгейлеріндегі көрінісін жаңғыртады.

Сөз басындағы дауыссыз дыбыстардың арғыалтайлық тұлғасы және олардың түркілік тұрпаты Н.Поппе кестесі бойынша мынаған барып саяды²:

Арғыалтайлық тұлға	Түркілік деңгейдегі көрінісі	Мысалы
* <i>p</i>	ø	голд (нанай) <i>pāra</i> «шана», маньч. <i>fara id.</i> = моңғ.-жазба <i>aral</i> «күйме, арбаның тұтқасы» = тат. <i>ariš id.</i> ; моңғ. <i>fudur</i> < * <i>purtu</i> «ұзын», моңғ.-жазба <i>urtu</i> , ортамоңғ. <i>hurtu id.</i> = чув. <i>vārām</i> < * <i>urun</i> «ұзын» = көне түркі <i>uzun</i> «ұзын».
* <i>i</i> және * <i>i̇</i> дыбыстарынан басқа кез келген дауыстының алдында * <i>t</i>	<i>t</i>	эвен. <i>tatigā-</i> «оқыту» = моңғ.-жазба <i>tačiya-</i> < * <i>tatigā-</i> «жаман әдетке бой ұру» = чув. <i>tutā-</i> «тату» = көне түркі <i>tat-</i> «тату, татып көру».
* <i>i</i> және * <i>i̇</i> алдында * <i>t</i>	<i>t</i>	эвен. <i>tikunŋi-</i> < * <i>tikungī-</i> «біреуді ашуландыру» = моңғ.-жазба <i>čiqul</i> < * <i>tikul</i> «ашу» = көне түркі <i>tīqil-</i> «ашулану»; жазба моңғол <i>čīlayun</i> < * <i>tiālagūn</i> «тас» = чув. <i>čul</i> < * <i>tiāl id.</i> = көне түркі <i>tāš id.</i>

¹ Тенишев Э.Р. Алтайские языки // Языки мира: Тюркские языки. – М., 1996. – С.9

² Poppe N. Introduction to Altaic Linguistics. – Wiesbaden, 1965. – P.197

тіл алды дауыстылар бар сөздерде *k	k	эвен. <i>kəpə-</i> «ісу» = моңғ.-жазба <i>köge</i> - < * <i>köpē-</i> id. <i>kögesün</i> < * <i>köpērsün</i> «көбік» = чув. <i>käpāk</i> «көбік» = көне түркі <i>köpük</i> «көбік», алт. <i>köp-</i> «ісу».
тіл арты дауыстылар бар сөздерде *k	q	маньч. <i>qarqa-</i> «тырнау, скрипкада ойнау» = моңғ.-жазба <i>qar-</i> «тырнау, қазу» = чув. <i>xir-</i> «қазу» = көне түркі <i>qaz-</i> id.
*b	b	эвен. <i>bōk-</i> «кідірту, кешіктіру, бөгет болу» = моңғ.-жазба <i>boyo-</i> < * <i>bogā-</i> «байлау» = чув. <i>pāv-</i> «тұншықтыру, басу» = көне түркі <i>boγ-</i> «тұншықтыру, басу».
*i дыбысынан басқа кез келген дауысты дыбыстың алдында d	y	маньч. <i>delün</i> , эвен. <i>dēlin</i> «жал» = моңғ.-жазба <i>del</i> < * <i>dēl</i> id. = чув. <i>šilxε</i> < * <i>yēlkei</i> id. = көне түркі <i>yel</i> (<i>yil</i>) id.; ламут (эвен) <i>dal-</i> «тілмен жалау», эвен. <i>dala-</i> id. = моңғ.-жазба <i>doluγa-</i> < * <i>dalugā-</i> id. = чув. <i>šula-</i> «жалау» = көне түркі <i>γalγa-</i> < * <i>dalugā-</i> id.
тіл алды дауыстылар бар сөздерде *g	k	эвен. <i>gēdimuk</i> «қарақұс, желке», <i>getkēn</i> id. = моңғ.-жазба <i>gejige</i> < * <i>gedikē</i> «белгі» = көне түркі <i>keđin</i> «кейін», якут <i>kätāx</i> «қарақұс, желке», шағат. <i>kizin</i> «арты, артында».
тіл арты дауыстылар бар сөздерде * g	q	маньч. <i>gala</i> < * <i>gāla</i> «қол», эвен. <i>ḡālē</i> id. = моңғ.-жазба <i>gar</i> id. = шағат. <i>qarī</i> «қол»; ламут (эвен) <i>gobja-</i> < * <i>gubi-ja-</i> «аңду, қуу» = моңғ.-жазба <i>guiyu-</i> < * <i>guiyi-</i> < * <i>gubī-</i> «жалыну, сұрау» = чув. <i>xāvala-</i> < * <i>qubgala-</i> «аңду, қуу» = көне түркі <i>qiw-</i> «аңду, қуу».
*č	č	эвен. <i>čāgū</i> «алыс», маньч. <i>čālā</i> «басқа жағы» = орта моңғ. <i>ča»ada</i> «басқа жағы»; маньчж. <i>čikin</i> «шеті» = моңғ.-жазба <i>čikin</i> «құлақ» = шағат. <i>čikin</i> «мойын мен жауырынның арасы, желке»; моңғ.-жазба <i>čigigan</i> < <i>čibikan</i> «ісік, сыздауық, шиқан» = чув. <i>šāpan</i> id. = түрік <i>čiban</i> id.

*j	y	эвен. <i>jeyē</i> «пышақ жүзі» = моңғ.-жазба <i>jegün</i> «ине» = шағат. <i>ignä</i> < * <i>yignä</i> < * <i>yegnä</i> «ине»; эвен. <i>jugu-</i> «тасу, жеткізу», маньч. <i>juve-</i> id. = моңғ.-жазба <i>jüge-</i> id. = көне түркі <i>yü-</i> ден «тасымалдау», <i>yük</i> «жүк»; эвен. <i>jikte</i> «жидек», улча <i>justē</i> , гол. <i>jusikte</i> «қара жидек, көк жидек» = моңғ.-жазба <i>jigde</i> «қытай құрмасы», <i>jedegene</i> < * <i>jigdegene</i> «бүлдірген, құлпынай» = чув. <i>širla</i> < * <i>jigdläk</i> «жидек» = алт. <i>yläk</i> id.
*i дыбысынан басқа кез келген дауысты дыбыстың алдында *s	s	эвен. <i>sēlē-</i> «ояту» = моңғ.-жазба <i>seri-</i> «ояту, есті болу» = шағат. <i>sāz-</i> «сезу»; моңғ.-жазба <i>saγa-</i> «сауу» = чуваш <i>su-</i> «сауу» = көне түркі <i>saγ-</i> id.
*i дыбысының алдында *s	s	эвен. <i>sirugi</i> «құм, өзендегі саяз жер» = моңғ.-жазба <i>širuγai</i> «шаң, жер» = чув. <i>šur</i> < * <i>šār</i> < * <i>siār</i> «ми батпақ, саз батпақ, саз» = шағат. <i>saz</i> «ми батпақ, саз батпақ, саз»; эвен. <i>silgin-</i> «дірілтеу, қалтырау, сілкілеу», ламут <i>hilgin-</i> id. = моңғ.-жазба <i>šilged-</i> «сілку» = Kum. <i>silik-</i> «сілку», түрік <i>silk-</i> id.
*y	y	моңғ.-жазба <i>yada</i> «шамасы жетпеу, жағдайы болмау», <i>yadaγu</i> «жағдайы болмау» = чув. <i>šuran</i> < * <i>yadaγün</i> «жаяу» = көне түркі <i>yadaγ</i> «жаяу, жаяу жүргінші»; эвен. <i>yēgin</i> < * <i>yegün</i> «тоғыз» = моңғ.-жазба <i>yesün</i> < * <i>yersün</i> id.
*m	b	моңғ.-жазба <i>meŋge</i> «мең» = түрік <i>bänäk</i> id., <i>bäniz</i> < * <i>māñiz</i> «бет, әлпет»; эвен. <i>moŋon</i> < * <i>moingon</i> «мең» = моңғ.-жазба <i>moγinog</i> < * <i>moγinak</i> «бұғақ» = көне түркі <i>boγun</i> «мойын», як. <i>mōy</i> id.

* <i>n</i>	у	маньч. <i>nārxiu</i> «жас, жаңа» = моңғ.-жазба <i>nirai</i> < * <i>nīārai</i> «жаңа туған» = чув. <i>śur</i> < * <i>yār</i> «жаз» = көне түркі <i>uaz</i> «көктем»; эвен. <i>ñetumē</i> «нәзік, жұмсақ, биязы, текті» = моңғ.-жазба <i>nimgen</i> «жұқа, арық» = көне түркі <i>yīmšaq</i> «жұмсақ».
------------	---	---

Сөздің орта шеніндегі дауыссыз дыбыстардың арғыалтайлық тұлғасы және олардың түркілік тұрпаты Н.Поппе кестесі бойынша мынаған барып саяды¹:

Арғыалтайлық тұлға	Түркілік деңгейдегі көрінісі	Мысалы
* <i>p</i>	<i>p</i>	моңғ.-жазба <i>taba</i> < * <i>tāpa</i> «қанағаттану» = орта түркі <i>tap</i> «ылди, еңіс»; моңғ.-жазба <i>ebei</i> < * <i>épe</i> + - <i>i</i> «ардақты ана» = чув. <i>appa</i> < * <i>āpā</i> «әпке»; эвен. <i>kēpē-</i> «ісу, үлкею», <i>kēpēn</i> «ісік» = моңғ.-жазба <i>köge-</i> < * <i>köyē-</i> < * <i>körē-</i> «ісу, үлкею» = сойот <i>kör-</i> «ісу, үлкею», көне түркі <i>körük</i> «көбік».
* <i>b</i>	<i>b</i>	моңғ.-жазба * <i>kébi-</i> «шайнау, сағыз шайнау» чув. <i>kavle-</i> id. = түрік <i>gäv-</i> «шайнау, мүжу», <i>gäviš</i> «сағыз»; моңғ.-жазба <i>aba</i> < * <i>āba</i> «аң аулау» = көне түркі <i>ab</i> id.; моңғ.-жазба <i>gayurasun</i> < * <i>gabūrasun</i> «сабан, қауырсын» = түрік <i>qavuz</i> «тарының үгіндісі»; моңғ.-жазба <i>qıwa</i> < * <i>kubā</i> «ашық, сары, боз» = телеут <i>qıba</i> «боз».

¹ Poppe N. Introduction to Altaic Linguistics. – Wiesbaden, 1965. - P.199

<i>*i, *i</i> дыбыстарынан басқа кез келген дауыстының алдында <i>*t</i>	<i>t</i>	эвен. <i>etirkēn</i> «шал», ламут <i>ete</i> «ата» чув. <i>vatā</i> < <i>*öte</i> «кәрі» = көне түркі <i>öt-</i> «өту»; маньч. <i>futa</i> < <i>*puta</i> «жіп, арқан» = моңғ.-жазба <i>utasun</i>, ортамоңғ. <i>hutasun</i> «жіп, иірілген жіп» = якут <i>utax</i> < <i>*putak</i> «қалың арқанның ширатылған жібі».
<i>*i, *i</i> алдында <i>*t</i>	<i>t</i>	эвен. <i>tatigā-</i> «оқыту», маньч. <i>tači-</i> «оқу» = моңғ.-жазба <i>tačiya-</i> < <i>*tatigā-</i> «жаман әдетке бой ұру» = көне түркі <i>tat-</i> «тату, татып көру».
<i>*i, *i</i> дыбыстарынан басқа кез келген дауыстының алдында <i>*d</i>	<i>ð</i>	эвен. <i>bodo</i> «тұрмыс салты» = моңғ.- жазба. <i>boda</i> «дене» = <i>boð</i> көне түркі «дене, субстанция»; моңғ.-жазба <i>čida-</i> «әлі жету, жену» = чув. <i>čar-</i> «кідірту, кешіктіру, бөгет болу» = көне түркі <i>tið</i> «кідірту, кешіктіру, бөгет болу»; маньч. <i>fatxa</i> < <i>*padakai</i> «табан» = моңғ.- жазба <i>adag</i> «соңы, өзеннің төмен ағысы» = чув. <i>ura</i> < <i>*adək</i> «аяқ» = көне түркі <i>aðağ</i> «аяқ».
<i>*i, *i</i> алдында <i>*d</i>	<i>ð</i>	маньч. <i>fajilan</i> < <i>*padiran</i> «бөлім, қабырға», голд. (нанай) <i>pāji</i> «бөлінген, ажыратылған» = моңғ.-жазба <i>ajira-</i> «байқау, көңіл аудару», <i>aji</i> < <i>*padī-</i> <i>id.</i> = көне түркі <i>aðin</i> «басқа», <i>aðir-</i> «айырып тану, ажырату»; эвен. <i>geðimuk</i> «кежеге, қарақұс, желке», ламут <i>geðekē</i> <i>id.</i> = моңғ.-жазба <i>gejige</i> «белгі» = көне түркі <i>kādin</i> < <i>*gedin</i> «артында», якут <i>kätäx</i> < <i>*gedek</i> «бастың арт жағы, қарақұс, желке».

тіл алды дауыстылар бар сөздердің түбірінде *k	k	эвен. <i>ekē</i> «әпке», ламут <i>ekēn</i> id. = моңғ.-жазба <i>eke</i> «ана» = чув. <i>akka</i> < * <i>ākä</i> «әпке»; эвен. <i>bēkē</i> «дөңес, төмпешік» = моңғ.-жазба <i>bōken</i> id. = шағат. <i>bükri</i> «бүкірейген, майысқан»; моңғ.-жазба <i>üker</i> , орта моңғ. <i>hüker</i> , моңғыр. <i>fuguor</i> «бұқа, өгіз» = чув. <i>vākār</i> id. = көне түркі <i>öküz</i> id..
тіл арты дауыстылар бар сөздердің түбірінде *q	q	эвен. <i>akā</i> «әкесінің інісі не анасының бауыры» = моңғ.-жазба <i>aqa</i> «аға» = көне түркі <i>aqa</i> «аға», якут <i>ayā</i> < * <i>aqa</i> «әке».
тіл алды дауыстылар бар сөздердің түбірінде *g	g	эвен. <i>jugukte</i> «ара, бал ара», <i>juginuk</i> «ара», ламут <i>jewet</i> id. = моңғ.-жазба <i>jögei</i> id.; моңғ.-жазба <i>bögüji</i> «айылбас, ілгек», <i>bögüldürge</i> «қамшының ұшы» = шағат. <i>bögüt</i> «түйме»; маньч. <i>fuxi</i> < * <i>rögü</i> «сүйел, өсік» = халха <i>ū</i> , моңғ. <i>egün</i> < * <i>rögün</i> id. = якут <i>üön</i> < * <i>rögün</i> id.; халха <i>bō</i> «шаман, бақсы», моңғ.- жазба <i>büge</i> id. = көне түркі <i>bügü</i> «дана», түрік <i>büyü</i> id.
тіл алды дауыстылар бар сөздердің түбірінде *g	γ	эвен. <i>agī</i> «ашық алаң, дала, жазық дала, шөл дала, сахара», эвен. <i>aglān</i> «дала, сахара» = халха <i>agui</i> , моңғ.- жазба <i>agui</i> «жазира, кең жазық», моңғ.-жазба <i>aglag</i> «елсіз дала, шөл дала»; эвен. <i>sigī</i> «бұта, тал-шілік, қалың орман, ну тоғай», <i>sigīma</i> «қалың», «қалың орман, ну тоғай» = моңғ.-жазба <i>šigui</i> , халха <i>šugī</i> «орман»; моңғ.-жазба <i>boγorla-</i> , халха <i>bōrlo-</i> «құрту, түбіне жету» = чув. <i>pīr</i> «көмей» = көне түркі <i>boγaz</i> «көмей»; халха <i>sā-</i> «сауу», жазба моңғол <i>sayā-</i> id. = шағат. <i>say-</i> , якут <i>īa-</i> < * <i>say-</i> id.

*č	č	маньч. <i>ačap</i> «буын», <i>ača-</i> «қосу, біріктіру», <i>ačabun</i> «бірлестік, одақ, қосылу» = моңғ.-жазба <i>ača</i> «тарамдану, екіге айырылу, бөліну» = көне түркі <i>ač-</i> «ашу»; эвен. <i>тиčй-</i> < * <i>bičawu-</i> «қайта оралу», <i>тиčйп</i> «қайта оралу» = моңғ.-жазба <i>biča-</i> «қайту, оралу» = шағат. <i>bičmaq</i> «бұрыш, аспект».
*j	y	маньч. <i>fujuri</i> «шығу тегі, бастау» = моңғ.-жазба <i>ijayur</i> , орта моңғ. <i>hija»ur/hija»ur</i> < * <i>pijagur</i> id.; моңғ.-жазба <i>oju-</i> «сүю» = қырғ. <i>ouup</i> «ойын», көне түркі <i>oupa-</i> «ойнау».
*i, *i̇ дыбыстарынан басқа кез келген дауыстының алдында *s	s	эвен. <i>kešē</i> «бақытсыздық, сәтсіздік, қайғы-қасірет, азап», <i>kešēje</i> «қайғы-қасірет, азап шегу» = моңғ.-жазба <i>kese-</i> «өкіну, опық жеу», <i>kesege-</i> «жазалау», орта моңғ. <i>kese-</i> «ескерту, жол бермеу, бетін қайтару»; алт. <i>käzän-</i> «қорқыту, сескендіру»; маньч. <i>fusu-</i> «шашырату, бүрку, себу», голд (нанай) <i>pisinešiu-</i> id. улч. <i>pisüri</i> id. = моңғ.-жазба <i>üsür-</i> «секіру, қарғып міну», <i>üsürge-</i> «шашырату, бүрку, себу» = шағат., қойбал. <i>üskür-</i> «аузымен бүрку»; эвен. <i>asaktaja-</i> «аңду, қуу», <i>asasin-</i> «аңдуды бастау» = моңғ.-жазба <i>asa-</i> «жабысу, қою», бурят <i>aħa-</i> < * <i>asa-</i> «ұрса бастау» = көне түркі <i>as-</i> «асу, ілу».
*i, *i̇ алдында *s	s	маньч. <i>fesin</i> «тұтқа», эвен. <i>hešin</i> id. = моңғ.-жазба <i>eši</i> , орта моңғ. <i>heši</i> < * <i>pesi</i> «тұтқа, сабақ, сап, дінгек».

<i>*y</i>	<i>y</i>	эвен. <i>ayа</i> «эл-ауқат, молшылық, аман-есендік, гүлдену, өркендену, жақсы, ақкөңіл» = моңғ.-жазба <i>ayа</i> «сыпайылық, әдептілік, ыңғайлы, қолайлы нәрсе» = көне түркі <i>ayа</i> -«аяу, жан ашу, ниеттес болу», <i>ayay</i> «құрмет, ізет»; халха <i>tūrai</i> , моңғ.-жазба <i>tuurai</i> «тұяқ» = көне түркі <i>tuuy</i> id.
<i>*m</i>	<i>m</i>	эвен. <i>kumtew</i> - «құлау» = моңғ.-жазба <i>kömöri</i> - id. = алтай түркі <i>kömölö</i> -«төңкеру, аудару, лақтыру»; эвен. <i>amṡa</i> < <i>*amagai</i> «ауыз» = моңғ.-жазба <i>aman</i> «ауыз, ашылу»; эвен. <i>omṡo</i> - < <i>*umga</i> - «ұмыту» = моңғ.-жазба <i>umta</i> -«ұйықтау», <i>umarta</i> - «ұмыту» = қаз. <i>umut</i> - «ұмыту».
<i>*n</i>	<i>n</i>	эвен. <i>enūnil</i> - «ауыру», ламут <i>enīcī</i> «ауру» = моңғ.-жазба <i>enel</i> - «бақытсыз болу, көңілсіз болу», <i>eneri</i> - «аяу, жан ашу» = шағат. <i>enig</i> «азап шегу»; эвен. <i>sūnṡi</i> - < <i>*sūngi</i> - «созу» = моңғ.-жазба <i>sun</i> - id. = көне түркі <i>sun</i> - id.; моңғ.-жазба <i>sönü</i> - < <i>*sön-ü</i> - «сөну, жоқ болу», <i>söni</i> «түн» = эвен. <i>sī</i> - < <i>*söi</i> - «сөндіру» = түрік, шағат. <i>sön</i> - id.
<i>*ñ</i>	<i>ñ</i>	маньч. <i>fuñexe</i> < <i>*puñekē</i> «шаш» = моңғ.-жазба <i>ünegeṡ</i> , орта моңғ. <i>hünegeṡ</i> < <i>*puñekē</i> «түлкі» = якут <i>ünügäs</i> < <i>*üñekäč</i> .

* η	η	маньч. <i>qonsun</i> «анус» = моңғ.-жазба <i>qoη</i> «соңғы, артқы», <i>qoηdolai</i> «ағаштың төменгі жағы, таудың етегі», <i>qoηjiyasun</i> < *<i>koηdīgāsun</i> «соңғы, артқы» = қаз., алтай түркі <i>qoη</i> «ағаштың төменгі жағы, таудың етегі»; моңғ.-жазба <i>šingē-</i> < *<i>siη-</i> «сіңу» = көне түркі <i>siη-</i> id.; маньч. <i>niηgari</i> «жүн» = моңғ.-жазба <i>noγosun</i> < *<i>niηāsun</i> «жүн» = <i>küär. yuη</i> id.
*l ¹	l	эвен. <i>dala-</i> «жалау» = моңғ.-жазба <i>doluγa-</i> < *<i>dalugà-</i> id. = көне түркі <i>yalya-</i> id.; эвен. <i>alas</i> «ағаштың төменгі жағы, таудың етегі» = моңғ.-жазба <i>ala</i> «арасы» = көне түркі <i>al</i> «алды, бет жағы», алтай түркі <i>alında</i> «асты, астында»; эвен. <i>dul-</i> «жылыту, қызыту» = моңғ.-жазба <i>dulayan</i> «жылы» = орта түркі <i>yüliγ</i> «жылы»; эвен. <i>dēlin</i> «жал», маньч. <i>delun</i> id. = моңғ.-жазба <i>del</i> id. = түрік <i>yälä</i>.
*l ²	š	маньч. <i>dali-</i> «жабу, тығу», эвен. <i>dal-</i> «жабу» = моңғ.-жазба <i>dalda</i> «тығылған» = көне түркі <i>yašur-</i> «жабу, тығу»; моңғ.-жазба <i>čilaγun</i> < *<i>tjälagün</i> «тас» = чув. <i>čul</i> < *<i>tjäl</i> id. = якут <i>tās</i>, көне түркі <i>tāš</i> id.

* <i>r</i> ¹	<i>r</i>	голд (нанай) <i>pāra</i> «шана», маньч. <i>fara</i> id. = моңғ.-жазба <i>aral</i> «күйменің асты» = қырғ. <i>ariš</i> «тұтқа»; маньч. <i>ferxe</i> «бас бармақ», эвен. <i>herbək</i> «бармақ», ламут <i>herēgen</i> «бас бармақ» = моңғ.-жазба <i>erekei</i> , орта моңғ. <i>heregei</i> < * <i>perekei</i> «бас бармақ» = көне түркі <i>ärñäk</i> «бармақ», якут <i>ärbäx</i> «бас бармақ»; ламут <i>burkup</i> «боран» = моңғ.-жазба <i>boroγan</i> < * <i>burugan</i> «жаңбыр» = түрік <i>buran</i> «боран».
* <i>r</i> ²	<i>z</i>	маньч. <i>iri</i> «ұшы, жүз» = моңғ.-жазба <i>ir</i> «жүз», <i>irmeg</i> «өткір жүзі» = чув. <i>yēr</i> «із» = көне түркі <i>iz</i> «із», эвен. <i>ur</i> < * <i>ör</i> «жануар асқазаны» = моңғ.-жазба <i>örö</i> < * <i>öre</i> «іш, орта» = чув. <i>var</i> < * <i>ör</i> «орта» = көне түркі <i>öz</i> «өз»; моңғ.-жазба <i>urtu</i> «ұзын», моңғор <i>fudur</i> < * <i>furtu</i> id. = чув. <i>vāřāt</i> < * <i>urup</i> «ұзын» = көне түркі <i>uzup</i> «ұзын».

С. А. Старостин «Алтай проблемасы және жапон тілінің шығу тегі» атты еңбегінде Г. Рамстедт және Н. Поппе зерттеулерінде анықталған түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур және корей тілдері арасындағы дауыссыз дыбыстар сәйкестіктері сайып келгенде төмендегі сызбаны құрайтынын айтады¹:

Алтайлық тектіл	түркі	моңғол	тұңғыс-маньчжур	корей
* <i>p</i>	(* <i>h</i> -) > 0-, <i>p</i>	* <i>p</i> - > ср.-мо. <i>h</i> -, н.-мо. 0- * <i>p</i> - > - <i>b</i> -/- <i>γ</i> -(-0-)	* <i>p</i> -, <i>p</i>	<i>p</i> -, <i>ph</i> -, <i>p</i> (= <i>b</i>)
* <i>b</i>	* <i>b</i> -, <i>b</i> ₂	* <i>b</i> -, - <i>b</i> -/- <i>γ</i> -(-0-)	* <i>b</i> -, <i>w</i>	<i>p</i> -, <i>w</i>
* <i>m</i>	* <i>b</i> -, <i>m</i>	* <i>m</i> -, <i>m</i>	* <i>m</i> -, <i>m</i>	<i>m</i> -, <i>m</i>

¹ Старостин С. А. Алтайская проблема и происхождение японского языка. – М., 1991.- 298 стр

<i>*t</i>	<i>*t-, t</i>	<i>*t, *č (*i, *i дыбыстары алдында),</i>	<i>-d (аула- утта және буын соңында)</i>	<i>t-, th-, t(h)</i>
<i>*d</i>	<i>*j-, d</i>	<i>*d, *ž (*i, *i дыбыстары алдында)</i>	<i>*d-, d</i>	<i>t-, t (=d)</i>
<i>*n</i>	<i>*j-, n</i>	<i>*n-, n</i>	<i>*n-, n</i>	<i>n-, n</i>
<i>*r1</i>	<i>*-r-</i>	<i>*-r-</i>	<i>*-r-</i>	<i>-l- (= -r-)</i>
<i>*r2</i>	<i>*-r2- (= -r-)</i>	<i>*-r-</i>	<i>*-r-</i>	<i>-l- (= -r-)</i>
<i>*l1</i>	<i>*-l-</i>	<i>*-l-</i>	<i>*-l-</i>	<i>-l- (= -r-)</i>
<i>*l2</i>	<i>*-l2- (= -l-)</i>	<i>*-l-</i>	<i>*-l-</i>	<i>-l- (= -r-)</i>
<i>*k</i>	<i>*q-/k-, -q-/ -k-</i>	<i>*q-/k-, -q-k ~ -G-/g-,</i>	<i>-G-/g- *k-, k</i>	<i>k-, k (=g)</i>
<i>*g</i>	<i>*q-/k-, -γ-/ -g-</i>	<i>*G-/g-, -G-/g-/ -γ-</i>	<i>*g-, g</i>	<i>k-, k (=g)/h</i>
<i>*η</i>	<i>*-η-</i>	<i>*-ηg-/ -γ-, -η</i>	<i>*-η-</i>	<i>-η-</i>
<i>*č</i>	<i>*č-, č</i>	<i>*č-, -č-, -s</i>	<i>*č-, č</i>	<i>č, čh</i>
<i>*ž</i>	<i>*j</i>	<i>*ž</i>	<i>*ž</i>	<i>č-, č (=ž)</i>
<i>*ñ</i>	<i>*j-, ñ</i>	<i>*n-, n</i>	<i>*ñ-, ñ</i>	<i>n-, *ñ</i>
<i>*s</i>	<i>*s-, s</i>	<i>*s-, s</i>	<i>*s-, s</i>	<i>s-/h-, s</i>
<i>*j</i>	<i>*j-, j</i>	<i>*j-/0 (*i, *i дыбыстары алдында), -j-/ -γ -</i>	<i>*j-, j</i>	<i>j- (0), -j-</i>

Түркі тілдері дауыссыздар жүйесіндегі базалық сәйкестіктерді және олардың жаңғыртылған арғытүркілік (түптүркілік) түрпатын, сондай-ақ «дауысты-дауыссыздар» кешені сәйкестіктерін және олардың арғытүркілік реконструкциясын жаңғыртып, оларды кесте ішінде көрсете отырып, А.В.Дыбо арғытүркілік консонантизм реконструкциясы негізінен дәстүрлі алтистикалық бағыттағы зерттеулерде ұсынылған реконструкциялармен сәйкес түсіп жататынын айтады¹:

¹ Дыбо А.В. Лингвистические контакты ранних тюрков. Лексический фонд: пратюркский период. – М., 2007. – С. 16-22.

ПТ	Древнеуйғ	Карах	Як	Тув	Тоф	Хак	Шор	Ойр	Қырғ	Уйғ	Узб	Каз., Кар Калп
b ¹	b	b	b	b/p	b/p	p	p	b	b	b/p	b	b
p/V -	p	p, b, p	b, p	V»vV, hV, «p	V»pV, «p	b, p	b, p	b, p	p, b ² , p	p	p	p, b
p/V:-	p	p, b, p	b, p	VvV, p	VbV, p	b, p	b, p	b, p	b, p	p	v, p/b ³	b, p
b	b	v	B /0 ⁴	v /0 ⁴ , g	b /0 ⁴ , g	b /0 ⁴ , g/b	b /0 ⁴ , g ⁵ /p	b/0 ⁶	b /j /0 ⁴	b/v/ g/j/0 ⁵	v/g/j/0 ⁵	b/w/j/0 ⁴
m	m, n	m, n	m, n	m, n	m, n	m, n	m, n	m, n	m, n	m, n	m, n	m, n
t	t	t	t	t, d ⁷	t, d ⁷	t	t	t	t	t	t	t
t/V-	t	t	t ⁹	V»dV, «t	V»tV, «t	d, t	d ¹⁰ , t	d, t	t	t	t	t ¹¹
tV:-	t	t	t ⁹	VdV, t	VdV, t	d, t	d ¹⁰ , t	d, t	t	t	t	t ¹¹
d	t	t	t	t, d ⁷	t, d ⁷	t	t	t	t	t	t	t, (d)
d	d	ð	t	VdV, t	VdV, t	z, s	z, s	j ¹⁴	j	j	j	j
s	s	s	0	s	s	s	s	s	s	s	s	s
s/V-	s	s	h, s, t ¹⁷	«z, «s	«s	z	z	z	s	s	s	s
s/V:-	s	s	h, s, t ¹⁷	z, s	z, s	z	z	z	s	s	s	s
n	n	n	n	n ¹⁹	n	n	n	n	n	n	n	n
r	r	r	r	r	r	r	r	r	r	r, j/0	r	r
l	l	l	l	l	l	l	l	l	l	l	l	l
č	č	č	s	š	š	s	š	č	č	č	č	š
č/V -	č	č	h, s	«ž, «š	«ž, «š	ž, s	ž, š	č	č	č	č	š
č/V:-	č	č	h, s	ž, š	ž, š	ž, s	ž, š	č	č	č	č	š
j	j	j	s	č	č	č	č	д», j ¹⁴	ž	j ²⁰	j ²¹	ž
j	j	j	j	j	j	j	j	д», j ¹⁴	j	j	j	j
j ₁	d	ð	t	VdV,	VdV	z	z	j	j	j	j	j
n ²³	j/ñ	j	j/	j/		j ²⁴	j ²⁴	j	j	j	j	j
ř	z	z	h, s, t ¹⁷	z, s	z, s	z, s	z, s	z, s	z	z	z	z
l/V-	š	š	h, s, t ¹⁷	«ž, «š	«ž, «š	z, s	ž, š	ž, š	š	š	š	s
l»/V:	š	š	h, s, t ¹⁷	ž, š	ž, š	z, s	ž, š	ž, š	š	š	š	s
k ²⁵	k, q ²⁶	k, q ²⁶	k, x ²⁷	k, x ¹⁷	k, x ¹⁷	k, x ²⁶	k, q ²⁶	k	k	k, q ²⁸	k, q ²⁸	k, q ²⁶
k/V-	k, q ²⁶	k, q ²⁶	g, y ²⁶	«g, «k	«h, «k/»q ²⁶	g, y ²⁶	g, y ²⁶	g	g, k ² , k	k, q ²⁸	k, q ²⁸	g /y, k /q ² , k/q ²⁶
k/V:-	k, q ²⁶	k, q ²⁶	g, y ²⁶	g, k	g, k/q ²⁶	g, y ²⁶	g, y ²⁶	g	g, k ² , k	k, q ²⁸	k, q ²⁸	g /y, k /q ² , k/q ²⁶
g ³⁰	k	k	k	k, x ¹⁷	k, x ¹⁷	k	k	k	k	k	k	k
g	g, y ²⁶	g, y ²⁶	0	0, g /y ²⁶	0, g/y ²⁶	0, g /y ²⁶	0, g /y ²⁶	0/j/g ⁶	0/j/g ⁴	g, y, k/q ³¹	g, y, k /q ³¹	w/ j, 0/w/j ⁴
ŋ	ŋ	ŋ	ŋ	ŋ, 0 ³³	ŋ, 0 ³³	g /0, ŋ	g /0, ŋ	ŋ ³⁴	ŋ	ŋ, n ³⁵	ŋ, j, n ³⁵	ŋ, j, n ³⁵

Ноғ	Башқ	Тат	Кум	Балк	Караим	Туркм	Аз	Ғағ	Тур	Хал	Чув
b	b	b (сиб. р)	b, p-	b	b	b /p	b/p	b/p	b/p	b-	p
p, b ²	p, b	p, b	p, b	p, b	p, b	p	p	p	p	b, p	b, p
b, p	b, p	b, p	b, p	b, p	b, p	b, p	b, p	b, p	b, p	b, p	b, p
b/w/i/0 ⁴	w/i/0 ⁴	w/i/0 ⁴	w/i/0 ⁴	w/i/0 ⁴	w/i/0 ⁴	w/i/0 ⁵	v/i/0 ⁵	v/0 ⁴	v/i/0 ⁵	v/0 ⁴	v/0 ⁴
m, n	m, n	m, n	m, n	m, n	m, n	m, n	m, n	m, n	m, n	m, n	m, n
t	t	t	t, d	t	t	t, d ⁷	t, d ⁷	t, d ⁷	t, d ⁷	t	t ⁸
t ¹¹	t	t	t	t	t	t	t	t	t	t	d ¹² , t
t ¹¹	t	t	t	t	t	d, t	d	d, t	d, t	t	d ¹² , t
t, (d)	t	t	t, d	t	t	d	d, t ¹³	d, t ⁷	d, t ⁷	t	t ⁸
j	j	j	j	j	j	j	j	j	j	d	r
s	h	s	s	s	s	ʒ, s ¹⁵	s	s	s	s	s ¹⁶
s	ʒ	s	s	s	s	ʒ, s ¹⁵	s	s	s	s	s ¹⁸ (=z)
s	ʒ	s	s	s	s	ʒ, s ¹⁵	s	s	s	s	s ¹⁸ (=z)
n	n	n	n	n	n	n	n ²¹	n	n	n	n, m
r	r	r	r	r	r	r	r	r	r	r	r
l	l	l	l	l	l	l	l	l	l	l	
š	s	č	č	č	č	č	č	č	č	č	š ⁸
š	s	č	č	č	č	č	č	č	č	č	ž ¹²
š	s	č	č	č	č	ž, č	ž	ž, č	ž, č	č	ž ¹²
j	j	j, ž ²²	j, ž	ž	j	j	j	j	j	j	š
j	j	j	j	j	j	j	j	j	j	j	j
j	j	j	j	j	j	j	j	j	j	d	j/v/0 ⁴
j	j	j	j	j	j	j	j	j	j	j	j/v/0 ⁴
z	z	z	z	z	z	z	z	z	z	z	r, s
s	š	š	š	š	š	š	š	š	š	š	l, š
s	š	š	š	š	š	š	š	š	š	š	l, š
k	k, q ²⁶	k	k, g, q ²⁶	k, g, q ²⁶	k	k, g ²⁶	k, g ²⁶	k	k	k, q ²⁶	k, x ²⁹
g, k ² , k	g /y, k /q, k/q ²⁶	g, k ² , k	g /y, k /q, k/q ²⁶	g /y, k /q, k/q ²⁶	g, k, k	k, q ²⁶	k, x ²⁶	k	k	k, q ²⁶	-g-, k /x ²⁹
g, k ² , k	g /y, k /q, k/q ²⁶	g, k ² , k	g /y, k /q, k/q ²⁶	g /y, k /q, k/q ²⁶	g, k, k	g /y, k/ q ²⁶	g/y, k/x/ G ⁷	g /0 ⁷ , k	y, k	k, q ²⁶	g,-k /x ²⁹
k	k	k	k, g	k, g	k	g	g	g	g	k	k
w/ j, 0/w/j ⁴	w/ j, 0/w/j ⁴	w/ j, 0/w/j ⁴	w/ j, 0/w/j ⁴	w/ j, 0/w/ j ⁴	g/w/j/0 ⁴	y/w /j ⁶	y/w/j ⁶ , 0 ³²	y/w /j ⁶ , 0 ³²	y/w /j ⁶ , 0 ³²	y/w /j ⁸ , 0 ³²	v/0 ⁴
ŋ, j n ³⁵	ŋ, j, g, n ³⁵	ŋ, j, g, n ³⁵	ŋ, j, n ³⁵	ŋ, j, g, n ³⁵	ŋ, j, g, n ¹⁵	ŋ ³⁶	n, j	n, m, j ⁶	n, m, j ⁶	ŋ, j, g, n ³⁷	n, m ⁴

«Оғыз, қыпшақ және қарлұқ тобы тілдерінің қай-қайсысында бірінші және екінші дәрежелі *q, k, ğ, g, ħ, t, d, p, b, ñ, m, r, l, y, u/w, s, z, ş, ç* дауыссыздары кездеседі, мұнда *ç > c* оғыз типті тілдерге тән, ал көне түркі тіліндегі сөз іші және сөз соңындағы *d* дыбысының үш топта *y - ğe* ауысуы жүйелі кездесетін құбылыс» – дей келе, С. Екер түркі тілдері дамуының арғыалтай, түптүркі, оғыз ататілі, көне түркі тілі, шағатай тілі тәрізді кезеңдеріне қатысты белгілерді ескерген жағдайда қазіргі түркі жазба тілдері дауыссыз дыбыстар жүйесінің салыстырмалы сипаттамасын беруге болатынын айтады¹.

Көне түркі әліпбиіндегі дауыссыздардың жуан-жіңішке айтылуына байланысты графикалық таңбаларының түрліше қолданылуы әрбір дыбысты жеке фонема ретінде қарастыруға мүмкіндік береді және көне түркі тілін қазіргі түркі тілдерімен салыстыра қарастыруда, олардың фонетикалық жүйесіндегі, лексикалық құрамы мен морфологиялық құрылымындағы айырмашылықтарды анықтауда біршама нақтылыққа қол жеткізеді. Қазіргі қыпшақ тобындағы тілдердің дауыссыздар жүйесі Орхон, Енисей, Талас ескерткіштері тіліндегі консонанттарға берілген артикуляциялық, акустикалық сипаттамалық жіктемеден айтарлықтай ажыратылмайды. Қараңыз: 1, 2 кесте.

1-кесте

Орхон, Енисей, Талас, ескі қыпшақ ескерткіштері және қазіргі қыпшақ тілдеріндегі дауыссыз дыбыстардың жасалу орнына қарай жіктелуі

№	Тілдер	Ерін		Тіл алды		Тіл ортасы	Тіл арты	увуляр	көмей
		ерін-ерін	ерін-тіс	тіс	таңдай				
1	Орхон, Енисей, Талас ескерткіштері тілі	b, p, m		d, t, s, n, e	š, č, r	j	g, k, γ, q, ɢ		
2	Ескі қыпшақ ескерткіштері тілі	b, p, w, b, m		d, t, z, s, n, e	ž, š, č, r	g, k, j	q, γ, x, ɢ		

¹ Eker S. Çağdaş Türk Dili.7 Baskı. – Ankara, 2011. - S. 120-131.

3	Қазақ тілі	b, p, m, w	u, b	d, t, z, s, tc, č, n, l	ž, š, šš, j, r	g, k	q, γ, x, ɣ		h
4	Қарақалпақ тілі	b, p, w, m	u, b	d, t, z, s, ts, n, l	ž, š, dž, č, r	j	q, γ, x, ɣ, g, k		x
5	Ноғай тілі	b, p, w, m	u, b	d, t, z, z, š, s, č, ts, n, l, r		g, k, j	q, γ, x, ɣ		
6	Башқұрт тілі	b, p, m	u, b	t, z, d, s, š, l, r, č, ž		g, k, j, n	x, ɣ	q, γ	h
7	Татар тілі	b, p, w, m	u, b	d, t, z, ž, s, č, dž, š, tč, tš, ts, n, l, r		j	g, k	q, γ, x, ɣ	h
8	Құмық тілі	b, p, u, m	b	d, t, z, s, dž, č	ž, š, n, l, r	g, k, j	q, γ, x		gь
9	Қарайым тілі	b, p, v, m	v, b	s, z, ts, dz, n, l, r	m, d, š, ž, č, dž	k, g, j	q, γ, x, ɣ		h
10	Карашай-балкар тілі	b, p, w, m	v, b	d, t, z, s, n, l	ž, š, dž, č, r	g, k, j	q, γ, x, ɣ		
11	Қырым татарлары тілі	b, p, m	d, t, v, b	z, ž, s, š, dž, č, n, l, r		j	g, k, q, γ, x, ɣ		
12	Қырғыз тілі	p, b		t, s, š, č, d, z, ž, n, l, r		k, g, j	ɣ	q, γ	

1***

1*** Қараңыз: Языки мира. Тюркские языки. – Бишкек: Кыргызстан, 1997; Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Фонетика. – М.: Наука, 1984; Баскаков Н. А. Историко-типологическая фонология тюркских языков. – М.: Наука, 1988; Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002; Грамматика карачаево-балкарского языка. Под ред. Н.А.Баскакова. – Нальчик, 1976; Кыргыз тилинин грамматикасы. Морфология жана фонетика. – Фрунзе: Илим, 1980; Татарская грамматика: происхождение языка. Фонетика. Фонология. Графика и орфография. Орфоэпия. Словообразование. – Казань, 1993, т. I; Грамматика современного башкирского литературного языка. – М., 1981, т.б.

2-кесте

Орхон, Енисей, Талас, ескі қыпшақ ескерткіштері және қазіргі қыпшақ тілдеріндегі дауыссыз дыбыстардың жасалу жолына қарай жіктелуі

№	Тілдер	Үнсіз (шуыл)			Сонор		
		Шұғыл	фрикатив	аффрикат	мұрын жолды	бүйір	діріл
1	Орхон, Енисей, Талас ескерткіштері тілі	b, p, d, t, g, k, γ, q	z, s, š, j	č	m, n, ɳ	l	r
2	Ескі қыпшақ ескерткіштері тілі	b, p, d, t, g, k, q	w, b, z, s, ž, š, j, γ, x	č	m, n, ɳ	l	r
3	Қазақ тілі	b, p, d, t, g, k, q	v, b, z, s, ž, š, šš, γ, x, h	ts, č	m, n, ɳ	w, l, j	r
4	Қарақалпақ тілі	b, p, d, t, g, k, q	w, v, b, z, s, ž, š, j, γ, x	ts, dž, č	m, n, ɳ	l	r
5	Ноғай тілі	b, p, d, t, g, k, q	v, w, b, ž, z, š, s, j, γ, x	č, ts	m, n, ɳ	l	r
6	Башқұрт тілі	b, p, t, d, č, g, k, q	γ, v, b, š, ž, z, s, x, h, w, j		m, n, ɳ	l	r
7	Татар тілі	b, p, d, t, g, k, q	v, b, z, ž, s, dž, š, γ, x, h, w, j	č, šš, ts	m, n, ɳ	l	r
8	Құмық тілі	b, p, d, t, g, k, q	v, b, z, s, ž, š, γ, x	dž, č	m, n, ɳ	l	r
9	Қарайым тілі	p, b, d, t, k, g, q	v, b, s, z, š, ž, j, x, γ, h	ts, dz, č, dž	m, n, ɳ	l	r
10	Қарашай-балқар тілі	b, p, d, t, g, k, q	w, v, b, z, s, ž, š, j, γ, x	dž, č	m, n, ɳ	l	r
11	Қырым татарлары тілі	b, p, d, t, g, k, q	v, b, z, ž, s, š, γ, x	dž, č	m, n, ɳ	l, j	r
12	Қырғыз тілі	p, b, t, d, k, g, q	s, š, z, γ	č, ž	m, n, ɳ	l, j	r

1***

1 *** Қараңыз: Языки мира. Тюркские языки. – Бишкек: Кыргызстан, 1997; Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Фонетика. – М.: Наука, 1984; Баскаков Н. А. Историко-типологическая фонология тюркских языков. – М.: Наука, 1988; Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002; Грамматика карачаево-балкарского языка. Под ред. Н.А.Баскакова. – Нальчик, 1976; Кыргыз тилинин грамматикасы. Морфология жана фонетика. – Фрунзе: Илим, 1980; Татарская грамматика: происхождение языка. Фонетика. Фонология. Графика и орфография. Орфоэпия. Словообразование. – Казань, 1993, т. I; Грамматика современного башкирского литературного языка. – М., 1981, т.б.

Туыс, туыстас тілдерді ажыратудағы негізгі айырым белгі – тарихи дыбыс сәйкестіктерінен синхронды тұрғыдан қарағанда артикуляциялық-акустикалық ықпал көрінбегенмен, тарихи тұрғыдан қарағанда адам физиологиясының жетілуіне орай жүретін артикуляциялық дамудың белгілері анық байқалады. Сондықтан дыбыс сәйкестіктерінің онтологиялық негізі адамзаттың физиологиялық-артикуляциялық мүмкіндіктерінің, ақыл-ойының дамуына байланысты жаңа фонемалардың қалыптасуымен, аллафондардың саралануы нәтижесінде гомогенді сөздердің тұлғалық варианттарының пайда болуымен, туыс тілдер мен диалектілердің өздеріне тән фонетика-фонологиялық даму ерекшеліктерімен сипатталады.

§3. Қазіргі түркі тілдері консонанттық жүйесінің тарихи қалыптасуының жалпы сипаты

Түркі тілдерінің жалпытүркілік консонанттық жүйесі ортақ болғанымен қазіргі тілдер түрлі ықпалдарға байланысты өзіндік қасиеттерімен ерекшелене дамиды. Бір дыбыстан немесе аффрикаттан тұратын ортақ архитұлғадан тараған аллофондардың дербес фонемаларға айналуы ұзақ мерзімге созылған фонологизацияланудың нәтижесі, олардың әрқайсысының өзіндік артикуляциялық, акустикалық, функционалдық ерекшеліктерімен қалыптасуы да лингвоэволюциялық, физиоэволюциялық үдерістер аясында жүзеге асады.

Алтаистикалық және түркологиялық бағыттардағы зерттеулерде¹ айқындалған арғыалтай (болжам түріндегі) тілінің ды-

¹ Ramstedt G.J. 'Introduction to Altaic Linguistics', 2 volumes. – Helsinki: Suomalais-Ugrilainen Seura, 1952-1957; Poppe N. Introduction to Altaic Linguistics. Otto Harrassowitz. – Wiesbaden, 1965; Menges K.H. Altaic elements in the Proto-Bulgarian inscriptions // Byzantion. – Bruxelles, 1951; Bulgarische Substratfragen // Ural-Altaische Jahrbucher. – Wiesbaden, 1960; Nomura M. Materials for the historical phonology of the Mongol Language // Memoires Research departent of the Toyo Bunko (the Oriental library). – Tokyo, 1959; Ligeti L. A propos des elements «altaïques» de la langue hongroise // Acta Linguistica Academiae Scientiarum Hungaricae. – Budapest, 1961; Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Фонетика. – М.: Наука, 1984; Малов С.Е. Древние и новые тюркские языки // ОЛИЯ. Т. 2. Вып. 2. – М., 1952; Иллич-Свитыч В.М. Опыт сравнения ностратических языков: Сравнительный словарь (p-q) (по картотекам автора). – М.:

быстық жүйесі, сонымен қатар арғытүркі (түптүркі) тектілінің баба тіл, ата тіл деңгейлерінде жаңғыртылған фонологиялық жүйе туралы тұжырымдар мен олардың дәйектемелік негізіне алынған тілдік фактологиялық материалдарға сүйене отырып, қазіргі түркі тілдерінің дауыссыз дыбыстар жүйесінің арғыалтайлық тек тілден қазіргі жекелеген тілдерге дейінгі даму үрдісіне төмендегідей сипаттама беруге болады:

ј: Арғыалтай тіліндегі сөз басы ј дыбысына түркілік тектіл, көне түркі тілдеріндегі ј дыбыстары сәйкес келеді. Мысалы: түрк.*jigdläk «жидек» ~ тұңғ.-маньч.: эвен. jikte «жидек», улча juste, гол. jusikte «қара жидек, көк жидек» ~моңғ.-жазба jigde «қытай құрмасы», jedegene < *jigdegene «бүлдірген, құлпынай»¹. Алайда С.А.Старостин арғыалтай тілінде ј дыбысы сөз басында емес, сөз ортасында кездесетінін айтады. Ол моңғ. jada- «шаршап-шалдығу, кедейшілікте өмір сүру», jadaу «кедей» сөздерін түркі.*jadag «жаяу, жаяу жүруші» сөзімен салыстыруға келмейтінін, ал қазіргі түркім. jāda- «шаршау», тел. jada- «әлсіреу» сөздерін моңғол тілінен енген кірмелер деп санау қажеттігін ескертеді. Сол сияқты Н. Поппе моңғ. jaуара- «асығу» сөзімен салыстырған көне-ұйғ. жарғақ «жиі, көп», жарғауін «асығыс» сөздерінің көне түркі сөздігінде кездеспейтінін, ал Н. Поппе jafa- тұлғасында

Наука, 1984. – 136 с. - С. 93-95; Doerfer G. Mongolo-Tungusica. – Wiesbaden, 1985. S.148; Щербак А.М. Рец. на: Doerfer G. Mongolo-Tungusica. – Wiesbaden, 1989. – 307 с. // Вопросы языкознания. – М., 1989. – № 6; Севортян, Э.В. Этимологический словарь тюркских языков. 7 томах. – М.: Наука, 1974 – 2003; Тенишев Э.Р. Алтайские языки // Языки мира: Тюркские языки. – М., 1996; Баскаков Н.А. Историко-типологическая фонология тюркских языков. – М.: Наука, 1988; Старостин С. А. Алтайская проблема и происхождение японского языка. – М., 1991; Дыбо А.В. Семантическая реконструкция в алтайской этимологии. Соматические термины (плечевой пояс). – М.,1996; Тенишев Э.Р. Система согласных в языке древнеуйгурских памятников уйгурского письма Турфана и Ганьсу // Вопросы диалектологии и тюркских языков. – Баку, 1963. Т. 3; Süer Eker. Çağdaş Türk Dili.7 Baskı. – Ankara, 2011; Тенишев Э.Р. Алтайские языки // Языки мира: Тюркские языки. – М., 1996; Rona-Tas A. The Altaic theory and the history of a middle Mongolian loan word in Chuvash // Researches in Altaic languages. – Budapest, 1975; Starostin S., Dybo A., Mudrak O. Etymological Dictionary of the Altaic Languages. – Leiden; Boston: Brill, 2003. – Vol. 1. P. 858. (A-K); Vol. 2. - P. 859-1556. (L-Z); Vol. 3. P. 1557-2096. (Indices).және т.б.

¹ Poppe N. Introduction to Altaic Linguistics. – 1965. - P. 199.

берген маньчж. *jabu-* (у), сол. *jabu-* «жүру» сөздерін осы тілдерге моңғолдан (*jabu-* «жүру») енген кірме сөз екенін ескертеді¹

Түркі тілдеріндегі *j* дауыссызының анлаут және ауслаут жағдайдағы табиғаты, қалыптасу жолы әртүрлі екені белгілі. Сөз соңындағы *j* дыбысы түркі тілдері фонетикалық жүйесі дамуының біршама кейінгі кезеңдердегі көрінісі болса, сөз басындағы *j* алғашқы дауыссыздар қатарына жатады.

Б.А. Серебренников сөз басындағы түркілік тектілік *j* дыбысының қазақ тілінде *ž*, қырғыз тілінде *ž*, алтай тілінде *dž*, чуваш тілінде *š*, якут тілінде *s*, хакас тілінде *č* дыбысына айналғанын және бұл өзгерістің осы позицияда үнемі қайталанып келіп отыратынын (қырғ. *žol*, қаз. *žol*, алт. *džol*, чув. *šul*, якут. *suol*, хакас. *čol* < * *j* *ō* *l*, қаз. *žoq*, < * *j* *ō* *q*, ал сөз соңында *j* өзгеріске ұшырамағанын қаз. *aj* < * *aj*, қаз. *baj* < * *b ā j* т.б.) айтады².

Сөз басы *j* дыбысының VII-IX ғасыр түркі жазба ескерткіштері тілінде қолданылуы негізінде анлаут *j*-ді көне фонема, қазіргі қыпшақ тілдеріндегі анлаут *ž*-ны *j*-ден дамыған кейінгі құбылыс ретінде қарастыру дәстүрі түркітануда орнығып қалды. Анлаут *j* дыбысының көне, түркі, орта ғасыр түркілері мен қазіргі түркі тілдеріндегі қолданыс аясы аталған фонеманың түркі тілдері фонологиялық жүйесінен түркілік баба тіл кезеңінде-ақ орын алғанын толық қуаттай түседі.

Анлаут жағдайда *j*: көне түрк. *jab(iz)* «жауыз» ~ тат. *jau(iz)*, башқ. *jaw(iz)*, қар. *juu(uz)*, ққалп. *žab(iz)*, қаз. *žaw(iz)*; Орх., Ен. *jad(aγ)* «жаяу» ~ қар. *jaj(au)*, башқ. *jäj(äü)*, ноғ., құм. *jaj(au)*, тат. *žäj(äw)*, қаз., ққалп. *žaj(aw)*; Орх. *jaп* «жеңу» ~ қаз., ққалп. *žeң*, башқ. *jің*, тат. *žijң*; Е. *jaңuš* «жалғыз» ~ құм. *(jaң)giz*, тат., ноғ. *jal(giz)*, башқ. *jaң(γiz)*, ққалп., қаз. *žal(γiz)*; Орх., Е., Тал. *jaγ* «жау» ~ тат. *jaw*, ноғ. *jau*, ққалп., қаз. *žaw*; Орх., Е. *jīγ(la)*, *juγ(la)* «жылау» ~ тат. *jel(aw)*, башқ. *ij(law)*; құм., ноғ. *jī(la)*, қаз. *žil(a)*; Орх., Е. *jīl* «жыл» ~ қар. *jīl/il*, ноғ., башқ. *jīl*, құм. *jīl*, қаз., ққалп. *žil* т.б.;

¹ Старостин С. А. Алтайская проблема и происхождение японского языка. – М., 1991. – С.32-33.

² Серебренников Б.А. Проблема достаточности основания в гипотезах, касающихся генетического родства языков// Теоретические основы классификации языков мира. Проблемы родства. – М., 1982. – С. 11.

j≈ž: Орх., Е. jok(aru) «жоғары» ~ тат. juq(arī), башқ. juγ(arī), қар. jaγ(arī), қаз. žoγ(arī); Орх., Е. jañ(īl) «жаңылысу» ~ ноғ., тат., башқ. jan(īl), қаз., ққалп. žañ(īl); jok/joq «жоқ» ~ тат., башқ. juk, қаз., ққалп. žoq; Орх., Е. jol «жол» ~ тат., башқ. jul, қар. jol, ноғ. jol, құм. ijol, қаз., ққалп. žol т.б.

j≈ø: Қазіргі қыпшақ тілдерінде көне түркілік jük моносиллабы ортақ мазмұнды сақтай отырып j ≈ ž сәйкестігін түзіп те, j дыбысы түсіп қалып та қолданылады; қаз., ққалп., қырғ., қ.балқ. žük, тат., ноғ., башқ. jük, қар. jik «жүк»; қаз., ққалп. üj, тат., башқ. öj «жинау». Қазақ тілінде анлаут ž-ны сақтаған тұлға жүк → жүкті, жүкте, жүктеме т.б. сөздері арқылы берілсе, ž(j)-дің түсіп қалуы арқылы қалыптасқан тұлға үй → үйме, үйінді т.б. сөздерін белгілейді, үйме – жүйме қос сөзінде екі тұлғада сақталған.

Ауслаут жағдайда j: Көне түрк. buj → bujuγuq «әмір, бұйрық» ~ қаз., ққалп. bujuγiq, ноғ., құм. buj(γuq); көне түрк. qoj «қой» ~ қаз., ққалп., құм. qoj, ноғ. koj; saj → saj(u) «сайын» ~ қаз., ққалп. saj(in); көне түрк. aj «ай» ~ қаз., ққалп., тат., башқ., құм., ноғ. aj; көне түрк. baj «бай» ~ қаз., ққалп., құм., башқ., ноғ. baj, тат. boj; түрк. * qij > көне түрк. qijīn «азап, қиыншылық» ~ қаз., ққалп., башқ., құм. qij(in); көне түрк. *kej > kej(ik) «киік» ~ қаз., ққалп. kij(ik); *uj > uj(a) «ұя, әулет, туыс» ~ қаз., ққалп., құм., ноғ. uj(a), башқ. oj(a);

Туынды сөздер құрамындағы түбір морфема соңында да j дыбысының өзгеріссіз қолданылуы жиі кездеседі, мысалы: көне түркілік – tujaγ «тұяқ» сөзі қаз., ққалп. тілінде – tujaq, баш., тат. тілінде – tojak, қырғ. тілінде – tujak, түркі тілінде – dojak, түркім. тілінде – tojnak, тув. тілінде – dijuu, хак. тілінде – tujuaq. Осы тәрізді j (й) дыбысына аяқталуы, бір буынды түбір-негіздердің бірнеше түркі тілдерінде қатар қолданылуы ауслаут j дауыссызының қалыптасуы біршама ерте кезеңнен бастау алатынын көрсетеді. Э.В. Севортян қыпшақ тілдеріне тән γ ≈ j өзгерістері «Аттухфа» (XIV ғ.) тілінде де кездесетінін айтады¹. Қыпшақ тобына кірмейтін түркімен, түрік, якут, тува, хакас, чуваш тілдерінде де ауслаут j-дің сақталуы бұл мәселені әлі де тереңірек зерттей түсуді қажет етеді.

¹ Севортян Э.В., Левитская Л.С. Этимологический словарь тюркских языков. – М.: Наука, 1989. – С. 271

Қазақ тілінде й [j] – үнді, ызың дыбыс, тілдің қатысуымен жасалатын дауыссыз. Сөздің басында йод сияқты бірлі-жарым сөздерде болмаса, негізінен қолданылмайды, әйтседе сөз аяғында көптеп кездеседі: шай, май, тай. Түрік тілінде у [j] – ұяң, таңдай, ызың дауыссыз дыбыс: уақа «жаға», уег «жер», уірек «жүрек», уау «садақ». Түрік тіліндегі негізгі дыбыстардың бірі. Сөздің барлық позициясында кездеседі.

q (қ), k, γ, g: Түркі тілдері фонетикалық жүйесінде жан-жақты зерттелген, тарихи даму жолы мен фонематизациялануы, сәйкестік түзу мүмкіндігі кеңінен қарастырылған консонанттар қатарындағы q, k, γ, g дыбыстары VII-IX ғасыр түркілері тілінде қолданыс аясының кеңдігімен ерекшеленеді.

қ және k: Арғыалтайлық *қ /k дыбысына барып саятын арғытүркілік *q (қ) /k дыбысы көне түркі тілінде сөз басында, сөз арасында, сөз соңында k рефлексстерін сақтаған¹. Мысалы: арғыалт. *kudur-g- «құйырық (жылқының, балықтың т.б.)» > арғытүрк. *kudru-k «құйрық»; арғытүрк. *gōkūr ~ *gogūr-ı «кеуде, көкірек» > көне-түрк. kōkūz, түркім. gōvūs, түрік. gōyūs, әзерб. kōkūs (kōks), хак. kōgis, чув. kōgōr, арғытүрк. *gōkr-āk «көкірек» > өзб. kōkrak, тат. kūrkrak, қаз. kōkirek); арғыалт. *küjlu (~*k'ülju) «құлақ» > арғытүрк. *kul-kak (/ *kul-gak) көне-түрк. qul-qaq ~ qul-yaq, шағат. qulyaq, qulaγ, түркім. gulaq, түрік. kulak, як. qulγāx, чув. xōlγa.

Анлаут жағдайда q (қ): Орх., Е., Тал. qal «қалу» ~ тат., қар., башқ., ноғ., құм., қаз., ққалп. qal; Орх., Е., Тал. qam(a) «қамау» ~ қаз., ққалп., ноғ. qam(a); Орх., Е., Тал. qar «қар» ~ қар., башқ., ноғ., құм., ққалп., қаз. qar; Орх., Е., Тал. qar(a) «қара» ~ башқ., ноғ., құм., қаз., ққалп. qara; Орх., Е. qat «қату, қосу» ~ тат., башқ., ққалп., қаз. qat т.б.

q ≈ k: Қазіргі қыпшақ тілдерінен құмық, қарайым тілінің қалыч және тырақай диалектілерінде қ ≈ k кездеседі: қайт- ≈ kayt- «қайту, кері оралу» q ≈ γ: көне түрк. qaz ≈ γaz: qaz «қазу» ≈ ққалп. γaz. Бұл дерек ауызекі тілге негізделген, қарақалпақ әдеби тілінде қатаң тұлға сақталған qazıw «жерді ою, шұқырлау, үңгу»

¹ Старостин С. А. Алтайская проблема и происхождение японского языка. – М., 1991. – С. 38.

(ҚқТТС III, 91). Сондықтан қарақалпақ тіліндегі $q \approx \gamma$ сәйкестігі сөйлеу дәстүрінде оғыздық ықпалмен қалыптасқан фонетикалық заңдылық қатарына жатады.

$q \approx x$: Көне түрк. * $qa\gamma \approx *xa \rightarrow qa\gamma an \approx xan$: $qa\gamma an$ «қаған» $\approx$ қаз., ққалп., ноғ., тат. т.б. xan ; Қатаң q -ның x дыбысына өзгеруі ноғай, татар тілдерінен байқалады: көне түрк. * $qat \approx *xat \rightarrow qatun \approx xat\ddot{u}n$: $qatun$ «ханым, жар» $\approx$ ноғ. $xat\ddot{u}n$ «әйел».

$q (k) \approx \text{h}$: Сөз басы $q \approx \text{h}$ - сәйкестігін «Кодекс Куманикустан» кездестіруге болады: МК $qa\gamma an > ha\gamma an$ «қашан», МК $qam\ddot{u} \gamma > ham\ddot{u} \gamma$ «қамыс», МК $qudu\ddot{g} > hu\ddot{u} \gamma \sim ku\ddot{u} \gamma$ «құдық» т.б. Қыпшақ тілдерінің даму барысында сөз басында q және $k > \emptyset$ (нөлдік тұлға) болып түсірілуі кездеседі: МК $qurtqa > urutqa$ «қартайыңқыраған, шау тартқан», * $k\ddot{o} : ker\ddot{c}in > k\ddot{u}g\ddot{u}r\ddot{c}in \sim \ddot{u}ger\ddot{c}in$ ¹.

Түркі тілдерінің көпшілігінде q дыбысы сөз соңында сақталған, көне түркі тілінде, қаз., тат., ноғ., башқ., қырғ., ұйғ., түркім., тув. тілдерінде – aq , өзб. тілінде – oq «ақ», көне түркі тілінде, қаз., тат., құқм., каб. – балк., қырғ., тув. тілдерінде – $bal\ddot{u}k$ «балық»². Дейтұрғанмен әрбір тілдің өзіндік ерекшеліктеріне орай сөз соңындағы q дыбысы: $q \sim x$; $q \sim g$; $q \sim \gamma$; $q \sim \emptyset$ болып бірнеше өзгерістерге түседі: жалпытүрк. $qaraq$; тат. $kabak$; башқ. $qabaq$; қырғ., ққалп. $qabaq$, чув. $\chi ira\chi$ «қақпақ»; чув. $v\ddot{a}ra\chi$ «ұзын» $\sim$ жалпытүрк. $uzaq$; тат. $ozak$; башқ. $odaq$; қырғ., қаз., ққалп. $uzaq$; әзірб. $uzaq$; – чув. $vu\ddot{s}a\chi$ «очаг» $\sim$ жалпытүрк. $o\ddot{s}aq$; тат. $u\ddot{s}ak$; башқ. $usaq$; ққалп., қаз., ноғ. $u\ddot{s}aq$; қырғ. $o\ddot{s}oq$; түрік. $osak$; әзірб. $ojaq$; чув. $\acute{s}ura\chi$ «шабақ» $\sim$ жалпытүрк. $\acute{s}araq$; тат. $\acute{s}abak$; башқ. $sabaq$; қаз. $\acute{s}abaq$; түрік. $\acute{s}arak$; әзір. $\acute{s}arag$; жалпытүрк. $bal\ddot{u}q$; тат. $bal\ddot{u}k$; әзір. $bal\ddot{u}g$; шағат. $bal\ddot{u} \gamma$; чув. $siv\ddot{e}$ «суық, аяз» $\sim$ жалпытүрк. $soy\ddot{u}q$; тат. $su\ddot{u}k$; башқ. $h\ddot{u}u\ddot{u}q$; қырғ. $s\ddot{u}q$; чув. $\acute{s}ev\ddot{e}$ «сұйық» $\sim$ жалпытүрк. $subuq$; тат. $s\ddot{u}yek$; башқ. $\acute{s}iyik$ (sic !); түркім. $suvuq$; әзір. $s\ddot{u}yig$; – чув. $vile$ «өлік» $\sim$ жалпытүрк. $\ddot{o}l\ddot{u}k$; тат., башқ. $\ddot{u}lek$; қырғ. $\ddot{o}l\ddot{u}k$ ($\ddot{o}l\ddot{u}$); қаз. $\ddot{o}lik$; чув. $at\ddot{a}$ «етік» $\sim$ жалпытүрк. $\ddot{a}t\ddot{u}k$; тат. башқ. $itek$; қырғ. $et\ddot{u}k$; қаз., ққалп., ноғ. $etik$; түркім. $edik$; түркім. $\ddot{o}rt\ddot{u}k$; чув. $\acute{s}er\ddot{e}$ «жүзік» $\sim$ жалпытүрк. $y\ddot{u}z\ddot{u}k$; тат. $y\ddot{o}zek$; башқ. $y\ddot{o}d\ddot{o}k$.

¹ Eker S. Çağdaş Türk Dili. 7 Baskı. – Ankara, 2011. – S. 122.

² Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Фонетика. – М.: Наука, 1984. – С. 192.

Кейбір түркі тілдерінде *q* дауыссызы артикуляциялық жағынан сәл өзгешелеу, мысалы, Э.Р. Тенишевтің көрсетуі бойынша көне ұйғыр, сары ұйғыр тілдерінде қырылдаңқырап естіледі (*aqh*; «ақ (етістік)»¹, қаз. – *aq*).

Қазақ тіліндегі *q* [*q*] – қатаң, шұғыл, тілдің қатысуымен жасалатын дауыссыз дыбыс. Сөздің барлық позицияларында кездеседі: қазан, қара, құйрық, қыс т.б. Сөз соңында *q* дыбысы өзінен кейін дауыстымен басталатын қосымша жалғанғанда ұяң *ɣ* дыбысына айналады: жақ – жағы, дақ – дағы т.б. Қазақ тіліндегі дауыстылар ортасындағы *q*, *k* дыбыстары әрдайым ұяңдана бермейді: қазақы, қалмақы, балақай т.б. Ал түрік тілінде *q* – қатаң, таңдай, жабысыңқы дауыссыз дыбыс: *qış*, *qaz*, *qasıq*. Қазақ тіліндегідей сөз соңындағы *q* дыбысы дауысты дыбыспен басталатын қосымша жалғанғанда ұяңданып *ğ* болады: *qasıq* – *qasığ*, *qusaq* – *qusağ* т.б.

k: Түркі тілдерінде *k* сөз басында жиі кездеседі: Орх. *ked(im)* «киім, кию» ~ башқ. *kej*, ноғ., ққалп., тат., қаз. *kij*; Орх., Е., Тал. *kel* «келу» ~ ноғ., қаз., ққалп. *kel*, тат., башқ. *kijl*; Орх., Е. *keč* «кешу, өту» ~ тат. *kijč*, башқ. *kijš*, ноғ., қаз., ққалп. *keš*; Орх., Е., Тал. *kök* «көк, аспан» ~ қаз., ққалп. *kök*; башқ. *kük*, ноғ. *kočk/kök*; Орх., Е., Тал. *kim* «кім?» ~ қаз., қар. *kim*, тат., башқ. *kem*, ноғ., ққалп. *kijm*; Орх., Е., Тал. *kič(ig)* «кіші» ~ тат. *keč(e)*, ққалп. *kijš(i)*, қаз. *kiš(i)*; Орх., Е., Тал. *köl* «көл» ~ қаз., ноғ., ққалп., қар. *köl*, тат., башқ. *kül*; Орх., Е. *küz* «күз» ~ қаз., ққалп., ноғ. *küz*, тат., башқ. *köz*; Орх., Е. *köz* «көз» ~ қаз., қар., ноғ., ққалп. *köz*, тат., башқ. *küz* т.б.

k ≈ *g*: Түркі тілдерінде сөз басында *k* ≈ *g* сәйкестіктері жүйелі түрде кездеседі: МК *köl* ≈ ққалп. *göl*; МК *kürgek* ≈ ққалп. *güre*; МК *kir-* ≈ ққалп. *gir*; МК *köñül* ≈ ққалп. *göñül*²; **sek* ≈ **seg* → *sekiz* ≈ *segiz*: *sekiz* «восемь» (ДТД, 65) ≈ қаз., ноғ., қар., тат. *segiz/segijz*, башқ. *hijgez*, ққалп. *segijz/sekkijz*. Қыпшақ тілдері ішінде қарақалпақ тілі негізінен көне тұлғаны сақтап қалғанымен, ұяң варианты да кездеседі: **küm* ≈ **güm* → *küm(üş)* ≈ *güm(ijs)*: Орх., Е. *küm(üş)* «күміс» (ДТД, 56) ~ ққалп. *güm(ijs)* «қымбат, бахалы ақ түсли металл» (ҚқТТС II, 35).

¹ Тенишев Э.Р. Система согласных в языке древнеуйгурских памятников уйгурского письма Турфана и Ганьсу // Вопросы диалектологии и тюркских языков. – Баку, 1963. Т. 3. – С. 125.

² Eker S. Çağdaş Tütk Dili. 7 Baskı. – Ankara, 2011. – S. 121.

k ≈ t: қарайым-қалыч диалектісінде көрінеді: kişne- > tisnä- «кісінеу», МК küz > tiz «күз», МК kidiz > tiyiz «киіз», * kökürçin > tigirtsin «көгершін»¹ т.б.

Дауыссыз k фонемасы көптеген түркі тілдерінде сөз ортасында өз табиғатын сақтаған: қаз., ққалп., құм., гағ., түрік, алт. тілдерінде – kükürt; тат. тілінде – kükart; алт. тілінде – kükür «күкірт»; қаз., ноғ., құм., түрік тілдерінде – teke, гағ. тілінде – tekä, тат., әзірб., тілдерінде – täkä «теке». Қатаң k дауыссызының дауыстылар арасында ұяңдануы қазақ тіліне де тән құбылыс, мысалы: қаз. тілінде egiz ~ әзірб., тілінде akiz «егіз»; қаз. тілінде – egin ~ түрік тілінде ekin «егін». К дыбысының дауыстылар ортасында ұяңдануы чув. тілінің өз ішінде де кездеседі; täkä // tägä «теке», äkän // ägän «егін».

Сөз соңында k дауыссызы түркі тілдерінде сақталған: көне түркі, қаз., тат., қырғ., ноғай, ққалп. kök, түркім., түрік. gök, башқ. kük «көк, аспан»; Орх., Е. tök «төгу, тарату» ~ қаз. tök, башқ., тат. tük; Орх. ürk «үрку» ~ қаз., ққалп. ürk, башқ., тат. örk т.б. Алайда, түркі тілдерінде k дыбысының артикуляциялық табиғаты бірдей емес, қыпшақ тобындағы тілдерге қарағанда қарлұқ, оғыз тобындағы түркі тілдерінде k қатаңы біршама алдыңғы артикуляциямен айтылады². Сөз соңында ұяңдану құбылысы k дауыссызына да тән, мысалы: Ақсу ұйғырлары тілінде әдеби тілдегі ellik «елу» ellux түрінде айтылады³.

k ≈ x ≈ j сәйкестігі негізінен әзірбайжан диалектісінің батыс тобынан байқалады, мысалы: üzük// üzüj «жүзік», malax // malaj «періште», kurax // kuräj «күрек»⁴.

Қатаң k-нің j-ге ауысуы сондай-ақ өзбек тілі диалектілерінде кездеседі: büläk//buläj «білеу, қайрақ», teräk // teräj «тереке»⁵. Қатаң k дыбысының тұрақсыз дыбыстар қатарына жататыны

¹ Eker S. Çağdaş Türk Dili. 7 Baskı. – Ankara, 2011. - S. 122.

² Аралбаев Ж. Қазақ фонетикасы бойынша этюдтер. – Алматы, 1988. - Б. 57.

³ Қайдаров А.Т. Развитие современного уйгурского литературного языка. Ч.1. – Алма-Ата, 1969. - С. 93.

⁴ Джангидзе В.Т. Даманисский говор казахского диалекта азербайджанского языка. – Баку, 1965. - С.25.

⁵ Гулямов Х. Джизакский говор узбекского языка. Автореф.дисс... канд. филол. наук. – Ташкент, 1954. - С. 10

оның сөз соңында элизияға ұшырауынан анық байқалады: чув. тілінде – *ine* ~ түрік, тув., тоф. тілдерінде *inek*, әзірб., тілінде *inak*; чув. тілінде – *atä* ~ тат. тілінде *itäk*, қаз., ққалп. тілдерінде – *etik*, ұйғ. тілінде – *ütük* «етік».

Қазақ тілінде *к[к]* – қатаң, шұғыл дыбыс, тілдің қатысуымен жасалатын дауыссыз. Қазақ тілінің төл лексикасында сөздердің барлық шенінде кездеседі: кейін, кезу, кекілік, көбік, күш. Сөз соңында *к* дыбысы өзінен кейін дауыстымен басталатын қосымша жалғанғанда ұяң *г* дыбысына айналады: көк - көгі, көзілдірік – көзілдірігім т.б. Дауыстымен басталатын қосымшаның әсерінен сөз соңындағы қатаң *к/к* [*q/k*] дыбыстарының *ғ/г* *γ/g*] -ге ұяңдауы туралы А. Айғабылов: «*γ/g, q/k* дыбыстарының тілімізде алмасу жайы туралы айтқанда, алғаш бұл фонемалар қатаң айтылып, кейін келе ұяңдану процесі нәтижесінде *γ/g* дыбыстары морфонологиялық құбылыс ретінде пайда болған деуге болады. Сондықтан *γ/g* дыбыстарының жай-жапсары дауысты дыбысқа, үнді дыбысқа қатысты болсын таза фонетикалық заңдылық аясында қарастыруға келмейтін, анықтап айтқанда, артикуляциялық шек, мүмкіндік дегендермен өлшеуге көнбейтін сөйлеу дағдысынан қалыптасқан құбылыс болуға керек»¹ – дейді.

Түрік тілінде *к* – қатаң, таңдай, жабысыңқы дауыссыз дыбыс: *küçük* «кішкентай», *iki* «екі», *kişi* «кісі». Қазақ тіліндегідей сөз соңындағы *к* дыбысы дауысты дыбыспен басталатын қосымша жалғанғанда ұяңданып *ğ* болады: *küçük* – *küçüğü*, *kesik* – *kesiği* т.б.

γ (ğ): Ұяң *γ* дыбысы ескерткіштер тілінде анлаут позицияда қолданылмайды. Тілдің түбі таңдайдың артқы шеніне тиюден жасалатын ызың ұяң фонема *γ* қазіргі қыпшақ тілдерінде де анлаут позицияда сирек қолданылады. Қыпшақ тілдеріндегі анлаут *γ* кірме сөздерге тән, түркілік төл сөздердің ұяң *γ*-мен айтылуы қарақалпақ тілінде кездеседі: *γaz* «қаз», *γarγa* «қарға», *γawγa* «қауға» (ҚқТТС II, 40-46). Оғыздық белгі қарақалпақ этносының, тілінің қалыптасу кезеңінен бастау алатын құбылыс болса керек.

¹ Айғабылов А.М. Қазақ тілінің морфонологиясы. – Алматы: Санат, 1995. -56-бет.

Ұяң ү дыбысы көне түркі ескерткіштері тілінде анлаут позицияда қолданылмайды. Тілдің түбі таңдайдың артқы шеніне тиюден жасалатын ызың ұяң фонема ү қазіргі қыпшақ тілдерінде де анлаут позицияда сирек қолданылады. Қыпшақ тілдеріндегі анлаут ү кірме сөздерге тән, түркілік төл сөздердің ұяң ү-мен айтылуы қарақалпақ тілінде кездеседі: ҧаз «қаз», ҧағҧа «қарға», ҧауҧа «қауға» (ҚқТТС II, 40-46). Мұндай оғыздық белгі қарақалпақ этносының, тілінің қалыптасу кезеңінен бастау алатын құбылыс болса керек.

Түркі тілдерінде ү сөздің ортаңғы және соңғы шенінде кездеседі: Орх. аҧ «көтерілу» ~ қаз. аҧ «диал. ашытылған қамырдың қатты көтерілуі: нан/қамыр ағып кетті»; Орх. іҧ(aš) «ағаш» ~ тат. agaš, қар., құм. аҧ(ač), башқ. аҧ(as), ноғ., ққалп., қаз. аҧ(aš); Орх., Е. баҧ(ir) «бақыр» Е. 26 (ДТД, 33) ~ башқ., ноғ., тат., ққалп., қаз. baqir; құм. баҧ(ir); Орх., Е. аҧ(il) «қора» Е. 28 (ДТД, 39) ~ башқ. aw(il), тат. au(il), ноғ. au(il), ққалп., қаз. aw(il) «ауыл»; Орх., Е., Тал. (juҧ)la «жылау» - қаз., қалп. ži(la); башқ. ij(la); тат. e(la); Орх., Е., Тал. аҧ(ir) «ауыр; күшті» ~ қар., құм. au(ur), башқ., қаз. aw(ir), ноғ. au(ir); Орх., Е. аҧ(it) «ағыту» ~ қаз., ққалп., ноғ. аҧ(it) т.б.

ҧ ≈ q ≈ k: *jaҧ ≈ *jaq/*žaq ≈ *jak → jaҧuq ≈ jaqin/žaqin ≈ jakin: Орх., Е., Тал. jaҧ(uq) «жақын», jaҧ(ut)/jaҧ(il) «жақындау» ~ ноғ., башқ. jaq(in), ққалп., қаз. žaq(in), тат. jak(in); Қазақ тілінде *jaҧ моносиллабынан тараған žuwiq сөзі де қолданыста.

ҧ ≈ ø: Көне түркі ескерткіштер тілінде моносиллабтар құрамындағы ауслаут ҧ-ның қазіргі түркі тілдерінде элизияға ұшырауы кездеседі: *oҧ ≈ *u → oҧul ≈ ul: Тал., Орх., Е. oҧ(lan)/oҧ(ul) «ұл» ~ ққалп., ноғ. ul, тат., башқ. uwl, қаз. ul, ul(an). Түркі тілдеріндегі ҧ, g дауыссыздарының элизиясы екінші дәрежелі созылыңқы дауыстылардың қалыптасуымен тікелей байланысты құбылыс. Қыпшақ тілдеріндегі көне түркілік ҧ, g дыбыстарының элизиясы нәтижесінде қалыптасқан екінші дәрежелі созылыңқылар қыпшақ тобындағы қырғыз, алтай тілдеріне тән. Қырғыз тілінде ᠔, ö, ū, ü созылыңқылары жиі кездеседі: *aҧ ≈ *oo → aҧiz ≈ ooz «рот», suҧ ≈ suu «вода», taҧ ≈ too «гора» (КРС II, 72, 166, 250). Алтай тілінде ᠔, ö, ū, ü созылыңқыларымен қатар ā, ē,

і, і созылыңқы дауыстылар кеңіен қолданылады: aas «ауыз», aal «алу», jaа «жүру», jaak «бет, жақ», joon «жуан», jüit(ta) «иіскеу», kiiј «кию», söök «сүйек» (Верб. 4, 66, 100, 112, 177).

$\gamma \approx g \approx w \approx v \approx j$: *a γ $\approx$ *aw $\approx$ *av $\approx$ aj $\rightarrow$ a γ il $\approx$ awil $\approx$ avil: a γ (il) «мал қамайтын жер» $\approx$ қаз., ққалп. aw(il) $\approx$ ноғ., тат. av(il) $\approx$ қырғ. aјil «аул». Қазақ тілінде көне форма сақталған, a γ il «шөп не қамыстан жасалған төбесі биік мал қорасы (аула)» (ҚТДС, 13). *a γ $\approx$ *aw $\approx$ *av $\rightarrow$ a γ iz $\approx$ awiz $\approx$ aviz: a γ (iz) «ауыз» $\approx$ қаз., ққалп., башқ. awiz $\approx$ құм., ноғ., қар. aviz. a γ iz лексемасының этимологиясы жан-жақты талданған (ЭСТЯ I, 81, 82); *a γ $\approx$ *aw $\approx$ *av $\rightarrow$ a γ ir $\approx$ awir $\approx$ avir: a γ ir «ауыр» (ДТС, 203) $\approx$ қаз., ққалп., тат. aw(ir) $\approx$ қар., құм., ноғ., башқ. av(ir). i γ $\approx$ *a γ $\approx$ *ag $\rightarrow$ i γ ač $\approx$ a γ aš $\approx$ agač: Орх. i γ (ač) «ағаш» (ДТД, 83) $\approx$ ққалп., қаз., ноғ. a γ (aš), құм., қар. a γ (ač), башқ. a γ (as), тат. ag(ač).

С.Е. Малов тіл арты γ , тіл ортасы g дыбыстарының инлаут және ауслаут позицияда ілгерінді артикуляциямен айтылатын w, j дыбыстарына өзгеруін ең жаңа тілдерді айқындаудың шарты (критерий) етіп алады: sa γ $\rightarrow$ saw «сау», ta γ $\rightarrow$ taw «тау», sigir $\rightarrow$ sijir «сиыр», teg $\rightarrow$ tej/tij «ти» т.б. Бұл құбылысты «дыбыстардың ілгерілеуі» деп атаған ғалым инлаут, ауслаут позициядағы γ/g дыбыстарының редукцияға ұшырап түсіп қалуын (qul γ aq $\rightarrow$ qulaq «құлақ», sarir $\rightarrow$ sarі «сары» т.б.) және еріндік созылыңқыларға (екінші дәрежелі созылыңқылар: sa γ $\rightarrow$ soo «сау», ta γ $\rightarrow$ too «тау» т.б.) айналуын да ең жаңа тілдерге тән белгілер қатарында қарастырады¹.

$\gamma/g \approx j$ сәйкестігі негізінен қыпшақ тобындағы тілдерге тән болғанымен бұл сәйкестікті әзірбайжан тілінің диалектілерінен (üzüj $\approx$ žüzik «жүзік», küräj $\approx$ kürek «күрек»), өзбек тілі диалектілерінен (bülej $\approx$ bilew «білеу, қайрақ», teräj $\approx$ terek «терек»), ұйғыр тілінен (üčäj $\approx$ išek «ішек», kösäj $\approx$ kösew «көсеу») де кездестіреміз.

Көне түркі тіліндегі γ/g дыбыстарына аяқталатын біраз сөздер қазақ тілінде негізінен w сонантына ауысады, мысалы: ta γ /da γ $\sim$ taw «тау», tu γ $\sim$ tuw «ту», ba γ ir $\sim$ bawir «бауыр»; енді біраз сөздер

¹ Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности. – М. – Л., 1951. – С. 5-7; Малов С.Е. Древние и новые тюркские языки // ОЛИЯ. Т. 2. Вып. 2. – М., 1952. – С. 142.

j дыбысына ауысады, мысалы: *sigir* ~ *sijir* «сиыр», *tugme* ~ *tujme* «түйме», *ug* ~ *uj* «үй»; үшінші тобы редукцияланып элизияға ұшырайды, мысалы: *sarig* ~ *sari* «сары», *auw* ~ *uw* «у»; төртінші бір тобы қатанданып q/k -ге айналған, мысалы: *joq* ~ *zoq* «жоқ», *tug* ~ *tuk* «түк».

Қазақ тілінде ғ [γ] – ұяң, ызың, тілдің қатысымен жасалатын дауыссыз. Қазақтың байырғы төл лексикасында сөздің орта шенінде кездеседі (тағы, аға, ағаш т.б.), ал сөз соңында мүлдем қолданылмайды. Сөздің басында ғ дыбысы көбінесе араб-парсыдан енген кірме сөздерде қолданылады: ғалым, ғұмыр, ғасыр. Ал түрік тілінде ğ негізінде ұяң, таңдай, ызың дауыссыз дыбыс саналады. М.Эргин бұл дыбысты кейіннен пайда болған дауыссыз дыбыс деп біледі¹. Кейбір ғалымдар ğ-ні өзінің алдындағы дауысты дыбысты ұзарту қызметін атқаратын графема деп санайды². Мысалы: *ağaç* «ағаш», *dağ* «тау», *düğme* «түйме». Түріктің төл лексикасында ğ сөз басында мүлдем қолданылмайды. Сөздің соңғы позициясында ğ тіл алды дауыстылары арасында келгенде, у болып естіледі:³ *değirmen* – *deyirmen* «диірмен», *değmek* – *deymek* «тию».

g: Арғыалтай тіліндегі сөз басы g дыбысы жалпытүркі тек тілінде q/k түрінде көрінеді. Арғыалтайлық инлаут g дыбысы көне түркі тілінде γ/g дыбысына өзгерген⁴. Мысалы: арғыалт. **goke* «ілмек > арғытүрк. **kōken* «ысырма»; арғыалт. **degu* «кішікентай туысқан > түрк. **jegen* «жиен»; арғыалт. **dagu* «жат, шетелдік > түрк. **jagī* «жау, дұшпан». Ауслаут жағдайда g: Орх., Е.: *beg* «бек», *beg(inlik)* «күштілік» ~ қаз., ққалп., ноғ. *bek*, тат. *bek* «күшті»; Орх., Е., Тал. *eg(ir)* «иіру» ~ тат. *erlä*; құм. *ijir*; қаз. *ijir*; Тал., Орх., Е. *jeg* «жақсы, игі» ~ қаз. *ijg(i)*, ноғ. *ijg(ij)*, тат., башқ. *ij(ge)*; Орх., Тал. *jeg(in)* «жиен» ~ қаз., ққалп. *žij(en)*, ноғ., тат. *ij(en)*; Орх., Е. *jög(erü)*//*joq(aru)* «жоғары» ~ тат. *jug(arī)*, башқ. *juγ(arī)*, ққалп. *žoq(arī)*, қаз. *žoγ(arī)*, қар. *joγ(arī)* т.б.

g ≈ j: *teg* ≈ *tij*: *teg* «тию» (ДТД, 71) ≈ қаз., ққалп., ноғ. *tij*;

¹ Ergin M. *Türk Dil Bilgisi*. – İstanbul: Bayrak Basım Yayım, 1999. - S. 60.

² Coşkun V. *Türkçenin Ses Bilgisi*. – İstanbul: IQ Kültür Sanat Yayıncılık, 2008. - S. 159.

³ Mansuroğlu M. *Türkiye Türkçesinde Ses Uyumu* // *Türk Dili Araştırmaları Yıllığı*. 1959. - S. 82.

⁴ Тенишев Э.Р. *Алтайские языки* // *Языки мира: Тюркские языки*. – М., 1996. - С10.

$g \approx u$: *jug $\approx$ *juu $\rightarrow$ jugur $\approx$ juvür: jugur «жүгіру» (ДТД, 48) $\approx$ ноғ. juvür;

$g \approx k$ сәйкестігі. keg $\approx$ kek: keg «кек» (Айд., I, 215) $\approx$ қаз. kek;

$g \approx \emptyset$. *üg $\approx$ *ü: $\approx$ *ö: $\rightarrow$ ügüz $\approx$ üzen $\approx$ özen: üguz «река» (Айд., I, 221) $\approx$ тат., башқ. üzän $\approx$ қаз., қар., ққалп. özen.

Қазіргі қазақ тілінде г[ɡ] – ұяң, шұғыл, тілдің қатысымен жасалатын дауыссыз дыбыс. Сөз басында гүріл, гуіл, гүрс сияқты еліктеуіш сөздерде, гүл, газ, газет т.б. кірме сөздерде кездеседі. Түрік тілінде ұяң, таңдай, жабысыңқы дауыссыз дыбыс болып келетін g арқылы екі түрлі дауыссыз дыбыс таңбаланады: жіңішке дауысты дыбыстармен тіркескенде алдыңғы таңдай g дыбысын, жуан дауыстылармен тіркескенде артқы таңдай ğ дыбысын білдіреді: gemi, güneş, gaga, damga.

р: Арғыалтайлық сөз басы *р дыбысы жалпытүркілік тектіде (*h-) > 0- және *р түрінде көрініс береді.

Түркі тілдерінің оңтүстік-шығыс, оңтүстік-батыс топтарында h күйінде сақталған, басқа түркі тілдерінде мүлдем жойылған дегенге саятын сөз басындағы арғыалт.*р > арғытүрк. (*h-) > қазіргі түрк. Ø формуласы алтаистикалық бағыттағы зерттеулерде «Рамстедт-Пеллио заңы» ретінде кең танымал $p > f > h > o$ өзгерімімен тығыз сабақтастықта қарастырылады. Мысалы: түрк. *alaqan «алақан»: түркім. alaqan «алақан» (Салыст.: ортамоңғ. halaqan, моңғ.-жазба. alaya ~ aliya, калм. al»xān «алақан» ~ тұңғ.-маньчж.: эвенк. halgān, algān «табан, ұлтан», негид. xalğan, нан. palgā, ульч., орок. pal±a(n-) (< *palgan) «табан») ¹.

¹ Ramstedt G. J. Kalmükisches Wörterbuch. – Helsinki, 1935. – P. 7 (LSFU, 3); Ramstedt G. J. Studies in Korean Etymology // MSFOu. – Helsinki, 1949. – Vol. 95. P. 184, 213; Ramstedt G. J. Einführung in die altaische Sprachwissenschaft. I: Lautlehre. – Helsinki, 1957. P.44, 52, 107; Ramstedt G. J. Einführung in die altaische Sprachwissenschaft. II: Formenlehre. – Helsinki, 1952. – S. 40, 197, 220; Poppe N. Vergleichende Grammatik der Altaischen Sprachen. T. 1. Vergleichende Lautlehre. – Wiesbaden, 1960. P.95; Räsänen M. Versuch eines etymologischen Wörterbuchs der Türksprachen. – Helsinki, 1969. – 2-е изд. – Helsinki, 1971. – P. 15; ТМС – Сравнительный словарь тунгусо-маньчжурских языков: Материалы к этимологическому словарю. –Т. 2. – Л.: Наука, 1977. С. 312; ЭСТЯ – Севортян Э.В. Этимологический словарь тюркских языков. – М.: Наука, 1974-1980. – Т. I-III; 1974. – С. 133; Цинциус В.И. Этимологии алтайских лексем с анлаутными глухими придыхательными смычными губно-губным *п" и заднеязычным *к" // Алтайские этимологии. – Л., 1984. – С. 29-30

С.А. Старостин арғыалтайлық қырылдақ ерін *p^c- дауыссызының түркі тілдеріндегі рефлекстеріне байланысты мынадай заңдылықтарды айқындайды¹:

1) арғыалтайлық анлаут *p^c- түркі тілдерінде алдыңғы қатарлы дауыстылар алдында мүлдем жойылады: алт. *p^cim «белгі, ен»: түрк. *im «ен, таңба»: түрік. im, түркім. üm, қаз. im «белгі, ен», құмық. jum «белгі»;

2) арғыалтайлық анлаут *p^c- өз ізін түркі тілдерінде алдыңғы қатарлы дауыстылар алдында *j- түрінде қалдырады: алт. *p^cerі «түп, төсеніш, еден»: түрк. *jer «жер»: көне-түрк. jer, қаз. žer, чув. šer «жер»;

3) алт. *p^c- > түрк. *j- өзгерісі түркі тілдерінде дифтонгілерге барып саятын дыбыстар алдында да байқалады: алт. *p^ciül V «жұлдыз»: түрк. *jul-du-ı «жұлдыз»: көне-ұйғ. juldüz, түркім. juldız, қаз. žuldız, чув. šäldär «жұлдыз».

Арғыалтайлық *p мен түркілік (*p >)*b- сәйкестіктерінің В.М. Илич-Свитыч төмендегідей қатарын көрсетеді²:

алт. *pēli- «қорқу»: түрк. *pēli-η (-η етістіктен есім тудырушы қосымша): көне ұйғ. belin «қорқақ», көне ұйғ., шағат. balınla- «қорқып ояну», телеут. pelindä- «қорқақтау»; ескі.-түрік. belin «қорқыныш»; түрік. belin «таңғалған, есі шығып кеткен»; диал. relin «қоян» (< «қорқақ»), қаз. beleñ «арын, бас асау», beleñ al- «үрку (жылқы туралы)».

алт. *para-(η) / p^cärä-(ηä) < *parE-(ηa) «бармақ»: түрк. *(h) ärñäk: ескі ұйғ. erñek «бармақ» | түрк. *parñaq (~parnaq) «бармақ»: қаз. barmaq «бармақ», чув. pürne, диал. porne «саусақ»;

алт. *palagă «қала, бекініс, құрылыс»: түрк. *ralıq «қала, бекініс»: көне-түрк. balıq «қала» т.б.

Арғыалтай тілінде дауыстылар арасына келетін *p дыбысы жалпы түркілік тектіде p рефлексін сақтайтын болса, моңғолдық және тұңғыс-маньчжурлық тектілік деңгейлерде

¹ Старостин С. А. Алтайская проблема и происхождение японского языка. – М., 1991. – С. 12-13

² Илич-Свитыч В.М. Опыт сравнения ностратических языков: (Семитохамитский, картвельский, индоевропейский, уральский, дравидийский, алтайский): Введение. Сравнительный словарь. – М.: Наука, 1971. – 370 с.; Изд-е 2-е, испр. – М.: УРСС, 2003. – 370 с. XIV.

f/b тұлғасына өзгереді: арғыалт.*jajr – «жіберу, жөнелу, кету» > түрк. *(j)ēir – «жіберу», моңғ. *jabu – «жүру», тұңғ.-маньчж. *jeβ- «шығу»; арғыалт. *karVn-: түрк. *karun > көне-ұйғ. qabun «түкті ара», тұңғ.-маньчж. *xafin – «жабайы ара»; арғыалт.*kēr'e – «күйсеу, шайнау», > түрк. *kär – «күйсеу, шайнау», моңғ. *keb – «шайнаңдау», тұңғ.-маньчж. *kefe «астыңғы иек». Жалпытүркілік *р дыбысының екі дауыстылар арасында b – ға ұяңдауы қазіргі түркі тілдеріне тән құбылыс.

Қазақ тілінде п [p] – қатаң, ерін, шұғыл дауыссыз дыбыс. Сөздің барлық позицияларында кездеседі: пышақ, піспек, пішін, бап, апа. Ал түрік тілінде р – қатаң, ерін, жабысыңқы дауыссыз дыбыс: parmak «саусақ», toruk «тобық», dip «түп» т.б. Соңғы позициядағы р дыбысы екі дауысты арасына келгенде ұяңданып, b дыбысына өзгереді: dip - dibe, kitap – kitaba т.б.

h: Арғыалтайлық тектідегі *р- ға барып саятын h- дыбысының (р- > h-) арғытүркіде сөз басында болғаны халадж тілі материалдары негізінде дәлелденген болып саналады. Зерттеушілердің пікірінше, арғытүркі тектілінде har – «шаршау», hōç «өш», hülkär «үркер» тәрізді тәрізді бірен-саран сөздерде кездесетін h- түркі тілдерінің оңтүстік-шығыс, оңтүстік-батыс топтарында h күйінде сақталса (салыс.: халадж. ha°ri, халадж. hı°, халадж. Hirkäl,), басқа түркі тілдерінде мүлдем жойылған¹. Мысалы: түптүрк. *(h)āja (< *rāj>а) «алақан»: көне ұйғ. аја «алақан»; қаз. аја «алақанның аясы», түркім. alaqaп «алақан» т.б.

Қазіргі қазақ тілінде h – қатаң, ызың, көмей дауыссыз дыбыс. Көбіне-көп қазақ тіліне араб тілінен енген кірме сөздердің орта шенінде кездеседі: гауһар, қаһарман. Қазақ тілі қолданысындағы кірме сөздердегі х дауыссыз дыбысы түрік тіліндегі һ дауыссыз дыбысына жақындай түседі.

Түрік тілінде h қатаң, көмей, ызың дауыссыз дыбыс. Түріктің төл сөздерінде h дыбысы болмағанымен, бұрындары қ дыбысы қолданылған кейбір сөздерде кездеседі: hangi, han, hanım, daha

¹ Иллич-Свитыч В.М. Опыт сравнения ностратических языков: Сравнительный словарь (p-q) (по картотекам автора). – М.: Наука, 1984. – 136 с. – С. 93-95; Doerfer G, Mongolo-Tungusica. – Wiesbaden, 1985. – 307 s. – S.148; Щербак А.М. Рец. на: Doerfer G. Mongolo-Tungusica. – Wiesbaden, 1989. – 307 s. // Вопросы языкознания. – М., 1989. – № 6. – С. 132-135; Süer Eker. Çağdaş Türk Dili.7 Baskı. – Ankara, 2011.- S. 120;

«тағы» т.с.с. Түрік тіліндегі *h* дауыссыз дыбысы қазіргі ауызекі сөйлеу тілінде редуцияға ұшырап, анық айтылмайды: Ahmet – A:met, Mehmet – Me:met, sahiden – sa:iden «шынымен».

t: Арғыалтай тіліндегі сөз басы **t* дыбысы түркі тілінде *t/d* (оңтүстік-батыс және кейбір басқа да тілдерде) түрінде көрініс береді, ал арғыалтай тілінде дауыстылар арасына келетін *-t-* дыбысы көне түркі тілінде *t* қалпын сақтайды¹. Мысалы: арғыалт. **turu* > түрк. **duru-ña*, арғыалт. **toβurag* > түрк. **toprak* «топырақ, тозаң»: арғыалт. **gat-* «жидек» > түрк. **kat/qat* «жидек», арғыалт. **et' ike* «жасы үлкен туысқан» > түрк. **eteke* «немере аға» т.б.

Ескерткіштер тілінде *t* дыбысы өзінің тұрақтылығымен ерекшеленеді, тұрақтылық сапасы қазіргі қыпшақ тілдеріне де тән.

Анлаут жағдайда *t*: Орх. **tap(la)* «табыну, қызмет ету» ~ қаз., ққалп., ноғ. *tab(in)*. Қаз. тілінде *tāw* (тәу ету) моносиллабы сақталған; Орх., Е. *toq* «тоқ» / *tod* «тою» ~ қаз., ноғ., ққалп. *toq*, тат., башқ. *tuq*; Орх., Е. *taq(iyu)* «тауық» ~ қаз., ққалп., башқ. *taw(iq)*, қар. *tau(uq)*; Орх., Е. *toq(uz)* «тоғыз» ~ ққалп., қаз., ноғ. *toγ(iz)*, башқ., тат. *tuγ(iz)*; Орх., Е. *tañ* «таң» ~ қаз., құм., ққалп., башқ. *tañ*; Орх., Е. *tap* «табу» ~ қаз., ққалп., ноғ., башқ., құм. *tap*; Орх., Е. *tu(mus)* «жабу, тұмшалау» ~ қаз. *tu(man)*, қар., ноғ. *tu(wman)*, тат., башқ. *ta(man)/to(man)* «туман», қаз. *tu(mšalaw)* т.б.

Ауслаут жағдайда *t*: Орх., Е., Тал. *at* «ат (мініс аты)» ~ башқ., құм., ноғ., қар., ққалп., қаз. *at*; Орх., Е., Тал. *at* «есім» ~ тат., башқ., ққалп., ноғ., қаз. *at*; қар. *ad*; Орх. *it* «жіберу» ~ тат., башқ., ққалп., ноғ. *at* «лақтыру, ату»; қаз. *at*, *it*: ытқыту; Орх., Е. *tut(ug)* «кепіл» ~ ноғ., ққалп. *tuwt(qin)*, башқ., тат. *tot(qin)*, қаз. *tut(qin)* «тұтқын»; Орх., Е. *et/it* «ету, жасау» ~ қар., қаз., ққалп. *et*, тат., башқ. *ijt*, құм., ноғ. *эт*; Орх., Е. *ot* «от» ~ ноғ., қаз., ққалп. *ot*, тат., башқ. *ut*; Е. *çet* «шет, шекара» ~ қаз., ққалп. *šet*; Е. *it* «ит» ~ қаз., құм. *ijt*, ноғ., ққалп. *jijt*, башқ., тат. *эт*.

Түркі тілдері арасында сөздің басқы шенінде кездесетін *t ≈ d* ертеден келе жатқан жүйелі сәйкестіктердің бірі саналады²: МК *tag ≈ түрік., түркім., әзірб. dag*; МК *temür ≈ түрік., түркім., әзірб.*

¹ Тенишев Э.Р. Алтайские языки // Языки мира: Тюркские языки. – М., 1996. – С.9.

² Eker S. Çağdaş Türk Dili.7 Baskı. – Ankara, 2011. – S. 121.

demir; МК тіл ≈ түрік., түркім., әзірб. dil; МК teñiz ≈ өзб. dengiz; МК tegin ≈ қаз., қарақалп., қбалқ. deyin т.б. t ≈ d сәйкестігі көне түркі ескерткіштер тілінің ішінде де сәйкестік түзе береді. Бұл жөнінде А.Н.Кононов «... противопоставление звуков d – t, g – k, q – γ ... не имело фонематического значение» – дей отырып, аталған жұптар бір дыбыстың диалектілік варианты ретінде қолданылғанын айтады¹. Анлаут t ≈ d сәйкестігі қазақ әдеби тілі мен говорларында да бір сөздің варианттары ретінде қолданыла беретіні белгілі²: тұз ≈ дұз, тәрте ≈ дәрте, тілмар ≈ ділмар, тиірмен ≈ диірмен, тұзақ ≈ дұзақ, тоғыру ≈ доғыру. Құд(ық) ≈ құт(ы) сөздерінің құрамынан да t ≈ d сәйкестігінің ізі байқалады, еліктеуіштер жүйесінде t, d дыбыстарынң идеофондық табиғаты біршама айқын көрінеді.

Қазіргі қазақ тілінде т [t] – қатаң, шұғыл, тілдің қатысуымен жасалатын дауыссыз дыбыс. Сөздің барлық позицияларында кездеседі: тарақ, тіс, тұз, ат, ет. Түрік тілінде t – қатаң, тістің қатысуымен жасалатын жабысыңқы дауыссыз дыбыс: таş «тас», ter «тер», torba «дорба», tütün «темекі» т.б. Сөздің барлық позициясында кездеседі.

d: Арғыалтай тіліндегі сөз басы *d дыбысы З.Гомбоц пікірі бойынша³, түркі тілдерінің көбінде j- ал чуваш тілінде ś-, якут тілінде s-, моңғол және тұңғыс-маньчжур тілдерінде d- түрінде сақталады. Инлауттық алтайлық *-d- көнетүркілік -d-, койбал тіліндегі -t-, шор тіліндегі -z-, түркі тілдерінің көбінде -y түрінде келетін чуваш тіліндегі -r- дыбыстарымен сәйкеседі: ұйғ. адақ «аяқ», шор., койб. azaq, қалған түркі тілдерінде ауақ, як. атах, чуваш ура «аяқ».

VII-IX ғасыр түркілері жазба мұралары тілінде тіл алды шұғыл ұяң фонема d сөз басында қолданылмайды. Өйтседе бұл түркі тілдері консонанттар жүйесіндегі анлаут d-ны көне

¹ Кононов А.Н. Грамматика языка тюркских рунических памятников IX вв. – Л., С.62.

² Аманжолов С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. – Алматы, 1997.- Б. 337.

³ Gombocz Z. Az altaji nyelvek hangtörtenetehez // Nyelvtudományi Közlemények. – Budapest, 1905.-35 köt.-241-284 l.; Gombocz Z. Zur Lautgeschichte der altaischen Sprachen // Keleti Szemle. – Budapest, 1912-1913.-Bd.XIII.-Hf.1-2.-S.1-37

түркі дәуірінен кейінгі құбылыс ретінде қарастыруға негіз болмауы керек. Қазіргі оғыз тобындағы тілдердің анлаут $t \approx d$ сәйкестігінің d коррелятивін кеңінен қолдануы осыған дәлел бола алады, сондай-ақ X-XI ғасырларда оғыздардың ата-бабалары анлаут d -ны қолданғаны М.Қашқари еңбегінен белгілі. $d \approx z \approx \check{z} \approx j$ сәйкестіктері аясындағы d коррелятиві тек оғыз тайпалары тілдерінде ғана емес қыпшақ тайпалары тілдерінде де қолданылған. XIX ғасыр қазақтары тілінде де $d\check{z}$ афrikатының орнына d -ның қолданылғаны жайлы дерек сақталған¹.

Ауслаут жағдайда d : Орх., Е., Тал. $ad(g\ddot{ir})$ «айғыр» ~ құм., ноғ., башқ., тат., ққалп., қаз. $aj\ddot{u}r$; Орх., Е., Тал. $ad(a\ddot{y})$ «аяқ» ~ башқ., тат., құм., ноғ., ққалп., қаз. $aj(aq)$; Е. $ad(aki)$ «ата, әке» ~ қаз., ққалп., ноғ., құм. $at(a)$, тат. $at(ij)$, башқ. $at(aj)$; Орх., Е. $ad(in\check{c}iq)$ «басқа, ерекше» ~ қаз., ққалп. $aj(r\ddot{i}q\check{s}a)$ «ерекше», тат. $al(r\ddot{i}luw)$, башқ. $aj(\ddot{i}r\ddot{i}lw)$, ноғ. $aj(\ddot{i}r\ddot{i}l)$; Е. $ad(as)$ «жолдас, дос» / $ad(a\check{s})$ «дос» ~ тат., башқ. $ij(pt\check{a}\check{s})$; Орх., Е., Тал. $ed(g\ddot{u})$ «игі, жақсы» ~ қаз. $iz(gi)$, $ij(gi)$, ноғ. $ij(gij)$, тат., башқ. $ij(gelek)$; Тал. $idi\check{s}$ «ыдыс» ~ қаз., ққалп., ноғ. $\ddot{i}d(is)$; Орх., Е., Тал. $bud(un)$ «халық» ~ қаз., ққалп. $bod(an)$; Орх., Е. $id(i)$ «ие» ~ қаз., ққалп., ноғ. $ij(e)$, құм. $e(s)$, башқ. $\ddot{e}j(\ddot{a})$, тат. $ij(\ddot{a})$ және т.б.

Ескерткіштер тілінде моносиллабтар соңында келетін d дыбысы қазіргі қыпшақ тілдерінде біраз өзгеріске түскен.

$d \approx j$: Орх., Е. qod «қалдыру, қою» ~ қаз., ққалп., тат. т.б. qoj ; Орх., Е. $q\ddot{i}d \approx q\ddot{i}j$: $q\ddot{i}d$ «қыю, кесу» ~ қаз., ққалп. $q\ddot{i}j$. Орх., Е. $tod \approx toj$: tod «тою» ~ қаз., ққалп., ноғ., құм. $toj/tuj/toq/tuq$, ілкі түбірі $*to/*tu$. Түркі тілдеріндегі $d \approx j$ сәйкестігінің даму жолы кеңінен талданған мәселе². Көне түркі және қыпшақ тілдеріндегі $d \approx j$ сәйкестігі көптеген сөздерді қамтығанмен кей жағдайда d тұлғасының сақталуы да кездеседі. Мысалы, қазақ тілінде аяқ сөзімен қатар $ada boluw$ «аяқталу, таусылу» лексемасы, көне түркілік $bediz$ «ою-өрнек, бедер» (ДТД, 36) сөзімен төркіндес $beder$ лексемасы қолданылса, Талас ескерткіштерінде кездесетін $idi\check{s}$ «ыдыс» (ДТД, 290) сөзі қаз., ққалп., ноғ. тілдерінде $\ddot{i}d\ddot{i}s$ түрінде сақталған.

¹ Малбақов М. Қазақ сөздіктері. – Алматы: Ана тілі, 1995. – Б. 15-16.

² Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. -Фонетика. – М., 1984.- С. 278.

$d \approx t$: көне түрк. *öd* «өт» ~ құм., ноғ., қаз. *öt*, тат., башқ. *üt*; көне түрк. *ïd* «ытқыту, лақтыру» (ДТД, 83) $\approx$ қаз. *it* (ытқыту, ытыру), қаз., ққал., ноғ., тат. т.б. *at* (тас ату). Тектес дыбыстар қатарына жататын $d \approx t$ сәйкестігі түркі тілдеріне кеңінен таралған құбылыс $j \approx d \approx t \approx z$ сәйкестіктер тізбегіне кіреді.

Қазақ тілінде *d* – ұяң, шұғыл, тілдің қатысымен жасалатын дауыссыз дыбыс. Қазақтың төл сөздерінің басқы және орта шенінде кеңінен қолданылады, сөз соңында мүлдем кездеспейді. Кірме сөздердің соңында *d* жазылғанымен, айтылуда *t* болып өзгереді: *сьезд*, *подъезд* т.б.

Түрік тілінде *d* – ұяң, тіс, жабысынқы дауыссыз дыбыс. Сөздің басқы және орта шенінде қолданылады: *dağ* «тау», *deve* «түйе», *dede* «ата» т.б. Сөз соңында кездеспейді. Тек «адамның есімі, аты-жөні» мағынасындағы *ad* үшін сөз соңында *d* жазылғанымен, айтылуда оның орнына *t* дыбысталады. Бұны «адам есімі» мағынасындағы *at* пен «мініс жылқысы» мағынасындағы *at* сөздерін ажырату үшін қолданылған емлелік қолданыс деп білуге болады.

b-: Арғыалтай тіліндегі сөз басы **b* дыбысы жалпытүркі тектілінде, көне түркі, оғыз және және қыпшақ тобы тілдерінде негізінен *b* тұрпатын сақтаған. Мысалы: алт. **boxr-* «бұршақты өсімдік» > арғытүрк. **burč* «бұрыш» > көне түрк. *bur-čak* «бұршақ»; түрк. **bedu* «үлкею, ірілену» > көне түрк. *bedu-k* «үлкен, ірі»; арғытүрк. **bä-* > көне түрк. *ben*, түрік. *ben* т.б.

Көне түркі тілінде *b* дыбысы жиі қолданылатын фонемалар қатарына жатады. Зерттеулерде *b* дыбысы қатаң *p* фонемасының ұяңдануы нәтижесінде арғытүркі тілі дәуірінің соңғы кезеңінде қалыптасқан кейінгі құбылыс ретінде қарастырылып¹, $b \sim b/v \sim w \sim m$ еріндік дауыссыздары аллофондар ретінде қатаң **p* архетипінен таратылады. Жалпытүркілік тектілмен хронологиялық жалғастықта қалыптасқан көне түркі тілінде *b*-ның айқын сақталуы², орта ғасыр түркі ескер-

¹ Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Фонетика. – М., 1984. – С. 182.

² Айдаров Ғ., Құрышжанов Ә., Томанов М. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. – Алматы: Ғылым, 1971. Б. 86-87.

ткіштері тілінде де анлаут b-ның қолданылуы анлаут b-ның түркі тілдері дамуының ерте кездерінде p дыбысымен қатар қолданыста болғанын көрсетеді.

Анлаут жағдайдағы b барлық түркі тілдерінде сақталған: Орх., Е. baj «бай», ~ ноғ., ққалп., башқ., құм., қаз. baj; Орх. bu(qa) «бұқа» ~ тат., башқ. bu(qa), құм., қар. bu(ka); қаз., ққалп., ноғ. bu(qa); Орх., Е., Тал. ben «я» ~ ноғ., ққалп., қаз. men; тат., башқ. mijn; Е., Орх. ber «беру» ~ қаз., ққалп., ноғ., құм., қар., қыр. ber, тат., башқ. bijr; Е. bel «бел» ~ қаз., ққалп., ноғ., қырғ. bel, тат., башқ. bijl; Орх., Е., Тал. bun(ta) «мұнда» ~ қаз. munda/mında, қар. muna, тат. monda, ққалп. mında, ноғ. munda; Орх., Е., Тал. buñ «мұң, қайғы» ~ қаз., ққар., ноғ. muñ, тат., башқ. moñ т.б.

Сөз басындағы арғытүркілік *b дыбысының v-ға өзгеруі оғыз тобы тілдерінде көрініс береді: МК bir ≈ ескі анадолы түрік. vir-, түрік. ver- «беру»; МК bar ≈ ескі анадолы түрік. var-, түрік. var- «бару».

Сөз басындағы *b дыбысының w немесе нөлдік тұлғаға өзгеруі XIII –XIV ғасырда араб жазуымен жазылған түркі ескерткіші «Китаби Тержуманда» кездеседі: bol- ~ vol- ~ ol- «болу»¹. Сөз басындағы *b - ның түсіп қалуы қазіргі түрік тілінде де кездеседі: ol- «болу».

Арғыалтайлық *b екі дауысты арасында арғытүркі және көне түркі тілдерінде бастапқы тұрпатын сақтаған болса, қазіргі түркі тілдерінің кейбірінде v немесе нөлдік тұлғада кездеседі². Мысалы: арғыалт. *keb-(/*kew-) «кеуде, қарын»: > түрк. *geb-de «кеуде»; арғыалт. *p`ew/be «күрке, үй» > түрк. *ēb «үй».

Арғытүркілік *b дыбысының сөз басында m дыбысына өзгеруіне негізделетін b ≈ m сәйкестігі түркі тілдерінің фонологиялық жүйесіндегі негізгі сәйкестіктердің бірі саналады. Мысалы: арғытүрк. *bä-: көне-түрк. ben, орта-түрк. men, әзірб. män, түрік. ben, өзб. men; көне түрк. bin-, шағат. min – «міну»; МК buz ≈ шағат., өзб., қаз. muz, түрік., әзірб. buz т.б. Сөздің басқы шенінде түркі тілдері арасында b ≈ p сәйкестігі де кездеседі: МК bışır – ≈ түрік., әзірб. Piş -, қаз. pis – «пісіру»; қаз., ққалп. pısaq, өзб. pıçaq, түркім. pısaq, түрік., тат. bısaq т.б.

¹ Eker S. Çağdaş Türk Dili. 7 Baskı. – Ankara, 2011. – S. 123.

² Тенишев Э.Р. Алтайские языки // Языки мира: Тюркские языки. – М., 1996. – С.10.

Арғытүркілік *b көне түркі тілінде сөз ортасында және сөз соңында b тұрпатын сақтаса, Қараханид және Хорезм түркішелерінде w -ға, оғыз және қыпшақ тобы тілдерінде, сонымен қатар шағатай китаби тілінде v немесе u дыбысына өзгереді¹: көне түрк. tabıŝyan ≈ шағат. tabıŝkan «қоян», көне түрк. tebi > шағат. tave «түйе», көне түрк. eb ≈ шағат. ev (~öy) «үй», көне түрк. sub ≈ МК suw ≈ шағат. su «су» т.б.

Көне түркілік ауслат b қазіргі қыпшақ тілдерінде w болып өзгеруі (b ≈ w: ab ≈ aw «аң аулау» (ДТД, 32) ~ қаз., башқ., тат., ққалп. aw.) қыпшақ тілдерін толық қамтымаған, мәселен, b ≈ v ноғай, құмық, тілдерінде кездеседі: ноғ. av(as) «аң аулау», құм. av(ŝu) «аңшы». С.Бизақов b ≈ v сәйкестігі қазіргі түркі тілдеріндегі комбинаторлық өзгерістерге жататын әдеттегі құбылыс болғанымен «түркі тілдері дамуындағы у ~ п ~ б ~ в сәйкестігінің белгісі болуы мүмкін»² екенін айтса, Б.Сағындықұлы түркі тілдері дамуындағы у фонемасының төрт түрлі аллофондары: таза у, дифтонг – ұу, үу, сонор у, орта ғасырлық у (w) ажыратып, у ≈ у(тау) ≈ у(w) ≈ п ≈ б ≈ в сәйкестіктерінің архифонемасы ретінде у дыбысын көрсетеді³.

Ескерткіштер тілі мен қазіргі қыпшақ тілдеріндегі b ≈ j сәйкестігі eb ≈ üj «үй» ob(ut) ≈ uj(at) «ұят»: ~ қаз., ққалп., ноғ. uj(at), тат., башқ. oj(at); лексемаларынан көрініс береді. Ауслат b ≈ j сәйкестігі түркі тілдері фонологиялық жүйесіндегі шешімі табылмаған күрделі құбылыстар қатарына жатады⁴.

Қазіргі қазақ тілінде б [b] – ұяң, ерін, шұғыл, дауыссыз дыбыс. Сөздердің басқы және орта шенінде көп қолданылады: бала, балбал, бесік. Сөздің соңында кездеспейді, орыс тілінен енген кірме сөздерде сөздің соңында б жазылғанымен п болып айтылады: клуб, куб. Бұл сөздерге қосымша жалғанғанда да қатаң дауыссызбен басталатын қосымша жалғанады: клубқа, кубты.

¹ Eker S. Çağdaş Türk Dili. 7 Baskı. – Ankara, 2011. – S. 125.

² Бизақов С. Вариант сөздер сөздігі. – Алматы, 2000. – Б.11.

³ Сағындықұлы Б. Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері. – Алматы, 1994. – Б. 37-38.

⁴ Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Фонетика. – М., 1984. – С.184.

Түрік тілінде *b* – ұяң, ерін, жабысыңқы дауыссыз дыбыс: *baba* «әке», *bal*, *bülbül* «бұлбұл». Түріктің төл сөздерінде *b* дыбысы сөз соңында қолданылмайды, ал *klür* (*club*), *kür* (*sub*) сияқты кірме сөздердің соңындағы *b* дауыссыз дыбысын түрік тілінің дыбыстық жүйесі *p* дауыссыз дыбысы түрінде меңгереді.

m: Арғыалтай тіліндегі сөз басы *m* дыбысы арғытүркі, көне түркі тілдерінде *b* дыбысына өзгерсе, дауыстылар арасындағы және сөз соңындағы *m* дыбысы арғытүркіде бастапқы *m* қалпын сақтаған. Мысалы: алт. **moj(u)ṇa* «мойын» > арғытүрк. **boj(in)*: көне-түрк. *bojin* ~ *bojun*, түркім., түрік., әзір. *bojun*, тув., як. *mojun*, қаз., хак. *mojin*, як. *mōñ*, *mōj*, чув. *mōj*: арғыалт. **tumī-* «мұрынбоқ, сіңбіру» > арғытүрк. **tum-č-uk* «мұрын; тұмсық»; арғыалт. **kemu-* «кірпік, қабак (көздің)» > арғытүрк. **kirpiik* «кірпік» < **kim-rik*; арғыалт. **kumī* «ұсақ жәндіктің (шыбын-шіркей, құрт-құмырысқа сияқты) түрі» > арғытүрк. **kumirska* «құмырысқа».

Көне түркі ескерткіштері тілінде аңлаут *m* сирек, ал ауслаут *m* дыбысы біршама жиі кездеседі. Аңлаут жағдайда *m*: Орх., Е. *men* «мен»; *men(in)* «менің»; *maṇa* «маған» ~ қаз., қар., ноғ., ққалп. *men*; тат., башқ. *mijn*; Ауслаут жағдайда *m*: Орх., Е. *qum* «құм» ~ ноғ., ққалп., қар., қаз. *qum*; Орх. *tem(ir)* «темір» ~ тат., башқ. *tijm(er)*; ноғ., ққалп. *tem(ijr)*; қаз., қар. *tem(ir)*; Орх. *tum(us)* «жабу, тұмшалау» ~ қаз. *tum(šalaw)* «жабу»; Орх., Е. *em(tī)/am(tī)* «енді» ~ қаз. *endi*; Орх., Е. *kim* «кім?» ~ тат., башқ. *kem*; қар., қаз. *kim*; ноғ., ққалп. *kijm*; Орх., Е. *tam(γa)* «таңба» ~ қаз. *tañ(ba)*; ққалп., ноғ. *tam(γa)*.

Орхон, Енисей, Талас ескерткіштері тіліндегі *m* дыбысы қазіргі қыпшақ тілдерімен екі түрлі сәйкестік түзеді:

m≈*b*: *men* ≈ *ben*, *min* ≈ *bin*, *mīñ* ≈ *bīñ*, т.б. Көне тілге де қазіргі тілдерге де ортақ бұл құбылыс негізінен аңлаут жағдайда кездеседі (қараңыз: *b* дыбысының өзгерістері);

m≈*ñ*: Дауыссыз *m* дыбысының *ñ* фонемасына өзгеруі моносиллаб соңында бір сөзде ғана кездеседі, басқа сөздерде *m* сақталған. *tam(γa)* ≈ *tañ(ba)* «таңба» ~ қаз. *tañ(ba)*. Ауслаут позициядағы *m* ≈ *ñ* сәйкестігі де қыпшақ тілдерін толық қамтыған құбылыс емес, ноғ., ққалп. *tam(γa)*.

Қазіргі қазақ тілінде м[m] – үнді, шұғыл, ерін дауыссыз дыбыс. Сөздің барлық позицияларында кездеседі: мен, ми, мал, алмау, арман, балам, қадам т.б. Ал түрік тіліндегі m – ұяң, ерін, мұрын жолды дауыссыз дыбыс: makas «қайшы», merkez «орталық», mum «майшам». Көбінесе miyavlamak «мияулау», mışıl mışıl «пыс-пыс» тәрізді сөздерде, yol mol «жол-мол», ev mev «үй-мүй» сияқты қосарлама сөздерде болмаса, сөз басында сирек, ал кірме сөздердің басында көптеп кездеседі: mobilya «үй жиһазы», merkez «орталық» т.б.

n және ñ: Арғыалтай тіліндегі сөз басы n/ñ дыбыстарына жалпытүркі тек тіліндегі n/ñ/j, көне түркі тіліндегі j дыбыстары сәйкес келеді. Дауыстылар арасындағы арғыалтайлық *ñ (жұмсақ) дыбысы көне түркі тілінде ñ/ j (басқа түркі тілдерінде ñ/j) болып өзгерген. Ал арғыалтайлық дауыстылар арасындағы және сөз соңындағы ñ дыбысы арғытүркіде бастапқы қалпын сақталған¹. Мысалы: арғыалт. *aña «ашық ауа райы» > арғытүрк. *añaz/añaz «ашық күн (ауа райы); құрғақшылық»; арғыалт. *ñoŋga «қаз» > түрк. *juŋgak «үйрек; қаз»; арғыалт. *tä(ñ)gir- /*dä(ñ)kir- «айналу, дөңгелеу» > чув. tavār-, тат. tägärä-, як. tägiri-, көне-түрк. tegirä «төңірек, айнала», tegir-män «диірмен», түркім. tegelek «дөңгелек», ноғ. togin «тоғын», тат. dugim, чув. toğām «тоғын, шеңбер», шағат. toγ-lak «дөңгеленген», тел. toγolok, қаз. doγalak, хак. toγlaχ «дөңгелек»; қаз. tönjörök «төңірек, айнала», tönğülök «доңғалақ», тоб. tünäläk «сақина, шеңбер», әзірб. дәжірмі, түрік. dejirmi «диірмен».

Тіл алды n сонанты түркі тілдерінде сөз басында сирек қолданылады. Ескерткіштер тілінде n дыбысының қатты айтылатын (ne «не?», neke? «не үшін») және жұмсақ айтылатын (qanī «қайда», jana «және», altun «алтын») түрлері ажыратылады². С.Е.Малов ауслаут n-ді кейінгі құбылыс ретінде қарастырса³, А.М.Щербак түркілік тектіде n дыбысы сөз ортасында және сөз соңында ғана қолданылғанын көрсетеді, ғалымның пікірінше ñ

¹ Тенишев Э.Р. Алтайские языки // Языки мира: Тюркские языки. – М., 1996. – С.11.

² Сравнительная-историческая грамматика тюркских языков. Фонетика. – М., 1984. – С. 322-321.

³ Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности. – М.-Л., 1952. – С. 52.

дыбысы п дыбысынан дамыған кейінгі құбылыс¹. Н.А.Баскаков п фонемасының қалыптасуы түркі тілдері консонатизмдер жүйесі дамуының екінші кезеңіне сәйкес келетінін, аталған кезең сонор п дыбысы мен спирант с дыбыстарының қалыптасуымен ерекшеленетінін айтады².

Анлаут жағдайда п: Орх., Е., Тал. *ne* «не?» ~ *ноғ.*, *қар.*, *қарқ.*, *қаз. ne*; *тат.*, *башқ. ni*; *neke* «неге?» ~ *қаз.*, *ққалп.*, *ноғ. nege*; *башқ. ni*жа;

Ауслаут жағдайда п: Орх., Е. *an(i)* «бұл, мынау» ~ *қаз.*, *ноғ.*, *ққалп. on*i; *an(tag)* «андай» ~ *қаз.*, *ққалп. on(daj)*, *an(daj)* – *mundaj*; Орх. *an(čula)* «атақ алу, еншілеу» ~ *қаз. en(šile)*; Орх. *in* «төмен түсу» ~ *қар.*, *қаз. en*; *тат. ijn/iñ*; *құм. эн*; Орх. *bin* «міну» ~ *қаз.*, *қар. min*, *ноғ.*, *ққалп. miñ*; *тат.*, *башқ. men*; Орх. *bun(ča)* «мұншы» ~ *қаз.*, *ққалп. mun(ša)*, *ауызекі bun(ša)*; Орх. *bun(ta)* «мұнда» ~ *қаз. mun(da)*, *ауызекі bun(da)*; Орх., Е., Тал. *qa*п «қан» ~ *қаз.*, *ноғ.*, *қар.*, *ққалп.*, *башқ.*, *тат. qa*п және т.б. Орхон, Енисей, Талас ескерткіштері анлаут п қазіргі қыпшақ тілдерінде өзгеріссіз сақталған. Ауслаут жағдайда ң дыбысына ауысуы байқалады.

п≈ң: көне түрк. *jan* ≈ *jeñ/žeñ* «жеңу» ~ *қаз.*, *ққалп. žeñ*, *тат. jeñ*, *башқ. ең*. Имплозивтік мұрын жолды сонор фонемалар п және ң дыбыстарының жасалу жолдары өте ұқсас болғандықтан³ ауслаут жағдайда өзара ауысуы табиғи заңдылық. Қазақ тілі деректерінде де сөз соңындағы ң ≈ п сәйкестігі жиі кездеседі⁴: *өлең* ~ *өлен*, *көбең* ~ *көбен*, *қалың* ~ *қалын*, *ертең* ~ *ертен* т.б. Тарихи сөзжасам жүйесінде п ≈ ң сәйкестігі фонетикалық сөзжасам қалыбы ретінде қарастырылады⁵.

ң: Жалпы түркі тілдері бойынша ң дыбысының басты ерекшелігі тек сөз ортасында және сөз соңында дауыстыдан

¹ Щербак А.М. Сравнительная фонетика тюркских языков. – Л., 1970. – С. 77, 78, 160.

² Баскаков Н.А. Историко-типологическая фонология тюркских языков. – М.: Наука, 1988. – С.101-102

³ Мырзабеков С. Қазақ тілінің дыбыс жүйесі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 1999. –70-б.

⁴ Аманжолов С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. – Алматы: Санат, 1997. – С. 318.

⁵ Салқынбай А. Тарихи сөзжасам (семантикалық аспект). – Алматы: Қазақ университеті, 1999. –160-б.

кейін ғана қолданылуымен сипатталады¹. Ескерткіштер тілінде де ң дыбысы осы қасиетін сақтаған.

Ауслат жағдайда ң: Орх., Е. аң «ақыл»; Е. аң(ла) ~ тат., қар. аң(ла); ноғ., ққалп. аң(ла); башқ. аң(на); қаз. аң(уар); Орх., Е. ең «ең» ~ қаз. ең; Орх., Е. аң «олжа» ~ қаз., ққалп. аң «аң»; Е. аң(із) «аңыз» ~ қаз. аңыз; Орх. күң «күн» ~ қаз. күн; Орх. sin(li) «сіңлі» ~ башқ. heñ(li); қаз., ққалп. siñ(li), ноғ. señ(li); Орх., Е. tiñ(ла) «тыңдау» ~ қаз. tiñ(da)/tiñ(ла); ққалп., ноғ. tiñ(ла).

ң ≈ ж ≈ v: *süñ/*señ ≈ *süj ≈ süv: көне түрк. süñ(uk)/señ(ük) ≈ süj(ek) ≈ suv(aq) «сүйек»: ~ қаз., ққалп. süj(ek), тат. sөj(äk), ноғ. suv(ek), құм. sij(uek).

Қазіргі қазақ тілінде н[n] – үнді, шұғыл дыбыс, тілдің қатысуымен жасалатын дауыссыз. Сөздің барлық позицияларында кездеседі: нар, негіз, не, моншақ, сен. Түрік тілінде n – ұяң, тіс, мұрын жолды дауыссыз дыбыс. Ne, niçin (ne için), nasıl (ne asıl) сияқты сұрақтармен қатар, ninni «бесік жыры», nîne «әже» сияқты бала былдырынан жасалған сөздерден тыс түріктің төл сөздері бұл дыбыспен басталмайды. Негізінен nazik «нәзік», nefes «дем», noksan «олқылық» сынды кірме сөздерде сөз басында кездеседі.

Қазақ тілінде н[n] – үнді, тілдің қатысуымен жасалатын шұғыл дауыссыз. Қазақ тілінде сөздің басында кездеспейді, көбіне-көп сөздің ортасы мен соңында кездеседі: таң, оң, күң т.б. Қазақ тіліндегі ң дауыссызы тәріздес дыбысталатын ñ дыбысы түрік тілінің әліппесінде арнайы әріппен таңбаланбаса да, бұл дыбысты түрік тілінің диалектілерінде кездестіруге болады: deñiz, seniñ, diñlemek. Ал түрік тілінде алфавитте және жазуда көрсетілмейтін ñ дыбысын түрік ғалымдары артқы таңдай дыбысы деп біледі және түрік тіліндегі n дыбысының k және g дыбыстарының алдында ñ дыбысына айналатынын айтады²: utangaç-utañgaç «ұялшақ», denk-deñk «тең», Ankara-Añkara, yenge-yeñge «жеңге», tank – tañk т.б.

ž (dž): Арғыалтайлық сөз басы ž арғытүркі және көне түркі тілдерінде j, чуваш тіліндегі ś түрінде көрініс береді: арғыалт. *žē

¹ Сравнительная-историческая грамматика тюркских языков. Фонетика. – Москва: Наука, 1984. – С. 338.

² Eker S. Çağdaş Türk Dili. – Ankara: Grafiker Yayınları, 2010. – S. 244.; Selen N. Söyleyiş Sesbilimi, Akustik Sesbilimi ve Türkiye Türkçesi. – Ankara: TDK Yayınları, 1979. – S. 91.

– «жеу» > арғытүрк. *je- > көне-түрк. je > чув. śi- (салыст.: тұңғ.-маньч.: эвенк. žeb- ~ žer- «жеу», сол. žeb-/p-, нег. žew- ~ žer-, ороқ. žer-te-, уд. že-, žer-te- «жеу», žekśe- «жемек болу; ороқ. der-, нан. žeb-/p- «жеу», маньчж. že- «жеу», že-kenge «тоқ», že-ku «нан»; моңғ. žul- «жұлу», орта-кор. *cā-, cā-si- «жеу»). Арғыалтай тілінде дауыстылар арасына келетін ž дыбысы түркілік тектіде және көне түркі тілінде j дыбысына өзгерген: арғыалт. *žaži- «бетсүйек, шайнау» > түрк. *jaj-n-gak > *jajnak «иек» (салыст.: моңғ. *žaži-l- «шайнау», *žaži-γur «ұрт», тұңғ.-маньчж. *žaži-cta/-n «бетсүйек»); арғыалт. *žižz - «өтірік айту, егесу, дауласу» > түрк. *joj- «өтірік айту, жалған сөйлеу» (салыст.: моңғ. *žiži - «азғыру, қызықтыру», тұңғ.-маньчж. *žiža «айыптау; айтысу, дауласу, шу шығару»).

Ал арғыалтайлық *ž – ға барып саятын түркілік тектідегі *j көне түркі және орта түркіде j, оғыз тобынан түрік, әзірбайжан тілдерінде j тұрпатын сақтаса, қазақ тілінде ž, хакас тілінде č, якут тілінде s болып өзгерген: көне-түрк. je, орта түрк. je-, түрік. ja-, аз. je-, түркім. ĩ-, қаз. že-, хак. čī-, як. sia, «жеу».

С.Е.Малов, Н.А.Баскаков, А.М.Щербак тәрізді белгілі түркологтардың пікірі түркі тілдеріндегі сөз басындағы j дыбысын жалпы алтайлық көне аффрикат ž [dž]-дан тарататын Н.Н.Поппе, Г.И.Рамстедт т.б. ғалымдардың көзқарастарымен үндес. Сары ұйғыр тілін көне түркі жазуба ескеткіштері тілінің ең жақын мұрагері ретінде қарастырған С.Е.Малов аталған тілдердегі j дыбысының қолданысын негізге ала отырып, j, dž, č, š, ž фонемалары ішінде біршама ежелгі дауыссыздар қатарына ызың dž, č, š дыбыстарын жатқызады, j дыбысын сирек қолданылатын фонема ретінде таниды¹. Н.А.Баскаков сөз басы j > dž өзгерісінің хронологиясын анықтау күрделі де даулы мәселе екеніне мән бере отырып, «егер түбірлер соңындағы j d, t > z, s > j құбылыстарының нәтижесі болса, сөз басы j č, dž, tj, dj, ž, s > j аффрикат, ффрикатив және ызың дауыссыздарының фонетикалық дамуының немесе қарашай-балқар тілдеріндегідей (axšy < jaxšy «жақсы») түсіп қалудың нәтижесі болуы мүмкін» – дейді². В.А.Богородицкий j

¹ Малов С. Е. Древние и новые тюркские языки // Известия Академии наук СССР. Отд. литературы и языка. – 1952. № 2. – С. 141.

² Баскаков Н. А. Примечания к русскому изданию книги М.Ряшенена «Материалы по исторической фонетике тюркских языков». – М., 1955. – С. 216.

фонемасы көне түркі (Орхон-Енисей), половец тілінде кеңінен қолданылғанына баса назар аударып, қазіргі түркі тілдеріндегі өзгерістерін, мәселен, қазан татарлары тілінде ызың (шипящий) үнді аффрикат dʒ-ға ауысуы, қазақ тілінде ызың спирант ʒ-мен қалыптасуын латын тіліндегі j дыбысының италян тіліндегі dʒ, француз тіліндегі ʒ дыбыстарына ыдырауына ұқсас құбылыс деп таниды¹.

Қазіргі қазақ тілінде ж [ʒ] – ұяң, ызың, тілдің қатысымен жасалатын дауыссыз. Қазақтың төл лексикасында ең жиі қолданылатын дыбыстардың бірі: жаға, жазу, жібек, жоқ, жүрек т.б. Сөздің аяғында тәж, баж сияқты кірме сөздерде кездеседі. Ал қазақ тіліндегі ж дауыссызының dj варианты тек сөз басында ғана кездеседі².

Түрік тілінде c [dʒ] – ұяң, тіс-таңдай, аффрикат дауыссыз дыбыс: сап, fırıncı «наубайханашы». Түріктің байырғы төл сөздерінің барлығында бірдей емес, тек сауғ сауғ «сатыр-сұтыр», cів cів «шип-шип», civil civil «жалт-жұлт» сынды еліктеуіш сөздердің басында қолданылады. Кірме сөздерде (jарон, jandarma) кездесетін c түрік тілінде d, l, n дыбыстарының алдында келген кезде қазақ тіліндегі [ʒ] тәріздес дыбысталады: vicdan – vijdan, iclal – ij-lal, esnebi – ejnebi³. Түрік тіліндегі c дауыссыз дыбысына жақындау дыбысталатын ұяң, тіс-таңдай, ызың j дауыссызы сөз басында тек jaluzi, jöle «гель», jeton тәрізді кірме сөздерде кездеседі.

č: Арғыалтай тіліндегі сөз басы č дыбысына жалпытүркі тектілінде және көне түркіде č, чуваш тілінде š дыбыстары сәйкес келеді. Мысалы: арғыалт. * čeki-n/r «самай, шеке, құлақ» > түрк. *čekke «шеке» (салыст.: арғытұңғ.-маньч. *čiakar «құлақ», арғымоңғ. *čiken «құлақ»). Арғыалтай тілінде дауыстылар арасына келетін č дыбысы арғытүркіде č тұрпатын сақтаған: арғыалт. *kūčū- «күш» > түрк. *gūč «күш»; арғыалт. *siču «жас төл (қозы, лақ, құлын т.б.)» > түрк. *sōčka «торай».

VII-IX ғасыр ескерткіштері тілінде қатаң аффрикат č жиі қолданылатын фонемалар қатарына жатады. Қыпшақ

¹ Богородицкий В. А. Введение в татарское языкознание в связи с другими тюркскими языками. – Казань, 1953. - С. 106-107.

² Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. - Б. 26.

³ Eker S. Çağdaş Türk Dili. – Ankara: Grafiker Yayınları, 2010. - S. 244.

тілдері ішінде қыпшақ-ноғай тобындағы тілдерде *š* дыбысы аз қолданылатын болса, қыпшақ-половец, қыпшақ-бұлғар тобындағы тілдерде анлаут позицияда сирек қолданылғанмен, ауслаут позицияда біршама кеңірек тараған.

Анлаут жағдайда *š*: Орх., Е. *šöl* «шөл» ~ қаз., ққалп. *šöl*; Орх., Е. *šab* «сөз» ~ қаз. *sap*: сөз саптау; Орх. *šo(lug)* «әулет, бала» ~ қаз. *ša(qa)*: қызыл шақа, *ša(qa laq)* «жас нәресте»; Тал., Орх., Е. *šig* «шығу» ~ қаз., ққалп., ноғ. *šiq*, башқ. *šiq*; қар. *šiq*; құм. *šig*; Орх., Е. *šer(ig)* «әскер» ~ қаз. *šer(iw)*, қар. *šer(iv)* «шеру».

Ауслаут жағдайда *š*: Орх., Е., Тал. *aš* «ашу, жолды ашу, мақсатқа жету» ~ қар., құм., тат. *aš*, башқ. *as*, ққалп., ноғ., қаз. *aš*; Орх., Е. *aš* «аштық, ашығу» ~ тат., қар., құм. *aš*, қаз., ққалп. *aš*; Орх., Е. *üš* «үш» ~ ноғ., қаз., ққалп. *üš*, башқ. *ös*, тат. *öš*; Орх., Е., Тал. *iš* «бір нәрсенің іші» ~ қаз. *iš*, ноғ., ққалп. *ijš*, тат. *эш*, башқ. *эс*, құм. *ijš*; Орх., Е. *üš(ün)* «үшін» ~ қаз. *üş(in)*, қар. *üš(ün)*, тат. *öš(en)*, башқ. *ös(en)*, ққалп., ноғ. *üş(ijn)*; Е. *öš(uk)* «ошақ» ~ қаз., ққалп., ноғ. *oš(aq)*, құм. *oš(aq)*; Орх., Е., Тал. *kaš* «қашу» ~ қаз., құм., ноғ., ққалп. *qaš*, тат., қар. *kaš* т.б.

Л.Лигети қазіргі түркі тілдерінде түптүркілік *š* дыбысының төрт түрлі сәйкестігі кездесуі мүмкін екенін айтады¹: 1. *š* оғыз және оңтүстік-шығыс түркі тілдерінде, қыпшақ тілдерінің кейбір бөлігінде (қырғ., караш., құм., караим., тат.), сібір тілдерінен алтай тобында (алт., тел., лебед., тува) және сойот тілінде анлаут жағдайда өзгеріссіз қалады. 2. Қыпшақ тобының жартысында (ққалп., қаз. *š* және *š* қатар қолданылады), кейбір сібір тілдерінде (шор тілінің диалектісінде), хакас тобына енетін көптеген тілдерде (кача, кызыл., койб., карағ., сойот. ауслаута) және тува тілінде *š* дыбысына айналады. 3. *š* дыбысының *s* - ға өзгеруі кейбір қыпшақ тілдерінде (қар., лоб., балқ.) және сібір - татар тобында (бараб., тоб., тюм., тура, тара) көрініс береді. 4. *š* дыбысының *s* болуы башқұрт, хакас тобының сағай., койб., белтир тілдерінде және шор диалектісінде кездеседі. Мысалы:

¹ L.Ligeti. A magyar nyelv török kapcsolatai a honfoglalás előtt és az Árpád-korban. Akadémiai Kiadó. – Budapest, 1986. -602 p. (Л. Лигети. Тюркские связи венгерского языка до обретения родины и в эпоху арпадов. Перевод: Дмитриева Юдит (рукопись).

жалпытүрк. *čärig* «әскер»; түрік. *çeri* «әскер, әскери күш»; қар. *čeriv*; тат. *čirü*; қырғ. *čerü*; шығ.- түрк. *čirik*, *čerik*, *čeyik*; қазіргі ұйғ. *čerik*; салар. *čiraχ*, *čiriχ*; лебед. *čerig*; алт., телеут. *čärü*; шор *šärig*; тув. *šerig*; қарағ. (тоф.) *šeriγ*; қар. *ceruv*; бар. *cärü*; сағ., қойб. *serig*; қызыл *serig*; як. *seri*; жалпытүрк. *čatir* «шатыр, қос»; түрік. *çadır*; әзір. *čadır*; гағ. *čadır*; түркім. *čädir*; қар. *čätir*; қум. *čatir*; тат. *čätir*; шығ.- түрк. *čädir*; қырғ. *čatir*; өзб. *čötir*, *čódir*; қбалқ. *šatir*; ноғ. *šatir*; ққалп. *šatir*; қаз. *šatir*; шор *šadır*; қар. *catir*; башқ. *satir*; сағ., қойб. *sadir*; жалпытүрк. *satıγčī* «саудагер, сатушы», түрік. *saticī*, әзір. *satiji*; гағ., түркім. *satiji*; құм.. *satıvčī*, қбалқ. *satıučı*; тат. *satučī*, миш. *satučī*; сал. *sadaχčī*; ноғ. *satuvšī*; қаз. *satušī*; ққалп. *satuvšī*; қар. *satuvcu*; башқ. *hatiusi*; як. *atiusi* т.б.

č ~ š: Көне түркі ескерткіштері тілінде č дыбысынан басталатын моносиллабтардың бәрі қыпшақ-ноғай тобындағы тілдерде š-дыбысына өзгерсе, басқа қыпшақ тілдерінде č тұлғасының сақталуы да, š-ға өзгеруі де кездеседі: *čöl* ~ *šöl*: *čöl* «шөл» ~ қаз., ққалп. *söl*; *čet* ~ *šet*: *čet* «шет, шекара» ~ қаз. *šet*; *čiq* ~ *šiq*: *čiq* «шығу» ~ қаз., ноғ., башқ. *šiq* т.б. Сөз соңында č ~ š ~ s сәйкестігі орын алады: көне түркі. *ač* ~ *aš* ~ *as*: *ač* «ашу» ~ қар., құм., тат. *ač* ~ қаз., ққалп., ноғ. *aš* ~ башқ. *as*; *üč* ~ *üş* ~ *ös*: *üč* «үш» ~ тат. *öč* ~ қаз., ноғ., ққалп. *üş* ~ башқ. *ös*. Қазақ әдеби тілі мен говорларында да š ~ s сәйкестіктері кездеседі¹: қыштау ~ қыстау, шанда ~ санда, машақ ~ масақ т.б.

Қазақ тіліндегі č дыбысы жайлы С.Омарбеков² «... жұмсалып өрісі өте тар дыбыстардың бірі – ч дыбысын жиі қолдану говорларға тән, ч дыбысы қазір жалпы халықтық тілде малға айтылатын чу-чу, чәй-чәй, чек-чек тәрізді бірлі-жарым одағайларда қолданылғаны болмаса, байырғы сөздердің құрамында ұшырамайды» – деп көрсетеді. Қазақ тілі диалектілік ерекшеліктерінде аффрикат č-ның қолданылуын тілдің қалыптасу тарихынан тыс қарастыруға болмайды. Қазақ тіліндегі қатаң, шұғыл, тілдің қатысуымен жасалатын ч орыс тілінен немесе орыс тілі арқылы басқа тілдерден енген кірме сөздерде кездеседі: чек, чемпион т.б.

¹ Аманжолов С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. – Алматы: Санат, 1997. – С. 317.; Салқынбай А. Тарихи сөзжасам (семантикалық аспект). – Алматы: Қазақ университеті, 1999. – 163-б.

² Омарбеков С., Жүнісов Н. Ауызекі тіліміздің дыбыс жүйесі. – Алматы: Мектеп, 1985. – 144-б.

Түрік тілінде *ç* – қатаң, тіс-таңдай, аффрикат дауыссыз дыбыс: *çoban* «шопан», *çosuk* «бала», *suç* «қылмыс». Соңғы позициядағы *ç* дауыссызы дауысты дыбыспен басталатын қосымшалардың ықпалымен және екі дауысты дыбыстың арасында келгенде ұяң *c* жұбымен орын ауыстырады: *ilaç-ı* > *ilacı* «дәріні», *taç-ı* > *tacı* «тәжді». Сөз аяғында кездесетін қос дауыссыз жұп *nc* және *rc* дан кейін де ұяң болады: *sevinç-e* > *sevince* «қуанышқа», *borç-um* > *borcum* «борышым, қарызым».

s: Арғыалтай тіліндегі сөз басы *s* дыбысы арғытүркі тектілінде және көне түркі тілінде *s*, чуваш тілінде *s/š* түрінде көрініс береді. Мысалы: алт. **segi-* «бұғы, жирен, бөкен» > арғытүркі. **sigun* «бұғы, сайғақ; арғытүркі. **sāri-g* «ақ» > көне-түркі. *sariγ*, түркім. *sāri*, як. *araγ-as*, түрік. *sari* «сары», чув. *sarā* «сары»; арғыалт. **siāri* «ақ» > чуваштық рефлекс **sāri-g šorā* «ақ». Арғыалтайлық *s* дыбысы арғытүркіде және көне түркі тілінде *s*, якут тілінде *h/t* дыбысына өзгерген: арғыалт. **k`usi* «ұсақ жаңғақ» > түркі. **kusuk* «ұсақ жаңғақ» (салыст.: моңғ. **kusi* «самырсын, тұңғ.-маньчж. **xosi-kta* «емен жаңғағы»). Түркі тілдерінде тұрақтылығымен ерекшеленетін *s* фриктиві түркі жазба ескерткіштері мен қазіргі қыпшақ тілдері арасында өз табиғатын сақтаған, жүйелі өзгеріс бұлғар-қыпшақ тобындағы башқұрт тілінен көрініс береді.

Анлаут жағдайда *s*: Орх., Е. *sa* «санау» ~ қар., тат., ноғ., қаз., ққалп. *sa(na)*, башқ. *ha(na)*; Орх., Е. *sī* «сындыру» ~ тат., ноғ., қаз., ққалп. *sī(nīq)*, қар. *sī(nīx)*, башқ. *hī(nīq)* «сынық»; Орх. *san(č)* «сұғу, түйреу, шаншу» ~ башқ. *sān(se)*, ққалп. *šan(šī)*, қаз. *šan(ši)*, ауызекі *šan(iš)*; Орх., Е., Тал. *sen* «сен» ~ қаз., ққалп., ноғ., қар. *sen*, башқ. *hijn*, тат. *sijn*; Орх. *sök* «сөгу» ~ қаз., ноғ., ққалп. *sök*, башқ. *hüg*, тат. *süg*; Орх., Е. *señ(ük)/sön(ük)/sün(ük)* «сүйек» ~ тат. *söj(äk)*, башқ. *höj(äk)*, ноғ. *suu(ek)*, қар. *sub(aq)*, қаз. *süj(ek)*; Орх., Е. *söz* «сөз» ~ қар., қаз., ноғ., ққалп. *söz*, башқ. *hüz*, тат. *Cüz* т.б.

Ауслаут жағдайда *s*: *as* «ілу, асып қою» ~ башқ., тат., ноғ., құм., ққалп., қаз. *as*; Орх., Е., Тал. *bas* «бас, бастық» ~ қаз., ноғ., ққалп. *bas*, қар., тат., құм., башқ. *baš*; Орх. *bis(ük)* «ұрпақ, туыстық» ~ қаз. *bes(ik)*, ноғ., ққалп. *bes(ijk)*, башқ., тат. *bij(šek)*; Орх. *ja(sa)* «жасау, істеу» ~ қаз., ққалп. *žas(a)*, тат., башқ. *jäs(ä)*, ноғ. *jas(a)*;

Орх. qis «қысу, қыспаққа алу» ~ қаз., ққалп., ноғ. qis, тат., башқ. kis; Орх., Е., Тал. kis(i)/kiš(i) «кісі» ~ тат., башқ. keše, ноғ., ққалп. kiji, қар., қаз. kisi; Орх., Е., Тал. tas «тыс»/ taši ~ қаз., қалп. tis; Орх. tūs «түсу» ~ тат., башқ. töš, ноғ., ққалп., қаз. tūs, қар. Tüş т.б.

s ≈ h: sa ≈ *ha: sa «санау» ~ башқ. ha(n); si ≈ *hi: si «сындыру» ~ башқ. hi(n); sen «сен» ~ башқ. hiñ; sök «сөгу» ~ башқ. hug; söläk «сүйек» ~ башқ. hojäk т.б. Башқұрт тілінде жалпытүркілік сөздердің негізгі бөлігінде s дыбысы h дыбысына өзгергенімен, siñraq «сирақ», söläl «сүйел» тәрізді бірен-саран лексемаларда және араб-парсы тілдерінен енген сөздерде s сақталады: sabiñ «сәби», säbär «себеп», siñxu «сиқыр» т.б. s ≈ h сәйкестігі башқұрт тілінде тек түбір морфемалар құрамында ғана емес, қосымша морфемалардың басында да кездеседі: -hiñ, -heñ, -hoñ, -höñ «-сың, -сің», сын есім тудыратын жұрнақ -hiñ, -hez, -hoz, -höz «-сыз, -сіз» т.б.

s ≈ š: is «жұмыс, іс» ~ құм. ijs, тат. эš; bis/beš «бес» ~ тат., башқ. bijs, құм. beš; bisük «ұрпақ» ~ башқ., тат. bijsäk т.б. Келтірілген мысалдар көне түркілік анлаут s қыпшақ тілдерінде сақталып, тек башқұрт тілінде өзгеріске түссе, ауслаут s қыпшақ-ноғай тобындағы тілдерде өзгеріссіз сақталып, қыпшақ-половец, қыпшақ-бұлғар тілдерінде s, š тұлғалары араласа қолданылатынын көрсетеді.

Қазіргі қазақ тілінде c[s] – қатаң, ызың, тілдің қатысуымен жасалатын дауыссыз дыбыс. Сөздің барлық позицияларында кездеседі: сары, сіз, сүт, тас. Түрік тілінде де s – қатаң, тіс, ызың дауыссыз дыбыс. Сөздің барлық позициясында кездеседі: saç «шап», sekiz «сегіз», süt «сүт», kes «кес» т.б.

z: VII-IX ғасыр түркілері жазба мұралары тілінде фрикатив ұяң фонема z дыбысы сөз басында қолданылмайды.

Ауслаут жағдайда z: Орх., Е., Тал. az «аз» ~ башқ., қар., башқ., ноғ., құм., ққалп., қаз. az; Орх., Е. az(man) «азбан» ~ қаз. az(ban); Орх., Е., Тал. az(uq) «азық» ~ құм., қаз., ққалп., ноғ., башқ. az(iq); Орх., Е., Тал. juz «жүз (сан)» ~ башқ., тат. jöz, қар. jüz, құм., ноғ. jwz, ққалп., қаз. žüž; Орх., Е. juz «бет, жүз» ~ қар. jüz, башқ., тат. jöz, ноғ., құм. juwz, ққалп., қаз. žüz және т.б.

¹ Саяхова Л., Усманова М. Башкирско-русский, русско-башкирский учебный словарь. – Санкт-Петербург: «БХВ-Петербург», 2000. – 224 стр. - С.190-204.

$z \approx s$: *üz ≈ *üs → üze ≈ üsti: üze «үсті» ~ қаз., ққалп. üsti / башқ. ös(tö). Татар тілінде көне форма сақталған: üz(rä) «үстінде»¹. Қазақ тілінде моносиллабтар құрамындағы $z \approx s$ сәйкестігі өте сирек, бірен-саран еліктеуіш мәнді сөздерден байқалады: ыз(ылда) ≈ ыс(ылда), зыр(қыра) ≈ сыр(қыра) т.б. Қазіргі тілдерде $z \approx s$ сәйкестігі кең таралмағанмен аталған дыбыстардың сәйкестік түзуге теориялық мүмкіндігі бар. Ауслаут z -ның қатаңдануы чуваш тілі деректерінен байқалады: qaz ≈ xus «қазу», xusak «күрек»².

Қазіргі қазақ тілінде z [z] – ұяң, ызың, тілдің қатысуымен жасалатын дауыссыз. Қазақтың төл лексикасында сөздің барлық шенінде (зу-зу, зып-зып, зыр-зыр, зіңкию, зыту, бозғылт, бозару, таз, күз т.б.), сондай ақ кірме сөздерде (заман, зейін, зор, қағаз т.б.) кездеседі. Ал түрік тілінде z – ұяң, тіс, ызың дауыссыз дыбыс: зіг «зыр-зыр», зіңк «зыңк» тәрізді еліктеуіш сөздерде болмаса, түріктің байырғы төл лексикасында сөз басында z дыбысы қолданылмайды.

š: Тіл алды спиранты š фонемасы көне түркі ескерткіштері тілінде š, s дыбыстарымен фонологиялық мән жүктемей ауыса береді, бұл көне жәдігерлер иесінің этностық құрамында әртүрлі диалектіде сөйлейтін түркі тайпалары шоғырланғанын көрсетеді.

Анлаут жағдайда š: Орх. šaq(in) «ойлану, мұңдану, сағыну» ~ қаз., ққалп., ноғ. saγ(in), тат. sa(čī)/šaγ(iš), башқ. haγ(in); Орх. šanč «жеңу, шаншу» ~ қаз., ққалп. šan(iš), башқ. sän(se); Орх. šuw «су» ~ тат., қаз. suw, ққалп. suw, ноғ., қар. suu, башқ. huw; Орх. šaš «шошу» ~ қаз., ққалп., ноғ. šoš(uw); Орх. šik «сығу, қысу» ~ қаз., ноғ., ққалп. sīq; Орх. šī(ṇar) «сыңар» ~ ққалп., қаз. sī(ṇar); Орх., Е. šeg «шет, шек, ұзақ» ~ қаз. šek «бір нәрсенің шегі» және т.б.

Ауслаут жағдайда š: Орх., Е., Тал. aš «ас»; ašsyz «ас-сусыз» ~ қар., тат., башқ. aš, қаз., ққалп. as; Орх., Е., Тал. jaš «жас (адамның жас мөлшері)» ~ ққалп., қаз. žas, қар., құм., тат. jaš, башқ. jäs, ноғ.

¹ Курышжанов А.К. Исследование по лексике старо-кипчакского письменного памятника XII в. «Тюркско-арабского словаря». – Алма-Ата, 1970. - С.212.

² Сағындықов Б. Қазақ лексемасы дамуының этимологиялық негіздері. – Алматы. 1994. - Б.27-28.

jas Орх., Е., Тал. qaš «қас» ~ тат., қар., башқ. qaš, қаз., ққалп., ноғ. qas; Е. quš «құс» ~ башқ., тат. qoš, қар. quš, ноғ., ққалп., қаз. qus;

š ≈ s: Орх., Е., Тал. qiš «қыс» ~ башқ. qiš, қар., қаз., ққалп. qis; Орх., Е. taš «тас» ~ қар., тат., башқ. taš, ққалп., ноғ., қаз. tas т.б.

Қазіргі қазақ тілінде ш[š] – қатаң, ызың, тіл дауыссыз дыбыс. Сөздің барлық позицияларында кездеседі: шешек, шаш, шөл т.б. Түрік тілінде де ş[š] – қатаң, тіс-таңдай, ызың дауыссыз дыбыс. Сөздің барлық позициясында кездеседі: şen, şu, taş т.б.

г: Арғыалтай тілінде г¹, г² діріл дыбыстары сөз басында кездеспейді. Сөз ортасы мен сөз соңында айтарлықтай өзгеріске ұшырамайды. Өзгеріске көбінесе дауыстылардың арасында немесе олардан кейін келген дауыссыздар ұшыраған. Арғыалтай тілінде дауыстылар арасындағы және сөз соңындағы *г¹ (қатаң) дыбысы көне түркі және басқа түркі тілдерінде г болып өзгерген. Мысалы: арғыалт. *t`ōru «торай» > түрк. tōrum, *torm- + кішірейткіш жұрнақтар «ботақан, тоқты-торым, торпақ»; арғыалт. *ōmur «жұмыртқа» > түрк. *jumur-tka «жұмыртқа (*jumur»жұмыр, дөңгелек» контаминациясының әсерінен)); жалпытүрк. ār «ер» > түркім. ā:r, әзірб., ār, тат., башқ., хак. ir ~ чув. ar; жалпытүрк. *qir «қырау» > көне түрк. qirayū, өзб. qiroγ/qirov, қаз., ққалп. qiraw, тат. kīraw, ұйғ. qirāj, қырғ. kroo; арғыалт. *erū- > түрк. *erīn «ерін» > көне ұйғ. erīn, шағат. erīn «астыңғы ерін», ескі қыпш. erīn «ерін», хак., өзб. irīn, түркім. e:rīn, құмық. erīn, тув. erīn «ерін, ыдыстың ернеуі», қаз. қарақалп., ноғай., қырғ. erīn, т.б.

Арғыалтай тілінде дауыстылар арасындағы және сөз соңындағы *г² (жұмсақ) дыбысы чуваш тілдерінде г, көне түркі және басқа түркі тілдерінде z болып өзгерген. г² > z өзгерісі ротацизм заңдылығы ретінде белгілі. Мысалы: < арғыалт. *uġā > арғытүрк. *uġ > көне түрк. uzun «ұзын, ұзақ», uzaq «ұзақ, алыс», uza- «ұзау, созылу»; түркім. uzn, түрік., әзірб., хак., тув. т.б. uzun, як. uġun, чув. vōġōm «ұзын, ұзақ»; түрік. uza- «ұзын болу, ұзаққа созылу», тув. uza- , як. uġa- «ұзау, созылу»; арғыалт. *nūġ «жүзім, шарап» > түрк. *jüzüm «жүзім».

Ауслат жағдайда г: Орх., Е. bar «бар» ~ қаз., ққалп., ноғ., құм., тат., башқ. bar; Орх., Е. bir «бір» ~ қаз., ноғ., құм., ққалп. bir, тат.,

башқ. *ber*; Орх., Е. *ber* «беру» ~ қаз., ққалп., ноғ., құм., қар. *ber*, тат., башқ. *bijr*; Е. *kör(k)* «көрік», *kör(tle)* «көрікті» ~ қаз. *kör(ik)*, *kör(ikti)*; Орх., Е. *kör* «көру, қарау» ~ қаз., ққалп., ноғ., қар. *kör*, тат., башқ. *kür*; Орх., Е., Тал. *er* «еркек, батыр») ~ қаз., қар., ққалп. *er*, ноғ., құм. *эр*, тат., башқ. *ijr*; Орх. *tir/tijr* «теру, жинау» ~ қаз., ққалп., ноғ. *ter* және т.б.

r ≈ *z*: Орх. *bur/bor* «шарап» ~ е. қып. *bor* «шарап», *bor buza* «сусын» ~ қаз. *boza*; Мойун Чур еск. *jar(iš)* «жазық» ~ қаз. *žaz* → *žaziq*, *žaj* → *žajdaq* (жайдақ жер), ққалп. *žaz/žaj*, ноғ. *jaz/jaj*, тат., башқ. *jäj*. *r*, *z* дыбыстарының күрделі табиғатын, тіл дамуындағы маңызын көрсететін *ar* ≈ *az*, *kör* ≈ *köz*, *tiz* ≈ *tir/ter* тәрізді түбірлес жұптар ескерткіштер тілінде де жиі қолданылады.

Түркі тілдері дыбыс жүйесінде *r* дыбысының біршама тұрақсыздық сипаты да белгілі. Ұйғыр тілі диалектілерінде *r* ≈ *j* сәйкестігі: *jara* ≈ *jaja* «рана», *qarmaq* ≈ *qajmaq* «қармақ», *tört* ≈ *döjt* «төрт», *jaruq* ≈ *jajuq* «жарық», *bir* ≈ *bij* «бір», *r* ≈ *l* сәйкестігі: *qara* ≈ *qala* «қарау», *artqı* ≈ *alqı* (*sida*) «арттан, артта»; *r* ≈ *ž* сәйкестігі: *qirım* ≈ *qižim* «қырым», *kir* ≈ *kiž* (*dim*) «кірді, шықты», *bir* ≈ *biž* «бір» т.б. Ұйғыр тілінің лобнор, хотан диалектілеріне тән мұндай ерекшеліктер сонор дауыссыздардың табиғаты басқа дауыссыздарға қарағанда өзгешелеу екенін көрсетеді¹.

Қазіргі қазақ тілінде *p[r]* – үнді, діріл, тілдің қатысуымен жасалатын дауыссыз дыбыс. Сөздің орта және соңғы позицияларында кездеседі: *қар*, *бір*, *қарсы*, *ара* т.б. Қазақ тілінің байырғы төл сөздерінде сөз басында қолданылмайтын *p* қазіргі қазақ орфографиясына сай сөз басында жазылғанымен, айтылуда буынның жуан жіңішкелігіне байланысты оның алдынан *i* немесе *y* дауысты дыбыстары келеді: *рет-ірет*, *ру-ыру* т.б.

Түрік тілінде *r* – ұяң, тіс, діріл дауыссыз дыбыс: *rahat* «рахат», *rekor* «рекорд». Түріктің төл сөздерінде сөз басында қолданылмайды. Бұл дыбыспен басталатын еліктеуіш сөздер де өте сирек кездеседі. Сөз басында келген жағдайда бұл дыбыстың алдына қазақ тіліндегідей дауысты дыбыс қосылып айтылады: *rus* – *urus* «орыс».

¹ Кайдаров А. Т. Развитие современного уйгурского литературного языка. ч. I. – Алма-Ата: Наука, 1969. - С. 175-176

l: Арғыалтай тілінде l¹, l² сөз басында кездеспейді. Сөз ортасы мен сөз соңында көп өзгеріске ұшырамайды. Өзгеріске көбінесе дауыстылардың арасында немесе олардан кейін келген дауыссыздар ұшыраған. Мысалы: Арғыалт. *köl «қол» > түрк. *kol «қол»: көне және орта ұйғ., шағат. qol, армян-кып., як., тува xol, шор, телеут., түркім., түрік., әзір. kol, қаз., қырғ. qol (салыст: тұңғ.-маньч. *xul-kse «жең»: эвенк., нег., ороч. уксэ, сол. утчил, нан. хуэксэ, маньч. улхи (< *xul-ksi; ~ моңғ. *köl «аяқ, жануардың табаны»: орта-моңғ.kol, халха хөл, бурят хүл, ескі қалм.көл, ордос. köl, монғор. kuor, моғол. kól, дунс., баоан. кул)

Арғыалтайлық дауыстылар арасындағы және сөз соңындағы *l¹ дыбысы көне түркі, чуваш тілдерінде l болып өзгерген. Мысалы: алт. *zel «жел» > түрк. *jel >көне.-түрк., түрік., әзірб. jel, тат. žil, чув. šil «жел»; арғыалт. *ulgз «жабайы тауық» > түрк. *ulhar «ұлар, шіл».

Арғыалтайлық дауыстылар арасындағы және сөз соңындағы *l² (жұмсақ) дыбысы чуваш тілдерінде l, көне түркі және басқа түркі тілдерінде š болып өзгерген. Сөз ортасында және сөз соңында š > *l² өзгерісі ламбдацизм заңдылығы ретінде белгілі. Мысалы: арғыалт. *tiōla «тас» > түрк. *dāl > көне түрк., түрк.,кұм., тат. қаз. т.б. taš, түркім. āš, әзірб. daš, тув. daš, як. tās, чув. šol (салыст.:; арғымоңғ. *tilayun > орта.-моңғ. čilagun, моңғ.-жазба. čilayun, қалм. tšolün, халха-моңғ. čulū, даг. tšoloo «тас»; арғытұңғ.-маньч. *žola > эвенк., сол., нег., ороч., уд., ульч., орок., нан. žolo, эвен. žol «тас»);

Түркі тілдерінде байырғы түркі сөздерінің басында өте сирек кездесетін l сөз ортасы мен сөз соңында кеңінен қолданылады. Н.А.Баскаковтың пікірінше ауслаут l дыбысы түркі тілдері дамуындағы алғашқы құбылыс, ғалым сөз соңындағы l-дің де қалыптасуы алтайлыққа дейінгі кезеңге сәйкес келетінін айтады¹. Ал анлаут l-дің түркілік имитативтер жүйесінен орын алуы, оның адамзаттық тілдік қарым-қатынастың алғашқы кезеңдерінен

¹ Баскаков Н.А. Историко-типологическая фонология тюркских языков. – М.: Наука, 1988. – С. 78.

белгі беретін күрделі табиғатын танытады. Анлаут І дыбысының қыпшақ тобындағы тілдерге тән басты ерекшелігі – протезалық дауыстылармен айтылуында¹.

Анлаут жағдайда І: Көне түркі ескерткіштері тілінде сөз басы І фонемасы үш сөзде ғана кездеседі, оның екеуі қытай антропонимдері *lūsün taj señün* «аты»; *likeñ* «кісі аты». Онгин жазбаларында *lūj* «айдақһар» лексемасы қолданылған.

Ауслаут жағдайда І: Орх. *al* «алу» ~ тат., ноғ., құм., башқ., қаз. *al*; Орх., Е. *al(tun)* «алтын» ~ қар., башқ., ноғ., тат., құм., қаз. *al(tin)*; Орх., Е., Тал. *al(tī)* «алты» ~ қаз., ққалп., тат., құм., қар., ноғ., башқ. *al(tī)*; Орх., Е. *bul(t)* «бұлт» ~ башқ. *bol(ot)*; ноғ., ққалп. *bul(it)*; қаз. *bult*; тат. *bol(it)*; Тал., Орх., Е. *el/il* «ел, халық» ~ қаз., құм., қар., ққалп. *el*, тат., башқ. *ijl*, қырғ. *эл*; Орх. *el(t)* «ерту, ілестіру,» ~ қар. *el(t)*; құм. *эл(t)*; тат. *ijl(tü)*; башқ. *ijl(tew)*, қаз. *el(t)*: күнелт «күн өткізу» (Құрыш. 11); Орх., Е., Тал. *qal* «қалу» ~ ноғ., ққалп., қаз., башқ., тат., құм. *qal*; Орх., Е. *qul* «құл» ~ қар., ноғ., ққалп., қаз., құм. *qul*, башқ., тат. *qol* және т.б.

І ≈ т: Орх. *olur* ~ қаз., ққал. *otir*, тат. *ütir*, башқ. *utir/ultir*, қар., қырғ. *otur*, құм. *oltur*, ноғ. *oltir*. Т

І ≈ г: Орх. *bul(uñ)* ~ қаз. *burış*: дүниенің төртбұрышы. **bul* ≈ **bur* моносиллабтарының ортақ негізі **bu* тұлғасы. Түркі тілдеріндегі І ≈ г сәйкестігі түбірлес сөздерде фонологиялық мән жүктемей де, семантикалық реңк арқалап та қолданылуы сирек те болса кездеседі: *ül(ker)* ≈ *ür(ker)* «Үркер»: қаз., ққалп. *ül(ker)*, башқ. *ül(kär)*, қырғ. *ür(kör)*. *ür(ker)*, *ur(ker)* лексемаларының түбірі **ül*/**ür* моносиллабтары². Ескерткіштер тіліндегі *elt* «ерту, ілестіру» қазіргі қыпшақ тілдерінде *ert*/*ijrt* түрінде көрінеді, сонымен қатар *eltu*/*ijltu*, *eligü*, *ijligü* «елігу, еліктіру» сөздері бар. Түрікмен тілі диалектілерінде *elt*, *ert* «жеткізу» тұлғаларының екеуі қатар қолданылады³.

¹ Сравнительная-историческая грамматика тюркских языков. Фонетика. – М.: Наука, 1984. – С. 347.

² Севортян Э.В. Этимологический словарь тюркских языков. – М.: Наука, I-III т. 1974. – С. 630, 634.

³ Сравнительная-историческая грамматика тюркских языков. Фонетика. – М.: Наука, 1984. – С. 349.

Қазақ тілінің өз ішінде $l \approx r$ сәйкестігі орын алады: *бұл $\approx$ *бұр: бұлқан-талқан $\approx$ бұрқан-талқан, *бол $\approx$ *бор: болпылдау $\approx$ борпылдау, *жал $\approx$ *жар: жалын $\approx$ жарық; қол $\approx$ қар: қолым талды $\approx$ қарым талды; сыл $\approx$ сыр: сылып алып тастау $\approx$ сырып алып тастау т.б.

Қазіргі қазақ тілінде $l[l]$ – үнді, ызың дыбыс, тілдің қатысуымен жасалатын дауыссыз. Қазақтың тілінің төл лексикасы үшін лық, лып, лүпіл сынды азды-көпті еліктеуіш сөздерде болмаса, сөз басында қолданылмайды. Негізінен сөз ортасында және сөз соңында кездеседі: бала, қалу, қалқа, тал, сол, тіл т.б. Қазіргі түрік тілінде l – ұяң, тіс дауыссызы. Түріктің төл сөздерінде сөз ортасы мен сөз соңында кездесетін бұл дыбыспен сөз басталмайды. Мысалы: ilk «алғашқы», alt «астыңғы», dal «тал», sol «сол жақ», dil «тіл». Сөз басында көбінесе кірме сөздерде көрініс береді: lale, lüle, lütfen. А.Н. Кононов l арқылы түрік тілінде велярлы және латералды екі дыбыс таңбаланатынын айтады¹: dal, al және dil, el. Түрік ғалымдары l дыбысын онымен тіркесетін дауысты дыбыстың жуан, жіңішкелігіне байланысты «жуан l » және «жіңішке l » деп бөледі².

§4. «Ротацизм» және «ламбдаизм» құбылысы

Түркі тілдерінің морфонологиялық жүйесінің қалыптасу, даму тарихына қатысы бар мәселелердің бірі – «ротацизм» және «ламбдаизм» құбылысы. Алтаистика және түркітану салаларында таластудырып келе жатқан $g \sim z$ және $l \sim \check{s}$ сәйкестіктерінің табиғатын айқындау мәселесі 1923 жылы Г.Рамстедт ұсынған³: «чуваш тілінде g және l түрінде, көне түркі және басқа түркі тілдерінде z және $\check{s}$ түрінде (кейбір түркі тілдерінің кейінгі кезеңдердегі даму барысында $z >$ башқ., түркім. δ , тув., як., хак. s /ауслаут шенінде/ өзгеріске ұшыраған) көрініс беретін түркілік тектілік * $\acute{g}$ және * $\acute{l}$ фонемалары» туралы теориялық тұжырымнан бастау алады.

¹ Кононов А. Н. Грамматика турецкого языка. – М. –Л.: Издательство АН СССР, 1941. –С. 16.

² Coşkun V. Türkçenin Ses Bilgisi. – İstanbul: IQ Kültür Sanat Yayıncılık, 2008. - S. 63.

³ Ramstedt G.J. Frage nach der Stellung des Tschuwassischen. JSFOu. XXXVIII, 1922-1923.

Г.Рамстедт «ротацизм» және «ламбдаизм» құбылыстарының генезисін жуан және жіңішке *r – *r̥ және *l – *l̥ сонанттардың тектілдік қарама-қарсылығымен түсіндіреді. Оның пікірінше, r және l сонанттары барлық түркі тілдерінде сақталған: r чуваш тілінде r дыбысына, ал жалпытүркілік – z – ға; l̥ > чув. l, жалпытүркілік š дыбысына өзгерген¹. Н.Поппе түркілік тектілдің фонологиялық жүйесінде Г.Рамстедт көрсеткендей *r̥ және *l̥ фонемалары емес, *r̥ (чех тіліндегідей) және қатаң *l², ал О.Прицак z>*r және š >*l болғанын айтады³. З.Гомбоц чуваш ротацизмі мен ламбдаизмін бір буынды түбір негіздерде созылыңқы дауыстылардан кейін келетін түркілік тектілдік *s және *š дыбыстары кескінделуінің нәтижесі деп санайды және бұл құбылысты түркі тілдерінің фонологиялық жүйесінің тарихи дамуының кейінгі кезеңдеріне жатқызады⁴. А. М. Щербак: «Түркі тектілінде бастапқы созылыңқы дауыстылардан кейін *s и *š спиранттарының ерекше аллофондары орын алды. Осы позицияда *s кейіннен жаппай ұяңдануға ұшырады. Ал бұлғар (> чуваш) типті тілдерде *s және *š дыбыстары созылыңқы r және l дыбыстарына айналды» – деп санайды⁵. Л. Лигети жалпытүркілік *š мен чуваштық l арасындағы сәйкестік молынан кездесетінін айтады⁶: жалпытүрк. āšik ~ чув. alāk «есік»; жалпытүрк. taš ~ чув. šul «тас»; жалпытүрк. qīš ~ чув. xěl «қыс»; жалпытүрк. quyaš ~ чув. xěvël «күн»; жалпытүрк. kümüş ~ чув. kēmël «күміс»; жалпытүрк. bēš ~ чув. pillëk, pilëk «бес»; жалпытүрк. yetmiş ~ чув. šitmël «жетпіс»; жалпытүрк. yāš ~ чув. šul «жыл»; жас»;

¹ Ramstedt G.J. Einführung in die altaische Sprachwissenschaft, I. Lautlehre/ Helsinki, 1957. - P. 103-106.

² Poppe N. Vergleichende Grammatik der Altaischen Sprachen. T. 1. Vergleichende Lautlehre. – Wiesbaden, 1960. P.107

³ Pritsak O. Der «Rhotazismus» und «Lambdaizmus». -UAJb, 35, «D». – Wiesbaden, 1964. P.337-342

⁴ Gombocz Z. Zur Lautgeschichte der altaischen Sprachen // Keleti Szemle. – Budapest, 1912-1913. -Bd.XIII. -Hf.1-2. -S.21

⁵ Щербак А.М. Сравнительная фонетика тюркских языков. Л., 1970. - С. 83-88

⁶ L.Ligeti. A magyar nyelv török kapcsolatai a honfoglalás előtt és az Árpád-korban. Akadémiai Kiadó. -Budapest, 1986. - 602 p. (Л. Лигети. Тюркские связи венгерского языка до обретения родины и в эпоху арпадов. Перевод: Дмитриева Юдит (рукопись).

жалпытүрк. *tiš* ~ чув. *šäl* «тіс»; жалпытүрк. *tušaq* ~ чув. *těl* «орын; уақыт; жағдай»; жалпытүрк. *tüš* ~ чув. *tělĕk* «түс»; жалпытүрк. *taš* ~ чув. *tul* «тыс»; жалпытүрк. *altmiš* ~ чув. *utmäl* «алпыс» т.б. Жалпытүркілік *š және оның қазіргі чуваш тіліндегі ś тұрпатын сақтап, ламбдаизмнің ары қарай дамуына қатыспаған сөздердің аз емес екені байқалады: чув. *ěš* «жұмыс, еңбек» ~ жалпытүрк. *iš*, тат. *eš*; чув. *ěšle-* «жұмыс істеу» ~ жалпытүрк. *išlä*, тат. *ešlä-*; чув. *χirěš* «қарсы, қарама-қарсы» ~ жалпытүрк. *qarši*, тат. *karši*; чув. *pěser-* «пісіру; қуыру» ~ жалпытүрк. *bišür-*, тат. *pešer-*; чув. *piš-* «жалғастыру» ~ жалпытүрк. *biš-*, тат. *peš-*; чув. *puś* «бас» ~ жалпытүрк. *baš*, тат. *baš*; чув. *puśla-* «бастау» ~ жалпытүрк. *bašla-*; тат. *bašla-*; чув. *śemśe* «жұмсақ» ~ жалпытүрк. *yumšaq*, тат. *yomšaq*; чув. *šipāś-* «жабысу» ~ жалпытүрк. *yapīš-*, тат. *yabīš-*; чув. *śiś-* «жарқылдау (найзағай)» ~ жалпытүрк. *yaš-*; чув. *śišen* «жасын, жай, найзағай» ~ жалпытүрк. *yašin*, тат. *yašen*; чув. *śuraś-* «жарасу» ~ жалпытүрк. *yaraś-*, тат. *yaraś-*; чув. *vurś-* «ұрсу, ұрсысу» ~ жалпытүрк. *uruš-*, тат. *oriš-*; чув. *vārśa* «ұрыс; төбелес».

А.М. Щербак: «ротацизм құбылысы алтайтану саласындағы әдебиеттерде келтірілетін түркі-моңғол-тұңғыс-маньчжур лексикалық параллелдері үшін жалпыалтайлық қалып-күйді көрсетпейді, негізінен кірмелікті танытады. Мұнда чуваш типті көнетүркі тілі бастапқы «қайнар-көз» болатын болса, моңғол тілдері «аралық тіл» қызметін атқарады. Сондықтан тұңғыс-маньчжур тілдерінде, әсіресе эвенкі тілінде кездесетін ротацизм көбіне моңғол тілдерінен енген кірме сөздерде дыбыстық тұлғаның қайта жаңғыруына байланысты көрініс береді. Ол сөздердің шығу тегі, түптеп келгенде түркі тілдеріне барып саяды» – дейді¹.

С.А.Старостин созылықты дауыстылардың ұяңдануы негізінен оғыз тобына енетін тілдерге тән қасиет екенін айтқан М.Рясянен² тұжырымын қолдай отырып, А.М.Щербак концепциясына қарсы пікір білдіреді. Ол позициялық ұяңдану тек қатаң спирант

¹ Щербак А.М. Ранние тюркско-монгольские языковые связи (VIII-XIV вв.). – Санкт-Петербург, 1997. С.43

² Рясянен М. Материалы по исторической фонетике тюркских языков. – М., 1955. С. 128-129

дауыссыздардың кіші жүйесіне ғана қатысты болатынын, ал А.М.Шербак ұсынған «позициялық бөлініс» нақты тілдік материалдар негізінде дәлелденбейтінін алға тартады¹: «Тіптен, автор келтіретін мысалдардың көбі² жалпытүркілік *ɣ және *ɪ дыбыстары қысқа дауыстылардан кейін келетінін көрсетеді (Салыстырамыз: чув. іг- «езу, мыжу, жаншу, илеу»: түркім. ад-: түрік. ez-; чув. рәгу «бұзау»: түркім. bu-ɖaw: түрік. buzaɣı; чув. сір- «жазу»: түркім. јаɖ-: түрік. jaz-; чув. тар- «қашу»: түркім. таɖ-; чув. тір- «тізу, тізбектеу»: түркім. диɖ-: түрік. diz-; чув. турё «тура»: түркім. диɖ «құла түз, жазық»: «түрік. duz; чув. илт- «тыңдау, есту»: түркім. ашит-; чув. тол «сыртқы, тыс»: түркім. daş). Мұндай мысалдардың санын онан ары көбейте беруге болады. Бұған қарағанда түркілік тектілік *ɣ және *ɪ дыбыстарын басқа бір фонемалардың аллофондарына апарып саю мүмкін емес. Олай болса, мәселе *ɣ және *ɪ дыбыстарының түркілік тектілік фонетикалық тұрғыдан орындалуында, айтылуында болмақ. Жалпы алғанда *ɣ/*r, *ɪ/*l дыбыстық алмасуларының жиі кездесуі (көне түрк. kōz «көз»: kōr- «көру, қарау», kōli-t-/kōši-t- «көмескілеу, көлеңкелеу» және т.б.) олардың артикуляциясы r- және l- түрінде болатынын дәлелдейді. Әйтседе түркілік тектілік *ɣ (r2) және *ɪ (l2) дыбыстарының нақты фонетикалық сипаттамасы әлі де анық айқын емес». С.А. Старостин: «Түркілік *ɣ және *ɪ дыбыстарына моңғол, тұңғыс-маньчжур, корей тілдерінде созылыңқы r және l дыбыстарының сәйкес келуі Г.Рамстедт реконструкциясының дәйектемелік күшін нығайта түседі» – деп біледі³.

Қазіргі түркі тілдерінің дауыссыз дыбыстар жүйесінде тек кірме сөздерде кездесетін дауыссыздар орын алады. Мәселен, қазақ тілінде ұяң, ызың, ерін дауыссыз в орыс тілінен немесе орыс тілі арқылы енген шетелдің кірме сөздерде кездесетін болса (вагон, ванна т.б.), vızılıtı, vızır vızır сияқты еліктеуіш сөздерде болмаса, түріктің байырғы төл сөздерінің бастапқы позициясында қолданылмайтын ұяң, тіс-ерін, ызың v дауыссызымен басталатын

¹ Старостин С. А. Алтайская проблема и происхождение японского языка. – М., 1991. – С.4

² Шербак А.М. Сравнительная фонетика тюркских языков. – Л., 1970. – С. 86-87

³ Старостин С. А. Алтайская проблема и происхождение японского языка. – М., 1991. – С.4

сөздер түрік тілінде негізінен кірме сөздер болып табылады: *va-gon*, *vinç* «кран». Өзінен кейінгі немесе өзінің алдындағы еріндік дауысты дыбыстардың әсерімен сөз ортасында *v* дыбысы кейде *w* болып айтылады: *kavun* – *kawun*, *kovuk* – *kowuk*, *bavul* – *bawul*. Кейбір ғалымдар *w* дыбысын *v* дыбысының аллофоны ретінде көрсетеді¹. Сонымен қатар түрік тіл білімінде дауысты + *v* түріндегі дыбысты «*kaupa ünlü*» (дифтонг) деп тану да орын алады².

Қазақ тіліндегі қатаң, ызың, ерін дауыссыз *ф*, қатаң, ызың, тілдің қатысуымен жасалатын *х* және *щ*, қатаң, шұғыл, тілдің қатысуымен жасалатын *ц* дауыссыздары да қазақ тіліне басқа тілдерден енген кірме сөздерде кездеседі: *фургон*, *фуражка*, *хабар*, *хикая*, *хром*, *анархия*, *циклон*, *циркуль* т.б. Өте сирек жағдайда *щ* қатарласа, қосақтаса келген *ш* дыбысын таңбалайды: *ащы*, *тұщы* т.б. Түрік тілінде қатаң, тіс ерін, ызың дауыссыз *f* дыбысы сөз басы және сөз ортасы шенінде, негізінен, кірме сөздерде кездеседі: *for-mül* «формула», *fiil* «піл», *afet* «апат», *af* «ғафу». Түрік тілінің төл лексикасына қатысты алғанда, *f* дауыссызымен көбіне еліктеуіш сөздер басталады: *fisilti* «сыбыр», *fokur fokur* «бұрқ-бұрқ».

Қорыта айтқанда, дәстүрлі алтайтану бағытының негізін қалаған көрнекті лингвистер Г.Й. Рамстедт, Н. Поппе еңбектерінде өзектелетін арғыалтай тілінің фонологиялық жүйесін қалпына келтіру мәселесі М. Рясянен, В.М. Илич-Свитич, С.А. Старостин, О.А. Мудрак, А.В. Дыбо зерттеулері арқылы жалғастық тауып, жаңғыртылған арғыалтай тілінің дауысты және дауыссыздар жүйесі және олардың қазіргі алтай тілдерінде дыбыстық сәйкестіктер заңдылығы түрінде көрініс беру схемасы одан әрі толықтырылып, нақтыланып, жетілдірілетін түсуде. Бұл схемаларда жалпытүркі тектілінің фонологиялық жүйесін жаңғырту, қалпына келтіруге айрықша ден қойылады. Жалпытүркі тектілінің фонологиялық жүйесін жаңғыртуға көне түркі және орта түркі ескерткіштері тілінің фонологиялық жүйелерінің

¹ Eker S. Çağdaş Türk Dili. – Ankara: Grafiker Yayınları, 2010. – S. 244.

² Demircan Ö. Türkçenin Ses Dizimi. – İstanbul: Der Yayınları, 2001. – S. 55.; Selen N. Söyleyiş Sesbilimi, Akustik Sesbilimi ve Türkiye Türkçesi. – Ankara: TDK Yayınları, 1979. – S. 102.

өзіндік ерекшеліктері, олармен тарихи сабақтастықта өрілетін қазіргі түркі тілдерінің дауысты және дауыссыз дыбыстар жүйесіндегі базалық сәйкестіктер арқау етіледі.

§5. Үндестік заңы. Фузия, буын және екпін

Үндестік заңы түркі тілдерінің дыбыстық жүйесіндегі ең негізгі заңдылық болып табылады. Дыбыстардың үндесуі деп морфемалардың бірыңғай жуан не жіңішке буынды болып және қатар келген дыбыстардың біріне-бірі акустика-артикуляциялық жақтан бейімделіп, үйлесіп тұруы аталады¹. Үндестік заңы бойынша сөздер не бірыңғай жуан, не бірыңғай жіңішке, не еріндік, не езулік болып келеді. Сөздің жуан немесе жіңішке болуы дауыстылардың жуан, жіңішке табиғатына байланысты болатын болса, ерін үндестігі алғашқы буындағы еріндіктің әсерінен кейінгі буындағы дауыстының еріндікке айналуына (лабиалдық үндестік), ал езу үндестігі тіл үстінің қатты таңдайға көтерілуі арқылы жасалатын дауыстылардың бірыңғайласуына қатысты болып келеді.

Дауыстылар үндестігі.

Арғыалтайлық тек тілден бастау алатын түркі, моңғол және тұңғыс-маньчжур тілдеріне ортақ басты заңдылық – «үндестік заңына» арнайы тоқтала отырып, Н.Поппе түркі тілдерінде дауыстылар үндестігінің бірнеше түрі кездесетінін айтады. Мәселен, татар тілінде бір сөзде тек жуан немесе тек жіңішке дауыстылар ғана болатын болса (at-lar «аттар», әt-lär «иттер», өtti «алды, ие болды», üttä «өтті», немесе, жуан дауыстылары бар түбірлерге көптік жалғауының -lar, жіңішке дауыстылы түбірлерге -lär қосымшасы, жуан дауыстылы түбірге етістіктің өткен шақтағы үшінші жақ -ti, жіңішке дауыстылы түбірлерге -tä қосымшасы ғана жалғанады), басқа түркі тілдерінде еріндік және езулік дауыстылармен қатар, жуан және жіңішке дыбыстардың қарама-қарсылығы орын алады. Татар тілінде дауысты дыбыстар жуан және жіңішке деп бөлінсе, башқұрт қазақ тілінде

¹ Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. - Б.84.

дауыстылар жуан және жіңішке, еріндік және езулік дауыстылар болып жіктеледі. Мысалы: татар: *kəttə* «кетті»; *öttə* «ән салды»; *çiqti* «шықты»; *ötti* «ұтты»; башқұрт: *kəttə* «кетті», алайда *öttə* «ән салды»; *sïqti* «шықты», алайда *öttə* «ұтты».

Кейбір түркі тілдерінде *i* фонемасы болмағанымен, *i* жуан және жіңішке дауыстылы сөздерде кездеседі. Мәселен, шығыс түркі тілдерінде *i* < **i* алдыңғы буындағы **a* дауыстысын е дауыстысына айналдырады. Мысалы: *al-* «алу» сөзінен *eliş* «алу», алайда, *i* < **i* дыбысты буыннан кейін келетін буын өзгермейді: *al-* «алу» (түбір) сөзінен *elin-* «алыну» (түбір) және *elinmaq* «алыну».

Бір сөзде тек жіңішке (палатал) немесе жуан (велар) дауыстылар ғана кездесуі палаталдық үндестікке, алдыңғы буындағы езулік немесе еріндік дауыстылардың ортаңғы (немесе жоғарғы) дауыстыларға қатысы лабиалдық үндестікке барып саяды. Якут тіліндегі алдыңғы буындағы езулік немесе еріндік дауыстылардың төмен (кең) дауыстыларға қатысы лабиалды тартылыс деп аталады. Мысалы: *aŋalar* «әкелер» / *oŋolor* «балалар». Кейбір түркі тілдерінде тек палаталдық үндестік орын алады. Мәселен, түркімен, қазақ, ноғай, татар тілдерінде қосымшалар *ä/a* немесе *ə/i* дауыстыларымен ғана кездеседі (*-lar* көптік қосымшасы тек *-lär/-lar* формасында кездеседі; үшінші жақтағы қосымша *-ə* немесе *-i* болып келеді, *ü* немесе *-u* кездеспейді). Түрік, әзірбайжан, тува, құмық сияқты түркі тілдерінде палаталдық үндестікпен қатар лабиалдық үндестік бірге жүреді. Мысалы; көптік қосымшада *ä/a* дыбысы кездессе, үшінші жақтағы қосымша *-i/-ï/-ü/-u* болып келеді.

Чуваш тілінде тек палаталдық үндестік (*arman* «диірмен», шығыс. *arman-ān*, бағыт. *arman-a*, орын. *arman-ta* т.б) орын алады. Дегенмен, шығу тегі жеке дара сөздерге барып саятын қосымшалар бұл ережеге сай жалғанбайды: *uga* «аяқ» + *sem* < **sayiŋ* «әр» сөздерінен *ugasem* «аяқтар». Демек, сингормонизм заңына сай емес мұндай ауытқулардың кездесуі дауыстылар үндестігін бір сөзде белгілі бір дауыстылар ғана кездесетін морфофонемалық сипаттама ретінде айқындауға болатынын айғақтайды¹.

¹ Poppe N. Introduction to Altaic Linguistics. – Wiesbaden, 1965. P. 95.

Қазақ тілінде әрі тіл үндестігі, әрі жазуда көрсетілмейтін ерін үндестігі бар. Қазақ тілінің теориялық фонетикасында тек қана тіл үндестігі туралы айтылып келген болса, қазақ тілінің соңғы академиялық грамматикасында ерін үндестігінің қазақ тілінің бірегей белгісі екендігі атады¹.

Қазақ және түрік тілдерінде дауысты дыбыстар үндестігі екіге бөлініп қаралады: тіл үндестігі, ерін үндестігі.

Тіл үндестігі дегеніміз – бір сөз ішіндегі дауысты дыбыстардың бірыңғай жуан немесе бірыңғай жіңішке болып үйлесуі. Түрік тілінде бұл үндестік заңы дауысты дыбыстардың жуандық-жіңішкелік үндесімі (*kalınlık incelik uyumu*²), кейде басты үйлесім заңы болғандықтан, дауысты дыбыстардың үлкен үндесімі (*büyük ünlü uyumu*³) деп те аталады.

Екі тілдегі тіл үндестігі түбірішінде және түбір мен қосымшалар арасында кездеседі. Тіл үндестігі бойынша түбір сөздегі дауысты дыбыстар өзінен кейін жалғанатын қосымшалардағы дауысты дыбыстарды өзіне икемдейді. Түбір сөздегі дауысты дыбыс жуан болатын болса, қосымшадағы дауысты дыбыс та жуан жалғанады, түбір сөздегі дауысты дыбыс жіңішке болса, қосымшадағы дауысты дыбыс та жіңішке жалғанады. Мысалы: қазақ тілінде: бала – лар – ды, күн – дер – ден, кел – ді, шық – қан, кел – ген (кім?); түрік тілінде: *çocuk – lar – ı, gün – ler – den, gel – di, çık – an, gel – en (kim?)* т.б.

Қазақ және түрік тілдерінде бөгде тілдерден енген кірме сөздердің барлығында бірдей буын үндестігі сақталмайды. Қайсыбір кірме сөздерде аралас буын орнына бірыңғай жуан немесе бірыңғай жіңішке буын қалыптасқан болса (қазақ тілінде: конфет – кәмпит, бревно – бөрене т.б.; түрік тілінде: *zeytun – zeytin, mudir – müdür* т.б.), енді біреулері (кітап, мұғалім т.б.) бірінші буын ыңғайына бейімделмейді.

Түрік тілінде үндестік заңына бағынбайтын жағдайлар да кездеседі: а) кірме түбір сөздерде: *alev* «алау», *bilanço* «баланс», *hilal* «ай»; ә) түріктің кейбір байырғы сөздерінде: *elma* «алма»,

¹ Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. - Б. 86.

² Karaağaç G. Türkçenin Dil Bilgisi. – Ankara: Akçağ, 2012. - S. 148.

³ Hengirmen M. Türkçe Dilbilgisi. – Ankara: Engin, 2002. - S. 71.

anne «шеше», dahi «тағы», kardeş «іні, қарындас»; б) күрделі сөздерде: binbaşı «майор», çıkabilmek «шыға алу», Ortaköy, işbu «осы»; в) көбінесе 1 әрпімен аяқталатын кірме сөздерде соңғы дауысты дыбыс жуан болуына қарамастан, 1 дыбысының әсерінен түбірге жіңішке қосымшалар жалғанады: hal-im «жағдайым», rol-de «рөлде»; г) араб тілінен енген және -at бунағымен аяқталатын сөздердің біразына жіңішке қосымша жалғанады: seyahat-e «саяхатқа», saat-iniz «сағатыңыз» т.б.

Қазақ және түрік тілдерінде түбірдің соңғы буынына үйлеспейтін, яғни тіл үндестігіне бағынбайтын қосымшалар кездеседі. Мәселен, қазақ тілінде: -дар (білімдар, хабардар), -еке (басеке, ағаке, Асеке), -кер/гер (саудагер, іскер), -қой (сәнқой, әзілқой), -паз (өнерпаз, аспаз), -мен (қаламмен, атпен) т.б.; түрік тілінде: -yor (yürüyor, geliyor), -ki (akşamki, yarınki), -ken (dışarıdayken, azken), -leyin (sabahleyin), -daş (dindaş), -gil (babamgil, Nasangil), -mtırak (ekşimtırak).

Дауыстылардың бір сөз аясында еріннің қызметі жағынан ыңғайласып, үйлесіп келуін ерін үндестігі дейді¹. Қазақ тілінде ерін үндестігі негізгі заңдылықтардың бірі саналады. Алғашқы буында о, ө, ұ, ү дауыстылары мен у дауыссыз дыбысы болса, келесі буында жазылған е, ы, і әріптері ө, ұ, ү болып айтылады: құлұнұмдұ (құлынымды), күлкүлөрүңүздү (күлкілеріңізді)².

Түрік тілінде ерін үндестігін еріндік -езулік үндестігі (düz-lük yuvarlaklık uyumu³) немесе кіші дауысты үндестігі (küçük ünlü uyumu⁴) деп атайды. Түрік тілінде ерін үндестігі бойынша езулік дауыстылардан кейін езулік, еріндік дауыстылардан кейін қысаң еріндік немесе ашық езулік дауыстылар келеді, яғни а, е, ı, і дауыстылы буынға а, е, ı, і дауыстылы қосымшалар; ал о, ö, u, ü дауыстылары бар буыннан кейін а, е немесе u, ü дауыстылары қатысқан қосымшалар жалғанады. Мысалы: aslan «арыстан», ar-tık «енді», etek «етек», eğik «иілген», ılan «жылан», ışık «сәуле», bilge «данышпан», ilgi «ықылас», osak «ошақ», odun «отын», böl-

¹ Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. – Б. 85.

² Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. – Б. 86.

³ Karaağaç G. Türkçenin Dil Bilgisi. – Ankara: Akçağ, 2012. – S. 149

⁴ Hengirmen M. Türkçe Dilbilgisi. – Ankara: Engin, 2002. – S. 73.

ge «аймақ», özgü «тән, хас», uçak «ұшақ», ucuz «арзан», yüzen «жүзген», üzüm «жүзім».

Дауыссыз дыбыстар үндестігі.

Терең веляр немесе постпалаталдық дауыссыздардың дауыстылардың жуан, жіңішкелігіне қатысы дауыссыздар үндестігі деп аталады. Мысалы, түркі тілдерінде k және g жіңішке дауыстылы сөздерде, q және g (немесе γ) жуан дауыстылы сөздерде ғана кездеседі. k немесе g дауыссыздары бар қосымшалар –kä, -gä, -qa, -ya түрінде болады, көне түркі sü-g «әскер», at-ï-γ «ат»; il-gärgü «ілгері», qurï-γarγ «артқа, батысқа қарай»; ödkä «уақытына қарай», taluγqa «теңізге қарай».

Н.Поппе түркі тілдерінде дауыссыздар ассимиляциясының екі түрі кездесетінін айтады. Мысалы қазақ тілінде екінші дауыссыз дыбыс алдыңғы дауыссыздың себебінен ассимиляцияға ұшырайды: қаз. attar < at + -lar. Ал бірінші дауыссыздың екінші дауыссыз дыбыстың әсерінен ассимиляцияға ұшырауы якут тілінде кездеседі: akka «атқа» < at + -ka), ekke «етке» < et + -ke(-ke бағытты білдіретін қосымша); iččit «итші» < it «ит» + -čit (-čit мамандықты білдіретін зат есім қосымшасы); arpīt «атымыз» < at + -bīt (тәуелдіктің қосымшасы).

Тіптес дауыссыздардың үндесуінен пайда болатын дауыссыздар ассимиляциясы әсіресе, екі морфема қосылғанда, айталық, түбір соңындағы және қосымшаның басында келетін дауыссыздардың бір біріне әсерінен айрықша көрініс береді. Мысалы, көптеген түркі тілдерінде -lar көптік қосымшасы түбірге жалғанғанда l дыбысы өзгеріссіз қалады: түрік. oda-lar «бөлмелер», ay-lar «айлар», at-lar «аттар», gün-ler «күндер». Ал қазақ тілінде l дауыссызы бар қосымшалар тек r, ɟ, y дыбыстарынан кейін және түбір дауысты дыбысқа аяқталғанда жалғанады: qala-lar «қалалар», kiři-ler «кісілер», žer-ler «жерлер», taγ-lar «таулар», qoy-lar «қойлар». L, m, n, ŋ дауыссыздарынан кейін d, басқа дауыссыздардан кейін t келеді: aγıl-dar «ауылдар», köl-der «көлдер», kün-der «күндер», esik-ter «есіктер», at-tar «аттар»¹.

¹ Қар.: Poppe N. Introduction to Altaic Linguistics.-Wiesbaden, 1965; Räsänen M. Zur Lautgeschichte der türkischen Sprachen. – Helsinki, 1949. P. 215-238; Исследования по сравнительной грамматике тюркских языков / под ред. Н.К.Дмитриева. – М., 1955-1962. ТТ. 1-4. I т. - С. 307-316

Дауыссыз дыбыстардың бір-біріне әсері прогрессивті ассимиляция, регрессивті ассимиляция және тоғыспалы ассимиляция болып үш түрде қаралады¹.

Алдыңғы морфеманың соңғы дауыссыз дыбысы кейінгі морфеманың бастапқы дауыссыз дыбысына акустикалық тұрғыдан әсер етуі прогрессивті ассимиляция деп аталады. Қазақ тілінде дауыссыз дыбыстар үнді, ұяң және қатаң болып келетіндіктен, үнді дауыссыздармен аяқталған сөзге тек ұяң немесе үндіден басталған, ұяң дауыссыз дыбыстарға аяқталған сөздерге тек ұяң дауыссызбен басталған, қатаң дауыссыздардан кейін тек қатаң дауыссызбен басталған қосымшалар жалғанады. Мысалы: бар-мен, ай-ға, жаз-да, тәж-ді, сүт-ті, тас-қа, тек-ті т.б.

Түрік тілінде де сөздің соңғы дыбысы қатаң үнсіз дауыссызға аяқталса, қатаң дауыссыз, ал дауысты немесе ұяң дауыссызға аяқталса, ұяң дауыссызбен басталатын қосымша жалғанады. Мысалы: kitap-çı «кітапшы», ayakka-bı-sı «аяқкиім сатушы», sokak-ta «көшеде», cadde-de «даңғылда», çık-tı «шықты», gir-di «кірді». Дауыссыз дыбыс үндестігінің сөз түбірінде, сөз бен қосымшаның жалғануында толығымен сақталуы кірме сөздерде де байқалады. Мысалы: taraftar «жанкүйер».

Түрік тілінде қатаң, ұяң болып келетін жұпты және жұпсыз дауыссыздар бар. Жұпсыз m, n, l, r, y дауыссыздары және s дауыссызы әрі қатаң, әрі ұяң дауыссыздардан кейін келе береді. М.ЭргиндыбысүндестігініңбүлтүрікөнеАнатольтүріктіліндесөз түбірінде біраз байқалғанымен, толық үндестік болмағандықтан, көп жағдайда ескеріле бермейтінін айтады². Кейінгі дыбыстардың алдыңғы дыбысқа әсерін регрессивті ассимиляция деп атайды. Қазақ тілінде регрессивті ассимиляцияға ұшырайтын үнді дауыссызының бірі н дыбысы: а) н дыбысына аяқталған сөздерге г және ғ дыбыстарымен басталатын қосымша жалғанғанда н → ң болып өзгереді: алдыңғы, жоңқы, сіріңке; ә) н дыбысына аяқталған сөздерге б, м және п дыбыстарымен басталатын қосымша жалғанған кезде, н → м болып айтылады: айтқанмен → айтқаммен, сенбеді → сембеді, Жанпейіс → Жампейіс.

¹ Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. - Б. 89.

² Ergin M. Türk Dil Bilgisi. – İstanbul: Bayrak Basım Yayım, 1999. - S. 69.

Ұяң дауыссыздардан регрессивті ассимиляцияға жиі ұшырайтын дыбыс з: а) з дыбысына аяқталған сөздерге жалғанатын қосымша с дыбысынан басталса, з → с болады: сөзсіз → сөссүз, озсаң → оссаң; ә) з дыбысына аяқталған сөзден кейінгі сөз ж дыбысына басталса з → ж болады: жүз жыл → жүжжыл, аз жылда → ажжылда; б) з дыбысына аяқталған сөздерге жалғанатын қосымша ш дыбысымен басталса, з → ш болады: жазшы → жашшы, сөзшең → сөшшең т.б.

Қатаң дауыссыздардан к, қ, п, с дыбыстары мынадай жағдайларда регрессивті ассимиляцияға ұшырайды: а) кейінгі сөз үнді және ұяң д, ж, з дауыссыздардан басталса, сөз соңындағы қ, к, п ұяңданып ғ, г, б дыбыстарына ауысады: ақ жауын → ағжауұн, көп зауыт → көбзауыт, бекзада → бегзада; ә) алдыңғы морфема с дыбысына бітіп, кейінгі морфема ш дыбысынан басталса, с → ш болады: жұмысшы → жұмұшшұ, жас шақта → жашшақта¹.

Түрік тіліндегі регрессивті ассимиляцияға қазақ тіліндегідей п, з дауыссыз дыбыстары ұшырайды: а) п дыбысына біткен сөзге б дыбысымен басталатын қосымша жалғанғанда, немесе, б және п дауыссызы қатар келгенде п → м болады: anbar → ambar, onbaşı → ombaşı, penbe → rembe; ә) з дыбысымен аяқталатын сөзге s дыбысымен басталатын морфема жалғанғанда z → s болады: tuzsuz → tussuz, yazsa → yassa.

Түрік тіліндегі с фонемасы d, l, n фонемаларының әсерімен j болып айтылады: vicdan → vijdan, esnebi → ejnebi, iclal → ijlal².

Алдыңғы дауыссыздың кейінгіге және кейінгі дауыссыздың алдыңғыға алмасуы тоғыспалы ассимиляция деп аталады. Мәселен, қазақ тілінде сөз н дыбысына аяқталып, кейінгі морфема қ немесе к қатаң дауыссыздарымен басталса, нқ → нғ, нк → нғ болып айтылады: күн көрді → күңгөрдү, қайран қалды → қайраңғалды. Алдындағы сөз с дыбысына бітіп, кейінгі сөз ж дыбысынан басталса, с және ж дыбыстары ш болып дыбысталады: тас жол → ташшол, Досжан → Дошшан³.

¹ Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. - Б. 92.

² Eker S. Çağdaş Türk Dili. – Ankara: Grafiker Yayınları, 2010. - S. 244.

³ Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. - Б. 92.

Қазақ және түрік тілдерінде сөз ішінде артикуляциялық ұқсастығы шамалы екі немесе де одан да көп дыбыстардың орын алмасу құбылысы, яғни бейүндестік (диссимиляция) орын алады. Екі тілде де бұл құбылыс кірме сөздерді меңгеруге байланысты көрініс береді. Мысалы: қазақ тілінде февраль → февраль, коридор → колидор; түрік тілінде: attar – aktar, tepme – tekme.

Фузия – қатарласа келген, көрші морфемалардың морфологиялық жағынан бір-біріне сіңісіп, кірігіп кетуі. Ондай жағдайда негіз бен қосымшаның ара жігін ажырату қиындайды. Фузияның ерекшелігі – сөздің мағыналы бөлшектерінде фонемалардың өзара жүйелі қарым-қатынасы сақталмайтынынан байқалады¹.

Г.Й.Рамстедт қосымшаның басқы дыбысының негіздің соңғы дыбысымен кірігуін фузия деп атайды және оның барлық алтай тілдері үшін маңызы ерекше екенін атап көрсетеді. Фузияны ассимиляция заңына бағынатын, ілгерінді және кейінді ықпалдарға қатысы бар құбылыс ретінде қарастыра келіп, Г.Й.Рамстедт алтай тілдерінде қосымшаның басқы дыбысы негіздің соңғы дыбысына, немесе керісінше, негіздің соңғы дыбысы қосымшаның басқы дыбысына ыңғайласуы, бір-біріне әсер етуі орын алатынын айтады. Мысалы: түрк. at-qa, atıma; моңғ. jabu-ʒu «жүріп келе жатып», gar-ʒu «кетерде»; түрк. ba-j-u «байлап жатып» (түбір ba-), ba-g «байлам, түйін», baj-la «байлау»; кор. ра «арқан, жіп» (<*rag); түрк., моңғ. bag-la «байлау». Түркі тілдерінде ba- «байлау» түбір-негізі якут тілінде –j- форматы арқылы ұзарып, baj- түлғасында етістіктің негізін құрайды².

Буын – ауаның кілт үзілуінен немесе кедергіге ұшырауының нәтижесінде пайда болатын, бір демде айтылатын дауысты дыбыс немесе дауысты, дауыссыз дыбыстар тобы³.

Түркі тілдерінің аса ежелгі дәуірлерінде сөз (түбір сөз) бір буынды болды деп саналады. Мұндай бір буынды

¹ Қалиев Ғ. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. А., 2005. - Б. 389.

² Рамстеде Г.Й. Введение в алтайское языкознание. Морфология. – М., 1957. С. 27

³ Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. - Б. 93; Ergin M. Türk Dil Bilgisi. - İstanbul: Bayrak Basım Yayım, 1999. - S. 90.

сөздерде екпін буын құрамындағы дыбыстарды біртұтас фонетикалық комплекске біріктіріп, тұтастыратын, сөйтіп сөз (түбір) тұтастығын белгілейтін тәсіл есебінде болды. Тілдің полисинтетикалық немесе аморфтық құрылымы агглютинацияға ауысуымен бірге екпін бір буынды бірнеше түбірді бір грамматикалық топқа ұйымдастырудың тәсіліне айналды. Ондай топтың құрамындағы түбірлердің біреуі (бірінші орындағы) ғана лексикалық мағына иесі болды да, қалғандары (екінші, үшінші орындағылар) грамматикалық көрсеткіштер қызметін атқарды. Даму барысында соңғылар қосымшаларға айналды. Тілдің грамматикалық құрылымы механизмінің дамуын осылай деп шамаласақ, екпіннің кейінге қарай жылжуы сөз құрамының күрделенуімен бірге болған процесс болып табылады. Екінші, үшінші орында тұрған түбірлер қосымшаға айналып, түбірге жалғанады. Алғашқы түбір құрамына түскен екпін біртұтастықты белгілеу үшін кейінгі буынға жылжиды. Тіл дамуының бұл ерекшелігі сингармонизм заңдылығының да шығу, қалыптасу жолын байқатады. Түркі тілдері тарихын зерттеушілер сингармонизмнің шығуын сөздің мағыналық тұтастығын белгілеуден туған деп қарайды.

Түркі тілдерінде буынды тек дауысты дыбыс құрай алады. Бір буында бірден артық дауысты дыбыс болмайды. Дауыссыз дыбыстар дауысты дыбыстардың қатысынсыз буын құрай алмайды. Сөз ішінде екі дауысты дыбыс арасында келген дауыссыз дыбыс өзінен кейінгі дауысты дыбыспен бірігіп буын құрайды. Сол себепті бірінші буыннан кейінгі буындар дауыссыз дыбыспен басталады.

Сөздің буынға бөлінуін қазіргі түркі тілдері, оның ішінде қазақ және түрік тілдері бойынша қарастырсақ, дауысты және дауыссыз дыбыстардың орын тәртібіне қарай буын түрлері қазақ тілінде ашық, тұйық және бітеу болып үшке¹, ал түрік тілінде ашық және тұйық буын болып екіге бөлінеді².

Ашық буын – тек қана дауыстыдан немесе дауыссыздан басталып дауыстыға аяқталатын буын. Екі тілде ашық буынның мынадай типтері орын алады:

¹ Жүнісбек Ө. Қазақ фонетикасы. – Алматы: Арыс, 2009. - Б. 169.

² Eker S. Çağdaş Türk Dili. – Ankara: Grafikler Yayınları, 2010. - S. 251.

1. V (бір дауысты) – қазақ тілінде: а-лыс, ә-ке, е-ден, ұ-зын, ү-лес, ы-дыс, і-ні т.б.; түрік тілінде: o, a-çık, e-şek, ı-lık, i-ki, o-ba, ö-bür, u-zun, ü-züm т.б.

2. CV (бір дауыссыз бір дауысты) – қазақ тілінде: қа-ла, кі-тап, сө-зім; түрік тілінде: ye-mek, ba-şak, çi-lek т.б.

3. CCV (екі дауыссыз бір дауысты). Буынның бұл түрі екі тілде де бөтен тілден енген кірме сөздерде кездеседі. Мысалы, қазақ тілінде: пла-кат, гра-нат т.б.; түрік тілінде: pro-fesör, spi-ker т.б.

4. CCCV (үш дауыссыз бір дауысты). Буынның бұл түрі екі тілде басқа тілден енген сөздерде байқалады. Мәселен, қазақ тілінде: стра-тегия, стра-тосфера т.б.; түрік тілінде: stra-teji, stratosfer, tra-jedi

Тұйық буын – қазақ тілінде дауыстыдан басталып, соңы дауыссызға аяқталатын буын. Қазақ тіліндегі тұйық буынның дыбыстық құрамдары төмендегідей болып келеді:

1. VC (бір дауысты бір дауыссыз): от, ет, ән, үй, т.б.

2. VCC (бір дауысты екі дауыссыз): өрт, ант т.б.

Бітеу буын – дауыссыздан басталып, дауыссызбен аяқталатын буын түрі. Қазақ тілінде:

1. CVC (дауыссыз, дауысты, дауыссыз): қол, той, сөз т.б.;

2. CVCC (дауыссыз, дауысты, дауыссыз): тарт, қарт, жарқ-жұрқ тәрізді бітеу буын түрлері кездеседі. Мұның сыртында басқа тілдерден енген сөздерде CVCCC (дауыссыз, дауысты, үш дауыссыз), CCVC (екі дауыссыз, бір дауысты, бір дауыссыз), CCVCC (екі дауыссыз, бір дауысты, екі дауыссыз), CCVCCC (екі дауыссыз, бір дауысты, үш дауыссыз), CCCVC (үш дауыссыз, бір дауысты бір дауыссыз), CCCVCC (үш дауыссыз, бір дауысты, бір дауыссыз) тәрізді буын түрлері байқалады: пункт, хрус-таль, спорт, спектр, спринт.

Түрік тілінде тұйық буын дауысты немесе дауыссыз дыбыспен басталады да, дауыссыз дыбысқа аяқталады. Түрік тіліндегі тұйық буынның дыбыстық құрамдары төмендегідей болып келеді:

1. VC (дауысты, дауыссыз): ot, et, ev, el, т.б.

2. VCC (бір дауысты, екі дауыссыз): ilk, alt, ürk-tü т.б.

3. CVC (бір дауыссыз, бір дауысты, бір дауыссыз): kol, boy, söz т.б.

4. CVCC (бір дауыссыз, бір дауысты, екі дауыссыз): dört, korktu, se-vinç т.б.

5. Басқа тілден енген сөздерде CVCCC (дауыссыз, бір дауысты, үш дауыссыз), CCVC (екі дауыссыз, бір дауысты, бір дауыссыз), CCVCC (екі дауыссыз, бір дауысты, екі дауыссыз), CCVCCC (екі дауыссыз, бір дауысты, үш дауыссыз), CCCVC (үш дауыссыз, бір дауысты, бір дауыссыз), CCCVCC (үш дауыссыз, бір дауысты, бір дауыссыз) буын түрлері байқалады: tekst, krep, stent, streç, sfenks, sprint т.б.

Сонымен, екі тілде де буынның V, VC, VCC, CV, CVC, CVCC типті алты түрі кездеседі, ал қалған буын түрлері басқа тілдерден енген кірме сөздерге тән болып келеді. Буынның бұл типтері барлық түркі тілдеріне тән деуге болады.

Екпін. Сөз ішіндегі бір буынның өзге буындардан дауыстың созылыңқылығы, әуезділігі арқылы оқшауланып айтылуын екпін немесе буын екпіні, яки сөз екпіні дейді¹. Екпін фонетикалық тұрғыдан тегеурінді екпін, әуезді екпін және мөлшерлі екпін деп үшке бөлінеді². Түркі тілдеріне тән екпін түрі тегеурінді немесе динамикалық сипат арқалайды. Динамикалық екпін фонациялық ауаның қарқыны, буынның күшіне байланысты болады да, басқа буындардың ішінде бір буынның айрықша көтеріңкі айтылуына негізделеді³.

Э.В.Тенишев арғыалтай тілінде екпіннің екі түрі болғанын айтады: 1) бірінші буында әуезді және динамикалық екпін; 2) бірінші буында динамикалық, ал екінші немесе үшінші буындарда әуезді екпін⁴. Н.Поппе алтай тілдерінде, соның ішінде түркі тілдерінде бірінші буынға түсетін екпіннің динамикалық шұғыл түрі, ал екі, үш, одан да көп буынды сөздерде соңғы буынға түсетін әуезді екпін, музыкалық сарын болатынын айтады⁵.

¹ Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. – Б. 99.; Korkmaz Z., Ercilasun A.B., Zülfikar H., Akalın M., Gülensoy T., Parlatur İ., Birinci N. Türk Dili ve Kompozisyon Bilgileri. – Ankara: TDK Yayınları, 1990. – S. 98.

² Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. – Б. 99.

³ Аханов К. Тіл білімінің негіздері. – Алматы: Санат, 1993. – Б. 242.

⁴ Тенишев Э.В. Алтайские языки // Языки мира: Тюркские языки. М., 1996. – С. 9

⁵ Poppe N. Introduction to Altaic Linguistics. – Wiesbaden, 1965

Түркі тілдерінің көбінде, мысалы, түрік, өзбек, шор, сагай, якут, т.б. динамикалық екпін бірінші буынға, әуезді екпін соңғы буынға түседі: түрік *áyaq* «аяқ», *áyađım* «аяғым». Екпіннің құрылымы фонологиялық және морфологиялық болып екіге бөлінеді де, фонологиялық екпін тұрақты және еркін екпін болып, іштей екіге жіктеледі¹. Тұрақты екпін сөздің бір буынында тұрақталады, ал ерікті немесе жылжымалы екпін болса,² сөздің кез келген буынына түсе береді. Түркі тілдері тұрақты екпінге *ие*, екпін көбінесе соңғы буынға түседі. Деседе түркі тілдерінде екпінді өз бойына тартпайтын қосымшалар кездеседі. Айталық, етістіктің болымсыз түрінің жұрнағы екпінді өзіне тартпайды, екпін алдындағы буынға түседі. Мысалы: қазақ тілінде: алма, баспа, шығарма; түрік тілінде: *alma*, *basma*, *şıkarma* т.б. Болымсыз етістіктен кейін басқа жалғаулар қосылғанның өзінде де екпін болымсыздық қосымшасының алдындағы буында қалады. Мәселен, қазақ тілінде: алмаңыз, баспайық, шығармаймын; түрік тілінде: *almayın*, *basmayalım*, *şıkarımat*. Алайда экспрессия-эмоциялық реңкі бар сөздерде, іс-қимылдың болымсыздық мәнін нақтылау үшін екпін болымсыздық қосымшасына түсуі мүмкін. Мәселен, қазақ тілінде: айтпайсың, орындамаймын; түрік тілінде: *söylemeyeceksin*, *alınayacağım*. Екпін түспейтін қосымшалардың бірі – жіктік жалғауы, екпін оның алдындағы буында болады: қазақ тілінде: баламыз, үйдемін; түрік тілінде: *öğrenciyiz*, *evdeyim*. Қазақ тілінде теңеу және салыстыру мәнді -дай қосымшасы (гүлдей жайнай бер, таудай жігіт, мамықтай жұмсақ), өтініш білдіретін -шы жұрнағы (айтшы, көрші) екпін қабылдамайды.

Түрік тілінде *de* және *ki* шылаулары (*Ayşe de geldi. Sen ki.*), -leyin қосымшасы (*sabahleyin*, *öğleyin*), ті сұраулық шылауы (*gördün mü? Çıkıyor mu?*) екпін қабылдамайды. Сондай-ақ түрік тілінде жер-су атауларында (*Ankara*, *Portekiz*, *Türkiye*), одағай сөздерде (*Haydi* «қанекей»! *Aferin* «Жарайсың»!), сын есімнің күшейтпелі шырайы тұлғасындағы сөздерде (*sarı* «сап-сары», *tertemiz* «тап-таза», *yeşil* «жап-жасыл» екпін соңғы буынға емес, басқа буындарға түседі:

¹ Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. – Б. 103.

² Аханов К. Тіл білімінің негіздері. – Алматы: Санат, 1993. – Б. 243.

Түркі тілдерінде, соның ішінде қазақ тілінде бір ғана екпінге бағынып айтылатын сөздердің тіркесі кездеседі. Мысалы ит-құс, ине-жіп сияқты қос сөздер, мен ғана, жиырма шақты сықылды негізді сөздер мен көмекші сөздер тіркесі, бота көз, қыпша бел тәрізді тұрақты сөз тіркестері акцентуалдық жақтан бөлінбей, бір бүтін ритмикалық топ түрінде айтылады. Қазақ тіл білімінде акцентуалдық жақтан жігі ажырамай, бір ғана екпінмен айтылып, ритмикалық бір бүтін топ құраған сөз тіркесінің құрамындағы екпін түспеген сөз екпінді өз бойына тартқан сөздің алдында тұрса, проклитика, соңында тұрса энклитика деп аталады¹. Мәселен, қазақ тілінде мал-мүлік, ән салу деген сөз тіркестері мен түрік тіліндегі *mal mülk*, *fethetmek*, *naz uarmak* тәрізді сөз тіркестерінде екпін алдыңғы сөзге түсіп, проклитикаға айналуға. Қазақ тіліндегі сен ғана, үйге дейін, алыс па тәрізді тіркестер құрамындағы ғана, дейін, па тақілеттес шылау сөздер, ал түрік тілінде *eve kadar*, *uzak mı* сияқты тіркестердегі *kadar*, *mı* шылау сөздері дербес екпінге ие бола алмайды, яғни энклитикаға айналады.

1 Аханов К. Тіл білімінің негіздері. – Алматы: Санат, 1993. - Б. 246.

ҮШІНШІ БӨЛІМ

ТҮРКІ ТІЛДЕРІ МОРФОЛОГИЯЛЫҚ ЖҮЙЕСІНІҢ САЛЫСТЫРМАЛЫ СИПАТТАМАСЫ

I ТАРАУ

ТҮРКІ ТІЛДЕРІ МОРФОЛОГИЯСЫНЫҢ ҰҒЫМДЫҚ АППАРАТЫ

§ 1. Грамматикалық категория, грамматикалық мағына және грамматикалық форма ұғымдары

Тіл мен тіл иесі (этнос) арасындағы көпқатпарлы, көпвекторлы байланыс этнос тілінің мыңдаған жылдарды қамтитын бірнеше лексикалық қабаттарының глоттохронологиялық өріс аясына кіретін мазмұндық және тұлғалық құрылымының өзгеру, даму парадигмасы шеңберінде жүзеге асады. Тілдің мазмұнында сақталатын этностың рухани-мәдени-танымдық әлемі, этногенездік құрылымы, этностық деңгейге дейінгі жүріп өткен жолы, дербес халық ретінде қалыптасқаннан кейінгі тарихы және олардың басқа этностық топтармен тарихи-әлеуметтік қарым-қатынасы тілдің құрылымдық-тұлғалық ерекшеліктерінен де көрініс береді. Сондықтан этнос тілінің қалыптасу, даму тарихын ғылыми тұрғыдан зерделеу ең алдымен нысанаға

алынған белгілі бір халық тілінің грамматикалық құрылымының моделін анықтаудан басталатыны белгілі.

Әлем тілдерін типологиялық классификация бойынша түбір тілдер, флективті тілдер, агглютинативті тілдер, инкорпоративті тілдерге бөлу әрбір тілдегі лексемалардың морфологиялық құрылымының ерекшеліктеріне негізделеді. ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басында тілдік типологияның бір түрі ретінде ғылыми-методологиялық тұрғыдан негізделген морфологиялық топтастыру тіл біліміндегі ірі концепциялар қатарынан орын алады.

Лингвистиканың арнайы иерархиялық саласы ретінде сөздің құрылымдық элементтерін құрайтын морфемалардың лексикалық, семантикалық, грамматикалық және функционалдық сапасы мен өзара байланысу, тіркесу ерекшеліктерін саралау тілдердің морфологиялық типтерін айқындауда ғана емес, әрбір тілдің грамматикалық құрылымын ғылыми тұрғыдан негіздеудің басты тетігі болып табылады. Кезінде А.Байтұрсынұлы сөз жүйесі деп атаған морфологиясыз тіл-десімді қамтамасыз ететін сөз бен сөйлем құрылымы, сөздің грамматикалық мағынасы мен формалары жүйеленбейді. Соған орай сөздің морфологиялық құрылымын нақтылау, түбір және қосымша морфемалар табиғатын мүмкіндігінше дәл анықтау, сөзжасам және сөз түрленім жүйелерінің ерекшеліктерін саралау, морфемалардың құрылымдық модельдерін сомдау грамматика теориясының ең маңызды мәселесі қатарынан орын алады.

Агглютинациялық тілдік құрылымның өзіндік ерекшеліктерін анықтау сөз тұлғасы мен грамматикалық мағыналардың берілу жолдарын айқындаумен ұштасатынын көрсеткен М.Томанов: «Қазіргі тіл білімінде агглютинация құбылысын жан-жақты қамтитын айқын ереже қалыптаса қойған жоқ. Зерттеушілер бұл құбылысқа әртүрлі әрқилы анықтама берумен келе жатыр. Алайда тіл мамандарының көбісі агглютинацияның негізі деп мына заңдылықты атайды: агглютинативтік тілдерде берілетін грамматикалық мағыналардың санына сөз құрамындағы

грамматикалық көрсеткіштердің саны біршама сай, көбіне екеуі тепе-тең болып отырады. Сондықтан ол тілдерде сөз формасының күрделенуі (көрсеткіш қана емес, сөз беретін мағыналарының да) аффикстердің сөзге қабаттасып жалғануы арқылы іске асады да, ондай құбылыс сөз формасының іштей өзгерісі немесе ішкі флексия арқылы болмайды. Осындай грамматикалық көрсеткіштер саны мен грамматикалық мағыналар санының сәйкестігін сақтауға құралған сөз формасының қалыптасқан орны мен қызметі, мәні айқындалып, синтаксистік тіркеске ұқсас болып келеді. Агглютинативтік тілдердегі сөз сөз формасының мұндай ерекшеліктері ол тілдерде грамматикалық мағыналар дербес сөздер арқылы берілген, грамматикалық форма болмаған деген қортындылар жасауға мүмкіндік берді»¹– деген ойы арқылы түркі тілдерінің грамматикалық теориясында әлі де шешімі табылмаған мәселелердің бар екенін меңзейді. Ғалымның тұжырымдамалары бойынша: диахрондық тұрғыдан алғанда агглютинативтік тілдерде жеке морфемалардың (аффикстердің) арғы тегінің дербес сөз болуы мүмкін, бірақ кез келген морфеманы жеке сөзбен салыстыруға негіз жоқ; синхронды тіл білімінде сөз бен қосымша морфема грамматикалық жағынан да, семантикалық жағынан да принципті түрде ажыратылатын элементтер; грамматикалық мән аффикстерден басқа синоним сөздерде екпіннің орын ауыстыруы арқылы да беріледі; грамматикалық мағына негіздердің (лексемалардың) қайталануы арқылы да жасалады; түркі тілдеріндегі аналитикалық (перифрастикалық) формалар, олардың грамматикалық мәндерін білдіруі басқа тәсілдерден өзгеше: біріншіден, абстракты мән көмескі болып келеді, көбінесе деректі әрекетке қосымша мән беру басым болып отырады; екіншіден грамматикалық тұрақтылық лексикалық тұрақтылықпен ұштасып жатады; үшіншіден, мұндай тіркестер екі-үш, кейде одан да көп сөздерден құрала береді; төртіншіден, аналитикалық формалар құрамындағы көмекші қызметтегі етістіктер тек сол контекст құрамында ғана көмекші мәнде жұмсалады, басқа ыңғайда дербес сөздер ретінде қолданыла алады; бесіншіден,

¹ Томанов М. Тіл тарихы туралы зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 2002. - 282 бет.

аналитикалық формалар, әдеттегі грамматикалық формадай жан-жақты емес, олардың көпшілігі етістіктердің белгілі бір семантикалық топтарының айналасында ғана болып отырады; аналитикалық тіркестердің грамматикализациялануы біркелкі емес – кейбір лексемалар толық грамматизацияланбаған, кейбірі толық грамматизацияланған¹. Сондықтан түркі тілдеріндегі әрбір морфема (түбір морфема да, қосымша морфемалар да) белгілі бір уәждерге негізделіп, белгілі бір семантикалық, грамматикалық қызмет жүктеп қолданылады.

Түркі тілдерінің морфологиялық құрылымын зерттеу де әлемдік лингвистиканың, түркі тіл білімінің грамматика саласының ғылыми-теориялық және методологиялық ұстанымдары мен ғылыми ұғымдарына негізделеді, сондай-ақ жалпы грамматикадан сараланған морфология бөлімінің ішкі заңдылықтары мен амал-тәсілдеріне сүйенеді. Морфологиялық құрылым болып табылатын лексемалық бірліктер тілдік материал (форма) мен форма мазмұнының бірлігіне негізделген сөз тұлғасын сомдайды. Әр түрлі мәндік ұғымдарды білдіруде дыбыстық құрылымның түрліше болып отыруы, яғни белгілі бір дыбыс тіркестерінің белгілі бір мағына, мән беруі немесе белгілі бір мән-мағынаның өзіндік дыбыстық құрылымының болуы, олардың өзіндік функциясының болуы сөз тұлғаларын іштей жіктеп, грамматикалық тұрғыдан топтастыруға негіз болды.

Грамматика (грек. gramatike+gramma әріп, жазу) - 1) тіл құрылысы, яғни морфологиялық категориялар мен формалардан, синтаксистік категориялар мен конструкциялардан, сөзжасам тәсілдерінен тұратын тіл жүйесі. Грамматикаға тілдің дыбыстық, лексикалық бірліктерінен басқа грамматикалық категорияларда, грамматикалық тіл бірліктерінде, грамматикалық формаларда берілгендердің бәрі де жатады; 2) тіл құрылысын зерттейтін тіл білімінің бір саласы грамматикада тіл бірліктері өздерінің нақты (заттық) мағыналарынан дерексізденіп, жалпылап жинақталып беріледі; 3) Грамматика термині кейде грамматикалық категорияларды білдіру үшін де қолданылады (етістік

¹ Қараңыз: Томанов М. Тіл тарихы туралы зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 2002. Б. 282-283.

грамматикасы, септік грамматикасы)¹. Тілдегі грамматикалық бірліктерді және ол бірліктердің әрі басын қосып ұйымдастыратын, қатынас жасауда іске жарататын, әрі олардың бір-бірінен жігін ажырататын тәсілдерді, құралдарды зерттейтін² тіл білімінің грамматика саласының зерттеу аясы тілдік құрылымға қатысты бірнеше лингвистикалық заңдылықтар мен құбылыстарды қамтиды. Түркілік тілтанымда сөздердің өзгеруін, түрленуін, олардың сөйлемде тіркесу формулалары мен заңдылықтарын зерттейтін ғылым саласы ретінде орныққан грамматика түркі тілдерінің тарихына қатысты проблемаларды да қамтиды.

Тілдің морфологиялық құрылымын зерттеуде, әсіресе қосымша морфемалардың қалыптасу тарихын саралауда грамматикалану/ грамматикализация құбылысының мәні ерекше. Грамматикалану – дербес мағыналы сөздердің көмекші сөз қызметінде жұмсалуды нәтижесінде лексикалық дербестігінен айрылуы. Бұған лексикалық мағыналарын толық сақтамаған немесе жоғалтқан көмекші есімдер мен көмекші етістіктер жатады. Дербес лексемалық мағынасынан айрылған сөздер тірек сөзбен тұтас бір мәнде қолданылады, негізгі сөздің түрліше грамматикалық мәні мен сипатын білдіре отырып оларды басқа сөздермен грамматикалық байланысқа түсіреді.

Грамматика саласының грамматикалық категория ұғымының да морфологияға – сөздердің грамматикалық мағынасы мен лексикалық мағыналарының, сөз мазмұны мен сөз тұлғасының ара қатысын, өзара үйлесімділігін анықтауға, сөз таптарының ерекшеліктерін зерттеуге тікелей қатысы бар.

Грамматикалық категория (грек. *gramatike* + *gramma* әріп, жазу, грек. *kategoria* пікір айту, пайымдау) – мағынасы біртегіс грамматикалық тұлғалардың бір-бірінен өзгеше жүйесі. Бұл жүйеде категорияландыратын белгі басты қызмет атқарады. Категориялық белгіні тілдегі сөз таптарын әр бағытта түрлендіретін форманттардың жинақтық мәні құрайды. Тілдегі көптік, тәуелдік, шақ, жақ, етіс т.б. категориялардың

¹ Қалиев Ғ. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. - Б. 75.

² Аханов К. Грамматика теориясының негіздері. – Алматы: Санат, 1996. - Б. 4.

әрқайсысының жинақталған мағыналары соларға сай тұлғалар жүйесін қалыптастыратын категориялық белгі болып табылады.

Тіл теориясында грамматикалық категорияны қарастыруда мағынанаға басымдық беру кең таралған. Шын мәнінде грамматикалық категорияның ең басты сапалық нышаны тілдік көрсеткіштің мағынасы мен тұлғасының бірлігі болып табылады. Одан грамматиканың екі жақты сипаты – морфологиялық және синтаксистік қырлары көрінеді. Морфологиялық категорияларға етіс, түр, шақ, жақ, рай, септік т.б. жатады. Бұл категориялардың жүйелі түрлері сөздердің ірі грамматикалық топтарын (сөз таптарын) жасайды. Грамматикалық категория ұғымы морфологиялық бірлік болып табылатын тілдік материал негізінде қалыптасқанымен оның көпқырлылығы, жалпылығы, әмбебаптығы ерекше назар аударуды қажет етеді.

Тіл жүйесіндегі грамматикалық категориялардың өзара тығыз байланыстағы ерекшеліктеріне тоқталған Э.В.Севортян: «Как известно, в грамматике фигурируют весьма обобщенные категории, в которых необходимо различать две стороны, неразрывно связанные между собой: 1) универсальность категории (или форм), позволяющую охватывать все относящиеся к ним конкретные случаи и разновидности; 2) регулярную воспроизводимость категорий на основании правила или закона, что позволяет постоянно пользоваться ими в процессе общения» – деген ой айтады¹.

Грамматикалық категория ұғымына байланысты әлем тілдері бір-бірінен: грамматикалық категориялардың саны мен құрамына қарай; бір грамматикалық категорияның ішіндегі қарама-қарсы тұрған мүшелер санына қарай (қазақ тілінде – 7, кейбір дағыстан тілдерінде – 40-қа дейін), белгілі бір категориялардың қандай сөз таптарына кіретініне қарай жіктеледі.

Тілдік деңгейге қатысты грамматикалық категориялар шартты түрде морфологиялық және синтаксистік категория, морфологиялық сипаты жағынан лексика-грамматикалық және

¹ Севортян Э.В. Аффиксы глаголообразования в азербайджанском языке. – М.: Издательство Восточной литературы, 1962. - С. 11.

таза грамматикалық болып бөлінеді¹. Мәселен, К.Аханов қазақ тіліндегі грамматикалық категориялар қатарына сан-мөлшер, септік, жақ, шақ, рай, етіс категорияларын жатқызады. Ал «Қазақ грамматикасында» грамматикалық категория ұғымына: «Грамматикалық категория – грамматикалық мағыналар жиынтығының белгілі грамматикалық формалар жүйесі сияқты арнайы грамматикалық тәсілдер арқылы берілуі» деген анықтама беріліп, оны зат есімнің сан-мөлшер (көптік), тәуелдік, септік категориялары, сапалық сын есімнің шырай категориясы, етістіктің салт және сабақтылық, етіс, болымды-болымсыздық, рай, шақ, жақ (жіктік) категориялары деп жіктеу орын алады². М.Эргин грамматикалық категориялар түрік тілінде негізінен есім сөз бен етістікке қатысты болатынын айта келіп, есімнің грамматикалық категориялары ретінде сан-мөлшер, тәуелдік, септік және сұрау категорияларын, ал етістіктің грамматикалық категориялары ретінде рай, шақ, жақ (жіктік), сан (мөлшер), сұрау, есімше, көсемше категорияларын атап көрсетеді³.

Грамматикалық құрылыстың тілдік бірлігі (единица) деген ұғым грамматикалық категориямен тікелей байланысты. Бұл мәселе жөнінде тіл білімінде әр түрлі көзқарас бар. Бірқатар ғалымдар грамматикалық құрылыстың тілдік бірлігі морфема деп, енді бірсыпырасы сөз деп пайымдайды⁴. Орыс лингвистикасының өкілдері – А.М. Пешковский, Л.В.Щерба, В.В. Виноградов сынды ғалымдардың еңбектерінде тілдегі грамматикалық құрылыстың бірлігі ретінде грамматикалық категориялар қарастырылатындықтан кеңестік тіл білімінде (Кеңес Одағы құрамындағы түркі тіл білімінде де) түбір морфемалар мен грамматикалық категориялар жасаушы қосымша морфемалардың түрлері (жұрнақтар мен жалғаулар) морфологияның негізгі зерттеу нысанын құрайды. Жаңа сөз тудырушы қосымшалар дербес мағыналы лексема жасау қабілетіне байланысты таза морфологиялық сипатта болса,

¹ Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. - Б. 436.

² Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. - Б. 431.

³ Ergin M. Türk Dil Bilgisi. – İstanbul: Bayrak Yayınları, 1999. - S. 127.

⁴ Қалиев Ғ. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. - Б. 75-76.

белгілі бір сөз табын жасау қабілетіне қарай таза грамматикалық сипатта қарастырылады.

Грамматикалық мағына – тілде қалыптасқан белгілі бір сипаты бар сөздер тобы мен сөз тұлғаларына тән, синтаксистік конструкцияларға қатысты жинақталған және дерексіз тілдік мағынаны білдіреді. Грамматикалық мағынаға сөз таптарында қалыптасқан жалпы сөзжасамдық мағыналар да жатады. Сөз тудырушы қосымшалардың лексика-семантикалық жүйеде қарастырылуы олардың дербес мағыналы сөзжасамдық қабілетімен сипатталады. Сөз таптарының жалпы мағыналары немесе сөз тұлғалары мен сөздердің жеке мағыналары морфология саласына тән морфологиялық категориялар дәрежесін сақтай отырып, бір-бірінен өзіндік белгілерімен ажыратылады.

Грамматикалық мағына сөздерге немесе сөздердің белгілі топтарына ғана тән, дерексіздігі әлсіз лексикалық мағыналардан өзгешелеу, грамматикалық мағыналардың жүйесі болмыстағы заттар мен құбылыстардың, іс-әрекеттердің және олардың өзара байланыстары мен қатынастары туралы ұғымдардың дерексізденуі арқылы қалыптасады. Мысалы, қимыл ұғымы етістіктің жалпы мағынасымен бірге неғұрлым шағын категориялық мағыналарының (шақ, жақ, етіс т.б.) дерексізденуінен туады¹.

Грамматикалық мағыналар іштей синтаксистік және синтаксистік емес мағыналарға жіктеліп, соған орай референциялық (синтаксистік емес) және реляциялық (синтаксистік) мағына болып бөлінеді. Синтаксистік емес референциялық мағына тілден тыс болмыстағы заттар мен құбылыстардың қасиеттерін (көлемдік, мөлшерлік, қимыл-әрекеттік т.б.) білдіріп, грамматикалық қызмет атқарса, синтаксистік реляциялық мағына сөз тіркесі мен сөйлем құрамындағы байланысты білдіре отырып, грамматикалық қызмет атқарады.

Грамматикалық мағына мен грамматикалық форманың арақатынасы, грамматикалық мағынаның бір түрі, яғни категориялық грамматикалық мағынаның берілуінен көрінеді.

¹ Қараңыз: Қазақ грамматикасы. Фонетика. Сөзжасам. Морфология. Синтаксис. – Астана, 2002; Қалиев Ғ. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2005.

Мұндағы грамматикалық форма дегеніміз – грамматикалық мағына туғызушы тілдік құралдар¹. Грамматикалық мағынаның қалыпты көрінісін білдіретін тілдік бірлік болып табылатын грамматикалық форма түрлі тілдік жүйелерде аффикстер (оның ішінде нөлдік), дыбыстық өзгерістер (ішкі флексия, фоносемантикалық, фономорфологиялық құбылыстар, дыбыс сәйкестіктері мен дыбыс алмасулары), екпін, қайталау, көмекші сөздер, сөздердің орын тәртібі, интонация арқылы көрінеді. Сөздері түрленетін тілдердегі морфологиялық тұлғалар дегеніміз белгілі сөз таптарындағы сөздердің үнемі өзгеріп отыруы болып табылады. Олар морфологиялық бірнеше мағыналарды да, бір мағынаны да білдіре алады. Мысалы, орыс тіліндегі зат есімнің көпше атау септігі, етістіктің осы шағының жекеше І жақ тұлғасы т.б. Сөздің өзгеріске түскен барлық тұлғалары оның тұлғалық парадигмасын жасаса, мағыналық дамуы семантикалық деривациясының парадигмалық шегін айқындайды.

Морфологиялық тұлғалар синтетикалық (қарапайым) және аналитикалық (күрделі) түрлерге бөлінеді. Белгілі бір морфологиялық тұлғада келген нақты сөз сөз тұлғасы деп аталады. Грамматикалық форманың көрінісі мен мағынасы бірқатар жағдайда бір-біріне сәйкес келе бермейді. Флексивті емес түбір тілдерде грамматикалық мағына негізінен сөздердің синтаксистік тіркесімділігі арқылы беріледі. Ал агглютинативті түркі тілдерінде грамматикалық көрсеткіштер тұлға мен мағына үйлесімділігіне негізделеді.

Грамматикалық деңгейдегі ең шағын бірлік граммема ұғымы грамматикалық категориялардың тегіне қарай ажыратылатын түрлерін сипаттайды. Граммема да грамматикалық категория сияқты мағына мен оны білдіретін тұлғаның бірлігінен тұрады. Граммемалар ортақ мазмұнға негізделген тектік ортақтықтарды, яғни, сәйкес мағыналар болса да, қарама-қарсы мағына болса да ортақ құбылысқа, іс-әрекетке, сапа-қасиетке байланысты грамматикалық мазмұндық аяны сақтайды. Соған орай етістіктің осы шақ, өткен шақ, келер шақ формалары етістік категориясының тектес тұлғалары болса, зат есімнің жекеше,

¹ Исаев С. Қазақ тілі жайында ойлар. – Алматы, 1997. - Б. 227.

көпше түрлері зат есім категориясының тегі бір түрлері болып табылады.

Тілдік құрылымды толықтай қамтитын грамматиканың морфология саласы да тілдің көпқырлы, көпфункционалды әмбебап қырларынан тыс қарастырылмайды. Морфология (грек. *morphe* түр, форма және *logos* сөз, ілім) – тіл білімінде екі мағынада қолданылады: 1) сөздер мен сөз тұлғалардың құрылымын, қалыптасу заңдылықтарын зерттейтін тіл білімінің саласы; 2) осы салаға байланысты грамматиканың бір бөлімі.

Грамматиканың жеке бөлімі ретінде морфологияның қарастыратыны – сөздердің ең кішкентай ішкі мағыналық тіл бірліктерін білдіретін морфемалар мен морфтар. Сөйтіп, морфология сөздің, сөзтұлғаның ішкі морфемдік құрылымын оныңсыртқыформальдық(дыбыстық)құрылымыменбайланыста алып қарастырады. Бұл морфологияның түбір мен тұтас сөздердің мағынасын зерттейтін лексикологиядан айырмасын көрсетеді. Сөздің мағынасы, атқаратын қызметі сөйлем ішінде анықталатындықтан, морфология сөзді синтаксиспен байланыста қарастырып, оның лексика-грамматикалық сипатын айқындайды¹.

Морфологияда сөз формаларының зерттелуі нәтижесінде сөздердің қандай грамматикалық категорияларға жататыны, оларға тән тұлғалық модельдер анықталады. Бұл сөздерді сөз таптарына қарай жіктеу мәселесімен ұштасып, морфологияның негізгі міндеттерінің бірі – сөз таптарының тұлғалық-мазмұндық және грамматикалық-категориялық ерекшеліктерін зерттеуді қамтиды. Түркі тілдері грамматикасының сөзжасам мәселесі тілдің барлық деңгейлеріне (лексика, фонология, морфология, семасиология, синтаксис) қатысы бар дербес лингвистикалық сала ретінде саралана бастағанымен сөз тұлғасының қалыптасуы мен дамуына айқындау, негізгі сөзжасам амалдарын зерттеу жалпы грамматика теориясындағы морфологиялық заңдылықтар аясында жүргізіледі.

¹ Қалиев Ғ. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. - Б. 220.

§ 2. Морфема – морфологиялық ұғымдар кешенінің өзегі

Морфологияның негізгі ұғымы – морфема (грек. *morphe* форма) – ары қарай жіктелмейтін, ең кішкентай белгі ретінде танылатын негізгі тіл бірлігі. 1881 жылы түбір және аффикс ұғымдарына байланысты белгілі лингвист Бодуэн де Куртене ұсынған морфема ұғымы лингвистикалық ғылыми айналымға еніп, тілде қалыптасқан құрылымдық модельдерге сай үнемі қайталанып отыратын, белгілі бір орныққан мағынасы, дыбыс, дыбыс тіркестері құрайтын фонетикалық формалардан тұратын сөз бөліктерінің атауы ретінде қалыптасты. Диахрониялық түркі тілділімінде белгілі бір морфологиялық құрылым деңгейінде бір морфеманың түрлі алломорфтарын қалыптастыратын фонемалар да морфемаға жатады. Мысалы, түркі тілдеріндегі *z~j* фонемалары: *söz~söj(le)*, *söj(lem)*. Глоттогенезге байланысты қарастырылатын жеке дыбыстардың идео-семантикалық қырларын ескерсек, сөз құрамындағы фонемалардың морфемалық қызметтері болуы мүмкін.

Морфологиялық құрылымда морфема фонема тәрізді нақты морфтардың инварианты түрінде көріне отырып, мағыналық дербестік деңгейіне, формасына, қызметіне қарай бірнеше түрге бөлінеді: түбір морфема, лексикалық морфема, аффикстік морфема, нөлдік морфема, бірінші деңгейлі морфема, екінші, үшінші деңгейлі морфема, сегментті морфема, жалғастырушы морфема т.б.

Сөз тұтас алғанда морфемалардың жүйелі қарым-қатынасынан тұрады. Тіл біліміндегі морфологиялық ұғымдар кешенінің өзегін морфема ұғымы құрайтындықтан (түбір сөзге де, қосымшаға да қатысты) сөз құрамындағы морфемалардың өзара фоно-морфологиялық (морфонологиялық), лексика-грамматикалық тұрғыдан үйлесу амалдары, функционалдық-грамматикалық қызметі, белгілі бір лексика-грамматикалық ұғымды таңбалайтын функционалдық-семантикалық уәждік негіздері толық қамтылуы қажет. Бұл тіл біліміндегі морфологиялық зерттеулердің фонетика-фонологиялық, лексика-

семантикалық, синтаксистік зерттеу нәтижелеріне де сүйенетінін көрсетеді.

Тілдің морфологиялық құрылысы мен сөз құрамында жіктелетін морфемалардың жиынтығын; тілдегі морфемалардың түрлері мен құрылысын, олардың бір-біріне және тұтас сөзге қатынасын қарастыратын морфемика (грек. *morphe* форма, түр сөзінен) негізгі зерттеу нысанын морфемалар, олардың формальды өзгерген түрлері – морфтар, олардың қатарласып тіркесу ерекшеліктері құрайды.

Грамматикалық морфемалар немесе қосымша морфемалар грамматиканың объектісі болғандықтан, морфемика грамматиканың морфология, сөзжасам салаларына қатысты бөлігі болып табылады. Морфемика өз ішінде морфемалардың сөздегі орны мен қызметіне, білдіретін мағыналарының түрлеріне, морфемалық деңгейдегі синтагматикалық, парадигматикалық тіл бірліктеріне, морфемалар құрамында болатын морфологиялық өзгерістерге байланысты бірнеше шағын салаларға ажыратылады.

Сөзге морфемалық талдау сөзжасамдық талдаумен бірге сөз құрылымын саралауға, лексемалық бірліктердің даму жолын анықтауға мүмкіндік береді. Морфемалық талдау сөз құрамындағы барлық морфтарды жіктеп, олардың мағыналарын анықтауды мақсат етеді. Қазіргі тіл білімінде морфемалардың өзгеріп түрлену шегі, сөздің морфемалық тұрғыдан жіктелу шегі жайында бірізді пікір жоқ. Морфемалық талдаудың компоненттік-морфемдік амалы түбір морфемалардың лексикалық дербестігіне емес, аналогиялық негізде қалыпты буындар мен сөзжасам модельдерін ескере отырып, өлі түбірлер мен өлі жұрнақтарды саралауға; фономорфологиялық, фоносемантикалық заңдылықтарға сүйене отырып, архиморфемаларды реконструкциялауға, тұрпаттас-мазмұндас бірліктердің семантикалық және тұлғалық деривациясы аясында архиформалардың архисемаларын шамалауға жол ашады.

Мәтіннің морфемдік деңгейде ары қарай жіктеуге болмайтын маңызды шағын бірлігін сипаттайтын морф, морфа (грек. *morphe*

форма) терминдері деморфологияның негізгі ұғымдарының бейнелейді. 1947 жылы ғылыми айналымға енген морфа термині морфтың морфемаға қатыстылығын сипаттайтын ұғымды береді. Бір морфеманың тұлғалық өзгерістерін таңбалайтын гомогенді морфтар яғни алломорфтар морфеманың варианттары ретінде танылады. Сөз құрамының жігі айқын тілдерде (түбір морфема мен қосымша морфема) морф лексема тұлғасын жасаушы болып есептелсе, Ф. Де Соссюрдің таңбалық теориясы бойынша сөйлеудің екі жақты бірлігінен тұратын элемент ретінде танылады. Морф ұғымын тіл білімінде сөз мазмұнына қатысы жоқ, сыртқы құрылым түрінде, яғни айтылым формасы ретінде тану дәстүрі де бар. Мұндай көзқарастар морфтың табиғатын толық ашып бере алмайды, кез келген тілдік бірлік тұлға мен мазмұн үйлесімділігіне негізделеді. Белгілі бір морфеманың варианттарын құрайтын алломорфтар жүйесі морфтардан тұрғанымен, олар әрдайым өзгеріп, жаңғырып отыруға бейім емес.

Адамзат тілінің қалыптасу кезеңдерінен бастау алатын алломорфтардың саралануы әрдайым жүйелі де бола бермейді. Бұл – қалыпқа көне бермейтін лингвоонтологиялық құбылыс. Мысалы, түркі тілдеріндегі байырғы түбірлер *kel*, *ket* сөздерінің құрамындағы қимылды білдіретін **ke* тұлғасы мен қимылдың бағытын айқындайтын **l*, **t* тұлғалары, сондай-ақ *köz*, *köz* сөздерінің құрамындағы **kö*, **z*, **r* морфтары морфологиялық үлгіге сай жүйелі түрде қайталана бермейді. Түркі тілдеріндегі мұндай фонорморфологиялық құбылыстар морфтарды тек формальды тұрғыдан ғана сипаттаудың жаңсақтығын, алломорфтардың тұлғалық саралануының астарында мазмұндық-идеялық семемалар жатқанын, олардың белгілі бір дәрежеде фонорморфема//морфонема ұғымдарымен астасып жататынын көрсетеді.

Морфтардың фонорморфемалармен сабақтастығы түбір және қосымша морфемалар деңгейіндегі дыбыстық өзгерістердің табиғатын морфология мен фонологияның ара-жігіндегі сабақтастыққа негізделген, морфемалық

өзгерістерді фонологиялық ерекшеліктер арқылы зерттеуге бағытталған фономорфология немесе морфонология (кейде морфофонология, морфофонемика) ілімінің зерттеу нәтижелері негізінде айқындалады.

Түркі тілдері бойынша алғашқылардың бірі болып чуваш тілі негізінде фономорфологиялық белгілерді көрсеткен И.Г. Павлов бұл жаңа саланың объектісі ретінде морфемалардың құрылысын және морфемалардың бірігу заңдылықтарын атай отырып, морфема құрамындағы фонемалардың қызметіне тоқталды¹. Э.Тенишев сары ұйғыр тілін зерттеу барысында морфологиялық міндет жүктеп тұрған дыбыс өзгерістері жайлы: «Под фономорфологией понимается совокупность фонологических средств, которые принимаются в морфологических целях или сопровождает явление морфологий»² – деген ой айтады. Ғалым фономорфологиялық құбылыс ретінде негізінен дыбыстардың позициялық өзгерістерін қарастырады.

М.З. Закиев түркі морфонологиясын орыс тілінің морфонологиялық қағидаларымен салыстыра отырып, түркі тілдерінің морфонологиясына түбір және қосымша морфемалар құрамындағы дәстүрлі дыбыс алмасуларын да, позициялық дыбыс алмасуларын да жатқызуды дұрыс санаса³, қазақ ғалымы А. Қалыбаева кейінді, ілгерінді ықпал әсерінен болатын дыбыс өзгерістерін де морфонологияның зерттеу нысаны ретінде қарастырады⁴. Фонология мен морфологияға бірдей қатысы бар мұндай тілдік заңдылықтар жайлы әр түрлі пікірлердің қалыптасуы, көзқарастар қайшылығының кездесуі олардың көпқырлы табиғатына, сөздің морфологиялық құрылымы мен фонетика-фонологиялық жүйесі арасындағы тығыз атастықтың ара жігін ажыратудың күрделілігіне байланысты.

Қазақ тілі морфонологиясының териялық мәселелері, қарастыратын объектісі, морфонологиялық құбылыстарда ерекше

¹ Павлов И.Г. Краткий очерк морфологии современного чувашского языка // Чувашский язык, литература и фольклор. Вып.4. – Чебоксары: ЧНИИ, 1974. - С. 44.

² Тенишев Э.Р. Строй сарыг-югурского языка. – М., 1976. - С. 21-30.

³ Закиев М.З. О тюркской морфологии // Советская тюркология. – Баку, 1984. – № 7.

⁴ Қалыбаева А., Оралбаева Н. Қазақ тіліндегі морфемалар жүйесі. – Алматы, 1986. Б. 77-78.

орын алатын дыбыстардың фонологиялық қызметі, дыбыстардың тіркесімі жайлы пайымды ойларды А.Айғабыловтың еңбектерінен кездестіреміз. Ғалым морфонологияға морфема жігіндегі барлық өзгерістерді жатқыза беретін болсақ, фонетика мен морфологияның үлесін ажырату қиындық тудыратынын көрсете отырып, мынадай тұжырым жасайды: «Артикуляциялық мүмкіндікке қатысы жоқ өзгерістердің бәрі морфонологиялық құбылыс деп қаралуы керек. Морфонологиялық өзгерістерге тек дыбыс алмасуы ғана емес, морфемалардың ұлғаюы және ықшамдалу жағдайы да жатады»¹. Бұл пікір барлық түркі тілдерінің фономорфологиялық жүйесінің ерекшеліктеріне сай келеді.

Морфонологияның ең кіші қарапайым бөлігі саналатын морфонема (морфофонема) морфеманы құрайтын ең шағын элемент. Морфонема ұғымы фонеманың семасиологиялық-морфологиялық қызметін сипаттайтындықтан, белгілі бір дәрежеде фонема, фонемалық қатар, фонемалық парадигма ұғымдарымен де тікелей морфологияға қатысты морф, алломорф ұғымдарымен ұштасып жатады. Бұл түркі тілдерінің морфологиялық құрылымын таза морфологиялық заңдылықтар негізінде ғана саралаудың нәтижелі бола бермейтінің, тіл білімінің барлық деңгейлеріне қатысты құбылыстар мен заңдылықтарды да назарда ұстау қажеттігін көрсетеді.

Тіл біліміндегі морфологиялық ұғымдар кешенінің өзегін түбір сөзге де, қосымша сөзге де қатысты морфема ұғымы құрайтындықтан сөз құрамындағы морфемалардың өзара фономорфологиялық, лексика-грамматикалық тұрғыдан үйлесу амалдары, функционалдық-грамматикалық қызметі, белгілі бір лексика-грамматикалық ұғымды таңбалайтын морфеманың функционалдық-семантикалық уәждік негіздері толық қамтылуы қажет. Бұл тіл біліміндегі морфологиялық зерттеулер фонетика-фонологиялық, лексика-семантикалық, синтаксистік зерттеу нәтижелеріне де сүйенетінін дәйектейді.

Агглютинациялық құрылымдық жүйеге байланысты қалыптасқан түркі тілдеріндегі морфемалар мен грамматикалық тұлғалардың өзіндік ерекшеліктері негізінен морфологиялық

¹ Айғабылов А. Қазақ тілінің морфонологиясы. – Алматы, 1995. – Б. 11-12.

және морфонологиялық заңдылықтар мен құбылыстарға байланысты туындайды. Сондықтан қазіргі түркі тіл білімінде қосымшалардың қалыптасу тарихы мен этимологиялық негіздеріне қатысты бірнеше пайымдаулар бар: жалғамалылық тілдік жүйенің заңдылықтарына сай дербес лексикалық мағынасын, соған сәйкес екпінін жоғалтқан жеке сөздерден қосымшалар пайда болады; сөз тіркестерінің соңғы сыңарларының дербес мағыналарынан ажырауы негізінде, грамматикалық көрсеткіштерге айналады; бірнеше қосымшалардың кірігуі немесе фузиялық құбылыстарға ұшырауы нәтижесінде күрделі грамматикалық тұлғалар қалыптасады немесе осы қалыптасқан күрделі тұлғалардың өз ішінен ыдырауы, редукциялануы арқылы жаңа грамматикалық көрсеткіштердің қалыптасуы мүмкін.

Морфема сөз құрамында қолданылып, белгілі бір мағынаны білдіреді. Синхрондық тұрғыдан алғанда ол – сөздің ары қарай бөлшектенбейтін, ең кіші мағыналық бөлшегі. «Сөз морфемалардан құралып, заттарды, құбылыстарды, іс-әрекетті, сапа-белгіні, олардың бір-біріне қатысын белгілейтін, даралық қасиетке ие болатын, басқа сөздермен сан алуан қарым-қатынасқа, байланысқа түсетін және дыбысталу мен мағынаның бірлігінен тұратын единица»¹.

Морфема, сөз, сөз тіркесі, сөйлем тәрізді тілдік бірліктердің ішінде сөз көп тараптылығымен ерекшеленеді. Лексикологияда сөз тілдің лексикалық жүйесінің бірлігі ретінде, біріншіден, лексикалық мағынасы, мағыналық құрылымы жағынан, екіншіден, шығу тегі жағынан, үшіншіден, қолданылу аясы мен шеңбері жағынан, төртіншіден, экспрессивті-стильдік сипаты жағынан қарастырылады. Ал грамматикада сөз тілдің грамматикалық бірлігі ретінде, біріншіден, сөздің бойында лексикалық мағына мен бірнеше грамматикалық мағынаның ұштасып келуі жағынан, екіншіден, морфонологиялық құрылымы мен құрылымдық элементтері жағынан, үшіншіден, формалары жағынан, төртіншіден, лексика-грамматикалық топтарға (сөз табына) қатысы жағынан, бесіншіден, сөз тіркесі мен сөйлемнің құрылуына қатысы және олардағы қызметі жағынан қарастырылады.

¹ Аханов Қ. Грамматика теориясының негіздері. – Алматы: Санат, 1996. - Б. 4-5.

Грамматикалық бірлік ретінде қарастырылатын сөздің қызметі басқа тілдік бірліктерден (морфема, сөз тіркесі, сөйлем) өзіндік ерекшеліктерімен ажыратылады. Тілдегі грамматикалық құбылыстардың барлығы да сөзге байлаулы. Сөз, біріншіден, грамматикалық жүйенің ішінде морфемамен бірлікте болып, өзара тығыз байланысқа түскен күйінде грамматикалық құрылымның морфологиялық саласын құраса, сөз тіркесі және сөйлеммен қарым-қатынасқа түсіп, грамматикалық құрылымның синтаксистік саласын құрайды. Бұл туынды сөздерге ғана емес дербес қолданыстағы түбір морфемаларға да қатысты. Дербес лексикалық мағынаға ие морфемалар тұтас тілдік жүйенің негізін құрай отырып, грамматикалық мағынаға ие морфемаларды қабылдауы арқылы тілдік жүйені дамытады. Диахрониялық тұрғыдан саралағанда грамматикалық мағына беретін морфемалардың бастау көзінде лексикалық мағыналардың болу мүмкіндігі де дәйектелуде. Сондықтан морфемаларды негізгі (түбір) морфема, қосымша (аффикстік) морфема деп жіктеудің өзі тілдің синхронды жағдайына негізделген теориялық тұжырым екенін көрсетеді.

§ 3. Сөздің морфологиялық құрылымы: түркі тілдеріндегі түбірлер мен түбір-негіздер

Атау тұлғадағы сөздерді, етістіктердің негізгі тұлғаларын, грамматикалық тұрғыдан түрленген сөздерді толық қамтитын түркі тілдеріндегі жалпылексиканың морфологиялық құрылымы үш құрамдас бөліктен тұрады: түбір, жұрнақ, жалғау. Осыған байланысты сөздер де құрылымына қарай негізгі үш типке бөлінеді: түбір сөздер; түбір мен бір немесе бірнеше жұрнақтардан құралған сөздер; түбір мен бір немесе бірнеше жұрнақтан және бір немесе бірнеше жалғаудан құралған сөздер. Соңғы тип іштей екіге бөлінеді: түбір және бір немесе бірнеше жұрнақтардан құралған сөздер; түбір мен бір немесе бірнеше жұрнақтан және бір немесе бірнеше жалғаудан құралған сөздер. Сондай-ақ, түркі тілдерінде негізгі үш типтің құрама

элементтерінің кейбірінің орын ауыстыруы арқылы және қосымшалардың аралас түрлерінің қатысуымен жасалатын аралас типті сөздер де қолданылады.

Түбір нақты заттық мағынаны білдіріп, жеке сөз бола алады және сөз тіркесі немесе сөйлем құрамында өзінің атқаратын қызметіне сай белгілі бір грамматикалық тұрпат арқалайды. Лексика-грамматикалық сөзжасам жұрнақтары сөздің лексикалық мағынасын және ол сөздің белгілі бір сөз табына қатысын айқындайды. Түбір мен лексика-грамматикалық сөзжасам жұрнақтары бірігіп, сөздің алғашқы, біріншілік негізін құрайды. Негіз сөз де түбір тәрізді сөйлем немесе сөз тіркесі құрамында дербес сөз қызметінде жұмсала алады. Сөздің сөз тіркесі немесе сөйлем құрамындағы атқаратын белгілі бір қызметін айқындайтын функционалдық-грамматикалық сөзжасам жұрнақтарының сөздің алғашқы, біріншілік негізіне үстемеленуінің нәтижесінде туынды, екіншілік негіз пайда болады. Ал сөз түрлендіруші қосымшалар сөздің сөз тіркесі немесе сөйлем құрамындағы өзге сөздерге қатысын көрсетеді.

Аглютинативтік тілдерде, айталық, түркі тілдерінде сөздің онан әрі бөлшектенбейтін және өзгермейтін бөлігі, нақты заттық мағынаға ие түбір біріншілік, туынды емес, өлі болуы, яғни тек түбірлік ядродан тұруы мүмкін. Мысалы: түрк. *kel-* «келу» / (C+V+C), *je-* (<*jej-*) «жеу» / C+V+(+C) /, *ol-* (<*bol-*) «болу, істелу, жасалу, құрылу» / (C)+V+C, *e-* (<*jer-/jir-*) «болу» / (C+)V(+C) немесе екіншілік, туынды болуы, яғни түбірлік ядродан және өлі сөзжасам аффикстерінен құралуы мүмкін, мысалы: *quz-yl*, *jur-(g)ek* т.б.¹.

Алтай тілдерінде (түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур), Г.Й Рамстедт пікірі бойынша, түбірлер дыбыстық құрам тұрғысынан бір буынды (V, CV, VC, CVC, VCC, CVCC) немесе екі буынды (CVCV, VCV, VCCV, CVCCV), ал негіздер түбірге сөзжасам жұрнақтарының үстемеленуіне байланысты көп буынды болуы мүмкін. Мысалы, V типті бір буынды түбірлер: моңғ. *a-* «болу»; түрк. *u-* «істей алу», *ö-* «түсіну»; тұңғ. *g-* «болмау», *i-* «естілу»; кор. *o-* «келу»; VC: моңғ. *aŋ*, түрк. *aŋ* «аң»; моңғ. *ab-* «алу»; түрк. *ar-* «алдау»; түрк. *aq-* «ағу»; CV: моңғ. *bũ-* «болу», тұңғ. *bi-* «болу»;

¹ Баскаков Н.А. Алтайская семья языков и ее изучение. – М., 1981. – С.43

түрк. jü- «алып жүру»; тұңғ., кор. sa- «сатып алу»; SVC: моңғ. gar- «шығу»; түрк. kel- «келу»; тұңғ. xil- «қыл, жүн»; кор. сір- «үй».

Екі буынды түбірлер: VCV: моңғ. еке «әпке»; түрк. еке «әпке, апай»; тұңғ. -маньч. uxe/kuxe «келін (інінің әйелі)»; VCCV: моңғ.- жазба. alda «сажын (ұзындық өлшемі)»; тұңғ.-маньч. alda-n «арасы, ара»; CVCV: тұңғ. -маньч. duxu- «арқан есу»; моңғ. toku- «тоқу, есу»; түрк. doku- «тоқу»; CVCCV: түрк. balqā «балға»; ұйғ. balqa, қаз., қ.калп. balqa, қырғ. balqa; эвенк. halka «балға»; маньчж. folho «балға».

Қосымшалар дыбыстық құрамы жағынан ашық және тұйық болып келеді: C, V, CV, VC, SVC. Мысалы: түрк. ö- «түсіну», ö-g «ақыл, ес», ö-gür- «үйрету, түсіндіру», ö-güt (<ö-gürt) «үгіт, кеңес», ög-lä- «түсіну», ög-rä-n- «жете түсіну, зерттеу», ög-rä-n- ig- ci «үйренуші, шәкірт» т.б.¹

Түркі тілдеріндегі түбір морфемалар жайлы алғашқы зерттеулерде түркі, кең алғанда, алтай тілдері бойынша түбірдің дыбыстық құрылымы жайлы екі бағыт қалыптасты: 1. Моносиллабтық (В.В.Радлов, Г.Вамбери, Дж. Клосон, В.Котвич т.б.); 2. Дисиллабтық (В.Банг, К.Менгес, Б.Я.Владимирцов, Н.К.Дмитриев т.б.) түркі тілдері деректері негізінде морфемдік, компоненттік, семантикалық, логикалық талдау әдістері арқылы дисиллабтар мен полисиллабтар құрамындағы алғашқы буынды бастапқы тұлға ретінде қарауға теориялық негіз бар. Сондықтан моносиллабтық бағыт көптеген ғалымдар тарапынан (Н.Сауранбаев, Б.Юнусалиев, Н.А.Баскаков, А.М.Щербак, Э.В.Севортян, А.Н.Кононов, Ә.Т.Қайдар, Ә.Ибатов, М.Томанов, Б.Сағындықұлы, т.б.) қолдау тауып, зерттеу нәтижелері түркі тілдері бойынша түбір және түбір-негіздер жүйесін құрайтын құрылымдық модельді – V, VC, VCC, CV, SVC, CVCC – негізгі тұлғалар деп танығанмен, осы модельдердің қайсысы алғашқы (этимон түбір, этимологиялық түбір, архитүбір, өлі түбір, ілкі түбір, бастапқы түбір, т.б.) деген мәселе үлкен пікірталас өзегі болып отырғаны белгілі.

Түркі тілдеріндегі түбірлер мен түбір-негіздердің құрылымы жайлы XIX ғасырдың соңында пікір айтқан батыс ғалымы

¹ Рамстедт Г.И. Введение в алтайское языкознание: Морфология / Пер. с нем. – М., 1957. - С.29

Г.Вамберидің түркі тілдерінің ішінде SVC тұлғасын алғашқы деп танып, CV моделін осы тұлғадан ажырағанын мысалдар арқылы беруі (Рукописное предисловие к Etymologisches Wörterbuch der Turko-tatarischen Sprachen. Leipzig, 1878) XX ғасырда лингвистер тарапынан жан-жақты талданып, біраз зерттеушілер Г.Вамбери пікірінің негізділігін көрсетсе, келесі лингвистер тобы түркі түбірінің даму бағыты біржақтылыққа көнбейтінін тілдік деректерден кері процестерді де байқауға болатынын алға тартып, V, CV моделін бастапқы түбір ретінде таниды. Зерттеушілердің үшінші тобы V, VC, VCC, CV, CVC, CVCC модельдерінің бәрін де тең дәрежеде тарихи түбір ретінде қарастыруды ұсынады.

Түркі тілдеріндегі түбір морфемалардың фонетикалық құрылымын әрқырынан қарастырған Н.А.Баскаков түркі түбірінің SVC тұлғалы болып келетіні жайлы алғашқы ойын қарақалпақ тілі деректері негізінде көрсетіп¹, түркі түбірінің екі дыбыстан тұратын ашық буынды болып келетінін негіздеген В.Котвич теориясына қарсы аргумент ретінде созылыңқы дауыстыларды мысалға келтіру түркі түбірінің шынайы табиғатын ашып бере алмайтынын айтады². Барлық түркі түбірлері о баста үш дыбыстан тұратын тұйық буын үлгісінде қолданылғанын көрсете отырып, өз ойын «Все остальные двузвучные или однозвучные корни в тюркских языках представляют собой редкие исключения и исторические восходят к трехзвучным корням с утраченным в результате фонетического развития начальным или конечным или тем и другим согласным»³ – деп тұжырымдайды. Ғалым төрт дыбыстан тұратын CVCC тұлғалы модельдерді SVC тұлғасына өнімсіз немесе өлі аффикстер жалғану арқылы жасалған негіздер, не басқа тілден енген кірме сөздер ретінде, бір ғана дауыстыдан тұратын ө «ойлау», и «ұйқы», і «өсімдік» тәрізді V тұлға модельдерді SVC тұлғасынан ықшамдалып uc тұлғасына, онан ықшамдалып V моделіне айналған (i < yi < jig

¹Баскаков Н. А. Каракалпакский язык. Ч. 1. – М.: Изд-во АН СССР, 1952. - С. 101-105.

²Баскаков Н. А. Предисловие // В.Котвич Исследования по алтайским языкам. – М., 1962. - С. 17.

³Баскаков Н. А. Введение в изучение тюркских языков. – М.: Наука, 1969. - С. 89.

«густой, частый, плотный», $\ddot{o} < \ddot{o}g \sim \ddot{o}k \sim o\dot{j} \sim o\dot{j} \sim od < *b\ddot{o}g$ «думать, размышлять») негіздер ретінде қарайды¹. А.Н.Баскаков түбір құрылымы жайлы ұсынған теориясын кейінгі еңбектерінде де тереңдетіп, CV тұлғалы ашық буыннан тұратын түбірлердің де түркі түбірінің табиғатын анықтаудағы маңызына мән береді, бірақ сандық қатысына қарай CVC тұлғасы басымдық алатынын, тарихи түбір де осы тұлға болатынын қайталап көрсетеді, зерттеушінің статистикасы бойынша көне түркі тілінде де, қазіргі түркі тілдерінде де барлық моносиллабтардың төрттен үш бөлігін CVC модельді тұлғалар құрайды². Н.А.Баскаковтың көзқарасына қарсы А.Зайончковский орта ғасыр ескерткіштері тілінде CV тұлғалы модельдердің көп мөлшерде кездесетінін айта отырып, тарихи түркі түбірі V, VC, CV, CVC тұлғаларында қолданылғанын айтады³.

CVC тұлғалы түбір-негіздер құрамындағы соңғы дауыссызды аффикстік деңгейде қарастырған А.Н.Кононов түркі түбірінің ең шағын тұлғасы V, CV, VC модельдері екенін морфологиялық талдау нәтижелері көрсетіп отырғанын айтады⁴. Э.А.Макаев түркілік түбір құрылымы жөніндегі даулы пікірлерді шешудің жолы ретінде хронологиялық стратиграфия әдісін қолданудың қажеттігін ұсынса⁵, И.В.Кормушин CV тұлғасын тектіл дамуының алғашқы кезеңіне, (CV+C>) CVC екінші кезеңіне сәйкес келсе, келесі кезеңінде кейбір түбір құрамындағы соңғы дауыссыздар қайта түсіп қалуы мүмкін деген болжам ұсынады⁶.

Түркілік түбірдің прототипі CV моделі болуы мүмкін екенін алғаш айтқан В.В.Радловтың пікірін тереңдетіп, мысалдар арқылы

¹ Баскаков Н. А. Введение в изучение тюркских языков. – М.: Наука, 1969. – С. 146-151.

² Баскаков Н. А. Историко-типологическая морфология тюркских языков (структура слова и механизм аглютинации). – М.: Наука, 1979. – С. 145-146.

³ Зайончковский А. К вопросу о структуре корня в тюркских языках: глагольные основы моносиллабические (односложные) типа C+Г (согласный + гласный) // Вопросы языкознания. 1961. № 2. – С. 28-29.

⁴ Кононов А. Н. Грамматика языка тюркских рунических памятников (VIII-IX вв.). – Л.: Наука, 1980. – С. 108.

⁵ Макаев Э. А. Вопросы построения сравнительной грамматики и тюркских языков // Советская тюркология. 1971, № 2. – С. 21-25.

⁶ Кормушин И. В. Лексико-семантическое развитие *qa в алтайских языках // Тюркская лексикология и лексикография. – М.: Наука, 1971. – С. 11-13.

дәйектеген ғалымдар Г.И.Рамстедт, Э.В.Севортян, А.М.Щербак, А.Н.Кононов, Б.М.Юнусалиев, В.Котвич т.б. болды. Олар VC, V модельдерінің тарихилығына күмән келтірмейді. Мәселен, алтаистикалық бағыттағы зерттеулерде алтай тілдері аралық морфологиялық параллельдер жүйесінде түбір негіздердің дыбыстық құрылымында бірдейлікпен қатар, азды-көпті айырмашылықтар да кездесетіні айтылады. В.Котвич түркі және моңғол тілдерінде көптеген бір буынды түбір сөздер өздерінің бастапқы қалпын сақтағанын, ал екі буынды түбір негіздердің тұлғасы негізінен бірдей болып келетінін көрсетеді¹: түрк. *yül*~моңғ. *žil* «жыл»; түрк. *bal*~моңғ. *bal* «бал»; түрк. *šaq*~моңғ. *šay* «өлшем, уақыт»; түрк. *kär*~моңғ. *ker* «кеп, кейіп, түр»; түрк. *yol*~моңғ. *žol* «жол»; түрк. *qara*~моңғ. *хага* «қара»; түрк. *yaqa*~моңғ. *ž аха* «жаға», түрк. *qada*, *qaya*~моңғ. *хада* «қия, жартас», түрк. *täkä*~моңғ. *teke* «теке», түрк. *böksä*~моңғ. *bögse* «бөксе», түрк. *qobuz*~моңғ. *хууиг* «қобыз», түрк. *bökä*~моңғ. *böke* «күшті» т.б. Мұның сыртында, түркі тілдерінде дауыссызға аяқталған бір буынды сөздердің моңғолдық параллельдері үстеме дауысты дыбыспен көмкерілгені байқалады. Мысалы: түрк. *ab*, *av*~моңғ. *aba* «аң аулау», түрк. *kök*~моңғ. *köke* «көк», түрк. *qat*~моңғ. *хата* «қатып қалу, кебу», түрк. *män*~моңғ. *mänge* «мең», түрк. *bas*~моңғ. *basu* «басу», түрк. *qan*~моңғ. *qanu* «қану, қанағаттану», түрк. *qon*~моңғ. *хопо* «қону», түрк. *saq*~моңғ. *saki* «шабу, жону», түрк. *šoq*~моңғ. *šoqi* «соғу» т.б. Бұл құбылыс туралы Б.Я.Владимирцов: «Түркі тілдері бұл типтес сөздерде соңғы дауыстыны жоғалтқан болса, дауыстымен келген ашық буын тектілге жақын қалып күйін моңғол тілдерінде сақтаған»² – дейді. Ал В.Л.Котвич түркі тілдерінде әу баста бірінші буынға түскен екпіннің кейінгі буындарға жылжуы арғытүркі кезеңінде жүрілгенін ескеріп, «бұл процесс соңғы дауыстының жоғалып, жойылуына емес, керісінше беки түсуіне әсер етуі керек еді, олай болса түркілік қысқа тұрпат арғытүркі тілінде болды, ал моңғол тілдеріндегі қосымша дауысты арқылы ұзартылған

¹ Котвич В.Л. Исследования по алтайским языкам. – М., 1962. – С. 43

² Владимирцов Б.Я. Турецкие элементы в монгольском языке // ЗВО ИРАО, 1911, XX, 2-3. – С. 157

форма дамудың кейінгі кезеңдеріне тән құбылыс» деп санайды. Қосымша элементтер арқылы сөз тұлғасының ұзартылуын моңғол тіліндегі жалпы үдеріс деп тани отыра, В.Л.Котвич түркі-моңғол лексикалық параллельдерінің мынадай түрлерін көрсетеді¹:

1) түркі тілдерінде екі дауыссызға аяқталған сөзбен сәйкестік құрайтын моңғол сөзінің соңында дауысты дыбыстың үстемеленуі: түрк. *ärk* ~ моңғ. *erke* «күш, билік», түрк. *bärk* ~ моңғ. *berke* «қиын», түрк. *qürk-* ~ моңғ. *kirğa-* «қырқу», түрк. *kärt-* ~ моңғ. *kerči-* «керту, кесу», түрк. *yort-* ~ моңғ. *yorgi-* «жорту», түрк. *tart-* ~ моңғ. *tata-* «тарту» т.б.

2) түркі-моңғол лексикалық параллельдерінің моңғолдық сыңарында дауыстыдан кейін қосымша п дыбысының болуы: түрк. *bai* ~ моңғ. *bayan* «бай», түрк. *küç* ~ моңғ. *küçün* «күш, қуат», түрк. *yüz* ~ моңғ. *žisün* «өң, жүз, бет», түрк. *say* ~ моңғ. *sayın* «сау, жақсы», түрк. *qoi-* ~ моңғ. *хонin* «қой», түрк. *muz, buz* ~ моңғ. *mösün* «мұз», түрк. *oi* ~ моңғ. *ouun* «ой, ақыл» т.б.

3) моңғол тілінде түбірлердің шығу тегі белгісіз элементтермен ұзаруы: түрк. *qut* ~ моңғ. *хутuү* «құт», түрк. *ant* ~ моңғ. *andaγar* «ант», түрк. *at* ~ моңғ. *adaγun* «ат, жылқы», түрк. *yaš-* ~ моңғ. *žalaγun* «жас (бала, жігіт)», түрк. *taš* ~ моңғ. *čilaγun* «тас», түрк. *qoš* ~ моңғ. *хоšiγun* «қос, бөлімше» т.б..

Ал қазіргі түркі тілдерінің ішінен қазақ тіліндегі *qart, qarīja, käri; ajt, ajtis, ajqaj* т.б. сөздерінің құрамынан *qar, aj* тұлғаларын морфема ретінде ажыратып, *-t, -ja, -i, -t, -is, -qaj* тұлғаларын түбір құрамына қатысы жоқ элементтер ретінде таныған М. Томанов «... осы азғана фактілер тобына жасалған талдаудың өзі де (және тек бір тіл ыңғайында) қазіргі тіл нормалары бойынша бөліп-жаруға келмейтін жалаң түбір деп қаралатын сөздердің недәуір тобы «мағынасыз» түбірлер мен «белгісіз қосымшаларға ажырайтындығын көрсетеді» – деп қорытады². Сондай-ақ ғалым түбір құрылымын анықтауда біраз дау-дамай туғызып жүрген протезалық дыбыстардың «екінші дәрежелі дифтонгілер мен созылыңқылардың қалыптасуы да түбір құрамын

¹ Котвич В.Л. Исследования по алтайским языкам. – М., 1962. – С.39-42

² Томанов М. Тіл тарихы туралы зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 2002. – Б. 140.

фонетикалық басқа сипатқа алып келгені мәлім»¹ – деп бастапқы түбір құрамына аталған құбылыстардың аса қатысы жоқтығын меңзейді. Орта ғасыр ескерткіштері тілі деректері негізінде бір буынды сөздердің де туындылар қатарына жатуы мүмкін екенін көрсеткен қазақ ғалымдарының бірі Ә.Ибатов XIV ғасыр ескерткіштері тілінде V, VC, CV, VCV, CVC, VCC, VCVS, CVCC тұлғалы түбірлер мен түбір-негіздер тән екенін айтады².

Түркі тіл білімінде бір буынды түбірлер мен түбір-негіздерді арнайы зерттеу нысаны ретінде алып, ауқымды тілдік материал негізінде түбір табиғатын тұлғалық әрі семантикалық, статистикалық тұрғыдан кешенді түрде зерттеген академик Ә.Т.Қайдар түбір құрылымы туралы бұрын-соңды айтылған пікірлер мен тұжырымдарға талдау жасай отырып, үш дыбыстан тұратын тұйық буынды моносиллабтардың қалыптасуы жайлы өз көзқарасын былай білдіреді: «Во-первых, потому, что изменения и сдвиги в структуре корней разноплановы и разнонаправленны: СГС теоретически и практически в языковом развитии могут превращаться в ГС или СГ, точно так же как последние могут, наоборот, перейти в СГС. В каждом конкретном случае они могут иметь свои причины. ... Во вторых, всякие изменения корневых морфем в сторону расширения и сужения их структуры представляют собой результат вполне закономерных фонеморфологических факторов, действующих на всем протяжении исторического развития тюркских языков»³.

Түркілік түбір табиғатын қазақ тілі аясында әр қырынан жан-жақты қарастырған ғалым ұзақ жылдар бойы түркі тілдеріндегі түбір, негіз терминдерінің ара-жігі толық ажыратылмай келгеніне ерекше мән беріп, аталған ұғымдардың өзіндік ерекшеліктерімен сараланатын ғылыми анықтамасын ұсынады. Нақты тілдік деректермен В.В.Радлов бастаған белгілі лингвист-түрколог ғалымдардың пікірлеріне сүйене отырып, «разложимость односложных корней-основ в тюркских языках

¹ Томанов М. Тіл тарихы туралы зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 2002. – Б. 141.

² Ибатов Ә. Сөздің морфологиялық құрылымы. – Алматы: Ғылым, 1983. – Б. 67.

³ Қайдаров А. Т. Структура односложных корней и основ в казахском языке. – Алма-Ата: Наука, 1986. – С. 14.

... вполне реальный факт»¹ – деген қорытындыға келеді. Ғалым пікірінің негізділігіне дәлел бола алатын, түркі тілдерінде дисиллабтармен қатар моносиллабтардың да біразы тіл дамуындағы ұзақ мерзімді қамтитын агглютинативтік процестің жемісі екенін көрсететін тілдік деректер қоры жинақталып, маңызды теориялық тұжырымдар дәйектелді.

Түркі тілдеріндегі гомогенді моносиллабтарды етіс-есім омонимиясы тұрғысынан зерттеп синкретизм құбылысының теориялық сипаттамасын ауқымды тілдік дерек негізінде дәйектеп берген Е.Қажыбек: «Түркі тілдеріндегі сөз таптары синкретизмінің іздері грамматикалық деңгейде де, – дериваттардың етістік-есім омонимиясы немесе сөзжасам аффикстері негізінде де аңғарылады» – дей отырып, соңғы құбылысқа аса мән беру қажеттігін, яғни аффикс арқылы жасалған етістік, есім мәнді моносиллабтар құрамында кездейсоқ сәйкестіктердің де кездесіп қалуы мүмкін екенін көрсетеді². Моносиллаб синкретизмдер табиғаты негізінде түбірлердің көп функционалды болу құбылысын жалғамалылық кезеңге дейін қолданыста болған сөзжасам тәсілі ретінде қарастырған зерттеуші: «Семасиологиялық тұрғыдан қарағанда түркі түбірінің синкретті семантикасы ең ежелгі тектілдің семантикалық жүйесінің сілемі. Сондықтан түркі тілдері лексикасын диахрондық негізде саралауда түркілік сөз мағынасының жалпыдан нақтылыққа қарай даму бағытына ерекше мән беру қажеттігін»³ ескертеді.

Тек өлі түбірлер ғана емес қазіргі қосымшалардың да кезінде дербес мәнді лексемалық дәрежеде қолданылғаны туралы гипотезалық идеялардың негізділігін қолдайтын Б.Сағындықұлы «Түркі тілдері флексиялық құрылым дәуірін басынан өткізген. Ішкі флексия қалдықтары бір буынды түбірлер көлемінде едәуір дәрежеде қазірде де бар. Бұдан кейін полисинтетикалық

¹ Кайдаров А. Т. Структура односложных корней и основ в казахском языке. – Алма-Ата: Наука, 1986. - С. 28

² Қажыбеков Е. З. Глагольно-именная корреляция гомогенных корней в тюркских языках. – Алма-Ата: Наука, 1986. - С. 244.

³ Қажыбеков Е. З. Глагольно-именная корреляция гомогенных корней в тюркских языках. – Алма-Ата: Наука, 1986. - С.245.

құрылым (түбір тіл) дәуірі келген. Түркі тілдері мұндай құрылымды өз басынан кешіргенін белгілі түркологтардың көпшілігі мойындайды. Қазіргі агглютинативті қалпы бүкіл жұртшылыққа белгілі»¹ – деп түркі тілдері дамуындағы жалғамалылыққа дейін флексиялық, синтетикалық кезеңдердің ақиқаттығын көрсетеді..

Түркі тілдері түбіртану мәселесін зерттеуде дәстүрлі әдіс-тәсілдермен қатар тың теориялық-методологиялық қағидаларды да ұстанудың қажеттігін көтеріп жүрген башқұрт ғалымы А. Шайхулов² Еділ-Жайық аумағын мекендеуші түркі халықтары тіліндегі моносиллабтарды фонетикалық, морфологиялық, фоно-семантикалық тұрғыдан саралау барысында аталған аймақтағы қыпшақ тобына енетін тілдерде қолданылатын 4000-нан аса түбір-негіздердің жартысына жуығы этимологиясы күңгірт, дербестігінен айрылған бірліктер деген қорытындыға келеді³.

Орхон, Енисей, Талас жазбалары тілі лексикалық қорының негізін құрайтын бір буынды түбір морфемалар аса көп емес. Түркі тілдерінің жалғамалылық табиғатына сәйкес бір буынды түбірлер мен түбір-негіздердің ауқымы қазіргі түркі тілдерінде де шағын. Салыстырмалы түрде, шамамен алғанда ескерткіштер тіліндегі түбір морфемалар қазіргі жекелеген түркі тілдеріндегі түбір морфемалардан 10 еседей аз. Қазақ тілінде 3000 мыңға жуық (2704) бір буынды сөз белгілі болса (СтОКО, 183), А.Г.Шайхулов Орал-Волга бойы қыпшақ тілдерінде шамамен 4000-дай моносиллабтарды ажыратуға болатынын көрсетеді⁴, И.А.Батмановтың редакциясымен шыққан «Древние тюркские диалекты и их отражение в современных языках»

¹ Сағындықов Б. Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері. – Алматы: Санат, 1994.-5-бет.

² Шайхулов А. Структура и идеографическая парадигма односложных корневых основ в кыпчакских языках Урала-Повольжья в континууме ареальной, межтюркской и общетюркской лексики: Синописис и таксономия когнитивной сферы «Природа (неживая и живая)». – Уфа: БашГУ, 2000.

³ Шайхулов А. К проблеме корневых основ и корневых слов в тюркских языках // Түркология. –2004. №2. - С. 56.

⁴ Шайхулов А. К проблеме корневых слов в тюркских языках // Түркология. 2004, № 2. -С. 56.

еңбегінде көне түркі жазба ескерткіштері тілі бойынша 1160 лексема түбір сөздер ретінде тіркелген. Сөздік авторлары бір сөздің грамматикалық формаларын да (adīr, adīrt, adīrīl, adīrīlmaǵ, adīrīn т.б.), түбірлес туынды сөздерді де (bat, batīm, batsik т.б.) ДТД, 108-112 қамтыған. Орхон ескерткіштері тілі мен якут тіліндегі лексика-семантикалық құрылымды зерттеуге бағытталған Г.Г.Левиннің еңбегінде 498 түбір-негіздер берілген, бұл сөздікте де bar, barīm, barī, barǵa т.б. тәрізді түбірлес сөздердің тіркелуі 168 синхронды тұрғыдан жіктеуге келмейтін дербес моносиллабтар мен полисиллабтарды көрсетуге бағытталған автордың мақсатына байланысты болса керек.

Түркі лингвистикасындағы түбіртану мәселесі бойынша айтылған ой-пікірлер, түбірлер мен түбір-негіздердің жекелеген аспектілерін қарастырған зерттеу нәтижелері де кешенді түрде жүгізілген зерттеулер де тілдегі түбірлік деңгейдің қалыптасуы мен дамуы фонетика-фонологиялық, морфологиялық, семантикалық және ономазиологиялық құбылыстардың өзара тығыз байланысына негізделетінін, түбір табиғатын тереңірек тани түсу үшін бір буынды түбір морфемалардың сыртқы тұлғасы мен ішкі мазмұнын сабақтастыра қарастырудың қажеттілігін көрсетіп отыр. Себебі, жалпы лексикалық байлықтың өзегін құрайтын моносиллабтар адамзат өміріндегі тілдің маңызын айқындайтын сан қырлы рухани-функционалдық сапаны қамтамасыз ететін лингво-онтологиялық құрылым. Үнемі даму үстінде болатын тілдік жүйенің өзгермелі, икемді табиғаты моносиллабтардың құрылымдық модельдерінің даму бағытымен, оның құрамындағы фоно-корреляттардың өзара сәйкестік түзу мүмкіндігімен, таралу аясымен, фоно-морфологиялық, фоно-семантикалық, идеофондық, идеосегменттік қырларымен сипатталады.

§4. Түркі тілдеріндегі қосымша морфемалардың сөзжасамдық және тұлғажасамдық әлеуеті

Қосымша морфемалардың тұлғалық және мағыналық, функционалдық сипатының өзгерістері жалпы тілдің даму эволюциясымен бірге жүріп отырады. Қосымшалардың эволюциялық дамуы олардың тұлғалық өзгерістері, мағыналық тұрақтылығы немесе өзгергіштігі, көпфункционалдылығы немесе бір ғана қызметте қолданылуы, тұлғалық және семантикалық жағынан сараланып бірізге түсуі тәрізді күрделі процестерді қамтиды. «Түркі тілдеріндегі барлық аффикстік морфемалардың жасалу амалдары мен тәсілдері, агглютинациялық және сингармониялық жүйеге, альтернативтік, фузиялық және секреция құбылыстарына бейімделу ыңғайында жүреді»¹. Сондықтан сингармониялық жүйеге негізделген агглютинативті түркі тілдеріндегі қосымша морфемалардың тұлғалық құрылымының қалыптасуы да фонемологиялық, фонетика-фонологиялық, морфологиялық және лексика-семантикалық заңдылықтардың аясында жүзеге асады.

Жалпы тіл біліміндегі грамматикалық тұлғалар жайлы дәстүрлі тұжырымдар түркі тілдеріндегі грамматикалық тұлғалар табиғатына сәйкес келе бермейді, негізгі айырмашылықтар түркі тілдерінің агглютинациялық құрылымына, морфологиялық тәсілдердің ауқымдылығына байланысты туындайды. Соған орай қазіргі түркі тіл білімінде қосымша морфемалардың шығу тарихына, этимологиясына қатысты екі түрлі көзқарас қалыптасқан: агглютинация заңдылықтары негізінде өз кезінде лексикалық мағынасын, соған сәйкес екпінін жоғалтқан жеке сөздерден қосымшалар пайда болған, немесе сөз тіркесінің соңғы сыңарлары толыққанды дербес мағынасынан айырылып, көрсеткішке айналған (И.А. Батманов, Н.А. Баскаков, Ф. Бопп, Л.Б. Никольский т.б.); бір құрамды немесе бір фонемді бірнеше қосымшалардың кірігуі, жымдасуы (фузия құбылысы) нәтижесінде күрделі тұлғалар пайда болған (В.В. Радлов,

¹ Щербак А.М. Очерки по сравнительной морфологии тюркских языков (глагол). – Ленинград: Наука, 1981. – С. 158-160.

Г.И.Рамстедт, А.Н.Кононов, О.Бетлингк, Н.З. Гаджиева т.б.). Қ.Жұбанов бұл екі көзқарасты да теріске шығармайды, түркі сөздерінің құрамында бір фонемалы элементтердің өмір сүргеніне және олардың сол кезде-ақ аморфты сөз құрылымымен қатар қолданылғанына шек келтірмейді¹: «біз флексия атаулының бәрі агглютинация табиғатының жемісі деген тұжырым жасай алмаймыз. Өйткені кейбір қосымшалар флексия тәсілі күшіне енген кездегі жеке морфологиялық бірлік ретінде жұмсалған өте ерте замандағы түбірлердің органикалық бөлшегі болуы мүмкін».

Қосымша морфемалардың қалыптасу үдерістері мен дербес лексемалардың түрлі интралингвистикалық және экстралингвистикалық факторларға байланысты жүзеге асатын ықшамдалу ↔ өзараірігу ↔ қайта ықшамдалу ↔ қайта кеңею тәрізді үдерістермен сабақтастырылуы да қосымшаларды зерттеу барысында тілдің онтогенездік табиғатына қатысты имитатив теориясының басты ұғымы фоно-семантикалық құбылыстарға; тарихи дыбыс сәйкестіктері негізінде айқындалатын жекелеген дыбыстардың идеосегменттік, идеосемантикалық қабілеттеріне; үндіеуропа тілдерінің прототілдік қабатын жаңғырту барысында қолданылған силлабофонема теориясының; сөздің бастапқы буынына негізделетін моносиллаб теориясының; сөз құрамындағы дауысты/дауыссыз дыбыстар тіркесінің дербес лексемалық қабілетін дәйектейтін түбіртек теориясының нәтижелері мен зерттеу амалдарына да сүйенуді қажет етеді. Бұл тілдік құрылымның даму барысындағы жүйелі, жүйесіз құбылыстар мен заңдылықтардың тек тілдің бір дейгейінде ғана емес, барлық тілдік деңгейлер арасында кезең-кезеңімен жүретін өзара интерференциялық үдерістерді қамтитынын көрсетеді. Соған орай қосымша морфемалардың тұлғалық және мағыналық дамуы да тұтас тілдік жүйенің даму үдерісіне сай жүзеге асады. «Бұрын белсенді түрде қолданылған түбір морфемалар қосымша морфемалардың жалғануы нәтижесінде «өлі» түбірге айналған. Тілдің келесі даму кезеңдерінде бірқатар өнімді қосымшалар бірте-бірте өнімсіз қосымшаға айнала

¹ Жұбанов. Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы, 1909. - Б. 207.

бастайды немесе өнімділігін тіптен жоғалтты деуге болады. Кейбір түбір морфемалардың пассив болуы тілдің ары қарай дамуы барысында оларды жаңа тұлғалардың ығыстыруына да байланысты болды. Келесі туынды, яғни кейінгі қосымшалардың жалғануына негіз болатын қосымша ғана көне болып табылатындығы белгілі»¹ – дейді Ж. Манкеева. Бұл түркі тілдері дамуындағы тілдік қабаттардың өзіндік ерекшеліктері мен жаңарулары қосымша морфемалардың табиғатынан да көрініс береді деген сөз.

Морфологиялық құрылыстың негізі – аффиксация. Мәні мен қызметі әр түрлі аффикстер бір-біріне қабаттасып, қосарланып жалғана береді. Түркі тілдеріндегі сөз таптары жалпы лексика-семантикалық, грамматикалық-функционалдық түр (тип) жағынан басқа жүйедегі тілдердің сондай типтеріне негізінен сәйкес келгенімен, морфологиялық тұрғыдан сөз элементтерінің (бірліктердің) тіркесімділігі, қолданылу ыңғайы жағынан ажыратылады.

Қосымша морфемалардың эволюциялық түрленулері олардың семантикалық және грамматикалық жағынан сонылануымен өзгерістерге ұшырауымен тығыз байланысты. «Қосымшалардың құбылуы сөз тұлғалары шеңберінің кеңеюі негізінде пайда болатын көпқызметтілік пен көпваленттілік себептермен түсіндіріледі. Жеке қосымшалар өздері жалғанатын сөздердің мағыналық топтары санының өсуіне орай олардың дерексіз /тиянақсыз/ грамматикалық мағыналарының да ұлғая береді. Бұл грамматикалық көрсеткіштердің бір ғана түрінің әр түрлі семантикалық топқа жататын сөздерге ғана емес, әртүрлі сөз таптарына жататын сөздерге де жалғануына мүмкіндік береді»².

Қосымша морфемалардың семантикалық және грамматикалық жағынан сонылануы олардың тұлғалық-құрылымдық тұрғыдан өзгерістерге ұшырап фонетикалық варианттылық

¹ Манкеева Ж. Қазақ тіліндегі байырғы түбірлерді жаңғырту. Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту орталығы, 2010. – Б. 60.

² Тектіғұл Ж.О. Қазақ тіліндегі түркі негізді аффикстердің эволюциясы. –Алматы: Ғылым, 2002. - Б. 4.

түзуімен қатар жүретін құбылыс. Қосымшалардың вариациялануы, корреляциялануы өздері жалғанатын түбірлер мен түбір-негіздердің фоно-морфологиялық, лексика-грамматикалық ерекшеліктеріне, қалыптасқан жаңа сөздің немесе түрленім, өзгерім категорияларының уәждік негіздеріне сәйкес те өзгерістерге ұшырап отырады.

Қосымшалардың тұлғалық-құрылымдық варианттарын үндестік заңының ықпалымен орныққан фонетикалық нұсқалар, өзгерген морфемалардың арасына қыстырма дыбыстардың қолданылуы арқылы қалыптасқан фонетикалық варианттар, құранды-күрделі қосымшалар компоненттерінің кірігуінен пайда болған жаңа формалардың басқа формалармен тұлғалық сәйкестік түзуінен тұратын кездейсоқ варианттар құрайды. Түркі тілдерінің агглютинативті сапасына сай бірнеше вариациялы жалаң қосымшалар күрделі қосымшалар құрамында түрлі өзгерістерге ұшырай отырып қолданылады, үндестік заңына және өзі жалғанатын түбірдің, түбір-негіздің қасиеттеріне байланысты жаңа форманың да бірнеше тұлғалық варианттары қалыптасады. В.Котвич алтай тілдеріндегі түбір сөз құрамындағы дауыссыз дыбыс пен қосымша құрамындағы дауыссыз дыбыстардың өзара үндесуіне байланысты *t, d, l, n* дыбыстарынан басталатын қосымшалардың төрт түрлі варианты қалыптасса, олардың құрамындағы дауысты дыбыстардың сингармониясы нәтижесінде *t, d, l, n* дыбыстарынан тұратын әр варианттың тағы да төрт түрлі нұсқасы қалыптасатынын көрсетеді¹. Мәселен, түркі тілдеріндегі көптік мәнді *-tar/-ter/-tär, -dar/-der/-där, -lar/ler/-lär, -nar/ner/när* қосымшасы.

Ұзақ мерзімге созылатын лингвоонтогенездік үдерістер барысында қосымша морфемалар белгілі семантикалық және функционалдық бағытқа қарай бейімделіп дамиды, соған сай олардың семантика-грамматикалық, функционалдық сапасы қалыптасады. Қосымша морфемалардың полисемантикалық, полифункционалдық сипаты олардың әр түрлі сөз таптарына жататын сөздерге жалғану қабілетін көрсететін поливалентті сапасы арқылы анықталады. Зерттеушілер қосымшалардың

¹ Котвич В. Исследование по алтайским языкам. – Москва, 1962. – С.32.

валенттілігін екі топқа бөліп қарастырады: функционалды валенттілік және категориалды валенттілік. Функционалды валенттілікке белгілі бір қосымшаның бір ғана қызметте (тек сөз тудырушы немесе сөз түрлендіруші) көрініс беруі жатады. Функционалды валенттілік іштей сөз тудырушы, сөз түрлендіруші, тұлға тудырушы болып бөлінеді. Барлық функционалды валенттіліктің мөлшері аталған қосымшаның толық немесе жалпы валенттілігін құрайды. Қосымша жалғанған сөз табының ерекшелігіне байланысты функционалды валенттілік – номинативті, субъстантивті, адъективті, вербалды, адъвербиалды т.б. болып белгіленеді. Категориалды валенттілік аталған қосымша арқылы қандай сөз таптары жасалатынына негізделеді және өнімділік дәрежесіне қарай қосымшалардың нақтылық, жүйелілік иерархиясын анықтаудың критерийі қызметін атқарады. Ал гомогенді қосымшалардың валенттілігін салыстыру, олардың әрқайсысындағы морфемалардың даму бағыты мен эволюциясын анықтауға мүмкіндік береді¹.

Грамматикада негізінен сөздің морфологиялық ерекшеліктерін қамтитын сөзжасам, тұлғажасам және сөзтүрленім/сөзөзгерім ұғымдары қолданылады. Сондықтан түркі тілдері грамматикасының сөзжасам мәселесі тілдің барлық деңгейлеріне (лексика, фонология, морфология, семасиология, синтаксис) қатысы бар дербес лингвистикалық сала ретінде саралана бастағанымен сөз тұлғасының қалыптасуы мен дамуын айқындау, негізгі сөзжасам амалдарын зерттеу жалпы грамматика теориясындағы морфологиялық заңдылықтар аясында жүргізіледі. Сөзжасам жүйесінің күрделілігіне, лингвистиканың қай саласына жататындығына байланысты Э.В. Севортян: «Не всегда, однако, бывает ясным, к какой сфере языка следует отнести словообразование. По давней традиции оно включается в отдел морфологии и занимает особое место рядом со словоизменением. Вместе с тем в науке пока не возникал вопрос относительно теоретических оснований, по которым словообразование следовало бы отнести к морфологии или

¹Қараңыз: Тектіғұл Ж.О. Қазақ тіліндегі түркі негізді аффикстердің эволюциясы. – Алматы: Ғылым, 2002. - Б. 31.

другому отделу учении о языке» – дей отырып, түркі тілдеріндегі сөзжасам жүйесі тілдің грамматикалық құрылысына тікелей қатысты екенін, грамматикалық сөзжасам (синтетикалық, аналитикалық) грамматиканың морфология саласының нысанына жататынын көрсетеді» – дейді¹.

Сөзжасам үдерісі дербес лексема мәртебесіндегі жаңа атауларды тудыру, олардың құрылымын модельдеу, лексемалық бірліктердің семантикалық ерекшеліктерін (сөздердің әр түрлілігін) қамтамасыз ету үшін қызмет етсе; тұлғажасам үдерісі тілдегі барлық сөздерді, оның ішінде сөйлеуде, сөйлемде, мәтінде нақты тілдік грамматикалық категорияларға сәйкес келетін туынды сөздердің ретімен қолданылуын қамтамасыз ету үшін қызмет етеді².

А.Н.Кононов түрік тіліндегі етістіктердің морфологиялық құрылымын екі топқа бөліп қарастырады: I. Формообразование глагола; II. Словообразование глагола. Сөзтүрленімді де тұлғажасам аясында саралаған ғалым тұлғажасамға етістіктің түрлерін, шақ және рай категорияларын, етіс категориясын, етістіктің жіктелуін, модальдық формаларын, есімшені және көсемшені жатқызады³.

Түбір морфемаға немесе туынды негізге қосымша морфемалардың жалғануы арқылы жүзеге асатын сөз жасаудың немесе тұлға жасаудың агглютинациялық амалы түркі тілдерінің басты ерекшелігі екеніне баса назар аударған А.Н.Кононов негізгі морфемаға жалғанатын барлық форманттарды дербес лексикалық бірліктен таратуды негізсіз тұжырым санайды. Ғалым түркі тілдеріндегі қосымша морфемаларды жасалу ерекшеліктеріне қарай үш типке бөліп көрсетеді: «1. Сращение в единое целое двух (и более) однозначных аффиксальных морфем; например афф. множественного числа -lar/-lär состоит

¹ Севортян Э.В. Аффиксы глаголообразования в азербайджанском языке. – М.: Издательство Восточной литературы, 1962. – С. 9-11, 546.

² Кубрякова Е.С. О формообразовании, словоизменении, словообразовании и их соотношении // ИАН, Серия литература и язык. Т. 35. – М.: Известия АН СССР, 1976. – №6. – С. 518.

³ Кононов А.Н. Грамматика современного турецкого литературного языка. – М.-Л.: Изд-во АН СССР, 1956. – С. 190.

из двух однозначных формантов, выражающих собирательность –множественность: -lar < l°+-r. 2. Сращение в единое целое двух (и более) аффиксальных морфем разного назначения; например, -maq/-mäk < афф. имени действия -m°+q/k < -qa/-kä. Дательного п. и мн. др. 3. Сращение залоговых показателей с морфемой следующего морфологического ранга (причастие, отглагольное прилагательное), в результате чего происходит переразложение: морфема, ранее принадлежавшая глагольной основе, входит в состав аффиксальной морфемы; например, афф. глагольного имени (причастия)-yaп/-qaп,-gän/-kän обязан своим происхождением сплавлению афф. понудительно-пассивного залога -y/-q,-g /-k с общеалтайским причастия~деепричастия-°п»¹. Зерттеуші бұл типтік жіктемеге грамматикализациялық үдерістер нәтижесінде дербес лексемалардың қосымша морфемаларға айналу мүмкіндігін енгізбейді. Алайда түркі тілі деректері кейбір қосымша морфемалар мен түбір морфемалардың арасындағы генеалогиялық сабақтастықты үзілді-кесілді жоққа шығаруға болмайтынын дәйектеуде.

Сөзжасамды «лексикалық морфология», «сөз жасаудың тұлғалық көрсеткіштерінің жүйесі» ретінде, сөзтүрленімді «сөз тіркестері мен сөйлемнің морфологиясы» немесе «синтаксистік морфология» ретінде қарастырған Н.А.Баскаков тұлғажасам мен сөзтүрленімнің арасына шек қоймай бір ұғым ретінде таниды. Ғалым сөзтүрленім жүйесін синтаксистік конструкциялар құрамындағы сөйлем мүшелерінің өзара синтаксистік қатынастарын білдіретінін дәйектеп, сөзжасам мен сөзтүрленімге «грамматикалық көрсеткіштер жиынтығы, тілдік механизмдегі морфемалар жиынтығы» – деген анықтама береді².

Қазақ тіліндегі сөзжасам және тұлғажасам қосымшалары жайлы К.Аханов: «Форма тудырушы жұрнақтардың сөз тудырушы жұрнақтардан табиғаты басқаша болады. Сөз

¹ Кононов А.Н. Грамматика языка тюркских рунических памятников (VII-IX вв.). – Л.:Наука,1980. - С.82.

² Баскаков Н.А. О границах словообразования и словоизменения тюркских языках // Советская тюркология. – М., 1986. – №2. - С. 7-8.

тудырушы жұрнақтар жалғанған сөзінің мағынасын өзгертіп, онан мүлдем жаңа мағынаны білдіретін басқа бір туынды сөз жасаса, форма тудырушы жұрнақ өзі жалғанған сөзіне сәл ғана қосымша мағына үстейді. Екінші сөзбен айтқанда, форма тудырушы жұрнақ жалғанған сөзінің мағынасын бұзбайды, өзгертпейді, түбірден лексикалық мағынасы басқа, жаңа лексикалық бірлік тудыра алмайды»¹ – деп тұжырымдайды. Ғалымның көзқарастары бойынша: «Аффикстік морфемалардың екінші түрі – жалғаулар жалғанған сөздің құрамындағы негізгі морфема (түбір) мен көмекші морфеманың (жалғау) мағыналары бір-бірімен жымдаса кірігіп кетпейді, аффикстік морфеманың сөзге жалғанып, соған ілесіп жүрген қосалқы элемент екені аңғарылып тұрады. Сөз құрамында түбір мен жұрнақтар бір-біріне әбден кірігіп, біртұтас лексикалық бірлік ретінде ұғынылса, жалғаулар сөздердің түбіріне немесе негізіне сіңісіп кетпей, жай ғана селбесіп, қосақталған элемент ретінде ұғынылады. Жалғаулардың сөздің түбіріне мағыналық жақтан кірігуі және онымен байланысы жұрнақтарға қарағанда анағұрлым солғын, әлсіз»².

Қазақ тіліндегі қосымша морфемаларды кеңінен зерттеген ғалым Ы.Маманов қосымшаларды екі топқа жіктеуді жөн санайды: «қосымшалар негізінен, екі-ақ түрлі қызмет атқарады: бірі – сөз тудыру, екіншісі – сөздің грамматикалық формасын тудыру»³.

Қосымшаларды үш топқа бөліп қарастырған профессор Ә.Ибатов сөзжасам қосымшаларына түбір-негіздер мен туынды негіздерден жаңадан туынды сөз тудыратын қосымша морфемаларды; тұлғажасам қосымшаларына зат есімнің экспрессивті-эмоционалды мән беретін жұрнақтарын, сын есімнің шырай категориясын, реттік сан есімнің және үстеудің кейбір жұрнақтарын; сөзбайлам қосымшаларына зат есімге

¹ Аханов К. Грамматика теориясының негіздері. – Алматы: Санат, 1996. – Б. 33.

² Аханов К. Грамматика теориясының негіздері. – Алматы: Санат, 1996. – Б. 34.

³ Маманов Ы.Е. Қазақ тілі (лекциялардың текстері). – Алматы: ҚазМУ баспасы, 1973. – Б. 51.

немесе субстантивтенген басқа да сөз таптарына жалғанатын көптік, септік, тәуелдік, жіктік жалғауларын жатқызады¹.

Е.Саурықов түркі тілдерінде тұлғажасам мен сөзөзгерімді саралап қарастырудың дұрыстығын дәйектей отырып, тұлғажасам мен сөзөзгерімнің ара жігін былайша ажыратады: «Сөзөзгерімге тұлғажасам мен сөздердің парадигмалық түрлену жүйесін жатқыздық. Тұлғажасам зат есімнің реңк мәнін тудыратын жұрнақтарды, иелік мән тудыратын жұрнақтарды, сын есім мен үстеулердің шырай формаларын, реттік сан есім формаларын және етістіктің етіс, есімше, көсемше, рай, шақ категорияларының формаларын, көптік категориясының көрсеткішін құрайтын көптік жалғауларын қамтиды, ал сөзөзгерім септік, тәуелдік, жіктік жалғауларды қамтиды»².

Қарашай-балқар тілдеріндегі есім сөздер морфологиясын зерттеген М.А.Хабичев сөзжасам мен тұлғажасам ұғымдарының өзіндік ерекшеліктерін саралап көрсетеді: «Сөзжасам жүйесінің аффикстері жаңа лексикалық бірлік жасайтын болса, тұлғажасам негізгі және туынды түбірге жалғанып, сөзге жаңа грамматикалық мағына үстейді. Ол мағына әр түрлі болады: тәуелдік, салыстыру, ұқсату, кішірейту, қатыстық т.б. Тұлғажасамның кейбір аффикстері көп мағыналы болып, синкреттік сипатта да қолданылады. Кейде тұлғажасам аффикстері жалғанған сөздер дербес лексемаға айналып сөзжасам қосымшасына трансформацияланады»³. А.М.Щербак та түркі тілдерінде сөзжасам мен сөзтүрленім аралығында жүретін морфологиялық көрсеткіштердің жиі кездесетінін атап көрсетеді⁴.

Л.А.Покровская түркі тілдеріндегі қосымша морфемаларды: сөзжасам, тұлғажасам, сөзөзгерім/сөзтүрленім деп саралауды қолдай отырып, түркі тілдеріндегі флексиялық құбылыстарды мойындамайды, соған орай түркі тілдері үшін тұлғажасам мен сөзтүрленімге тән қосымшалардың жігін ажырату,

¹ Ибатов А. Сөздің морфологиялық құрылымы. – Алматы: Ғылым, 1983. -Б. 16-17.

² Саурықов Е.Б. Түркі тілдеріндегі үстеу сөз табының қалыптасуы. – Тараз, 2009. - Б. 73.

³ Хабичев М. Карачаево-балкарское именное формообразование и словообразование. –Черкесск, 1977. - С.71-72

⁴ Щербак А.М. Очерки по сравнительной морфологии тюркских языков. – Ленинград, 1977. - С.33.

оларды ажыратудың критерийлерін айқындауға ерекше мән береді. Ғалымның пікірі, түркі тілдеріндегі тұлғажасам қосымшаларын сөзжасам мен сөзөзгерімнің ортасындағы аралық аффикстер, сондықтан тұлғажасам жеке морфологиялық құбылыс болып табылады дегенге саяды¹.

Түркітанушы-лингвистер түркі тілдеріндегі тұлғажасам аффикстерінің басты ерекшеліктерін мынадай белгілері бойынша сипаттайды²:

1) тұлғажасам аффикстері негізінен сөзтүрленім/сөзөзгерім аффикстерінің алдында қолданылады; тұлғажасам аффикстерімен келген есімдер өзіне сөзтүрленім/сөзөзгерім аффикстерін қабылдайды;

2) тұлғажасам аффикстерінің мағынасы сөзтүрленім/сөзөзгерім аффикстерінің мағынасына қарағанда кеңірек; есімдердің тұлғажасам аффикстері тек есімдер мен субстантивтенген сөздерге ғана жалғанады;

3) тұлғажасам аффикстеріне аяқталған сөздер сөйлемде бастауыш, толықтауыш, анықтауыш және пысықтауыш қызметін атқарады; кейбір тұлғажасам аффикстері үндестік заңына бағынбайды;

3) кей жағдайда тұлғажасам аффикстері негізгі сөздің (түбір, түбір-негіз, туынды сөз) құрамына кіреді;

4) тұлғажасам аффикстері бірінен кейін бірі қабатталып қолданыла береді; тұлғажасам аффикстерінен кейін сөздің грамматикалық мағынасы әрі қарай дамиды.

Сөзжасам деривациялық морфологияға, тұлғажасам мен сөзтүрленім – тілдің парадигматикалық жүйесіне, сөз таптарына

¹ Покровская Л.А. Формообразование и его отношение к словоизменению в тюркских языках // Советская тюркология. – 1990. №1. - С. 14-15.

² Қараңыз:Серебренников Б.А., Гаджиева Н.З. Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. – Баку, 1979; Кононов А.Н. Грамматика языка тюркских рунических памятников IX века. Ленинград: Наука, 1986; Есенқұлов А. Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі қосымшалар. – Алматы: Ғылым. 1976; Хабичев М. Карачаево-балкарское именное формообразование и словообразование. – Черкесск, 1977. - С.71-72; Щербак А.М. Очерки по сравнительной морфологии тюркских языков. – Ленинград, 1977. С.33. Баскаков Н.А. О границах словообразования и словоизменения тюркских языках // Советская тюркология. – Москва, 1986. – №2. - С. 7-8; Саурықов Е.Б. Түркі тілдеріндегі үстеу сөз табының қалыптасуы. – Тараз, 2009. - Б.72-73.

қатысты болғанымен, жалпы қосымша морфемалардың этимологиялық негіздері мен архиформаларын анықтаудың ұстанымдарын түбір морфемалардың архитұлғаларын жаңғыртудың ғылыми-теориялық ұстанымдары мен амал-тәсілдерінен бөліп қарауға болмайтынын тілдік деректер дәйектеуде. Сондықтан функционалдық-грамматикалық және семантикалық грамматикалық қызметтері бойынша ажыратылатын қосымша морфемалардың көне формаларын жаңғырту, тарихи даму жолын анықтау тілдің фонетика-фонологиялық, лексика-семантикалық, морфонологиялық және морфологиялық қырларын толық қамтуды қажет етеді.

Қорыта айтқанда түбір морфема да, қосымша морфема да тіл бірліктері, екеуі де тілдің ішкі заңдылықтары негізінде дамып, жетіліп қалыпқа түседі. Түбір сөздер адамзат тілінің алғашқы жемісі дегенімізбен, жүйелі агглютинативтік сипат алған түркі тілдерінің даму эволюциясында агглютинативтік құрылымның да өте ерте кездерден бастау алғандығы дау тудырмайды. Алғашқы қосымшалардың да тұлғалық өзгерістерге түсу мүмкіндігінің шектеулігіне орай бір форманттың бірнеше грамматикалық мәнде немесе бірнеше лексикалық (етістік – есім) мәнде қолданылуы мүмкін. Бұл құбылыс түбір сөздердің семантикалық дамуында ерекше орын алғандығы белгілі, әрі қосымша морфемалардың бір кездері толық мағыналы дербес сөз болғандығын қолдайтын зерттеушілердің пікіріне сүйенсек, синкретизм құбылысының қосымша морфемаларды да қамту мүмкіндігін теріске шығаруға болмайды.

Қосымша морфемалардың дербес лексема түріндегі архитұлғалары өзінің омонимдік сапасын сақтай отырып, қосымшалар құрамына өтуі де ықтимал. Осы орайда Ә. Қайдардың «...синкретикалық түбірлерге жалғанған қосымшалар да синкретикалық сипат алады, онан басқа аффикстердің ішінде екі функционалды, көп функционалды, индифферентті түрлері түрлері тағы бар» – деген пікірін келтіре кеткеніміз орынды¹. Ғалымның көзқарасы бойынша, «жалпы грамматикалық

¹ Қайдаров Ә.Т. Қазақ тілінің тарих лексикологиясы проблемалары мен міндеттері // Қазақ тілі тарихи лексикологиясы мәселелері. – Алматы, 1988. – Б. 27.

форманттар, соның ішінде сөз тудырушы қосымшалар әдетте кз келген түбірге жалғана бермейді және олар белгілі бір тәртіппен ғана жалғанады, сондай-ақ аффикстерді ғылымда есім түбірге және етістік түбірге жалғанатын аффикстер деп екі топқа бөліп қарастыру дәстүрі бар. Сөздердің морфологиялық тұлғасын диахронды деңгейде зерттейтін морфологиялық этимология бұл қағиданы аксиома деп қарауға болмайтынын дәлелдейді»¹. Демек, қосымшалардың эволюциялық дамуы олардың тұлғалық өзгерістері, мағыналық тұрақтылығы немесе өзгергіштігі, көп функционалдылығы немесе бір ғана қызметте қолданылуы, тұлғалық және семантикалық жағынан сараланып бірізге түсуі тәрізді күрделі процестерді қамтиды.

Фонетика-фонологиялық, фоно-морфологиялық және фоно-семантикалық процестерді қамтитын грамматикалық даму барысында күрделі және жалаң қосымша морфемалардың тұлғалық-мазмұндық деривациясының түрлі бағытта, әртүрлі деңгейде жүруі гомогенді қосымшалардың байланыстарының көмескіленуіне алып келіп, синхронды тұрғыдан гетерогенді сипат дарытады. Бұл түркі тілдеріндегі қосымша морфемалардың барлық тобына, сөзжасам жүйесіне де, сөзтүрленім мен тұлғажасамға да тән құбылыс. Сондықтан түркі тілдеріндегі қосымша морфемалардың генезисі мен этимологиясын анықтаудағы басты критерийлер мынадай пайымдауларға негізделеді:

- көне түркі жазба ескерткіштері тіліндегі қосымша морфемалар бір, екі, үш, төрт құрамды -C, -V, -VC, -CV, -CVC, -VCV, -CVCV, -CCV модельдерінен тұрады;

- жалаң қосымшалардың архетипі полисемантикалы болып келеді, олар бір дыбыстан тұратын -C, -V модельдерінен және дыбыс тіркестерінен тұратын -CC, -VC, -CV модельдерінен түзілген;

- -C, -V, -CC, -V, -CV модельдері құрамындағы дыбыстардың аллофондарға, дербес фонемаларға ыдырауына байланысты олар полиформалы сипат алады;

¹ Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзбекті мәселелері. – Алматы: Ана тілі, 1998. - Б. 64.

- қосымша морфемалардың -C, -V және -CC, -VC, -CV модельдері құрамындағы дыбыстардың аллофондарға, дербес фонемаларға ыдырауына және альтернативалық құбылыстарға ұшырауына байланысты гетерогенді қосымшалар өзара синонимдес тұлғаларға айналады;

- қосымша морфемалардың -C, -V және -CC, -VC, -CV модельдері құрамындағы дыбыстардың дербес фонемаларға ыдырауына байланысты гомогенді полиформалы қосымшалар өзара омонимдес тұлғаларға айналады;

- қосымша морфемалардың -C, -V және -CC, VC, -CV модельдері құрамындағы дыбыстардың альтернативасымен қатар жүретін идеофондық, идеосемантикалық үдерістерге байланысты гомогенді полиформалы және полисемантикалы қосымшалар антонимдес мәнге де, бір-бірінен алшақ әртүрлі мәнге де ие болып, соған сай функционалдық қызметі де өзгерістерге түседі;

- түркі тілдеріндегі бірнеше дыбыстан тұратын -CVC, -VCC, -VCV, -VCVC, -CVCV, -VCCV т.б. модельді қосымша морфемалар жалаң қосымшалардың кірігуінен жасалған күрделі/құранды тұлғалар болып табылады;

--CVC, -VCV, -VCC, -VCVC, -CVCV, -VCCV т.б. модельді күрделі қосымшалардың құрамында морфемаларды дәнекерлеуші қыстырма дыбыстар да болуы мүмкін;

- түркі тілдеріндегі барлық қосымшалардың дербес лексемалармен байланысы синхронды тұрғыда айқын аңғарылмаса да, қосымшалар құрамындағы дыбыстардың идеялық мазмұнын сол дыбыстар қолданылатын дербес лексемалардың архиидеясынан тыс қарауға болмайды.

II ТАРАУ

СӨЗ ТАПТАРЫ

§1. Зат есім және оның категориялары

Түркі тілдеріндегі лексика-семантикалық өрісі аса кең сөз таптарының бірі – зат есімдер. «Айналамызды қоршағандүниедегі зат пен жануар атаулыға, барлық құбылыс пен оқиға, болмыс атаулыға есім, атауыш болып келетін сөздердің бәрі – зат есімдер. Лексикалық тұрғыдан алғанда зат есімдер өз алдына мағыналық дербестігі бар, заттық ұғымды білдіретін сөздер»¹ болатын болса, морфологиялық тұрғыдан алғанда өзіне тән құрылымдық жүйесі бар, түбір морфема мен қосымша морфемадан тұратын, заттар мен құбылыстардың номинациялық ерекше белгісін танытатын тілдік бірлік.

Зат есім – заттың атын, жанды-жансыз ұғымдардың атауын білдіріп, сөйлемде негізінен бастауыш пен толықтауыш болатын толық мағыналы сөздер табы. Зат есімдердің жеке сөз табы ретіндегі лексика-грамматикалық ерекшеліктері оның мағыналық және құрылымдық топтарын анықтауға мүмкіндік береді².

Зат есімдерді алтай тілдеріне (түркі, монғол және тұңғыс-маньчжур тілдері) қатысты алатын болсақ, есім сөз таптарының төл категориялары болып саналатын: субъект және предикаттың синтаксистік байланысын білдіретін жақ категориясы, атри-

¹ Қазақ грамматикасы. Фонетика. Сөзжасам. Морфология. Синтаксис. – Астана: Астана полиграфия, 2002. - Б. 442.

² Қазақ грамматикасы. – Астана, 2002. - Б. 442.

бутивтік байланысты білдіретін меншік категориясы, объективті-предикатты қатынасты білдіретін септік категориясы, сан-мөлшерлік ұғым арқалайтын көптік категориясы сияқты басты категориялар типологиялық жағынан да, материалдық жағынан да, алпы алғанда, бірдей болып келеді, яғни ортақ қосымшалар (аффикстер) арқылы көмкеріледі¹.

Зат есімдерге көптік жалғауларының жалғануы олардың жекеше, көпше топтарға ажырауына негіз болады, сондай-ақ көптік формасындағы зат есімдер көптік мәнімен қатар жинақтау, тұспалдау, болжау мағыналарын да иеленеді. Жіктік жалғауын зат есімдердің бәрі бірдей қабылдай бермейді, лексикалық мәніне байланысты – адамның кәсібі, қабілеті, тегі, туыстығы, жынысы, жас шамасы тәрізді жеке басына тән белгілері мен қасиеттерін білдіретін сөздер тобы ғана жіктеледі. Зат есімдерге жіктік жалғауының жалғануы бастауыш пен баяндауыштың сөйлем ішінде бір-бірімен синтаксистік қарым-қатынасқа түсінің негізгі амалы болып табылады². Белгілі бір заттың үш жақтың біріне меншіктілігін білдіру тәуелдік категориясы арқылы көрсетіледі³. Септік категориясы зат есімдердің сөйлем ішінде өзге сөздермен дәнекерлесуін, сөйлем мүшесі ретіндегі грамматикалық қызметін қамтамасыз етеді.

Көптік категориясы.

Түркі тілдерінде көптік категориясы арнайы қосымша морфемалар арқылы да, семантикалық мазмұнында жұптық, көптік және жинақтау-топтау мәні бар дербес лексемалар арқылы да сипатталады. Бірқатар есім сөздер (зат есім, сан есім, жалпылау есімдіктері) жекеше тұрып та, тіркесіп келіп те, қосарланып, қайталанып келіп те лексикалық-семантикалық композиция құрап, көптіктің топтау, жинақтау, болжау тәрізді логикалық ұғымын білдіре алады. Мысалы: түркі тілдерінде: көне түрк. *jılqı* «жылқы», сары ұйғыр. *altı jegirma* «он алты», қаз. *qız-qırqın* «қыз-қырқын» т.б.

Зат есім негіздерінің қайталанып келіп, көптік мағынаны білдіруі тек түркі тілдеріне ғана емес, сонымен қатар моңғол,

¹ Баскаков Н.А. Алтайская семья языков и ее изучение. – М., 1981. – С. 57

² Қазақ грамматикасы. – Астана, 2002. – Б. 458.

³ Аханов К. Грамматика теориясының негіздері. – Алматы, 1996. – Б. 150.

тұңғыс-маньчжур тілдерінің барлығында кездесетін лексикалық құбылыс болып саналады. Мысалы: түркі тілдерінде: қаз. *üjir-üjir* «үйір-үйір (жылқы)», кұмық. *tabun-tabun turnalar* «топ-топ тырналар», қара-қалпақ. *töbe- töbe* «төбелер», тува. *beluk- beluk* «топ-тобымен», чув. *vaxatran-vaxata* «кейбір кездері», түркімен. *başli-başina* «бас-басына», түрік. *sira sira* «қатар-қатар» т.б.; моңғол тілдерінде: бурят. *bülüg bülüg* «топ-топ», халх. *tal-talaa* «жан-жаққа», *böön- böön* «кесек-кесек», т.б.; маньчж. *žalan- žalan* 1) ғасырлар; 2) келер ұрпақ', *falqa-falqa* «түп-түп (бұталар)» т.б.; нанай. *dolbo-dolbo* «көптеген түндер», *ajngani- ajnganižiani* «көп жылдар, жылдар бойы» т.б. Мұндай лексика-семантикалық композициялардың сыртында, түркі тілдерінде көптік мағынаны тудырудың негізгі жолы көптік жалғаулары арқылы жүзеге асады.

Қазіргі түркі тілдерінде көптік категориясының негізгі грамматикалық көрсеткішін *-lar/-lär/-ler* форманты және олардың фонетикалық варианттары құрайды. Түркі тілдерінде *-lar/-ler/-lär, -lor/-lör/-lir/-lir, -nar/-när/-ner/-nor/-nör/-nur/-nir, -dar/-der/-där/-dor/-dör, -dir/-dir/-tir/-tir, -tar/-ter/-tär/-tor/-tör, -zar/-zer/-zär, -sar/-ser/-sär, -rar/-rer/-rär* т.б. көптік мәнді қосымша морфемалар құрамындағы дауыссыздардың редукцияға ұшырап көмескіленуі, элизиялануы негізінде немесе құранды жұрнақтардың қайта ыдырауы негізінде орныққан *-le/-la/-lä/-lo/-lö, -li/-li, -ta/-tä/-te/-to/tö, -za/-zä/-ze/-zo/-zö, -a/-ä, -ar/-är/-er* т.б. варианттары да қолданылады. Басқа түркі тілдеріне қарағанда чуваш тіліндегі көптік жалғауының табиғаты өзгешелеу болып келеді: *-sem (-sam, -sen, -sën)*¹. Бұл қосымша туралы А.М.Щербак былай дейді²: «Происхождение -сэм до сих пор остается непонятным. Н.А.Ашмарин возводил его к слову сан (число), Г.И.Рамстедт к слову сайн (каждый) (күн сайын «каждый день»), образованному от общего с сан корня – са- (считать). О.Прицак видел в нем сочетание двух общеалтайских показателей

¹ Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Морфология. – Москва: Наука, 1988. – С. 18-22.

² Щербак А.М. Очерки по сравнительной морфологии тюркских языков (имя). – Ленинград, 1977. – С. 85.

множественного числа (-са ~ -сә и -ін), тогда как Н.А.Андреев отнес его к числу аффиксов, заимствованных из нетюркских языков».

Қазіргі кезде бөліп жаруға келмейтін, біртұтас аффикстер саналатын көптіктің жоғарыдағы көрсеткіштері тарихи тұрғыдан алғанда дербес форманттарға ажырайды. Мәселен, алтаистикалық бағыттағы зерттеулерде *-l , *-r , *-s , *-z , *-t , *-d , *-n қосымшалары арғыалтайлық көптіктің көне реликт форманттары ретінде жаңғыртылады¹. Түркі тілдерінде олардың қайсы бірі жеке сөздер, туынды негіз бен күрделі қосымшалар құрамында сақталған болса, енді бірі көптіктің дербес жалғауы түрінде осы кезге дейін өз қызметін атқарып келеді.

Түркі тілдерінде көптіктің арғыалтайлық *-s тұлғасына барып саятын *-z ~ *-s >š форманттары тәуелдіктің 3 жағының қосымшасы құрамында *-sī > алт., тув., хак., шор., чул. -zī ~ як. -ta ~ чув.-š, -še, -äše, -eše (туыстық атауларда, кейбір есімдіктер мен сан атауларында), сондай - ақ *-z тұлғасы жіктеу есімдігінің 1 және 2 жақ көпшесінде (biz < bi+z, siz < si+z), тәуелдіктің 1 және 2 жақ көпшесінің қосымшалары құрамында (-miz < m+iz, -η (-n, -γ) iz) < -η (-n, -γ) +iz), баяндауыштың 2 жақ көпшесінің құрамында (-sīη(-n) +iz), кейбір ру-тайпа атауларында (oγiz, qīγiz), ал *-s тұлғасы көне түркі тілінде (isbara «атақ», isbaras «атақтар») кездеседі. *-z ~ *-s ~ *-š көне форманттар іздері сары ұйғыр, қазақ және түрік тілдерінде жұптық мән арқалаған сөздерде де ұшырасады: қаз. көз [köz], сары ұйғ. köz, түрік. göz; қаз. егіз[egiz], сары ұйғ. erkes, түрік. ikiz; қаз. тізе [tize], сары ұйғ. tiz, түрік. diz.

Арғыалтайлық *-t /*-d көптіктің көрсеткішінің түркілік -t форманты якут тілінде тәуелдіктің 1 және 2 жақ көпшесінде -bīt < *-biz және -yīt < *-yiz < *-ηiz: aγabut «біздің әкелеріміз» (aγam

¹ Рамстедт Г.Й. Введение в алтайское языкознание: Морфология / Пер. с нем. – М., 1957. С.59-63; Котвич В.Л. Исследования по алтайским языкам. – М., 1962. С.60; Санжеев Г.Д. Сравнительная грамматика монгольских языков. – М., 1953; Санжеев Г. Д. Современный монгольский язык. – М., 1960.; Санжеев Г. Д. Старописьменный монгольский язык. – М., 1964; Кононов А.Н. Показатели собирательности-множественности в тюркских языках. – Л., 1969; Цинциус В.И. Множественное число имени в тунгусо-маньчжурских языках // Уч. зап. ЛГУ. Сер. филол. наук. 1946. Вып.10; Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Морфология. – М., 1988 С.10-22.

«әкем»), аҫауut «әкелерің» (аҫаң «әкең»), этнонимдер құрамында (türküt, jomut), атақ, даңқ, дәрежені білдіретін сөздерде (tarqat «тархандар» (tarqan «тархан»), erät «ерлер, жауынгерлер» (erän «ер,жауынгер»), tegit «ханзадалар» (tegin «ханзада», tojot «мырзалар» (tojon «мырза»), хотut «ханымдар» (хотun «ханым») т.б. кездеседі.

Түркі тілдерінде көптіктің көне *-n форманты оулап «ұл», ерен «ерлер», örten «жалын», bodun «тайпа», сияқты архаизмдер, subarin, kuman сияқты этнонимдер, *-nčī (*-n+*-čī), *-lančī (*-la+*-n+*-čī), *-mine (*-m+*-ine) реттік сан есім көрсеткіштері құрамында кездеседі.

Көне *-l түркі тілдерінде -lar <(-la+-r)/-lär< (-lä+-r) көптіктің күрделі қосымшалары құрамында сақталған: көне түрк. čäčäklär «гүлдер», шағат. biglär «бектер», kišilär «кісілер», орта түрк. anlar «олар», түрік. evler «үйлер», қаз. balalar «балалар», салар. paуlar «бау-бақшалар», ұйғ. učqunlar «ұшқындар» т.б.). Сонымен қатар *-l жинақтау мәніндегі -līq (*-l+*-īq) / -lik (*-l+ *-ik) көрсеткіштері құрамында кездеседі: itlīq, qarluq (этнонимдер).

Жинақтау мәніндегі көптіктің көне реликт форманттарының бірі *-r форманты қырғыз, тува, хакас тілдерінде тәуелдіктің 2-жақ көпшесінің -nar/-när, алтай тіліндегі -yar/-ger көрсеткіші құрамында (қырғ. qolınar «сіздің қолыңыз», тув. tonınar «сіздің шубаңыз», хак. turanar «сіздің үйіңіз», алт. balayar «сіздің балаңыз», tiliger «сіздің тіліңіз»), сондай-ақ üregir, jazgir тәрізді этнонимдер құрамында (-qir/-gir < *-γ+*-r) сақталып қалған¹.

Түркі тілдеріндегі -lar /-lär қосымшасының құрамы мен шығу тегі туралы пікірлерге зер салсақ, алтайтанушылар мен түркітанушы ғалымдардың пікірі негізінен бір бірімен тоқайласып жатады. -lar/-ler формантының шығу тегі, қалыптасуы мен дамуы, архиформасы Г.И.Рамстедт, Н.Поппе, К.Менгес, Д.Синор, А.Н. Кононов Б.А. Серебренников, Н.А.Баскаков, А.М.Щербак, А.Н.Кононов т.б. ғалымдардың еңбектерінде жан-

¹ Pritsak O. Stammesnamen und Titulaturen der Altaischen Völker // UAJb. 1952.24, N1/2; Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Морфология. – М., 1988. – С.16.

жақты сөз етіледі¹. Олардың көбі -lar /-lär қосымшасы көптіктің екі дербес *-l мен *-r форманттарының кірігуінен жасалған деп санайды.

Түркілік -lar /-lär қосымшасы моңғол тіліндегі көптіктің *-nar қосымшасымен сәйкестік түзеді: aqanar «ағалар», bagšnar «ұстаздар», ekenar «әйел; аналар»). Г.И.Рамстедт *-nar қосымшасының тегін бұрындары моңғол тілінде болған *nar «тобы, жиынтығы» сөзімен байланыстырып, ол сөз якут тілінде *na:r «бірлесіп, бірге» түрінде сақталып қалған деп санайды². Қазіргі моңғол тілінде -nar қосымшасы – көптіктің актив көрсеткіші: aqanar «ағалар», bagšnar «ұстаздар», ekenar «әйел; аналар» т.б.

Түркі тілдерінің арасында көптіктің *-nar қосымшасын сақтап қалған тілге сары ұйғыр тілін жатқызуға болады. С.Е Малов сары ұйғыр тілінде көптік жалғауының -lar/-ler, -tar/-ter, -ner деген бес түрлі тұлғасын көрсетсе³, Э.Р.Тенишев -lar/-ler жалғауы өзі жалғанатын негіздің соңғы дыбысына байланысты -lar/-ler, -nar/-ner, -tar/-ter, -dar/-der болып түрленетінін және бұл тұлғалардың жуан-жіңішке варианттары бір ғана сөзге кезек жалғана беретінін айтады⁴: aqa «қария»– aqalar//aqaler «қариялар», ker «кесе»– kerler//kerlar «кеселер», eren «ер адам» – erenner//erenar «ерлер, ер адамдар, еркектер», qız «қыз» – qızdar//qızder «қыздар», terek «ағаш» – terekter//terektar «ағаштар». Мұның себебін Э.Р.Тенишев сары ұйғыр тілінде көптік көрсеткіштері дауыссыздар линиясы бойынша бірегейленуге (унификация) бет алғанымен түсіндіреді⁵. Дейтұрғанмен, сары ұйғыр тіліндегі

¹ Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Морфология. – М.: Наука, 1988; Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. – Алматы, 1988; Кононов А.Н. Показатели собирательности-множественности в тюркских языках. – Л., 1969; Серебренников Б.А. О некоторых частных деталях процесса образования аффикса множественного числа -lar в тюркских языках. – Советская тюркология. 1970. –№ 1; Щербак А.М. Очерки по сравнительной морфологии тюркских языков: (Имя)7 – Л., 1977.

² Рамстедт Г.И. Введение в алтайское языкознание: Морфология / Пер. с нем.-М., 1957. – С.60

³ Малов С.Е. Язык желтых уйгуров. Словарь и грамматика. – Алма-Ата: «Издательство АН Каз ССР», 1957. – С.171.

⁴ Тенишев Э.Р. Тодаева Б.Х. Язык желтых уйгуров. – Москва, 1966.- С. 17.

⁵ Тенишев Э.Р. Тодаева Б.Х. Язык желтых уйгуров. – Москва, 1966.- С. 18.

көптіктің -nar/ -ner тұлғасын моңғол тілді шар йоғурлар (шира уйгур) тілінен түркітілдес қара йоғурлар (сары ұйғырлар) тіліне ауысқан кірме формант деп санауға да болады. форманттарының бірі саналады.

Орхон-Енисей жазба ескерткіштері тілінде көптік жалғауларының -lar және -t деген екі түрі кездеседі: tarqa+t (tarqan+t) «тарқандар», kunčujlar «әйелдер», atlar «аттар» т.б.

X-XIII ғасырлардағы түркі жазба ескерткіштерінде-т қосымшалы көптік мән арқалаған бірен-саран сөздер ұшырасқанымен, ол сөздердің өзі кейде көптіктің -lar /-lär қосымшасын қабылдайды. М.Томанов якут тілінде көптіктің -t және -lar тәрізді екі бірдей қосымшасының сөз түбіріне қос қабаттаса жалғануы (jol-at-lar) мен бұл ерекшеліктің «Бабурнама» тілінде кездесуін ескере отырып, «түркі тілдерінде -t форманты орта ғасырлардың соңғы кезеңдерінде өзінің көптік мағынасын жоғалтты» – деген пікірге келеді¹.

Көне түркі, орта түркі тілдерінде кең таралған өнімді жалғау -lar қазіргі түркі тілдерінде әр түрлі дыбыстық вариантта актив қолданыста. Мысалы: көне түрк. begler «бектер», kunčujlar «әйелдер», atlar «аттар», орта түркі. ügüzlar «сулар», taylar «таулар» (МК), kišilär «кісілер» (көне ұйғыр), қарах-ұйғ. qušlar «құстар», хорезм. közlär «көздер», шағат. aɣalar «ағалар», мамлүк. қыпш. munlar «мыналар», арм. қыпш. bular «бұлар», қарашай-балқ. zatlar «заттар», ноғ. üjler «үйлер», қара-қалп. qatillar «әйелдер», барабин. rašlar «бастар», өзб. iščilar «жұмысшылар» т.б.

Жіктік және тәуелдік категориялары.

Түркі тілдерінде зат есімдерге және субъстантивтенген басқа сөз таптарына тән жіктік және тәуелдік категориялары жаққа қатысты (тәуелдікте бір нәрсені меншіктеуші, иемдеуші; жіктікте іс-әрекетті орындаушы) категориялар болып саналады және үндестік заңына сәйкес қалыптасқан бірнеше вариантты аффикстерді қамтиды.

Тәуелдік жалғауы көне түркі тілінде бірінші жақ жекешеде -m, -im/-im, -um/-üm (aɣılam → aɣıl(a)+m «қорам», jılqım →

¹Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. – Алматы, 1988. - Б.138.

jilqī+m «жылқым», beglerim → begler+im; ögüm → ög+üm «шешем»; qunçujum → qunçuj+um «бикешім»); көпшеде -miz/-miz, -imiz, -imiz (jaüimiz→jaü+imiz «жауымыз») тұлғаларында кездесетін болса, қазіргі түркі тілдерінде, айталық, бірінші жақ жекеше және көпшеде қазақ тілінде: -ым/-ім, -м (қыз-ым, үміт-ім, әке-м), -мыз/-міз, -ымыз/-іміз (қыз-ымыз, үміт-іміз, әке-міз), түрік тілінде: -m (kız-ı-m, ümid-i-m, baba-m), mız/-mız, -muz/-müz (kız-ı-mız, ümid-i-mız, çocuğ-u-muz, ün-ü-müz) жалғауларының көмегімен жасалады. Түрік тілінде негіз бен қосымша арасында келген -ı, -i, -u, -ü дыбыстары «дәнекерлеуші дауыстылар» деп аталады. Ал сары ұйғыр тілінде тәуелдіктің бірінші жағының жекеше және көпше тұлғалары бірдей болып келеді. Мұнда дауыстыға аяқталған негізге + -η/-iñ (meniñ aqañ «менің ағам», mïsdïñ aqañ «біздің ағамыз») қосымшасы жалғанатын болса, дауыссызға аяқталған негізге қосымша жалғанбайды: meniñ tel «менің тілім»; mïsdïñ tel «біздің тіліміз».

Тәуелдік жалғауы II жақ көне түркі тілінде жекешеде: -η, -iñ/-iñ, -uñ/-üñ, -uγ/- üg (qaγanïñ → qaγan+iñ «қағаның», bunuγ → bun+uγ «мұңың», ilïñ→ il+iñ «елің»), көпшеде-ñiz, -iñiz/-iñiz; қазақ тілінде жекеше және көпшеде: -ң/- ың/- ің; (ағаң/ағаларың, қызың/қыздарың, үмітің/үміттерің), сыпайы тұлғада: -ñiz, -iñiz/-ыңыз (ағаңыз/ағаларыңыз, қызыңыз/қыздарыңыз, үмітіңіз/үміттеріңіз); түрік тілінде: жекешеде -n (baba-n «әкең», anne-n «шешең», ağabey-in «ағаң», oğul-u-n «ұлың», kız-ı-n «қызың», ümid-i-n «үмітің»); жекеше және көпшеде: -nız/-nız, -nuz/-nüz (baba-nız «әкеңіз» /baba-lar-ı-nız «әкелеріңіз», anne-nız «шешеңіз» /anne-ler-i-nız «шешелеріңіз», ağabey-i-nız«ағаңыз»/ ağabey-ler-i-nız «ағаларыңыз», ümid-i-nız «үмітіңіз» / ümid-ler-i-nız «үміттеріңіз») тұлғаларында келеді. Ал сары ұйғыр тілінде екінші жақтың жекеше және көпше тұлғалары бірінші жақпен бірдей болып келеді, яғни дауыстыға аяқталған негізге -η/-iñ (seniñ aqañ «сенің ағаң»/selernïñ aqañ «сендердің ағаларың») жалғанса, дауыссызға аяқталған негіз жалғау қабылдамайды (seniñ tel «сенің тілің»/ selernïñ tel «сендердің тілдерің»).

Тәуелдік жалғауының III жақ жекеше және көпше түрлері көне түркі тілінде: -i/-i, -si/-si (inisi→ ini+si «інісі», oγli→ oγ(u)l+i «ұлы», begleri→ begler+i «бектері», budunī→ budun+i «халқы»); қазақ тілінде: -ы/-і, -сы/-сі (қызы/қыздары, үміті/үміттері, әкесі/әкелері); түрік тілінде: -sı, -si, -su, -sü (babası, dedesi, kuzusu, ütüğü); -ı, -i, -u, -ü (kitabı, kalemi, tuzu, babaları, ağabeyleri, oğulları «ұлдары») тұлғаларында қолданылады. Ал сары ұйғыр тілінде дауыстыға аяқталған негізге -sī/-si (olarnīñ/ golarnīñ aqası «олардың ағасы») дауыссызға аяқталған негізге -i/-i (olarnīñ/ golarnīñ telī «олардың тілі») жалғанады. III жақ көпшеде тәуелдіктің қосымшалары негізге жалғанған көптік жалғауынан кейін келеді. Демек Орхон, Енисей, Талас ескерткіштері тіліндегі тәуелдік жалғауларының тұлғалық сипаты қазіргі тілдерде, мәселен, қазақ және түрік тілдерінде сақталған болса, сары ұйғыр тілінде бірінші жақта тәуелдіктің -m жалғауының біртіндеп жойылуға бет алуы және оның орнын екінші жақтың -ñ/-iñ тұлғаларының басуы, сондай-ақ тәуелденудің көптік және жекелік мәнге қарай сараланбауы басқа тілдің, айталық, қытай тілінің ықпалын көрсетеді, басқаша айтқанда қытай тілінің әсерінен сары ұйғыр тілінің морфологиялық құрылымына терең өзгерістер ене бастағанын аңғартады.

Зат есімнің грамматикалық тұрғыдан өзгеріске түсуінің бір жолы – оның жіктелуі. Сөздің жіктелуі оның грамматикалық үш жақтың әрқайсысына тән жіктік жалғауын қабылдауы арқылы объектінің субъектіге қатысын айқындайды және сөйлем мүшелерінің синтаксистік қарам-қатынасқа түсуін қамтамасыз етеді¹. Жаққа қатысты үш түрлі модификациямен берілетін жіктік категориясымен зат есімдер, субстантивтенген басқа да сөз таптары және етістіктер түрленеді. Жіктік қосымшаларын көне түркі және қазақ, түрік, сары ұйғыр тәрізді қазіргі түркі тілдері арасында салыстырсақ:

VI-IX ғасыр түркі жазба ескерткіштері тілінде зат есімдердің жіктік мағынасы бірінші жақ жекешеде men/ben, +көпшеде miz, biz, екінші жақ жекешеде sen, көпшеде siz жіктеу есімдіктері арқылы беріледі де 3 жақ нөлдік тұлғада қалады: jılanmen

¹ Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. – Б. 448.

«жыланмын», Qırqız oǵlımen «Қырқыз ұлымын (ұрпағымын), jıl teñrimen «жол тәңірімін», aǵsıq-tosıq emez sen «аштықта тоқтықты түсінбейсің» т.б. Орхон, Енисей, Талас ескерткіштері тілінде зат есімдердің жіктік мағынасының жіктеу есімдіктері арқылы берілуі жіктік мағынасының көне түркі тілінде дербес грамматикалық категория ретінде толық жетілмегенін көрсетеді.

Қазақ тілінде жіктік жалғаулары бірінші жақ жекешеді -мын/-мін, -бын/-бін, -пын/-пін (ұлмын, қызбын, студентпін), көпшеде -мыз/ -міз, -быз/-біз, -пыз/-пыз (ұлмыз, қызбыз, дәрігерміз, студентпіз); екінші жақ жекешеді -сың/-сің, -сыз/-сіз (ұлсың, дәрігерсің, студентсің); көпшеде -сыңдар/-сіндер, -сыздар/-сіздер (дәрігерсіздер, студентсіздер, анасыздар) тұлғалы болып келеді.

Түрік тілінде жіктік жалғаулары бірінші жақ жекешеді -ım/-im, -um/-üm (oğulum, doktorum, gazeteciüm), көпшеде -ız/-iz, -uz/ -üz (öğrenciüz, doktoruz); екінші жақ жекешеді -sın/-sin, -sun/-sün (oğulsun, doktorsun, gazetecisin); көпшеде -sınız/-siniz, -sunuz/-sünüz (oğulsunuz, öğrenciysiniz, gazetecisiniz) тұлғалы болып келеді.

Қазақ және түрік тілінде есімдердің I және II жақта жіктелуі негізінен сәйкес түсіп жататын болса, қазақ тілінде III жақта есім сөз жіктіктің жалғауымен көмкерілмейді, яғни жіктеу нөлдік формада болып келеді. Ал түрік тілінде зат есім III жақта -dır/-dir, -dur/-dür; -tır/-tir, -tur/-tür (öğrencidir, doktordur, profesördür) қосымшалары арқылы түрленеді.

Сары ұйғыр тілінде жіктіктің арнайы жалғаулары жоқ, яғни есім сөздер жаққа қатысты жіктелмейді. Жекеше-көпшеге қарамастан, барлық жақ үшін қолданылатын баяндауыштың арнайы аффиксі -tro/-dro (<*turu<turur) есім сөз баяндауыш болған жағдайда сол сөзге қосарланып та, я болмаса түсіріліп те қолданылуы мүмкін¹. Мысалы: Men (sen, ol) atǵı (dro) «Мен (сен, ол) жылқышы». Mis (siler, olar) atǵı (dro) «Біз (сендер, олар) жылқышы».

Демек, көне түркі тілінде жіктік жалғауларының орнына жіктеу есімдіктерінің жұмсалуды, сары ұйғыр тілінде жіктік жалғауларының мүлдем жоқтығы, ал қазақ және түрік тілдерінде

¹ Тенишев Э.Р. Тодаева Б.Х. Язык желтых уйгуров. – Москва, 1966. - С. 18.

жіктік жалғауларының жекелік, көптік мәнге және жаққа қатысты түрленуі жіктік жалғауларының жіктеу есімдіктерінен туындау, даму процесінің көне түркіден кейінгі кезеңдерге тән құбылыс екенін аңғартады.

Жіктік және тәуелдік жалғауларының шығу тегі, әр форманттың жалпыалтайлық архетипі алтаистикалық бағыттағы зерттеулерде жіктеу есімдіктерінің жақтық жіктелісімен байланыстырылады¹:

1. Түркі тілдерінде жіктіктің бірінші жақ жекешедегі -*man/-mun*, -*m/-n*, тәуелдіктің -*m* жалғауларының шығу тегі жіктеу есімдігінің арғыалтайлық 1-жақ **mīn* «мен» тұлғасынан; көпше түрлерінің шығу тегі түрк. **biz*, моңғ. **man/*bida/*tin*, тұңғ.-маньчж. **bul/*buse/*miti* түрінде көрініс беретін арғыалтайлық **bi*- тұлғасынан;

2. Түркі тілдерінде жіктіктің екінші жақ жекешедегі -*san/-sīn/-sīn/-īn* /-*n*, тәуелдіктің -*n*/-*n* жалғауларының шығу тегі түрк. **sin*, моңғ. **tin/čīn/ čī*, тұңғ.-маньчж. **si* түрінде, көпше түрі түрк. **san+iz*, моңғ. **tin+n*; тұңғ.-маньчж. **sin+(t)an* түрінде көрініс беретін арғыалтайлық II жақ жекеше **si* тұлғасынан;

3. Тәуелдік және жіктік жалғауларының жекешедегі үшінші жағының -*i/-sī* /-*in* тұлғаларының шығу тегі түрк., моңғ. **in* және тұңғ. **tan/*ten* түрінде көрініс беретін қалпына келтірілген арғыалтайлық **in* 'ол' жіктеу есімдігінен таратылады.

Г.И.Рамстедт пікірі бойынша, о баста түрк., моңғ., тұңғ. **mīn* «мен», моңғ. **tin* және түрк., тұңғ. **sin* «сен», түрк., моңғ., тұңғ., кор. **in* «ол» тұрпатта болып келген жіктеу есімдіктерінің түбір-негіздері соңындағы -*n* дауыссызын моңғол, тұңғыс-маньчжур тілдері атау септігінде тарихи ерте дәуірлерде жоғалтуының салдарынан, моңғ., тұңғ. *bi* «мен», моңғ. *či* «сен» (көне моңғ. **tī*), тұңғ., маньч. *sī* «сен», маньч. *i* «ол» тұлғалары қалыптасқан. Ал түркі тілдерінде екпін күшінің немесе деиктикалық күшеютудің салдарынан **mīn* және **sin* жіктеу есімдіктері *mān* және *sān* тұлғаларына өзгерген². В.Л. Котвичтің пікірінше, түркі және

¹ Котвич В.Л. Исследования по алтайским языкам. – М., 1962. – С.139-180; Рамстедт Г.И. Введение в алтайское языкознание: Морфология / Пер. с нем. – М., 1957. – С.169-180; Тенишев Э.В. Алтайские языки // Языки мира: Тюркские языки. – М., 1996. – С.11.

² Рамстедт Г.И. Введение в алтайское языкознание: Морфология / Пер. с нем. – М., 1957. – С.69

монғол тілдерінде 3-жақтағы жеке қосымша жоқ, ол тек тұңғыс тілінде сақталған -n: *in > i жоғалтқан¹.

Жіктік және тәуелдік жалғауларының шығу тегін мен, сен, ол жіктеу есімдіктерімен байланыстыратын Г.Й.Рамстедт және В.Л. Котвич пікірлерін қолдай отырып, Н.А.Баскаков алтай тілдеріндегі жіктік және тәуелдіктің 1-жағының көпше түрінің қосымшаларының шығу тегі түркі тілдері үшін: bi (1-ші жақ жекеше түрдегі жіктеу есімдігінің негізі) + z (көптіктің көрсеткіші) тұлғасында жаңғыртылатын biz жіктеу есімдігіне, немесе бірінші жақтағы bi (<*min) және екінші жақтағы si (<*sen) жіктеу есімдіктерінің бірігуінен жасалатын инклюзивті biz <bi+si «мен және сен» есімдігіне барып саятынын айтады. Н.А.Баскаков: «жіктік және тәуелдік қосымшаларының екінші жақтағы көпше түрінің құрамын түркі тілдері үшін: san~sun (2-ші жақ жекеше түрдегі жіктеу есімдігі) + көптіктің көрсеткіші – lar- >- sïnar- sïnar-sïŋ(l)ar-(sï)ŋ(l)ar» – деп көрсетеді. Жіктік және тәуелдік жалғауларының 3-ші жақ көпше түрі тұңғыс-маньчжур тілдерінен басқа барлық алтай тілдерінде жақтың жекеше түрінің аффикстеріне сәйкес келеді. Тұңғыс-маньчжур тілдерінде 3 жақтың көпше түрінің аффикстері ретінде –tan/ -tin/ -ti/ (- ċi) формалары, тұңғыс тілінде жіктіктің 3-ші жақ көпше түрінде -tin аффиксі қолданылады. -(t)an ~ -(t)en көптіктің көрсеткіштері болып табылады» – дейді.²

Сонымен, түркі тілдеріндегі жіктік және тәуелдік жалғауларының шығу тегі толық, немесе қысқартылған, я болмаса фонетикалық өзгеріске түскен нұсқаларда көрініс беретін арғыалтай тіліндегі *min, *tin/*sin, *in тұлғалы жіктеу есімдіктеріне барып саяды.

Септік категориясы – есімдердің түрлену жүйесіне тән грамматикалық категориялардың бірі. Септелу – сөйлемдегі сөздердің септік жалғаулары арқылы бір-бірімен байланысқа түсіп, дәнекерлесуі³. Септік жалғаулары – сөздерді бір-бірімен байланыстыратын түрі көп, мағыналары мен қызметі әр алуан морфологиялық тұлға.

¹ Котвич В.Л. Исследования по алтайским языкам. – М., 1962. – С. 173-174

² Баскаков Н.А. Алтайская семья языков и ее изучение. – М., 1981. – С.60-62

³ Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. – Б. 456.

Септік жалғаулары тек зат есімге немесе зат есімдердің орнына жүретін сөздерге ғана жалғанады. Ал басқа сөз таптарының септік жалғауларын қабылдауы олардың заттануына, яғни субстантивтенуіне байланысты болып келеді.

Түркі тілдерінде септеу жүйесі септіктер санының көптігімен, септік тұлғаларының сан алуандығымен ерекшеленеді. Түркітану, саласындағы зерттеулер бойынша түркі тілдерінде септіктер саны әртүрлі болып келеді, кейбір тілдерде 6, енді біреулерінде 7 немесе 8 септік көрсетіледі¹. Түркі тілдерінің бастау-арнасы ретінде танылатын көне түркі жазба ескерткіштері тіліндегі септік жалғауларының саны жайлы әртүрлі пікірлер қалыптасқан: А.Н.Кононов 11 септікті - негізгі, табыс, барыс-орын, орын-шығыс, шығыс, құралдық, ілік, бағыттық, орын-бағыттық, барыс-бағыттық, барыс-шектік көрсетсе², Ғ.Айдаров 7 септікті - атау, ілік, барыс, табыс, жатыс, шығыс, көмектес/құралды ажыратады³. Орхон, Енисей, Талас ескерткіштері тілінде септік тұлғаларының жасырын тұрып, нөлдік формада келуі де, септік мағынасын дербес сөздердің беруі де кездеседі. Сондай-ақ кейбір бірен-саран қосымшалар тұлғасы жағынан басқа бір септіктің қалыптасқан форманттарына сәйкес келсе, мағынасы жағынан кесесі бір септіктің форманттарына сай келеді, мысалы: -da жалғауы тұлғасы жағынан жатыс септігі қосымшасына ұқсағанмен, мағынасы барыс септігі қосымшасының мәніне сәйкес қолданылады: *ïyaŋda* → *ïyaŋ+da* «ағашқа»:

Атау септігі (негізгі немесе белгісіз) сөз негізіне сәйкес келеді және атау септігіндегі сөзге арнайы жалғау жалғанбайды. Атау

¹ Рамстедт Г.Й. Введение в алтайское языкознание: Морфология / Пер. с нем.-М., 1957; Рамстедт Г.Й. Грамматика корейского языка. / пер. А.А.Холодовича. - М., 1995; Котвич В.Л. Исследования по алтайским языкам.- М.,1962; Санжеев Г.Д. Сравнительная грамматика монгольских языков.- М., 1953; Санжеев Г. Д. Современный монгольский язык.- М., 1960.; Санжеев Г. Д. Старописьменный монгольский язык.- М., 1964; Цинциус В.И.Негидальский язык.- Л.,1982; Пашков Б.К. Маньчжурский язык. - М., 1963; Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Морфология. - М., 1988 т.б

² Кононов А.Н. Грамматика языка тюркских рунических памятников (VIII-IX вв.). - Л.: Наука, 1980. - С.149.

³ Айдаров Ғ. Тоникук ескерткішінің (VIII ғасыр) тілі. - Алматы: Қазақстан, 2000. - Б. 59-62.

септіктің арнайы тұлғасы көне түркі және ортағасыр түркі ескерткіштері тілінде ғана емес, барлық түркі тілдерінде жоқ. Бірақ атау септіктің өзіне ғана тән субстанттық мән білдіретін грамматикалық мағынасы, нольдік формада айқындалып, грамматикалық субъектіні сипаттайтын синтаксистік қызметі болады¹.

Арғыалтайлық және жалпытүркілік тектіл үшін де атау септігі нөлдік тұрпатта жаңғыртылады. Алтай тілдерінде атау септігінің жасалуында кездесетін кейбір ерекшеліктер жеке тілдердің фонетикалық даму заңдылықтарына байланысты болады. Мәселен, түркі және моңғол тілдерінде о баста негізге қатысы болған -п дыбысының қосымшаға қосылып кетуі орын алады: *bi «мен»: ат. сеп. моңғ. bi «мен», іл.сеп. көне моңғ. min-u, қазіргі моңғ. minij «менің»; ат. сеп. түрк. bu «бұл», іл.сеп. minuŋ «мұның»; ат. сеп. моңғ. bajan, түрк. baj «бай», іл. сеп. көне моңғ. bajan-u, қазіргі моңғ. bajni «байдың», түрк. baj-nuŋ «байдың»².

Ілік септігі.

Г.Й.Рамстедт және Н.Роппе ілік септігінің арғыалтайлық бастапқы форманты ретінде *-п тұлғасын көрсетеді³. Н.А. Баскаков барлық алтай тілдерінде ілік септігі форманттарының меншіктік қатынасты білдіретін жұрнақтарға қатысы бар екенін (түркі тілінде -nikі: aŋa-nikі «ағасына тиесілі»; монғол тілінде – jinki: aqajinki; тұңғыс тілінде –ŋi, - nŋi: akani ~aka- nŋi; маньчжур тілінде –inge, - niŋge), алтай тілдерінің көбінде ілік септігі басқа септіктер үшін бастапқы форма болатынын (түркі тілінде барыс сеп. biz-in-ge «бізге»; монғол тілінде жатыс-барыс сеп. xān-ä-dä «ханның жанында»; корей тілінде жатыс сеп. saram-ii-ge «адамда»), сондай-ақ ілік септігіне қатысты сөз тіркесінің типтік конструкциясы орын алатынын (түркі тілінде: qaŋanuŋ oŋly «қағанның ұлы»; монғол тілінде: xān-i xöwün «ханның ұлы») айтады⁴.

¹Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. - Б. 456.

²Рамстедт Г.Й. Введение в алтайское языкознание: Морфология / Пер. с нем.– М., 1957. - С.60

³Рамстедт Г.Й. Введение в алтайское языкознание: Морфология / Пер. с нем.– М., 1957. С.32; Roppe N. On some Altaic forms//CAJ. 1977.N 1. P.57

⁴Баскаков Н.А. Алтайская семья языков и ее изучение. – М., 1981. С.64

Ілік септігінің қалпына келтірілген жалпытүркілік форманты ретінде А.М.Щербак *-in/-in, *-nin/-nin форманттары ерте арғытүркілік тұлғалар ретінде жаңғыртылады².

Көне түркі ескерткіштері тілінде ілік септігінің -in/-in -nin, -nin, -un, -ün, -nun, -nün (adïün→adï+in «аюдың, tonuzin→tonuz+in «доңыздың») және -γ, -ig форманттары (öllig→čöl(l)+ig «шөлінің») қолданылады. Орхон, Енисей, Талас ескерткіштері тілінде ілік септігі тұлғасының жасырын тұрып, нөлдік формада келуі де жиі кездеседі: Kögmen jolï «Көгменнің жолы», tabγač qaγanï «табғаштың қағаны» т.б.

Арғыалтайлық *-n қосымшасына барып саятын түптүркілік *-in түркі тілдерінде *-in/-in, *-nin/-nin, -nun, - tin /- tin, - din /- din, -in, -^ән қосымшалары түрінде көрініс береді: көне түрк. süñ «әскердің», ebiñ «үйдің», qaγanun «қағанның»; чув. tənwən «таудың» < tu «тау», хәрәп «қыздың» < хәр «қыз», šəžijən «тышқанның» < šəži «тышқан» (мұндағы - j- дыбысы – негіз бен қосымша арасын жалғаушы көне дауыссыз), ұйғ.-қыпш. attin «аттың», алт. köldin «көлдің», тув. inektin «сиырдың», қбалқ. qozulayunin «қозыларының» т.б.

Ілік септігінің жалғаулары қазіргі қазақ тілінде -ның/-нің, -дың/-дің, -тың/-тің, түрік тілінде -ın/-in, -un/-ün; -nın/-nin, -nun/-nün, сары ұйғыр тілінде -nïñ, -niñ, -neñ, -tiñ, -diñ тұлғаларында көрініс береді және түбірдің соңғы дыбысын талғап жалғанады. Мысалы: қаз. ердің, ұлдың, жігіттің, қыздың, баланың, аттың (мал), құлынның т.б.; түрік тілінде: erkeğin «еркектің», oğulun «ұлдың», kızın «қыздың», kişinin «кісінің», çocukun «баланың», atın «аттың (мал), qulunun «құлынның» т.б.; сары ұйғ. ernïñ «ердің; еркектің», oğulnïñ «ұлдың», oğlannïñ «жігіттің», qızdïñ «қыздың», kiseniñ «кісінің», mlanïñ «баланың», attïñ «аттың», qulumnïñ «құлынның» т.б.

¹ Щербак А.М. Очерки по сравнительной морфологии тюркских языков: (Имя). – Л., 1977.

² Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Морфология. – М., 1988. – С.89-90

Барыс септігі.

Барыс септігінің арғыалтайлық бастапқы тұлғасы ретінде Г.Й.Рамстедт *-а формативін көрсетеді және оның тұңғыс тілінен өзге алтай тілдерінің барлығында -а немесе -ai және -ga немесе -gai түрінде қолданылатынын айтады ¹.

VI-IX ғасыр түркі жазба мұралары тілінде барыс септігі -а,-е, -қа, -ке, -ru,-rü, -ra,-re- ja-je және -yaru, -gerü, -erü қосымшалары арқылы жасалады: jaz→jazı «дала, алқап» → jazıqa tegi «жазығына дейін», bič→bičük «бесік (ұрпақ)» → besükiñe tegi «бесігіне дейін», qajaqa→ qaja+qa «қияға (қия жарға)», jontınaru→ jont(i)+naru «жылқысына», ebiñerü →ebi+ñerü «үйіне» tüšnekiñe→ tüšneki+ñe «ұясына», subqa→ sub+qa «суға» т.б.

Түркі тілдерінде барыс септігі негізінен -а, -ya/-қа, -ja қосымшаларымен (варианттарымен) көмкеріледі: көне түрк. тауқа «тауға», чув. təva, тат., қырғ., тел. tauya, түрік. daya; көне түрк. қауаңқа «қағанға», шығыс-түрк., батыс-түрк. қауаңқа, чув. хуа,хона; көне түрк. қауапума «қағаныма», қауапунға «қағаныңа», қауапунға «қағанына», батыс-түрк. қауапунға «қағанына» т.б.

Қазақ тілінде барыс септігінің -ға/-ге, -қа/-ке; -а/-е, -на/-не жалғаулары бар: кісіге,балаға, қызға, үйге, ішке, ағашқа т.б. Барыстың а/-е, -на/-не жалғаулары тәуелденген зат есімге жалғанады: ағама, балаңа, бабасына, еліне, жеріне т.б. Ал сары ұйғыр тілінде барыс септігінің жалғауы тек -ya/-ge, -qa/-ke тұлғасында кездеседі: kisege «кісіге», mlaya «балаға», qizya «қызға», jüge «үйге», işke «ішке», atqa «атқа», jiyaşqa «ағашқа», sikke «есікке», aqsaqalya «ақсақалға» т.б. Түрік тілінде барыс септігі -а/-е жалғауларының көмегімен жасалады. Бұл жалғау дауыстыға біткен сөздерге -у- дәнекер дауыссыз арқылы жалғанады: kişiyе «кісіге», çocukа «балаға», qıza «қызға», eve «үйге», işe «ішке», ата «атқа», ağaşa «ағашқа», karıya «есікке», aksakala «ақсақалға». Түрік тілінде тәуелденген зат есімге барыстың -а/-е жалғауы «прономинал -n-» деп аталатын дәнекер дауыссыз дыбыстан кейін жалғанады: çocuğ-u-n-a, köyi-n-e, sa-n-a, o-n-a т.б.

¹ Рамстедт Г.Й. Введение в алтайское языкознание: Морфология / Пер. с нем. – М., 1957. - С.39

Табыс септігі.

Табыс септігінің арғыалтайлық тұлғасы ретінде *-i/-i формативі жаңғыртылады және ол түркі тілдерінде -i /-(i)γ/-nі қосымшалары түрінде көрініс береді деп саналады: sāni, munī (bunī), bizni (жіктеу есімдіктері), көне түрк.: süγ «әскерді», оңтүстік түрк. (түрік.) ebi «үйді», daγi «тауды»; батыс түркі. (тат.) ūjni «үйді», tauni «тауды»; қазақ. тәуелдіктің III жағынан кейін -n: malın, aγasın, atın т.б. Чуваш тілінде дыбыстық даму барысында -a/-ja/-na болып қалыптасқан табыс септігінің форманттары барыс септігімен сәйкес келеді. Мұндағы -j- және -n- дауыссыздары – дәнекер дыбыстар болып саналады: табыс. tava «тауды» және барыс. tava «тауға» < ат. сеп. tu «тау», табыс. хәгva «қызды» және барыс. хәгva «қызға» < ат. сеп. хәг «қыз»¹.

Табыс септігінің көне *-i, -ji қосымшаларының -iγ /-ig /-g түріне өзгеруін Г.И.Рамстедт о бастан-ақ созылықты айтылған -i, -ji жалғауларының тіл дамуының ерте кезеңдерінде -iji/-iji түрінде қосарлана қолданылғанымен түсіндіреді, ал -γ- дыбысын дауыстылар арасындағы дәнекер дауыссыз деп санайды².

Көне түркі ескерткіштері тілінде табыс септігі негізінен -in, -in, -n, -i, -i және -iγ, -ig, -uγ, -üg жалғаулары арқылы жасалады: oγulimīn → oγulim+in «ұлымды», qizimīn → qizim+in «қызымды», qum «құм» → Qara qumīγ, kidizig→kidiz+ig «киізді» т.б.

Қазіргі түркі тілдерінде, атап айтқанда қазақ тілінде табыс септігі -ны/-ні, -ды/-ді, -ты/-ті және -н жалғаулары арқылы жасалады. Мысалы: кісіні, баланы, қызды, үйді, атты, ағашты, ақсақалды және т.б. Табыстың -н жалғауы 3 жақта тәуелденген зат есімге жалғанады: ағасын, баласын, бабасын, елін, жерін т.б. Ал табыс септігі сары ұйғыр тілінде -nī, -dī, -tī және -n жалғауларының көмегімен жасалады. Мұнда да -n қазақ тіліндегідей тәуелдіктің 3 жағындағы -sī/-sī, -i/-i қосымшасымен келген сөзге жалғанады. Мысалы: kise «кісіні», mlanī «баланы», qizdī «қызды», junī «үйді», attī «атты», jiγaštī «ағашты», siktī «есікті», aqsaqalnī «ақсақалды»,

¹ Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Морфология.– М., 1988. – С. 90.

² Рамстедт Г.И. Введение в алтайское языкознание: Морфология / Пер. с нем.– М., 1957. С.37.

mlasın «баласын», juşın «үйін», jiqin «иығын (оның)». Түрік тілінде табыс септігі -i/-i, -u/-ü жалғауларының көмегімен жасалады. Бұл жалғаулар дауыссызға аяқталған негіздерге тура, ал дауыстыға біткен сөздерге -у- дәнекер дауыссыз арқылы жалғанады: kişiyi «кісіні», çocuku «баланы», qızı»қызды», evi «үйді», atı «атты», ağaşı «ағашты», karıyı «есікті», aksakalı «ақсақалды». Түрік тілінде III жақ тәуелдік жалғаулы және меншік мәнді (aitlik eki) -ki жалғаулы сөздерге табыс септігінің жалғауы «прономинал -n-» дыбысын араға салып жалғанады: baba-sı-n-ı, uyu-su-n-u, gözlüğü-ü-n-ü, evdeki-n-i.

Жатыс септігі.

Жатыс септігінің арғыалтайлық *-ta/-tu тұлғасы түркі тілдерінде -da/-de, -ta/-te түрінде көрініс береді. Түркі тілдерінде жатыс септігі көпке дейін орынды ғана емес, іс-әрекет, қозғалыстың кеңістіктегі және белгілі бір уақыт аралығындағы шығу, басталу нүктесін де білдірген: көне түрк. oğuz-da «оғыздарда» және «оғыздардан», шағ. fathuda soñ «жеңістен соң», халаж. hā vida «үйден». Жатыс септігі негізінен орынды білдіреді: көне түрк. taγda «тауға», чув. tura, тат., қаз. tauda, түрік. daγda; көне түрк. tašda «таста, тастардың арасында», батыс-түрк. tašta¹.

Жатыс септігі -ki жұрнағын қосып алу арқылы сындық мағынадағы сөздер жасауға қатысады: taγdaki «таудағы», taštaγi «тастағы», ebdäki «үйдегі». Жатыс септігінің -da, -de қосымшасы мен -ki аффиксінен құралатын > -daki/-deki тұлғалы күрделі жұрнақ түркі және монғол тілдеріне ортақ болып келеді. Салыстырсақ: түрк. üj-degi «үйдегі» ~ монғ. ger-te-ki «үйдегі», түрк. ertedegi «ертедегі» ~ монғ. erteki «ертедегі», монғ. ende «осында, мұнда (бермен қарай)» > endeki «осындағы, мұндағы»².

Жатыс септігінің көне түркі ескерткіштері тілінде қолданылған -da/-de, -ta/-te жалғаулары (aγinın̄ta → aγinın̄+ta «қораңда», talujda → taluj+da «теңізде», tenride → tenri+de «тәңіріде», jatda → jat+da «жат жерде» т.б.) қазіргі түркі тілдерінің барлығында сақталған

¹ Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Морфология. – М., 1988. – С. 91.

² Рамстедт Г.И. Введение в алтайское языкознание: Морфология / Пер. с нем. – М., 1957. – С. 43

деуге болады. Атап айтқанда, қазақ тілінде -да/-де, -та/-те: кісiде, балада, үйде, ағашта, есiкте, ақсақалда т.б.; түрік тілінде -da/-de, -ta/-te: kişide «кісiде», çocukta «балада», qızda «қызда», evde «үйде», işte «іште», atta «атта», ağaşta «ағашта», kapıda «есікте», aksakalda «ақсақалда» т.б.; сары ұйғыр тілінде -da, -ta/-te: ksete «кісiде», mlata «балада», qızda «қызда», jute «үйде», jiyaşta «ағашта», sikte «есікте», aqsaqalta «ақсақалда» т.б.

Қазақ, түрік және сары ұйғыр тілдерінің қай-қайсысында да III жақ тәуелдік жалғауынан кейін жатыс септігі жалғауы жалғанғанда оның алдына -н- дыбысы қосылады. Мысалы: қаз. баласында, үйінде, иығында, т.б.; түрік. çocuğunda «баласында», qızında «қызында», babasında «әкесінде», evinde «үйінде» т.б.; сары ұйғ. mlasında «баласында», jusinde «үйінде», jiqında «иығында (оның)» т.б.

Шығыс септігі. Түркі тілдеріндегі шығыс септігінің -dan/-den, -tan/-ten, din/-dan қосымшаларының арғы тегі жатыстың көне *-da/-ta қосымшасымен байланыстырылып, «жатыстың көне *-da/-ta + -н» құрамды деп саналады. Мұндағы соңғы -н туралы пікірлерде қайшылық кездеседі. Мәселен, Г.Й. Рамстедт -н тұлғасының шығу тегін «бірдеңенің жаны, бір нәрсенің сол, оң, алдыңғы, астыңғы т.б. жағы» – деген мағынадағы jan~d`an~nan сөзімен байланыстырады (-da-jan>-dan- dan>-dan: *oғuzdajan, oғuzdanan, oғuzdandan «оғыздардан») ¹. М. Рясянен -н тұлғасын жатыс септігіне қосылған құрал мәнді септіктің қосымшасы², ал А.Н.Кононов тауан, сауан, оуан есімдіктерінде сақталған бағытты білдіретін септіктің қосымшасы деп біледі³.

Орхон, Енисей, Талас ескерткіштері тіліндегі шығыс септік негізінен -dan, -den, -tan, -ten, -tін, -tін форманттары арқылы жасалады. Кей жағдайда бірдей мән беретін бір қосымшаның фонетикалық варианттары қосарланып келуі де кездеседі: oғuzdantan → oғuz+dan+tan «оғуздан», öñdenjen → öñ+den(jen) «шығыстан», taşdıntan → taş+dін+tan «тыстан (сырттан)» т.б.

¹ Рамстедт Г.Й. Введение в алтайское языкознание: Морфология / Пер. с нем. – М., 1957. С.43

² Räsänen M. Materialien zur Morphologie der türkischen Sprachen//StO. 1957. Bd.21. P. 62-63

³ Кононов А.Н. Грамматика тюркских рунических памятников VII-IX вв. – Л., 1980. – С.158

Шығыс септігі қазіргі түркі тілдерінде, атап айтқанда, қазақ тілінде -дан/ден, -тан/-тен (кісіден, баладан, қыздан, үйден, ағаштан, есіктен, ақсақалдан), тәуелдіктің III жағының қосымшасынан соң -нан/-нен (үйінен, иығынан т.б) жалғауларының көмегімен жасалады. Ал түрік тілінде шығыстың негізгі жалғаулары ретінде -dan, -den, -tan, -ten көрсетіледі: *kışiden* «кісіден», *çocuktan* «баладан», *qızdan* «қыздан», *evden* «үйден», *içten* «іштен», *attan* «аттан», *ağaçtan* «ағаштан», *kapıdan* «есіктен», *aksakaldan* «ақсақалдан» т.б. Ал тәуелдіктің 3 жағында негіз шығыс септігі жалғауымен көмкерілген кезде тәуелдік пен шығыс септігі қосымшаларының арасына «дәнекерлеуші -n- дыбысы» қосылады: *çocuğundan* «баласынан», *qızından* «қызынан», *babasından* «әкесінен», *evinden* «үйінен» т.б. Сары ұйғыр тілінде шығыс септігі негізінен -dan, -tan/-ten және сирек жағдайда -den жалғаулары арқылы жасалады. Сары ұйғыр тілінде тұрақты оралымдар құрамында және шамандық мазмұндағы мәтіндерде сақталып қалған шығыс септігінің «өлі» -dın/-din, -tın/-tin қосымшалары да кездеседі¹: *açatan* «атадан», *mıntan* «мұннан», *jaytan* «майдан», *sikten* «есіктен», *taydan* «таудан», *undunden* «шығыстан (оң жақтан)», *meniktin* «ақшадан, тиын тебеннен», *şulengadin* «шенеуліктен», *jiti qonaqtin* «жеті қонақтан, жеті күннен», *uş uştin* «үш үштен» т.б.

Көмектес септік.

Көмектес септіктің арғыалтайлық *-in/-in тұлғасының түркі тілдерінде бастапқы -in/-in тұрпаты сақталған (салыст.: көне жазба монғол тілінде -run/-urun: ортақ бағыныңқылықтың көсемше тұлғасында көрініс беріп, негізінен «сілтемелік» мән арқалайды. Міселен, *bolurun* «бола отырып, қалыптаса отырып», *ügülerün* «айта отырып»). Арғыалтайлық *-in/-in тұлғасы маньчжур тілінде -i: *gala i žafaха* «қолымен алды», *gala de žafaха* «қолына алды», ал корей тілінде -i- түрлерінде кездеседі². Корей тіліндегі i тұлғалы көмектес септіктің адвербиалдық (үстеуге

¹ Малов С.Е. Язык желтых уйгуров. Словарь и грамматика. – Алма-Ата: «Издательство АН Каз ССР», 1957. – С.171.

² Тенишев Э.В. Алтайские языки // Языки мира: Тюркские языки. – М., 1996. – С.12: Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Морфология. – М., 1988. – С. 105

айналу) мағынасы айқын болып келеді: *tış* «амал, тәсіл», *nā dīsi* «менімше, менше, мен сияқты»; *pandaşı* «қажет, тиіс», *pandaş* «қажеттілік, талап етушілік», *erjempħisī* «айқын емес, күңгірт», *erjempħis* ha «айқын болмау»¹.

Көне түркі тілінде көмектес септік *-in, -in, -n, -γ* форманттары арқылы және *birle* «бірге» лексемасының қолдануынан жасалады: *kölük* → *kölük +ün* «көлікпен», *qīlīcin* → *qīlīci+n* «қылышпен», *subuγ* → *subu+γ* «суымен», *qaγanin birle* «қағанымен», *qırqız birle* «қырғызбен» т.б.

Көптеген түркі тілдерінде көмектес септік көрсеткішінің қызметін атқаратын тұлғалар септік жалғауы ретінде танылмайды, жалғаулық шылаулар ретінде негізгі сөзден бөлек жазылады. Мысалы, көмектес септік сары ұйғыр тілінде «арқылы; бірге» мағынасын білдіретін *večin/velin, vožin/požin, bučin/vužin/ružin* шылау сөзі арқылы жасалатын болса (*kise večin* «кісімен», *mīla velin* «баламен», *qız vužin* «қызбенен», *jusi bučin* «үйіменен»), қазіргі түрік тілінде актив қолданыстағы көмектес септіктің *-la/-le* жалғауы іс- әрекеттің белгілі бір құралдың көмегімен жүзеге асырылғанын, немесе іс-қимылды, әрекетті бірнеше субъекті бірлесе, ортақтаса отырып атқарғанын білдіретін *ile* жалғаулық шылауынан қалыптасқан болып саналады. *-la/-le* дауыссызға аяқталған негізге бірден, ал дауыстыға біткен негізге *-y-* дәнекері арқылы жалғанады. Мысалы: *neyle* «немен», *kalemle* «қаламмен», *arabayla* «көлікпен», *arkadaşıyla* «жолдасымен», *qızla* «қызбен», *babasıyla* «әкесімен» т.б.

Түрік тілінде көмектес септіктің *-la/-le* жалғауы жіктеу есімдіктеріне жалғанғанда, жіктеу есімдіктері ең алдымен ілік жалғауымен түрленеді, сонан соң көмектес септіктің жалғауын қабылдайды: *ben-im-le* «менімен», *sen-in-le* «сенімен», *o-nun-la* «онымен». Түріктің ауызекі сөйлеу тілінде көмектес септіктің *-la/-le* жалғауынан кейін о баста көмектестің төл жалғауы болған, әйтседе өзінің функционалдық қызметін түгелдей жоғалтып, тек *yazın* «жазымен», *ansızın* «күтпеген жерден», *ilkın* «бастапқыда» тәрізді кейбір сөздер құрамында сақталып қалған көмектестің

¹ Рамстедт Г.Й. Введение в алтайское языкознание: Морфология / Пер. с нем. – М., 1957. – С.50

-n көне тұлғасы жамалып, жалғау -lan/-len болып түрленеді: onunlan konuştum (онымен сөйлестім)¹. Көмектес септік қазіргі қазақ тілінде -мен, -бен, -пен; -менен, -бенен, -пенен жалғаулары арқылы жасалады: кісімен, баламен, қызбен, ағашпен, баласыменен, үйіменен, иығыменен т.б. Демек, сары ұйғыр тіліндегі veçin/velin, vožin/rožin, buçin/vužin/pužin «арқылы; бірге» сөзі құрамындағы -in, қазақ тіліндегі көмектес септіктің -менен, -бенен, -пенен жалғауы құрамындағы -ен, ескі түрік тілінде көмектес септіктің жалғауы қызметінде қолданылған -n, -in/-in; -an/-en² тұлғалары арасында көне түркі тіліндегі көмектес септіктің негізгі қосымшасы -in, -in, -n қосымшаларына барып саятын сабақтастық бар деуге болады.

Қазіргі түркі тілдерінде көне *-in/-in формативі негізінен үстеулер құрамында кездеседі: гағ. quşun «қыс ішінде», түрік. jazun «ала жаздай», ұйғ. ärkänin «таңертең ертемен», башқ. kisen «кешкісін», өзб. jazun - quşun «жазы-қысы», якут. soçotoçun «жалғыз өзі»³.

Біріккен септік.

Біріккен септіктің арғыалтайлық *-ly/-li тұлғасы түркі тілдерінде -la/-li, -lan (комитатив) түрінде сақталған. Бұл көне форматив түркі тілдерінде қатар тұрған екі нәрсені қосарлап, біріктіріп көрсету үшін жұмсалады: көне түрк.: inili äçili «інілі ағалы», bağli budunly «бектер мен халық»; ескі ұйғ.: tünli künli «түн мен күн», täñrili jirli «аспан мен жер»; қаз.: ayalı inili «ағалы інілі», erteli keş «ертелі кеш», ülkendi kişili «үлкенді кішілі» т.б. Сондай-ақ -la/-li, -lan қосымшасы қазіргі түркі тілдерінде bir-lä(>bir-lä) «бірге, -мен», bi-län(>bir-län) «бірге, -мен» демеуліктері құрамында да кездеседі⁴.

¹ Korkmaz Z. Türkiye Türkçesi Grameri (Şekil Bilgisi). – Ankara: TDK Yay., 2003. -S.318; Ergin M. Türk Dil Bilgisi. – İstanbul: Bayrak Basım, 1999. -S.237.

² Gabain A.von. Eski Türkçenin Grameri (Çev.M.Akalın). – Ankara: TDK Yay., 2000. - S.64.

³ Тенишев Э.В. Алтайские языки // Языки мира: Тюркские языки. – М.,1996. - С.12: Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Морфология. – М., 1988. - С. 104

⁴ Тенишев Э.В. Алтайские языки // Языки мира: Тюркские языки. – М.,1996. - С.12: Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Морфология. – М., 1988. - С. 105

Директивтік септік.

Нақты бағытты нұсқап көрсететіндіктен, көбіне бағыттық септік деп аталатын бұл септіктің алтай тілдерінде, соның ішінде түркі тілдерінде 2 түрі орын алады¹:

1) арғыалтайлық *-ra/-re/-ru/-rū/-rī/-rī тұлғасы түркі тілдерінде -ra/-re/-ru/-rū/-ru/-rī (ebimrū «үйіме қарай», bārū «бері»; барыс септігімен бірге: taşqaru «тысқары») түрлерінде көрініс береді (салыст.: монғол тілдерінде -ru: golrū, golurū «өзенге қарай, ортасына қарай», qaǵaru~qaru>қалм. xāgān «қайда, қай жаққа»; корей тілінде -ru/-rū, -ro: солт.кор. -ru/-rī: sāni-ru «таумен, тау арқылы», оңт.кор. -rō čibu-ro «үйге»);

2) арғыалтайлық *-ča/-če тұлғасы түркі тілдерінде -ča/-če түрінде көрінеді: көне түрк. tauča, түрік. dauča «таудай» (салыст.: монғол тілдерінде -čai: моңғ. amačai «ауызға дейін», ebüdügčege «тізеге дейін»; корей тілінде -čhai: čipčhai (-kaтта) «үлкендігі үйдей»). Директивтік септіктің бұл түрі негізінен көлемнің немесе мөлшердің бағытын (үлкею, көбею, кішірею, азаю, қысқару) меңзейді.

Қазіргі түркі тілдерінде -ča/-če салыстырудың белгісіне алынып (көне түрк. maǵumunča bol «менің ұстазымдай бол», орта түрк. bu anuŋča «бұл да дәл сондай», қарағас. menša «менше», койб. atče «аттай үлкен, аттай биік»), негізінен үстеуді жасайтын аффикс ретінде қолданылады (қаз. türkçe «түрікше», әзірб. möhkāmčā «қатты», өзб. hozuŋča «әзірб., қазіргі кезге дейін», т.б.)².

§ 2. Зат есім сөзжасамы: зат есім жасайтын негізгі қосымшалар

Қазіргі түркі тілдерінің зат есім сөзжасамы жүйесіндегі қосымшалар негізінен жалпытүркілік тектілік және көне-түркілік тұрпатын сақтаған деуге болады.

¹ Баскаков Н.А. Алтайская семья языков и ее изучение. – М., 1981. – С.65

² Рамстедт Г.Й. Введение в алтайское языкознание: Морфология / Пер. с нем. – М., 1957. – С.52; Тенишев Э.В. Алтайские языки // Языки мира: Тюркские языки. – М., 1996. – С.12; Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Морфология. – М., 1988. – С. 103

* -čī/-čī (-čij),-ču/-čü: Есімдер мен етістіктерге бірдей жалғанып, әлеуметтік-қоғамдықортаның сипатына қарай қандай да бір кәсіп, атақ-дәреже, дағдылы іс-әрекет, қылық-қимыл, әдет иесін, кей жағдайда адамның мекен-жайын білдіретін зат есім тудырушы өнімді * -čī/-čī (-čij),-ču/-čü қосымшасы түркі тілдерінде -čī/-čī/-čü/-ču/-šy/-ši/-su/-sy/-si/-žy/-žu/-zi тәрізді дыбыстық варианттарда кездеседі. Мысалы: көне түрк. bitigčī «бітігші», тат. jazūču, түрік. jazyžu «жазушы», көне түрк. satyču, тат. satyču, түрік. satyžu, чув. sudužə «сатушы, саудагер», balıqčī «балықшы», әзерб. oçuču «жоқтаушы», алт. d'ylkyču «жылқышы», башқ. balyksy «балықшы», гағ. jol žu «жолаушы», карайм. byrğuču «бұрғышы», ққалп. etikši «етікші», қбалқ. qojču «қойшы», ноғ. ańşu «аңшы», қаз. balyqşy «балықшы», тат. kúmerçe «көмірші», сал. malču «малшы», тоф. išši «із кесуші», өзб. balikčī «балықшы», ұйғ. ǒtúk čī «етікші», қаз. ǒtirikši «суайт, өтірікті көп айтатын адам» (с.е.), etikši «аяқ киім тігетін адам» (з.е.), түрік. demirčī «ұста», тув. kizilčī «Қызыл тұрғыны», кбалқ. byllymçu «Былдым тұрғыны» т.б.

Көне түркі тілінде актив қолданыста болған -čī/-čī (-čij), -ču/-čü (ajyučī→ajyu+čī «ақылшы, басшы (айғайшы)», joyučī→joyu+čī «жоқтаушы», tamyačī→tamya+čī «таңбашы», tegmečī→tegme+čī «шабуылдаушы, тиісуші») қосымшасымен тығыз сабақтастықта болып келетін сары ұйғыр тіліндегі -čī/-čī, -žī/-žī қосымшасы есімдер мен етістік негізді сөздерге жалғанып, субъектінің кәсібін, тіршілік-күнкөріс көзін сипаттайтын зат есім сөздерді тудыру қызметін атқарады. Мысалы: qusčī «сиыршы» (< qus/kus «өгіз»), oğurčī «ұрлықшы», atčī «жылқышы», qojčī «қойшы», rītiqčī «жазушы» (< rītiq «бітік, жазу»), егерчī «ерлі-зайыптылар» (< er+er+ čī),), baščī «басшы, бастық», jirčī «жыршы», tergenčī «арбакеш»; tikenži «тікенші (отын жинаушы)», telmiži «тілмәш».

Бұл қосымшамен мағыналық-тұлғалық тұрғыдан сәйкес келіп жататын қазақ тіліндегі -шы/-ші және түрік тіліндегі -cı/-ci, -cu/-cü; -çı/-či, -ču/-čü жұрнақтарының көмегімен бұл тілдерде де әр түрлі кәсіпке, мамандыққа, дағды-машыққа қатысты атаулар жасалады. Қазақ тілінде жұрнақтың екі ғана варианты болса, түрік тілінде дауысты және дауыссыз дыбыс үндестігіне қарай

сегіз варианты қолданылады. Мәселен, қазақ тілінде: аңшы, ойыншы, күзетші, дүкенші, етікші, жолаушы т.б. түрік тілінде: avcı, oyuncu, bekçi, dükkancı, çizmeci, yolcu т.б.

Түркі тілдеріндегі субъектілік мәнді білдіретін -*ci/-ci(-cij)*, -*cu/-cü* формантының этимологиясы жайлы түрлі пікірлер қалыптасқан. Түркі тілдеріндегі -*ci/-ci(-cij)*, -*cu/-cü*, -*ši/-ši* қосымшаларын сын есім тудырушы -*li/-li*, -*dī/-dī*, -*tī/-tī* аффикстерімен сабақтастырған Э.В.Севортян: «...существительные на -*ci* приближаются к производным на -*li*, означая, как и последние, свойства лица или предмета. Действительно, образования типа *ijnadci* «упрямец» от *ijnad* «упрямство» по характеру значения весьма близки к прилагательным типа *abirli* «стыдливый», «нравственный», «приличный, порядочный» от *abir* (обру) «стыд». Весьма приближаются они также к прилагательным на -*ci*, означающим постоянное или устойчивое свойство, присущие предмету. В азербайджанском языке имеется, в частности, параллельная с *ijnadci* форма *ijnadci* в том же значении»¹ – деген ой айтады. А.Н.Кононов та аталған қосымшаны сын есім тудырушы -*šil/-šil* аффиксімен сабақтастырады². Н.А.Баскаков шартты райдың -*ša/-še*, -*ča/-če* қосымшасымен байланыстырса³, Б.А.Серебренников еркелету мәнді -*č/-ci/-cij* морфемасының субъектінің белгілі бір затқа бейімділігі семасын сақтағанын көрсетеді, соған орай адамның белгілі бір кәсіпке, іс-әрекетке бейімділігін білдіретін -*ci/-ci(-cij)*, -*ši/-ši* форманты мен еркелету мәнді -*č/-ci/-cij* формантымен генетикалық сабақтастықта қарастырады⁴. Ғалым пікірі бойынша, -*ci/-ci(-cij)*, -*ši/-ši* қосымша морфемасының кәсіпті білдіретін мәні архисема емес, ол қалыптасқан дағды мен бейімділікті де білдіреді, бір құрамды -*č* морфемасы да аталған форманттың бір варианты болуы мүмкін. Демек көне түркілік -*ci/-ci(-cij)*, -*cu/-cü*, қазақ тіліндегі -*ši* /-*ši* және түрік тіліндегі -*ci/-*

¹ Севортян Э.В. Аффиксы именного словообразования в азербайджанском языке. Опыт сравнительного исследования. – М.: Наука, 1966. – С. 84.

² Кононов А.Н. Грамматика современного турецкого литературного языка. – М. -Л., 1972. – С.103.

³ Баскаков Н.А. К вопросу о происхождении условной формы на -са, -се в тюркских языках// Академику Р.А. Гордлевскому к его 75-летию. – М.-Л., 1953. – С.60.

⁴ Серебренников Б.А. Историческая грамматика пермских языков. – М., 1963. – С.3-4.

сі /-čü/-čü/-žī/-ži/-žu/-žü қосымшаларының әр түрлі дыбыстық варианттарға жіктелуі тіл даму процесінің нәтижесі болатын болса, мағыналық-тұлғалық жақтан олармен толық сәйкес келетін сары ұйғыр тіліндегі -či/-či жұрнағы және оның өнімсіз -ži/-ži варианты туралы: «тілдің консервациялануы нәтижесінде жалпытүркілік тек тілге барып саятын ең көне тұрпатты сақтап қалған қосымша» деуге болады.

*-γ/-g, -ïγ/-ig: Түркі тілдерінде зат есім тудырушы -γ/-g, uγ/-üg, -ïγ/-ig форманттарының А.Н.Кононов алты түрлі мағынасын көрсетеді: «1) со значением названия акта процесса: bilig «знание» (bil «знать»), ötüg «просьба, мольба» (*öt «иолить, просить»); 2) со значением результата действия: ülig~ ülüg «часть, доля» (*ül «делить»), ölig ~ölüg «мертвый, мертвец» (öl «умирать»); 3) со значением объекта действия: qarïγ«ворота» (qar «закрывать»); 4) со значением действующего лица, субъекта действия: körig~körüg«соглядатай» (kör «видеть»); 5)со значением места действия: keçig «переправа, брод» (keç «проходить, переходить»); erig jirtä «в том месте где пребывают», «место стоянки» (er «быть»); 6) со значением лрудия действия: sünüg «копье» (sün «войско»)¹.

Н.А. Баскаков -γ/-g, -q/-k, -uγ/-üg, -uq/-ük, -ïγ/-ig, ïq/-ik морфемалары генетикалық жағынан -qaq/-yaq, -kek/-gek және осы модельдің қысаң дауысты варианттары -γïq/-gik, -vïk/-vik формаларынан қысқарғанын тіл фактілері негізінде көрсетеді. Ғалым осы жұрнақтың бәрі бір тұлғадан өрбіген, бір аффикстің варианттары болып есептелінеді дей отырып, taqyaq «тарақ» сөзі М.Қашқаридың сөздігінде taraq, oγyaq «орақ» ұйғыр тілінде oγjaq түрінде қолданылатынын көрсетеді². Қазіргі түркі тілдеріндегі qaïiq «қайық», qulaq «құлақ» сияқты кейбір сөздердің де көне түркі тілінде qaïïiq, qulqaq тұлғасында айтылғаны белгілі. Мұндай құбылысты сары ұйғыр тілінен де кездестіруге болады: žïyaq «жақ», uγyaq/oγyaq «орақ».

Бұл қосымша көне түркі ескерткіштері тілінде -γ/-g, -q/-k, -uγ/-üg, -uq/-ük, -ïγ/-ig, ïq/-ik, -aq/-ek, -aγ/-äg формасында кездеседі:

¹ Кононов А.Н. Грамматика языка тюркских рунических памятников (VII-IX вв.). – Л.: Наука, 1980. – С.88.

² Баскаков Н.А. Каракалпакский язык. Т.П. Фонетика и морфология. – М., 1952. – С. 402-403.

artuq→art+uq «артық» azuq→*az+uq «азық-түлік, тамақ»; bilig → bil+ig «білік, білім», körüg → kör+üg «хабаршы, елші», qaraу → qara+у «қарауыл, күзет», қаруу→ қар+уу «қақпа, есік», қақіу → қақі+у «ашу-ыза, кек». М. Қашқари -q/-k жұрнағы бар сөздерді масдарлар тобына жатқызумен қатар, олардың есім мәнінде де қолданылатындығын айтады¹.

Сары ұйғыр тілінде -q/-k, -γ/-g, -ïq/-ik, -ïγ/-ig, -ak/-ek қосымшасы негізінен етістіктерге жалғанып, есім сөз жасайды және мағыналық-тұлғалық жақтан қазақ тіліндегі - q/-k, -ïq/-ik -aq/-ek, түрік тіліндегі -ak/-ek, -ïq/-ik, -k өнімді қосымшаларымен толық сәйкеседі. Мәселен, сары ұйғыр тілінде: аүгіқ / аүгігіқ / аүгігіқ «ауру»; issig аүгігіқ «безгек (тиф)», азіқ/азуқ «азық, жем-шөп; ас-тағам», асіу «қалдық, сарқыншақ, жұрыншақ», еміу «емшек», емісііқ «емізیک (жас балаға, төлге арналған)», етік «етек (көйлектің етегі)»; қавақ «кеңсірік»; қазақ тілінде -q/-k, -ïq/-ik -aq/-ek: азық, бұйрық, тұрақ, жорық), арық (су ағар), желек, емізік, етек, бұғақ, сұрақ, құрақ, кеңсірік т.б.; түрік тілінде: -ak/-ek, -ïq/-ik, -k: yemek «азық, тамақ», buyruk «бұйрық», gıdık «бұғақ», bulak «бұлақ», sıǵınak «жабынтық; ықтасын;», uşak «ұшақ», aksırık «түшкірік» т.б. . Демек, көне түркі дәуірінде қимыл атауын, зат есімдер мен сын есімдер жасауға қатысқан -q/-k, -γ/-g, -ïq/-ik, -ïγ/-ig жұрнағы қазіргі түркі тілдерінде, атап айтқанда сары ұйғыр, қазақ және түрік тілдерінде әрі зат есім, әрі сын есім тудыруға қабілетті қосымша морфема ретінде сақталып отыр.

*-lïγ/-lïq: М.Қашқари тілінде, көне ұйғыр ескерткіштері мен шағатай тілінде -luq/-lük, -luγ/-lüg -lïγ/-lig, -lïq/-lik қосымшалары кеңінен қолданылғанымен, VII-IX ғасыр түркі мұраларында сирек кездеседі². Оның себебін аталған қосымшаның субъстантивтену, адекъективтену үдерістеріне ықпал ететін көпфункционалды табиғатымен түсіндіруге болады. Көне түркі тілінде: baslïγ→bas+lïγ «басшылық, бастық», jaŋluq→jaŋ+luq «жаңылыс, қателік».

Түркі тілдерінде -ïγ/-lïq/-lik (дыбыстық варианттарымен) ертеден келе жатқан өнімді есім тудырушы аффикс саналады.

¹ Кашгари М. Девону лугат и түрк. Т. II. – Ташкент, 1963. - С. 54 -55.

² Кононов А.Н. Грамматика языка тюркских рунических памятников (VII-IX вв.). – Л.: Наука, 1980. - С.88.

Мысалы: орта түрк. otluq «малға жем-шөп салатын астау», čeŋtklik «гүл салғыш», jaŋačlıq «ағашты (жер)», ūġurlıŋ «тарықап, тары сақтайтын орын», өз. kŋplik «көптік», dařlik «жазық», құм. budajlıq «астық алабы», arıvlik «сұлулық», қар. almalıx «алма ағашы», ноғ. jamanlıq «жамандық, жауыздық», башқ. qomloq «құмды», тат. sukirlik «соқырлық», kajenlik «қайың ағашы», әзерб. ūzŋmlŋk «жүзімдік», bařalıŋ «өзгешелік», қаз. dostıq «достық», kisilik «кісілік», қырғ. řaqřiliq «жақсылық», burunluk «мұрынтық», ұйғ. balalik «балалық», сал. ařlıx «астық», чув. řullax «тастақ», як.řistıq «қыстақ» т.б

Түркі тіл білімінде -laq/-lek, -laŋ/-leg аффиксінің фонетикалық варианттары саналатын -daq/-dek, -taq/-tek, -tiq/-tik, -liq/-lik қосымша морфемасының жалаң немесе құранды жұрнақ екені жайлы бірізді пікір қалыптасқан жоқ.

-liŋ/-liq алтай тілдеріне де ортақ қосымша саналады. Алтайтанушы және түркітанушы ғалымдардың дені -liq/-lik қосымшасын көптіктің -l көрсеткішінен және қосарлау мәніндегі -iq/-ik жұрнақтарынан тұратын құранды қосымша (-liq/-lik > (*-l+*-iq) / -lik (*-l+ *-ik) деп санайды және оның «бір нәрсенің жинақталуын, мол екенін, көп шоғырлануын» білдіретін мағынасын біріншілік, ал онан басқа да мағыналарын семантикалық дамудың нәтижесінде пайда болған екіншілік мағыналар ретінде қарастырады¹.

Есімдер мен етістіктерге жалғанып есім сөздер жасайтын -luq/-lŋk, -luŋ/-lŋg, -liŋ/-lig, -liq/-lik жұрнағы сары ұйғыр тілінде -liq/-lik, -liŋ, -tiq, diq, қазақ тілінде -liq/-lik, -diq/-dik, -tiq/-tik, түрік тілінде -lik/-lik, -luk/ -lŋk нұсқаларында қолданылады. Мысалы: сары ұйғыр тілінде: -liq/-lik, -liŋ, -tiq, -diq ajliŋ «аяғы ауыр әйел, жүкті әйел», qazdiq «қабық», astıq «той, мереке», řırŋaŋliŋ «баршылық», aŋilliŋ «ауылдас, жерлес», emdiq/ŋmdiŋ «аттың кекіліне байлайтын жасыл немесе қызыл таспа», arŋaŋliŋ «арқалық (матаның тілік жасалып, түгі қалдырылған беті)» т.б.; Қазақ тілінде -liq/-lik, -tiq/-tik, -diq/-dik: достық, кісілік, байлық, сұлулық, апталық, мұрындық, шоқтық, әмеңгерлік т.б.; Түрік

¹ Рамстедт Г.Й. Введение в алтайское языкознание: Морфология / Пер.с нем. – М., 1957. С. 203; Константинова О.А. Эвенкийский язык. – М. – Л., 1964.- С.89.

тілінде: *lik/-lik, -luk/ -lük*: *ağırlık* «ауырлық», *başlık* «бас киім», *güzellik* «сұлулық», *tuzluk* «тұз сауыт», *güçlük* «қиындық», *şairlik* «ақындық», *uzmanlık* «мамандық», *dostluk* «достық», *zenginlik* «байлық» т.б.

*-n: Зат есім тудыратын көне *-n (*-an/-en/-in/-in,-un/-ün*) қосымшасының көмегімен негізінен қимыл иесін (субъектіні), қимылдың, іс-әрекеттің атын білдіретін сөздер жасалады. Бұл қосымша Орхон-Енисей ескерткіштері тілінде (VI–IX ғ.) *an/-en, -in/-in,-un* тұлғаларында көрініс береді: *kelin*→**kel+in* «келін», *oγlan*→*oγ(u)l+an* «ұл, ұлан», *eren* → *er+en* «ер, еркек, батыр (ерен ер)» т.б.

Сары ұйғыр тіліндегі *-en, -in/-in, -un*, қазақ тіліндегі *-an/-en, in/-in*, түрік тіліндегі *-an/-en, -in/-in,-un/-ün* форманттары арқылы жасалған сөздердің мағынасы көнетүркілік *-an/-en/-in/-in,-un/-ün* қосымшалары арқылы жасалған лексемалардан көп ерекшеленбейді, дейтұрғанмен қосымшаның сөзжасамдық белсенділігінің артуына байланысты мағыналық жақтан кеңуі байқалады. Мысалы: сары ұйғыр тілінде *-en, -in/-in, un*: *qazın* «қайын жұрт», *alın* «маңдай», *ūdun* «мәйіт», *egen/ jegen /jigen* «жиен», *erken* «үйде қолда өскен жылқы (сатып алынбаған)», *žigin* «иық», *igen* «иін», *iten* «малдың шуы» т.б.; қазақ тілінде: *-an/-en, in/-in*: *ерін, жайын, жылан, құлан, құлын, бұлан, құтан, шыбын, қайын, жиен* т.б.; Түрік тілінде *-an/-en, -in/-in,-un/-ün*: *gelin* «келін», *kadın* «қатын», *yiğen* «жиен», *torun* «немере», *bakan* «министр», *çoban* «шопан», *yaуın balığı* «жайын», *sazan* «сазан», *basın* «баспа; ақпарат құралы», *ekin* «егін», *sorun* «мәселе» т.б.

Жалпы түркі тілдерінде, соның ішінде сары ұйғыр, қазақ және түрік тілдерінде *-an/-en, in/-in* формантының морфемалар жігі айқын еместігі және олардың түбір морфеманың мағынасы күңгірт дисиллабтар құрамында да жиі кездесуі бұл қосымшаның тарихы түркі тілдері дамуының ең ежелгі, түркілікке дейінгі кезеңінен бастау алатынын көрсетеді.

*-γu: Қазіргі түркі тілдерінде, соның ішінде сары ұйғыр тілінде *-γi/-gi, -ki*, қазақ тілінде *-γi/-gi*, түрік тілінде *-gi, gu/-gü, -ki/-ki* тұлғалары негізінен есім сөздер мен үстеулер жасайтын қосымша морфема болса да, кей жағдайда зат есім тудырады

және көне түркілік -үи формантымен тұлғалық-мағыналық сәйкестік түзеді. Мысалы: Орхон-Енисей ескерткіштері тілінде (VI-IX ғ.) -үи: ајүи→ај+үи «ақылшы, кеңесші (айқайшы)», ајүи→ај+үи «ақылшы, кеңесші (айқайшы)», qadıу → qad+үи «қайғы», qaraүи→qara+үи «соқыр» т. б.; сары ұйғыр тілінде -үй/-gі, -ki: ајүйі «айқайшы, жеткізуші (шаман. күн мен ай туралы)», ezeңgі «үзеңгі», itki «көк желке, қарақұс», ičeki /içiki «ішек, ішек-қарын»; Қазақ тілінде -үй/-gі: бұрғы, сүзгі, сүңгі, шалғы, шаңғы, үзеңгі т.б.; Түрік тілінде -gi, gu/-gü, -ki/-ki: silgi «сүлгі», vergi «салық», duugu «сезім», görgü «тәжірибе», baskı «жаншылған зат (пресс)», keski «кесетін құрал» т.б. Бұған қарағанда -үй/-gі, -ki/-ki, -үи/-gü қосымшалары бір кездері етістіктің грамматикалық бірліктеріне қатысты да, етістіктен зат есім тудыру амалдары ретінде де қолданылуы мүмкін.

М.Томанов қазіргі түркі тілдеріндегі -qı/-qıj (түркімен: ataқı «ата, әке», тува: авақı «ана») және -qa/-ke (қырғыз: ateke, šešeke, erke т.б.), -qaj (өзбек, қазақ: balaqaj, татар: quwanqaj «қоян») қосымшаларының семемдік құрамындағы еркелету, кішірейту мән олардың барлығына ортақ екенін айтады¹. Сары ұйғыр, қазақ және түрік тілдеріндегі -qu/-kü, -yu/-gü қосымшаларымен генетикалық байланысы бар қосымша морфемалар қатарына «көне түркілік -q/-k, -y/-g-нің фонетикалық варианты саналатын қазіргі түркі тілдеріндегі қимыл есімін жасайтын -w(-aw/-ew) қосымшасын»² да жатқызуға болады.

* -m /-im /-im: Қазіргі түркі тілдерінде, айталық, қазақ тілінде -m /-im /-im, түрік тілінде -m /-im /-im -um /-üm, сары ұйғыр тілінде -m /-im /-im, тұлғаларында кездесетін зат есім тудыратын қосымша морфема негізінен іс-әрекет қимылдың нәтижесін, сандық өлшем мен мөлшерді, қимылдың жекелеген актілерін атау қызметінде жұмсалады және Орхон-Енисей ескерткіштері

¹ Томанов М. Тіл тарихы туралы зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 2002. – Б. 282-283.

² Левитская Л.С. Историческая морфология чувашского языка. – Москва, 1976. – С. 162; Кононов А.К. Грамматика языка тюркских рунических памятников (VII-IX вв.). – Ленинград, 1980. – С. 97; Томанов М. Қазақтілініңтарихи грамматикасы. – Алматы, 1981. –191-бет; Хасенова А. Етістіктің лексика-грамматикалықсипаты. – Алматы, 1971. – Б. 196, т.б.

тіліндегі (VI–IX ғ.) -īm/-im,-um/-üm қосымшасымен мағыналық-тұлғалық толық сәйкестік түзеді.

Көне түркі тілінде -īm/-im,-um/-üm форманты бірнеше мағынады жұмсалады: «1) Мөлшер мен өлшемдік мағынада жұмсалады; 2) Іс-әрекеттің нәтижесін көрсетеді; 3) Заттық атауды, объектіні білдіреді; 4) Кейде субъект мағынасында да қолданылады; 5) Процесс және оның нәтижесін білдіреді»¹. Мысалы: *tusum*→*tus+um* «пайда (түсім)», «пайда, түсім», *kedim*→*ked+im* «киім», «сауыт, қару-жарақ», «ертұрман, жабу», «киім», *barim*→*bar+im* «байлық, барлық», *batim*→*bat+im* «батым». А.Н.Кононов ескерткіштер тіліндегі -īm/-im,-um/-üm қосымшасын өнімсіз жұрнақтар қатарына жатқызады². Әйтседе жазба ескерткіштер тілінде -īm/-im,-um/-üm форманттары арқылы етістіктерден жасалған зат есімдердің сирек қолданылуы бұл қосымшалардың өнімсіздігінен емес, сол кездегі мәтін авторының стильдік қолданысына байланысты болуы мүмкін, себебі қосымшаның қазіргі түркі тілдерінде мағыналық және қалыптасқан сөзжасамдық модель ретіндегі кең тыныстылығына зер салсақ, -īm/-im,-um/-üm сирек қолданылатын өнімсіз жұрнақтарға ұқсамайды.

Етістіктің негізіне жалғанып, зат есім тудыратын -ma/-me қосымшасы жалпы түркі тілдері бойынша бірнеше мәнде жұмсалады: 1) қимыл, әрекет йесін білдіретін сөздер жасайды; 2) заттың орнын және атауын білдіреді; 3) қару-жарақтың, құралдың атын білдіреді; 4) іс-әрекеттің объектісін білдіреді; 5) іс-әрекет нәтижесін білдіреді. Көне түркі тіліндегі -ma/-me жұрнағы (*jalma*→*jal+ma* «сауыт», *jatıma*→*jatı+ma* «жатақ», *jelme*→*jel+me* «шолғыншы, шолғын (желме)», *körigme*→*körig+me* «құмар/құмартушы»), сары ұйғыр тілінде -ma, -ba, -pa (*turma* «тұрма/шалқан», *somba* «шүйке; шумақ», *soqpa* «ботқа»), қазақ тілінде -ma/-me,-ba/-be,-pa/-pe (баспа, бөлме, көрме, қазба, тоспа т.б.) түрік тілінде (*doğma* «туылу, туылым», *görüſme* «кездесу,

¹ Есенқұлов А. Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі қосымшалар. – Алматы: Ғылым, 1976. – Б. 89-90.

² Кононов А.Н. Грамматика языка тюркских рунических памятников (VII-IX вв.). – Л.:Наука,1980. – С.93.

жолығыс») тұлғаларында кездеседі. Жұрнақтың сары ұйғыр және қазақ тілдеріндегі қатаң варианттары түркі тілдері дамуының көне түркіге дейінгі кезеңінен қалған белгілер болуы да мүмкін.

Жоғарыдағы қосымшалардың сыртында қыпшақ және оғыз тобы тілдерінде, соның ішінде қазақ және түрік тілдерінде, сондай-ақ сары ұйғыр тілінде көне түркі жазба ескерткіштері тіліндегі -is/-īs, -us/-ūs; -ma/-me; -č; -nč; -qış/-kiš; -sīq/-sīγ, -suq/-sūk, -šīγ/-šīγ, -daš/-diš/-diš/-dič/-dič тәрізді жұрнақтармен сәйкес түсіп жататын қосымшалар арқылы жасалған сөздер молынан кездеседі. Олардың бойында варианттылық жіктелімге байланысты ерекшелік болуы мүмкін. Мысалы: түркі тілдерінде етістік негіздеріне жалғанып, қимылдың амалын немесе іс-әрекет мәнерін білдіретін -is/-īs -uš/-üş қосымшасы көне түркі тілінде -is/-īs -uš/-üş (tegis→teg+is «ұрыс, шабуыл (тиіс)», uruš→ur+uš «ұрыс», sūñuš→sūñ+ üš «соғыс»), сары ұйғыр тілінде -īs (adžaqīs «ошақ» <ot +žaq, aγīs «кез (өлшем атауы)», alqīs «алғыс, бата»), қазақ тілінде -īs/-is (алғыс, атыс-шабыс, күнкөріс, жүріс-тұрыс т.б.), түрік тілінде -iŝ/-iŝ, -uŝ/-üş (bakış «көзқарас», giriş «кіріс», dönüş «оралу», uçuŝ «ұшу») тұлғаларында көрініс береді

Қорыта айтқанда, қосымшалардың эволюциялық дамуы олардың тұлғалық өзгерістері, мағыналық тұрақтылығы немесе өзгергіштігі, көп функционалдылығы немесе бір ғана қызметте қолданылуы, тұлғалық және семантикалық жағынан сараланып бірізге түсуі тәрізді күрделі процестерді қамтиды. Олай болса сары ұйғыр, қазақ және түрік тілдеріне ортақ зат есім тудыратын жұрнақтарбойынан VI-Хғасырлардағы түркі тілінің 1400-1500 жыл көлеміндегі тарихи даму барысына сәйкес қалыптасқан кейбір дыбыстық өзгерістер көрініс бергенімен, аффикстердің мәні мен қызметі, морфологиялық ерекшеліктері негізінен ескерткіштер тіліндегі есім сөз жасайтын қосымшаларға сәйкес келіп жатады деуге болады. Дейтұрғанмен көне түркі ескерткіштері тіліндегі зат есім тудырушы жұрнақтар бойындағы ерін үндестігінің түрік тілінде толықтай, сары ұйғыр тілінде жарым-жартылай, ал қазақ тілінде мүлдем сақталмауының өзіндік себептері де жоқ емес. Егер қазақ тілінде зат есім жұрнақтары ғана

емес, жалпы қосымшалар жүйесінде ерін үндестігіне сай келетін форманттардың тарамдала, жете дамымауына орыс орфографиясының ізімен жасалып, қалыптасқан емле-ережелер жүйесі мен орфографиялық норманың тікелей әсері болды десек, сары ұйғыр тілінде езулік тұлғалы қосымшаларға қарағанда еріндік тұлғалы қосымшалардың орнықтауын сары ұйғыр тілінің біртіндеп «сіріленуге» (консервациялану) ұшырауымен, соның салдарынан қосымшалар қатарының да жетілудің орнына, керісінше үнемделіп, ықшамдала түсуімен байланыстыруға болады. Демек Орхон-Енисей жазба ескерткіштері тіліндегі зат есім жұрнақтарының сары ұйғыр, қазақ және түрік тілдерінде варианттық жіктелімге түсу-түспеуі – IX ғ. кейінгі кезеңдерде әр қайсысы жеке дербес этностардың тілі ретінде қалыптасып, дамыған осы тілдердің морфологиялық құрылымы мен сөзжасам жүйелерінің өзіндік ерекшеліктерінен туындайды деуге болады.

§ 3. Сын есім және оның грамматикалық категориялары

Заттың, құбылыстың, кейде іс-қимылдың қалыпты жағдайдағы сан алуан сын-сипаттық қасиетін білдіретін сөздердің лексика-грамматикалық тобы сын есім сөз табын құрайды.

Сын есімдер семантикалық сипаты бойынша белгілі бір заттың әр түрлі сапалық белгісін, сыр-сипатын, қасиетін, көлемін, ауқымын, түр-түсін және белгілі бір басқа затқа, құбылысқа, іс-әрекетке қатыстығын білдіріп, көбіне зат атауын анықтап тұрады. Сын есімдердің маңызды белгілері: заттың түр-түсін білдіреді; заттың көлемдік-ауқымдық, салмақтық белгісін, сынын білдіреді; заттың сапалық белгі, сипатын білдіреді; заттың дәмі, исі және басқа сипаттарына байланысты белгілерін білдіреді; затқа, қимыл, іс-әрекетке, мезгіл-мекенге қатысты сынды білдіреді¹.

Морфологиялық табиғаты жағынан басқа есім сөздерге қарағанда сын есімдердің түрлену парадигмасы шағын болып келеді. Мәселен, шырай категориясы сын есімдердерді толық қамтитын түрлену жүйесі емес, сын есімдердің бір ғана мағыналық топтарына – сапалық сын есімдерге ғана тән, қатыстық

¹ Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. - Б. 460.

сын есімдер шырай формасымен түрленбейді. Көптік, тәуелдік, жіктік, септік жалғаулары сын есімдердің субстантивтеніп, зат есімнің орнына жұмсалған тұлғаларына ғана жалғанады. Сөйлем құрамындағы сын есімдерге септік, көптік, тәуелдік, жіктік жалғауларының бірі жалғанатын болса, ол лексема сын есімдік сапасынан ажырайды.

Түркі тілдеріндегі сын есімдер жүйесі мән-мағынасы жағынан, субстантивтенуге бейімділігі жағынан зат есімдермен сабақтастықта болса, қызметі жағынан есімше категориясымен, кейде үстеу категорияларымен ұштасып жатады.

Сын есімдердің кейбір түрлерінің есімшелермен немесе үстеулермен сабақтастығы сын-сапаны білдіретін лексемалық топтардың әрі сын есім, әрі зат есім, кейде есімше, кейде үстеу ретінде қалыптасуы тілдің интралингвистикалық даму үдерістеріне сай танымдық-логикалық негізде жүзеге асатын құбылыс. Мысалы, ақ– түр-түсті білдіретін сын есім, ақ– сүт тағамдарының жалпы атауын білдіретін зат есім; көк– түр-түсті білдіретін сын есім, көк– аспан әлемінің атауын білдіретін зат есім.

Түркі тілдерінде сын есім сөз табы тұрақты емес, зат есім мен үстеуге жеңіл ауыса алады. Зерттеу жұмыстары сын есімнің үстеумен жақындығы якут, қазақ, қырғыз, түрік, чуваш, татар, гағауыз, өзбек, ескі осман тілдерінде анық байқалатынын көрсетеді (Д.И.Чиркочев, Г.Г.Мусабаев, Б.Д.Уметалиева, Л.А.Покровская, Н.К.Дмитриев, Ф.Г.Исхаков, А.Эйвазов, Г.С.Абдурахманов, В.Г.Гузев т.б.)

Есімдер жүйесіндегі сын есімдердің дербес сөз табы ретінде даралануы есім тұлғалардың анықтауыштық қызметке ие болуына, соның нәтижесінде сындық-сапалық мазмұнның тұрақталуына негізделеді. О баста заттық-сапалық біртұтас мағыналы атау сөздің бертін келе заттардың, құбылыстардың типтік белгілеріне қарай зат атауларына, өзіне тән қасиетіне байланысты сындық белгілердің атауына ажырауының нәтижесінде зат есім мен сын есім жеке-жеке сөз табы ретінде қалыптасқанын лингвист-

мамандардың көбі мойындайды Мәселен, Э.Р.Тенишев «зат есім мен сын есімдердің негізінде бұрынғы кездерде заттық-сапалық мағыналарға жіктелмеген есім болды, кейіннен ол заттың атау және сын белгінің атауы болып дараланды» – дейді¹. Т.М.Гарипов: «түркі тілдерінде о бастағы есімнің біртұтас категориясынан сын есімдердің морфологиялық жіктеліске түсіп, қарқынды түрде бөліне бастауы зат есім мағынасының екіге жарылуына әкеп соқты, осылайша сыртқы тұрпаты бірдей болғанымен мағынасы жаңа сөздің туындады, яғни омоним сөздер пайда болды. Ол сөздер мағыналық тұрғыдан сын есім категориясы шеңберінде кристаллизацияланып, өзіне о бастағы есімнің сыртқы түрін де, тұлғалық көрсеткіштерін де иемдене бастады» – дейді². Түркологтардың көбісінің пікірінше, сын есімнің дербес категория болып зат есімнен бөлініп шығуы кейінгі кезеңдердегі процесс. Зерттеушілер арасында жалпытүркілік тектіде сын есімдердің жеке сөз табы ретінде жұмсалудың мүмкіндігін мүлдем жоққа шығаратындар да кездеседі. Деседе түркі тілдеріндегі көптеген сын есім жұрнақтарының көнелігі сондай, олардың бастауын түптүркілік кезеңнен іздестіретін пікірлер де орын алады³.

А.М. Щербак сын есімдердің өздеріне ғана тән морфологиялық көрсеткіштері болмағандықтан, түркілік тектіде олардың дербес, лексика-грамматикалық есім сөздер бола алуы мүмкін емес айтады. А.М. Щербактың пікірінше, сын есімдер екі жолмен жасалды: зат есімдердің мағыналық-функционалдық трансформациялануы арқылы және сын есімдерді тек түбір – негіз деңгейінде ғана емес, сонымен қатар туынды форма деңгейінде де басқа сөз таптарынан шектеп тұратын автономды морфологиялық жүйенің қалыптасуы арқылы⁴.

¹ Тенишев Э.Р.Строй саларского языка. – М.: Наука, 1976. - С. 250.

² Гарипов Т.М. Башқирское именное словообразование. – Уфа: БФАН СССР, 1959. - С. 117.

³ Серебренников В.А., Гаджиева Н.З. Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. – М.:Наука, 1986. - С. 110.

⁴ Щербак А.М. Очерки по сравнительной грамматике тюркских языков. (Имя). – М.:Наука,1977. - С.109

Э.В.Севортян V-VIII ғғ. көне түркі тілінде кездесетін сын есім тұлғаларын қарастыра келіп, сын есімдердің зат есімнен іргесін бөлу процессі сол кезде де жүрілгенін, зат есім мен сын есімге ортақ тұлғалардың сыртында, тек сын есімге ғана тән тұлғалардың болғанын айтады¹

Заттық-сапалық атаулардың біртіндеп заттық мағыналарын жоғалту құбылысының сілемдері қазіргі түркі тілдерінде сын есімдердің семантика-функционалдық қолданыс аясынан айқын байқалады. Мәселен, тув. *sooq* «суық, аяз», *ažug sooq* «қатты аяз», *sooq quş* «суық қыс», *sooq suu* «суық су», *bögün sooq-tur* «бүгін суық»; алт. *boş: kolym boş dök* «қолым бос», *kiligi boş* «жігерсіз»; әзірб., алт., тағ., башқ., қаз., ноғ., тув., түркім. т.б. *dar/tar* «тар, қысыңқы, сыйымдылығы аз»: алт. *tar d'er* «тар жер», *mynda tar* «мұнда тар», түрік. *darda olmak* «қиын жағдайда қалу», әзірб. *dara düşmek* қиындыққа тап болу, таршылыққа ұшырау» және т.б.²

Қазіргі түркі тілдеріндегі сын есімдерді морфологиялық тұрғыдан екі топқа бөліп қарастыру қалыптасты: негізгі сын есімдер және туынды сын есімдер. Негізгі сын есімдер тобында, әдетте, бүгінгі тіл құрамында бөліп қарауға келмейтін, түбір ретінде ұғынылатын сөздер жатады да, туынды сын есімдерге қосымшалар арқылы басқа сөз таптарынан (есімдер мен етістіктерден) жасалған сын есімдер жатады. Агглютинативті тіл табиғатына сәйкес сын есімдер де құрылымына байланысты бірінші дәрежелі, екінші, үшінші дәрежелі блоуы мүмкін. Бірінші дәрежелі сын есімдер негізінен синкретикалық моносиллабтардан тұрады. Екінші, үшінші дәрежелі түбір-негіздер мен туынды сын есімдердің сындық, сапалық мән-мағыналары айқын болып келеді. Мұнда, бір буынды түбір-негіз тұлғасы негізгі сын есімдерге, сонымен қатар әртүрлі сөзжасам жұрнақтарының көмегімен жасалатын туынды сын есімдерге қатысты болып келеді. Бұл, тек түркі тілдері арасында ғана емес,

¹ Севортян Э.В. Из истории прилагательных в тюркских языках// Тюркологические исследования. – М., Л.: Изд-во АН СССР, 1963. – С. 66.

² Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Морфология. – М., 1988. – С. 158

сонымен қатар түркі-моңғолдық деңгейде де айқын көрінеді. Мысалы: түрк. уащ «жас» ~ моңғ. žalaγun «жас», түрк. qatıγ «қатты» ~ моңғ. qataγu «қатты», түрк. baj «бай» ~ моңғ. bayan «бай», түрк. aγıγ «таза, пәк» ~ моңғ. aγıγun «таза» т.б.

Сын есімдердің қайсы біреулері жалпыалтайлық бір буынды түбірлерден өрбиді: көне-түрк. sarıγ, түркім. sārī, түрік., қаз. sarı «сары», чув. sarǎ «сары» < арғыалт. *siāri «ақ» (салыст.: орта.-корей hǎi «сары» (< *siāri-)~ орта-моңғ. šira, моңғ.-жазба. sira «сары»); көне түркі uzun, якут uhun, чув. vǎrǎm < *urun «ұзын» < арғыалт. *furtu < *purtu «ұзын» (салыст.: моңғ.-жазба urtu, монғор fudur «ұзын»¹.

Түркі тілдерінде сын есімдер грамматикалық мағыналарына қарай сапалық және қатыстық болып екіге бөлінеді.

Сапалық сын есімдер негізінен түбірлер мен түбір-негіздерден тұрса, қатыстық сын есімдерді туынды сын есімдер құрайды. Сапалық сын есімдер семантикалық жағынан заттың әр түрлі сыр-сипаты мен сапалық белгілерін, түр-түсін білдіреді, шырай тұлғаларымен түрлене алады. Мәселен, VI-IX ғасыр түркі жазба ескерткіштері тілінде сапалық сын есімдер жиі кездеседі және оларды семантикасына байланысты бірнеше тақырыптық топтарға бөліп қарастыруға болады: а) заттың сапасы мен сыр-сипатын білдіретін сын есімдер: аүйр «ауыр», алр «алып, ер жүрек», aγıγ «таза», baj«бай», cıγaj/cıγan «кедей», edgü, jig «жақсы», jablaq «жаман», sücüg «тәтті», silig «сұлу», jaš «жас», qarī «қары,кәрі», semiz «семіз», turīq (арық-тұрық), toq «тоқ», ucuz «арзан» т.б) заттың көлемі мен аумағын білдіретін сын есімдер: joγan «жуан», jıjqa «жұқа» jincke «жіңішке», qalın «қалың», uzun «ұзын», uluγ «ұлық, үлкен», kiçig «кіші, кішік» т.б.; б) заттың түр-түсін білдіретін сын есімдер: aq «ақ», ala «ала», jašıl «жасыл», kök «көк», qizıl «қызыл», boz «боз», qara «қара», örün «ақшыл, сұр», sarıγ «сары», torıγ «торы» т.б.

Заттың сапасының деңгейін, сынсипаттық белгінің, ренкінің, бояудың анықтығы мен қанықтығын, солғындығы мен көмескілігін танытуға алтай тілдерінің әр қайсысында нақты грамматикалық көрсеткіштер мен септік тұлғалы конструкциялар қатысады.

¹ Poppe N. Introduction to Altaic Linguistics. – Wiesbaden, 1965. P.199

Сын есімнің шырайлары – бір тектес сапалық сынның бірінен екіншісінің артық я кемдігін, әр түрлі дәрежеде болатынын білдіретін сапалық сын есімнің категориясы. Сын есімнің шырайлары іштей жай шырай, салыстырмалы шырай, күшейтпелі шырай болып жіктеледі.

Жай шырай – салыстырмалы шырай мен күшейтпелі шырайға негіз болатын сын есімнің негізгі тұлғасы, арнайы қосымшасы жоқ. Сондықтан соңғы жылдары қазақ тіл білімінде жай шырай шырай түрі ретінде қарастырылмайды. Көне түркі ескерткіштері тіліндегі жай шырайдың да арнайы қосымшасы жоқ, шырайдың түрлену жүйесіне енбейді: aq «ақ», ala «ала», jašıl «жасыл», kök «көк», qizil «қызыл», boz «боз», qara «қара», örün «ақшыл, сұр», sarıy «сары», torıy «торы», aγır «ауыр», alp «алып, ер жүрек», arıy «таза», baj «бай», cıyaj/cıyan «кедей», edgü, jig, «жақсы», jablaq «жаман», sücüg «тәтті», silig «сұлу», jaš «жас», qarı «қары,кәрі», semiz «семіз», turıq (арық-тұрық), toq «тоқ», uşuz «арзан» , joγan «жуан», juγqa «жұқа» jincke «жіңішке», qalın «қалың», uzun «ұзын», uluγ «ұлық, үлкен», kiçig «кіші, кішік» т.б.

Салыстырмалы шырай – белгілі бір заттың сынын я сипатын, түр-түсін екінші бір заттың біртектес сынымен, белгісімен салыстырып, сол салыстыратын белгілердің бір-бірінен артық-кемін сипаттайды.

Түркі тілдерінде сапаның, сынның әдеттегі қалыптан аздап жоғары немесе төмен екенін білдіретін қосымшалардың арасынан ең жиі кездесетіні – -(j)raq/-(j)räk, -aryq/-araq, -raq/-räk/-rek. Қазіргі түркі тілдерінде салыстырмалы шырай аффиксі санала бұл жұрнақтардың көне формасы ретінде түркітанушылар *-(j)raq тұлғасын көрсетеді және оны хакас, шор, тува тілдеріндегі «аз-аздап» деген мағынадағы араx/āraq шылауымен байланыстырады: хақ. араx, тув., шор. āraq: xizil араx «қызылырақ, қызғылтым», kök араx «көкшіл», saryy араx «сарғыш, сарғылтым», тынkiçig араx «кішірек», uzun араx «ұзынырақ»; тув. saryg āraq «сарғыш, сарғылтым», kök āraq «көкшіл», çoltaq āraq «қысқалау»; шор тілінде āraq шылауы және оның жұрнақтық -araq тұлғасы қатар қолданылады: qizyl a:raq ~ qizylaraq ~ qizilarıq «қызылырақ», qisqa

a:raq ~ qisqaaraq ~ qisqaariq «қысқарақ, қысқалау»; алт. -ariq/-erik/-örik: agariq «ақшыл», sargariq «сарғыш, сарғылтым», qizariq «қызылырақ», kögörik «көкшіл»; басқа түркі тілдерінде -raq/-rāk/-rek: әзірб. ködäräk «қысқалау», башқ. tarıraq «тарырақ, тарлау», гағ. kürürak «кішірек», қараим. jaḡsıraq/jaqsıraq «жақсырақ», ққалп. alaraq «аздаған аласы бар», қырғ. qatıraq «қаттырақ», ноғ. qizilyraq «қызылырақ, қызғылтым», құм. teṇrek «тегістеу, жалпақтау», қаз. alasaraq «аласарақ», қбалқ. agıraq «ақшыл», тат. maturraq «сұлуырақ, әдеміше», түркім. ovnugraq «ұсақтау», чув. āžāraḡ «жылырақ».

Түркі тілдерінде сындық белгінің анық, айқын еместігін білдіруге -(j)raq/-(j)rāk жұрнағынан басқа да -(i)mtil, -šil, -il, -ilt, -iltim, -ildim т.б. көрсеткіштер қатысады. Ал бояудың, өңнің, түстің қанықтығын, сапалық, сипаттық белгінің айқындылығын негіздің толығымен қосарлануы (башқ.: harı-harı «сары-сары», jäšel-jäšel «жасыл-жасыл»; қаз. uzın-uzın, bjik-bjik) немесе негізгі сын есімнің алдынан түбірнегіздің алғашқы буынына -р дауыссызы жалғанған тұлғаның қосарлануы (әзірб.: garga, gırgırmızı, sapsarı, gurguru; қаз.: qar-qara, qır-qizil, sap-sarı, qur-qurḡaq) білдіреді.

Шығыс септігінде тұрған зат есімнің сын есіммен тіркесіп келуі (өзб. jaḡši sūz baldan širin «жақсы сөз – жарым ырыс»; қаз. сүттен ақ, судан таза), сондайақ сын есімнің белгілі бір күшейткіш сөздермен тіркесуі (ең/ің «ең»: тат. iṇ tirān, тув. eṇ uluḡ, қаз. ең таза) арқылы жасалатын салыстырмалы шырай түрлері көптеген түркі тілдеріне тән құбылыс. Ал сын есімнің кішірейту – еркелету мәніндегі тұлғасын жасауға оғыз тобындағы тілдерде -ža/-že, -zaq/-žek/-zuq/-žik жұрнақтары өнімді қатысады: түркім. aqḡa žüjze «ақ балапан», gaḡaḡa guzu «қара қозы», misenḡaq čörek «жұмсақ нан».

Күшейтпелі шырай – белгілі бір заттың сынын, белгісін күшейтіп көрсететін шырай категориясы. Көне түркі ескерткіштері тілінде ең «ең» күшейткіш үстеуінің қатысуы арқылы жасалған күшейтпелі шырай үлгісі (ең ілкі «ең ілкі, ең бірінші») қазіргі түркі тілдерінде жалғастық табуда. Мәселен,

қазіргі қазақ тілінде күшейтпелі шырайдың жасалуына өте, тым, аса сөздері қатысады: өте сұлу, аса айқын, тым ұзақ т.б.

Қатыстық сын есімдерге бір заттың белгісін басқа бір заттың, қимыл, іс-әрекеттің, сынның қатысы арқылы білдіретін сөздер жатады¹. Түркі тілдерінде есім және етістік негізді қатыстық сын есімдердің жасалуына көне түркіден жалғасып келе жатқан *-li/-li, -liγ/-lig, -siz/-siz, -qi/-ki, -ge, -teg*>-дай тәрізді арнайы қосымшалар қатысады.

Орхон-Енисей ескерткіштері тілінде кездесетін сын есім тудырушы қосымшаларды қазіргі қазақ тіліндегі нұсқаларымен салыстырсақ:

Көне түркі ескерткіштері тілінде қолданылған сын есім тудыратын өнімді *-li/-li/-lü* жұрнағы қазіргі қазақ тілінде *l~t* сәйкестіктері негізінде *-ты/-ті* түрінде көрініс береді. Мысалы: Ескерткіштер тілінде: *erikli* → *erik+li* «ерікті» ~ қаз. *erikti* → *erik+ti*, *küçli* → *küç+li* «күшті» ~ қаз. т. *Küçti* → *küç+ti* «мықты, қуатты, күші көп» т.б. А.Н. Кононов *-li/-li/-lü* қосымшасымен *-liγ/-lig, -luγ/-lüg* қосымшалары арасында генетикалық сабақтастықтың жоқтығын көрсете отырып, ескерткіштер тіліндегі *-li/-li* формантының қолданысын бірыңғай мүшелер арасындағы жалғаулықтармен байланыстырады: «в тюркских рунических памятниках используется для обозначения сочинительных отношений между однородными членами предложения, т.е. выступает в функции соединительного союза: *ini-li eci-li* «и младшие и старшие родственники»; *begli budunly* «и беки, и народ»².

Зат есімге жалғанып сын есім жасайтын қосымша морфема – *-liγ/-lig, -luγ/-lüg, -liq/-lik, -luq* түбір сөздерге де, туынды сөздерге де жалғанатын өнімді жұрнақтар қатарына жатады. Орхон, Енисей ескерткіштері тіліндегі *-liγ/-lig, -luγ/-lüg, -liq/-lik, -luq* қосымшаларын жан-жақты талдаған А.Есенқұлов: «-лығ қосымшасы көнеден келе жатқан ескі тарихи жұрнақ. Бірақ оның қазіргі түркі тілдеріндегі қолданылу шеңбері мен беретін

¹ Қазақ тілі. Энциклопедия. – Алматы: IDK-ТИПО, 1998. – Б. 377.

² Кононов А.Н. Грамматика языка тюркских рунических памятников (VII-IX вв.). – Л.: Наука, 1980. – С. 107.

мағынасы, әр тараптағы ескерткіштерден біршама көлемділеу де, кеңдеу де»¹ – деген ой айтады. Ескерткіштер тілінде: *adaqliy* → *adaq+liy* «аяқты» ~ қаз. *ajaqtı* → *ajaq+tı*; *altunliy* → *altun+liy* «алтынды, алтын жалатқан» ~ қаз. *altındı* → *altın+dı*; *atliq/atliy* → *at+liq/liy* «атты» ~ қаз. *attı* → *at+tı*; *qanatliy* → *qanat+liy* «қанатты» ~ қаз. *qanattı* → *qanat+tı*; *qanliq* → *qan+liq* «хандық» ~ қаз. *qandıq* → *qandıq*; *qutluγ* → *qut+luγ* «құтты» ~ қаз. *quttı* → *qut+tı* т.б.

Есім сөздер жасайтын өнімді *-q/-k, -g/-γ, -iq/-ik-iy/-ig/, -uq/-ük, -uγ/-üg* қосымшалары негізінен абстрактылы ұғымды білдіреді, сондай-ақ субъектілік, объектілік мәндерді, іс-әрекет нәтижесін немесе қимылдық-әрекеттік үдерістерді білдіреді. Ескерткіштер тілінде: *isig* → **is+ig* «ыстық» ~ қаз. *istiğ* → **is+tığ*; *u~i: turuq* → *tur+uq* «арық, арық-тұрық» ~ қаз. *turıq* → *tur+ıq* «еті қашқан, майсыз, арық»; *g~Ø: tirig* → **tir+ig* ~ қаз. *tiri* → **tir+i*; *kiçig* → **kiç+ig* «кіші кішкентай; ауысп. әйелі, жұбайы» ~ қаз. *kişi* → **kiş+i*, *kişik* → **kiş+ik* (Ұлық болсаң, кішік бол).

А.Н. Кононов *-q/-k* және *-g/-γ* қосымшаларының ара жігін ажыратып қарастыруды жөн санайды: «По всей вероятности, эти аффиксы генетически разного происхождения и исторически имели самостоятельные значения: *γ/g* служили для образования прилагательных, *q/k* – существительных. С помощью этих аффиксов от переходных глаголов образуются имена прилагательные пассивного значения, от непереходных глаголов – активного значения: *bedük* «большой» (*bedü* «увеличиваться»), *arıγ* «чистый» (*arı* «быть чистым»), *turuq* «тощий, худой» (*tur* «тощать, худеть»), *turlaq* 1. «тощий, худой (о скотине), 2. «изнуренный, обессиленный (о старом человеке); *kiçig~ kiçüg~kiçik~küçüg* «маленький, небольшой» (*kiçi~küçü* «быть малым»); *silik* «чистый», «благородный» (турец. *sil* «вытирать, чистить»), *jıraq~ırağ* «дальний, далекий» (*jıra* «удаляться», *uluγ* «большой», «великий» (*ul+a* «связывать, присоединять»), *kerğäk* «нужный», «необходимый» (*kerğä* «подходить», «соответствовать»)². Ал А.Есенқұловтың көзқарасы

¹ Есенқұлов А. Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі қосымшалар. – Алматы: Ғылым, 1976. – Б. 140.

² Кононов А.Н. Грамматика языка тюркских рунических памятников (VII-IX вв.). – Л.: Наука, 1980. – С. 109-110.

бойынша, -q/-k,-g/-γ,-ïq/-ik-ïγ/-ig/,-uq/-ük,-uγ/-üg Орхон, Енисей жазбаларында зат есімге де, сын есімге де жалғанып, туынды сын есім жасайды, көбіне етістікке жалғанып қатыстық сындық қасиетке ие болады¹. Н.К. Дмитриев түркі тілдерінде зат есімдер мен сын есімдер жасауда белсенді қолданылатын -q/-k,-g/-γ,-ïq/-ik-ïγ/-ig/,-uq/-ük,-uγ/-üg форманттарының шығу тегін есім сөздер тудыратын -qaq/-kek,-γaq/-gek/-gök жұрнақтарынан таратады².

Ескерткіштер тілінде кездесетін -ïqï/-iki – сын есім тудыратын құранды жұрнақ: biriki → bir+iki «біріккен, бірлескен, ынтымақты» ~ қаз. birikken, birlesken. Функционалдық мәні қазақ тіліндегі есімдік категориясының қосымшасы -ған/-gen, -қан/-ken формантына сәйкес келеді.

Болымсыз мәнді қатыстық сын есімдер тудыратын -siz/-siz ,-suz/-süz – өнімді жұрнақ. Түркі тілдері бойынша -siz/-siz ,-suz/-süz қосымшасы -li /li/-lü жұрнағының антонимдік сыңары. Чуваш тіліндегі болымсыз мәнді- sär/-ser форманттары -siz/-siz ,-suz/-süz қосымшаларының фонетикалық варианттарын құрайды. Бұл туралы Л.С. Левитская былай дейді³: «Чувашский аффикс -sär/-ser имеет привативное значение. Генетически он тождествен тюркскому аффиксу -siz/-siz, который отмечен в древнетюркском и в большинстве современных тюркских языков, кроме тюркских языков Сибири: якутского, хакасского, алтайского, тувинского, где словообразовательным формам –siz соответствует конструкция с отрицанием çox, sijox и т.д.»

Түркі тілдеріндегі болымсыздық ұғымды білдіріп, есім сөз тудыратын -siz/-siz,-suz/-süz,-hüz/-hiz,-sär/-ser қосымшалары мағыналық жағынан етістік жасайтын -sira, -sira, -sirä жұрнақтарымен байланысы аңғарылады. Орхон, Енисей ескерткіштерінде -siz/-siz форманты жиі кездеседі: ačsüz → ač+süz «ассыз» ~ қаз. assüz → as+süz; buñsüz → buñ+süz «мүңсыз» ~ қаз. Murjsüz → muñ+süz; sansüz → san+süz «сансыз, мөлшерсіз» ~ қаз. sansüz → san+süz; biligsiz/biliksiz → bilik+süz «біліксіз» ~ қаз. biliksiz

¹ Есенқұлов А. Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі қосымшалар. – Алматы: Ғылым, 1976. – Б. 145.

² Дмитриев Н.К. Грамматика башкирского языка. – М.-Л., 1940. – С. 70.

³ Левитская Л.С. Историческая морфология чувашского языка. – Москва: Наука, 1976. – С.129 С. 128

→ bilik+siz; idisiz → idi+siz «йесіз» ~ қаз. ijesiz → ije+siz; otsuz → ot+suz «отсыз» ~ қаз. otsiz → ot+siz, subsuz → sub+suz «сусыз» ~ қаз. suwsiz → suw+siz т.б.

Түркі тілдерінде -siz/-siz қатыстық және сапалық сын есім жасауға белсенді қатысатын өнімді қосымша болып табылады: алт. arğımaqsz «арғымақсыз», тув. azıysız «азу тіссіз», қырғ. emsiz «емі жоқ», қаз. гаг. sütsüz «сүтсіз», bensiz «менсіз», қаз. ajsız «қараңғы», atsiz «жаяу, көліксіз», jersiz «белгілі жері, тұрағы жоқ» т.б.

Орхон, Енисей, Талас ескерткіштері тілінде -n/-an/-en,-un форманттары арқылы жасалған сын есімдер осы тұлға арқылы жасалған зат есімдерге қарағанда сирек кездеседі. Ескерткіштер тілінде: joγan → *joγ+an «жуан» ~ қаз. žuwan → *žuw+an; uzun → *uz+un «ұзын» ~ қаз. uzın → *uz+in;

Ескерткіштер тілінде сирек қолданылатын өнімсіз жұрнақтар қатарына -γe/-ge,-ga,-qa/-ke қосымшаларын жатқызуға болады: bilge → bil+ge «дана білгіш» ~ қаз. bilge → bil+ge (Bilge сөзінің құрамындағы -ge жұрнағының мәнін қазақ тілінде -γir,-gir,-qir және -γış,- giš,-qiš,-kiš қосымшалары береді; γ~q: qisγa → *qis+γa «қысқа,тез» ~ қаз. qisqa → *qis+qa: «1) келте, шолақ. 2) аз (қысқа уақыт)»¹; juγqa → *juγ+qa «жұқа» ~ қаз. žuqa → *žu+qa. Қазіргі қазақ тілінде де -γa,-ge,-ga,-qa,-ke форманттары сирек кездесетін әрі түбір морфемамен кірігіп кеткен өлі жұрнақтар қатарына жатады.

Ескерткіштер тілінде -čaq/-ček,-šaq сирек қолданылатын сын есім тудыратын жұрнақ: jumčaq/jimšaq → *jum/*jim+čaq/šaq «жұмсақ» ~ қаз. žumsaq → *žum+saq «мамық ұлпа, ұлпідек, қатты емес»;

Ескерткіштер тілінде кездесетін -sıq/-sıγ,- šıγ/-šig – түбір сөздерге де, негіздерге де жалғанып қатыстық сын есімдер және зат есімдер жасайды: qamašıγ → qama+šıγ «бүлікшіл». Көнетүркілік -sıq/-sıγ,- šıγ/-šig жұрнақтарының мәніне қазіргі түркі тілдерінде есім сөздер тудыратын -tiq/-tik,- iγ/-ik қосымша морфемаларының мағынасы сай келеді. Бұл аталған қосымшалардың тарихи даму

¹ Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. - Б. 565

барысындағы ортақ тегін көрсетуі мүмкін. Қазіргі түркі тілдерінде көнетүркілік *-sïq/-sïy,- šïy/-šig* форманттарының фонетикалық варианттарының аясы кең. Белгілі түркітанушы Э.В.Севортян оғыз және қыпшақ тілдеріндегі есім сөздер жасайтын *-sïq/-sïy,- šïy/-šig* және *-čaq/-ček,-šay/-šaq,-say/-saq* қосымшаларының өзара тығыз байланыста екенін әрі олардың мағыналары араласып қолданылатынын көрсетеді¹. Ғалымның пікірінше, *-sïq/-sïy,- šïy/-šig* және *-čaq/-ček,-šay/-šaq,-say/-saq* форманттары етістіктің *-sa,-sï* жұрнағы мен есім сөздер жасайтын *-q/-y* қосымшасының бірігуінен жасалған құранды жұрнақ.

Көне түркі мұраларында есім сөздерден сын есім тудыратын *-čil* жұрнағы сирек кездесетін болса (*atčil* → *at+čil* «атшыл, атты жақсы көретін»), қазақ тілінде сын есім тудыратын *-šil,-šil* қосымшасы кеңінен қолданылады: ойшыл, жершіл, туысшыл т.б.

Етістік түбірден сын есім тудыратын *-č,-ič,-iç* өнімсіз жұрнағы да ескерткіштер тілінде сирек қолданылады *alīč* → *al+ič* «бақытты, жолы болғыш» (салыстыр.: қаз. асығы алшысынан түсті «жолы болды, сәтті қадам болды»).

Көне түркі тіліндегі сирек қолданылатын сын есім тудырушы жұрнақтардың бірі – *-a,-e* есім сөздерге жалғанып, сындық мән береді: *buṇa* → *buṇ+a* «мұңлы» ~ қаз. *muṇli/muṇdi* → *muṇ+li/muṇ+dī*; *jarīliqa* → *jarīli(q)+a* «қайырымды, жарылқағыш» ~ қаз. *žarīlqa* → *žarīl(q)+a*.

Есім сөздерден сын есім тудыратын *-r* жұрнағы көне түркі ескерткіштері тілінде өте сирек қолданылады, атап айтқанда *-r* форманты Енисей жазбалары тіліндегі *uṇar* лексемасының құрамында ғана кездеседі: *uṇar* → *uṇa+r* «атақты, текті, белгілі». Ал қазіргі қазақ тілінде сын есім тудыратын көне **-r,-ir,-ir* түбір-негіз құрамында жиі кездесетін өлі қосымша: *žumīr* → **žum+ir*, *qīṇīr* → **qīṇ+ir*, *qīsīr* → **qīs+ir*, *obīr* → **ob+ir*, *šimīr* → **šim+ir* т.б.

Тіл дамуының көне дәуіріндегі есімше формаларының заттануынан етістік негізді зат есімдер қалыптасса, объективациялануынан етістік негізді сын есімдер келіп шықты, сөйтіп генетикалық бірлік аталған сөз таптары құрамында өз

¹ Севортян Э.В. Аффиксы именного словообразования в азербайджанском языке. – М., 1966. – С.222.

іздерін қалдырды. Сондықтан қайсы бір аффикстер зат есім құрамынан да, сын есім құрамынан да ұшырайды. Мысалы: -is, -is: soʻis, ajtis – зат есім; kemis, tegis – сын есім т.б.¹. Мұндай көне түркі ескерткіштері тілінде етістіктер мен есімдерге ортақ полисемиялық қосымша морфемалардың қазіргі түркі тілдеріндегі сын есімнің сөзжасам жүйесінде қолданылуын жалпы түркі тілдерінің морфологиялық жүйесіне тән құбылыс ретінде қарастыру керек.

§4. Сан есім категориясы

Заттың немесе заттық ұғымдар мен құбылыстардың санын, мөлшерін, бөлшегін, ретін білдіретін сан есімдер өзіндік лексика-семантикалық ерекшеліктері, морфологиялық белгілері, синтаксистік қызметі бар дербес сөз табын құрайды. Сан есімнің басқа сөз табынан айырмашылығы – зат есіммен тіркесіп, заттық ұғымның сандық сипатын анықтайды; зат есімсіз қолданылып сандық атауды білдіреді; етістіктермен тіркесіп, іс-әрекет пен қимылдың сандық сапасын сипаттайды; сан есімдер басқа сөз таптарынан жасалмайды; күрделі сан есімдер жасайтын дара сан есімдердің көлемі (саны) айқын болады.

Түркі тілдерінде құрылымына қарай дара және күрделі, тұлғасына қарай негізгі, туынды және қосарлы, мағынасына қарай есептік, реттік, жинақтық, бөлшектік, болжалдық сан есімдер болып жіктелетін сан есімдер қолданылады. Дара сан есімдерді түбір және негіздерден тұратын жалаң тұлғалы сан есімдер, мәселен, көне түрк. bir «бір», екі «екі», үч «үш» tört «төрт», bes/beş «бес», altı «алты», jeti «жеті» т.б.), күрделі сан есімдерді дара сан есімдердің тіркесуі арқылы жасалған сан есімдер құрайды. Мысалы: көне түрк. sekiz on «сексен», toquz on «тоқсан», екі jegirmi «он екі»: üç jegirmi «он үш», altı jigirmi «он алты», bir otuz «жиырма бір», beş otuz «жиырма бес», jeti жүз «жеті жүз» т.б.

Түркі тілдері сандық жүйесі тарихында күрделі сан есімдерге байланысты екі түрлі санау дәстүрі бар: санақ жеткен ондыққа

¹ Томанов М. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. -Б. 147.

бірлікті қосып қолдану (қырық екі «42») және санақ бара жатқан алдағы ондыққа бірлікті тіркеп қолдану (еккі елік «42»). VI-IX ғасыр түркі жазба мұралары тілінде күрделі сан есімдерге сандық жүйенің екінші түрі сәйкес келеді, Көне түркілер белгілі бір күрделі сан есімді айту үшін бірінші бірлік сан есімді, сонан кейін айтылып отырған ондық сан есімді емес, онан кейінгі ондықты қолданған (*altı otiz* «жиырма алты», *yeti yegirmi* «он жеті» т.б.). Сондай-ақ кейбір ондық сан есімдер құрамындағы дербес лексемалық деңгейдегі морфемалардың жігі айқын көрінеді (*sekiz on* «сексен», *toquz on* «тоқсан»). Мұндай ерекше белгілердің кейбірі хакас, якут, шор, тофалар, шұлым және сары ұйғыр тілдерінде кездеседі. Аздаған фонетикалық ерекшеліктерге қарамастан, қазіргі түркі тілдеріндегі сан атаулары көне түркі ескерткіштері тіліндегі тұлға-түрпатын, мән-мағынасын негізінен сақтаған деуге болады.

Есептік сан есімдер.

Сан есімнің негізгі мағыналық тобы есептік сан есімдер екендігі белгілі. Олардың өз алдына бөлек тұлғалық көрсеткіші жоқ. Оларға басқа сан есім түрлерінің жасалуына ұйытқы болатын негізгі сан есімдер жатады. Есептік есімнің күрделі түрі ешбір қосымшасыз түбір сан есімдердің тіркесуінен немесе тарихи тұрғыдан екі түбір сан есімнің кірігіп кетуінен жасалады (жиырма – екі он; отыз – үш он т.с.с.).

Түркі тілдеріндегі сан есімдердің этимологиясы, жекелеген түркі тілдеріндегі сан есімдер тарихы Г.Рамстедт, В.В.Радлов, П.М.Мелиоранский, Г.И.Рамстедт, С.Е.Малов, В.Ванг, М.Рясянен, А.Н.Самойлович, М.Хартман, Н.З.Гаджиева, Б.Серебренников, Л.С.Левитская, С.Аманжолов, М.Томанов, Ә.Құрышжанов, т.б. ғалымдардың зерттеулерінде жан-жақты сөз болды. Г.И.Рамстедт сан есімнің есептік түріне байланысты төмендегідей этимологиялық сәйкестіктерді ұсынады¹:

1: Түрк. *bir* ~ моңғ. *büri* «барлық, бәрі, әрбір»;

¹ Рамстедт Г.И. Введение в алтайское языкознание: Морфология / Пер. с нем. – М., 1957. – С.64-68

2: Түрк. *eki* < **ek*-<**hek*-<**pek*- «ілесу, еру» ~ кор. *regrim* «жақын маңдағы, келесі» < **pek*- + *-im*, кор. *regrim t`e* «жақын маң» > түрк. *ekinti* «екінті, түстен кейін»;

3: Түрк. *üç* «үш» ~ моңғ. *üçüken* «кішкентай».

4: түрк. *tört*, як. *tüört*, чув. *təvat* «төрт» ~ моңғ. *dörben* «төрт» ~ тұңғ. *digin / dujin* «төрт» ~ маньч. *duin* «төрт» ~ кор. *turi*, солт. кор. *ndujin / nduin / nejin/nej* / <**do*-;

5: Түрк. *beş* «бес» ~ чув. *pilək ~ pillək* ~ тұңғ. лам. *bilän* «білек».

6: Түрк. **altu* «алты» < *al*- «алу»+ *-tu*;

7: түрк. *jeti* < *je*- «жеу»;

8: Түрк. *sekiz* < *s* (сал.: моңғ. *ese* «жоқ») + *ekiz, ikiz* «егіз» (<*eki*+*-z*) ~ моңғ. *ikire* «егіз».

9: Түрк. *toquz* «тоғыз» ~ моңғ. *toqur/tokir* «бүгілмейтін саусақтар», мұндағы *-z* мен *sekiz* сөзіндегі *-z* бірдей.

10: Түрк. *on* «он» ~ *-an* (*seks+en, toqs + - an*) ~ моңғ. *-an* (*žiran* «алпыс», *dalan* «жетпіс», *najan* «сексен», *jiren* «тоқсан») ~ кор. *on* «жүз»;

11: Көне түрк. *bir jigirmi* «он бір» үлгісімен журчен. *gurxon* «он үш» (< моңғ. *gurban* «үш» + моңғ. *qorin* «жиырма»), *durxon* «он төрт», маньч. *um-šon* «он бір», маньч. *tofoxon* «он бес» сандары жасалғаны байқалады.

20: Түрк. *jigirmi* «жиырма» ~ моңғ. *žirin* «екі, екеуі де, қос» > *žirmesün* «жүкті, аяғы ауыр, екі қабат» (сал.: халх. *dabxur* «жүкті, аяғы ауыр», сөзбе сөз: «екі қабат») < моңғ. **žigür- / žigir- ~* jigürme/ *jigürmi* «екі еселену»;

100: Түрк. *jüz* «жүз» < *jü-* «тиеу, арту» (моңғ. *žüe- /žüge-* «тиеу, арту»);

1000: Көне түрк. *buṇ, үйғ. муң, чув. pin* «мың» ~ моңғ. *mingan* «мың» ~ тұңғ. *mingan* «мың».

Чуваш тіліндегі сан атауларының тарихи қалыптасуын сөз ете отырып, Л.С.Левитская чув. *pär*<**bir*, чув. *ikə//ik* <жалпытүрк. *eki,ekki* < **ek*- «артқы, соңғы», чув. *ult* <*жалпытүрк. *al-* <**altı* <**alt-dī*, чув. *siç* < жалпытүрк. **jet-jeti* < *jet-di* «жету», чув. *säkkär* «сегіз» < көне чув.**sekir* ~ *sek-* «секиру» < *sekiz* < *sekkiz* < **sekgiz* «секир (бұйрық мәнді)», чув. *täxär* <көне чув.**tokut* <жалпытүрк.

*tokkuz «тоқылдат» <*tok- «тоқылдату» т.б.¹ сан атауларына этимологиялық талдау жасайды.

Реттік сан есімдер. Түркі тілдерінде реттік сан есімнің жасалуына мынадай қосымшалар қатысады:

-im/-im: onīm «оныншы», tütīm «төртінші», öcem/ücem «үшінші» (булғ. ескерт.);

*-nti: көне түрк. ekinti «екінші»; -nti форманты қазіргі қазақ тіліндегі ekinti namaz «екінті намаз» теонимінің құрамында сақталған.

-či/-či: belči «бесінші» (булғ. ескерт.), èk`içi «екінші» (армян қыпш. ескерт.);

-(i)-mči/-(i)mči/*-(u)-mču/*-(ü)mçü: ikimčisi «екіншісі», jitimčisi (шағ.) және *-mči > mži: түркім. нохур. эневи, алили, сарық диал. ikimži «екінші», jidimži «жетінші», altymžu «алтыншы»;

-(i)-nči/-(i)nči/*-(u)nču/*-(ü)nçü: көне түрк. besinči «бесінші», көне ұйғ. üčünčü «үшінші», құм. onunči «оныншы», қаз. besinči, алт. ekinči, қарах. ұйғ. ikinči «екінші», шор. ijginči «екінші» және оңт. түрк. *-nči>*-nži: мамл.- қыпш. birirnži, ескі түрік. üčünži түрік. ikinži «екінші», әзерб. jeddinži «жетінші»;

-(i)nč/-(i)nč/*-(u)nč/*-(ü)nč: көне түрк. üčünč/üčünč «үшінші», törtinč «төртінші», көне ұйғ. jitinč «жетінші», säkizinč «сегізінші»;

-(i)s/-(i)s, -(u)s/-(ü)s: як. ikkis «екінші», ühüs «үшінші», tördüs «төртінші» (мұнда: nč>-s);

-măş/ (сирек: -măš): чув. përemăş «бірінші», sakkamăş «сегізінші», âххarmăş «тоғызыншы» (мұнда: * -mči > -miš>-măş);

-mine: чув. višmine «үшінші күні», tävatmine «төртінші күні», pilëkmine «бесінші күні» olmine «алтыншы күні», šičmine «жетінші күні»;

-(i)minči < -m+in(n)+či: халадж. birminči «бірінші», üčminči «үшінші», törtminči «төртінші»;

-ki/-ki/-ku/-kü/-gi/-gi/-gu/-gü: тув. birgi «бірінші», üčkü «үшінші», beški «бесінші», aldigi «алтыншы»².

¹ Левитская Л.С. Историческая морфология чувашского языка. – М., 1976. – С. 38-44.

² Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Морфология. – М., 1988. – С. 184-188

Жинақтық сан есімдер. Көне түркі жазба ескерткіштерінде (руникалық, көне ұйғыр, қарахан-ұйғыр) жинақтық сан есім -aγu /-äγü, -egü,-gü тұлғаларымен көмкерілген: ikägü «екеу», ücägü «үшеу», törtägü «төртеу», altaγu «алтау». Бұл қосымша құрамындағы дыбыс ортасы -γ- қазіргі түркі тілдерінің ішінен сары ұйғыр және түркімен тілдерінде сақталып қалған: сары ұйғ. iřogo «екеу», törtogo «төртеу», resogo «бесеу», түркім. ерсарын диал. bi:regi «біреу (әлдекім, әйтеуір біреу)». Ал кейбір орта ғасыр ескерткіштері тілінде және қазіргі түркі тілдерінде *-aγu /-äγü жұрнағы -av/-äv /-ev/-ov/-öv, -au/-eu/-äü, -aw/- äw/-ow/-öw, -u: /- ü:, -o/-ö, -ä /-e тұлғаларына өзгерген: мам.-қыпш. üčev «үшеу», шағат. birev «біреу», тат. ekev «екеу», ноғ. altav «алтау», түркім. арабачи диал. kew «екеу», қаз. beseü «бесеу», башқ. ösäü «үшеу», тува. birü «екеу», қырғ. törtö: «төртеу», bešö: «бесеу». Сондай-ақ жинақтықтың екі немесе үш бірдей қосымшасынан құралатын, қазіргі түркі тілдерінде азды-көпті дыбыстық өзгерістерге ұшыраған күрделі *-aγun/*-äγ»ün (>*-aγu+*-n/*-äγ»ü+*-n), *-aγula /*-äγ»ülä (>*-aγu+*-la/*-äγ»ü+*-lä), *-aγulan/*-äγ»ülän (>*-aγu+*-la+*-n/*-äγ»ü+*-lä+*-n) жұрнақтары орын алады және олар түркі тілдері дамуының кейінгі кезеңдеріндегі құбылыс ретінде қарастырылады: қарах.-ұйғ. ücügün «үшеу», ikigün «екеу», як.*-äγ»ün>-ien: ikkien «екеу», тоф. *- aγun/*-äγ»ün >-a:n/-ä:n: bešžä:n «бесеу», шағат. üčäwlä «үшеу», ескі түрік. ikävläsi «екеуі», өзб. ташк. говоры. üččälä «үшеу», ұйғ., тув.-кижи. ikile «екеу», üčülezi «үшеуі». Мұның сыртында, қыпшақ тобы тілдерінде құрамында етістік тудырушы -la/-lä /-le жұрнағы бар -aγula /-äγülä (>жинақтық сан есімнің -aγu/-äγü + етістік тудырушы -la /-lä) қосымшасы кездеседі: тат. bišävlär «бесеулеп», башқ. ösävdaşer «үшеулесіп», қаз. ekeüler «екеулеп»¹.

Г.И.Рамстедт жинақтық сан есімнің -aγu/-au жұрнақтары түркі-моңғолға ортақ екенін айта келіп, оны этимологиялық тұрғыдан моңғ. agulža-, қалм. ülz- «сай келу, ұқсау», кор. aorǵ- «жинау», aolla «бірге» сөздерімен жақындастырады, ал -la/-lä бірігуді, ортақтасуды білдіретін немесе күшейту мәнінде жұмсалатын

¹ Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Морфология. – М., 1988.- С. 189-191

қосымша екенін көрсетеді: моңғ. *qotola* «бәрі», < сөзбе - сөз: «қала түгелімен» (*qoto*» қала, қамал»), *ханала* «барлығы, бәрі» < сөзбе - сөз: «барлық қауым» (<**kwan-a* = кор. *kwan-ja* «Хван өңірі»)¹.

Бөлшектік сан есімдер. Көптеген түркі тілдерінде бөлшектік сан есімдер есептік сан есімдердің синтаксистік қатынасқа түсуіне қарай айқындалады. Мәселен, қазақ тілінде бөлшектік сан есім: а) бірінші сыңар ілік септік жалғауын, екінші сыңар үшінші жақ тәуелдік жалғауын алып тіркесуінен (үштің бірі, онның бесі т.б.); ә) бірінші сыңар шығыс септік жалғауын алу арқылы, екінші сыңар дара тұрпатта немесе үшінші жақ тәуелдік жалғауын қабылдау арқылы (сегізден бір, мыңнан елу; төрттің бірі, үштен екісі т.б.) жасалатын болса, түрік тіліндегі бөлшектік сан есім бірінші сыңарға жатыс септігінің жалғауы жалғануы арқылы жасалады: *üçte bir, yüzde otuz, binde sekizi* т.б.

Болжалдық сан есімдер. Көне түркі ескерткіштері тілінде болжалдық сан есімдер сандық мөлшерді шамамен білдіріп, есептік сан есімдерге -*са*, -*се* қосымшалары жалғану арқылы және есептік сан есімдердің қосарлануы арқылы жасалады. Сондай-ақ есептік сан есімге *artuq* «артық» лексемасының тіркесуі негізінде де жасалады. Мысалы: *eligçe* «елудей»: *jüzçe* «жүздей»: *bir-eki* «бір-екі» *eki-üçbiñ* «екі-үш мың» *jüz artuq* «жүзден артық». Чуваш тілінде -*ше* қосымшалы *śirämleşe* «жиырма шақты», *śärleşe* «жүздеген», *pinleşe* «мыңдаған» сөздері кездеседі. Л.С.Левитская бұл сөздердің құрамындағы -*ше* қосымшасын құрылымдық тұрғыдан көсемшенің -*ше* тұлғасымен сабақтастырып (**śirämle-* (салыст.: тат. *unlap* «ондаған» > *unla-* + -*p*), *śirämleşe* «жиырма шақты», *śärleşe* «жүздеген», *pinleşe* «мыңдаған» сияқты болжалдық сан есімдер қыпшақтық үлгіде жасалғанын айтады².

Түрік тілінде болжалдық сан есімдердің жасалуына теңдік септік жалғауы саналатын -*са*/*се* қосымшасы қатысады. Мысалы: *onlarca* «ондаған», *yüzlerce* «жүздеген», *binlerce* «мыңдаған» т.б. Мұның сыртында аналитикалық жолмен жасалып, болжалдық мән арқалайтын сан есімдерге: а) есептік сан есімнің қосарлануы

¹ Рамстедт Г.И. Введение в алтайское языкознание: Морфология / Пер. с нем. – М., 1957. – Б. 138

² Левитская Л.С. Историческая морфология чувашского языка. – М., 1976. – С.53.

арқылы жасалған *beş altı öğrenci* «бес-алты оқушы», *on on beş kalem* «он-он бес қалам»; ә) түбір тұлғалы есептік сан есімдер мен *kadar, civarında, fazla, aşkın* сөздерінің тіркесуі арқылы жасалатын *on kadar* «он шамасында», *yirmi kadar* «жиырма шақты», *on civarında* «онға жуық», *binden fazla* «мыңнан астам», *yirmiyi aşkın* «жиырмадан астам» тәрізді құрылымдарды жатқызуға болады.

Қазақ тілінде болжалдық сан есім: а) -дай/-дей, -тай/-тей (он бестей, елудей, жүздей т.б.; ә) -дап/-деп, -тап/-теп, -лап/-леп (ондап, үштеп, жүздеп т.б.; б) -даған/-деген, -таған/-теген (ондаған, жүздеген т.б.) қосымшалары арқылы және есептік сан есімдердің қосарлануы (бес-алты оқушы, үш-төрт орындық); түбір тұлғалы, барыс немесе шығыс септіктегі есептік сан есімдерге шақты, шамалы, таман, жуық, астам, тарта, таяу сөздерінің тіркесуі (он шақты қой, елуге тарта бөлме, мыңнан астам студент) тәрізді аналитикалық жолдармен де жасалады¹. Демек, көне түркіден келе жатқан болжалдық сан есімдердің есептік сан есімдердің қосарлануы арқылы жасалуы қазіргі түркі тілдерінің көпшілігінде сақталса, көсемшенің -п тұлғасымен тат. *unlar* «ондаған»: *un+ -la- + -p*, ноғ. *jözle-p*: *jöz + -le- + -p*; башқ. *joslar*: *jos + -la- + -p* «жүздеп» түрінде келген құрылымдық үлгі қыпшақ тобы тілдеріне тән деуге болады.

§5. Есімдік категориясы

Сөз таптарының ішінде зат есім, сын есім, сан есімдер орнына жұмсала беретін есімдіктер түркі тілдерінде айрықша грамматикалық топ ретінде танылады. Есімдіктердің негізгі ерекшеліктері ретінде олардың мынадай қасиеттерін көрсетуге болады: 1) қай сөз табы болмасын, оның өзіне тән (немесе жартылай тән) сөзжасам жүйесі болады. Осындай жүйе есімдіктерде жоқ. Жалпы бүгінгі тіл заңдылықтары тұрғысынан есімдіктер басқа сөздерден жасалмайды; 2) есімдіктер тек грамматикалық өзгерістерге ғана ұшырайды, септік, көптік, тәуелдік жалғаулары арқылы түрленеді. 3) тек есімдіктерге ғана тән грамматикалық,

¹ Қазақ грамматикасы. – Астана: Елорда, 2002. - Б.478.

категориялар жүйесі жоқ. Бұл ерекшеліктер VI-IX ғасыр түркі жазба мұралары тіліне де, қазіргі түркі тілдеріне де ортақ.

Жіктеу есімдіктері белгілі бір жақты көрсету үшін қолданылатын сөздер тобы. Сол себепті жіктеу есімдіктері үнемі адаммен, яғни сөйлеуші, тыңдаушы және бейтарап бөгде кісіге қатысты қолданылады. Үшінші жақты білдіретін жіктеу есімдігінің көпше түрінің арнайы формасы жоқ, контекске байланысты ажыратылады. Ол лексемасы сілтеу есімдігінің қызметінде де жиі қолданылады.

Жіктеу, сілтеу есімдіктерінің тарихи даму барысы Г.Рамстедт, Н.Поппе, В.Котвич, А.Габен, Ж.Дени, К.Н.Менгес, О.Прицак, В.Банг, Й.Бензин, Б.А.Серебренников, А.Н.Кононов, Н.К.Дмитриев т.б. белгілі түркітанушы ғалымдардың зерттеулерінде арнайы қарастырылып, олардың арғытүркілік тұлғаларын жаңғыртуға айрықша назар аударылды. Көп жылдық салыстырмалы-тарихи зерттеулердің нәтижесінде жіктеу есімдіктерінің үш жағын, жекеше және көпше түрлерін тұтас қамтыған тектілдік жүйелердің мынадай тұрпаты қалпына келтірілді деуге болады¹: I жекеше: *bi(*mä-n-<*bän-), көпше: *bi-z; II жекеше: *si(*sä-n-), көпше: *si-z; III жекеше: *i(*in-), көпше: Ø

Г.Рамстедт пікірі бойынша: түрк. *mīn «мен» және түрк. *sin «сен» архитұлғалары түркі тілдерінде екпін күшінің салдарынан немесе деиктикалық күшейту жолымен män, sän болып өзгерген, ал негіз соңындағы -n атау септігінде өте ерте кездерде-ақ жойылып кеткен. Жіктеу есімдігінің III жағындағы түпкі *i(*in-) түркі тілдерінде тәуелдіктің III жағының қосымшаларына айналған².

Түркітанушылардың көбі bā-n /mä-n «мен» және sā-n «сен» жіктеу есімдіктері соңындағы -n тұлғасын жекедікті білдіретін, я болмаса негізгі түбірге жалғанатын «посессивтік көрсеткіш», *bi-z және *si-z соңындағы -z тұлғасын көптіктің көрсеткіші деп санайды. Түркітануда біршама орныққан ой-пікірлер қатарына

¹ Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Морфология. – М., 1988. – С. 204, 209

² Рамстедт Г.Й. Введение в алтайское языкознание: Морфология / Пер. с нем. – М., 1957. – С. 69

септелетін *bän-/män-* және *sän-* негіздерінің жалпыланып, атауыштық мәндегі **bi* және **si* тұлғаларын алмастырғаны жайлы, яғни түркі тілдерінің көбінде о бастағы *bä/ bi* және *sä/ si* тұлғаларының орнына атау септігінде *bän (>män)* және *sän, biz* және *siz* қолданыла бастағаны туралы пікір де жатады.

Тарихи даму барысында өзінің жеке сөз ретіндегі дербестігінен айырылған жіктеу есімдігінің III жақ арғытүркілік **i (*n)* «ол, сол» тұлғасының із-сілемдері септіктерде (көне түрк. *inäri~inäri* «арырақ, ана жаққа қарай», як. *inpä* «анда, ана жақта»), тәуелдіктің III жағының қосымшаларында (*-i/-i, -si/-si*: чув.-*i/-e, -ěš/-ěš*; якут. *-ä/-a, -tä/-ta*), сілтеу есімдіктерінде (түркім. *ine* «мынау», балқ. *in-ol* «анау, ана біреу», *inanda* «анау жақта»), қыстырма сөздерде (көне түрк. *inčir~inčir* «сонымен», хал. *inaŭda, inaŭsa* «былайша айтқанда») т.б. сақталып қалған¹.

Түркі тілдеріндегі жіктеу есімдігінің I және II жақ жекеше, көпше түрі төмендегідей болып келеді:

Жақ	Жекеше	көпше
I	Көне.-түрк. <i>ben, men</i> ; заг. <i>bän</i> , әзірб., ұйғ., чул. <i>män</i> , түрік. <i>ben</i> , қаз., ққалп., өзб., құм., қар., қбалқ., тоф., тув. <i>men, mat.</i> , башқ., хак., як. <i>min</i> , чув. <i>äre</i>	Көне.-түрк. <i>biz, түрік., қаз., ққалп., өзб., құм., ноғай biz(+ler/-der/-ter)</i> , тат., башқ. <i>bez, тоф. bi's, тув. bis</i> , хак., шор, чул., бараб. <i>pis, салар. rise(r)</i> , чув. <i>epir/epër (pir-; -r)</i> ;
II	Көне.-түрк. <i>sen</i> , заг. <i>әзірб., ұйғ., чул. sän</i> , түрік., түркім, қаз., ққалп., өзб., құм., қар., қбалқ., тоф., тув, шор <i>sen, mat.</i> , хак. <i>sin</i> , башқ. <i>hin</i> , як. <i>en</i> , чув. <i>äse</i>	Көне.-түрк. <i>siz, әзірб., ұйғ., түрік., түркім., қаз., ққалп., өзб., құм., қар., қбалқ. siz (+ler/-der/-ter)</i> , <i>mat. sez</i> , башқ. <i>hez</i> , чув. <i>eser/esër</i> , бараб. <i>sis</i> , тув., тоф., шор. <i>siler</i> , чул. <i>slär</i> т.б.

Сілтеу есімдігі. Түркітануда жіктеу есімдігінің III жақ о/и және ol/al//ul тұлғалары сілтеу (жіктеу-сілтеу) есімдіктерімен сабақтастырылып, оның арғытүркілік түбірі ретінде **u~o*, ал септеуге арқау етілетін *an- ~ on-* жанама негіздердің көне тұлғасы ретінде **on- ~ an-* тұлғалары көрсетіледі: **u~o < көне түрк., көне ұйғ.-қып., хак., шор, тув., чул., тоф., як., қаз., қар., ноғ., қбалқ.,*

¹ Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Морфология. – М., 1988. – С. 203

ol, түрік., әзірб. қтат., құм., гағ. o, қырғ. al/ol, тат. ul, өзб., ұйғ. u, лобн. u/o ~ ul/ol. Бұлардан бастапқы протезалық v дыбысына байланысты чув. vāl және сал. vi тұлғалары өзгешелеу болып келеді. Ал көне түрк. an, көне ұйғ.-қып. an- ~ on-, хак. an-, шор: ілік сеп. a-/ā-, тува: ілік сеп. ō, таб. сеп. on-, чул. an-, тоф.: ілік сеп. on-, барыс. сеп. an-/a-, қаз., ққалп., ноғ., on-, қар. an-, қбалқ.: жат., шығ. сеп. an-, түрік., әзірб. қтат., гағ. on-; құм.: ілік, барыс. сеп. on- /an-, қырғ. al/ol, тат. ul, өзб., ұйғ. u, лобн.: ілік сеп. an-/a- тұлғалары этимологиялық тұрғыдан септелетін *on- ~ an- жанама негізге барып саяды¹.

Г.И.Рамстедт түркілік «бұл, анау» мағынасындағы ol сілтеу есімдігі (ol kişi «бұл кісі, анау кісі», kişi ol «ол – адам») атау септігінде жіктеу есімдігінің III жағының орнына (жекеше ol, көпше olar) қолданылатынын айта келе, оның септелу парадигмасы (ілік. anu, барыс. aña, жатыс. anda) кейіннен onu, oña, onda тұлғаларының туындауына арқау болған компромистің нәтижесі екенін айтады².

Түркі тілдерінде: сілтеу мәнді көптеген есімдіктердің жасалуына арқау болатын e- және te- түбір негіздер көне элементтер қатарына жатады: карағас. te «анау», койб., тат. tigi «анау, ана жақтағы» т.б. (Салыст.: қазіргі моңғ. ene «бұл, мынау», tere «анау», ede «бұлар», tede «аналар», ende «мұнда», tende «аңда», моғол. te «анау», моңғор. t'ie «анау», моңғ.- жазба. edüge «қазір», edüi «осынша, сонша» т.б.)

Көне түркі ескерткіштері тілінде негізгі сілтеу есімдіктерінің саны аз болғанымен, олар септік тұлғаларын қабылдауы арқылы мағыналық аясын кеңейтіп отырады. Ескерткіштер тілінде септік формаларының -ta, -sa қосымшалары арқылы жасалған anta «сонда», anca «сонша», bunta «мұнда», bunca «мұнша», bu «бұл, ауызекі тілде бұ:», ol «ол, сол» сілтеу есімдіктері кездеседі.

Түркі тілдерінің көбінде bu/bul/bil/pul/pil тұлғасында жұмсалатын сілтеу есімдігінің бастапқы тұлғасы *bu- ілкі түбірден

¹ Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Морфология. – М., 1988. – С. 251-255

² Рамстедт Г.И. Введение в алтайское языкознание: Морфология / Пер. с нем. – М., 1957. – С. 75

таратылады: қырғ. *bul*, башқ. *bil*, өзб., түркім., ұйғ., құм., ноғ., тат., түр., әзірб., як., алт. *bu*, тув. *bo*, хак. *pu*, шор. *po* т.б. Қазақ тілінде бұл есімдігінің бұ тұлғасы ауыз-екі тілде қолданылады: бұ жақ, бұ кез, бұ кісі т.б. Қазақ тіліндегі мына, мынау есімдіктерін М.Томанов бұл есімдігімен түбірлес деп қарайды¹. Мына, мынау есімдіктері соңындағы *-а*, *-ау* қосымшаларының арғы төркіні жайлы нақты пікір жоқ. Дегенмен *-а* элементін «ол сілтеу есімдігінің өзгерген түрі» (Г.И.Рамстедт) немесе «барыс септік қосымшасы» (В.Котвич) деп санайтын пікірлер кездеседі.

Сұрау есімдіктері – заттар мен құбылыстардың атын, санын, сапасын, мекенін, мезгілін т.б. білу мақсатында қолданылатын сұрау мәнді сөздер тобы. Сұрау есімдіктерінің субстантивтік (кім? не?) және атрибутивтік (қай? қайсы?) болып бөлінуі заттың атын білу үшін қойылатын сұрақтарға және заттың белгісін білу мақсатында қойылатын сұрақтарға қатысты.

Көне түркі ескерткіштері тілінде септік формаларының *-ke/-ge*, *-tan*, *-nī,-nī*, *-teg* қосымшалары арқылы жасалған сұрау есімдіктері орын алады: *kim /kem* «кім», *kimke* «кімге», *ne* «не», *neke/nege* «неге», *kač* «қанша», *qanī* «қайда», *qantan* «қайдан», *anteg* «қандай» т.б.

Жалпытүркілік *kam* «кім» есімдігі қазіргі түркі тілдерінің барлығында кездеседі және оның түптегі түптүркілік **kim* (салыст: моңғ. *ken*) < **kă-* (**ke*)+*m* тұлғасына барып саяды²: әзір., қырғ., түрік., түркім. және басқа да тілдерде *kim*; алт., шор., хак. *kem*; башқ. *kām* т.б.

Арғыалтайлық тектілдік деңгейде **ka-/*ke-* «қайда» және *-*ja/-je* тәрізді екі сұрау есімдігі жаңғыртылып, олардың түркі тілдерінде *qa-* (*qana/qanu/qaju* «қайда») / *ke-* (*kam, kim*), моңғол тілдерінде *qa-* (*qagaru* «қайда», *qamijä* «қайда») / *ke-* (*ke-n-*)/*ja/-je-* (*jan* «не»), тұңғыс тілдерінде *ха* (*hadu* «қанша»), ал корей тілінде *-ka/-ja* сұраулық шылау түрінде тұлғалануы көрсетіледі³. Есімдік сөз табына қатысты ұқсастықтар алтай тілдерінің өз арасында

¹ Томанов М. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы. – Алматы, 1992. - Б.135.

² Левитская Л.С. Историческая морфология чувашского языка. – М., 1976. - С.35.

³ Тенишев Э.В. Алтайские языки // Языки мира: Тюркские языки *La parenté linguistique et le calcul des probabilités*: SSUF 1946 - 1948: UUA 1949. – М., 1996. - С.16

ғана емес, алтай тілдері мен орал тілдері арасында да кездеседі. Бұл мәселеге байланысты М. Рясянен түркі тілдеріндегі *tī-(gi)* «анау, ана жақтағы» сілтеу есімдігі фин тіліндегі *tä-(mä)* есімдігімен, түркі тілдеріндегі *tu(γu)* «ту (алыс)» > «сонау жақта» есімдігі фин тіліндегі *tuο* есімдігімен, түркілік *kim, kum*, моңғол тілдеріндегі *ke-n-* сұрау есімдіктері фин тіліндегі *ku-ka, ko-ska, ken, ke-* есімдіктерімен, моңғол тілдеріндегі *ja-gu-* фин тіліндегі *jo-ka* есімдігімен, чуваш тіліндегі *men* сұрау есімдігі фин тіліндегі *mi(-kä)* есімдігімен сәйкесетініне назар аударып, бұлар ғана емес, жалпы орал және алтай тілдерінің морфологиялық құрылымында кездесетін көптеген ұқсастықтар сайып келгенде о бастағы генетикалық туыстықтың көрсеткіштері болуы мүмкін екенін айтады¹.

Өздік есімдігі. Өздік есімдігі – сөйлеушіні не сөйлемдегі субъектіні өзге субстанциялар мен құбылыстардан ажыратып, даралап көрсетуші сөздер. Түркі тілдері бойынша өз түбірінен жасалатын өздік есімдіктер септік, жіктік, тәуелдік және көптік жалғауларымен түрленеді. VI-IX ғасыр ескерткіштері тілінде өз «өз», *öziñ* «өзің», *özi* «өзі», *özim* «өзім» тұлғаларымен қатар *kentü, kentüm, kentüsi* нұсқалары қолданылады.

Қазіргі түркі тілдерінің басым көпшілігінде кездесетін жалпытүркілік **öz* «өз» есімдігін мағыналық тұрғыдан «адамның тұла бойы», «бір нәрсенің негізі бөлігі, өзегі» және «өзім» мағынасында жұмсалатын **boγ* > *boj, bos, bot* лексемасымен ұштастыруға болады: *öz* «өз» < «бір нәрсенің негізгі мәні, маңызы, өзегі», «дене, тұла бой» және **boγ* > *boj, bos, bot* < «бір нәрсенің негізгі бөлігі», «адамның дене-тұрқы, тәні» (Салыст.: як. *bäjä* «өзім» < моңғ. «дене, бой». Г.Рамстедт *öz* тұлғасын о баста дербес мағыналы сөз болған *ok* күшейткіш демеулігімен (<*okša*- «ұқсау») сабақтастырады. Оның пікірін М.Рясянин де қолдайды². Ал оғыз тобы тілдерінде қолданылатын *kentü/käntü kendi* «өзім» есімдігінің этимологиясы айқын емес.

¹ Рясянен М. Об урало-алтайском языковом родстве // Вопросы языкознания. – М., 1968, № 1.

² Левитская Л.С. Историческая морфология чувашского языка. – М., 1976.- С.31.

Жалпылау есімдіктері белгілі бір заттар мен құбылыстардың жиынтығына, толдықтай қамтылуына қатысты айтылатын жалпылау, жинақтау мәнді сөздерден тұрады. Орхон, Енисей ескерткіштері тілінде жалпылау, жинақтау мәні бар қамуі «бәрі», үкүл «бүкіл», үкүш «барлық» сөздері қолданылады. Ескерткіштер тілінде кездесетін қамуі «бәрі» есімдігінің қазіргі моңғол тілінде хамаг «барлық, бүкіл, біртұтас» параллелі кездесетін болса, жалпытүркілік жалпылау есімдігі ретінде бар және тәуелдіктің III жағындағы -і/-і тұлғасымен көмкерілген bari/bäri сөздерін көрсетуге болады: қар. bar «бәрі», «барлық», тат. bar «бәрі», түркім., қырғ. ba:gi «бәрі, барлығы», құм., ноғ. bäri «бәрі» т.б. Бұл есімдіктің түп-тегі «бір нәрсенің бар екенін» білдіретін bar «бар» сөзіне барып саяды.

Белгісіздік есімдігі.

Заттар мен құбылыстарды нақты білдірмей, белгісіз етіп, жорамалдап, тұспалдап айтатын сөздер белгісіздік есімдіктері деп аталады.

Түркі тілдеріндегі белгісіздік есімдіктерінің ең байырғы түріне М.Томанов бір сөзімен тіркесіп келетін: қаз.: бір кісі, біреу, бірдеме, бір нәрсе, алт.: бір кіжі, бір нәмә, қажі бір, құм.: бір қат, ноғ.: бір кім, бір зат, тува тіліндегі бір кіжі тәрізді модельдерді жатқызады. Сондай-ақ бірсыпыра түркі тілдерінде белгісіздік есімдіктері: 1) алла /әлде, алда/алды, алқа сөздерінің қатысуымен (қаз.: әлдеқайда, әлдеқайдан, әлденеше, әлдеқалай, башқ.: әлдекім, әлденеме, қырғ.: алда кім, алда эмне, алда қандай, тат.: әлле кім, әллені, әлле нәрсә, өзб.: аллакім, алланімә, алланарса); 2) бір сөзді қайталап қолдану арқылы (алт. , шор: кәм-кәм, не-не, чуг-гуч «әлдене»); 3) -дыр/-дүр (башқ.: кімдір «әлдекімдер», нәмәлір «әлденемелер», қырғ.: кімдер бірге эмнедір «әлденелер», қандайдыр бір «қандай болмасын», ноғ.: кімді борэв «әлдекімдер», қандай ды «қандай бір», сал.: кэмэр, наңжыр, тат.: кімдір, нідір, нәрсәдір т.б.) және -са/-се шартты рай тұлғасы (әзірб.: кімсе «әлдекімдер, нәсә «әлденелер», гағ.: кімсә, кімсәй, нәсә, қар. кімсә, нәс т.б.) тәрізді морфологиялық тұлғалар арқылы жасалатыны ғалым назарынан тыс қалмайды¹.

¹ Томанов М. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы. – Алматы, 1992.- Б. 137.

Қыпшақ тобы тілдерінен қазіргі қазақ тілінде белгісіздік есімдіктерінің жасалуына көбін-көп бір, әр, әлде сөздері ұйтқы (біреу, кейбіреу, кейбір, қайбір, қайсыбір, әрбір, бірнеше, бірдеме, біраз, бір, әр, әркім, әрне, әрқайсы, әрқалай, әрқашан, әлдекім, әлдене, әлдеқайда, әлдеқайдан, әлденеше, әлдеқалай, әлдеқашан, кімде-кім) болатын болса ¹, З.Коркмаз оғыз тобына жататын түрік тілінде белгісіздік есімдігі болатын сөздердің өте аз екенін, бұларға негізінен *adam* «ер кісі», *insan* «адам», *kimse* «ешкім» сөздерімен бірге, парсы тілінен енген *herkes* «барлығы», араб тілінен енген *falan* «пәлен», *filan* «пәленше», *şey* «нәрсе» сөздері жататынын, кейбір белгісіздік сын есімдері, сұрау есімдіктері мен үстеулерге тәуелдік жалғауының жалғануы арқылы жасалатынын (*başkası* «басқасы», *bazısı* «кейбіреуі», *biri* «біреу», *çoğu* «көбі», *kimі* «кейбірі», *kimisi* «кейбіреуі», *gerisi* «қалғаны», *öbürü* «басқасы, анауы», *öteki* «анау», *topu* «баршысы», *tümü* «барлығы») айтады². Араб-парсыдан енген кірме *falan* сөзіне барып саятын белгісіздік мәнді сөздер түріктен басқа да Орта Азия мен Кавказды мекендейтін түркілер тілінде кездеседі³: әзірб. *філан*, қаз. *пәлен*, *пәленше*, құм. *паланча*, түркім. *пылан*, *пыланы*, өзб. *фалән*.

Болымсыздық есімдігі жалпы есімдіктердің болымды мағынасына қарама-қарсы болымсыздық мәнінде қолданылатын сөздер. Көне түркі жазба ескерткіштері тілінде болымсыздық мәнді *нең* «еш» есімдігі тіркелген: КТк.8: *Ötüken jir olurip, arqış-tirkiş isar, neң bunuу joq, ..* «Өтүкен жерінде отырып /қазынаға/ керуен жіберсең, еш мұның жоқ. ..» Айд.ІІІ, 55; КТү.26: *Neң jilsiy budunqa olurmadim. İcire aşız, taşra tonsiz, jabiz, jablaq budunta üze olurtim ...* «Ең болмаса, бай халыққа отырмадым. Іші ассыз, сырты тонсыз, әлсіз нашар халыққа отырдым (билік еттім).» Айд. ІІІ, 63.

Болымсыздық есімдіктері қазақ тілінде *еш* деген сөзбен негізінен *кім*, *қашан*, *қандай*, *қайдан*, *қайда*, *қайсы* тәрізді есімдіктерінің бірігуі арқылы жасалады да, бірге жазылады.

¹ Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Ана тілі, 1991. – Б. 219.

² Korkmaz Z. Türkiye Türkçesi Grameri. Şekilbilgisi. – Ankara: TDK Yay, 2003. – S. 433.

³ Томанов М. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы. – Алматы, 1992. – Б. 137.

Қазақ тілінде еш, ешкім, ештеме, ештеңе, ешбір, ешқашан, ешқандай, ешқайсы, дәнеңе, дәнеме тәрізді сөздер болымсыздық есімдіктері болып табылады.

Түрік тілінің морфологиясына арналған зерттеулерде есімдіктің болымсыздық түрі арнайы көрсетілмейді. Алайда қазақ тіліндегі есімдіктердің жіктелісін басшылыққа алатын болсақ, түрік тілінде *hiç* «еш» сөзімен жасалған сөздерді болымсыздық есімдіктері ретінде тануға болады: *hiçkimse* «ешкім», *hiçbir şey* «ештеме», *hiçbir* «ешбір», *hiçbiri* «ешбірі, еш қайсысы», *hiçbir zaman* «ешқашан». Түрік тіліндегі *hiçkimse* «ешкім», *hiçbiri* «ешбірі, еш қайсысы» тәрізді сөздерді З.Коркмаз белгісіздік есімдіктері санайды¹.

§6. Үстеу және оның морфологиялық құрылымы

Үстеу – қимылдың алуан түрлі белгілерін, күй-жайын немесе сапаның дәрежесін білдіретін грамматикалық категория. Қимылдың белгісі мен заттың сынының белгісін білдіруі, сөйлем ішінде пысықтауыш, кейде анықтауыш функциясында жұмсалуды үстеуге тән категориялық белгілер болып саналады. Басқаша айтқанда, үстеу сөз табын өзге сөз таптарынан даралап тұратын лексика-семантикалық, морфологиялық және синтаксистік белгілері бар. Олар: а) лексика семантикалық қасиеті – сөздердің мағыналық топтарымен айқындалады (мекендік, мезгілдік, қимыл-сын, себеп, мақсат т.б.); ә) морфологиялық ерекшелігі – түрленбейтіндігі немесе аз өзгеретіндігі, арнайы сөз жасаушы формаларының бар болуы және сөз таптарының барлығымен сөзжасамдық қатынасқа түсуі; б) үстеулердің синтаксистік белгісі – біріншіден, сөйлемдегі қызметі, екіншіден, синтаксистік байланыс формасы яғни, белгілі бір сөз таптарымен байланысу қабілеті.

Жеке, дербес түркі тілдерінің әр қайсысына арналған зерттеулерде үстеудің сөз табы ретіндегі алатын орны мен атқартын қызметі, лексика-грамматикалық ерекшелігі белгілі бір жүйеге түсті десек те, үстеулердің пайда болуы, қалыптасуы

¹ Korkmaz Z. *Türkiye Türkçesi Grameri. Şekilbilgisi*. – Ankara: TDK Yay, 2003. - S.439.

мен даму факторы, тарихи құрамы мен мағыналық құрылымы, өзге сөз таптары единицаларының үстеулер қатарына ауысуы т.б. мәселелер жалпытүркілік тектілік, ірі тілдік топтараралық мен олардың ішіндегі топшалараралық, я болмаса жекелеген тілдераралық деңгейлерде тереңдеп зерттеуді қажет етеді.

Қазіргі түркі тілдерінде үстеу, әдетте, қазіргі сатыда морфологиялық тұрғыдан жіктелмейтін бастапқы және туынды, яғни қосымшалы және күрделі (соңғысына күрделі, қос және жиі қайталама үстеулер) болып жіктеледі. Қосымшалы үстеулерге есімнің «септік» тұлғасы және көсемшеге генетикалық тұрғыдан барып тірелетін сөзжасамдық модельдер бойынша жасалған үстеулерді жатқызуға болады¹. Бұл жіктелім жекелеген түркі тілдеріндегі үстеулердің морфологиялық құрылымына қатысты зерттеулерде басшылыққа алынатыны байқалады. Мәселен, қазақ тілінде үстеулер морфологиялық құрылымы жағынан негізгі үстеулер, туынды үстеулер және күрделі үстеулер болып үшке бөлінетін болса², түрік тілінде үстеулерді негізгі, туынды, күрделі үстеулер деп жіктеу, бұған қоса үстеулердің сөз тіркесі түріндегі, сөйлем құрылымды деген түрлерін көрсету орын алады³. А.Н. Кононов көне түркі ескерткіштері тіліндегі үстеулердің сөзжасамдық жүйесінің төрт түрлі амалын көрсетеді: 1) арнайы аффикстер жалғану арқылы; 2) септік жалғаулары және көсемшенің жұрнақтары арқылы; 3) екі не онан көп сөздердің өзара кірігуі негізінде; 4) адвербиализация үдерісінің нәтижесінде⁴. Бұл амалдар қазіргі түркі тілдеріндегі үстеу сөзжасамы жүйесінде бастапқы-негізгі, туынды болып келетін құрылымдық моделдерде көрініс береді.

Негізгі үстеулерге морфемалық құрамы жағынан бөлшектенбейтін, сіріленген біртұтас бірлік болып қалыптасқан сөздер жатады. Мысалы: қазақ тілінде әрең, енді, қазір, ерте, кеш, үнемі, жылдам, ақырын, жаңа, ылғи, тым, аса, өте, әрі, бері, төмен

¹ Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Морфология. – М., 1988. – С.256.

² Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. – Б. 545.

³ Korkmaz Z. Türkiye Türkçesi Grameri. Şekilbilgisi. – Ankara: TDK Yay, 2003. – S. 455.

⁴ Кононов А.Н. Грамматика языка тюркских рунических памятников (VII-IX вв.). – Л.: Наука, 1980. – С. 135-142.

т.б.; түрік тілінде: *artık* «енді, ендігәрі», *bazen* «кейде», *çabuk* «тез», *esasen* «негізінде», *geri* «кері», *gene* «қайта, қайтадан», *hala* «әлі», *hemen* «тез», *hiç* «еш», *önce* «алдымен», *şimdi* «енді», *yalnız* «тек» т.б.

Туынды үстеулер арнайы қосымшалар арқылы жасалады. Туынды үстеулер қатарында септік жалғауларының көнеленуі нәтижесінде үстеуге ауысқан сөздер де кездеседі. Есімге жалғанған септік жалғауларының түбірге кірігіп, «сіріленуі», «көнеленуі» арқылы жасалған туынды үстеулер қазақ тілінде де, түрік тілінде де орын алады. Мысалы: қазақ тілінде барыс септігінің *-ial-ге, -қал-ке* жалғаулары (басқа, артқа, бірге, кешке, әзірге т.б.), жатыс септігінің *-dal-де* жалғаулары (алда, жаңада, лезде, түнде, күнде, баяғыда т.б.), шығыс септігінің *-nan/-nen, -dan/-den, -man/-ten* жалғаулары (кеңінен, басынан, әуелден, кенеттен, шетінен т.б.), көмектес септігінің *-мен/-nen* жылғаулары (шынымен, кезекпен, ретімен т.б.) үстеулер құрамында кездеседі. Ал түрік тілінде барыс септігінің көнеленуі *boşa* «босқа», *boşuna* «бостан-босқа», *öylesine* «жай әншейін», *inadına* «қасақана», жатыс септігі *arada* «арада», *ikide bir* «екіде бір, қайта қайта», *birde* «бірде» т.б., шығыс септігі *birden* «бірден», *eskiden* «бұрыннан», *erkenden* «ертеректен», *çoktan* «көптен», *birazdan* «біраздан», көмектес септігі *vaktiyle* «уақытымен», *hızla* «жылдам», *zamanla* «уақытымен» тәрізді туынды үстеулер құрамында кездеседі. Мұның сыртында түрік тілінде көптік жалғау мен III жақ тәуелдік жалғауының жалғануы арқылы да үстеуге айналған сөздер баршылық: *sabahları* «таңертігісін», *geceleri* «түнгісін», *pazarları* «жексенбі күндері», *yazları* «жазғытұрым», *kışları* «қыс күндері».

Туынды үстеулер қазақ тілінде *-ша, -ше* (адамша, оларша, биылғыша, қысқаша), *-лай/-лей/- дай/-дей/-тай/-тей* (жібектей, шыбықтай, жастай, осылай), *-дайыні -дейіні -тайын/ -тейін* (бөрідейін, жорғадайын), *-шалық/ -шелік* (осыншалық, мұншалық, соншалық), *-қары/ -кері* (ішкері, тысқары, сыртқары), *-ын/-ін, -сын/-сін* (астыртын, үстіртін, ертеңгісін, кеш- кісін), *-лап/-леп/ -дап/-деп/ -тап/ -теп* (апталап, жылдап,) *-шылап/- шілеп* (қонақшылап, қайыншылап) қосымшаларының

қатысуымен,¹ ал түрік тілінде -ca/-се, ça/-се (doğrusa «тікелей, турасынан», beraberce «бірге», аққса «айқын, ашық түрде», günlerce «көп күндер бойы»), -ra/-re, -arı/-eri (sonra «кейін, соң», taşra «сырт», іçeri «ішкері», dışarı «тысқары»), -ın/-in/un/-ün (ilkin «әуелі, алдымен», уауап «жаяулап», ansızın «күтпеген жерден»), -lık/-lik/ -luk/-lük (şimdilik «әзірше», bir aralık «бір кезде»), -cak/-cek (çabucak «тезірек, тездетіп», demincek «жаңа ғана»), -ar/-er (teker teker «бір-бірден», birer birer «бір-бірлеп», üçer üçer «үш-үштен»), -leyin (sabahleyin «таңғысын», öğleyin «түскісін», akşamleyin «кешқұрым», geceleyin «түнгісін») жұрнақтары арқылы жасалады².

Чуваш тіліндегі мезгіл мәнді sərle «түнде» < sər «түн», хәлле «қыста» < хәл «қыс», kunla < kun «күнде» және мағынасында салыстыру-ұқсастыру реңкі орын алатын асalla «балаша», kajəkla «құсша», saralla «жалаң аяқ» тәрізді үстеулер құрамындағы -la/-le қосымшасы башқұрт, қарашай-балқар, татар, қарайым тілдеріндегі -laj/-lej (башқ. balalaj «балаша», ajəwɔaj «аюша», kōštaj «құсша»; қарашай-балқ. malkarlilaj «балқарша», «балқардай», ахсалаj «ақшалай», қарайым. çirçixlej «құсша», otłaj «отша», tünlej «түнде», tanbiları vaxilej «таңғы мезгілде»), құмық тіліндегі -lajın/-lejın құрамындағы -laj/-lej- (құм. almalajın «алма секілді»), оңтүстік-батыс тобы тілдеріндегі -lajın/-lejın (түрік. gejelejın «түнде», түркім. waktłajın «уақытша») қосымшаларымен мағыналық тұрғыдан жақын болып келеді. Чуваш тілінде -laša сияқты кейбір қосымшалар үстеу мәнді жаңа құрылымдар жасауға қатысады және олардың жарыспалы-сәйкестіктер қатарын татар, башқұрт, өзбек т.б. тілдерде -lap қосымшалы үстеулер құрайды: чув. parlasa «жұбымен», тат. parlap, çənlasa «дұрысы», «шынымен», тат. çənlap «дұрысы», «ақиқатында» т.б. Кеңістікке қатысты барыс, жатыс және шығыс септік тұлғаларының süle «жоғары», sülte «жоғарыда», šala «ішке», šalta «ішінде», šalton «іштен», kaššine «кешке», kasine «түнде», vismin «бүрсігүні», irššine «ертемен», malašne «алға», kasalla «кешке

¹ Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Ана тілі, 1991. – Б. 339.

² Korkmaz Z. Türkiye Türkçesi Grameri. Şekilbilgisi. – Ankara: TDK Yay, 2003. – S.455.

қарай» т.б. мезгіл, орын-мекен мәнді үстеу құрамында келіп, «лексикализациялануы» басқа да түркі тілдеріне тән¹.

Түркі тілдерінің ішінде «ең көне тіл» саналатын чуваш тілінде үстеулердің бір бөлігі, әзірше, морфологиялық талдауға көнбейді, екінші бөлігінде есімдердің кеңістік мәнді барыс, жа-тыс және шығыс септік тұлғаларының «сіріленуі» көрініс береді – дей келіп, Л.С.Левитская чуваш тілінде үстеулер құрамында «сіріленген» -zn/-ән қосымшасы шығу тегі жағынан көне көмектес (инструменталдық) септіктің -in/-in қосымшасына келіп тірелетінін айтады (Салыст.: түрік. jazın «жазда», kisin «қыста», ilkin «алдымен», ičin ičin «ішімен», «құпия»; қараим. küzün «күзде», jazbasın «көктемде» т.б.; башқ. әсәнән «ақиқатында», kəsән «қыста»)².

Көп жағдайда түркі тілдерінде туынды үстеулер жасайтын -in/-in, -la/-le, -ça, -dī/-tī, -tīn/-tin, -dīn/-din, -tur/-tür, tīr/-tir -γaru/-gārū, -qaru/-kerū, aru/-erū, -ra тәрізді жалпытүркілік форманттар алтай тілдеріне ортақ қосымшалар тұрғысынан түсіндіріледі³. Мәселен, салыстыру-ұқсату және мезгіл (шектеу) мәнді мәнді -ça қосымшалы türkçe «түркіше» үстеуі XI ғ. түркі жазба мұралары тілінде, есімді және есімдікті негіздерге жалғанған -ça көне түркі ескерткіштері мәтінінде кездеседі: qanin, subça jügürti, söñükün, taŋça jatdı «сенің қаның суша ақты, сенің сүйегің тауша үйілді», anca saqintim «осынша сағындым»⁴. В. Котвич -ça қосымшасының шығу тегін çaу «уақыт, өлшем» (салыс.: қаз. šaq «кез, уақыт», моңғ. tsag «кез, шақ, уақыт, мезгіл») сөзімен байланыстыратын болса⁵, Г. Рамстедт -ça қосымшасының теңестіруші мағынасы бастапқы болды, ал салыстырмалы (эквативтік) мағына сол бастапқы мағынадан туындады деп біледі⁶.

-la қосымшалы үстеулер көне түркі тілінде сирек те болса кездеседі: körklä «ғажап», qurla «рет», tünlä «түнде». Осы үлгімен

¹ Левитская Л.С. Историческая морфология чувашского языка. – М., 1976. – С.114.

² Левитская Л.С. Историческая морфология чувашского языка. – М., 1976. – С.115-116.

³ Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Морфология. – М., 1988. – С. 259-261.

⁴ Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Морфология. – М., 1988. – С.162.

⁵ Котвич В. Исследования по алтайским языкам. – М., 1962. – С. 191

⁶ Рамстедт Г.И. Введение в алтайское языкознание: Морфология. – М., 1957. – С. 52.

жасалған үстеулер қатарына осм.түрік. *öjlä* «түсте», көне түрк. *ċinla* «шын», әзерб. *danla* «таңертеу, ертең», қарайм. *jaŋla, janla* «қазір ғана, жақында», құмық. *taŋala* «ертең», ноғ. кітаби. *taŋla* «ертең», шағ. *taŋla* «ертең» сөздерін жатқызуға болады. *-la/-le* қосымшаларын В. Банг құралдық-адвербиалдық мағыналы аффикс деп те, сонымен бірге есім және *ile* «мен» демеулігінен тұратын *qurla* типтес үстеулерге қатысы болуы да мүмкін екенін ескертеді. В. Котвич *ile* сөзін *i+le* тұлғаларына ажыратып, *-le* қосымшасын көмектес-біргелік септігінің көрсеткіші деп деп санайды¹. *-la* аффиксінің алтайлық параллельдері анықталмағанымен, түркі тілдерінде үстеу құрамында кездесетін *-la* жұрнағының моңғол тіліндегі көмектес септіктің *-luŋa* (*>-lā>-la-*) қосымшасымен байланысы болуы мүмкін екеніне моңғолтанушылар да мән береді².

Көне түркі ескерткіштері тілінде *amtī* «енді», *qatīyüdi* «берік», *ädgüti* «жақсы» тәрізді үстеулер құрамында көрініс беретін *-di/-ti* қосымшасы қазіргі түркі тілдерінен тофалар тілінде (*qahtīyüdi* «берік», *ehkidi* «жақсы») және саха тіліндегі үстеу қосымшасы *tīq/-tik* құрамында (*uhunnuq* «ұзақ», *d* *ollōxtuq* «бақытты») сақталуы мүмкін³. Туынды үстеулер жасайтын *-di/-ti* қосымшаларын А.Габэн *öndürti* «шығыста», *taštirtī* «тысқары» тәрізді көне түркілік үстеулердегі *-ti* қосымшасымен⁴, К. Менгес *-di/-ti* қосымшаларын тұңғыстық көмектес септігінің, оның ішінде эвенкилік *-t* қосымшасымен жақындастырады⁵.

Э.В. Севортян көне түрк., хак., тув., ам, қырғ., алт. ем, еск.-түр. *im* «енді, қазір» қазіргі түркі тілдерінің көпшілігінде *indi/imdi/emdi* және т.б. туынды үстеу құрамына кіретінін және мұнда

¹ Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Морфология. – М., 1988. – С. 267.

² Котвич В. Исследования по алтайским языкам. – М., 1962. – С.322; Санжеев Г.Д. Сравнительная грамматика монгольских языков. – М., 1953. – С.174; Рамstedт Г.И. Введение в алтайское языкознание. Морфология. – М., 1957. – С. 47.

³ Рассадин В.И. Морфология тофаларского языка в сравнительном освещении. – М., 1978. – С. 249-250.

⁴ Gabain A. *Altürkische Grammatik*. – Leipzig, 1950. – P. 165.

⁵ Menges K.H. *Turkic Languages and Peoples: An Introduction to Turkic Studies* / K.H. Menges. Wiesbaden, 1968. – S. 115.

алтайлық жарыспалы-сәйкестіктер қатары орын алатынын көрсетеді¹.

Күрделі үстеулер кем дегенде екі немесе онан көп сөздердің бірігуі, қосарлануы және тіркесуі арқылы жасалады: қаз. бүгін, биыл, ендігәрі, анда-санда, күнде-күнде, оқта-текте, алдын ала, күні бүгінала жаздай, қас пен көздің арасында т.б.; түрік.: *gece olsun gündüz olsun* «күндіз түні», *giderayak* «кетіп бара жатқанда», *yüzükoyun* «етпетінен», *kaşla göz arasında* «қас пен көздің арасында», *yan yana* «бірге», *bir solukta* «бір демде», *akşam üstü* «кешқұрым, кешке қарай» т.б.

Түркі тілдеріндегі үстеулерді мағыналық тұрғыдан сапалық және пысықтауыштық деп екі топқа бөліп, әрекеттің сын-бейнесіне, сан-мөлшеріне қатысты үстеулерді сапалық, ал мезгіл, мекен, себеп-салдар, мақсат мәнді үстеулерді пысықтауыштық топта қарастыру² жекелеген түркі тілдерінде үстеулерді мағынасына қарай мезгіл, мекен, мөлшер-өлшем, сын-бейне, күшейту, мақсат, себеп-салдар, топтау үстеулері т.б. деп іштей жіктеуде негізге алынатыны байқалады.

Түркі тілдерінің салыстырмалы-тарихи грамматикасына қатысты зерттеулерде бастапқы түбір үстеулердің сапалық тобына мөлшер мәнді адвербиалдық бірқатар сөздер (*кед* «өте», *аз* «аз», *көр* «көп», *шөк* «көп», *jana* «тағы» т.б.), ал пысықтауыш тобына мезгіл мәнді жалпытүркілік, тіптен арғытүркілік ретінде қарастыруға болатын *ам*, *әм*, «енді, қазір», *ег* «ерте», *кеш* «кеш», *баја* «әлгіде» т.б. үстеулер енетіні атап көрсетіледі³. Бұлардың шығу тегі туралы пікірлер де әрқилы болып келеді. Кейбіреулерінің генезисі таза түркілік, қайсы біреулері түркі-моңғолдық, енді бірі жалпыалтайлық деңгейде қарастырылады. Мәселен, қазіргі түркі тілдерінде мезгіл мәнді көптеген туынды үстеулердің жасалуына негіз болатын болатын *ег* және *кеш* түбір-негіздер түркі тілдері аралық деңгейде салыстырылатын болса

¹ Севортян Э.В. Этимологический словарь тюркских языков: (Общетюркские и межтюркские основы на гласные). – М., 1974. – С. 357-358.

² Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Морфология. – М., 1988. – С.257.

³ Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Морфология. – М.: Наука, 1988. – С. 259.

(*ē: түркім. i:r, чув. iṛ, өзб. диал. ēṛ, түр. er «ерте, ерте таңертең»;¹ *kēš: түркім. gi:š, аз. gež, құм. geš, қаз. keš «кеш», чув. kas «кешке», көн.түрк. keš «ұзақ, кеш», салыс. көн.-түрк. keš- «кешігу, кідіру»)², түркілік *pek/ bik «өте, тым, берік» моңғол тіліндегі bök «күшті, берік, мықты» сөзімен (түрік. pek «өте, тым, берік, тұрақты», көне түрк., қар., гаг. bek «күшті, мықты, өте», тат. bik «өте, ең», қырғ. bek «мықты, өте», сюг. rīq «күш», әдетте моңғол тіліндегі beki «күшті, берік, мықты өте», ал түркілік бастапқы үстеу āz моңғолдық aṛia «әрең», тұңғыс-маньчжур тілдеріндегі arakūkan «баяу, азғана» сөздерімен салыстырылып, алтайлық жарыспалы-сәйкестіктер қатарында айқындалады³: түрікм. āz «аз» түр., аз., қырғ., ноғ., көн.-түрк. az, алт., хақ., тув., as, башқ., әд, тат. āz, бұлғ. *ar>мар. or/ur ~ моңғ. aṛia «әрең», арғымоңғ. *aṛia ~ эвенк. arakūkan «баяу, азғана», aṛba «судың төменгі деңгейі» ~ көне түрк. az «аз» т.б.

Семантикалық топ саны үстеу категориясының зерттелуіне байланысты бір тілдің өзінде әртүрлі көрсетілуі мүмкін. Айталық, қазақ тіліндегі үстеулерді мағыналық жақтан А.Байтұрсынов: «нықтаулық, сынаулық, өлшеулік, мезгілдік, мекендік»⁴ деп беске, Ғ. Әбуханов: «мезгіл, мекен, бейнелік (сын-қимыл), мөлшерлік, күшейткіш үстеулер»⁵ деп беске, А. Ысқақов: «мезгіл, мекен, мөлшер, сын (бейне), күшейту (ұлғайту), мақсат, себеп-салдар, топтау үстеулері»⁶ деп сегізге бөлетін болса, түрік тіліндегі үстеулерді З. Коркмаз мағыналық тұрғыдан: «мезгіл, мекен-бағыт, бейнелік, мөлшер, сұрау үстеулері» деп беске⁷, М.Эргин: «мекен, мезгіл, бейнелік, мөлшер үстеулері» деген

¹ Севортян Э.В. Этимологический словарь тюркских языков: (Общетюркские и межтюркские основы на гласные). – М., 1974, - С. 369-370.

² Севортян Э.Р. Этимологический словарь тюркских языков: Общетюркские и межтюркские основы на буквы «В», «Г» и «Д». – М., 1980. - С. 51.

³ Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Морфология. – М.: Наука, 1988. - С. 259.

⁴ Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. - Б. 256.

⁵ Әбуханов Ғ. Қазақ тілі. – Алматы, 1982. - Б. 167.

⁶ Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы, 1991. - Б. 341.

⁷ Korkmaz Z. Turkiye Turkgesi Grameri. Şekilbilgisi. – Ankara: TDK Yay, 2003. - S. 453.

төртке бөледі¹. К.М Мусаев қарайым тілінде үстеулердің мезгіл, мекен, қимыл-сын, бағыт-бағдар, күшейткіш үстеулер деген мағыналық топтарын көрсетеді².

Үстеулердің мағыналық топтары жоғарыдағыдай тіл-тілде әртүрлі болғанына қарамастан, мекен, мезгіл, сын-бейне, мөлшер үстеулері түркі тілдерінің қай-қайсысында да үстеулердің негізгі мағыналық топтары саналады. Үстеулердің тұлғалық өзгерістерге ұшырауы белгілі контексте, коммуникативтік қызмет өрісінде ғана кездеседі. Үстеудің шырай жұрнақтары мен көптік жалғауын қабылдайды, тәуелдік, септік, жіктік жалғаулар арқылы түрленеді. Шырай тұлғалары үстеулердің түрлену жүйесін көрсетпейді. Ол бар болғаны үстеудің кейбір мағыналық топтарын тұлғалық өзгеріске ұшыратып, сол арқылы семантикасына әсер етіп сөйлемде түрлі қызмет атқаруына ықпал жасайды.

§7. Етістік: етістіктің морфологиялық құрылымы

Етістік лексика-семантикалық және лексика-грамматикалық табиғаты тұрғысынан күрделі сөз табы саналады. Бұл оның лексикалық негізі, құрамдық және құрылымдық ерекшеліктері, жасалу тәсілдері, мағыналық жіктелісі, нысанға қатысы, іс-әрекет, қимылдың орындалу амалы сияқты лингвистикалық сипатынан айқын көрінеді. Түркі тілдерінің етістік категориясына тән ортақ қасиеттері мен өзіндік ерекшеліктері етістіктің түбір тұлғасы және оған үстемеленетін сан алуан грамматикалық формаларда, етіс, шақ, рай, есімше, көсемше сияқты арнайы грамматикалық категориялардың көрсеткіштерінде, етістік тудыратын қосымшаларда көрініс береді.

Етістік морфологиялық құрлымы жағынан түбір етістік, туынды етістік, күрделі етістік болып үшке бөлінеді. Түбір етістік ары қарай морфемаларға бөлінбейтін түбір тұлғалы болып келетінімен сипатталатын болса, туынды етістік түбір сөзге

¹ Ergin M. Turk Dil Bilgisi. – İstanbul: Bayrak Yayinlari, 1999. - S. 259.

² Мусаев К.М. Синтаксис караимского языка. – М., 2003.

жұрнақтардың жалғануы арқылы жасалады. Күрделі етістік екі немесе онан да көп сөздердің біртұтас іс-қимылдық мағына білдіріп тіркесуінен тұрады.

Түбір етістіктер.

Етістіктің түбір тұлғасы (негізгі тұлғасы) қимылды, іс-әрекетті, процесті білдіреді және ол етістіктің жеке сөз табы ретіндегі жеке тұрғандағы семантикалық белгісі, негізгі жалпы грамматикалық мағынасы, ал бұйрық райдың екінші жағы сол етістіктің сөйлеу процесінде басқа сөздермен қарым-қатынасқа түсудің нәтижесінде пайда болатын, грамматикалық нөлдік форма арқылы көрінетін түрлену мағынасы, яғни категориялық грамматикалық мағынасы болып табылады¹.

Түркі тілдеріндегі көптеген түбір етістіктердің моңғол, тұңғыс-маньчжур тілдерінде дыбыстық, тұлғалық және мағыналық тұрғыдан сәйкестік түзетін параллельдері орын алады²: - түрк. *ora- «орау, алдын орап кету, алдау», «орап қою»: түркім. ora, қаз. ora-, узб. ora-, диал. horä-, ұйғ. oru-, лобн. ojo-, чув. vār- «орау», «орап тастау», «айналдыра орап қою» ~ орта-моңғ. horċi-, моңғ.-жазба orċi- «айналу», oriċa-, oruċa- «айналдыра бұрау, орап тастау»,

¹ Қазақ грамматикасы. Фонетика. Сөзжасам. Морфология. Синтаксис. – Астана: Астана полиграфия, 2002. - 496-бет.

² Ramstedt G. J. Kalmükisches Wörterbuch. – Helsinki, 1935. (LSFU, 3) ; Ramstedt G. J. Einführung in die altaische Sprachwissenschaft. I: Lautlehre. – Helsinki, 1957.- 192 S.; Poppe N. Vergleichende Grammatik der Altaischen Sprachen. T. 1. Vergleichende Lautlehre. Wiesbaden, 1960; Lessing F.D. Mongolian-Englisch dictionary. – Berkeley; Los Angeles, 1960. – 1217 p; Егоров В.Г. Этимологический словарь чувашского языка. – Чебоксары: Чуваш. кн. изд-во, 1964. 355 с; Räsänen M. Versuch eines etymologischen Wörterbuchs der Türk Sprachen. – Helsinki, 1969. – 2-е изд. – Helsinki, 1971. - 533 s; Clauson G.. An Etymological Dictionary of Pre-Thirteenth Century Turkish. Oxford, 1972. 989 p.; Севортян Э.В. Этимологический словарь тюркских языков. – М.: Наука, 1974-1980. – Т. I-III; Clark L.V. Mongol elements in Old Turkic? // Journal de la Société Finno-Ougrienne. – Helsinki, 1977. – Vol. 75. P. 110-168. Сравнительный словарь тунгусо-маньчжурских языков: Материалы к этимологическому словарю. –Т. 2. – Л.: Наука, 1977.; Цинциус В.И. Этимологии алтайских лексем с анлаутными глухими придыхательными смычными губно-губным *п" и заднеязычным *к" // Алтайские этимологии. – Л., 1984. - С. 4445; Doerfer G.. Mongolo-Tungusica. – Wiesbaden, 1985. P. 23; Etymological dictionary of the altaic languages by Sergei Starostin, Anna Dybo, Oleg Mudrak. – Brill Leiden, Boston, 2003. – Т. 1-3. 2-т., 1151-1152; Федотов М.Р. Этимологический словарь чувашского языка. – Изд. 2-е., испр. и доп. – Чебоксары: Изд-во Чуваш. унта, 2002.- 470 с; Туймебаев. Ж.К. Проблема анлаутных губных согласных в алтайских языках (Ревизия фонетического закона Рамстедта – Пеллио) /– М., 2005. - 182 с.

х.-моңғ. *orō-*, *orči-*, бур. *orō-*, *oršo-*, калм. *orā-*, *orčā-*, дунс. *хого-*, баоань. *horə-*, ш.-юг. *horō*, моңғор. *furō-*, *хурō* «орау, орап тастау» ~ тұңғ.-маньчж.: эвенк. *horol-* «айналдыру, айналу», нег. *хәјіл-* «тж.»; маньчж. *foro-* «айналу»; «бір нәрсені шыр айналдыру»; ульч. *pori-* «тор тоқу»;

- түрк. **as-* «асу»: түркім. *as-*, қаз. *as-*, халадж. *has-*, чув. *us-* «асу» ~ жазба.-моңғ. *asa-*, х.-моңғ. *asa-*, бур. *aḥa-* «жоғары шығу, өрмелеу», бур. *aḥā-* «тіркеу, тағу, іліп қою, асып қою» ~ тұңғ.-маньчж.: ороқ. *ḥasi*, нан. *hasi*, *fasi-*, нан., ороқ. *pasi-* «асу, асылу».

- түрк. **üskür-* «үшкіру», «шашырату (түкірігін)»: түркім. *üsgür*, халадж. *esür-*, түрік. *öksür-*, гағ. *ūsür-*, чув. *üzēr-* «жөтелу», *üsläk* «жөтел» ~ моңғ. **hödür-* «бүрку, шашырату»: жазба моңғ. *ösür-*, *üsür-*, х.-моңғ. *üsre-*, қалм. *ösr-*, дағур. *ḥesurē-*, *ḥesre-* «шашырату» ~ тұңғ.-маньчж.: эвенк. *husu-*, эвен. *hus-*, нег. *ḥusi-*, маньчж. *fisi-*, *fise-*, *fusu-*, ульч. *pisuri-*, нан. *pisi-*, *fisi-*, ороқ. *pisitči-*, *possoli-* «бүрку»;

- түрк. **ös-* «өсу»: түркім. *ös-*, құмық. *ös-*, диал. *üös-*, қар. г. *es-*, көне түрк. *ös-*, тат. *üs-*, қаз. *ös-*, чув. *üs-* «өсу» ~ моңғ. **ös-* «расти»: орта моңғ. *os-*, *us-* *osge-* (caus.); жазба моңғ. *ös-* «өсу»; х.-моңғ. *ös-*, бур. *üde*, калм. *ös-*, орд. *ös-*, дағур. *euse*, дунс. *osē-*, *osi-*, баоань. *ose*, ш.-юг. *ūs-*, моңғор. *ösē-* «өсу» ~ тұңғ.-маньчж.: маньчж. *fuse-* (< **fösü-*) «өсу (өсімдік)», «өсу, көбею (жан - жануар)»; эвен. *isu-*, эвенк. *isew-*, нег. *isew-*, уд. *jehu-* «өсу»;

- түрк. **öt-* «өту (бірдеңенің жанынан, бірдеңе арқылы)», «ағып өту», «жылжып өту»; «өту (уақыт)»: көне түрк. *öt-*, түркім. *öt-*, якут. *öt*, с.ұйғ. *jüt-*, қаз. *öt-*, чув. *vit-* «өту», «өтіп кету, сіңіп кету (ішке)» ~ моңғ. **oči-* «жүру, қозғалу»: орта моңғ. *očiḡa* «алдында», «алға», жазба моңғ. *oči-* «жүру, қозғалу», х.-моңғ. *oči-*, бур. *oḥo-*, дунс. *eči-* «жүру» ~ тұңғ.-маньчж.: эвенк. *utur-* «айналу»;

- түрк. **ür-* «үрлеу»: көне түрк. (көне ұйғ., қарах.) *ür-*, шағ. *hür-*, әзерб. *üfür-*, кар. г. *jir-*, қаз. *ür*, якут. *ür-*, чув. *vēr-* «үрлеу» ~ моңғ. **(h)uri-* «үрлеу (бетке)»: жазба моңғ. *uri-*, х.-моңғ. *uri-*, бур. *urā-* «бұрқырау (шаң)», орд. *uri-* «үрлеу»; Салыс.: орта моңғ. *hüli»e-*, жазба моңғ. *ülüje-*, қалм. *ülē-*, х.-моңғ. *ülē-*, бур. *ülē-* «үрлеу» ~ тұңғ.-маньчж. **rū-* «үрлеу»: эвенк. *huw-*, эвен. *hū-*, нег. *ḥūw-*, ульч., ороқ., нан. *rū-* «үрлеу»;

түрк. *ürk- «үрку, жалт беру»: көне түрк. (көне ұйғ., қарах.) ürk-, түркім. ürk-, халадж. hirk-, гағ. jürük-, узб. hürk-, қаз. ürkі-, чув. ёгёх- «қорқу, үрку», «бір жағына жалт беру»; Салыс.: көне түрк. ür- ~ іг- «шошу, сескену, қорқу» ~ моңғ. *ürgü- «шошу, қорқу»: ср.-моңғ. urgu- , orgo- , urgu- ; жазба моңғ. ürgü-, х.-моңғ. ürgü-, ürgё-, қалм. ürgё-, дағур. хурги-, баоань. hergə-, монғор. furgudi-, хargudi «шошу, қорқу» ~ тұңғ.-маньчж.. *ürkən- «талып қалу, құлағы түну»: эвенк. ūrkan-, эвен. ūrqān-, нег. oĵkan-, уд. ukana т.б.

Түбір етістіктердің тектіл деңгейіндегі тұлғаларын жаңғыртудың қазіргі тілдердегі етістіктердің қалыптасу, даму эволюциясын бағамдаудағы рөлі ерекше. Тектілдік формаларды жаңғыртудың түркі тілдерінің тарихы үшін аса қажет екенін Э.Р.Тенишев: «Тектілдік сұлбаны (схема) реконструкциялаудың танымдық ғана емес, ғылыми-әдіснамалық маңызы зор. Ол жекелеген түркі тілдерінің тарихын зерттеуде бастапқы нүкте қызметін атқаруы керек. Тілдегі кез келген дыбыстың немесе тілдік форманың жалпы сипатын, дыбыстық немесе тұрпаттық өзгерістердің бағытын айқындау үшін олардың о бастағы көне қалып-күйін білу керек. Онсыз түркі тілдері тобына енетін қандай да бір тілдің тарихын зерттеу мүмкін емес» – деп атап көрсетеді¹.

Түбір етістіктердің арғытүркілік, арғымоңғолдық және арғытұңғыс-маньчжурлік тұлғаларын қалпына келтіріп, соның негізінде арғыалтайлық түптұлғаларды жаңғырту мәселесі Ю.Немет, Б.Коллиндер, Г.Винклер, Г.И.Рамстедт, Н.Поппе, Е.Д.Поливанов, М.Рясянен, В.И.Цинциус, С.А. Старостин, А.В. Дыбо, О.Мудрак т.б. белгілі алтаист-түркітанушы ғалымдардың іргелі зерттеулерінің өзегін құрайды. Мәселен, С.А. Старостин арғыалтайлық *ž дыбысы түркі тілдерінде *j, моңғол тілдерінде *ž, тұңғ.-маньчжур тілдерінде *ž, корей тілінде č-, č (=ž) түрінде көрініс беретінін айта келіп, «жеу» мағынасындағы арғытүркілік *jē- түбір етістігін арғыалт. *žē- тұлғасынан өрбітеді: түрк. *jē-: көне түрк., орта түрк. je-, түрік. ja-, әзерб. je-, түркім. ĭ-, қаз. же-, хак. ċi-, як. sia-, чув. śi- «жеу» ~ ТМ *že-, *že-p- ~ орта.-кор. *čā-, čā-

¹ Тенишев Э.Р. О методах и источниках сравнительно-исторических исследований тюркских языков //Избранные труды. Книга первая. – Уфа: Гилем, 2006. - С.18-22

si- < арғыалт. *žē-. Сол сияқты «жағу» мағынасындағы көне түрк. jaq-tur- «жағу», шағ., түрік., түркім. jak-, қаз., тат. žak- «жағу» (салыст.: шағ. jaγ-du, тат. jak-ti, чув. šudă «жарық, шырағдан») етістіктің ілкі тұлғаларын арғыалт. *d > түрк *j, d, моңғ. *d, *ž, тұңғ.-маньчж. *d-, d, кор. t-, t (=d) дыбыстық сәйкестіктеріне негіздеп, С. А. Старостин былайша жаңғыртады¹: түрк. *jak- ~ тұңғ.-маньчж. *deg-žē- ~ *žeg-de ~ орта кор. thă- < арғыалт. *dak-. А.В.Дыбо сөз ортасында екі дауыссыз дыбыстың тіркесе келуінен тұратын сәйкестіктер қатарын түркі, моңол, тұңғыс-маньчжур тек тілдері деңгейінде жаңғырта отырып, көптеген түбір етістіктердің арғыалтайлық түпкі тұлғаларын қалпына келтіреді²: түрк. *kert- «керту, кескілеу» ~ моңғ. *kerči «керту, кесу» ~ тұңғ.-маньчж. *xegde- «сыдыру» < арғыалт. *kerte-; түрк. *tap- «табу, іздеп табу» ~ моңғ. *taβa- «табу, шешуін табу» ~ тұңғ.-маньчж. *tak- «тану» < арғыалт. *tap- т.б.

Түркі және моңғол тілдерінде паралельдер қатарын түзетін түбір және түбір – негіз тұлғалы етістіктерді: А.М.Шербак 1) толық немесе біршама толық сәйкесетіндер: көне түрк. biti-, алт. biči-, тув. biži- ~ орта моңғ. biti- / biči-, моңғ. bič- «жазу»; көне түрк., түркім. bol-, әзерб., түрік. ol-, тат. bul- «болу» ~ жазба моңғ. bol- «болу»; алт. bürke-, қырғ. bürkö-, тув. bürge- «бүркеу, жабу» ~ жазба моңғ. bürke- «бүркеу, жабу, торлау (бұлт)»; алт. šoču-, ұйғ. šöcü- ~ жазба моңғ. šoč- ~ soči- «шошу, қорқу» т.б.; 2) құрамында «қосымша» дауысты дыбыс кездесетіндер: көне түрк. büt-, әзірб. bit- ~ жазба моңғ. büte- «біту, аяқталу»; көне түрк., өзб. kez-, түркім. gez- ~ жазба моңғ. kegü- «кезу»; көне түрк., алт., ноғ. qat- ~ жазба моңғ. qata- «қату, қатаю; құрғау»; көне түрк., қырғ., тув. siŋ, ~ жазба моңғ. singge-, моңғ. šinge- «сіну» т.б.; 3) құрамында «қосымша» дауысты мен дауыссыздың тіркесуі орын алатындар: орта түрк. baj- ~ орта моңғ. bajaŋi- (baja- ŋi-) «баю»; көне түрк., қар. il- «ілу», түркім. il- «ілесу, ілігу» ~ жазба моңғ. elgü- (el-gü-) «ілу, асып қою»; көне түрк. jaδ- ~ jaδ-, әзерб., қар. jaj- «кең тарату,

¹ Старостин С. А. Алтайская проблема и происхождение японского языка. – М., 1991. – С.56.

² Дыбо А.В. Семантическая реконструкция в алтайской этимологии. Соматические термины (плечевой пояс). – М., 1996. – С.46-48.

жаю; төсеу» ~ жазба моңғ. *jadači-* (*jada- či-*) «шешу, ашу»; көне түрк. *jajul-jajqal-* «тербелу, жайқалу» ~ жазба моңғ. *najilja-* (*najil-ja-*) «тербеу, шайқау» т.б. деп 3 топқа бөледі¹.

Етістіктер бір тілден екінші тілге оңайшылықпен ене қоймайтын, өте тұрақтылығымен ерекшеленетін категория саналатынымен, түркі, моңғол және тұңғыс-маньчжур тілдері арасында бірінен-біріне енген түбір және туынды тұлғалы етістіктер молынан кездесетінін ғалымдар жоққа шығармайды.

Б.Я.Владимирцов, В.Л.Котвич, В.И.Цинциус, Г.Д.Санжеев, О.П.Суник, Т.А.Бертагаев сияқты көрнекті алтаистердің алтай тілдері ішілік кірме лексикалық бірліктерді айқындауға арналған зерттеулерінде алтай тілдеріндегі параллель етістіктерге этимологиялық талдау жасалып, олардың қайсы бірінің кірмелік тегі анықталады². Мәселен, Б.Я.Владимирцов моңғол тілдерінде түркі тілдерінен морфологиялық тұтас қалпын сақтап енген кірме элементтердің көптеп кездесетінін, олардың бір қатарының түп тегінде түркілік түбір етістіктер жатқанын айтады³: моңғ. *кесег* (халх. *хэсэг*) «бөлік, тілім, қиық» > түрк. *кес-* «кесу, қырку, бөлу», моңғ. *сураг* «хабар, мәлімет» > түрк. *сұра-* «сұрау», моңғ. *бүлэг* «топ», «бөлім», «тарау» > түрк. *бөл-* «бөлу, кескілеу, айыру» т.б. Б.Я.Владимирцов «моңғол тіліндегі түркизмдер» деп көрсеткен жоғарыдағы сөздерді Т.А.Бертагаев моңғол тілдері материалдары негізінде этимологиялық «сүзгіден» қайта

¹ Щербак А.М. Тюркско-монгольские языковые связи (К проблеме взаимодействия и смешения языков) // Вопросы языкознания, 1986. № 4. С.50.

² Владимирцов Б.Я. Турецкие элементы в монгольском языке // ЗВО ИРАО, 1911, XX, 2-3. С.153-184; Владимирцов Б.Я. Об отношении монгольского языка к индо-европейским языкам Средней Азии //ЗКВ. №1. 1925. С. 305-341; Владимирцов Б.Я. Арабские слова в монгольском //ЗКВ. №5. 1930. С. 73-82.; Kotwicz W. Les elements turcs dans la langue mandchoue //RO. 1939. ХТV.; Цинциус В.И. Монголизмы-дублеты в маньчжурском языке//Исследования по восточной филологии (К семидесятилетию профессора Г.Д.Санжеева) –М., 1974. С. 297-3 05.; Санжеев Г.Д. Маньчжуро-монгольские языковые параллели//Известия АН СССР. Отделение гуманитарных наук. – Л., Сер. VII. №8. С. 601-626; Kaluzynski St. Mongolishc elemente in der jakutischen sprache. – Warshawa. 1961; Суник О. П Глагол в тунгусо-маньчжурских языках. – М. – Л., 1962; Бертагаев Т.А. Внутренняя реконструкция и этимология слов в алтайских языках // Проблема общности алтайских языков. – М., 1974. - С.90-109.

³ Владимирцов Б.Я. Турецкие элементы в монгольском языке // ЗВО ИРАО, 1911, XX, 2-3. - С.153-184;

өткізіп, олардың тегін бір жақты «түркілік» немесе «моңғолдық» деп түсіндіруге болмайтынын, бұлардың түп-тегінде түркі-моңғолға ортақ етістік түбір - негіздер жатқанын нақты тілдік фактологиялық материалдар негізінде дәйектейді¹.

Сайып келгенде, түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур және корей тілдеріндегі параллель етістіктердің кірмелік немесе арғыалтайлық тегін айқындау мәселесінің күрделілігі жалпыалтайлық ортақтықтың біртекті емес болмысынан туындайды. Бұл мәселеде тамырын тым тереңнен алатын алтай тілдері аралық генеалогиялық туыстық пен тілдераралық қарым-қатынастың нәтижесі іспетті өте көне, ерте және кейінгі кезеңдердегі кірмелікті де ескеру қажеттігі туындайды².

Тілдің тарихын сол тілде сөйлейтін халықтың қалыптасу тарихымен сабақтастыра қарастырудың маңыздылығын ескерсек, түркі тілдерінің барлығына ортақ түбір етістіктердің жалпытүркілік тектілік, сондай-ақ аралықтектілік (оғыз-қыпшақтық, оғыз-қыпшақтық, оғыздық, қыпшақтық және қарлұқтық) деңгейлердегі тұлғаларды жаңғыртудың сыртында, түркі тілдерінің өз ішіндегі кірмелікті тарихи тұрғыдан анықтау өзекті болмақ. Себебі, түркі тілдері дамуының әр дәуірінде сол кезеңнің тарихи-әлеуметтік үніне сай интралингвистикалық және экстралингвистикалық үдерістер жүріліп отырғаны сөзсіз. Н. А. Баскаков сөзімен айтқанда: «Түркі тілдерінің Алтай дәуірі жалпыалтайлық тектіліктің болуымен, кейіннен оның түркі-моңғол және тұңғыс-маньчжур бұтақтарына ажырауымен, ол бұтақтар іштей түркі, моңғол және тұңғыс-маньчжур тілдеріне бөлінуімен сипатталады. Түркі, моңғол және тұңғыс-маньчжур тілдері дифференция процесінің нәтижесінде өзді-өздеріне тән фонетикалық, лексикалық және грамматикалық белгілерге ие болды. Түркі тілдерінің Хун дәуірінде Батыс және Шығыс хун одақтары пайда болды. Бұл тайпалық одақтарда біршама ұзақ уақыт бойы сақталған тұрақтылық түркі тайпалары мен олардың тілдеріндегі ортақтықпен қатар, қазіргі кезде батыс және шығыс

¹ Бертагаев Т.А. Внутренняя реконструкция и этимология слов в алтайских языках // Проблема общности алтайских языков. – М., 1974.- С.90-109.

² Баскаков Н.А. Алтайская семья и ее изучение. – М. 1984. - С.55.

түркі тілдері болып бөлінетін тілдерге тән ерекшеліктердің қалыптасуына ықпал етті. Ал түркі тілдері дамуының көнетүркілік кезеңі түркі және моңғол тілдерінің бір-бірінен толықтай ажырауымен, түркі тілдерінде оғыз-қыпшақтық, қарлұқтық белгілердің белең алуымен сипатталады. Ортатүркі дәуірінде негізінен XV-XVII толықтай дара тұрпатына ие болған қазіргі түркі тілдері бір-бірінен тілдік ерекшеліктеріне қарай жіктеле дами бастады. Жаңа түркі дәуірі түркі халықтарының тілдері дамуының сапалық жаңа деңгейге көтерілген, халықтық, ұлттық тілдердің қалыптасу кезеңі болды. Түркі тілдері дамуының ең жаңа дәуірінде түркі халықтары мен олардың тілдерінің жіктелісі толықтай аяқталды¹. Демек, бұл үдерістер түркі тілдерінің лексикалық қазынасында, байырғы сөздік қорында ғана емес, грамматикалық құрылысында, соның ішінде морфологиялық құрылымда өз таңбасын қалдырғаны сөзсіз. Сондықтан қазіргі түркі тілдеріндегі түбір және туынды тұлғалы етістіктерді түркі тілдері дамуының әр дәуіріне сәйкес сатылай зерттеудің қазіргі түркі тілдерінің тарихын бағамдаудағы рөлі ерекше болмақ.

§8 Туынды етістіктер және етістіктің сөзжасам тұлғалары.

Түркі тілдерінде туынды етістіктер түбір етістіктерден немесе есім негізді сөздерден етістік тудыратын арнайы жұрнақтар арқылы жасалады. Етістік тудыратын түркі тілдеріне ортақ қосымшалар көне түркі жазба мұралары тіліндегі тұлғаларын негізінен сақтаған деуге болады.

*-la/-le: Түркі тілдеріндегі есім сөздерден етістік тудыратын өнімді жұрнақ -la/-le,-da/-de, -ta/te тұлғалары іс-әрекеттің дүркінділік, қайталамалық мәнін беретін өнімді жұрнақтар қатарына жатады. -la/-le жұрнағы арқылы жасалған етістіктердің тура мағынасы өзіне негіз болған түбір сөздердің семантикалық-аялық шеңберінен алыстамайды. Мысалы: көне түрк.: aŋla- «түсіну, аңғару, байқау», bašla- «бастау», көне түрк. eble- «үйлену, үйлендіру», көне түрк. jaŋla «жаулау, жауласу», көне түрк. ögle-

¹ Баскаков Н. А. Введение в изучение тюркских языков. – М., 1969. - С. 148

«ойлау» т.б.; шағат.: *sözle-* «сөйлеу», *bitle-* «бітіру», *tünle-* «түнеу», *toyla-* «тойлау»; тат.: *imla-* «ымдау», *töymele-* «түймелеу», *jšle-* «істеу, жасау» т.б.;

Есімнен етістік тудыратын *-la/-le,-da/-de, -ta/te* жұрнағы түркі, моңғол және тұңғыс-маньчжур тілдеріне ортақ қосымша саналады. Алтаистикалық бағыттағы зерттеулерде *-la/-le,-da/-de, -ta/te* қосымшасының арғыалтайлық тұлғасы ретінде **-la-* көрсетіледі де, ол түрк. *-la/-da-*, моңғ. *-l/-da/-ra-*, тұңғ. *-le-* түрінде көрініс беретіні айтылады¹. Мысалы: түрк. *-la/-le/-da/-de/-ta/-te: baš-la-* «бастау», *tiš-le-* «тістеу»; моңғ. *-l/-la/-le-, -da/-de ~ -ra/-re-*: *hawa-l-* «жұмыс істеу», *öte-l-* «қартаю», *dagu-la-* «әндету», *žad-la-* «шаншу (найза)», *ir-le-* «қайрау», *xürz-de-* «қазу», *xöx-rö-* «көгеру»; тұңғ. *-le-*: *mu-le-* «кешу (суды)», *daw-la-* «әндету», *buse-le-* «буыну (белбеу)» т.б.²

**-a,-e:* көне түрк.: *ata-* «ата, атау», *jaša-* «жасау (өмір сүру)», *sana-* «санау», *tile-* «тілеу» т.б.; шағат.: *orna-* «орнау», *oyna-* «ойнау», *örte-* «өртеу»; тат.: *aša-* «асау, жеу», *töne-* «түнеу», *töze-* «құру, түзу» т.б.

Көне түркі жазба ескерткіштері тілінде сирек қолданылатын *-a,-e-* жұрнағы жалғанған сөздердің мағынасы әр тарапты болып келеді. *-a,-e-* қосымшасының сөзжасамдық қызметін саралаған А.Н.Кононов: «Аффикс *-a/ä* образует глаголы переходные – со значением обратить в предмет, объект действия то, что названо производящей основой; непереходные – со значением названия процесса действия, выведенного из значения исходной основы: *at+a* «называть», «давать имя», «титуловать» *at* «имя»...»³. А.Н.Баскаков *-a,-e-* қосымша морфемасының қалыптасу жолын *-la,-le* жұрнағымен байланыстыра отырып, контоминациялық үдерістердің нәтижесі ретінде қарастырады⁴. Қазақ тілінде негізінен *asa → as+a, bosa → bos+a, qula → *qul+a, qura → qur+a, sura → *sur+a, žama → *žam+a* т.б. түбірлер құрамында кездесетін *-a/e-* қосымшасы туралы Ж.Манкеева: «Қазіргі қазақ тілінде *-a/-*

¹ Тенишев Э.Р. Алтайские языки // Языки мира: Тюркские языки. – М., 1996. – С.14.

² Баскаков Н.А. Алтайская семья языков и ее изучение. – М.: «Наука». 1981. – С. 86.

³ Кононов А.Н. Грамматика языка тюркских рунических памятников (VII-IX вв.). – Ленинград:Наука,1980. – С.116.

⁴ Баскаков Н.А. Каракалпакский язык. – М., 1952. Т.II, Ч.I – С. 203.

е көрсеткіші өнімсіз болып табылады. Ол негізінен «өлі» түбір-негіздердің құрамында сақталып қалған. Тілдің даму барысында «өлі» түбірлердің -а/-е аффиксімен кірігіп, тұтасып кеткендігі соншалықты, бұл көрсеткіштерсіз оларды дербес сөз ретінде қабылдау қиын» – дейді¹.

* -і/-i,-u/-ü: Көптеген зерттеушілер түркі тілдеріндегі -і/-i морфемасын етістік пен есімдердің жіктелу кезеңінде-ақ белсенді қолданыста болған-а,-е формантының қысаң нұсқасы ретінде қарастырады. Көне түркі ескерткіштері тілінде кездесетін -і/-i (biti → *bit+i «жаз, жазу», toqı → *toq+i «қаша (тасты қашау)» жұрнағының мағынасы туралы А.Н.Кононов былай дейді: «Аффикс -і,-i,-u,-ü образует глаголы чаше медиального значения с семантикой приобретать качество, свойство, обозначенное производящей основой»². Ж.Манкеева қазақ тілі деректері бойынша -і/-i қосымшасы арқылы жасалған 63 императив етістіктің жиналғанын көрсете отырып, олардың 59-ы тарихи туынды лексема екенін айтады, мысалы: arı→*ar+i, ajnı→*ajn+i, beki→*bek+i, damı→*dam+i, eri→*erı+i, žanı→*žan+i, žarı→*žar+i, žası→*žas+i, žeki→*žek+i, žorı→*žor+i, žoci→*žos+i, keji→*kej+i, qajı→*qaj+i, sası→*sas+i, tanı→*tan+i, širi→*šir+i, qurı→*qur+i, nalı→*nal+i, moji→*moj+i³.

*-q/-k , -γ/-g, -iq/-ik, -uq/-ük, -iγ/-ig, -uγ/-ü: – негізінен сын есімдер мен зат есімдерге жалғанып туынды етістіктер жасайды. «Көне жазбаларда -iq жұрнағы арқылы жасалған туынды етістіктер бұйрық мәнді қимылды (joluq «жолық») және іс-әрекеттің нәтижесін (uduγ бағын», tašıγ «аттан») білдіреді⁴. Көне түрк. joluq→jol+uq «жолық ~ қаз.žolıq→žol+iq; tašiq→taš+iq «тасы (тасыну, аттану, жолға шығу)»

-is/-is,-iř/-iř,-uř/-üř: Көне түркі ескерткіштер тілінде белсенді түрде қолданылатын өнімді жұрнақ -is/-is,-iř/-iř,-uř/-üř (sünüs//

¹ Манкеева Ж.А. Қазақ тіліндегі байырғы түбірлерді жаңғырту. – Алматы: «Мемлекеттік тілді дамыту орталығы» ЖШС, 2010.- 71-бет.

² Кононов А.Н. Грамматика языка тюркских рунических памятников (VII-IX вв.). – Л.: Наука, 1980. -С.116-117.

³ Манкеева Ж.А. Қазақ тіліндегі байырғы түбірлерді жаңғырту. – Алматы: «Мемлекеттік тілді дамыту орталығы» ЖШС, 2010.- 93-бет.

⁴ Есенқұлов А. Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі қосымшалар. – Алматы: Ғылым, 1976. – 198-бет.

sürjüş→ *sün+üs//üş «соғыс (сүңгілес)», uruş→ur+uś «ұрыс») қазақ тіліндегі -is/-is,-as/-es,-s морфемасымен келген императив етістіктер құрамында сақталған деуге болады. Ол туралы Ж.Манкеева: «қазақ тілінде тілде тек диахрондық тұрғыдан ажыратылатын императив етістіктер біршама мол кездеседі. Олардың құрамындағы -as/-es,-s аффиксінің жіктелуі аса күрделі. Мысалы: *ad-as, *al/ž-as, *eg-es, *žar-as, *kür-es, *tal-as, *ul-as, *tüg-es және т.б. Осы қатардағы етістіктердің бәрі бірдей ортақ әрекет мағынасын білдірмейді. Мысалы, adas= alžas=, žaras= (киімі жарасу) т.б. Бұл арада таза етістік сөзжасамына тікелей қатысты деп айтуға болады»¹. В.Т. Кондратьев түркі тілдеріндегі етістік тудырушы -is/-is,-iš/-iš,-uś/-üş форманттарын көптік категориясымен сабақтастырса², Л.Н. Харитонов -is/-is аффиксінде ортақтық, көптік мәндердің екеуі де бар екенін айтады және ортақтық мәні бірінші қалыптасқан, ал көптік мәнге кейін ие болған деп санайды³.

-n,-in/-in,-un/-ün: Көне түркі ескерткіштері тілінде етістік түбірден туынды етістік тудыратын қосымша морфема қызметінде жұмсалған -n,-in/-in,-un/-ün- қосымшасы қазақ тілінде өнімді сөзжасам жұрнағы. Мысалы: көне түрк. ökün→ök+ün«өкіну, қайғыру» ~ қаз. ökin→ök+in, ü≈i; көне түрк. ötün→öt+ün «өтін» ~ қаз. ötün→öt+in «1.Қиылып сұрау. 2. Жалынып-жалбарыну»; көне түрк. ičün→ič+ün «ышқын» ~ қаз. iŋqin→iŋ+qin; көне түрк. alqin→al+qin «алқын» ~ қаз. alqin→al+qin т.б.

-sira/-sire: Есім сөздерге жалғанып, белгілі бір заттың, құбылыстың жоқтығын көрсететін етістіктерді тудыратын көнетүркілік -sira/-sire қосымшасы қазіргі түркі тілдеріндегі -siz/-siz қосымшасының мәнін береді және өзара төркіндес жұрнақтар ретінде қарастырылады⁴. Салыст.: көне түрк. ilsire→il+sire «елсіре», көне түрк. qağan+sira→qağansira «қағансыра»; қаз. qansira, тат. kansira «қансырау»; қаз. eñsire, тат. elsere «есеңсіреу, шаршау» т.б.

¹ Манкеева Ж.А. Қазақ тіліндегі байырғы түбірлерді жаңғырту. – Алматы: «Мемлекеттік тілді дамыту орталығы»ЖШС, 2010. - 79-бет.

² Кондратьев В.Т. Очерки грамматики древнетюркского языка. – Л., 1970. –С.25-26.

³ Харитонов Л.Н. Залоговые формы глагола в якутском языке. – М., 1963.–С.50-51.

⁴ Левитская Л.С. Историческая морфология чувашского языка. – М.: Наука, 1976. – С.129.

-l,-il/-il-: Көне түркі ескерткіштері тілінде -l қосымшасы негізінен сөз түрлендіруші морфема қызметін атқарғанымен, жаңа сөз жасауда да белсенділік танытады: көне түрк. qıl «белгілі бір әрекетті жасау» > qī-, көне түрк. tiril «жиналып терілу > tiri- «теру», көне түрк. amrīl- «тынығу» > amrī «үнемі, қашанда», ħabīl- «атақ даңқы шығу» > ħab «атақ, даңқ», qutul- «құтылу, босау» < qut «құт».

Қазіргі түркі тілдерінде -l- тек ырықсыздықты білдіріп қана қоймайды, сөзжасамдық мақсатта да кеңінен қолданылады. Мұндай жағдайда ол есімнен туындаған етістіктерге «есім негіз атаған қасиетке ие болу» деген мәндегі типтік сөзжасамдық мағына үстемелеп, қимыл-әрекеттің қалып-күйін білдіру қызметін атқарады. Мысалы: әзерб. düzəl-, қбалқ., құм., ноғ., қаз. түzel-, тат. tözəl-, баш. tödäl- «бойын тіктеу, жөнделу, түзелу; қондану» > tüz /töz «түзу»; әзерб. sayal-, түрік. soyal-, чув. sibäl- «сауығу, сақаяу» > saγ(a) > soγ, sibā «денсаулық» т.б.

-ir/-ir,-ar/-er, -ur/-ür,-r: Көне түркі жазба ескерткіштері тіліндегі -ir/-ir,-ar/-er, -ur/-ür,-r форманты етістік түбірлерді грамматикалық жағынан түрлендіре отырып та, жаңа мағына тудыра алады: sökür→sök+ür «шөгер», qontur→qon+tur «қондыр» ~ қаз. şöger→šök(g)+er, qondir→qon+dır. Көнетүркілік -ir/-ir,-ar/-er, -ur/-ür,-r қосымшасы қазіргі түркі тілдерінің етістік жасам жүйесінде көне диссилабтар құрамында қолданылады: қаз. šaqir-, sekir-, tükir-; тат. agar- «ағару», bakir- «бақыру», öfer- «өбу»; қырғ. agar- «бозару», kaugir- «қайғыру», kiskar- «қысқару» т.б.

Түркі тілдерінде өнімсіз саналатын -(i/i,u/ü, e)r > *-(°)r- және -(i/i,u/ü, e)z > *-(°)z- жұрнақтарының қазіргі кезде туынды етістіктер құрамында жиі кездесуі олардың бертінге шейін жаңа құрылымдар жасауға актив қатысқанын көрсетеді. Мысалы: әзерб. ašir-, түркім. āšir-, түрік. ašir-, тат. ašir- / aštir-, қаз. asir-, өзб. ošir-, қырғ. asir- / aštir-, тув. ajir- / aštir-, як. āsar- «асыру, асырып тастау (белден, асудан), өткізу (судан); арттыру (санды, мөлшерді, бағаны)» > aš-/as- /oš- «асып өту»; әзерб., түркім., түрік., тат., қаз., қырғ. batir-, өзб. botir-, тув. badir-, як. batar-, чув. putar- «батыру (суға, батпаққа)» > bat-//bot- /bad- «бату»; әзерб. damiz-, тат.,

қаз., қырғ. tamiz-, өзб. tomiz- «тамызу» > tam- «таму»; әзерб., өзб. emiz-/emdir-, қырғ., қаз. emiz-/emgiz-, алт. emis- «емізу, еміздіру» > em- «ему» т.б.

Каузатив $-(i/i, u/ü, e)r > *-(^{\circ})r-$ және $-(i/i, u/ü, e) z- > *-(^{\circ})z-$ қосымшаларының өзара байланысы туралы ғалымдардың пікірі әртүрлі болып келеді. Мәселен, Н.А.Баскаков бұл қосымшаларды фонетикалық варианттар деп санаса¹, И.В.Кормушин оларды алломорфтар емес, дербес морфемалар деп есептейді²

§9. Етістіктің категориялары: етіс категориясы

Етістіктің етіс категориясы және оның іс-әрекеттің түрімен байланысы, етістіктің рай, есімше және көсемше тұлғалары бойынша өзгеруі және олардың іс-әрекет, қимылдың өтетін уақыт-мерзімі, оны жүзеге асыратын жақ, жекеше және көпше тұлға туралы түсініктермен тығыз байланысы, қимыл атауының септік формасын меңгеруге қабілеті тәрізді мәселелер түркологиялық бағыттағы зерттеулерде жан-жақты қарастырылып, етістіктің түрлері, етіс, рай, шақ, есімше, көсемше сияқты категориялардың өзіндік сипаты әр тілдің табиғаты тұрғысынан жете зерттелді деуге болады.

Етіс категориясы. Етістер – қимыл мен іс-әрекеттің, субъекті мен объекті арасындағы семантикалық-синтаксистік сипаттағы әр түрлі қатынасты білдіретін етістік категориясы. Етістің негізгі қызметі іс-әрекеттің қимыл иесі мен істелетін іске қатысын айқындау. Етістер қызметі мен мағынасына орай төрт түрге бөлінеді: өздік етіс, өзгелік етіс, ырықсыз етіс, ортақ етіс. Түркі тілдерінің басым көпшілігінде етіс негізгі, өздік, өзгелік етіс, ырықсыз, ортақ болып беске бөлінеді.

Етістіктің лексикалық негізімен бірдей түсіп жататын және оның нөлдік формасы ретінде көрініс беретін негізгі етістің етістік категориясындағы жетекші рөліне түркі тілдерінің салыстырмалы-тарихи грамматикасында айрықша мән беріледі:

¹ Баскаков Н.А. Каракалпакский язык. Фонетика и морфология. Ч.2. – М., 1952. – С. 345.

² Кормушин И.В. Каузативные формы глагола в алтайских языках // Очерки сравнительной морфологии алтайских языков. – Л., 1978. – С.36.

«В ней прежде всего и главным образом функционирует любой глагол как часть речи, имплицитно выражая соотношенность обозначаемого им действия или состояния с подлежащим, которое в глаголах активного действия совпадает с реальным субъектом, а в глаголах состояния олицетворяет носителя данного состояния. ... Остальные залоги исторически и по своему существу представляют собой трансформацию и модификацию основного залога по дифференцированному выражению субъективных отношений в рамках самого глагола с помощью специальных аффиксов».¹ VI-XI ғасыр түркі жазба мұралары тілінде де етіс категориясы іс-әрекеттің қимыл иесі мен істелетін іске қатысына байланысты ажыратылады. А.Н. Кононов көне түркі тіліндегі етіс категориясының жасалуы жаңа сөзжасаммен сабақтасып жататынын көрсете отырып, ескерткіштер тілінен бес түрлі етіс формасын ажыратады: негізгі, ортақ, өздік, ырықсыз, өзгелік етістер².

Өздік етіс етістіктің негізіне -n/-in/-in/-en/-un/-ün жұрнақтарының қосылуы арқылы жасалып, қимылдың іс-әрекет иесіне тікелей бағытталғанын, қатыстылығын білдіреді. Басқаша айтқанда өздік етіс істі, қимылды істеушінің басқа біреу арқылы емес, тікелей өзі жүзеге асырғанын немесе жүзеге асыратынын көрсетеді.

Негізінен сабақты етістіктердің шектеулі тобынан жасалатын өздік етістің таралу аясы көне және қазіргі түркі тілдерінде кең болып келеді. Бұл оның синтаксистік әлеуетінің жоғары деңгейіне және лексикалық мазмұнының ауқымына тікелей байланысты: көне түрк. *jarın-*, башқ. *jarın-*, қаз. *jabın-* «жабыну»; көне түрк., башқ. *jın-*, қаз. *jün-* «жуыну», көне түрк., башқ., қаз. *jaün-* «жағыну, бір нәрсені (бояуды, опа-далапты) жағу»; көне түрк., башқ. қаз. *sürtün-* «сүртіну, үсті-басын құрғату» т.б. Өздік етістің жасалуы кей жағдайда шұғыл түрде өтетін семантикалық жылжулармен, сөз тудырушы түбір-негіздің бастапқы

¹ Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Морфология. – М., 1988. – С.269.

² Кононов А.Н. Грамматика языка тюркских рунических памятников IX века. – Л.: Наука, 1986. – С. 173.

лексикалық мағынасының сапалық тұрғыдан өзгеріске түсуімен қатар жүріледі¹. Мысалы: көне түрк. *būrūn-*, қаз. *būrken-*, тат., башқ. *būrkan-* «бүркену, орану» < *būr* «бүру, тарту, созу»; тат., қаз. *jašan-*, башқ. *jašan-* «жасану» < *jasa-* «істеу, жасау»; тат. *čišen-*, башқ. *sisen-*, қарашай-балқ. *tišen-*, қаз. *šešin-* «шешіну» < *čiš-/šeš-/tiš-* «шешу, ағыту, босату» т.б.

Өзгелік етіс - (*i/i,u/ü, e*)*t*, -*tir/-tir/-tur/-tūr/-ter*, -(*i/i,u/ü, e*)*r*, -(*i/i,u/ü, e*)*z*, -*qiz/-kiz/-γiz/-giz*, -*quz/-kuz/-γuz/-gūz*, -*qar/-kār-qir/-ker* жұрнақтарының көмегімен жасалып, іс-әрекеттің басқа біреу арқылы істелгенін білдіреді. Өзгелік етіс қосымшалары көп жағдайда салт етістіктерден немесе есімдерден сабақты етістіктер тудырып, сөзжасамдық қызмет атқарады. Өзгелік етістің бұл қосымшаларын И.В.Кормушин етістіктің каузативтік тұлғалары ретінде қарастырады. Ол чув., якут. -*t(a)r-*, басқа түркі тілдерінде (оғыз, қыпш., солт.-шығыс, оңт.-шығыс) -*t(i)r-* түрінде кездесетін -*t(°)r-* қосымшасын, сондай-ақ барлық түркі тілдерінде дауыстыға және -*p*, -*l* дауыссыздарына аяқталған көп буынды негіздерге жалғанатын -*t-* қосымшасын қазіргі және көне түркі тілдерінде тіркелген 19-дай каузативтік морфемдердің біршама өнімділері қатарына жатқызады. Оның себебін И.В.Кормушин түбір негіздің соңғы дыбысының фонетикалық ерекшелігімен емес, негіздің буын санымен байланыстырады: «Біздің ойымызша, каузативтік тұлға екі буынды болуға ұмтылатын тұстарда барлық бір буынды негіздерге -*t(°)r-*, ал екі буынды сақтап қалуға ұмтылатын кездерде дауыстыға, -*p*, -*l*, бірқатар тілдерде -*й*, -*н* аяқталған барлық екі буынды негіздерге буын санын көбейтпейтін -*t-* қосымшасы жалғанады»²: -*t(°)r-*: түркімен. *āgdar-*, түрік. *audar-*, тат., қаз. *аудар-*, өзб. *ағдар-*, қырғ. *аңтар-*, қырғ. *оодар-*, як. *охтор-*, чув. *йавантар-*: қырғ. *оо-* (<*ав- <*аг-); чув. *йава-* ~ жалпытүрк. *ав- < *аг- «аудару, төңкеру, ауып түсу (аттан)»; әзерб. *бүкдәр-* // *бүкдүр-*, түркімен. *бөкдәр-* // *бүкдүр-*,

¹ Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Морфология. – М., 1988. – С.296.

² Кормушин И.В. Каузативные формы глагола в алтайских языках // Очерки сравнительной иерфологии алтайских языков. – Л.: «Наука». – С.12-23.

қаз. бөктер-//бүктір-, қырғ. бөктөр-, хак. пүктер < жалпытүрк. бүк»1) бүгу; 2) бүктеу»; т.б.

-t-: әзерб. үркүт-, түрік. ürküt-, қаз. үркіт-, қырғ. үркүт < үрк- «шошыну, үрку»; әзерб. үйүт-, түрік. öğüt-/övüt-, қаз. үгіт- <*өг-/*үг- «үгу, ұнтақтау»; як., қаз. байыт- < бай- «баю»; як. ыйыт- <*ый ~ жалпытүрк. ай- «айту»;

Қазіргі түркі тілдерінде өзгелік етістің -(°)t- және -t(°)r- жұрнақтарының қолданылуында бірізділік байқалмайды. Мәселен, бұл екі қосымшаның -(°)t- тұлғасы чуваш және якут тілдерінде, ал -t(°)r- тұлғасы басқа түркі тілдерінде өнімді қолданылады. Көне түркі тілінде кеңінен қолданылған -(°) t- қосымшалы каузативтік етістіктер қазіргі түркі тілдерінде өнімді -t(°)r- жұрнағымен көмкеріледі: көне түрк. aīt-, қаз. айттыр (айтқыз), көне түрк. basīt-, қаз. бастыр; көне түрк. jūlut-, қаз. жұлдыр; көне түрк. keçit-, қаз. кештір (су), көне түрк. kezit-, қаз. кездір т.б. Кейбір түркі тілдерінде өзгелік етістің -(°) t- және -t(°) r- жұрнақтарының екеуі де қатар қолданылуы кездеседі.

Өзгелік етістің -qiz-/kiz-/yiz-/giz-/quz-/ku-z-/yuz-/güz- > -k(°)z- және -qar-/kär-/qir-/ker- > -k(°)r- қосымшалары қазіргі түркі тілдерін тұтастай қамтиды деуге болады. Өзгелік етістің бұл жұрнақтары қарлұқ және қыпшақ тобы тілдерінде жаппай, оғыз тобына жататын тілдерде сирек, солтүстік-батыс түркі тілдерінде ішінара хак. -qiz- және -qir-, сары ұйғ. -qir-, тува -qiz-, як. -iär- <*-gar-) кездеседі. Мысалы: қаз. jetkiz-, қырғ. jetkiz- > et- ~ jet «жету»; өзб. kijrgiz-, қаз. kirgiz-, қырғ. kirgiz- > kir- «кіру»; қаз. sojgiz-, қырғ. sojguz-, өзб. süjguz > soj- «сою»; қаз. jazgır-, қырғ. jazgır- > jaz- «жазу, жаңылу»; қаз. azgır- (azdir-), қырғ. azgır- (azdir-) > az- «азғындау, тура жолдан таю» т.б.

Өзгелік етіс тұлғаларына түркі, моңғол және тұңғыс-маньчжур тілдері материалдары негізінде реконструкция жасай келіп, И.В.Кормушин алтай тілдерінің түркілік бұтағы үшін *-(°)t-, *-bu-, *-(°)k-, *-(°)z-, *-(°)r-, моңғол бұтағы үшін *-bu- және *-k(°)-, тұңғыс-маньчжур бұтағы үшін *-bu- немесе *-b(°)-, *-k(°)- қосымшаларын қайта қалпына келтірілген каузативтік тектілдік тұлғалар ретінде көрсетеді. Бұлардың арасынан И.В.Кормушин *-b/ru- және *-k/

ga- тұлғаларын жалпыалтайлық деп тануға болатынын айтады¹. Ал С.А.Старостин каузатив *-r-, *-t-, *-b-, *-g- тұлғаларын алтай тілдерінің бәріне ортақ арғыалтайлық тектілдік қосымшалар ретінде көрсетеді².

Ырықсыз етіс түркі тілдерінің басым көпшілігінде етістіктің негізіне -(i/i, u/ü, e, o/ö) 1 қосымшасының, кей жағдайда, мәселен, ауслаут немесе инлаут шенде -l дауыссызы кездесетін түбір-негіздерге -(i/i, u/ü, e)n жұрнағының қосылуы арқылы жасалып, іс-әрекет, қимыл өздігінен істелгендігіндей мән тудырады. Мұнда істің, қимылдың нағыз иесі – субъект көбінесе нақты көрсетілмейді, бірақ оның тасада тұрғаны айқын сезіледі. Ырықсыз етістің -l қосымшасы көне тұлға болып саналатын болса, -n тұлғасының фонетикалық шартты қолданысы, яғни якут, қазақ, түрік сияқты жекелеген қазіргі түркі тілдерінде, сондай-ақ кейбір жазба ескерткіштер тілінде кездесуі оның диссимиляцияға қатысты алломорф ретіндегі екіншілік тегін көрсетеді. Мысалы: көне түрк. alip- «алыну» > al- «алу», başlap- «басталу» > başla- «бастау», itil- «жетілу, өсу» > it- «итеру», üzäl- «өлу, үзіліп кету» > üz- «үзу, жұлу»; қаз. kijin-, түрік. gijin- «киіну» > kij-/gij- «кию», қаз., тат., ұйғ. şayil- «шағылысу (күнге)» > şaq- «ұшқын шығару»; қаз. šešil-, башқ. sisel- «шешілу» > šeš- /sis- «шешу, ағыту» т.б.

Ортақ етіс – s/-is/-is/-š/-iš /-iš/- uš/-üš жұрнақтарының көмегімен жасалып, екі немесе онан да көп субъектілердің бірлесіп жасаған іс-әрекет, қимылын білдіреді. Түркі тілдерінде екі немесе онан да көп субъектілердің бірлесіп жасаған іс-әрекетін, қимыл-қозғалысты білдіруде бір-бірімен тығыз сабақтастықтағы ортақ және біргелік етістердің -(i/i, u/ü)š және -(i/i)s жұрнақтары қолданылады. Түркологиялық әдебиеттерде -š- түрік, түркімен, гагауыз, өзбек, ұйғыр тілдерінде және ертеректегі жазба ескерткіштер тілінде сақталған көне тұлға ретінде көрсетіледі де, ал оның басқа алломорфтары таңдай алды (i/i, u/ü, e) және ерін дауыстылардың (башқ. e>ө, u>ө) үндесуіне негізделген

¹ Кормушин И.В. Каузативные формы глагола в алтайских языках // Очерки сравнительной морфологии алтайских языков. – Л., 1978. – Б. 87.

² Starostin S., Dybo A., Mudrak O. Etymological dictionary of the altaic languages. – Brill Leiden, Boston, 2003. – T. 1-3. 2-т.; T.1. – С. 259.

варианттылық, я болмаса олардың кеңеюі (мәселен, әзерб. -aš<-iš<*-uš, - əš<- iš<*- ūš; башқ. -laš/ -läš ,қаз.-las/-les (-la/-le+-š/-s),- кей жағдайларда, айталық, *š>s (қаз., ққалп, ноғ., сал. хак., як. т.б.) > h (як. *š > тув. z) тәрізді фонеморфологиялық дамудың нәтижесі ретінде түсіндіріледі.

Көне және қазіргі түркі тілдерінде -š тұлғасы: 1) көптік мағынада; 2) біргелік мәнде (іс-әрекеттің бір- біріне ілесе алатын субъектілер арқылы жүзеге асуы) және ортақтастық мағынада (қатарласа жүрілетін тектес іс-әрекеттердің екі немесе онан көп субъектілер арқылы жүзеге асуы немесе субъектілердің іс-әрекетті жүзеге асыру үшін бір-біріне көмектесуі); 3) деривациялық мақсатта қолданылады. Бұлардың барлығына, түптеп келгенде, етістік арқылы көрініс беретін -š тұлғасының көптік мағынасы ұйтқы болғаны сөзсіз. Демек, -š тұлғасының біргелік және ортақтықты білдіретін мағынасы көптік мағынаның тарылуын көрсетеді¹. Демек, түркі тілдерінде етістің -š тұлғасы арқылы іс-әрекет, қимыл-қозғалыс етістіктеріне үстемеленетін ортақтық, біргелік және көптік мағыналарда бір-бірімен қиюласу, ұштасу байқалады. Мысалы: көне түрк. qarış- «қарсы тұру, қарсыласу», ökläš- «соғысу, оқтасу»; орта түрк. ğiqış- «біреудің бір жағына шығысу; біреумен бірге сыртқа шығу», ičiş- «ішісу», jorış- «жарысу»; түркім. jašaš- «бірге өмір сүру, бірге жас жасасу»; қаз. жүгіріс- «жүгірісу», қырғ. ğabuš- «ат жарысқа қатысу, шабысу», түркім. ğiriš-, өзб., қырғ. kiriš-, ққалп., ноғ., қаз. kiris- «бір іске біреулермен бірлесе отырып қатысу, кірісу» т.б.

Түркі тілдерінде тектес қимыл-қозғалыстардың қалып-күйін (үдемелі, қайталама, қысқа қайрылған) білдіруде -š тұлғасының біргелік, ортақтық мәні жойылып, оларға негіз болған көптік мағына біртіндеп деривациялық дербес мағынаға айналғаны байқалады. Мысалы: көне түрк. quruš- «құрысу»> quru «құрғақ», орта түрк. öliš- «малшыну (су)» > öli- «дымдану», башқ. davlaš- «дауласу»> dav «дау, жанжал» т.б. Дейтұрғанмен -š-тұлғасының іс-әрекет, қимыл-қозғалыстың қайталануын, жиілігін, ортақтығын білдіретін бастапқы мағынасы чув. vales- «үлестіру, бөлісу» <*

¹ Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Морфология. – М., 1988. - С. 314.

vale-s-, көне түрк., түрікм. üle- «бөлу; таратылу; үлестірілу», тат. olds- «тарату; үлестіру»; чув. junes-«бағасын ақтау, шыққан шығынды ақтау» <* june+-s <* jun-e (чув. junel- «арзандау, бағасы түсу», junet- «арзандату, бағасын түсіру», тат., башқ. jun, jun vales- «үлестіру, бөлісу» <* vale-ś-, көне түрк., түркім. üle- «бөлу; таратылу; үлестірілу», тат. öläš- «тарату; үлестіру»; чув. jüneś- «бағасын ақтау, шыққан шығынды ақтау» <* jüne+-ś <* jün-e (чув. jünel- «арзандау, бағасы түсу», jünет- «арзандату, бағасын түсіру», тат., башқ. jün, jünә «арзан») тәрізді етістіктерде сақталғаны айқын сезіледі¹.

§10. Етістік және оның категориялары: салт-сабақтылық және болымды-болымсыздық

Салт-сабақтылық категориясы етістіктің жалпы грамматикалық мағынасына қатысты қимыл-әрекетті, амалды білдірумен қатар, семантикалық жағынан сол қимылға, әрекетке, амалға қатысты тура немесе жанама объектіні де қажет етеді. Бұл категорияның етістіктің басқа категорияларынан басты ерекшелігі – арнайы грамматикалық тұлғаларының болмауы, ал өзіне қатысты мағынасы семантикалық сипаты арқылы беріледі.

Қазақ тіл білімінде етістіктің салт-сабақтылық түрі етіс категориясының ішінде аталғаны байқалады². А.Байтұрсынов етістіктің салт-сабақты түрін «сабақты етіс дейміз – еткен іске бір нәрсе сабақтаулы болса; салт етіс дейміз – өткен іске сабақталып, байланып тұрған нешнәрсе болмаса» деген анықтамамен етістер құрамында береді³.

Сабақты етістік әр уақытта тура объектіні талап етіп, табыс септікті сөзбен тікелей байланысып, оны меңгереді, ал салт етістік тура объектіні қажет етпейді, табыс септікті сөзбен байланыспай қолданылады⁴. Мысалы: сабақты оқы, хатты жаз, киноны көр, т.б.

¹ Левитская Л.С. Историческая морфология чувашского языка. – М., 1976. – С. 167.

² Оразбаева Ф.Ш., Сағидолда Г. т.б. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Print –S, 2005. – Б. 318.

³ Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – Б. 231.

⁴ Исаев С. Қазіргі қазақ тілі. Морфология – Алматы: Өнер, 2007. – Б. 267.

Түрік тіліндегі салт-сабақтылық категориясы *geçişli-geçişsiz fiiler* деп аталады. М.Эргин бұл категория туралы: «Етістік түбірі немесе негізі екі түрлі іс-қимылды білдіреді. Бұлардың біреуінде қимыл сыртқа қарай бағыттталып, әсер ететін объектінің субъектіге қатысы болмайды. Бұларды *geçişli fiiler* «сабақты етістік» дейміз. Екіншісінде қимыл ішке қарай бағытталады, яғни қимыл субъектіге бағытталады. Бұлар *geçişsiz fiiler* «салт етістік» болады» – дейді¹. З.Коркмаз етістіктің түбір және негіздеріне етіс қосымшалары жалғануы арқылы пайда болатын салт және сабақтылық грамматикалық категория ретінде етіс категориясы құрамында қаралуы қажет деп біледі². Бұл пікір етіс категориясының объектіге қатысы тұрғысынан өзектелуінде де көрініс береді. Мәселен, М.Хенгермен түрік тіліндегі етістерді объектіге байланысты етіс және субъектіге байланысты етіс деп екіге бөледі де, салт және сабақты етістіктерді етіс категориясының ішіндегі объектіге байланысты етіс ішінде қарастырады³. Сайып келгенде, түрік лингвистерінің көбісі етістіктің салт-сабақтылық категориясын етіс категориясы құрамында қарастыратыны байқалады⁴.

Етіс аффикстері арқылы негізгі және туынды түбір салт және сабақты етістіктерден жаңа мағыналы туынды түбір салт немесе сабақты етістіктер жасалады. Өздік және ырықсыз етіс қосымшалары сабақты етістіктерден жаңа мағыналы туынды түбір салт етістік жасайды: *бу, жу, тазала, тара* деген тура объектімен айтылатын сабақты етістіктер өздік етісте: *жуын, тазалан, таран* болып; ырықсыз етістікте: *қағаздар буылды, қора тазаланды, шаш таралды* болып салт етістікке айналады. Ал өзгелік етіс аффикстері жаңа мағына бере отырып, салт етістікті сабақты етістікке айналдырады: *кел, жүр, ұш, өт* деген

¹ Ergin M. Türk Dil Bilgisi. – İstanbul: Bayrak Yayınları, 1999. - S.282.

² Korkmaz Z. Türkiye Türkçesi Grameri. Şekilbilgisi. – Ankara: TDK Yay, 2003. - S. 543.

³ Hengirmen M. Türkçe Dilbilgisi. – Ankara: Engin, 2002. - S.203.; Korkmaz Z. Türkiye Türkçesi Grameri. Şekilbilgisi. – Ankara: TDK Yay, 2003. - S. 543.

⁴ Gencan T.N. Dilbilgisi. – Ankara: Ankara Üniversitesi Basımevi, 1979. - S.329.; Bilgegil K. Türkçe Dilbilgisi. – İstanbul: Dergah, 1984. - S.278; Hengirmen M. Türkçe Dilbilgisi. – Ankara: Engin, 2002. - S.203.

салт етістік негіздерінен машинаны келтір, жүргіз, ұшыр, өткіз тәрізді сабақты етістік жасалады¹.

Түрік тілінде де етіс аффикстерінде осындай ерекшелік байқалады. Өздік және ырықсыз етіс аффикстері сабақты етістіктерден туынды түбір салт етістік жасайды: *kara*, *уіка*, *temizle*, *tara* сабақты етістіктері *karandı*, *уікandı*, *temizlendi*, *tarandı* болып салт етістікке айналса, өзгелік етіс аффикстері салт етістікті сабақты етістікке айналдырады: *geldi*-*getirdi*, *yürüdü*-*yürüttü*, *uçtu*-*uçurdu*, *geçti*-*geçirdi*.

Өзгелік етіс жұрнағымен келген туынды түбір сабақты етістік өздік және ырықсыз етіс қосымшалары арқылы қайтадан салт етістікке айнала алады. Қазақ тілінде: жүргізді – жүргізілді, ұшырды – ұшырылды, өткізді – өткізілді болып өзгерсе, түрік тілінде де *getirdi*-*getirildi*, *yürüttü*-*yürütüldü*, *uçurdu*-*uçuruldu*.

Етістіктердің қимыл мен іс-әрекеттің жүзеге асу, аспауына байланысты болымды және болымсыз болып бөлінуі де оның басқа сөз таптарынан ерекшелігін сипаттайды.

Болымды етістік іс-әрекеттің, қимылдың болғанын, болып жатқанын немесе болатынын көрсетсе (*bol*, *jel*, *jorî*, *süle*, *qal* т.б.), болымсыз етістіктердің қимыл мен іс-әрекеттің болмағанын, болып жатпағанын, алда да болмайтынын білдіреді (*bolma*, *jelme*, *jorîma*, *süleme*, *qalma* т.б.).

Көне түркі ескерткіштер тілінде болымсыз етістіктер жасаған *-ma/-me* қосымшасы қазіргі түркі тілдерінің барлығында тұлғасы мен мағынасын толық сақтаған деуге болады. Мәселен, ескерткіштер тілінде: *tegme*→*teg+me*, *tegürme*→*tegür+me* «тима»: қаз. *tijme*→*tij+me* *bolma*→*bol+ma* «болма» ~қаз. *bolma*→*bol+ma*, *udîma*→*udî+ma* «ұйықтама» ~қаз. *uĵiqta*→*uĵiqta+ma* *olurma*→*olur+ma* «отырма», «ұйықтама», *basîتما*→*basîتما* «басындырма» ~ қаз. *basîندirma*→*basîندir+ma*.

Тілдің даму барысындағы дауыссыздар үндестігінің тереңдеуіне байланысты қазақ тіліндегі болымсыз етістік жасайтын қосымшалардың *-ma/-me*, *-ba/-be*, *-pa/-pe* тәрізді үш түрлі варианттары қалыптасқан. Болымсыздық мән қазақ тілінде

¹ Хасенова А. Етістіктің лексика-грамматикалық сипаты. – Павлодар: С.Торайғыров ат. ПМУ, 2010. - Б.250-251.

аналитикалық жолмен де беріледі: 1) есімшенің -ған, -ген, -қан, -кен тұлғасы жалғанған етістікке жоқ модаль сөзі; 2) есімшенің -ған, -ген, -қан, -кен; -атын, -етін, -йтын, -йтін; -ар, -ер, -р; -мақ, -мек, -бақ, -бек, -пақ, -пек тұлғалары жалғанған етістіктерге емес көмекші етістігінің тіркесуі арқылы. Болымсыздық категориясы етістіктің лексика-грамматикалық категориясы болғандықтан бұлар болымсыздық категориясына кірмейді¹.

Оғыз тобына енетін түрік тілінде де түбір етістіктерге, етіс тұлғаларына -та, -те қосымшаларының қосылуы іс-әрекеттің болмауын білдіреді. Бұл қосымша арқылы тек етістіктің болымсыздық түрі ғана емес, етістіктің болымсыздық категориясы да жасалады². З.Коркмаз болымсыздық мән арқалайтын -та, -те жұрнағы *i-* (*i-di*, *i-miş*, *i-se*) толымсыз көмекші етістіктен басқа барлық етістіктердің түбіріне жалғанатынына назар аударады: *git-me-yen* «бармаған», *çık-ma-dı* «шықпады», *gör-me-yesek* «көрмейді»³. Түрік тілінде етістіктің болымдылық-болымсыздық категориясы жеке аталып көрсетілмейді, сөз тудырушы жұрнақтар арасында ғана -та, -те қосымшасының өзі жалғанатын сөзге болымсыз мән үстейтіндігі айтылады⁴.

§11. Етістік және оның категориялары: рай категориясы

Етістіктің рай категориясының негізінде қимыл-әрекеттің шындыққа қатысы, қимыл мен субъекті арасындағы байланыс ерекшелігінің сөйлеуші (яки айтушы) тарапынан бағалануы және сол байланыстың жүзеге асу, аспауына сөйлеушінің қатысын білдіретін модальдық мән-мағына жатады. Басқаша айтқанда модальдық мән-мағына туғызатын етістік тұлғаларының жүйесі рай категориясын құрайды. Рай категориясының мазмұны: 1) ашық рай формаларының іс-әрекет жайлы хабарды білдіруінен, яғни фактіні констатациялаудан; 2) қалау, шарты рай формалары арқылы істің істелу мүмкіндігінің, орындалу деңгейінің

¹ Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. – Б.511.

² Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. – Б. 511.

³ Korkmaz Z. Türkiye Türkçesi Grameri. Şekilbilgisi. – Ankara: TDK Yay, 2003. – S.573.

⁴ Ergin M. Türk Dil Bilgisi. – İstanbul: Bayrak Yayınları, 1999. – S.200-201.

көрсетілуінен; 3) бұйрық, қалау, кейде ашық рай формалары арқылы істің орындалуы немесе орындалмауы жайлы тілек, өтініш, ұйғарым, бұйрық мәндердің берілуінен құралады. Рай формалары модальдық мән-мағынаны мезгіл, шақ, жақ ұғымдарымен ұштастыра отырып білдіреді¹.

Түркі тілдерінде бұйрық райдың негізгі түріне II жақ жатқызылады. Бұйрықтың берілу сипатына қарай 1-жақ жекешеді әралуан варианттағы қалау райдың -qaj/-yaj тұлғасы және жіктеу есімдігіне барып саятын -mīn~man (<men «мен») қосымшасынан құралған күрделі жұрнақ *-qaj-mīn (~man)/ *-yaj-mīn (~man), ал көпшеде қалау райдың -qaj/-kej/-yaj/gej тұлғасы мен көптік мәнді -līq /-lik жұрнағынан тұратын құранды *-yaj-līq қосымшалары қолданылады.

Жаңғыртылған арғытүркілік *-qaj-mīn (~man)/ *-yaj-mīn (~man) және *-qaj-līq/*-yaj-līq тұлғалары қазіргі түркі тілдерінде сан алуан дыбыстық варианттарда көрініс береді. Мысалы: *-yaj-mīn > -aj-mīn - yaj-uīm ~ -aj-īm тұлғасы ноғ., башқ., құм., қтат., қбалқ., түрік., ескі өзб., хорезм.: -aj-īm ~ -aj-m түрінде, қтат., құм., гағ., мамл.-қыпш.: -ij-īm ~ ij-m түрінде, якут., хак., чул., шор тілдерінде i:m түрінде көрініс береді. Ал *-yaj-man > -aj-man – -yaj-īn ~ -āj-īn – -aj-īn ~ aj-n > ān тұлғалық даму тув., хак., чул., шор., алт., өзб., қырғ., қ-қалп., қаз., қбалқ., түрік.: aj-īn ~ aj-n түрінде, түркім.: -āj-īn, көне түрк.: -aj-an, тоф.: ān түрінде кездеседі. Ал бұйрық райдың 1-жақ көпше *-qaj-līq /*-yaj-līq тұлғасы алт., ұйғ., өзб.: -aj-līq, қырғ., қаз., алт., хак., чул., шор: -a-līq, тув., тоф.: -ā-lī түрлерінде, сондай-ақ -līq қосымшасының соңындағы q дыбысының n немесе ŋ дыбысына алмасуына, онан соң біртіндеп қосымшаның басындағы l дыбысының жойылуына байланысты дыбыстық варианттарда *-yaj-līq > хорезм. -ya-līŋ > тув., тоф.: -ā-līŋ+ -(n)ar ~ -i:līŋ+ -(n)ar > ескі өзб., түркім.: -a-līŋ жаңа ұйғ.: -a-līŋ ~ -aj-nīŋ ~ -aj-nī ~ -i:nī > гағ., алт.: -āŋ > хак., чул., шор., алт.: -ā-ŋ+ -(n)ar ~ -a-ŋ+ -(n)ar ~ -i-ŋ+ -(n)ar > чув.: -a+ -r т.б. көрініс береді. Кей тілдерде

¹ Томанов М. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы. – Алматы, 1992. Б.152-153.

1 жақ көпшеде *-γaj-līq тұлғасынан кейін көптіктің -lar немесе тәуелдіктің -m, -miz қосымшалары тіркеседі¹.

Үстеме қосымшалармен көмкерілу бұйрық райдың екінші және үшінші жақтарына да тән болып келеді. Мәселен, бұйрық райдың қосымшасыз түбір-негіз қалпында жұмсалатын 2 жақ жекеше тұлға кей жағдайларда -čī/-či/-šī/-ši/-si/-si (қырғ. alči, қаз. alši, башқ. alsı) күшейкіш демеуліктерімен немесе құранды *-γaj-sin (қаз. barγajsın, alγajsın) қосымшасына барып саятын -a+η[-(γ)a(j)+(-si)-η] қосымшасымен, я болмаса жіктік жалғауының қысқаруға ұшыраған -in/-in тұлғасымен (түрік.al-in, ver-in, оу-na-ın, söyle-yin) күрделенеді. Олар 2 жақ білдіретін бұйрық мағынаға қосымша модальдық мән үстемелейтіндіктен, көбінесе бұйрық рай парадигмасы құрамында қарастырылады².

Бұйрық рай парадигмасына 3-жақтың жекеше және көпше түрін жасауға қатысатын барлық түркі тілдеріне ортақ -sin (дыбыстық варианттары: -zin/-zun, -šin ~ -hın ~ -tin/-dın ~-lın, -su және өзгеріске ұшыраған чув.-tar [-(č)čār]) қосымшасы да енеді. Кейбір тілдерде 3-жақ көпшеде -sin қосымшасынан кейін көптіктің -lar қосымшасы жалғанады: түрікм. - šınlar, башқ. -hındar, якут. -tinnar,-dinnar, -linnar т.б. Сайып келгенде, түркі тілдерінде бұйрық райдың жаңғыртылған ортақ тұлғалары ретінде мынадай формаларды көрсетуге болады³:

I жақ жекеше: *-γaj+ -mın (~man) көпше: *-γaj + -luq ~*-γaj+ -līq+ -lar ~*-γij + -līq+ -miz ~*-γaj + -līq+ -či (~-ši).

II жақ жекеше: 1)*-γaj + -sin; 2) *-iγ + -sa + -r + -sin (<*-iγ+ -saγ+ -ar+ -sin); 3) *-iγ + - līq; 4)*-γir; 5) *-γin көпше: 1) *-γaj + -sin ~ *-γaj + -sin+ -lar~*-γaj + -sin+ -iz; 2)*-iγ+ -saγ+ -ar + -sin+ -lar; 3) *-iγ + - līq+ -sin+ -lar.

III жақ жекеше: 1)*-iγ+ -si+ -γin (<*-iγ+ -saγ+ -γin); 2) *-iγ+*-siγ+ -ar көпше: 1)*-iγ+ -si+ -γin + -lar (<*-iγ+ -saγ+ -γin+ -lar); 2) *-iγ+*-siγ+ -ar.

Қалау рай. Түркі тілдерінде қалау райдың кең таралған қосымшасы ретінде -γaj/-gej~-qaj/-kej және -a/-e (оғыз тобына

¹ Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Морфология. – М., 1988.

² Гаджиева Н.З. Тюркские языки // Языки мира: Тюркские языки. – Бишкек, 1997. – С.31.

³ Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Морфология. – М., 1988. – С. 340-341.

енетін тілдер үшін) қосымшалары көрсетіледі. Өзгешелік негізінен жіктеу парадигмасындағы қалау рай тұлғаларынан кейін жалғанатын жіктік жалғауларының толық немесе қысқарған түрлеріне қатысты болып келеді. Мысалы: ноғ. *barıajman*, қаз. *barıim keledi*, хак. *alıajbın*, алт. *alıajım*, гағ. *alalim*, түрік. *hayır ola* т.б. Кейбір түркі тілдерінде қалау райдың -*ıaj/-gej~-qaj/-kej* және -*a/-e* тұлғалары бұйрық райдың тұлғаларын ауыстырғаны байқалады. Мәселен, М.Томанов қазақ тіліндегі бұйрық райдың 1-жағында алайық, баралық түрінде қолданылатын сөздер құрамындағы -ай, -ый қосымшаларын -гай қосымшасының фонетикалық варианты ретінде көрсетеді¹. Ал түрік тілін зерттеуші ғалымдар қазіргі түрік тілінде қалау райдың орнына бұйрық райдың -*ayım/-eyim*, -*alım/-elim* жұрнақтары қолданылатынын, қалау райдың төл -*a/-e* қосымшалары түрік тілінде тілінде *Yolum açık ola!* «Сапарың оң болғай!», *Ağaçtan ata binesin* «Ағаштан атқа мінгейсің»² тәрізді тілек мәнді «сіріленген» тіркестердегі *ola*, *binesin* сөздер құрамында сақталып қалғанын айтады. Мұның себебін З. Коркмаз қалау райдың -*a/-e* жалғауларының бірінші жақтағы позициясының біртіндеп әлсіреуімен, ал көне түркі тілінде бұйрықпен қоса қалау мен тілек мағынасын білдірген бұйрық райдың -*ayım/-eyim*, -*alım/-elim* жалғауларының қалау-тілек мәнді білдіру қызметінің күшейе түсуімен байланыстырады³.

Ашық рай іс-әрекетті орындаушының іске тікелей қатысы барын білдіретін етістік тұлғасы болғандықтан, бұл рай іс-әрекеттің белгілі бір мерзім, уақыт аралығында орындалуына, басталу, созылу, аяқталуына, келер уақытта жүзеге асу, аспауына байланысты шақ категориясымен тығыз астасып жатады. Осыған сәйкес ашық рай түркі тілдерінде өткен шақ, осы шақ және келер шақ тұлғалары шеңберінде жіктеледі. Ал этимологиялық тұрғыдан арғыалтайлық ортақтыққа қарай жетелейтін ашық рай тұлғалары ретінде мынадай қосымшаларды көрсетуге болады⁴:

¹ Томанов М. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы. – Алматы: «Қазақ универ-ситеті», 1992. – Б. 156.

² Aksoy O.A. Atasozleri ve Deyimler Sozlugu. – Ankara: TDK Yayinlari, 1971. – S. 217; Ergin M. Turk Dil Bilgisi. – istanbul: Bayrak Basim, 1999. – S. 307.

³ Korkmaz Z. Turkiye Turkgesi Grameri. – Ankara: TDK Yayinlari, 2003. – S. 667.

⁴ Тенишев Э.Р. Алтайские языки // Языки мира: Тюркские языки. – М., 1996. – С.13.

1) ауыспалы осы шақ пен ауыспалы келер шақтың *-а/-е тұлғасы түрк. -а/-е/-ја/-је, моңғ. -а/-е/аі/-еі, тұңғ.-маньч. -а/-е, корей. -а/-е түрінде көрініс береді;

2) ауыспалы осы шақ пен ауыспалы келер шақтың *-г тұлғасы түрк. -г/-ur/-ar, моңғ. -га/-ura/-gun/-ugun, тұңғ.-маньч.-г/-га, корей. -l/-il/-al (r>l) түрінде көрініс береді;

3) келер шақтың қалау мәнді *-gai/-ga тұлғасы түрк. -γaj/-qaj, моңғ. -gai/-qai(ертегілерде) және -tuγai (әдеби тілде), тұңғ.-маньч. -ga/-ka, корей. -kaі түрінде көрініс береді;

4) нақ өткен шақтың *-te тұлғасы түрк. -t-, моңғ. -žu/-ču/-ži/-či (ауызекі), корей. -ta/-ti/-te түрінде көрініс береді;

5) нәтижелі өткен шақтың *-gan тұлғасы түрк. -γan/-qan/- jan/-an, моңғ. -gan (сирек), солт.тұңғ. -gen (сирек), оңт. тұңғ. -ha/-han, маньч. -ha түрінде көрініс береді;

6) мезгілдік реңк арқалайтын *-diq тұлғасы түрк. -diq /-duq, моңғ. -dag, тұңғ.- маньчж. -dig түрінде көрініс береді.

§12. Етістік және оның категориялары: есімше және көсемше тұлғалары

Етістіктің есімше және көсемше тұлғалары етіс, рай, шақ категорияларымен тығыз байланысқа түсе отырып, жете дамыған тілдік кіші жүйені құрайды.

Есімше. Есімшелер морфологиялық және синтаксистік сипаттарына қарай есімдерге ұқсайтын болса (көптік, септік, тәуелдік, жалғауларымен түрленетіні; сөйлем мүшесі бола алатыны), амал-әрекеттің атауы болу, семантикасы мен шақтық ұғымды білдіру қабілеттеріне қарай етістікке ұқсайды¹. Есімшелердің есім және етістікке де тән мұндай екі жақты қасиетін лингвистер тіл дамуының көне кезеңдерінде есімшелер бойында етіс және шақтық дифференцияция болмағандығымен, олардың түп тегі синкреттік мағыналы қимыл атауына, атап айтқанда, етістіктен туындаған сын есімдерге барып саятынымен

¹ Қазақ тіл білімінің антологиясы. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Павлодар, 2010. Б.359.

түсіндіреді. Мәселен, түркілік тектілдің ерте және орта кезеңдерінде етістіктерден туындаған сын есімдердің бойында семантикалық қабатталу процесі жүріліп, нәтижесінде тілдің әртүрлі грамматикалық аясына етістіктен туындаған зат есімдер мен есімшелер, яғни есімше мәнді сын есімдер ене бастайды. Сондықтан түркі тілдері дамуының бұл кезеңдері етістіктен туындаған есімше мәнді сын есімдердің көптігімен сипатталады. Ертеректегі есімшелер шақтық сипатқа ие бола қоймағандықтан, олар көп жағдайда, етіс және шақты біртұтас (индифференттік) білдіруге бейім болып келеді. Мұндай ертеректегі есімше формалары қазіргі түркі тілдерінің қай - қайсысында да өздерінің реликті тұлғасын сақтап, есімше мәнді сын есімдер түрінде сақталып отыр¹:

-*ïq/-ik*: қаз., өзб. *kesik* «кесінді» (*kes-*«кесу»), әзірб. *soluh* «солғын» (*sol-* «солу»), хак.*ölig* «өлік» (*öl-* «өлу»), қырғ. *kirtiq* «кертік» (*kirt-*«керту»), як. *sürük* «жазба» (*sür-* «жазу») т.б.;

-*qïn/-kin/-yïn/-gin*: түрік. *qaşqın* «қашқын» (*qaş-* «қашу»), қаз. *qaşqın* «қашқын» (*qaş-* «қашу»), түркім. *uşqın* «ұшқын» (*uş-* «ұшу»), әзір. *durğun* «тұрған» (*dur-* «тұру»), өзб. *solgîn* «солғын» (*sol-* «солу») т.б. ;

-*qan/-kän/-yan/-gän*: түрік. *qurgan* «қорған» (*qur-* «құру»), әзір. *gudurğan* «құтырған» (*gudur-* «құтыру») т.б.

Түркі тілдері дамуының тектілдік дәуірінің соңына қарай етістіктен туындаған есімше мәнді сын есімдер өз бойында бұрынғы есім сипатының іздерін сақтай отыра, есімшеге толығымен айналу процесіне түсе бастайды. Ендігі жерде есімшелердің шақтық сипаты айқындалып, есімше тұлғалары өткен шақ, осы шақ, келер шаққа қатысты жіктеле бастайды. Есімшелердің шақ және түр тұрғысынан жіктеліске түсе қоймаған кездерінің іздерін өткен шақ -*qan* тұлғасының кейде осы шаққа қатысты әрекетті білдіруінен байқауға болады²: тув. *kelgen kiži* «келген кісі» және *bo turgan inek* «мынау тұрған сиыр» т.б.

¹ Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Морфология. – М., 1988. - С.446.

² Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Морфология. – М., 1988. - С.448.

Түркі тілдеріндегі есімшелер етістіктің модификациялық түрі болғанымен, басқа есім сөз таптарымен тарихи байланыста. Сондықтан көне түркі жазба тілдерінде, тіпті қазіргі түркі тілдерінде қолданылатын кейбір есімше тұлғалары зат есімдер мен сын есімдер, үстеулер құрамынан да ұшырасады. Бұл тілдің даму барысында есімше тұлғаларының кейбір топтары аталған сөз топтары құрамына трансформацияланғанын көрсетеді. Бұл көне түркі жазба ескерткіштері тіліндегі есімше формасына да тән құбылыс. VI-IX ғасыр ескерткіштері тілінде есімшенің -r,- ar/-er, -ir/-ir, -ur/-ür -jur /-jür, -z, -qan/-ken, -yan/-gen, -mish/-miş, -mis/-mis, -tači/-teči, -dači/-deči, -tuq/-tük -duq/-dük тәрізді тұлғалары көрініс береді. Мысалы: *olurur*→*olur+ur* «отырап, отыратын», *bilmez*→*bilme + z* «білмес», *ölteči*→*öl+teči* «өлетін», *qodmaduq*→*qodma + duq* «қалмаған (қоймаған)», *esnegegen*→*esnege + gen* «есінеген», *barmış*→*bar + mış* «барған», *qamlamış*→*qamla + mış* «жығылған»

Есімшелердің әрі есім болу қабілетін бойына сақтауы, әрі етістіктің семантикасы мен шақты білдіру сипатына ие болуы олардың сөйлемде есім сөздердің анықтауышы, есімді баяндауыш, кейде бастауыш және толықтауыш қызметтерін атқаруына негіз болады. Дегенмен сөйлемде қандай қызмет атқарса да, есімшелер өздерінің негізгі сипатынан – шақты білдіру қабілетінен айырылмайды. Есімшелердің бұл қасиеті оларды етістіктер тобында қарастыруда және есімше тұлғаларын өткен шақ есімше, осы шақ есімше, келер шақ есімше деп бөлуде ескеріледі¹.

Түркі тілдеріндегі өткен шақ есімше -gan/-yan/-qan тұлғасы этимологиялық тұрғыдан етістіктен сын есім тудыратын -q+an тұлғасына барып саятын құранды қосымша саналады². Қосымша құрамындағы -(i)g/-(i)q/-(a)q/-(a)g түркілік тектілдің ерте кезеңдерінде -(a)n көрсеткіші тәрізді тек етістіктен сын есім тудырып қана қоймай, есімше қызметінде де жұмсалуды, соған байланысты, сын-сипат, белгі-нышан мәнін арқалау мен іс-

¹ Қазақ тіл білімінің антологиясы. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Павлодар, 2010. Б.360.

² Рамстедт Г.И. Введение в алтайское языкознание. Морфология. – М.,1957. - С.91.

әрекеттің нәтижесін білдіру қызметтерін қоса атқарған болуы мүмкін¹.

Қыпшақ тобы тілдерінде есімшенің -*gan/-yan/-qan* тұлғасы, ал оғыз тобына енетін тілдерде есімшенің -(a)n тұлғасы актив қолданылатынын айта келіп, А.М.Щербак -(a)n есімшенің -*yan* тұлғасының фонетикалық трансформациялануының, яғни есімшенің -*yan* көрсеткіші құрамындағы *γ(g)* дыбысының оғыз тілдерінде редукцияға ұшырауының нәтижесі болуы мүмкін деп санайды². Түрік тіліндегі -an есімшесінің тегін А.Н.Кононов та о бастағы -*kan/- ken/-qan* тұлғасынан таратады³.

Көсемше – етістіктердің бір-біріне байланысы мен қатынасын көрсетеді. Көсемшелер мағыналық-тұлғалық жағынан тиянақсыз болғандықтан, әрдайым өзінен кейін тиянақты мән беретін етістікті қажет етіп тұрады. VI-IX ғасыр түркі мұралары тілінде кездесетін көсемшенің: 1) -*p*, -*ip/-ip*, -*up/-üp* (*barip*, *tutup*); 2) -*pan/-pen*, -*ipan/-ipen*, -*upan/-üpen* (*baripan*, *tutupan*); 3) -*matī/-meti* (*tün udīmati*); 4) -*matin/-metin* (*sabīn almatin*); 5) -(j)a/-(j)e (*at jete*); 6) -(j)i/-(j)i, -(j)u/-(j)ü (*körü*, *enlejü*); 7) -(j)in/-(j)in (*bolmajin*); 8) -*yalī/-geli*, -*qalī/-keli* (*qayan oluryalī*); 9) -*sar/-ser* (*ol jolin jorisar*); 10) -*ča/-če* (*uluγ oγlum aγrip jok bolča*); 11) -*qunča/-gunča* (*buzqunča*) тәрізді тұлғалары қазіргі түркі тілдерінде толығымен сақталған деуге болады⁴. Мәселен, чуваш және якут тілдерінен басқа қазіргі түркі тілдерінде әрекеттің мезгілге, себепке, мақсатқа, шартқа қатысты сипаттын білдіретін көсемшенің -*p*, -*ip/-ip*, -*up/-üp* (мысалы: әзерб., түрік, түркім., құм., гағ., қар., қырғ., ққалп., алт., қаз. *alip*) тұлғасы күрделі және құранды етістіктерді жасау, сөйлемде етістіктің пысықтауыш қызметін көрсету, жай сөйлем ішінде бірыңғай баяндауыш, ал күрделі сөйлемде құрамдас бөліктердің баяндауыштары болу тәрізді қызметтерде кеңінен жұмсалады.

¹ Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Морфология. – М., 1988. – С.456.

² Щербак А.М. Очерки по сравнительной морфологии тюркских языков (Имя) . – Л.,1977. – С.167.

³ Кононов А.Н. Грамматика современного турецкого литературного языка – М.-Л.,1956. – С.251.

⁴ Рассадин В. И. Деепричастия в монгольских и тюркских языках // Новые исследования Тувы. – Кызыл, 2012, №4 (электронный журнал www.tuva.asia)

Жалпытүркілік тектілдің ерте кезеңінен жалғасып келе жатқан бұл қосымшаның шығу тегі әлі де айқын емес. Г.Рамстедт түркі тілдеріндегі көсемшенің -ір тұлғасын моңғол тіліндегі өткен шақтың -bai/-bei/-ba/-be қосымшасымен байланыстырады. Сол сияқты жалпытүркілік тектілге жетелейтін көсемше қатарында түркі тілдерінің барлығында дерлік кездесетін -(j)a/-(j)e тұлғасын да көрсетуге болады. Бұл тұлға көбіне-көп қатар өтетін немесе себеп-салдарлы қатынастағы екі әрекеттің бір мезгілге қатысын білдіреді. Сондықтан да қазіргі түркі тілдеріндегі көсемшенің -a/-e тұлғасы «біріккен», «аяқталмаған», «осы шақ көсемше», «үшінші» деп аталады¹. Салыс.: алт. kele «келе», тув. bara «бара», qıla «қыла», хак. para «бара», aılana «айнала», köre «көре» және т.б.

§13. Етістік және оның категориялары: шақ категориясы

Етістіктің шақ категориясы – іс-қимыл, әрекеттің жүзеге асу, орындалу барысының уақытқа, мерзімге қатысын білдіретін тұлғалар жүйесі. Мұнда есептеудің дерексіз грамматикалық нүктесі саналатын сөйлеу сәті уақыт, мерзімді анықтаудың тұғырына алынады. Әрекеттің сөйлеу сәті кезіндегі, оған дейінгі және онан кейінгі орындалу барысына байланысты шақ тұлғалары осы шақ, өткен шақ, келер шақ болып бөлінеді. Осы шақтың формасы сөйлеу сәтімен сәйкес келетін қимыл, іс-әрекетті білдірсе, өткен шақтың формасы сөйлеу сәтіне дейін болған қимыл, іс-әрекетті, келер шақтың формасы сөйлеу кезінен кейін болатын, яғни келешектеге болуға тиісті іс-әрекетті білдіреді.

Етістіктің рай категориясымен, есімше және көсемше тұлғаларымен тығыз сабақтасып келетін шақ категориясы біршама күрделі жүйе болып саналады. Шақ категориясындағы бір ғана тұлғаның осы шақ пен келер шақта қолданылуы; есімше немесе көсемше тұлғалары мен көмекші етістіктің тіркесуінен жасалатын күрделі етістіктердің шақты, әрекет-қимылдың

¹ Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Морфология. – М., 1988. – С.473.

өту амалын, модальдылықты қатар білдіруі; бұйрық райда шақ категориясының болмайтыны; үш шақ толықтай ашық райда көрініс беретіні және олардың әрқайсысы бір-бірінен мағынасына қарай шақ тұлғаларына жіктелетіні түркі тілдерінің қай-қайсысында да кездеседі.

Түркі тілдерінде осы шақтың ең кең таралған типтік тұлғасы ретінде -a/-e/-j тұлғасын көрсетуге болады. Бұл тұлға көптеген түркі тілдерінде ауыспалы осы шақ және ауыспалы келер шақ мағынада жұмсалады: қаз. қаз. *bar-a-mîn* ≠ *bar-ma-j-mîn*, тат. *bar-a-m(in)* ≠ *bar-mî-j-m(in)*, тув. *kör-e-dijr* мен «көремін», як. *bar-a-gîn* «барасың», чув. *ijl-e-t-ён* «аламын» т.б. Ал түркі тілдерінің барлығында кездесетін презенс -г тұлғасы: 1) нақ осы шақты; 2) ауыспалы осы шақты; 3) ауыспалы келер шақты білдіреді. Мысалы, сөйлеу сәтіндегі әрекетті білдіретін осы шақтың түрік тіліндегі -(1)*yor* (*yazıyor*) тұлғасы әзірбайжан тіліндегі -*ır* (*jazır*), түркімен тіліндегі -*jar* (*yazjar*) тұлғасымен сәйкеседі. Түрік тілінің -(1)*yor* тұлғасына көптеген түркі тілдерінде осы шақтың күрделі тұлғасы, айталық, қарашай-балқар және қазақ тілдерінде, татар тілінің барабин диалектісінде көсемше мен көмекші етістіктен жасалатын нақ осы шақ тұлғасы сәйкес келеді¹: қ.балқ. *ijşlej turama* «мен дәл қазір жұмыс істеп жатқан жоқпын», бараб.-тат. *alıp turım*, қаз. *alıp turmın* «мен дәл қазір алып тұрмын (зат)».

Сөйлеу сәті кезіндегі әрекетті білдіруде Орта Азия және Сібір түркі тілдерінде көсемшенің -a/-e/-j және *ір/-ір* көрсеткіштерімен түрленген негізгі түбір етістік пен *jat-*, *tur-*, *otır-*, *jür-* тәрізді көмекші етістіктердің тіркесуінен тұратын нақ осы шақ тұлғасына басымдылық беріледі.

Өткен шақтың претерит -*tî/-dî* тұлғасы барлық түркі тілдерінде, перфект -*ған/-gen/-qan/-ken* негізінен қыпшақ тілдерінде, онымен этимологиялық тұрғыдан сабақтас болып келетін -*ап* түркімен, -*ні* чуваш тілінде, перфект -*muş/-miş/-muş/-müş* тұлғасы оғыз тілдерінде, перфект -*біт* якут тілінде кеңінен қолданылады.

¹ Хабишев М.А. Краткий грамматический очерк карачаево-балкарского языка [Текст] / М.А. Хабишев // Карачаево-балкарско-русский словарь: около 30 000 слов / Карачаево-Черкесский н.-и. ин-т ист., филол. и экономики; под ред. Э.Р. Тенишева и Х.И. Суюнчева. – М., 1989. – С. 806-831.

Ең көне ескерткіштерден бастап қазіргі түркі тілдерінің барлығында кездесетін өткен шақтың *-ti/-di* тұлғасы сөйлеу сәтіне дейінгі әрекеттің, істің анық, нақты, айқын өткенін білдіреді. Мәселен, қазақ, түрік, түркімен, тува тілдерінде *al-* «алу» етістігі 1-жақта жекешеде *al-dī-m*, көпшеде *al-dī-k*; якут тілінде *bis-* «кесу» етістігі 1-жақ жекешеде *bīstim*, көпшеде *bīs-tī-bīt*; чуваш тілінде *vula-* «оқу» етістігі 1-жақ *vula-r-ām*, көпшеде *vula-r-āmār* тұлғаларында қолданылады.

Оғыз тілдерінде әрекеттердің сипаты өткен шақта әр түрлі тұлғалармен беріледі. Мәселен, түрік тілінде нақты, анық болып өткен әрекетті және оған сөйлеушінің өзі куә болғанын нақ өткен шақтың *tī/-dī* тұлғасы (*aldım*), ал сөйлеуші куәгер болмаған әрекетті «біреудің сөзі» деген мағыналық реңкі арқалаған танық өткен шақтың *-mıṣ/-mıṣ/-mıṣ/-müṣ* тұлғасы (*uyumıṣsun* «сен ұйықтап жатыпсың») білдіреді. Сондай-ақ түрік тілінде болған оқиғаны, өтіп кеткен әрекетті сипаттауда күрделі етістік формалары да кеңінен қолданылады. Мұндай күрделі тұлғаларға айқын және айқын емес имперфектілерді (біріншісі оқиғаның біртіндеп қарқын алуын, екіншісі әрекеттің бір рет болғанын білдіреді), қалыпты (созылыңқы) өткен шақты, біріншісі бір әрекеттің алдында тағы бір әрекеттің болып өткенін (*gordum idī* «көрген едім»), екіншісі толық аяқталған әрекетті (*gescmıṣtım* «өтіп бара жаттым») білдіретін екі бірдей бұрынғы өткен шақты, сонымен қатар жақын арада болып өтетін әрекетті (*gelmek uzereyīm* «келіп қаламын») білдіретін тұлғалар жатады¹.

Қыпшақ тобы тілдерінде де өткен шақтың әр алуан тұлғалары кездеседі. Айталық, қазақ тілінде өткен шақ категориясын оны жасайтын көрсеткіштердің жалаң және күрделі болуына орай:

1) сөйлеушінің болған я болмаған амал-әрекетті өзі басы-қасында болғандай, өз көзімен көргендей, тыңдаушы (оқушы) әбден қанық боларлықтай, сенерліктей етіп хабарлауды білдіретін анық (айғақты) өткен шақ тұлғалары: *-ды, -ді, -ты, -ті; -ған, -ген, -қан, -кен; -атын, -етін, -йтын, -йтін; -ып еді; -ған еді; -ушы еді; тұр, жүр, отыр, жатыр еді;*

¹ Щека Ю.В. Практическая грамматика турецкого языка [Текст]. – М.: АСТ: Восток-Запад, 2007. – С.205-211.

2) сөйлеушінің болған я болмаған амал-әрекетті өзі басы-қасында болмай, өз көзімен көрмей, тек басқа айғаққа (біреудің айтуынша, хабарлауына) сүйеніп, немесе кейін өзі көріп, оқып, сұрап, естіп... білген мәліметке сүйеніп айтуын білдіретін танық (айғақсыз) өткен шақ тұлғалары: -ып, -іп, -п; -ған екен; -ады екен;

3) бұрындары істемек болған, жүзеге асырылмақ болған әрекеттің сөйлеп отырған кезге дейін орындалған-орындалмағанын белгісіз етіп көрсететін неғайбыл (ауыспалы) өткен шақ тұлғасы: -мақ еді деп үшке бөлуге болады¹. Ал қарашай-балқар тілінде өткен шақтың перфективті (барғанма «барғанмын»), нәтижелі (оқубма «оқыдым»), бұрынғы (кьошхан эдим «қосқан едім»), аяқталмаған (джаза эдим «жаза бердім»), нәтижелі-күрделі (джыйыб эдим «жиып едім»), қайталанатын (болуучу эдим «болушы едім») түрлері орын алады.

Түркі тілдерінің бір қатарында, айталық, өзбек, қарайым, қырым-татары, якут, қарашай-балқар, түрік, түркімен, гагауыз, әзірбайжан тілдерінде кездесетін қалыпты (созылыңқы) өткен шақ -ar/-ir/-r есімшесімен түрленген түбір етістік пен жедел өткен шақ тұлғасындағы е- көмекші етістігінің тіркесінен жасалады. Мысалы: өзб. *barar edim*, як. *aħar edim* «ашар едім», қар., қтат. *alir edim*; Түрік, түркімен, гагауыз, әзірбайжан тәрізді оғыз тобы тілдерінде мұндай тіркес құрамындағы көмекші етістік өзінің алдындағы есімше тұлғалы негізгі етістікке кірігеді. Мысалы: түрік., түрікм., гаг., әзерб. *yazardim*, түрікм., гаг., әзерб. *alardim* және т.б.

Келер шақ чуваш тілінен өзге түркі тілдерінде есімшенің --ar/-ir/-r тұлғасы арқылы жасалады. Ауыспалы келер шақта -ar/-ir/-r көрсеткіші орындалуы болжалған, шамаланған немесе болуы әбден мүмкін әрекетті меңзейді.

Бірқатар түркі тілдерінде нақ келер шақтың арнайы -аҫақ/-аҫақ/-аҫақ/-adҫақ көрсеткіші орын алады. Тіл-тілдің дыбыстық сипатына қарай -аҫақ тұлғасы өзбек, құмық тілдерінде, -аҫақ тұлғасы татар тілінде, -adҫақ тұлғасы түрік, әзірбайжан тілдерінде қолданылады. Ал ноғай тіліндегі -ајақ (*j>ʒ>ʃ*), якут

¹ Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы, 1991. – Б. 328-329.

тіліндегі -іах тұлғаларын жалпытүркілік -азақ тұлғасының тарихи варианттары деуге болады¹.

Оғыз және қыпшақ тілдерінде шартты райдың негізі әр түрлі шақ формаларына арқау бола алады. Мәселен, шартты рай түрік тілінде осы шақты (gelseniz «келсеңіз») және келер шақты (seçseydiniz «таңдаған болсаңыз»), қарашай-балқар тілінде ауыспалы келер шақты (tabsam) және өткен шақты (tabsam edi) жасауға қатысады. Ал қалау рай шеңберінде осы шақтың (түрік. ыракауым «қалдырайын», қбалқ. ачайым «ашайын»), өткен шақтың (түрік. yazaıdım «сол кезде жазатын едім», қбалқ. джазгын «жазғын») формалары, кейбір түркі тілдерінде ғана кездесетін міндеттілік мәнді рай негізінде осы шақ тұлғасы жасалады (түрік. atmalıyım «тастауым керек»)².

¹Томанов М.Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы. – Алматы, 1992. - Б.197.

² Крайнюченко Е.В. Сравнительно-сопоставительная характеристика категорий глагола в тюркских языках Северного Кавказа // http://www.pglu.ru/lib/publications/University_Reading/2009/_VI/uch_2009_VI_00025.pdf.

ҚОРЫТЫНДЫ

Тарихи-салыстырмалы тіл білімінің дербес саласы ретінде түркі тілдерінің салыстырмалы-тарихи грамматикасы отыздан астам түркі тілдерінің әр қайсысының қалыптасу, даму тарихына және тектік ортақтастығына, бір-бірімен қарым-қатынасына, түркі тілдерінің құрылым-құрылысындағы сәйкестіктер жүйесіне, жалпытүркілік тектілдің дыбыстық және морфологиялық деңгейлерін қалпына келтіруге т.б. байланысты лингвистикалық терең білімнің іргетасын қалайды.

Түркі тілдері бойынша жинақталған аса мол эмприкалық материалдар түркі тілдерінің тарихы үшін ғана емес, түркі халықтарының қалыптасу тарихын, олармен қарым-қатынаста болған өзге де халықтардың тарихын, мәдениетін зерттеуде айрықша маңызды дереккөз қызметінде пайдаланылады. Мұны түркі өркениетінің адамзаттық құндылықтар жүйесіндегі алатын орнымен түсіндіруге болады.

Түркі тілдерінің тарихы мәселесі В.Шотт, М.А.Кастрен, Ф.И.Видеман, Ю.Немет, Б.Коллиндер, Г.Винклер сияқты ғалымдардың орал-алтай тіл бірлестігі туралы ғылыми көзқарастары, орал-алтай тілдерін біріктіретін тілдік белгілер мен заңдылықтар, оралистика және алтаистиканың дербес ғылыми пән ретінде қалыптасуы, «алтай гипотезасының» алтаистиканың даму тарихындағы рөлі мен маңызы, ортодоксалды алтаистика және оның белді өкілдерінің шығармашылығы (Г.И.Рамстедт, Н.Поппе, Б.Я.Владимирцов, Е.Д.Поливанов, М.Рясянен, В.И.Цинциус т.б.), классикалық (ортодоксалды) алтаистикадағы дағдарыс және кірмелік теориясы (Дж.Клоусон, А.Ронаташ, Г.Дерфер, А.М.Щербак зерттеулері), неоалтаистикалық бағыт-

тағы зерттеулердегі алтайлық тілдік одақ және алтай тілдері аралық контактология сияқты аса ауқымды және өте күрделі проблематикалардың орталық және ең негізгі мәселесі ретінде ғылыми зерттеудің күн тәртібінен екі ғасырға жуық түспей келеді.

Жалпытүркілік тектілдің дауыстылар мен дауыссыздар жүйесін, сондай-ақ кейбір грамматикалық тұлғаларды реконструкциялау Г.И.Рамстедт, Ж.Дени, Н.Н.Поппе, В.Л.Котвич, Л.Лигети т.б. алтайтанушы ғалымдар зерттеулерінде жалпы-алтайлық жүйені жаңғырту тұрғысынан дәйектеледі.

Жалпытүркілік тектілдің жаңғыртылған морфонологиялық, морфологиялық тұлғаларының қазіргі түркі тілдерінің фонетикалық және морфологиялық жүйелеріндегі көрінісін, сақталу деңгейін жүйелі зерттеуде түркі тілдерінің грамматикалық құрылым-құрылысын, сөзжасам жүйесін салыстырмалы-тарихи тұрғыдан зерттеген белгілі түркологтардың іргелі еңбектері теориялық-методологиялық негіз болары сөзсіз. Егер ХХ ғасырдың құрылымдық - жүйелілік парадигмасы шеңберінде түркі тілдерінің салыстырмалы-тарихи грамматикасына қатысты жүргізілген зерттеулерге зер салсақ, басты назар түркі тілдерінің генеалогиялық байланысы мен түркітілдес халықтардың өте ертеден келе жатқан өзара және өзге жұрттармен болған тарихи-мәдени байланыстарының із-таңбаларын түркі тілдерінің әр қайсысының дыбыстық жүйесінен, морфологиялық құрылымынан іздестіруге аударылғаны байқалады.

ХХІ ғасыр лингвистикалық түркітануының салыстырмалы-тарихи бағытының алдына, ендігі жерде, қазіргі түркі тілдерінің тарихын жалпытүркі тектілінен өрбітіп, көне түркі және орта түркі кезеңдерімен, қазіргі түркі тілдерінің онан берідегі жай-күйімен сабақтастыратын түркі тілдері тарихының дәуірлік сипаттамасын жасаудағы классикалық үрдісті жалғастыра отырып, түркі тілдерінің бұлғарлық, оғыздық, қарлұқтық, қыпшақтық тектілдердің әрқайсысының құрылым-құрылысын жаңғырту, соның негізінде жалпытүркіден тарамдалатын түпбұтақтарды қалпына келтіру міндетін қояды. Бұл мәселеде

түркі тілдерінің орал, моңғол, иран, син-тибет т.б.тілдерімен тарихи қарым-қатынасын, түркі тілдерінің тарихи дамуына тигізген терең субстраттық және үстіңгі адстраттық катализаторлардың әсерін және этномәдени, шаруашылықтық-экономикалық және әлеуметтік-саяси мазмұндағы тарихи жағдайлардың ықпалын тереңдеп зерттеуге бағытталатын «Туран тілдік одағы» туралы лингвистикалық көзқарасқа назар аудару қажеттігі туындайды.

Алтай тілдері арасында бір-біріне генеалогиялық тұрғыдан ең жақын тілдік топтар саналатын түркі және моңғол тілдерінің салыстырмалы-тарихи грамматикасын жасау да жаңа ғасырдағы зор міндеттердің бірі болмақ. Мұнда түркі және моңғол тілдерінің әрқайсысының базистік лексикасында сақталған жалпыалтайлық сөздер мен сөз тұлғаларынан тыс, алтайлық ономастикалық кеңістіктің жалпы сипатын танытатын этнонимдер, антропонимдер мен топонимдер, алтайлық ареалдың өлкелік ерекшелігін сипаттайтын диалектизмдер, жер-жерді мекендеген ру-тайпалардың, ұлыстар мен ұлттардың ата кәсібіне қатысты қалыптасқан кәсіби лексика, алтайлық ареалда сақталған жазу-сызу түрлері мен жазба ескерткіштерге жүгінуге тура келеді. Себебі осылардың бәрі де тарих тереңінде қалған ежелгі түркі-моңғол этнолингвогенетикалық қауымдастық туралы ақпарат беретін лингвистикалық дереккөз болып табылады.

Түркі және моңғол тілдерінің тарихи дамуын бір-бірімен салыстыра отырып зерттеу – түбінде жорамал ретіндегі «жалпы түркімоңғолдық тектілі» жаңғартуға барып саятын өзекті мәселе болғандықтан, түркі және моңғол тілдері арасындағы ортақтықтар мен ұқсастықтарды, айырмашылықтарды жүйелі зерттеудің моңғол компаративистикасы үшін де, түркологиялық компаративистика үшін де маңызы зор. Бұл бағыттағы зерттеулерде салыстырмалы-тарихи әдісті ареалдық және типологиялық лингвистиканың әдіс-тәсілдерімен тоғыстыру қажеттігі туындайды. Өйткені тарихи әдістің көмегімен тұтас жүйе оның құрылым-құрылысы емес, тілдік жүйенің элементтері ғана генезис тұрғысынан біржақты салыстырылады және

олардың тілдің қазіргі жүйесіндегі функциясы ескерілмейді. Тілдердің тарихилығына негізделетін генетикалық әдіс бір тілдік семьяға енетін, ортақ бір тектілден өрбіген туыстас тілдердің элементтерін салыстыруға мүмкіндік бергенімен, тұтас тілдік жүйелердегі типтік ұқсастықтарды, сондай-ақ ол тілдердің басқа да тілдермен болған қарым-қатынасының нәтижесін жан-жақты, толық ашып көрсете алмайды.

Түркі тілдерінің ғана емес, кез келген тілдік топтың салыстырмалы-тарихи грамматикасын жасауда туыстас тілдердегі гомогенді материалдарды салыстыратын сыртқы реконструкция шешуші рөл атқарады. Мұндағы көзделетін мақсат – шартты түрде алғандағы ең көне форманы – архетипті анықтау және соның негізінде тектілді, немесе негіз тілді жаңғырту. Бұл өте көне заманаларға барып саятын тектілдің тілдік бірліктерін тірілту деген сөз емес, мәселе онтологиялық категорияларды көрсететін модельдер туралы болмақ. Мұнда фонетикалық, грамматикалық жүйелердің қайсыбір бөліктерінің даму барысының біркелкі емес сипатына және тілдік өзгерістердің заңдылықтарына сүйенетін салыстырмалы-тарихи әдіс түркі тілдерінің тарихи дамуының біртұтас понарамасын қалпына келтіруге, басқаша айтқанда арғыалтайлық, жалпытүркі-моңғолдық, жалпытүркілік, жалпы-бұлғар, оғыз-қыпшақ, жалпықарлұқ т.б. тектілдердің фонемдік және морфемдік құрамын гипотезалық тұрғыдан қайтадан қалпына келтіруге және оның қазіргі түркі тілдеріндегі эволюциясын бағамдауға мүмкіндік береді.

ШАРТТЫ ҚЫСҚАРТУЛАР

Тілдер

алт.	—	алтай
арғыалт.	—	арғыалтайлық
арм.-қыпш.	—	армян-қыпшақ
арғытұңғ.-мань	—	арғытұңғыс - маньчжур
әзірб.	—	әзірбайжан тілі
бак.	—	бакулік (әзірбайжан тілі диалектісі)
балқ.	—	балқар
бараб.	—	барабин татарлары
башқ.	—	башқұрт
белыт.	—	бельтирлік (хакас тілі диалектісі бельтир)
баоан.	—	баоань
бұлғ.	—	бұлғар
бурят.	—	бурят
бұх.	—	бұхар (өзбек тілі диалектісі)
гағ.	—	гағауыз
дманис.	—	дманис (әзірбайжан тілі говору)
дағ.	—	дағур
дунс.	—	дунсянь
ескі қалм.	—	ескі қалмақ
е.-қыпш.	—	ескі қыпшақ
жалпытүрк.	—	жалпытүркі
журчен.	—	журчень
көне түрк.	—	көне түркі
көне ұйғ.	—	көне ұйғыр
қ.-балқ.	—	қарашай-балқар
қаз.	—	қазақ
қар.	—	қарайым

қар. қ.	—	қырым (қарайым тілі диалектісі)
қарабақ.	—	қарабақ (әзірбайжан тілі диалектісі)
қарағ.	—	қарағас
қараш.	—	қарашай
ққалп.	—	қарақалпақ
ққырғ.	—	қарақырғыз
қоқанд.	—	қоқанд (өзбек тілі диалектісі)
қойбал.	—	қойбал
қарах.- ұйғ.	—	қараханид -ұйғыр
қ.-тат.	—	қырым татарлары
құм.	—	құмық
құман.	—	құман.
құманд.	—	құманды (алтай тілі диалектісі)
қыз.	—	қызыл (хакас тілі диалектісі)
қырғ.	—	қырғыз тілі
лам.	—	Ламут
лобн.	—	Лобнор
мәмл.-қыпш.	—	мәмлүк-қыпшақ
монғ.	—	Монғол
моңғ.-жазба	—	моңғол жазба
монғор.	—	Монғор
нан.	—	Нанай
нег.	—	негидаль
ноғ.	—	ноғай
орта моңғ.	—	ортағасырлық моңғол
орта ұйғ.	—	орта ұйғыр
ордос.	—	Ордос
орок.	—	Орок
өзб.	—	Өзбек
сал.	—	Салар

салыр.	—	салыр (түркімен тілі диалектісі)
сарық.	—	сарық (түркімен тілі диалектісі)
сары ұйғ.	—	сары ұйғыр
тат.	—	татар
тел.	—	телеут (алтай тілі диалектісі)
теленг.	—	телеңгіт
тоб. тат.	—	тобыл татарлары
тоф.	—	тофалар
тох.	—	тохар
түптүрк.	—	түптүркілік
түр.	—	түрік
түркім.	—	түркімен
тув.	—	тува тілі
тұңғ.-маньч.	—	тұңғыс- маньчжұр
ульч.	—	ульчи
ұйғ.	—	ұйғыр
халх.	—	халха
хот.	—	хотан
шағат.	—	шағатай
шор.	—	шор
шұл.	—	шұлым
хак.	—	хакас
чув.	—	чуваш
як.	—	якут
эвен.	—	эвен
эвенк.	—	эвенкі

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз	3
-----------------------	----------

Бірінші бөлім ТІЛ ТАРИХЫ ЖӘНЕ ЭТНОС ТАРИХЫ

I тарау

Түркілердің этникалық қалыптасу тарихы және тіл тарихы арасындағы сабақтастық

§1. Түркі тілдерінің тарихын түркілердің этникалық қалыптасу тарихымен сабақтастыра қарастырудың маңызы	7
§2. Тіл тарихын дәуірлеудің түркі тілдерін классификациялау мәселесімен сабақтастығы.....	21
§ 3. Түркі тілдері дамуының тарихи кезеңдері. Арғыалтайлық және жалпытүркілік тектілдердің ыдырау процессі	31

Екінші бөлім ТҮРКІ ТІЛДЕРІ ДЫБЫСТЫҚ ЖҮЙЕСІНІҢ САЛЫСТЫРМАЛЫ СИПАТТАМАСЫ

I тарау

Түркі тілдерінің дауысты дыбыстар жүйесі

§1. Қазіргі түркі тілдерінің дауысты дыбыстар жүйесінің жалпы сипаты	61
§2. Жалпытүркі тектілінің (арғытүркі немесе түптүркі тілі) вокализм жүйесін жаңғырту, қалпына келтіру мәселесі	69
§3. Жалпытүркі тектілінің (арғытүркі немесе түптүркі тілі) вокализм жүйесінің қазіргі түркі тілдеріндегі көрінісі	74
§4. Түркі тілдеріндегі созылық дауысты дыбыстар	89

II тарау

Түркі тілдерінің дауыссыз дыбыстар жүйесі

§1. Қазіргі түркі тілдерінің дауыссыздар жүйесінің жалпы сипаты ..	93
§2. Жалпытүркі тектілінің (арғытүркі немесе түптүркі тілі) консонантизм жүйесін жаңғырту, қалпына келтіру мәселесі	103
§3. Қазіргі түркі тілдері консонанттық жүйесінің тарихи қалыптасуының жалпы сипаты.....	121

§4. «Ротацизм» және «ламбдаизм» құбылысы	157
§5. Үндестік заңы. Фузия, буын және екпін	162

Үшінші бөлім ТҮРКІ ТІЛДЕРІ МОРФОЛОГИЯЛЫҚ ЖҮЙЕСІНІҢ САЛЫСТЫРМАЛЫ СИПАТТАМАСЫ

I тарау Түркі тілдері морфологиясының ұғымдық аппараты

§ 1. Грамматикалық категория, грамматикалық мағына және грамматикалық форма ұғымдары.....	175
§ 2. Морфема – морфологиялық ұғымдар кешенінің өзегі	185
§ 3. Сөздің морфологиялық құрылымы: түркі тілдеріндегі түбірлер мен түбір-негіздер.....	191
§4. Түркі тілдеріндегі қосымша морфемалардың сөзжасамдық және тұлғажасамдық әлеуеті	202

II тарау Сөз таптары

§1. Зат есім және оның категориялары.....	215
§ 2. Зат есім сөзжасамы: зат есім жасайтын негізгі қосымшалар	237
§ 3. Сын есім және оның грамматикалық категориялары	247
§4. Сан есім категориясы	259
§5. Есімдік категориясы	265
§6. Үстеу және оның морфологиялық құрылымы	273
§7. Етістік: етістіктің морфологиялық құрылымы	281
§8 Туынды етістіктер және етістіктің сөзжасам тұлғалары.	288
§9. Етістіктің категориялары: етіс категориясы	293
§10. Етістік және оның категориялары: салт-сабақтылық және болымды-болымсыздық.....	299
§11. Етістік және оның категориялары: рай категориясы	302
§12. Етістік және оның категориялары: есімше және көсемше тұлғалары.....	306
Қорытынды.....	315
Шартты қысқартулар.....	319

«Қазығұрт» баспасы ЖШС-нің президенті –
Темірғали Мұратбекұлы Көпбаев

ТҮЙМЕБАЕВ Жансейіт
САҒИДОЛДА Гүлғайша
ЕСКЕЕВА Мағрипа

ТҮРКІ ТІЛДЕРІНІҢ
САЛЫСТЫРМАЛЫ-ТАРИХИ
ГРАММАТИКАСЫ
Фонетика. Морфология

Редакторы Сәлима Қалқабаева
Суретшісі Ермек Мейірбеков
Беттеген Әлтайыр Қабланбек

Басуға 03.10.2017 ж. қол қойылды.
Қалыбы 66х96 1/16. Офсеттік басылым.
Қаріп түрі «Palatino Linotype».
Көлемі 20,5 б.т. Таралымы 1000 дана.
Тапсырыс №2878.

«Қазығұрт» баспасының компьютер
орталығында теріліп, беттелді.
«Қазығұрт» баспасы, 480009, Алматы қаласы,
Абай даңғылы, 143-үй, 405 офис.
Телефон (факс): 8 (727) 394-42-86
e-mail: kazygurt@list.ru

Тапсырыс берушінің файлдарынан Қазақстан Республикасы
«Полиграфкомбинат» ЖШС-нде басылды.
050002, Алматы қаласы, М. Мақатаев көшесі, 41.